

М. Бетчелор

Киелі кітаптан 365 әңгіме

ББК 84

Б 22

Мери Бетчелор

Киелі кітаптан 365 әңгіме. Алматы қаласы,
“ШЫҒЫС СӘУЛЕСІ“, 2009, 420 бет

ISBN 9965-9811-5-9

Киелі кітаптан 365 әңгіме. Киелі Кітап Жаратушының және біздің қандай екеніміз жайлы айтады. Құдай ешқашан өзгермейтін болғандықтан, адамның болмысы да ешқашан өзгермейді, Киелі кітап әрқашан заманға сай. Онда әрқашан адамдарды мазалап келген “Құдай қандай?”, “Неге бұл әлемде қиналу, азап пен өлім бар?”, “Өмірдің мәні неде?” деген сауалдарға жауаптар бар.

ББК 84

Б 4802000000

00(05)-06

ISBN 9965-9811-5-9

“ШЫҒЫС СӘУЛЕСІ“ 2009

Алғы сөз

Бұл кітаптағы барлық 365 әңгіме 66 кітаптан тұратын және жүздеген жылдар бойына әр түрлі адамдар жазған Киелі кітаптың әңгімелері. Киелі кітап екі үлкен бөлімнен тұрады: Көне Өсиет және Жаңа Өсиет. Көне Өсиет көне еврей тілінде, ал Жаңа Өсиет көне грек тілінде жазылған, бұл тілді Иса жер бетінде өмір сүрген кезінде Рим патшалығының барлық халықтары түсінген.

Киелі кітапта жазылғанның бәрін бұл кітапқа сыйғызу мүмкін емес, сондықтан да мен ең қызықты да тартымды оқиғаларды таңдап алдым. Мұның тағы бір өзіндік себебі бар. Киелі кітап әр түрлі кітаптардың тамаша жинағы болып көрінгенімен, оның жекелеген бөліктері бір-бірімен үйлесетіні сондай, олардан біртұтас сурет құрастыруға болады.

Киелі кітап Құдайдың және біздің қандай екеніміз жайлы айтады. Құдай ешқашан өзгермейтін болғандықтан, адамның болмысы да ешқашан өзгермейді, Киелі Кітап әрқашан заманға сай. Онда әрқашан адамдарды мазалап келген “Құдай қандай?”; “Неге бұл әлемде қиналу, азап пен өлім бар?”; “Өмірдің мәні неде?” деген сауалдарға жауаптар бар.

Көне Өсиетте Құдай бізге адамдар арқылы тіл қатты, ал Жаңа Өсиетте Оның Өзі рухани Ұлы Исаның бейнесінде жер бетіне келді. Иса бізге Құдайдың қандай екенін көрсетті. Ал ең қызығы, Ол Өз өлімі арқылы біздің күнәларымыздың кесірінен пайда болған зұлымдықтың бәрін жөнге келтірді. Өлім мен зұлымдыққа қарсы шайқаста Ол жеңіске жетіп, бізге жаңа, мәңгілік өмір берді. Киелі кітап Иса мәңгілік Патша болып, жаңа және тамаша әлемге әділдік пен бақыт алып келетін болашақ жайлы аянмен аяқталады.

Біз суретші Джон Хейсом екеуімізге осы кітаппен жұмыс істеу өте ұнады. Осы әңгімелер бәріңізге де ұнап, Киелі кітаптың толық нұсқасын оқығыларыңыз келетін болады деп үміттенеміз.

Мери Бетчелор

Мазмұны

Көне өсиет

- **Жаратылу тарихы**

1. Ғаламның жаратылуы
2. Адамның жаратылуы

- **Күнәға бату**

3. Тиым салынған жеміс
4. Пейіш бағынан қуылу

- **Қабыл мен Әбіл**

5. Екі ағайынды
6. Алғашқы адам өлтіру

- **Нұқтың оқиғасы**

7. Нұқтың кеме соғуы
8. Топан су
9. Жаңадан қайта басталу
10. Аспандағы кемпірқосақ

- **Бабыл мұнарасы**

11. Көкпен таласқан мұнара

- **Ыбырайымның хикаясы**

12. Ыбырайымның таңдалуы
13. Ыбырам мен Лұт Қанахан жерінде
14. Құдайдың Ыбырамға берген уәдесі
15. Ажар

16. Үш жолаушы

17. Содом мен Гомора

18. Лұттың құтқарылуы

- **Ысқақтың хикаясы**

19. Ысқақтың дүниеге келуі
20. Ажардың қуылуы
21. Сенімнің сыналуы
22. Ысқаққа қалыңдық
23. Рабиға

- **Тұңғыштық жолы**

24. Жақыптың тұңғыштық жолын сатып алуы
25. Рабиғаның қулығы
26. Жақыптың туған үйінен қашып кетуі

- **Жақыптың хикаясы**

27. Жақыптың түсі
28. Алданған алдаушы
29. Ғажайып күрес
30. Жақыптың Есаумен татуласуы

- **Жүсіптің балалық шағы**

31. Жақып үйіндегі келіспеушілік
32. Жүсіптің түстері
33. Жүсіптің құдыққа тасталуы
34. Жүсіптің құлдыққа сатылуы

- **Жүсіп Мысырда құлдықта**

35. Жүсіп – Потифардың қызметшісі
36. Түрмеде
37. Түс жору
38. Перғауынның көрген түстері

- **Жүсіп – Мысырдың басқарушысы**

39. Перғауынның кеңесшісі
40. Нан іздеп Мысырға келу
41. Бунияминнің жолға шығуы
42. Күміс тостағанның жоғалуы
43. Жақыптың бүкіл үй-ішімен Мысырға аттануы
44. Исраил халқының Мысыр еліндегі бақытсыздығы

- **Мұсаның хикаясы**

45. Нәрестенің құтқарылуы
46. Мұса – Мысыр ханзадасы

47. Мадиян жерінде

48. Мұсаның шақырылуы

- **Мұса мен перғауын**

49. Перғауынның “Жоқ!” деуі
50. Мысырға жіберілген апаттар
51. Соңғы апат
52. Құтқарылу мейрамын бекіту

- **Мысырдан көшіп шығу**

53. Құлдық аяқталды
54. Құдайдың жол көрсетуі
55. Қуғын
56. Қызыл теңіз арқылы өту
57. Манна

58. Құдайдың шөл далада су беруі

59. Амалектіктермен соғысу

60. Мұса мен Исраил халқының билері

- **Құдай заңы**

61. Синай тауында
62. Құдайды сүю туралы өсиет
63. Жақыныңды сүю туралы өсиет
64. Құдай Исраил халқының қамын ойлайды

- **Құдай және Оның халқы**

65. Келісім
66. Жаратқан Иенің киелі шатыры
67. Алтын бұқа
68. Құдаймен татуласу

- **Қанахан жерінде**

69. Уәделі жер де алыс емес
70. «Мысырға кері оралғанымыз артық емес пе?»
71. Мұсаның тіл алмауы
72. Мыс жылан

73. Бағалдың есегі

74. Мұсаның қайтыс болуы

- **Ешуа Нұнұлының хикаясы**

75. Исраилдің жаңа көсемі
76. Иерихондағы тыңшылар
77. Рахабтың сенімі
78. Иорданнан өту

- **Құдай уәде еткен жер**

79. Төтенше дайындықтар
80. Иерихон қабырғаларының құлауы
81. Хевейлердің қулығы
82. «Күн, тоқта!»
83. Қанахан жерін бөлу

- **Исраилдегі билердің кезі**

84. Қанахан жеріндегі еврейлер
85. Аодтың ерлігі
86. Дебора мен Барақ
87. Ер жүрек Иаил

- **Гедеон**

88. Гедеонды Құдайдың шақыруы
89. Гедеонның айғақ алуы
90. Жалған тәңірлерге арналған құрбандық орындарын қирату

91. Гедеонның әскерін іріктеп алуы

92. Түнделетіп мадияндықтардың қосына бару

93. Жаратқан Ие мен Гедеонның қылышы

- **Иаффей**

94. Ант

95. «Сибболет»
- **Самсон**
96. Жаратқан Иеге бағышталған нәресте
97. Філістірлік қалыңдық қыз
98. Арыстан мен бал арасы туралы жұмбақ
99. Самсон мен Далила
100. Самсонның тұтқындалуы
101. Өлерінде де күшті
- **Рут**
102. Ауыр кездер
103. Руттың масақ теруі
104. Жақсы аяқталу
- **Самуил**
105. Ханнаның Құдайға жалбарынуы
106. Құдайға бағыштау
107. «Уа, Жаратқан Ием, тыңдап тұрмын!»
108. Киелі сандықтың жау қолына түсуі
109. Киелі сандықтың оралуы
110. «Бізге патша қажет!»
- **Исраилдің бірінші патшасы**
111. Есектердің жоғалуы
112. Патша болып тағайындалуы
113. «Патша жасасын!»
114. Жақсы бастама
115. Жонатанның тапқырлығы
116. Саулдың Құдайға бағынбауы
- **Дәуіттің жастық шағы**
117. Жаңа патшаның тағайындалуы
118. Дәуіттің шақыруды қабыл алуы
119. Дәуіт пен Ғолият
120. Саулдың қызғанышы
121. Адал дос
- **Дәуіттің жасырынып жүруі**
122. Дәуіттің қашуы
123. Досымен қоштасу
124. Нан мен семсер
125. Сөз тасушы Дойық
126. Дәуіттің Саулға жаны ашуы
127. Бетлехем құдығының суы
- **Дәуіт заңнан тыс**
128. Данышпан әйел Әбигел
129. Айн-Дордағы бақсы әйел
130. Дәуіт філістірлер арасында
131. Бәрі де бітті
132. Қайырымдылық үшін сый
133. «Ажырамаған олар өлімде де»
- **Дәуіт патша**
134. Дәуіттің Исраилге патша болуы
135. Дәуіттің қаласы – Құдайдың қаласы
136. Жаратқан Иенің Дәуітке берген уәдесі
137. Досынан естелік
- **Дәуіттің күнелары**
138. Барсабия сұлу
139. Бір күнә екіншісін тудырады
140. Кішкентай қозы
141. Туыстардың бірін-бірі өлтіруі
- **Абессаломның бас көтеруі**
142. Абессалом Иерусалимге оралды
143. Бүлік
144. Дәуіттің Иерусалимді тастап кетуі
145. Хусийдің кеңесі
146. Абессаломның өлімі
147. Патша және жеңімпаз
- **Сүлеймен патшалық құрған алтын ғасыр**
148. Жаңа патша
149. Сүлейменнің түсі
150. Сүлейменнің шешімі
151. Сүлейменнің атақ-даңқы
152. Сүлейменнің ғибадатхана салуы
153. Сәба патшайымы
- **Патшалықтың бөлінуі**
154. Сүлейменнің күнелары
155. Иеробоам
156. Робоамға өтініш жасау
157. Бөліну
- **Исраилдің бақытсыздықтары**
158. Иеробоамның күнәсі
159. Ахаб пен Езабел
160. Құрғақшылық
161. Таусылмайтын тамақ
- **Ілиястың бағалды жеңуі**
162. Ілиястың жекпе-жекке шақыруы
163. Көктен түскен от
164. Жаңбырдың жаууы
- **Ілияс Құдайдың пайғамбары**
165. Шөлге қашу
166. Қоңыр салқын самал лебі
167. Набутейдің жүзімдігі
168. Ахабтың үкімделуі
169. Ілиястың соңғы сапары
170. Отты арба
- **Исраил мен Яһудея**
171. Шыншыл пайғамбар
172. Ахабтың өлімі
173. Құдай сыйлаған жеңіс
- **Еліше**
174. Елішенің жесір әйелге көмектесуі
175. Елішенің қонақ бөлмесі
176. Ауыр қаза
177. Қайтадан тірі
178. Қолбасшы Нағыман
179. Нағыманның сауығуы
180. «Олардың көздерін соқыр ет»
181. Самариядағы ашаршылық
182. Қуанышты хабар
- **Яһудея мен Исраилдің арасындағы тартыс**
183. «Иуй таққа отырды!»
184. Иорам мен Езабелдің ақыры
185. Бала патша
186. Ашулы уағыз
187. «Жаратқан Иеге келіңдер!»
188. Ишаяның аян көруі
189. «Тыныштық сақта!»
- **Яһудеяның басына түскен ауыр күндер**
190. Қатыгер ассириялықтар
191. Иерусалим түбіндегі жау
192. Езекияның сырқаты
193. Үлкен олжа
194. Иосия Құтқарылу мейрамын тойлайды
- **Яһудеяның соңғы күндері**
195. Еремияның таңдалуы
196. Еремияның құмырашыға баруы
197. Еремияның ораулы қағазы
198. Бабылдың бұғауында
199. Інжірге толы кәрзеңкелер
200. Құлдықтан құтқарылу
201. Иерусалимнің құлауы
- **Даниял мен оның достары**

202. Навуходоносор сарайында
 203. Навуходоносордың түсі
 204. Жаратқан Ие құпияны ашты
 205. Түстің шешуі
 206. Алтын мүсін
 207. Отты пеш
 208. Навуходоносордың ессіздігі
 209. Жұмбақ қол
 210. «Саналды – таразыланды – бөлінді»
 211. Даниялға қарсы қастандық
 212. Даниял дұға етуін тоқтатпайды
 213. Келесі күні таңертең
- **Езекиел пайғамбар**
 - 214. Езекиелдің көрген аяны
 - 215. Үнсіз пайғамбарлық
 - 216. «Қураған сүйектерге жан бітсін!»
 - **Құдай халқы өз еліне оралды**
 - 217. Отанға оралу
 - 218. Құрылыстың басталуы
 - 219. Жаңа ғибадатхана
 - 220. Патша шаралшысы
 - 221. Иерусалим қабырғалары
 - 222. Езра халыққа Құдай Заңын үйретеді
 - **Естер**
 - 223. Жаңа патшайым
 - 224. Яһудилерге төнген қауіп
 - 225. Патшайымның өтініші
 - 226. Есте қалатын күн
 - **Әйіптің оқиғасы**
 - 227. Айыптың азаптары
 - 228. Жұбаныш жоқ
 - 229. Жаратқан Иенің Айыппен сөйлесуі
 - **Забур жырлары**
 - 230. Мадақтау жырлары
 - 231. Жұбаныш жырлары
 - **Нақыл сөздер**
 - 232. Даналыққа толы сөздер
 - **Жүністің хикаясы**
 - 233. Құдайдан қашу
 - 234. Дауыл
 - 235. Үлкен балықтың төлімі
 - 236. Кішкентай құрттың төлімі
 - **Малахия**
 - 237. Жаратқан Иенің Хабаршысы келеді

Жаңа өсиет

- **Алдын ала тағайындалған патша**
- 238. Үміт пен дұғалар
- 239. Бала туылатынын алдын ала білдіру
- 240. Мәриям мен Елізабеттің кездесуі
- 241. «Оның есімі Жақия болады!»
- 242. Жүсіп
- 243. Исаның туылуы
- 244. Малшылар
- 245. Жаңа туған Патша қайда?
- 246. Патшаға арналған сыйлық
- 247. Мысырға қашу
- **Исаның балалық шағы**
- 248. Ғибадатханадағы бала
- **Жақия шомылдырушы**
- 249. «Тәубеге келіндер!»
- 250. Исаның шомылдыру рәсімінен өтуі
- 251. Алғашқы елшілердің шақырылуы

- **Басында**
- 252. Исаның сыналуы
- 253. «Соңымнан еріңдер»
- 254. Дәрігер ауруға қажет
- **Исаның қызметінің басталуы**
- 255. Қанадағы үйлену тойы
- 256. Мәжілісханадағы жын соққан адам
- 257. Иса адамдарды сауықтырды
- 258. «Ол бар болғаны Жүсіптің ұлы ғой!»
- 259. Жақия түрмеде
- 260. Биші қыздың сыйы
- **Ашық аспан астындағы тағылымдар**
- 261. Таудағы уағыз
- 262. «Ием! Бізге дұға етуді үйретіңізші»
- 263. Екі түрлі дұға
- 264. Түн ортасында келген дос
- 265. Дана құрылысшы мен ақымақ құрылысшы
- **Исаның дұшпандары**
- 266. Төрт жолдастың жол табуы
- 267. Күнәларды кім кешіре алады?
- 268. Сенбі күнгі сауықтыру
- 269. «Ол жынданып кеткен шығар!»
- **Құдай патшалығы туралы астарлы әңгімелер**
- 270. Тұқым себуші туралы астарлы әңгіме
- 271. Ашытқы туралы астарлы әңгіме
- 272. Қазына
- 273. Үлкен тойға шақыру
- **Иса – мұң-мұқтаждардың досы**
- 274. Теңіздегі сұрапыл дауыл
- 275. Зират арасында жүрген жын соққан кісі
- 276. Сенімі арқылы сауығу
- 277. Өлімнен тірілу
- 278. «Жылама!»
- **Иса және оның шәкірттері**
- 279. Шәкірттері уағыздауға шықты
- 280. Кім үлкен?
- 281. Тұз бен нұр
- **Бәрі де Исаға бағынады**
- 282. Өзгеше тамақ
- 283. Су бетінде жүруші
- **Сұрақтар мен жауаптар**
- 284. Никөдем
- 285. Самариялық әйел
- **Құдайдың сүйіспеншілігі**
- 286. Жоғалған қой туралы астарлы әңгіме
- 287. Жоғалған теңге туралы астарлы әңгіме
- 288. Адамның ұл туралы астарлы әңгіме
- 289. Жұмысшылар жалақысы туралы астарлы әңгіме
- **Байлық туралы**
- 290. Бай адам
- 291. Ең үлкен сый
- 292. Ақымақ диқан туралы
- **Иса Өзі туралы айтады**
- 293. «Сіз Мәсіхсіз!»
- 294. Исаның соңынан еру деген не?
- 295. Ғажайып сәт
- **Иса сауықтырады**
- 296. Мылқау кісіні сауықтыру
- 297. Жүзбасының қызметшісі
- 298. «Ашыл»
- 299. Жүретін ағаштар
- **Иса мойынсұну туралы айтады**

300. Екі ұл туралы астарлы әңгіме
- **Жақыныңды сүй**
301. Кешіргісі келмеген кісі
302. Қайырымды самариялық
303. Қойлар мен ешкілер
- **Иса бәрін қабылдайды**
304. Шимонның үйіндегі күнекар әйел
305. Исаның балаларға бата беруі
306. Алғысын айтқан алапес адам
- **Иса айтады: «Мен...»**
307. Ізгі бақташы
308. Шынайы жүзім сабағы
- **Шешім қабылдайтын кез**
309. Жеміс бермейтін інжір ағашы
310. Ақылды және ақылсыз қыздар туралы астарлы әңгіме
311. Үш қызметші
312. Зақай
313. Қайыршы зағип
- **Иса достарының арасында**
314. Мәриям мен Марта
315. Елазар
316. «Елазар! Шық!»
317. Қымбат иісмай
- **Исаның иерусалимге кіруі**
318. Осанна!
- **Душпандардың Исаға қарсы бас қосуы**
319. Ғибадатханадан саудагерлердің қуылуы
320. «Патшаға тиістісін патшаға, Құдайға тиістісін Құдайға беріңдер!»
321. Зұлым жүзімшілер туралы астарлы әңгіме
322. Яһуда – сатқын
- **Соңғы кеш**
323. Құтқарылу мейрамына арналған ас алдында
324. Аяқ жуу
325. Құпия кешкі ас
326. Шәкірттерімен қоштасу
- **Иса жау қолында**
327. Гетсиман бағында
328. «Мен Оны танымаймын»
329. Яһуданың ақыры
330. Иса Пилаттың алдында
- **Айқышқа шегелеу**
331. Ғолғотаға барар жолда
332. Айқышта
- **Қайта тірілу**
333. Иса – тірі!
334. Еммаусқа барар жолда
335. Тома
336. «Мені сүйесің бе?»
- **Исаның көкке көтеріліп кетуі**
337. Көкке оралу
- **Киелі Рухтың қонуы**
338. Құдай Рухының қонуы
- **Жас қауым**
339. Иса – Тәңір
340. Куәгерлер
341. Құдайды алдаған ерлі-зайыптылар
342. Ержүрек Степан
343. Эфиопиялық уәзірдің шомылдыру рәсімінен өтуі
- **Пауылдың теріс жолдан қайтуы**
344. Дамаскіге барар жолда
345. Сенуші
- **Петір**
346. Табита
347. Мата бетіндегі жануарлар
348. Римдік жүзбасы
349. Түрменің есігі ашылып кетуі
- **Пауыл**
350. «Тәңірлер бізге көктен түсті»
351. Македонияда
352. Пауыл мен Сыйлас түрмеде
353. Ефесте
354. Еутіхпен болған жағдай
- **Пауыл түрмеде**
355. Иерусалимдегі тобыр
356. Римдіктердің қолында
357. Римге барар жолдағы дауыл
358. Мальта аралы
359. Пауыл Римде
- **Елшілердің хаттары**
360. Пауылдың хаттары
361. Філімонға арналған хат
362. Еврейлерге арналған хат
363. Жақыптың хаты
364. Петірдің хаты
- **Жаңа аспан мен жаңа жер**
365. Жоханның аян кітабы

КӨНЕ ӨСИЕТ

“Өсиет” деген сөз келісім, шарт дегенді білдіреді. Көне Өсиетте Құдайдың Ыбырайыммен және оның отбасымен жасасқан келісімі жазылған; олардың өздері және ұрпақтары Құдайдың таңдаулы халқына айналды.

Адамдар Құдайдан теріс айналып, Ол жаратқан ғажайып әлемді бүлдірді. Сондықтан да Құдай халқына Өзінің қандай екенін айтты. Ол Өзі таңдап алған халқына қамқор болуға уәде берді, ал халқы Оның өсиеттерін орындауға келісім берді. Адамдар өз уәделерін көп бұзды, алайда Құдай әрдайым адал болып қалды.

ЖАРАТЫЛУ ТАРИХЫ

1. Ғаламның жаратылуы

Жаратылыстың басталуы 1

Әуел баста аспан да, жер де, адамдар да – ешкім де, ештеңе де болмаған. Тек Жаратушы Құдай Ие ғана болған.

Міне, сөйтіп Құдай ең алдымен аспан мен жерді жаратты. Бірақ жер бос болды және қараңғылық басып тұрды. Сонда Құдай: “Жарық болсын!” – деді. Оның сөзінен кейін жарық пайда болып, қараңғылық сейілді. Жарық су қаптап жатқан жерге нұрын шашты.

Құдай мұхит суларына кері шегінуді бұйырды, сонда олар кері шегініп, құрлық пайда болды. Бірақ құрлық бос жатты. Жартастардың арасынан уілдеген жел мен жағалаудағы құмның сыбдырынан басқа еш дыбыс жоқ, тым-тырыс тыныштық орнап тұрды.

Мұны көріп Құдай құрғақ жерге ағаштар, бұталар, шөп пен гүлдер өсіп шығуын бұйырды. Алғашқы жапырақ шығып, гүлдер бүршік жая бастасымен жер беті құлпырып шыға келді.

Құдай Өзі жаратқан аспанды да ұмытқан жоқ: Ол күндіз жарқырап тұру үшін күнді, ал түнде жер бетін қараңғылық тұмшалап алмауы үшін айды жаратты. Сондай-ақ Ол түнгі аспанды жалт-жұлт еткен жұлдыздармен безендірді.

Аспан мен сулар тамаша жақсы болды, алайда онда ешкім тіршілік етпеді. Сонда Құдай теңіз-мұхиттарда, өзен-көлдерде жүзіп жүрсін деп ең алып киттерден бастап өте ұсақ балықтарға дейін жаратты. Сондай-ақ Ол орман-тоғайларда самғай ұшып, құйқылжыған дауыстарымен айналаны әсем әуенге толтырсын деп алуан түрлі құстарды жаратты. Ғалам бұрынғысынан да ғажап бола түсті және осының бәрі Құдайға өте ұнады.

Ғаламды бұрынғысынан да түлендіру үшін Құдай құрлықты ірілі-ұсақты жан-жануарлармен толтырды. Аңдар өздеріне ыңғайлы орын іздеп бүкіл жер бетіне – ормандар, таулар мен жазық далаларға тарап кетті.

Құдай құрлық пен суда өмір болуы үшін балықтарға, құстар мен аңдарға көбеюді бұйырды.

Құдай Өзі жаратқандарының бәрі жақсы екенін көріп, риза болды.

2. Адамның жаратылуы

Жаратылыстың басталуы 1; 2

Құдай осы ғалам мен оның ең таңғажайып бұрышы – Жерге қуана қарады. Осының бәрін Ол Өзі жаратқан, ал жаратылыстың ең маңыздысы және кереметі әлі алда еді.

“Енді Мен Өзіме рухани жағынан ұқсас етіп адамдарды жаратамын, – деді Құдай. – Менің Кім екенімді түсініп, Мені сүю үшін оларға ой-сана беремін. Мен оларды жер бетіндегі тіршілік иелерінің бәрінің үстінен қожайын етіп қоямын. Олар Менің жаратқандарыма дана да қамқор қожайын болады”.

Алдымен Құдай еркекті жаратып, оны Адам деп атады. Алайда Адам жалғыз болды, сондықтан да ол өзін аса бақытты сезіне қойған жоқ – ал басқаша болуы мүмкін емес те еді, өйткені барлық аңдар мен құстардың қасында бір-біріне қамқор болатын, бірге ойнайтын серіктері болды, ал Адам болса жалғыз. Мұны көріп Құдай Хауа атты әйелді жаратты. Хауа Адам атаның әйелі әрі досы болды, енді олар қуаныштары мен қам-қаракеттерін бірге бөлісті, бір-бірін және Құдайды сүйді.

Құдай Адам ата мен Хауаға батасын беріп, Өзі жер бетінде жаратқандарының бәрін олардың қарамағына беретінін айтты. Нағыз қожайындар ретінде, Адам ата мен Хауа әлемде бар жақсыны пайдаланып қана қоймай, ондағы тәртіпті қадағалап та отырулары қажет болды. Бұл оңай міндет емес еді, алайда уақыт өте келе алғашқы адамдарда көмекшілері, яғни балалары пайда болуы керек болатын.

Адамдар Құдай жаратқан әлемнің қожаларына айналды, сондай-ақ олар Жаратушы Иеге бағынуға міндетті еді. Адам ата мен Хауа үшін ненің жақсы, ненің жаман екенін Құдай олардан артығырақ білді. Егер адамдар Менің тілімді алса, бақытты болады, – деді Құдай.

Құдай Адам ата мен Хауаның еншісіне жер бетіндегі ең әдемі орынды – пейіш бағын берді. Бұл бақтағы барлық ағаштар хош иісі аңқыған, әбден уылжып піскен жемістерден бастарын көтере алмай, иіліп тұрды. Қарның ашса, қолыңды созып, соның біреуін үзіп жесең болғаны.

“Бақтағы барлық ағаштың жемісін жей беріңдер, – деді Құдай, – бірақ бақтың ортасында өсіп тұрған бір ағаштың жемісін жеуші болмаңдар. Бұл ағаш – жақсылық пен жамандықты танытатын ағаш. Оның жемісін жеген кезде, өлесіңдер”.

Жер бетінде қоныстанған барлық аңдар мен құстарды Құдай Адам атаның алдына алып келді, ал ол олардың бәріне ат қойды. Адам ата оларды қалай атаса, олар солай аталды. Адам ата мен Хауа олармен ойнады, ал жан-жануарлар адамдарға бағынды.

Адам ата мен Хауа ана осылайша пейіш бағында тұрып, бақты күтіп- баптады, гүлдер мен ағаштар өсірді. Ал кешке қарай, бақ салқындаған кезде адамдарға Құдай келіп, олармен сөйлесіп, бұл күннің қалай өткенін талқылайтын. Осылай түн жарымына дейін адамдар Құдайды тыңдап, өздері осы күнде нені бастан кешіргендерін айтып беретін.

КҮНӨҒА БАТУ

3. Тиым салынған жеміс

Жаратылыстың басталуы 3

Адам ата мен Хауаның пейіш бағында уайымсыз күн кешулеріне еш кедергі болмаған секілді. Бірақ жер бетінде Құдайдың жаратқандарына зиян келтіруді ғана ойлайтын біреу болды. Ол шайтан еді. Шайтан – Құдайдың қас жауы, жақсылық пен ізгілік атаулыны жек көруші.

Бірде Құдайдың жаратқандарының ішіндегі ең қуы – жылан шайтанның үйретуімен Хауаға жақындап:

– Құдайдың сендерге бақта өсіп тұрған ағаштардың бәрінің жемісін жеуге тиым салғаны рас па? – деп сұрады.

– Жоқ, әрине, – деп жауап берді Хауа жыланға. – Құдай бізге барлық ағаштың жемісін жеуге рұқсат берген, тек бақтың ортасында өсіп тұрған бір ағаштың ғана жемісін жеуге болмайды. Бұл ағаштың жемісін жесеңдер өлесіңдер деген.

– Жоқ, өлмейсіңдер, – деді жылан. – Құдай сендерге өтірік айтады. Ол адамдардың Өзімен теңескенін қаламайды. Өйткені сендер сол ғажайып ағаштың жемісін жесеңдер, Құдай сияқты дана боласыңдар ғой. Міне, Құдай сендерге одан жеуге тиым салуының мәнісі осында.

Сонда Хауа жемісін көтере алмай иіліп тұрған ағашты бірінші рет көргендей болды. Ол мынадай тартымды жемісті өмірінде көрмеген сияқты. Оның жемістерінің хош иісі мұрынды жарып, қолдары оны жұлып алу үшін өзі созылып бара жатқандай-ақ. Ал Құдай сияқты дана болады деген ойдан оның басы айналды. Хауа не істеу керегін ойланып жатпады, ол тиым салынған ағаштың жемісін жұлып алды да, өзі ғана жеп қоймай, Адам атаға да берді.

Өкінішке орай, тиым салынған жемісті жеген адамдар өздерін дана әрі бәрін білетіндей сезінудің орнына, бақытсыз және ұятты сезінді. Өйткені олар Құдайдың, өздерінің дана Жаратушыларының және өздерін сүйетін Достарының сөзін тыңдамады ғой.

Кеш батты, алайда Адам ата мен Хауа әдеттегідей Құдаймен кездесуге асықпады. Өздерінің лайықсыз істері туралы ой оларды қатты мазалады. Бұған қоса, олар өздерінің жалаңаш екендерін көрді және соған ұялды, бұрын оған бола еш ұялған емес еді. Үлкен-үлкен жапырақтардан олар өздеріне амалдап киім жасап алып, пейіш бағындағы қалың өскен ағаштардың арасына жасырынды.

Бұрын Адам ата мен Хауа Жаратушы Иелерінің сүйікті дауысын тағатсыздана күтуші еді. Ал енді сол сәтті қорқынышпен күтті. Міне, ақыры олар Жаратушы Иелерінің дауысын естіді де:

– Адам, қайдасың?

Адам ата мен Хауа ағаштардың артына тығылған жерлерінен шығып, Құдайдың алдында тұрды – бірінші рет олар өздері рухани жағынан ұқсас Жаратушыларының көзіне тіктеп қарай алмады. Өмірлерінде бірінші рет олар Құдаймен кездесуден қиналды.

4. Пейіш бағынан қуылу

Жаратылыстың басталуы 3

Адам мен Хауа Құдайдың алдында еңселері түсіп, бүрісіп тұрды. Сөзден тайғандарға ұзақ қадалып қараған Құдай ақыры:

– Неге Менен жасырындыңдар? – деп сұрады.

– Саған көрінуден қорықтым, өйткені мен жалаңашпын, – деп жауап берді Адам.

– Жалаңаш екендеріңді қайдан білдіңдер? – деп сұрады Құдай. – Жақсылық пен жамандықты танытатын ағаштың жемісінен жеген жоқсыңдар ма, әйтеуір?

– Жедік, бірақ мен кінәлі емеспін. Жемісті маған жеуге берген Хауа, ал мен оның дәмін ғана көрдім, – деп ақталуға тырысты Адам.

– Мен де кінәлі емеспін, – деді Хауа. – Мені алдаған жылан, жемісті жеуге мәжбүр еткен сол.

Сонда Құдай адамдармен қатқыл сөйлесті. Ескертуге құлақ аспағандарының салдарынан адамдар сондай ғажап етіп жаратылған әлемді құртты, – деді Ол. Тағы да Ол адамдарға, бұдан былай жерді өңдеп күнелтетіндерін және еңбектері ауыр болатынын айтты. Тамақтарын тауып жеу үшін оларға көп тер төгіп, еңбектенуге тура келеді, ал жерде енді жарылқанған жемістер емес, тікен мен арам шөптер қаптайтын болады.

Бұл әлі Құдайдың жазасының ең ауыры емес еді. “Бұдан былай сендерге пейіш бағында қалуға болмайды, – деді Ол. – Бұған дейін сендер Менімен бірге болдыңдар, бірақ Менің сөзіме құлақ аспай, өз таңдауларыңды жасадыңдар. Сендер Менен кетуге шешім қабылдадыңдар, сондықтан да енді пейіш бағында қалуларыңа болмайды. Кетіңдер! Және бұдан былай өздеріңнің ажалды екендеріңді біліңдер. Барлық тіршілік иелері секілді сендер де ауыратын боласыңдар, қартаясыңдар және өлесіңдер”.

Қатты қамыққан және әбден қорланған Адам мен Хауа пейіш бағынан қуылды. Ал пейіш бағының кіре берісіне Құдай жұмақты күнәкар адамдардан қорғасын деп қолында от жалындаған қылышы бар періштесін қойды.

Пейіш бағында адамдар Құдаймен тығыз қарым-қатынаста болып, бақытты өмір сүріп еді. Ал енді олар сол жерден қуылды, бұл үшін кінәлі олардың өздері болды.

ҚАБЫЛ МЕН ӘБІЛ

5. Екі ағайынды

Жаратылыстың басталуы 4

Адам ата мен Хауа пейіш бағынан қуылғаннан кейін, олар екі ұлды болды. Үлкені – Қабыл, ер жете келе егінші, ал Әбіл – малшы болды.

Бірде ағайынды екеуі Құдайға сый-тартулар әкелмекші болады. Қабыл өзінің егіс алқабынан алтын түсті бидайының ең жақсысын, ал Әбіл ең жақсы төлінің басын таңдайды. Құдай Өзіне ұсынылған сый-тартуларға қарады, ал содан кейін ағайындылардың жандүниесіне үңіліп, олардың қандай адам екендерін көрді. Осылайша Құдай Әбілдің бар жүрегімен Оны сүйетінін және барлық істе Оған сенім артатынын білді. Сондықтан Әбілді де, оның ұсынған сыйын да қабыл алды.

Ал Қабылдың сыйын Құдай қабылдамады. Жүрегі ашу-ызаға, қызғаныш пен жауыздыққа толы кісінің сыйын Құдай қабылдай алмады, қабыл алғысы да келмеді. Өйткені Құдай тек таза жүрекпен ұсынылған сыйды ғана қабылдайды. Ал Қабылдың жүрегі таза болмады.

Қабыл ашуланып өкпелеп қалды. Ол Құдайдан жүзін бұрып, кетуге ыңғайланғанда, Құдай оған былай деп тіл қатты:

– Неге қапа боласың, Қабыл? Егер сен әрқашан жақсылық жасағаныңда, қазір де қуанып тұрар едің, себебі Мен сенің сыйыңды қабыл алар едім. Алайда зұлымдық – жыртқыш аң іспетті. Ол сенің артыңнан жасырынып келіп, кез келген сәтте сені жұтып қоюға дайын тұрады. Ал сен зұлымдыққа берілмей, керісінше, оны жеңуді үйренуге тиіссің.

Алайда Қабыл Құдайдың сөзін тыңдағысы келмеді және Оның ескертуіне құлақ аспады. Түнеріп, ашуға булыққан ол егіс даласына кетті. Қабыл Әбілді жек көріп қалды. Ол інісінің қайырымды және жүрегі кіршіксіз таза екенін, Құдай оған сол үшін риза болып, сый-тартуын қабыл алғанын, ал өзін сый-тартуымен қоса қабылдамағанын кешіре алмады.

6. Алғашқы адам өлтіру

Жаратылыстың басталуы 4

Сонымен, Құдай Әбілдің сый-тартуын қабыл алды, ал Қабылдың тартуын қабылдамады. Қабыл болса сол үшін інісін жек көріп кетті: ол Әбілді күндеді және Құдай оны сүйетінін кешіре алмады. Әбілдің бақытты жүзін көргенде оның ашуы қайнай түсетін. Бұл ашу-ызаны жасырып, оны сыртқа шығармау Қабылға қиынға түсті. Міне, бір күні Қабыл өзін ұстай алмады, ашу оны жеңді: сол күні Қабыл інісінен өш алуды ойлады.

– Жүр, егіс даласын аралап, біраз жүріп қайтайық, – деді ол бірде Әбілге.

Еш нәрсені күдік етпеген інісі онымен келісе кетті. Сірә, Қабыл оған ашуланғанын қойып, татуласпақшы деп ойлаған болса керек. Ол Қабыл екеуінің арасында бұрынғыдай тату, ағайындық қарым-қатынас болғанын қалады.

Ағалы-інілі екеуі егін алқабын асықпай аралап келеді, ал Қабылдың жан-дүниесінде өзіне еш жамандық жасамаған інісіне деген жеккөрушілік қыз-қыз қайнайды. Кенет Қабыл кілт бұрылып, Әбілге өлтірердей соққы берді. Әбіл сұлқ құлап түсіп, сол жерде жан тапсырды. Туған інісін өлтірген Қабыл қимылсыз жатқан Әбілге, тіпті, бұрылып та қарамастан ол жерден кетіп қалды.

Адам өлтіруші өз құрбандығынан қашып кетті, алайда ол Құдайдан жасырына алмайды ғой.

– Қабыл, інің Әбіл қайда? – деп сұрады Құдай одан.

Қабыл қорыққанынан үні шықпай қалды, бірақ тез есін жиып ала қойып, түк болмағандай-ақ:

– Қайдан білейін? Мен інімді қарауылдап жүрген жоқпын ғой, – деп жауап берді.

– Қалай ғана сен Әбілмен осылай істедің? – деді Құдай қатқыл дауыспен. Сонда Қабыл өзінің інісіне деген жеккөрушілігі мен ауыр қылмысының Құдайдан жасырын емес екенін түсінді.

– Ініңнің төгілген қаны Маған жерден үн қатып, кегін алуды сұрап тұр, – деп жалғастырды сөзін Құдай. Сені қарғыс атқан! Бүгіннен бастап қаншама еңбектенгеніңмен жерден түк өнім ала алмайсың. Сондықтан бүкіл қалған өміріңді баспанасыз, қаңғып өткізетін боласың.

О, Тәңірім! – деп айқай салды Қабыл. Маған берген жазаң адам көтере алмастай ауыр. Мені кездестірген кісілердің бәрі менің зұлымдығымды біліп тұратын болады және еш ойланбастан мені өлтіре салады ғой.

– Оны уайымдамай-ақ қой, – деп жауап берді оған Құдай. – Мен сені ешкім өлтірмейтіндей жағдай жасаймын.

Сөйтіп Қабыл үйін, егіс даласын тастап кетіп қалды. Ал ең жаманы, Қабылдың Құдайды тастап кеткені. Ол Құдайдың сөзін тыңдамады, Оның ескертулеріне құлақ аспады және жүрегінен зұлымдықты қумады. Ол інісі Әбілді жақсы көріп, онымен тату-тәтті тұруына

болатын еді, алайда ол тек жеккөрушілікке ерік беріп қана қоймай, адам да өлтірді және сол істеген ісіне өкінген жоқ.

НҰХТЫҢ ОҚИҒАСЫ

7. Нұхтың кеме соғуы

Жаратылыстың басталуы 6

Қабылдың өз інісін өлтіруі осы әлемге зұлымдықтың енуінің басы болды.

Жер бетінде адамдар күн асқан сайын көбейе берді, сондай-ақ олар әр нәрсе ойлап тапқыш болды. Олар өмірді жеңілдететін және безендіретін нәрселерді ойлап тапты. Алайда адамдар пайдалы және жақсы нәрселермен қатар, Құдайдан бездіретін және жақындарына жапа шектіретін жаңа амалдар да ойлап таба берді.

Сонда Құдай адамды жаратқанына өкінді. Адамдар өз бойларындағы Құдайдың бейнесінің өңін айналдырды және Құдайға рухани жағынан ұқсас болғылары келмеді. Бір кезде ғажайып болған жер жан түршігерлік зұлымдыққа толып кетті. Адамдардың жасап жатқан барлық жамандықтарының тамырына балта шабу үшін Құдай жер бетіндегі тіршіліктің көзін жойып, бәрін қайтадан бастағысы келді.

Бірақ Құдайды қастерлейтін, Оны сүйетін және Оған мойынсұнатын бір кісі болды. Бұл әділ кісі тек қана игі істер жасап, күнәдан аулақ жүрді. Оның аты Нұх еді.

Бір күні Құдай Нұхты шақырып, оған Өзінің шешімін аян етті:

– Жер бетіндегі тіршілік иелерінің бәрінің ақыры келді, өйткені бір кезде ғажайып болған жер қазір зұлымдыққа толып кетті. Мұны тоқтату үшін Мен бұрын-соңды болып көрмеген топан су жіберемін, барлық адамдар мен бүкіл тіршілік иелері құриды. Тек сен өзің, сенің отбасың және кейбір тіршілік иелері ғана қаласыңдар. Бірақ аман қалуың үшін сен кеме соғуың керек.

Содан кейін Құдай Нұхқа топан суға төтеп беретін кемені қалай соғу керектігін айтады. Кеме құрылысы үшін Нұх ағаштың ерекше түрін пайдалануы тиіс еді. Дайын болған кемені ол ішкі және сыртқы жағынан шайыр майымен майлауы тиіс, сонда тақтайлардың арасынан ішке су кірмейді.

Нұхтың отбасын – әйелі мен үш ұлын, келіндерін, сондай-ақ басқа жан-жануарларды да сыйдыру үшін кеме аса үлкен, сыйымды болуы тиіс еді. Өйткені өз отбасынан басқа Нұх тағы да жануарлардан жұп-жұбымен алуы тиіс қой, солар топан судан кейінгі жер бетіндегі жаңа өмірге бастама болады.

Құдайдың айтқандарының бәрін Нұх бұлжытпай орындады. Барлық ісін жиып қойып, ол кеме құрылысына кірісті. Ал қалған адамдар болса, қаннен-қаперсіз өздерінің күнделікті күйбең тірліктерімен айналысып жатты. Олар неге Нұх мынадай алып кеме соғып жатыр

деп ойланған да жоқ. Күнәһар және өздеріне тым сенімді адамдар қатерлі сақтандыруларды елемегендіктен өлім құшты.

8. Топан су

Жаратылыстың басталуы 7

Алып кеме соғу оңай шаруа емес-ті. Оның үстіне ол өте көп уақыт алды. Адамдар Нұхтың не істеп жатқанын көрді, бірақ оның неге сонша жан сала еңбектеніп жатқанына мән беріп, Құдай алдында өздерінің тілазарлықтары мен басқа да күнәлары үшін кешірім сұрау олардың ойларына кіріп те шыққан жоқ.

Міне, Нұх кеменің соңғы шегесін қағатын күн де келді – оның кемесі дайын болды. Бірақ бұл енді Нұх пен оның отбасының жұмыстан қолы босайды деген сөз емес еді. Оларды әлі де көп іс күтіп тұрды: отбасы мүшелері мен жан-жануарларға жетерліктей азық қорын дайындап, жер бетінде тіршілік еткен барлық жан-жануарлардан жұп-жұбымен жинау қажет еді. Ақыры бұл іс те атқарылды.

Барлық дайындық ісі аяқталған кезде Құдай Нұхқа:

– Енді бүкіл отбасың мен жан-жануарларды алып, кемеге кіретін кез келді, өйткені жеті күннен кейін қырық күн толассыз жауатын жаңбыр басталады.

Бір аптадан кейін топан судан аман қалуға тиістілердің бәрі кемеге мініп болды. Бәрі кемеге кіріп бола салысымен Құдай олардың артынан есікті өзі жапты да, бұрын-соңды болып көрмеген нәсер жаңбыр басталды.

Жаңбыр бір сәт те толастамай, күні-түні жауды. Тез арада өзендер толып, арнасынан асты. Бүкіл жер бетін су қаптап, көбейе берді. Кеме біраз уақыт жер бетінде мығым тұрды, бірақ міне, ол орнынан теңселе қозғалып, топан судың толқынына ілесіп жүзе жөнелді.

Нәсер жаңбыр мен адуын толқын кеменің төбесін соққылады. Алып кеме су бетінде кішкентай ағаш жаңқадай-ақ қалықтады, алайда Нұх Құдай өзіне тапсырған істі жақсы орындаған еді: толқынның соққысынан бір тақтай да сынбады, бір тамшы су кеменің ішіне кірген жоқ.

Су күннен күнге жоғары көтеріле берді. Жазық жерлер әлдеқашан су астында қалған, жоталар мен таулар да су астында қалып жатты, ал нәсер жаңбыр әлі толастар емес. Міне, тіпті, ең биік таулардың ұшар басына дейін су астында қалды. Су астында қалмаған бір тұтам жер қалмады. Қайда қарасаң да, көсілген су – басқа түк жоқ. Бүкіл тіршілік иелерін жалмаған су жер бетін алып жатты. Тек кеменің ішіндегілер ғана аман қалды.

Жаңбыр алты апта жауды.

Бірақ Құдай кемеге паналаған Нұхты, оның отбасы мен жан-жануарларды ұмытқан жоқ. Нәсер жаңбыр бірте-бірте саябырлап, ақыры тоқтады.

9. Жаңадан қайта басталу

Жаратылыстың басталуы 8

Нәсер жаңбыр ақыры басылғаннан кейін, Нұх желдің шуын естіді. Жел тоқтаусыз үілдей соқты, алайда оның ашуы Нұхты қорқыта қойған жоқ. Керісінше, желдің тұруы көңілге үміт ұялатты: өйткені жел қаншалықты қатты болса, соншалықты жер тез кебеді.

Расында да, су тартыла бастады, көп күндер бойы су бетінде қалқып жүрген кеменің түбі қатты тасқа тиді. Бұл Арарат тауының ұшар биігі еді. Өздерінің берік негізде тұрғанын білген кезде кеменің ішіндегілердің қуаныштарында шек болмады. Алайда әлі де болса кемеден шығуларына болмайтын еді.

Нұх тағы алты апта шыдамдылықпен күтті, тек содан кейін ғана терезені ашып, қарғаны ұшырды. Қарға кемеден ұшып шығып, құрғақ жер іздеді. Алайда көп ұзамай қайтып оралды: кеме тоқтаған жерден басқа құрғақ жер әлі жоқ болатын. Бұдан кейін де қарға бірнеше рет ұшырылды, бірақ әр кез су баспаған жер таба алмай, ол кері оралып отырды.

Содан кейін Нұх кемеден көгершін ұшырды. Алайда ол да құрғақ жер таппай кері оралды.

Нұх көгершінді кемеге алып, тағы біраз уақыт күтті. Арада жеті күн өткеннен кейін көгершінді қайта ұшырды, бұл жолы да көгершін кері оралды, бірақ тұмсығында жас зәйтүн бұтағын ала келді. Кеме ішіндегі кісілердің қуанышында шек болмады: бұл жақын маңда құрғақ жер бар және онда өсімдіктер өсіп жатыр деген белгі еді.

Тағы бір апта күтіп, Нұх үшінші рет көгершінді ұшырды. Көгершін ұшып шықты да, бұл жолы кемеге қайтып оралмады. Осылайша Нұх бірталай жердің судан құрғағанын, енді кемеден шығуға болатынын білді.

Нұх төбедегі ауыр қақпақты көтергенде, кеме ішіне күн сәулесі шашырай түсіп, күннің нұрын аңсап отырған адамдарға құйылды.

Сонда Құдай Нұхқа:

– Өзің және қасыңдағылардың бәрі де кемеден шығындар. Топан су тоқтады, – деді.

10. Аспандағы кемпірқосақ

Жаратылыстың басталуы 8; 9

Топан судан құтқарылғандардың бәрі кемеден шығып, таза ауа жұтып, теңдесі жоқ қуанышқа кенелді. Аңдар асыр сала шапқылап, жан-жаққа тарап кетті, құстар көкте қалықтап, қуаныштан құйқылжыта сайрады.

Ал Нұх болса бүкіл отбасымен бірге осы тамаша құтқарылуға қуанып, су бетінде ұзақ уақыт жүзіп жүрген кезде қамқор болған Құдайына алғыс айтты. Олар тастардан құрбандық орнын дайындап, алдымен Құдайға арнап ризашылық құрбандығын шалды.

Ал Құдай Нұхқа және оның Шам, Хам, Япші деп аталатын балаларына батасын берді.

– Өсіп-өніп, ұрпақтарың көбейіп, жерді толтырыңдар, – деді Құдай оларға. – Жер бетінде қыбырлап жүргеннің бәрін сендердің иеліктеріңе және қамқорлықтарыңа беремін. Бұдан былай еш уақытта тіршілік атаулы топан судан құрымайды деп уәде етемін. Бүгіннен бастап мәңгіге жер бетінде күн түнмен, суық ыстықпен, қыс жазбен, егін егу орақ кезімен ауысып тұрады. Бұл кезектесу енді ешқашан үзілмейтін болады.

– Ал сендер Менің осы уәдемді есте сақтауларың үшін Мен сендерге белгі беремін. Осыдан бастап, егер аспаннан кемпірқосақ көрсеңдер, Мен ешқашан да Өз уәдемді бұзбайтынымды, әрқашан сөзімде тұратынымды естеріңе алатын болыңдар.

БАБЫЛ МҰНАРАСЫ

11. Көкпен таласқан мұнара

Жаратылыстың басталуы 11

Топан судан кейін Нұх пен оның ұлдары жер өңдеп, жүзім өсірді. Нұхтың ұлдары балалы болып, олар есейіп, олардың да өз балалары болды. Адамдар көбейе берді, олар Құдайдың қалағанындай өсіп-өніп, топан судан кейін қаңырап бос қалған жер бетін толтыра берді. Ол кезде барлық адамдар бір тілде сөйлейтін. Ақыры адамдардың көбейгені сондай, олар жолға шығып, топан судан кейін бос қалған жерлерді иемденуге бел буды.

Осылай адамдар жері құнарлы, шөбі шүйгін бір жерге тоқтап, сонда қоныстанбақшы болады.

– Осы жерге өзімізге қала салып алайық, – десті олар, – және осыған дейін адам баласы көрмеген, биіктігі көкпен таласқан мұнара соғайық. Осылайша бүкіл жер бетіне атымызды шығарайық.

Сонымен құрылысшылар іске кірісіп кетті. Олар лай мен сабаннан кірпіш құйып, оны күнге қақтап күйдіргенде, оның мықтылығы тастан да артық болып шықты. Кірпіштердің арасына шайыр майын құйып қалады.

Құдай әлгі қала мен адамдар көтерген мұнараны көрді және Оған адамдардың бұл бастамасы ұнамады. Адамдар топан суға дейінгідей, қайтадан Құдайды ұмытып кетті. Нұх арқылы Ол адамдарға тату-тәтті және бақытты өмір сүру үшін не істеу керектігін айтқан болатын. Алайда олар Оның сөздерін құлақтарына ілмей өз аттарын шығаруға және күнәкар менмендіктерін мәңгіге бекітуге жан сала ұмтылды.

Егер адамдарды өз еріктерімен жіберсе, олар талай нәрсені бүлдіріп, «сау бастарына сақина тілеп» алатындарын Құдай жақсы білді. Адамдардың арам пиғылдарын жүзеге асыруларына жол бермеу үшін Құдай бүкіл адамзатты әр түрлі халықтарға бөліп тастауға бел буды. Бұрын барлығы ортақ бір тілде сөйлейтін болғандықтан, бір-бірін ыммен-ақ түсінетін құрылысшылар кенет әр алуан тілде сөйлеп шыға келді.

Биіктігі көкпен таласатын болады деп ойлаған мұнараның құрылысы тоқтап қалды – құрылысшылар нені қалай істеу керектігіне өзара келісе алмай қойды. Бір-бірін түсінуден қалған адамдарға енді бірге тұрудың қажеті жоқ еді. Олар бүкіл жер бетіне тарап, біртұтас адамзат болып емес, жекелеген халықтар болып өмір сүре бастады. Әр халық енді өз тілінде сөйледі.

Тілдерді шатастырып жіберу арқылы Құдай адамдарды өздері қазған орға құлап, құрудан аман сақтап қалды, – өйткені енді адамдар жеке дара жүріп, біртұтас кездеріндегідей зұлымдық жасай алмайтын еді.

Ал адамның өзімшілдігінен туған Бабыл мұнарасы сол күйі аяғына дейін соғылмады. Уақыт өте келе мұнараның орнында кірпіштердің үйіндісі ғана қалды.

ЫБЫРАЙЫМНЫҢ ХИКАЯСЫ

12. Ыбырайымның таңдалуы!

Жаратылыстың басталуы 11, 12

Тілдер шатасып кеткеннен кейін, Нұхтың үлкен ұлы Шамның ұрпағы Месопотамия жазығының құнарлы жерлеріне қоныстанды. Уақыт өте келе олар сол жерде көп қалалар соғып, дамыған, өркендеген елге айналды. Сондай қалалардың бірі – Ур қаласында Тарах есімді кісі тұрды.

Күндердің күнінде Тарах ұлы Ыбырамды әйелімен қоса және немересі Лұтты ертіп, Урдан көшіп кетеді. Олар ұзақ жол жүріп, Месопотамияның солтүстігінде, Харран деген қалаға тоқтайды. Қартайған Тарах сол қалада қайтыс болады.

Тарах қайтыс болғаннан кейін Ыбырам отбасының үлкені болып қалды. Бірде Құдай оған:

– Сен еліңді, туған-туысқандарыңды және әкеңнің үйін тастап, Мен өзіңе көрсететін елге көш! Мен сен арқылы ұлы халық жасаймын, Сені жарылқаймын да атыңды шығарамын. Сен арқылы жер бетіндегі барлық ұлттар жарылқанатын болады, – деді.

Ыбырам тығырыққа тірелді, ол таңдау жасауы керек. Құдайға мойынсұну – демек, бұл қалалық бірқалыпты өмірді шөл даламен көшіп-қонып жүруге айырбастау, жанға жайлы жылы үйді малшының жұпыны шатырына айырбастау деген сөз еді.

Алайда Ыбырам бір сәт те қобалжып, толқыған жоқ. Ол Құдайға жан-жүрегімен сенді, сондықтан Оған бағынбауы мүмкін емес еді. Ыбырам кібіртіктемей жолға жиналды. Бұл жолдың өте ұзақ болатыны сонша, бүкіл ғұмырына созылады, алайда Ыбырам одан еш ауытқымайды.

Харраннан Ыбыраммен бірге оның әйелі мен немере інісі Лұт бірге көшеді – Ыбырам мен Сараның перзенттері болмады. Олар өте бай болды, сондықтан да олармен бірге көптеген жалшылар мен отар-отар қой-ешкілерді бағатын малшылар жүрді. Ал жүктерін жолаушылар есектерге артты.

Керуен алға қарай жүре берді және шөл далада аса сирек кездесетін құдықтардың басына тек түнеуге ғана тоқтады. Жолаушылар түнді қойдың терісінен жасалған шатырларда өткізді, ал таң ата қайта жолға аттанды. Олардың көздегені – Құдай Ыбырамға көрсеткен жер – Қанахан болатын.

13. Ыбырам мен Лут Қанахан жерінде

Жаратылыстың басталуы 13

Осылайша Ыбырам мен Лут – бүкіл отбасымен, жалшыларымен және отарларымен, – көп сынақтардан кейін Қанахан жеріне де келіп жетті. Алайда Қанахан жерінде де олар бір жерде көп аялдамай, шөбі шүйгін, суы таза жаңа жайылым іздеп көшіп-қонып жүрді.

Көшпенділік өмір оларды бір сәтке де дамылдатпады, алайда Ыбырам Құдайды мадақтап, Оның қамқорлығы үшін алғыс айтуды еш естен шығарған емес. Ур қаласынан шыққан кезден бастап, Құдай оларды қорғап-қолдап отырғанын Ыбырам жақсы білді.

Құдай Өзі уәде еткеніндей-ақ Ыбырамға ағыл-тегіл мол байлық бергені сонша, оның отарындағы қой-ешкілерінің санына жету мүмкін емес еді. Луттың да малдары көбейіп жатты. Сондықтан да керуен қай жерге тоқтамасын, малдар ондағы бар шөпті түгін қалдырмай жеп қоятын. Отар суатқа келген кезде, Лут пен Ыбырамның малшыларының арасында: кімнің малы суаттан бірінші болып су ішуі керек деген талас туатын. Кейде, тіпті төбелесуге дейін баратын.

Сонда Ыбырам Лутқа:

– Екеуміздің арамызда келіспеушілік болмауы керек, өйткені біздер туыс кісілерміз ғой. Егер екеуміздің байлығымыз артқандықтан, енді бірге бола алмайтын болсақ, онда екіге бөлініп, бөлек-бөлек тұрайық.

Ыбырам Луттан әлдеқайда үлкен болатын, сондықтан да қай жерді қоныстануды бірінші болып таңдауға толық құқы бар болатын, алайда ол бұл құқығын немере інісіне берді.

– Міне, бүкіл жер. Қалаған жеріңді таңдап ал: сен сол жақты таңдасаң, мен оң жаққа, сен оң жақты қаласаң, мен сол жаққа кетейін.

Лут шығысқа қарап, Иордан өзені аңғарының сулы жер екенін көрді. Ал батыста құрғақ таулы аймақ көсіліп жатты, оған бұл жақ ұнамады.

– Мен шығысқа барамын, – деді Лут Ыбырамға.

Ағайындылар құшақтасып қоштасты. Лут отбасымен және отарларымен Иордан өзенін бетке алып, жүріп кетті.

Лут сол арадан кеткеннен кейін, Құдай Ыбырамға былай деді:

– Айналаңа көз тастап, тұрған жеріңнен бастап, солтүстік пен оңтүстікке, шығыс пен батысқа қара: Мен көрініп тұрған осы жердің бәрін саған және сенің ұрпағыңа мәңгілікке беремін.

Осы сөздерге қанаттанған Ыбырам күннің қызуы әбден күйдіріп тастаған Қанахан жерінің таулы аймақтарын бетке алып, батысқа қарай жүрді.

14. Құдайдың Ыбырамға берген уәдесі

Жаратылыстың басталуы 14; 15

Ыбырам үй ішімен және отарларымен батысқа, Қанахан жерінің көңілсіз жоталарына қарай аттанды, ал Лут болса Иордан жазығын бетке алды.

Бастапқыда Луттың ісі алға басты. Ол үлкен қала Содомға орналасты және ешқандай тапшылық көрмеді.

Алайда Луттың рахат өмірі ұзаққа созылмады. Иордан жазығына орналасқан халықтар арасында соғыс бұрқ ете түсті де көп ұзамай-ақ Содом жау қолында қалды. Қала талан-тараж болып, көп тұрғындар қаза тапты, тірі қалғандары тұтқынға түсті. Тұтқындардың қатарында Лут та бар еді.

Бұл бақытсыздықты Ыбырам естіген кезде, ол дереу өз кісілерін жинап, қолдарына қару алып, Лут тұтқынға түскен патшаға шабуыл жасады. Ыбырамның қолы жауды жеңіп, Лут пен Содомда қолға түскен басқа тұтқындарды босатып алады.

Содомның патшасы мен оның одақтастары жеңісі үшін оған үлкен сый ұсынады, алайда Ыбырам оларды алудан бас тартады. Жеңіс үшін патшалар оған емес, Құдайға алғыс айтулары тиіс деп есептеді ол.

Көп өтпей Құдай Ыбырамға тағы да тіл қатты:

– Ешнәрседен қорықпа. Мен саған қорған боламын, ал Менің саған беретін сыйым өте зор болмақ.

Алайда Ыбырамда байлық та, атақ-даңқ та жеткілікті еді. Сара екеуінің бірден бір тілектері – перзент сүю болатын.

– Бүкіл әлемнің байлығынан маған не пайда? – деді Ыбырам Құдайға. – Сол байлықтың бәрін мұра етіп қалдыратын менде ұл да жоқ. Ал біз Сара екеуіміз қартайдық. Қызметшілерімнің біреуі менің мұрагерім болып қалатынын ойлау жанымға батады.

Ыбырамның сөзін тыңдап болғаннан кейін Құдай оған былай деді:

– Шатырыңнан шық та, аспанға қара!

Ыбырам сыртқа шығып, жұлдыз қаптаған қара көк аспанды көрді.

– Мына жұлдыздарды санап, санына жете алар ма екенсің, – деді Құдай. – Сенің үрім-бұтағың да осындай көп болады. Мен Жаратқан Иемін. Сені осы елді иемденсін деп Урдан алып шыққан Менмін. Мен мәңгі бойы сенің және үрім-бұтағыңның Құдайы боламын және осы жерді олардың иеліктеріне беремін. Қуан, Ыбырам, жақында сен ұлды боласың.

Құдай таңғажайып нәрселерді айтты, ал Ыбырам Құдай Өз сөзін орындайтынына еш күмән келтірген емес.

Барлық адамдардың ішінен Құдай Ыбырамды таңдады, өйткені Құдайға ол сияқты риясыз сенген бірде-бір жан болған жоқ.

15. Ажар

Жаратылыстың басталуы 16

Ыбырам мен Сараның жастары егде тартқанына қарамастан, міндетті түрде ұлды боласың деп Құдай Ыбырамға уәде берді. Бірақ жылдар өтіп жатты, ал уәделі ұл әлі туылмады. Уақыт өткен сайын, Ыбырам мен Сараның үміттері өше бастады.

Құдай қандай жағдай болмасын Өз сөзін орындайтынына Ыбырам сенді. Ал Сара болса бөріне өзін кінәлі санады. Өз кінәсін жуып-шаю үшін Сара Ыбырамға өзінің Ажар деген күңін әйелдікке ұсынды. Көрші халықтарда осындай әдет болатын. Салт бойынша, осылай туылған бала Ыбырам мен Сараның баласы болып саналатын.

Ыбырам Сараның тілін алып, Ажар біраз уақыт оның әйелі болды. Ажар Сараның күңі болатын, алайда ол өзінің жуырда балалы болатынын білгенде, көкірегін көтере бастады. Ажар қайда жүрсе де, балалы болатынын айтып мақтанып, сонысымен Сараны қорлап, оған жек көретінін байқатты.

Сара күңінің мұндай қылығына көп шыдады, бірақ бір күні оның төзімі таусылып, Ыбырамға келіп, былай деді:

– Күнім Ажар маған тіл тигізіп, қорлауда, ал сен болса түк болмағандай-ақ қарап отырсың. Мен бұдан ары төзе алмаймын.

– Ол сенің күңің ғой. Не істесең де өз еркің, – деп жауап берді оған Ыбырам.

Сонда Сара Ажарға әр түрлі жолдармен қысым көрсете бастады. Ақыр аяғында қысымға төзбеген Ажар Сара мен Ыбырамнан қашып кетті. Ол паналайтын жер таппады. Айнала түгел шөл. Ажар басы ауған жаққа қарай жүре берді. Оның бар ниеті өш алғыш қожайын әйелден аулақ кету болды.

Ажар ұзақ жүріп, бір бұлаққа тап болды. Ол шөлін басып, дем алуға отырды. Осы жерде бұл қашқын әйелге Құдайдың періштесі аян береді.

– Сараның күңі Ажар! Қайдан келесің және қайда барасың? – деп сұрады періште.

– Мен қожайын әйел Сарадан қашып барамын, – деп жауап берді Ажар.

– Қожайын әйелге қайтып орал да оның еркіне бағын, – деді періште. – Ешнәрседен қорықпа, Құдай сенің қамыңды ойлайды. Ал ұлың туылған кезде, оған Ысмағұл деп ат қой.

Ажар қатты таң қалды: ешкім ешқашан санасып көрмеген күң әйелге Құдай немқұрайды қарамайды екен, Құдай оны көріп тұр және оған қамқор болады! Ажар өзімен сөйлескен Құдайды «Маған көз қырын салатын Құдайсың» деп атады.

Құдайдың еркіне құлақ асқан Ажар Сараға қайтып оралды. Арада көп өтпей ол ұл туып, оны Ысмағұл деп атады.

16. Үш жолаушы

Жаратылыстың басталуы 17, 18

Ысмағұл туылғаннан кейін бірнеше жыл өткен соң Ыбырамға Құдай аян беріп, онымен келісім жасады. Құдай Ыбырамға барлық істе Оған мойынсұнуды бұйырды, ал мойынсұнушылығы үшін сый ретінде сансыз көп үрім-бұтақ беруді уәде етті және Қанахан жері мәңгіге олардың иелігі болады.

Сонда Құдай Ыбырамға бұдан былай Ыбырайым деп аталатын боласың деді, бұл «Көптің атасы» дегенді білдіреді, ал әйелі Сара, яғни «Көптің қожайыны» деп аталатын болады, өйткені жуырда олар ұлды болады және одан ұлы халық тарайды.

Бірде түске таман күн ысыған кезде, Ыбырайым шатыр алдында көлеңкеде ойға шомып отырған болатын, ал Сара болса ыстықтан қорғанып, іште жүрген. Бір кезде Ыбырайым басын көтеріп, шатырға үш жолаушы кісінің жақындап келе жатқанын көрді.

Бейтаныс кісілерді көргенде ол қатты таң қалды – бұл аймақта мынадай аптап ыстықта ешкім жолға шықпайды.

Ыбырайым қатты таңданды, дегенмен дереу орнынан көтеріліп, бейтаныс жолаушыларды қарсы алды. Бұл елдің салты бойынша, ол жолаушыларға сусын ұсынып, паналатуы керек.

– Менің шатырыма бұрылмай өтпеңіздер, – деді ол. – Мына ағаштың көлеңкесіне отырып, дем алыңыздар. Қазір шөл басып, аяқтарыңызды жуу үшін сіздерге су алып келеді.

Жолаушылар Ыбырайымға қонақжайлығы үшін алғыс айтып, көлеңкеге жайғасты. Ыбырайым болса шатырға барып, Сараға құдайы қонақтарға арнап дәмді ас әзірлеуді бұйырды.

Сара қызметші әйелдермен іске кірісті, көп ұзамай-ақ қонақтардың алдында жаңа піскен ыстық нан мен сүт және ет қосып әзірленген тағам тұрды.

Тамақ ішіп болғаннан кейін, қонақтар Ыбырайымнан:

- Әйелің Сара қайда? – деп сұрады.
- Осында, шатырдың ішінде, – деп жауап берді Ыбырайым.
- Келесі жылы осы уақытта Сара ұл туады.

Осы әңгіме кезінде Сара шатырдың аузында тұрған, ол барлық әңгімені естіді. Қонақтардың айтқандары Сараның күлкісін келтірді – бала туу үшін ол тым кәрі еді.

- Сенің әйелің неге күліп тұр? – деп сұрады қонақтар Ыбырайымнан.

Сара сасып қалып:

- Мен күлген жоқпын, – деп мойындамады.
- Жоқ, Сара, сен күлдің. Жаратқан Иенің қолынан келмейтін іс бар ма? Келесі жылы осы уақытта Мен саған тағы келемін, Ыбырайым. Сол кезде Сараның ұлы болады.

Мына сөздерді естігеннен кейін Ыбырайым қонақтарының қарапайым жолаушылар емес екенін түсінді. Шынында да олар жай адамдар емес еді. Осы күтпеген қонақтардың аузы арқылы олармен Құдайдың Өзі сөйлесті.

17. Содом мен Ғомора

Жаратылыстың басталуы 18

Ағаштың көлеңкесінде отырып, біраз тынығып алғаннан кейін Ыбырайымның қонақтары орындарынан тұрып, сапарларын жалғастырды. Ыбырайым оларды шығарып салмақ болып, бірге жүрді. Олар жүріп отырып, Иордан өзенінің жайнаған жазығы мен осы жазықта орналасқан екі қала – Содом мен Ғомора алақандағыдай көрініп тұратын жерге келіп тоқтады.

Құдай Ыбырайымға осы екі қаланы көрсетіп:

– Содом мен Ғомора – қарғыс атқан қалалар, өйткені бұл қалалардың тұрғындары белшелерінен ауыр күнәға батқан. Олардың жасаған зұлымдықтарының көптігі сонша, Содом мен Ғомораны онда тұратын тұрғындарымен қоса жоқ қылып жіберу ғана қалды.

Екі жолаушы жазыққа қарай түсіп, Ыбырайым Құдайдың алдында қалды. Осы күнәға батқан қалалардың бүкіл тұрғындарының өлім құшқанын Ыбырайым қаламады. Оларға жаны ашыды, бұған қоса, Содомда оның немере інісі Лут үй ішімен тұрады. Сондықтан да Ыбырайым Құдайдың шешімін өзгертуге көзін жеткізуге тырысты.

– Уа, Ием-ау, сонда жауыздармен бірге осы қалаларда тұратын барлық әділдерді де құртпақсың ба? Бүкіл әлемнің әділ Қазысы – Сен мұндай әділетсіздікке жол бермейсің ғой.

– Жарайды, егер Содомда елу әділ кісі табылса, Мен соларға бола бүкіл қалаға рақым етемін, – деп жауап берді Құдай Ыбырайымға.

Ыбырайым ойланып қалды, бірақ қанша ойланғанымен Содом тұрғындарының ішінен елу әділ адамды есептеп таба алмады. Алайда ол Құдайдың рақымды екенін білді және Одан қалаға рақым етуді өтінуін тоқтатпады.

Сонда Құдай Ыбырайымға, егер қаладан он әділ кісі табылса да, Содомға рақым ететінін айтты. Осыны айтқаннан кейін Құдай Ыбырайымды қалдырып кетіп қалды.

Ыбырайым қанша тырысқанымен Содомнан он әділ кісі де таппады. Ал Құдай болса Ыбырайымның босқа әуре болып жатқанын о бастан-ақ білді: Содомда бір ғана әділ кісі болды, ол – Ыбырайымның немере інісі Лут болатын. Ал Құдай Лутты аман алып қалудың жолын ойластырып та қойған еді.

Ал бұдан бейхабар Ыбырайым қатты қайғырып, шатырына кері оралды.

18. Луттың құтқарылуы

Жаратылыстың басталуы 19

Сол күні кешқұрым Лут қала қақпасының алдында отырған. Ол өзіне екі жолаушының жақындағанын байқамай да қалды. Бұл Ыбырайымға келген періштелер болатын. Лут орнынан тұрып, оларға иіліп сәлем берді және үйіне кіріп, түнеп шығуды ұсынды.

Кешкі астан кейін үй иелері мен қонақтар енді ұйықтағалы жатқанда, көше жақтан бір топ адамның шуы шықты. Лут сыртқа қарап, үйдің алдына өте көп адамдар – Содомның бүкіл тұрғындары дерлік жиналғанын көрді. Олар қоқан-лоққы жасап Лутты қорқытып, қонақтарын олардың жәбірлеуіне беруін талап етті.

Лут оларға ешқашан да айтқандарын істемейтінін айтты. Сонда әбден еліріп алған тобыр есікке лап қойды. Алайда үй берік қорғауда еді – үйді де, оның ішіндегі кісілердің бәрін де періштелер қорғап тұрды. Елірген тобырдың арынын басу үшін періштелер оларды соқыр етіп қойды. Содомның тұрғындары ақыры Луттың үйіне кіре алмайтындарын түсініп, үйді-үйлеріне тарасты.

Содан кейін қонақтар өздерінің кім екендерін және Құдай оларды Содомға не үшін жібергенін Лутқа айтып берді:

– Қала тұрғындарының ауыр күнәларына бола Құдай бұл қаланы жоймақшы. Міне, біз мұнда содомдықтардың қаншалықты азғын, күнәкар екеніне көз жеткізу үшін келген едік. Сені және отбасыңды Құдай құтқарғысы келеді. Бар да үй ішіндегілерге айт, таң атқанша мына қарғыс атқан қаладан қашып кетуге дайын тұрыңдар.

Таң қызарып ата бастаған кезде періштелер Лут пен оның әйелін және қыздарын қолдарынан жетектеп, асығыс қаладан шығарып жіберді.

Лутты жақындарымен жол бойында қалдырып, періштелер былай деді:

– Енді Содомның қалған тұрғындарына бұйыратын жазадан аман қалу үшін бар күштеріңді салып, бұл жерден қашыңдар. Арттарыңа бұрылып қараушы болмаңдар, олай етсеңдер, өлесіңдер.

Лут, оның әйелі мен қыздары қауіпсіз жерге жеткен кезде, аяқтарының астындағы жер сілкініп кетті. Арт жақтарында сұмдық апат болып жатты: Содом мен Гомораның үстіне аспаннан от аралас күкірт жауып, қалалар күл-талқан болып қирады.

Лут пен қыздары осы қарғыс атқан жерден арттарына бұрылып қарамай қашты. Ал Луттың әйелі болса кенет тоқтай қалды: ол Лут екеуі талай жыл тұрған осы қалаға соңғы рет бір қарағысы келді. Бірақ ол назарын сол жаққа аударып та үлгірмей жатып, өлім құшты – Луттың әйелі тұрған жерінде тұз бағанға айналып, қатып қалды.

ЫСҚАҚТЫҢ ХИКАЯСЫ

19. Ысқақтың дүниеге келуі

Жаратылыстың басталуы 21

Құдай Өзінің Ыбырайым мен Сараға берген уәдесін орындады. Дәл айтқан мезгілде Сара ұл тапты. Егде тартқан ата-ананың қуанышында шек болмады және олар Құдайға өте риза болды.

Нәрестеге ат қоятын кез келгенде, Ыбырайым оны Ысқақ деп атады, яғни “Күледі”.

Ыбырайымның мұндай есімді таңдауы кездейсоқ емес еді: Ұлының күлімсіреп тұратын, қунақы бала екенін ол көрді, оның үстіне бұл есім Сара екеуінің ұлды болғандарына шексіз қуанғандарын еске салып тұратын болады. Сондай-ақ бұл есім Құдай Сараға бір жылдан кейін ана боласың деп айтқан кезінде, Сараның күлгенін еске салады.

Уақыт өтіп жатты, Ысқақ өсіп, Ыбырайымның Ажар күңнен туған ұлы Ысмағұлмен ойнайтындай жасқа жетті.

Бірде Сара жасы үлкен әрі күштірек Ысмағұлдың Ысқақты тәлкек етіп жатқанын көріп, бұл оған ұнамай қалады.

Ашуға булыққан Сара дереу Ыбырайымға барып, одан күнді ұлы Ысмағұлмен қоса қуып жіберуді талап етеді.

Сараның сөзін тыңдап болғаннан кейін Ыбырайым қатты мұңайып қалды. Ол не істеу керегін білмей дал болды. Әрине, Ысқақ Құдайдың Өзі уәде еткен ұл. Ал екінші жағынан, Ысмағұл да оның туған ұлы. Ыбырайым Сара мен Ысқақты қанша жақсы көргенімен де, Ысмағұл мен оның шешесі Ажардан да айрылғысы келмеді.

Құдай тіл қатқан кезінде Ыбырайым осындай ауыр ойдың құшағында отырған болатын.

– Сараның айтқанын істе, – деді Құдай Ыбырайымға. – Ал ұлың Ысмағұлды уайымдама; Мен оған Өзім қамқор боламын.

20. Ажардың қуылуы

Жаратылыстың басталуы 21

Ыбырайым Құдайдың сөзіне құлақ асып, қаншалықты қиын болса да, Сараның талабын орындауға бел бұды.

Келесі күні Ыбырайым таңертең ерте тұрды. Нан мен су құйылған месті алып, оларды Ажардың иығына артып берді де, ұлын ертіп аулақ кетуін бұйырды.

Ажар ұлын ертіп, кетіп қалды. Олар шөл далада ұзақ жүрді және елсіз далада адасып кетті. Күн тас төбеден күйдіріп тұрды. Ажар ұлы екеуі ыстықтан титықтап, әбден шаршады. Біраздан кейін бұған тағы шөл қосылды. Олардың мөстегі сулары таусылып, құдық таппай қиналды.

Сусыз көпке шыдай алмайтындарын Ажар білді. Ысмағұлдың әбден әлі кетіп, мүлдем жүре алмай қалды.

Ажар ұлын бір бұтаның түбіне жатқызды да, өліп бара жатқан ұлының қиналғанын көрмеу үшін, алысқа барып отырды. Қайғыдан оның жүрегі қарс айрылды. Ысмағұлдың көп ұзамай өлетінін ол білді, бірақ қолдан келер айла жоқ. Құдай Ысмағұлға Өзім қамқор боламын деп уәде берген еді ғой. Міне, өлгелі жатқан баланың жан қиналысы мен оның шешесінің еңіреп жылаған дауысын естіп, Құдай Ажарға келді.

– Қорықпа, Ажар, – деді Құдай. – Ысмағұл өлмейді. Мен оны ұлы халықтың түп атасы етемін. Ал қазір орныңнан тұр да, барып, балаңа көмектес.

Кенет Ажардың көзі ашылып, дәл қастарында құдық бар екенін көрді. Ол месті суға толтырып алып, Ысмағұлға қарай құстай ұшты. Бірнеше жұтым су ішкеннен кейін бала қайтадан есін жиды. Енді Ажар өзін және баласын уайымдамады. Бір кезде оны Сараның қаһарынан құтқарған Құдай енді бұларды ешқашан да қалдырмайтынына ол сенді.

21. Сенімнің сыналуы

Жаратылыстың басталуы 22

Ата-анасының мейіріміне бөленген Ысқақ ер жетіп жатты. Оған қарап отырып Ыбырайым әрқашан Құдайдың тамаша уәдесін ризашылықпен еске алатын, Ысқақтың ұрпағы арқылы барлық халықтар жарылқануы тиіс.

Міне, Құдай тағы да Ыбырайымға тіл қатты:

– Ыбырайым, – деді Ол. – Сүйікті ұлың Ысқақты алып Мория жеріне бар да, сол жерде тау басында оны Маған арнап құрбандыққа шал.

Құдай неге мұндай ауыр құрбандық шалуды бұйырып жатқанын Ыбырайым түсіне алмады. Ол Ысқақты өте қатты жақсы көрді және ұлын аман алып қалу үшін еш ойланбастан-ақ өзін құрбандыққа шалуға дайын еді. Алайда өзінің ұзақ өмірінде ол бір маңызды шындықты анық түсінді: ең жақсысы – Құдайдың айтқанын істеу. Құдай Өзінің Ысқаққа сансыз көп үрім-бұтақ беремін деген уәдесін орындамай қоймайтынын ол білді.

Келесі күні Ыбырайым өте ерте тұрды. Ол Ысқақ пен екі қызметшісін оятып, есекті ерттеп мініп, Сараға ешнәрсе айтпай, Құдай көрсеткен жақты бетке алып, жолға шықты.

Кішкентай керуен екі күн жол жүрді, ал үшінші күні Ыбырайым Құдай айтқан тауды көрді. Тауға жақындағанда ол қызметшілеріне таудың етегінде қалуды бұйырды да, Ысқақ екеуі жоғары көтерілді. Құрбандық отына арналған отынды Ысқақ көтерді, ал шоқ салынған ыдыс пен пышақты Ыбырайым өзі көтеріп келе жатты.

Жолда Ысқақ Ыбырайымға:

– Әке, бізде шоқ пен отын бар, ал құрбандыққа шалынатын мал қайда? – деді.

Бұл сөздерден кейін Ыбырайымның жүрегі қарс айрылғандай ауырып кетті.

– Құдай құрбандыққа шалатын қойды Өзі қарастырады, – деп жауап берді ол ұлына.

Таудың басына көтерілгеннен кейін Ыбырайым құрбандық өртейтін орын жасап, оның үстіне отындық ағаштарды қаластырды. Міне, енді ащы шындықты ары қарай жасыруға болмайтын кез де келді.

Ыбырайым ұлын байлап, осы ағаштардың үстіне жатқызды. Ыбырайым ұлын бауыздау үшін пышағын қолына алып, енді көтере берген кезінде, Құдайдың дауысын естіді:

– Тоқта, Ыбырайым! Балаңа тиіспе! Сенің Өзімді құрметтейтіңіңе, Маған сенетіңіңе және Мені сүйетіңіңе, әрдайым Менің еркімді орындауға дайын екеніңе көзім жетті.

Сүйікті ұлының тірі қалатынына Ыбырайым сенерін де, сенбесін де білмеді. Оның жүрегі ағыл-тегіл ризашылыққа толды. Құдай адамды құрбандыққа шалуды талап етпейтінін ол енді түсінді. Ысқақтың байлауын шешіп, жан-жағына қараған Ыбырайым қалың бұтаға мүйізімен шырмалып қалған қошқарды көрді. Ыбырайым оны босатып алып, Ысқақтың орнына Құдайға арнап құрбандыққа шалды.

22. Ысқаққа қалыңдық

Жаратылыстың басталуы 24

Жылдар өтті, Ысқақ ер жетті. Оның анасы Сара қартайып қайтыс болды. Ыбырайым да қартайды, бірақ ұлы Ысқақ Құдайдың уәдесіне сай ұлы халықтың түп атасы болатынын білгендіктен ол өзін бақытты сезінді.

Бірде Ыбырайым барлық мал-мүлкін басқаратын бас қызметшісін шақырып алып, оған:

– Менің ұлыма қалыңдық қарастыратын кез келді. Оның қанахандық қызға үйленгенін қаламаймын. Менің туған жеріме барып, сол жақтан Ысқаққа қалыңдық алып келемін деп маған ант бер, – деді.

– Жол тым алыс қой, – деп жауап берді қызметшісі. – Қалыңдық маған еріп осы елге келгісі келмесе ше? Одан да Месопотамияға Ысқақтың өзін жіберген жөн емес пе?

– Ешқашан да! – деп кесіп айтты Ыбырайым. – Тәңір Ие мені осы елге алып келді және осы жерді менің ұрпағыма беруге уәде берген. Ысқақ осында тұруы керек. Ал сен барып, оған қалыңдық тауып кел. Егер тапқан қалыңдығың сенімен еріп осы елге келуден бас тартса, онда анттан азатпын деп есептеуіңе болады.

Қызметші он түйеге жүгін артып, Месопотамияға аттанды. Ақыры, бір күні кешке ол бұрын Ыбырайым тұрған қалаға жақын жерде орналасқан құдық басына тоқтады. Қызметші қалаға баруға асыққан жоқ, қайта, ол тізе бүгіп, Құдайға сиынуға кірісті:

– Уа, Жаратқан Ие, қожайыным Ыбырайым сиынатын Құдай! Ысқаққа лайықты жақсы қалыңдық табуыма көмектесе гөр. Біраздан кейін мұнда қыздар су алуға келетінін білемін. Маған ішуге су беретін және түйелерімді суғаруды ұсынатын қыз Өзің Ысқаққа таңдаған қалыңдық болғай.

23. Рабиға

Жаратылыстың басталуы 24

Ыбырайымның қызметшісі Құдайдан Ысқаққа қалыңдық табуға көмектесуін өтінген мінәжатын айтып болмай жатып-ақ, біреудің аяғының дыбысын естіді. Басын көтеріп қараса, иығында құмырасы бар бір қыз құдыққа асыға басып келе жатыр екен. Ол құмырасын суға толтырып болмай жатып, қызметші оған жақындап:

– Құмыраңнан кішкентай су ішейінші, – деп сұрады.

Қыз құмырасынан Ыбырайымның қызметшісіне су берді.

– Қаласаңыз, түйелеріңізді де қанғанынша суарып берейін, – деп құмырасымен қайтадан су алуға кірісті. Құдықтың жанындағы тастан жасалған астау ернеуінен асып суға толғанға дейін ол құмырасымен су құя берді.

Мұны көрген қызметші, дұғасының Құдайдың құлағына жеткеніне қуанды.

– Сенің атың кім? – деп сұрады ол қыздан.

– Рабиға, – деп жауап берді қыз. – Мен Нахордың немересімін.

Нахор Ыбырайымның туған ағасының аты екенін қызметші білетін.

– Мені тура қожайынымның туысқандарының үйіне алып келген Жаратқан Ие мадақталсын! – деп қуанды ол.

Содан кейін қызметші қымбат сый-тартуларын алып, Рабиғаға берді. Рабиға оны үйіне ертіп келді. Ал қызметші сол жерде қыздың туған-туысқандарына өзінің бұл өлкеге келудегі мақсатын айтып берді. Рабиғаның әкесі мен ағасы оны Ысқаққа күйеуге беруге келісті, өйткені бұл Құдайдың еркі екені бәріне де түсінікті еді.

Келесі күні Ыбырайымның қызметшісі жолға шығуға дайын болды. Рабиғаның туыстары оны тым болмаса азырақ бөгеле тұруға да көндіре алмады.

Бүкіл отбасы Рабиғаны сапарға шығарып салып, жылап қоштасты. Рабиға да көңілсіз болды, алайда ол бұрын ешқашан көрмеген болашақ күйеуіне баратын ұзақ сапарда өзімен бірге кәрі күтушісін ерте кететінін көңілге демеу етті.

Алыс жол да бітейін деп, кішкентай керуен Ыбырайымның шатыры тұрған жерге жақындап қалды. Рабиға айналасына қызықтай қарап отырды. Кенет далада өздеріне қарсы келе жатқан кісіні байқады.

– Мына кісі кім? – деп сұрады Рабиға қызметшіден.

– Бұл менің қожайыным Ысқақ, – деп жауап берді ол.

Ысқақ керуеннің алдынан шықты. Ысқақ пен Рабиға осылай кездесті – олар бір көргеннен-ақ бір-біріне ғашық болды.

ТҰҢҒЫШТЫҚ ЖОЛЫ

24. Жақыптың тұңғыштық жолын сатып алуы

Жаратылыстың басталуы 25

Ысқақ пен Рабиғаның үйленгендеріне бірталай уақыт болғанына қарамастан олардың балалары болмады. Алайда Ысқақ мойымады, себебі ол Құдайдың өзін ұлы халықтың түп атасы етіп, үрім-бұтағын жарылқаймын деген уәдесін есінен шығарған жоқ. Сондықтан да ол Құдайдан Рабиға екеуіне перзент беруін өтініп, мінәжат ете берді.

Көп өтпей-ақ Рабиға өзінің жүкті екенін және бір емес, егіз бала туатынын сезді. Салт бойынша, әкесі өлгеннен кейін үлкен ұл мұрагер болып, жанұя басшысына айналатын. Алайда нәрестелер әлі дүниеге келмей жатып-ақ Құдай Рабиғаға бұл жолы жанұяға оның кіші ұлы басшы болатынын айтты. Бір кезде Құдайдың Ыбырайымға берген уәдесі Ысқақ пен Рабиғаның кіші ұлдары арқылы жүзеге асуы тиіс еді.

Сөйтіп Рабиға егіз ұл тапты. Алдымен Есау туылды, ал одан бірнеше минуттан кейін оның өкшесінен ұстап Жақып туылды.

Балалар өсіп жатты. Рабиға Жақыпты көбірек жақсы көрді, өйткені Есау жабайы құс аулап дала кезіп жүргенде, Жақып шешесінің қасында, үй маңайынан шықпайтын. Ысқақ болса Есауды көбірек жақсы көрді және ұлы атып әкелген құс етінен дайындаған астан асқан дәмді ас жоқ деп есептеді.

Бірде Есау аң аулаудан қатты ашығып оралды. Шатырға кірсе, Жақып дайындап жатқан қызғылт түсті көженің иісі мұрынды жарып барады.

– Маған мына көжеңнен берші, – деп сұрады Есау. – Қарным қатты ашып тұр!

Қазір әрекет етуге оңтайлы сәттің туғанын Жақып түсіне қойды. Есау тамақтан басқа түк ойлап тұрған жоқ, ал Жақып болса ағасынан өзі көптен армандаған нәрсесін сұрап алуға бел буды.

– Маған өзіңнің тұңғыштық жолыңды сатсаң, мен саған көжемнен беремін.

– Жарайды, – деді қарны ашып шыдай алмай тұрған Есау. – Келістім. Егер қазір тамақ ішпесем мен өлемін, ал өлі адамға тұңғыштық жол неге керек.

– Бірінші маған ант бер, – деп тұрып алды Жақып.

– Ант беремін! – деді де Есау бір табақ буы бұрқыраған қызғылт көжеге бас қойды.

Есау апыл-ғұпыл тамағын ішіп алды да, шатырдан шығып кетті. Ол тіпті Құдайдың уәдесі жайлы және қазір ғана сол уәдеден мәңгі айрылғаны жайлы ойланған да жоқ.

25. Рабиғаның қулығы

Жаратылыстың басталуы 27

Есау қызғылт түсті көже мен Құдай батасын берген үрім-бұтақты басқару құқынан айрылғаны туралы ұмытып та кетті. Ал Жақып болса, керісінше, Құдайдың бір кезде Ыбырайымға берген уәдесі жайлы жиі ойлады. Ал оның шешесі Рабиға ұлдары туылмай жатып Құдай өзіне үлкені емес, кішісі ел басшысы болатынын айтқанын еске алып отыратын.

Ысқақ әбден қартайып, күші сарқылып, көзі де көрмей қалды. Ол енді төсегінен тұрмайтын халге жетіп, о дүниеге дайындалды. Бірде ол Есауды қасына шақырып алып, оған:

– Сен менің тұңғышымсың, мен өлерімнен бұрын саған батамды беруім керек. Далаға барып, аң аулап келіп, маған сүйікті тағамымды пісіріп алып кел. Оны жеп, өлмей тұрғанымда саған батамды берейін, – дейді.

Әкесінің қалауын орындау үшін Есау садағы мен қорамсағын алып, аң аулауға кетеді.

Бұл әңгімені Рабиға естиді. Ол Ысқақ өлгеннен кейін бұл жанұяны Есау емес Жақыптың басқарғанын қалады, сондықтан да әкесінің ерекше батасын алуға сол лайық деп есептеді. Балаларының тағдырын Құдайдың Өзі шешуіне жол берудің орнына, Рабиға Ысқақты алдап, батаны Жақыпқа берудің жолын ойластырды.

– Тез қораға бар да, екі қоңды қозы алып кел, – деп бұйырды ол Жақыпқа, – Ал мен одан дәл Есау жасайтын тағамдай етіп дәмді тамақ пісірейін. Соны әкеңе алып барасың. Сонда ол ағаңа емес, саған батасын береді.

Жақып өтіріктері ашылып қалады деп қорықты, өйткені оның денесі түксіз, ал ағасының денесін түк басқан болатын. Әкесінің көзі көрмейтін болғанымен де, оның денесіне қолын тигізіп, алдында тұрған Есау емес Жақып екенін біліп қоюы мүмкін ғой. Алайда, Рабиға бәрін алдын ала ойластырып қойған еді.

Ол тез тамақ пісірді, ал содан кейін Жақыптың қолдары мен мойнын лақтың терісімен жапты және үстіне дала мен орманның иісі сіңген Есаудың киімін кигізіп, оны әкесіне жіберді.

26. Жақыптың туған үйінен қашып кетуі

Жаратылыстың басталуы 27

Жақып шатырға кірген кезде, ұлының тез аң аулап келіп, тамақ пісіріп үлгіргеніне Ысқақ таң қалды. Ыстық тамақтың дәмді иісін сезген ол:

– Әй, бұл қайсың? – деп сұрады.

– Бұл мен, Есаумын ғой, – деп қорқа жауап берді Жақып.

– Шынымен Есаумысың? Дауысың Жақыпқа ұқсайды, – деп күмәнін білдірді Ысқақ. – Маған бері жақындашы.

Жақып әкесіне жақындады, ал Ысқақ оның қолдарын сипалап көрді. Лақтың терісі мен Есаудың киімінен шығып тұрған дала иісі, сірә, Ысқақты тынышталдырған болса керек, ол төбеттене тамақ жей бастады.

Тамақ жеп болғаннан кейін Жақыпқа тұңғыш ұлға арналған әкелік батасын берді. Құдайдың атымен ол Жақыпқа барлық жарылқауларды уәде етіп, оны ағайындылардың басы етіп қойды.

Ысқақ батасын аяқтап, Жақып шатырдан шығып бара жатқан кезде, ағасы Есау да аң аулаудан қайтып келіп, дәмді ас пісіріп, әкесіне алып барды.

Нағыз Есаудың дауысын естіген кезде Ысқақ бәрін түсіне қойды және ашуланып айқайлап жіберді. Әкесі Есауға не болғанын айтып берді және енді ешнәрсені өзгертуге болмайтынына, алдау арқылы қолы жеткен Жақыптың батасын кері қайтарып ала алмайтынына өкініш білдірді.

Бастапқыда қатты қайғырған Есау кейін ашуға мініп:

– Мен Жақыпты өлтіремін! – деп ант етті.

Есаудың бұл сөздері құлағына жеткен Рабиға Жақыптың біраз уақыт туған үйінен алыста жүргені дұрыс болар деп шешті. Ол Ысқаққа Жақыпты нағашы жұрты – Месопотамияға өзіне қалыңдық тауып алуға жіберуге кеңес берді.

Ысқақ Рабиғаның кеңесімен келісті. Осылайша Жақып Ысқақтың шатырын қалдырып, алыс сапарға аттанды.

ЖАҚЫПТЫҢ ХИКАЯСЫ

27. Жақыптың түсі

Жаратылыстың басталуы 28, 29

Жақып шешесі Рабиғаның туған қаласын бетке алып, солтүстік-шығысқа қарай жүрді. Ол өз ісіне қатты ұялды: ол ағасын алдап, тұңғыштық жолын тартып алды, ал енді болса ағасының қаһарынан қорқып, бас сауғалап қашып барады.

Күн батып, кеш түсті. Жақып шапанына оранып, басына тас жастанып, ашық аспан астына жата кетті.

Түнде ол таңғажайып түс көрді. Түсінде ол жерден көкке дейін жетіп, жарқырап тұрған баспалдақ көрді. Ал Құдайдың періштелері баспалдақпен бір шығып, бір түсіп жүр екен.

Жақып баспалдаққа таңдана қарап тұр. Міне, керемет – ол баспалдақтың үстінде тұрған Құдайдың Өзін көрді! Құдай оған:

– Мен Жаратқан Иемін, атаң Ыбырайым мен әкең Ысқақтың сиынатын Құдайымын. Сенің де Құдайың боламын. Өзің көріп тұрған мына жердің бәрін Мен саған және сенің ұрпағыңа беремін. Сенің ұрпағыңнан ұлы халық шығады және ұрпағың арқылы жер бетіндегі барлық халықтарға батам қонады. Ешқашан ешнәрседен қорықпа, Мен саған жар болып, қайда барсаң да қорғаймын.

Жақып ұйқысынан ояңғаннан кейін біраз уақыт өзіне-өзі келе алмады: Құдайдың Өзі оған аян беріп, онымен сөйлесті ғой. Басына жастанған тасты ескерткіш ретінде тұрғызып, ол сол жерге Бетел, яғни “Құдай үйі” деген ат қойды.

Жақып Құдайға былай деп уәде берді:

– Егер Сен менімен бірге болып, жүрген жолымда қорғап-сақтайтын болсаң, мен бүкіл өмір бойына Саған адал қызмет ететін боламын.

Өзіне күш біткенін сезіп, Жақып қайта жолға шықты. Шешесінің туған қаласы Харанға жақын жердегі құдық басына келгенге дейін ол тоқтамай жүре берді.

Құдық басына малдарын суаруға келген малшылардан Жақып шешесінің ағасы Лабанды танымайсыңдар ма деп сұрады.

– Танимыз, – деп жауап берді малшылар. – Міне, оның қызы Рахила қойларын айдап келе жатыр.

Қой-ешкілерін айдап құдық басына әдемі қыз келді. Рахила малдарын суара алуы үшін Жақып құдықтың аузын бекіткен тасты аударып тастады.

Жастар өзара тілдесіп, Жақып Рахилаға өзінің кім екенін айтқан кезде, қыз оны туған нағашысы Лабанның үйіне қуана-қуана ертіп әкелді.

28. Алданған алдамшы

Жаратылыстың басталуы 29-31

Лабан қарындасының ұлы Жақыпты қуана қарсы алды, Жақып нағашысымен және оның екі қызы – Лия және Рахиламен бірге тұрып қалды. Лабанның үйінде тұрғанда Жақып қарап отырмай, оған мал бағуға көмектесті. Бірде Лабан одан:

– Қызметің үшін менен не қалайсың? – деп сұрады.

– Маған ешқандай еңбекақының керегі жоқ, қайта, мен сізге кіші қызыңыз Рахила үшін жеті жыл қызмет етуге әзірмін. Маған Рахилаға үйленуге рұқсат етіңіз.

Лабан Жақыптың ұсынысымен келісіп, оны өзіне қызметке алды. Жақыптың Рахиланы сүйгені сонша, жеті жылдық еңбек сүйіктісімен бірге болу үшін аса үлкен құн болып көрінбеді.

Жеті жыл өткеннен кейін Лабанның үйінде дүркіреген той болды. Сол елдің салтына сай, қараңғы батқан кезде, Лабан Жақыпқа қалыңдығын алып келді.

Ал келесі күні таңертең өзінің әйеліне айналған Рахила емес, Лия екенін көргенде Жақыптың таңданысында шек болмады. Осылайша бұрын басқаларды алдап келген Жақып өзі де алданды.

Жақып ашуланып Лабанға келеді. Лабан әпкесі тұрғанда сіңлісін тұрмысқа беру бұл елдің салтына жат нәрсе екенін алға тартады.

– Той өткенше бір апта күте тұр. Ал содан кейін Рахилаға үйленуіңе болады, – деп уәде берді Лабан. – Алайда, Рахила үшін маған тағы да жеті жыл жұмыс істеуіңе тура келеді.

Ол кездерде ер адамдар бір емес, бірнеше әйел алуларына болатын еді. Сонымен, апалы-сіңлілілер бір кісіге тұрмысқа шықты.

Кейінірек сол елдің салтына сай, Жақып Лия мен Рахиланың қызметші қыздары – Балха мен Зилпаға да үйленді. Көп өтпей-ақ Лия, Балха және Зилпадан ұлдар сүйе бастады, ал оның сүйікті әйелі Рахила бедеу болып қала берді.

Рахила өзін бақытсыз сезінді, сөйтіп көп ұл тапқан Лияға қызғана қарады. Лия да бақытсыз болды, өйткені Жақып оны сүймеді.

Ақыры Рахила Жүсіп атты ұл туды.

Жүсіп туылғаннан кейін Жақып Лабанды тастап, көшіп кеткісі келді. Жақып Лабанның малына қарай бастаған кезден бастап, оның малының көбейгені сонша, Лабан оны тағы біраз уақыт қала тұруға көндіруге тырысты және оған еңбегі үшін үлкен ақы төлеуге уәде берді. Жақып еңбекақысына одан қара қойлар мен теңбіл ешкілердің бәрін сұрайды.

Лабан бұған қуана келіседі, өйткені қара қой мен теңбіл ешкі Лабанда аса көп емес еді. Ал қойлар қара қозы, ешкілер теңбіл лақ туа бастағанда Лабан ашуланып, келісімді бұзғысы келеді. Бір кездегідей ол тағы да Жақыпты алдамақшы болды. Бірақ Құдай оған бұлай етуге жол бермеді.

Бірде Құдай Жақыпқа түсінде аян беріп, Қанаханға үйіне оралуды бұйырады. Ал келесі күні Лабан үйде жоқ кезде Жақып әйелдерін, бала-шағасы мен малдарын жиып алып, ешкімге айтпай жолға шығады. Ол Құдай оның ұрпағына иелікке беруге уәде еткен жерге оралып келе жатты.

29. Ғажайып күрес

Жаратылыстың басталуы 32

Әкесі Ысқақ әлі де тұрып жатқан елге жақындаған сайын ағасы Есау туралы ой Жақыпты қатты мазалады. Үлкен ұлға тиесілі тұңғыштық жолын ұрлап алғаны үшін ол Жақыпқа әлі де ашуланып жүр ме екен? Жақыпты өлтірем деген райынан Есау қайтты ма екен?

Бұрнағы жылы Құдайдың оған қайда жүрсең де қорғап-қоршаймын және үйіңе аман-есен алып қайтамын деп Бетелде берген уәдесі әлі күшінде ме екен? Жақып Құдайға сиынып былай деді:

– Уа, Жаратқан Ие, үйімді тастап осы жолмен алғаш өткен кезімде сүйенетін таяғымнан басқа түгім жоқ еді. Ал енді Сенің арқанда байып, отбасыммен елге аман-есен оралып келе жатырмын. Сенің мейірімің мен рақымыңа өзімнің лайықсыз екенімді білемін, дегенмен Өзіңнен өтінемін, мені ағам Есаудан қорғай көрші.

Кешке қарай ол көшке жолда кездескен өзеннен өтіп тоқтауды бұйырды. Ал өзі түні бойына жалғыз қалды – ол әбден ойланғысы келді.

Алайда бұл түні Жақып тыным таба алмады. Түн қараңғысынан біреу шығып, бірнеше сағат бойына онымен арпалысты. Жақып қорғанып, Бейтаныс екеуі түні бойы күресті. Екеуі де бір-бірін жеңе алмады.

Кенет таң атып келе жатқанда, Бейтаныс Жақыптың жамбасынан ұрып, оның жамбас сүйегі шығып кетті. Сүйегі зақымданған Жақып енді күресе алмады. Тек сонда ғана ол өзінің түні бойы Кіммен күрескенін түсінді.

Бейтаныс кеткісі келіп еді, Жақып оны жібермей, бата беруін сұрады.

– Есімің кім? – деп сұрады Ол.

– Жақып.

– Мен саған жаңа ат қоямын. Енді сен Израил, яғни “Құдаймен күресуші” деп аталасың. Себебі Құдаймен күресіп келдің, енді адамдарға үстем боласың. Құдайдың уәдесі әрқашан сенімен бірге болады.

– Айтшы, есімің кім? – деп өтінді Жақып.

Бірақ Бейтаныс оған жауап қатпай, батасын беріп болғаннан кейін, күн көтеріле салысымен кетіп қалды.

Ақсаңдап Жақып та өз жәнімен кетті. Ол өзі жаңа ғана Құдаймен бетпе-бет кездескенін білді.

30. Жақыптың Есаумен татуласуы

Жаратылыстың басталуы 32; 33

Жақып Құдайдан Есаумен кездескен кезде қорған болуын сұрады, ал өзі Есаудың ашуын басып, иін жібітудің жайын ойластырды.

Ең алдымен ол інісі бүкіл үй ішімен және малдарымен туған үйіне оралып келе жатқанын білсін деп Есауға хабар жіберді. Ағасы алдынан шыққысы келетінін Жақып білді.

Содан кейін ол отарларын аралап шығып, ең жақсы қой, ешкі, түйе мен есектерді таңдап алды. Бұл малдарды жеке-жеке табынға бөліп, әрқайсысына бір-бірден малшы қойды.

– Менің алдыма түсіп жүре беріңдер, – деді ол малшыларына, – ал табындардың арасы едәуір қашық болсын! Егер ағам Есау көріп, “Кімнің малы?” деп сұраса, “Бұл құлыңыз Жақыптың сізге арнаған сыйы” деп жауап беріңдер!

“Сыйлық алу кімге болса да ұнайды ғой, – деп ойлады Жақып. – Мүмкін Есау жібіп, ашуы тарқар”

Ал Есаудың қасына төрт жүз жігіт ертіп алдынан шыққанын естігенде Жақыптың үрейі ұшып кетті: Есау әлі де болса райынан қайтпаған екен деп ойлады ол.

Өз отбасында Жақып бәрінен де Рахиланы жақсы көрді. Есау шабуыл жасап, кескілескен соғыс болады деп қауіптенген Жақып, қашып құтылуға мүмкіндік болсын деп Рахила мен Жүсіпті керуеннің ең соңына қойды.

Содан кейін бар күш-жігерін жиып, өкпелі ағасының алдынан өзі шықты. Есауға жақындағанда бәріне дайын Жақып иіліп тағзым етті, бірақ Есау жүгіріп келіп, оны құшақтай алып, бетінен сүйді. Өткеннің ұмыт болғанының белгісі ретінде ағайындылар төс түйістіріп құшақтасты.

Ағасының шынымен кешіргенін көргенде Жақып оған қатты риза болды!

– Жүр, үйге бірге барайық, – деп ұсынды Есау.

Алайда Жақып өте баяу қозғалды – оның керуенінде әйелдер, кішкентай балалар мен жас төлдері болатын. Ағайындылардың аз-кем уақытқа қоштаса тұруларына тура келді. Бірақ осы кезден бастап олар біржолата татуласты.

ЖҮСІПТІҢ БАЛАЛЫҚ ШАҒЫ

31. Жақып үйіндегі келіспеушілік

Жаратылыстың басталуы 37

Жақыптың үй-іші аман-есен Қанаханға оралып, сонда орнықты. Бәрі де ойдағыдай болды, тек Жақыптың әйелдері мен балалары өзара ұдайы жанжалдасып жататын.

Жақып осындай үлкен отбасы болғанына риза еді. Ол кездері көмекші ұлдарының көп болғаны әрбір әкенің арманы болатын. Ал әйелдерінің ішінде ол Рахиланы өте жақсы көрді. Екінші ұлы Бунияминді туып Рахила қайтыс болды. Кішкентай Буниямин Жақыптың үлкен отбасындағы кенже бала болды.

Рахиланы қатты сүйгендіктен Жақып одан туған Жүсіппен отбасының ең үлкен ұлындай сөйлесті. Ал Жүсіптің өзінен үлкен ағалары болды және әкелері қалыптасқан салтқа қарамастан Жүсіпті олардан жоғары қоятыны оларға ұнаған жоқ.

Тіпті Жақып Жүсіпке аса қымбат, түрлі-түсті шапан да сыйлады. Ал салт бойынша мұндай киімді үлкен, тұңғыш ұл алуы керек.

Әкелерінің Жүсіпке деген шексіз сүйіспеншілігін көрген басқа ұлдары Жүсіпті жек көріп кетті. Олар ашуланып, күңкілдейтін, бірақ ашық қарсылық білдіруге батылдары бармады, өйткені әкелерінің қаһарынан қорықты.

Бірде Жақып Жүсіпті ағаларына қой бағысуға жібереді. Олардың жөнсіз қылықтарын көріп таң қалған Жүсіп, үйге келген соң бәрін әкесіне айтып берді. Осыдан кейін ағалары Жүсіпті бұрынғысынан да бетер жек көрді. Олардың, тіпті, Жүсіппен сөйлескілері де келмеді. Жүсіп оларға сөйлесе, олар естімегендей сыңай танытып, өзара сөйлесіп отыра беретін.

Жақыптың үйінде ағайындылар арасында татулық жоқ еді, сондықтан да бұл отбасы бақытты болмады.

32. Жүсіптің түстері

Жаратылыстың басталуы 37

Бірде Жүсіп қызық түс көрді.

– Менің көрген түсімді тыңдаңдаршы! – деді ол ағаларына келесі күні. – Бәріміз далада егін жинап, бау байлап жүр екенбіз. Кенет менің бауым тік тұра қалды. Ал сендердің бауларың менікін қоршап, оған иіліп тағзым етті!

Жүсіп өзінің түсі ағаларына қызықты болады деп ойлаған, алайда ол қателесті.

– Не деп тұрсың өзің? Немене, біз саған иіліп, қызмет ететін болады деп ойлайсың ба?

Көп өтпей Жүсіп тағы бір қызық түс көрді. Бұл түсін ол ағаларына ғана емес, әкесіне де айтып берді.

– Маған күн мен ай, аспандағы он бір жұлдыз иіліп тағзым етті!

Жүсіп түсінде он бір жұлдыз көрді, ал оның ағаларының саны да он бір еді. Бұл түстің нені білдіруі тиіс екенін олар дереу түсіне қойды.

– Мына Жүсіп бәріміздің үстімізден билік құруына біз жол береді деп ойлап жүр ме? – деп ашуланды ағалары.

Тіпті Жақып та біраз ойланып қалды. Бұл түстегі күн мен ай Жақып пен оның әйелін білдіруі мүмкін ғой.

– Біз, ата-анаң да саған тағзым етпекпіз бе? – деді ол Жүсіпке.

Жақып Жүсіпті зекіп тастағанымен де, бұл түстің мәнісін көңіліне түйіп қалды. Мүмкін, осылайша Құдай менің ұлдарымның ішінен Жүсіпті таңдап алғанын және оған ерекше құрмет көрсеткісі келетінін білдіргісі келетін шығар?

33. Жүсіптің құдыққа тасталуы

Жаратылыстың басталуы 37

Бірде Жақып Жүсіпті шақырып алып, оған маңызды іс тапсырды.

– Ағаларың мал бағып кеткелі біраз болды, әлі еш хабар жоқ, – деді ол Жүсіпке. – Олар бір бақытсыздыққа ұшырап қалмады ма екен деп уайымдап жүрмін. Барып, жағдайларын біл және үйден тамақ ала бар.

Жүсіп ағалары кеткен жақты бетке алып, жолға шықты. Кездескендердің бәрінен жөн сұрай жүріп, ол ағаларын ұзақ іздеді. Ақыры тапты-ау әйтеуір.

Ағалары Жүсіптің келе жатқанын алыстан байқады. Жақып сыйлаған түрлі-түсті шапанына қарап, олар Жүсіпті бірден таныды.

– Қараңдар, түс көргіш келе жатыр! – деп айғай салды олардың бірі.

– Қазір ол біздің билігімізде, – деді екіншісі. Келіңдер мынадай оңтайлы сәтті пайдаланып, оны өлтірейік. Сонда оның түстерінің не болып шыққанын көреміз.

Жақыптың үлкен ұлы бауырларын мұндай ауыр күнәдан сақтандыруға тырысты.

– Ініміз Жүсіптің қанын төкпейік, – деді ол. – Одан да оны анау тұрған құдыққа тастайық. Бұл оған жақсы сабақ болсын!

Жүсіп жақындап келіп қалғанда, ағалары әңгімесін тоқтата қойды. Жүсіп олармен амандасып, әкелерінің сәлемін жеткізді және тамақ салынған түйіншегін берді. Осы кезде бейқам отырған Жүсіпті екі ағасы шап беріп ұстап, ал үшіншісі оның үстіндегі әдемі киімін жұлып алды. Содан кейін Рубен айтқандай, оны құдыққа тастап жіберді. Құдықтың қабырғалары тегіс әрі тайғанақ болғандықтан, Жүсіп қанша тырысқанымен одан шыға алмайтын еді.

Өз істеріне риза болған ағайындылар сол маңға жайғасып, тамақ ішуге кірісті. Жүсіп жанұшыра көмекке шақырды, ал олар оған назар да аударған жоқ.

34. Жүсіптің құлдыққа сатылуы

Жаратылыстың басталуы 37

Ағалары Жүсіптің алып келген тамағына тойып алды. Кенет олар көкжиектен түйелер тізбегін байқады. Олар мұның саудагерлер керуені екенін таныды, өйткені түйелерге ауыр теңдер артылған. Керуен оларға жақындай берді. Көп ұзамай бұл жат жерлік саудагерлердің керуені Мысырға кетіп бара жатқаны мәлім болды. Саудагерлер Ніл өзені бойында орналасқан елге әр алуан хош иісті заттар мен тәтті-дәмділер алып бара жатыр екен.

– Жүріңдер, Жүсіпті саудагерлерге сатып жіберейік, – деп ұсыныс жасады Яһуда. – Өлтіргеннен гөрі жақсы ғой. Бұған қоса біраз ақша да жасап аламыз.

Ағайындылар келісті, тек Рубен ғана мұны естімей қалды, осы кезде ол басқа бір жаққа кеткен болатын.

Олар өте тез әрі ширақ қимылдады. Біреуі көпестермен саудаласып жатқан кезде, басқалары Жүсіпті құдықтан шығарып алып келіп, оларға “тауарды” көрсетті. Жүсіптің үстібасы жырым-жырым, кір-қожалақ болғанына қарамастан оның дені сау, қайратты жігіт екені көрініп тұрды. Құлдар базарында оны жақсы бағаға сатуға болатын еді.

– Мен сендерге жиырма күміс теңге беремін, – деді көпестердің бірі.

Ағайындылар келісіп, қол алысты да Жүсіпті саудагерлер алып кетті.

Көп өтпей Рубен қайтып келді. Ол бауырларынан жасырын түрде Жүсіпті құдықтан шығарып алып, үйге әкесіне жібермекші еді. Құдқтың бос екенін көргенде, зәресі ұшты. Ол өзі жоқта бауырлары Жүсіпті өлтіріп тастаған екен деп ойлады. Алайда олар Рубенді жұбатып, не болғанын айтып берді. Содан кейін бәрі жиылып, әкелеріне не дейтіндерін ойластырды.

Олар Жүсіптен тартып алған әдемі шапанды парша-парша етіп жыртып, ешкінің қанына малды. Үйге оралғаннан кейін олар Жақыпқа:

– Бұны біз даладан тауып алдық, – деді. – Бұл сіздің Жүсіпке сыйлаған шапаныңыз емес пе?

Қанға малынған шапанның сүйікті ұлыныкі екенін Жақып таныды да өксіп жылап жіберді.

– Жабайы аңдар жарып тастаған ғой! Менің сүйікті ұлым Жүсіп өлді! Енді мен оны ешқашан көрмеймін! Қалған өмірімде мен оны жоқтап өтемін!

Ал бұл кезде аяқ-қолы байлаулы, әбден титықтаған Жүсіп саудагерлердің керуенімен Мысырға кетіп бара жатты. Алайда, осы уақыттың бәрінде Құдай оған жар болды.

ЖҮСІП МЫСЫРДА ҚҰЛДЫҚТА

35. Жүсіп – Потифардың қызметшісі

Жаратылыстың басталуы 37; 39

Мысырға келгеннен кейін судагерлер Жүсіпті құл сататын базарға апарды. Сірә, өзі жас, көрікті де сымбатты жігітті сатып, әжептеуір табыс түсіруге болатын болғаны ғой. Саудагерлердің есебі рас болып шықты – көп ұзамай Жүсіпті Потифар атты мысырлық уәзір сатып алды. Потифар перғауынның бас қорғаушысы болатын. Ол өзінің өте тиімді сауда жасасқанын түсінді.

Жүсіп жұмысын жақсы істеді. Ол өте епті және тілалғыш, адал болды, ешқашан күңкілдемейтін және өз міндеттерін атқарудан қашпайтын.

Көп өтпей-ақ Потифар Жүсіпті жеке қызметшісі қылып, сарайын басқартып, өзіндегі бүкіл дүние-мүлікті де оның жауапкершілігіне берді. Потифар Жүсіптің ерекше жігіт екенін байқады. Бірақ ол Құдай Жүсіпке әрдайым жар болып жүргенін және оның басқа басыбайлы құлдардан ең басты айырмашылығы осында екенін білген жоқ. Жүсіп өз елінен және туған-туысқандарынан жырақта жүргенде Құдай ешқашан оны тастаған жоқ.

Ол әрдайым Жүсіпке көмектесті, оны қорғап сақтады. Уақыт келгенде, Жүсіптің көрген қиыншылықтарының бәрін Құдай игілікке айналдырады.

36. Түрмеде

Жаратылыстың басталуы 39

Жүсіп Потифардың үйіндегі өміріне риза еді. Ол бай, ықпалды, сонымен қатар мейірімді қожайынның сүйікті әрі сенімді қызметшісі болды. Сондай-ақ ол Құдай ешқашан өзін қалдырмайтынын білді.

Көп өтпей кінәлайтындай еш жамандық жасамағанына қарамастан, Жүсіп тағы бір бақытсыздыққа тап болды.

Потифардың әйелі Жүсіпке өліп-өшіп ғашық болды, өйткені ол өте сымбатты жігіт болатын. Потифар үйде жоқ кезінде ол Жүсіпті көңілдес болуға көндіруге тырысты. Алайда Жүсіп оның арбауына көнбей қойды.

– Қожайын өзінде бардың бәрін маған сеніп тапсырды, – деді ол әйелге. Қалай мен оны алдап, оның әйелімен төсектес боламын? Бұл опасыздық, бұл – өзім сүйетін және қызмет ететін Құдай алдында күнә.

Потифардың әйелі ешнәрсе де естігісі келмеді. Ол Жүсіптің ізінен қалмай, оған жалынып, оны арбаумен болды. Ал Жүсіп одан аулақ жүруге тырысты, бірақ бірде ол Жүсіп жалғыз қалып, жақын маңайда қызметшілерден ешкім болмаған кезде, қасына жетіп келіп, оны құшақтап алды, алайда Жүсіп оның құшағынан сытылып, қашып шықты.

Потифардың әйелі қатты ызаланып, Жүсіптен өш алмақшы болды. Ол өзі емес, қайта, Жүсіп оның ізінен қалмай, зорламақшы болып жүр деп, күйеуіне шағым айтты.

Потифар қатты ашуланып, Жүсіпті түрмеге қамауды бұйырды. Түрмеде Жүсіптің аяқ-қолына, мойнына кісен салды. Ол енді қожайынының сүйікті қызметшісі болмады.

Бірақ түрмеде де Құдай Жүсіпті қалдырған жоқ, себебі оған арнап керемет болашақ дайындап қойған еді.

37. Түс жору

Жаратылыстың басталуы 40

Біраз уақыт өткенде түрме бастығы Жүсіптің оған себі тиюі мүмкін екенін түсінді. Ол Жүсіпке ұсақ-түйек тапсырмалар жүктеп жүрді, ал кейіннен оны басқа тұтқындардың үстінен қараушы етіп қойды. Ол қандай тапсырма берсе де, Жүсіп оны жақсы орындады.

Бірде сарайда қызмет етіп жүрген екі кісі түрмеге түсті. Олардың бірі Мысыр патшасының шарапшысы, ал екіншісі – бас наубайшы болған. Екеуі де патша сарайында жауапты лауазым иелері болған, бірақ олар айыпты болып, патшаның қаһарына ұшырап, түрмеге қамалады. Енді олар патша қашан үкім шығарады деп тосып отырды. Түрме бастығы Жүсіпті олардың үстінен қараушы етіп қойды.

Бір күні таңертең, Жүсіп бұл кісілерге таңғы астарын алып келгенде, олардың мұңайып отырғандарын байқады.

– Не болып қалды? – деп сұрады ол.

– Түнде біз бір қызық түс көрдік, соның нені білдіретінін түсінбей дал болып отырмыз, – десті олар.

Барлық мысырлықтар сияқты олар да әр түс бір нәрсені білдіреді деп сенді, бірақ түрмеде сол түсті жори алатын ешкім болмады.

– Түс жору Құдайдың ісі емес пе? – деді Жүсіп. – Көрген түстеріңді маған айтып беріңдерші.

Ол кісілер кезектесіп, көрген түстерін Жүсіпке айтып берді.

Шарапшы түсінде үш сабағы бар жүзім бұтасын көріпті. Ол жүзімді алып, сығып, шырынын тостағанға ағызып, перғауынның қолына беріп жүр екен.

Бас наубайшы болса түсінде басына перғауынға арналған үш себет нан көтеріп жүр екен. Бірақ оларды құстар шоқып жеп жатыр екен.

Жүсіптің бұл түстердің мәнісін түсінуіне Құдай көмектесті.

– Үш күннің ішінде перғауын сізді орныңызға қайта қояды, сөйтіп қайтадан өз ісіңізбен айналысатын боласыз, – деді ол шарапшыға.

Ал бас наубайшыға:

– Перғауын үш күннен кейін сізді дарға асып қояды, – деді.

Бәрі Жүсіптің жорығанындай болды. Үш күннен кейін перғауынның туылған күні болатын. Той үстінде перғауын қызметшілерін есіне алып, бас наубайшыны дарға асуға, ал бас шарапшыны бұрынғы орнына қайта қоюға бұйрық берді.

38. Перғауынның көрген түстері

Жаратылыстың басталуы 41

Түрмеден шығатын болғанына қуанышы қойнына сыймай бара жатқан шарапшыға Жүсіп:

– Мені ұмытпа. Оңтайлы сәт туа қалса, менің еш айыбым болмаса да түрмеде отырғанымды перғауынға айт, – деп өтінді.

Жүсіп өзі жуырда түрмеден босап шығамын деп үміттенді, алайда оның ойлағанындай бола қоймады. Өзі бостандыққа шыққаннан кейін шарапшы Жүсіп жайлы ұмытып кетті. Содан кейін Жүсіп тағы екі жыл түрмеде отырды.

Бірде перғауын түс көріп, оны түс жорушы ақылгөйлердің ешқайсысы жори алмайды. Сол кезде шарапшы өзінің түрмеде көрген түсін, оны жорыған Жүсіпті есіне алады.

– Мен кінәлімін, – деді ол перғауынға. – Түрмеде менің түсімді жорып берген жас жігітті мен ұмытып кетіппін. Ол маған сіз мені қызметіме қайта қоятыныңызды айтқан, сол айтқаны дәл келді. Меніңше, сіздің түсіңізді Жүсіп жорып бере алады.

Перғауын дереу Жүсіпке қызметшісін жіберді. Олар Жүсіпті жуындырып-шайындырып, шашын алып, таза киімдер кигізіп, перғауынның алдына алып келді.

– Сен түс жори алады деп естідім ғой, – деді оған перғауын.

– Менің қолымнан түс жору келмейді, бірақ Құдайдың қолынан келеді, – деп жауап берді Жүсіп перғауынға.

– Мен мынадай түс көрдім, – деп бастады әңгімесін перғауын, – судан жеті күйлі, семіз сиыр шығып, жағадағы қамыс ішінде жайылып жүрді. Содан кейін жеті арық сиыр шығып, семіз сиырларды жалмап жеп қойды. Дәл сол түні мен тағы бір түс көрдім. Бір сабақтан әдемі, толық піскен жеті масақ өсіп тұр екен. Сәлден кейін қатып-семіп қалған тағы жеті масақ өсіпті. Содан соң сидыйған жеті масақ толық піскен масақтарды жұтып қойды. Бұл түстердің нені білдіретінін сен айтшы.

– Осы түстер арқылы Құдай перғауынға не болатынын көрсетіп, соған дайын болуы керектігін ескертіп тұр, – деп түсіндірді Жүсіп. – Екі түс те бір нәрсені білдіреді. Бүкіл Мысырда алдымен жеті жыл бойына молшылық, ал содан кейін жеті жыл жұт болады. Жұт молшылықты ұмыттырып, елді титықтатып жібереді. Түстердің мәнісі осындай.

ЖҮСІП – МЫСЫРДЫҢ БАСҚАРУШЫСЫ

39. Перғауынның кеңесшісі

Жаратылыстың басталуы 41

Перғауын өзі көрген түстерінің нені білдіретінін естіген кезде, төбе шашы тік тұрды. Жеті жыл болатын молшылық та Мысырға төнгелі тұрған ашаршылықтан қорғай алмайтынын ол білді.

– Тақсыр, өзіңізге кеңес беруге рұқсат етіңіз. Ақылды да дана бір кісіні таңдап, бүкіл елді аралап астық қорын дайындауды соған жүкте. Ол молшылық жылдарында түскен астықтықтардан ашаршылық кезінде пайдаланатын қор жинап алуды қадағалауы тиіс. Егер сондай қор жиып алатын болсаң, жұт кезінде халқыңның қарны ашпайтын болады.

Жүсіптің өзі де, ақылды кеңесі де перғауынға ұнап қалды.

– Сол кісі сенің өзің боласың, – деді перғауын оған. – Сенің аса ақылгөй және дана екеніңді көріп тұрмын, сондықтан да сені өзімнің бас кеңесшім етіп тағайындаймын. Бүгіннен бастап екеуіміз Мысырды бірлесіп басқаратын боламыз.

Перғауын Жүсіптің мойнына өзінің патшалық алқасын, ал қолына өзінің мөрі бекітілген сақинасын салды. Перғауынның әмірімен Жүсіпті патшаның екінші пәуескесіне отырғызып, көп қызметшілер мен қымбат киімдер және перғауыннан кейінгі екінші кісіге керек-жарақтың бәрі де берілді.

Жүсіп құл болып жүрген кезінде де өзіне тапсырылған іске асқан жауапкершілікпен қарайтын. Жаңа маңызды іске ол білегін сыбанып, құлшына кірісті, бұл істің жақсы орындалуынан көп адамның өмірін сақтап қалуға болатын еді.

Жүсіп бүкіл Мысыр елін аралап шығып, барлық қалалар мен елді мекендерде болды. Барған жерінің бәрінде ол астық қоймаларын соғуға бұйрық берді.

Алғашқы жеті жыл астық мол болғаны сондай, ішіп-жеуге де, егуге де және алдағы ашаршылық жылдарына арнап астық қорын жасауға да жетіп жатты. Жеті жыл өтпей жатып-ақ қоймалардың бәрі аузы-мұрнынан шыға толды. Жүсіптің жан сала еңбектенуінің арқасында Мысырда астық қорының мол дайындалғаны сонша, қоймалардағы астықтың қанша жылға жететінін оның өзі де білмеді.

Міне, егін шықпай, қуаңшылық жылдары да келді. Енді Жүсіптің жұмысы басынан асып жатты – ол бидай сатты және оның әділдікпен бөлінуін қадағалады.

Көп ұзамай Мысырмен көршілес жатқан елдерде де астық шықпай, ашаршылық жайлады, ондағы халықтар Мысыр елінде астықтың мол қоры бар екенін естіді. Сонымен жұтқа ұшыраған алыс-жақын елдер Мысырға қарай ағылды – олар Жүсіпке келіп, оның астық сатуын, сөйтіп өздерін аштықтан құтқаруын өтінді.

40. Нан іздеп Мысырға келу

Жаратылыстың басталуы 42

Жақып пен оның ұлдары тұрып жатқан алыс Қанахан елін де аштық жайлады.

– Мысырда астық бар деп естідім, – деді бірде Жақып ұлдарына. – Сол жаққа барып астық сатып алып келіңдер, әйтпесе аштан қырыламыз.

Сөйтіп Жүсіптің ағалары жолға шықты. Бунямин ғана әкесінің жанында қалды – Жақып оны қасынан бір елі шығармады. Бунямин енді оның сүйікті жары Рахиладан қалған жалғыз ұлы еді.

Жүсіп астық сұрап келген он жат жұрттықтың өзінің ағалары екенін айнытпай таныды. Ал олар Жүсіпті таныған жоқ. Інілерінің тірі екені және Мысыр сияқты ұлы елдің әміршісі деген ой оларға кіріп те шыққан жоқ. Оның үстіне Жүсіп қымбат киімдер киіп алғандықтан, олар мұндай кісіге бастарын көтеріп қарай да алмады.

– Кімсіңдер, қайдан келдіңдер? – деп қатқыл сұрады Жүсіп.

Ол парсы тілінде сөйледі, ал тілмәш оның сөздерін аударып тұрды.

– Біз бәріміз бір әкенің ұлдарымыз. Қанахан жерінен бидай сатып алу үшін келдік, – деп жауап берді олар.

– Мен сендерге сенбеймін! – деді Жүсіп. – Меніңше, сендер жаудың тыңшыларысыңдар, Мысыр елінің әлсіз жерін іздеп келіп тұрсыңдар.

– Жоқ, біз адал адамдармыз, – деп қарсылық білдірді зәрулері ұшқан Жақыптың ұлдары.

– Олай болса маған өздерің жайлы айтып беріңдер, – деп талап етті Жүсіп.

– Біз он екі ағайынды едік, – деп бастады олар. – Бірақ бір ініміз қайтыс болды, ал ең кенже ініміз үйде қалды, өйткені әкеміз оны өте жақсы көреді, сол себепті бұл сапарға жібергісі келмеді.

Олардың өзі жайлы өліп қалды деп айтқаны Жүсіпке ұнамады. Дегенмен, сыр берген жоқ.

– Өздеріңнің күнәсіз екендеріңді дәлелдендер – келесі келгендеріңде, кіші інілеріңді ала келіңдер, – деп бұйырды Жүсіп. – Ал біреуіңді мен осында кепілдікке қалдырамын.

Қызметшілер Шимонды ұстап, аяқ-қолын байлап түрмеге тастады. Ал қалған ағаларын Жүсіп қаптарын астыққа толтырып беріп, үйлеріне аттандырды.

Үйге келіп, қаптарының аузын ашқанда, бетінде өздері бидайға деп төлеген ақшаларының жатқанын көрді.

– Келесі келгенімізде енді бізді тыңшылар деп қана емес, ұрысыңдар деп те айыптайтын болды ғой! – деп қиналды ағайындылар.

Ақшаны қапқа салып қоюды бұйырған Жүсіптің өзі екенін ағалары білген жоқ, қатыгез ағаларының бұл жағдайда қалай әрекет ететіндерін ол тексергісі келіп еді.

41. Бунияминнің жолға шығуы

Жаратылыстың басталуы 42; 43

Мысырдан алып келінген астық қоры азая берді. Жақыптың үй-ішіне аштық қаупі қайта төнді. Жақып ұлдарын шақырып алып:

– Мысырға қайта барып, тағы да бидай сатып әкеліңдер, – деді.

– Жарайды, – деді ұлдары. – Бірақ бұл жолы Бунияминнің бізбен бірге баруына тура келеді.

– Жоқ! – деп айқай салды Жақып. – Жүсіп өлді, Шимон түрмеде, енді Бунияминді де алып кетпексіңдер!

– Егер оны ертіп бармасақ, біздің бәрімізді тыңшылар деп өлтіреді, – деп көндірді оны ұлдары.

Бір кезде Жүсіпті құлдыққа сатып жіберуді ұсынған Яһуда алға шығып:

– Бунияминнің аман-есен оралуына мен өз өміріммен жауап беремін, – деді әкесіне.

Амалы қалмаған Жақып ақыры келісті. Мысырға аттанып бара жатқан ұлдарының соңынан ол мұңая қарап қала берді.

Жақыптың ұлдарын Мысырда жылы қарсы алды. Жүсіп оларды өз үйіне шақырды. Бунияминді көргенде Жүсіп қуаныштан жылап жіберуге шақ қалып, өзін зорға ұстады. Ол Шимонды босатуға әмір беріп, барлығын бірге түстенуге шақырды. Ағайындылар дастархан басына жайғасқан кезінде, өздерінің жолдарына қарай отырғандарын байқады. Олар қайсымыз үлкенбіз, қайсымыз кішіміз деп ойлады ма екен, кім білсін?

Дастархан басында Бунияминге басқаларға қарағанда әлдеқайда мол тамақ берілді.

Ағайындылар риза болып, жеңілдеп қалды. Сыналу кезеңі аяқталғандай болып көрінді оларға. Көп ұзамай олар бидайларын алып үйлеріне қайтады және қауіпсіздікте болады.

42. Күміс тостағанның жоғалуы

Жаратылыстың басталуы 44

Әбден тынығып, көңілдері көтерілген Жүсіптің аға-інілері Қанаханға қайтып келе жатқан. Бәрі ойдағыдай жақсы болды. Көп ұзамай Буниямин аман-есен әкесіне де жетеді.

Кенет олар алыстан атты кісіні байқады. Бұл кісінің Мысыр елінің әміршісінің қызметшісі екенін олар бірден таныды.

– Менің қожайынымның күміс тостағанын ұрлап кетуге қалай дәттерің барды? – деп айқай салды ол аттан түспей жатып.

– Не деп тұрғаныңды түсінбедік, – деп жауап берді ағайындылар. – Біз ештеңе де ұрлаған жоқпыз. Егер сол тостағанды тауып алсаң, ұрлаған кісіні өлтіруіңе, ал қалғанымызды құл етуіңе болады.

Өлгі кісі дереу оларды тінтіп шықты, бидай салынған қаптарын да қарады. Ең соңында ол Бунияминнің қабының аузын ашты. Ал одан күнге шағылысып, күміс тостаған шыға келді.

Мынадайды күтпеген ағайындылар не айтарларын білмей қалды. Олар жүктерін есектеріне қайта артып, үн-түнсіз Жүсіптің қызметшісінің соңынан ере берді. Осының бәрін сынау үшін Жүсіптің өзі жасап отырғанынан олар хабарсыз еді.

Қызметшісі болған жайтты жеткізгеннен кейін, Жүсіп:

– Менің тостағаным кімнен шықса, сол ғана маған құл болып қалсын, ал қалғандарыңды босатамын, – деді.

Сонда Яхуда тайсалмай алға шығып, былай деді:

– Егер сен Бунияминді алып қалсаң, әкеміз қайғыдан өледі. Өтінем, оның орнына мені алып қал, мен құлың болайын.

Жүсіп өз құлағына өзі сенбеді. Бір кезде оны құлдыққа сатып жіберіп, әкелерін ол өліп қалды деп сендірген қатыгез зұлым ағаларының өзгергенін көріп, көзіне жас алды. Жүсіп бұдан ары шындықты жасыра алмайтын еді. Ол қызметшілеріне сыртқа шығып кетуді бұйырды. Олар бөлмеден шығып кеткен кезде, ол бірінші рет өзінің ана тілінде ағаларына тіл қатып:

– Мен Жүсіппін, сендердің жоғалған інілеріңмін, – деді.

43. Жақыптың бүкіл үй-ішімен Мысырға аттануы

Жаратылыстың басталуы 45; 46

Шындықты білген кезде Жүсіптің ағаларының таңданысында шек болмады. Мысыр елінің басқарушысы басқа емес, бір кезде өздері қатыгездік жасаған Жүсіп болып шықты. Енді олар оның билігінде еді. Жүсіп бір кезде жасаған зұлым істері үшін олардан өш алуы да мүмкін ғой.

Алайда Жүсіп олай еткен жоқ. Ол ағаларының бері жақындауын өтініп, Бунияминнен бастап, бәрін кезек-кезек құшақтап, беттерінен сүйді.

– Бір кезде жасаған істеріңе бола өздеріңді жазғырмай-ақ қойыңдар, – деді ол. Әкемді, сендердің бәріңді және талай халықты аштықтан қырылып қалудан құтқару үшін мені мұнда жіберген Құдайдың Өзі. Ашаршылық әлі жеті жылға созылады. Ал сендер әкеміз бен бүкіл туған-туыстарды Мысырға алып келу үшін, елге қайтыңдар. Мен сендерді Гесем деген жерге орналастырамын. Ол жердің шөбі шүйгін, малға жайлы.

Қызметшілері Жүсіптің ағаларымен әңгімесін естіп алып, басқаларға жеткізуге асықты. Көп ұзамай перғауын да Жүсіптің ағаларын тапқанын естіді. Ол да бұған қатты қуанып, оларға жолдарына қажетті керек-жарақтар мен күймелерін берді.

Ағайындылар жолға шықты.

– Жүсіп тірі! – деп, бұл қуанышты хабарды Жақыпқа жеткізді. – Ол перғауынмен бірге Мысыр елін басқарып отыр.

Кәрі Жақып бастапқыда ұлдарының сөзіне сенгісі келмеді, бірақ Жүсіп пен Мысыр патшасының жіберген қымбат, бағалы сыйлықтарын көргеннен кейін олардың сөзіне сеніп, сүйікті ұлының тірі екеніне қатты қуанды!

Сөйтіп Жақыптың үй-іші жолға жиналды. Жақыптың ұлдары отар-отар малдарын бірге қосып айдап, Жүсіп бөліп берген жерге жайғасу үшін, асықпай Мысырды бетке алды.

44. Исраил халқының Мысыр еліндегі бақытсыздығы

Мысырдан көшіп шығу 1

Жақып пен ұлдары малға жақсы жайылым болатын Гесем жеріне қоныстанды. Ашаршылық жылдары Жүсіп өз туыстарының қамын жасады.

Арада көп жылдар өтті.

Жақып өлді. Уақыт өте келе Жүсіп пен оның ағалары да қайтыс болды. Ал еврейлер – Жақып-Исраилдің ұрпағы әлі де Мысыр елінде тұрып жатты. Жылдан жылға олар көбейе берді.

Бір кезде Жүсіптің туысқандарын құшақ жая қабылдаған перғауын да әлдеқашан өлді. Одан кейін де Мысырда талай патша ауысты. Олар Мысыр елін жұттан аман алып қалған Жүсіптің ұлы істерін ұмыта бастады.

Бірте-бірте олар Мысыр жерінде бақытты өмір кешіп жатқан жат жерліктерді жек көре бастады.

– Олар өте көбейіп кетті, – деді бірде Жүсіп туралы білмейтін бір перғауын. – Өздері күшті, соғыс бола қалса, қолдарына қару алып жау жағына шығып кетсе, бізге қиын болады. Бұған жол беруге болмас.

Перғауын еврейлерді ауыр жұмысқа жегіп, олардан көп бала дүниеге келмесе, халқының саны азаяды, сөйтіп еврейлер Мысырға ешқандай қауіп төндірмейтін болады деп шешті. Осылай ол еврейлерді жаңа қалалар салу жұмысына жекті. Жүсіптің үрім-бұтағы Мысырдағы басқа да құлдармен бірдей құл сияқты еңбек етті: бақылаушылар оларды демалдырмай, аямай қамшының астына алатын. Исраилдің ұлдарына үлкен-үлкен ауыр тас кірпіштерді арқалап тасып, күннен- күнге көп кірпіш құюларына тура келді.

Бірақ еврей халқы әдеттегідей көбейе берді. Перғауын қысым жасаған сайын, олар көбейе берді. Ал перғауын өзі жек көретін халықтың көзін құртудың тағы бір амалын ойлап тапты.

– Бұдан былай еврейлердің отбасында дүниеге келген әрбір ер бала Ніл өзеніне лақтырылып, өлтірілетін болсын! – деп бұйырды ол.

Исраилдіктер үшін азапты күндер басталды. Бірақ осы күндерде Құдай Өз халқын ұмыт қалдырған жоқ.

МҰСАНЫҢ ХИКАЯСЫ

45. Нәрестенің құтқарылуы

Мысырдан көшіп шығу 2

Қатыгез перғауынның соңғы жарлығы болмағанында Ыбрам мен Иохебед ұлды болғандарына қатты қуанған болар еді. Перғауынның бұл жарлығына сай жаңа туылған еврейдің ұлы Ніл өзеніне тасталуы қажет.

Алайда Иохебед өлсе де мынадай жантүршігерлік заңды орындай алмайтын еді. Ол жаңа туылған ұлын үш ай бойына үйінде сырт көзден жасырын ұстады.

Басында бәрі ойдағыдай болды, бірақ нәресте тез өсіп жатты, дені сау болғандықтан оның дауысы күннен-күнге күшейе берді. Нәресте ұйықтап жатқанда Иохебед Құдайға сиынып, ары қарай не істеу керекін ойлады.

Ол қамыстан тоқылған себетті қара шайырмен бітеп, нәресте ұйықтап жатқан кезде, оны себетке жатқызып, өзенге апарды. Қалың құрақ арасында себетті суға жіберіп, нәрестемен не болатынын бақылап тұру үшін қызы Мәриямды сонда қалдырып кетті.

Мәриям жасырынып жатып, не болады деп күтті. Көп ұзамай ол бір күлген дауыстар естіді. Бұл қызметші қыздарын ертіп, шомылуға келген перғауынның қызы болатын. Оның себет тұрған жерге жақын келіп тоқтағанын Мәриям көріп тұрды.

– Қараңдар! – деп айқайлады ол қызметші қыздарына. – Құрақ арасында тұрған ана себетті бері әкеліңдер.

Қыздардың бірі барып, себетті алып келді. Осы кезде нәресте оянып, бейтаныс кісілерді көріп, жылап жіберді.

Ханшаның жаны ашып:

– Бұл еврейлік бала ғой, – деді.

Ханша Мәриямға сондай мейірімді болып көрінді, ол тығылып отырған жерінен шығып, оларға жақындады.

– Мына баланы емізетін бір ираилдік әйел ертіп келейін бе? – деп сұрады ол.

– Иә, бара ғой, – деді ханша оған.

Сонда Мәриям жүгіріп үйіне барып, өзінің шешесін ертіп келді. Ханша Иохебедке зер сала қарап, былай деді:

– Баланы алып, маған емізіп бер. Саған сол үшін ақы төлеймін. Өскен кезінде оны сарайға алып кел, ол маған бала болады. Мен оған Мұса деп ат қоямын.

Қуаныштары қойындарына сыймай, Иохебед пен Мәриям баланы үйге алып келді. Енді олар біреу-міреу көріп қояр деп жасырынбады. Құдай Мұсаның өмірін сақтап қалғанын олар білді. Бірнеше жыл оларға осы баланы өсіріп, оған қамқор болуға рұқсат етілді, ал содан кейін ханша оны өзінің қасына сарайға алады.

46. Мұса – Мысыр ханзадасы

Мысырдан көшіп шығу 2

Өмірінің алғашқы жылдарын Мұса туған үйінде өткізді. Ол біраз өскеннен кейін Иохебед оған шынайы Құдай туралы, Ол оны өлімнен алып қалғанын және бұдан былай да қорғап-қолдап жүретінін айтты.

Мұса патша сарайына баратын кез де келді. Сол жерде ол бір кезде оны құрақ арасынан тауып алған ханшаның ұлы ретінде тұра бастады. Мұса бағалы киімдер киіп, патшаның дастарханынан тамақ ішті, оның қызметшілері де көп болды. Мысырлық ханзада ретінде Мұса оқуды, жазып-сызуды және басқа да ғылым-білімді үйренді. Мұса мысырлық ретінде тәлім-тәрбие алғанына қарамастан, өзінің ираилдік екенін әрқашан есінде сақтады. Ол мысырлықтардың жалған тәңірлерін емес, өз ата-бабаларының Құдайын құрметтеді.

Өзінің сәнді арбасына мініп ел аралауға шыққан кезде, перғауынның мақтан тұтатын алып ғимараттарының құрылысындағы ең ауыр жұмысты атқарып жүрген Ираилдің ұлдарын көргенде, жүрегі қайғыға толып, ашуға булығытын.

Бірде Мұса мысырлық бақылаушының еврей құлды қатыгездікпен ұрып-соғып жатқанын көрді. Мұса қатты ызаланып, бақылаушыға тап берді де, оны өлтіріп, көміп тастады.

Келесі күні Мұса тағы да сарайдан сыртқа шықты. Бұл жолы екі еврей құлдың өзара төбелесіп жатқанын көргенде, оның таңданысында шек болмады.

– Тоқтаңдар! – деп айқай салды ол. – Сен екеуің де ираилдіксіңдер ғой!

– Бізге бұйыратындай сен кімсің? – деп сұрады жанжал шығарып жатқан кісі.

– Кеше әлгі мысырлықты өлтіргеніңдей, мені де өлтіргің келіп тұр ма?

Өзі мысырлықты өлтіргенін біреудің көріп қалғанын Мұса түсінді. Бұл көп ұзамай-ақ бәріне мәлім болады деген сөз еді. Расында, көп өтпей-ақ бұл оқиға перғауынның да құлағына жетті. Перғауын қатты ашуланып, Мұсаны ұстап алып, өлтіруді бұйырды.

Мұса патша сарайындағы ағыл-тегіл молшылық пен байлықты тастап, бас сауғалап Мысырдан қашты.

47. Мадиян жерінде

Мысырдан көшіп шығу 2

Өз халқының ауыр өмірін жеңілдету үшін Мұса түк істей алмады. Мұның орнына оған өз басын сауғалап, Мысырдан қашуға тура келді.

Осылай ол Мадиян жеріне келіп, құдық басына дем алуға отырды. Біраздан кейін құдыққа жеті қыз келді, олардың бәрі апалы-сіңлілер, мадияндық діни қызметші Етордың қыздары еді. Олар қой суғаруға келді. Бірақ осы кезде басқа малшылар да келіп, қыздарды шетке сырып тастап, өз отарларын суара бастады.

Сол кезде Мұса қыздарға жақтасып, оларға малдарын суаруға қанша су қажет болса, сонша тартып берді, қыздар бұған қуанып, үйлеріне қайтты. Қыздарының тез оралғанына әкелері Етор таң қалды.

– Қалайша тез келдіңдер? – деп сұрады ол.

– Құдық басында бізге бір батыр мысырлық жақтасып, бізді дәрекі малшылардан қорғап, құдықтан су алып берді, сондықтан тез қайттық, – деп жауап берді олар.

– Ол мысырлық қазір қайда? – деп сұрады Етор. – Оны құдық басында қалдырып кеттіңдер ме? Барып, оны үйге шақырып келіңдер.

Қыздар Мұсаны тауып, әкелеріне ертіп келді. Мұса Еторға ұнады, ол қашқынға қолында тұрып қалуды ұсынды. Көп өтпей Мұса апалы-сіңлілердің бірі – Сапураға үйленіп, Етордың үйінде қалды: қайын атасының қойын бағып, Мысырға әйтеуір бір оралуды ойлады. Сөйтіп мысырлық ханзададан ол қарапайым, жуас қойшыға айналды.

48. Мұсаның шақырылуы

Мысырдан көшіп шығу 3; 4

Жылдар өтіп жатты, ал Мұса әлі де қайын атасының қойын бағып жүрді.

Бірде ол қой-ешкілерін Синай тауының етегіне айдап келді. Алыста келе жатып-ақ ол жалын шарпыған бір бұтаны байқады. Бұтаның толық жанып кетпеуі оған қызық болып көрінді. Таң қалған Мұса жақын келіп, ғажайып бұтаны қасынан көрмекші болды. Жақын келгенінде, оттың арасынан дауыс шықты. Сонда Мұса өзіне Құдайдың сөйлеп тұрғанын түсінді.

– Мұнда жақындама, аяқ киімді шеш! – деді Мұсаға Құдай. – Басып тұрған жерің киелі.

Мұса тұрған жерінде ары қарай не болатынын күтіп, тапжылмады. Оның жүрегі тарсылдап кетті, бірақ бетін шапанымен жауып қимылдамай тұрды.

Сонда Құдай Мұсаға былай деді:

– Мен Ыбырайым, Ысқақ және Жақыптың Құдайымын. Мен халқымның Мысырдағы ауыр, мүшкіл халін білемін, олардың қинала айқайлағандарын естідім. Мен олардың шеккен азаптарын түгел білемін және оларды Мысырдың құлдығынан босатпақшымын. Сен бар да, оларды Мысырдан алып шығып, Мен Ыбырайымның ұрпағының иелігіне беруге уәде еткен жерге алып кел.

– Құдайым-ау, мен мұны қалай істеймін? Еврейлерді Мысырдан алып шығатындай мен сонша кіммін?

– Мен саған жар боламын, – деді Құдай. – Сонда сен өзіңе Мен тапсырған істі орындай аласың. Сен халықты Мысырдан алып шыққан соң, осы қасиетті таудың басында ғибадат ететін боласыңдар.

Бірақ Мұса Мысырға оралудан қорықты. Өзінің Мысыр жеріне барғысы келмейтінін түсіндіру үшін, ол шешен тілді емеспін, халықты артымнан еруге көндіре алмаймын деп сылтауратты. Ал Құдай оған халықпен және Мысыр патшасымен сөйлескен кезінде қасында ағасы һаронның болатынын айтты, сөйтіп Мұса оны Мысырға бара жатқан жолында кездестірді.

– Ал қолыңдағы таяғыңмен кереметтер жасайтын боласың, – деп қосты соңынан Құдай. – Солай өзіңе перғауыннан да, оның табынатын құдайларынан да әлдеқайда құдіретті Құдайдың аян бергенін Менің халқым мен перғауынға дәлелдейсің.

Құдай өзіне аян бергеннен кейін, көп ұзамай Мұса әйелі мен екі ұлын ертіп жолға шықты. Олардың бар дүниесі бір ғана есекке жүк болды. Мұсаның өзі болса Құдай қасиеттеп берген таяғын қысып ұстап келе жатты.

МҰСА МЕН ПЕРҒАУЫН

49. Перғауынның “Жоқ!” деуі

Мысырдан көшіп шығу 4-6

Мысырға барар жолда Мұса Құдай өзіне уәде еткендей-ақ ағасы Һаронды кездестіріп, оған Синай тауында естігендерінің бәрін әңгімелеп берді.

Мысырға келгеннен кейін ағайындылар еврей халқының ақсақалдарының бәрін жиып, Һарон оларға былай деді:

– Ыбырайымның, Ысқақ пен Жақыптың Құдайы сендердің тартып жүрген барлық азаптарыңды біледі және Ол сендерді содан құтқарғысы келеді. Құдай Исраилдің ұлдарының иеліктеріне тамаша жерді беруге уәде еткен. Жуырда Ол сендерді сол жерге алып барады.

Халық бұл хабарды қуана қарсы алды. Ақыры азаптан құтқарылатын күн келді-ау!

– Исраилдің Құдайы, Тәңір Ие саған Өз халқын босатуың керектігін және олардың Мысыр елінен шығып кетуіне кедергі жасамауың қажеттігін айтады, – деді Һарон перғауынға.

– Тәңір Ие дегенің кім? – деп сұрады перғауын алдына келген исраилдіктерден.

– Мен Оны білмеймін және Оның сөздеріне құлақ та аспаймын. Ал сендер мынадай әңгімелеріңмен менің құлдарымның арасына іріткі салып, оларды жұмыстарынан алаңдатушы болмаңдар.

Һаронның сөздеріне қатты ашуланған перғауын сол күні мысырлық бақылаушыларға жаңа бұйрық берді:

– Осыған дейін сендер кірпіш құятын лайға араластыратын сабанды өздерің бердіңдер. Ал бүгіннен бастап олар сабанды егіс даласынан өздері жинасын. Байқандар, олар бұрын күніне қанша кірпіш құйған болса, қазір де сонша кірпіш құюға тиіс.

Перғауынның жарлығы өте қатал еді. Енді кірпіш құю үшін сабанды да өздері жинауға тиіс болғандықтан, исраилдіктер ауыр еңбектен қатты титықтады, алайда бұл оларды бақылаушылардың қамшысынан аман алып қала алмады.

Исраилдің ұлдарының жүрегі қан жылап, ашу-ыза кернеді. Олар Тәңір Ие құтқарады деп күтті, бірақ бәрі керісінше болып шықты, олардың өмірлері ауырлай түсті.

Сонда халық ақсақалдары Мұса мен Һаронға келіп, олардың перғауынмен болған әңгімесі еврейлердің өмірін адам төзгісіз ауырлатып жібергенін айтып шағымданды, ал ол екеуі не деп жауап қайтаруды білмеді.

Мұса әбден асып-састы. Ол мазасызданып, Құдайға сиынды.

– Күт, – деді Құдай оған. – Мен Өз уәдемді орындаймын. Перғауын Маған дереу мойынсұна қоймайды, алайда бірбеткейлігі мен қасарыспа мінезі үшін оған ауыр апаттар

жіберіледі. Уақыт келгенде перғауын да, ираилдіктер де Менің күшім мен құдіретімді Өз көздерімен көретін болады.

50. Мысырға жіберілген апаттар

Мысырдан шығу 7-10

Құдай Мұсаға Мысыр еліне ауыр апаттар жіберуге уәде берді. Сонда перғауын да, Ираил халқы да Оның күшін көреді және Ол расында да Өз халқын құтқара алатынын түсінеді.

Осылай Мұса мен Һарон перғауынға қайта келіп, егер перғауын Құдайға бағынбаса және Оның халқын жібермесе, онда Мысыр елінің басына апат төнетінін ескертті.

Алайда, перғауын олардың сөзіне күлді де қойды. Сонда Құдай Өз уәдесін орындап, Мысыр еліне әр түрлі апаттар жіберді.

Әрбір апаттан кейін Мұса мен Һарон перғауынға келіп, Құдайдың еркіне мойынсұнуы керектігіне оның көзін жеткізуге тырысты. Бірақ перғауынның жүрегі қатайып, әр жолы Құдайдың жіберген елшілеріне «жоқ» деп жауап берді.

Құдайдың бұйыруымен, алдымен Мұса таяғын көтеріп, Ніл өзенінің суына салып қалғанда, су қанға айналды. Сонда Мысырдағы су көздерінің бәрі қанға айналды.

Содан соң Мұса таяғын көтергенде, қанға айналған өзен, көл, тоған суларынан бақалар шығып, Мысыр елін қаптап кетті.

Мұса сияқты суды қанға айналдырған және одан бақалар шығарған мысырлық бақсы-балгерлер қанша тырысқандарымен Нілдің суын қайтадан тазарта алмады және бақалардың көзін жоя алмады.

Осының бәрінен кейін перғауын Мұса мен Һаронды сарайына шақырып алып, егер Құдай бақалардың көзін құртса, ираил халқын жіберуге уәде берді. Мұса Құдайға дұға етіп, сиынғанда бақалар сол күні-ақ ғайып болды.

Ал перғауын апаттан құтылғаннан кейін, еврейлерді жіберуден қайтадан бас тартты.

Сонда Құдай Мысырға маса қапттатты. Бұл апат та перғауынды қасарысуынан қайтара алмағаннан кейін, Құдай оларға қара бұлттай қаптаған қара шыбын-шіркейлерді жіберді. Шыбын-шіркейлерден кейін малға індет келіп, қырылды және бүкіл адамдар мен малдарға шиқан шықты.

Бірақ перғауын қасарысып, Мұсаның талаптарына «жоқ» деп жауап берді. Бұрын-соңды болып көрмеген бұршақтан кейін егіс далалары мен мысырлықтардың бау-бақшаларында өсіп тұрғаннан түк қалмады. Бұршақтан кейін шегіртке қаптап, жер көрінбей қалды. Бұршақтан аман қалған ағаштар мен шөптерді енді шегіртке жалмады.

Мұса дұға етіп, шегірткелер ғайып болғаннан кейін, перғауын Құдайдың еркіне бағынғысы келмей әлі қасарысып отырғанда, Құдай бүкіл Мысыр елін үш күн бойына көзге түртсе көргісіз қараңғылыққа батырды.

Мысырлықтар Құдайдың жіберген апаттарының азабын әбден тартты. Ал Исраилдің ұлдары тұратын Гесем жерінде бірде-бір апат: шыбын-шіркей де, індет дерт те, бұршақ пен шегіртке де болған жоқ. Бүкіл Мысырды қара түнек жайлағанда, израилдіктердің үстінде күн жарқырап тұрды.

Сірә, осы апаттар арқылы Құдай бәріне Өзінің перғауыннан, оның бақсы-балгерлерінен және Мысырдың жалған тәңірлерінен әлдеқайда құдіретті екенін көрсетті. Ал перғауын әлі де болса Құдайдың еркіне мойынсұнғысы келмей, Құдай халқын Мысырдан жіберуге келіспеді.

51. Соңғы апат

Мысырдан шығу 10; 11

Мысырға кезекті апат төнген сайын Мұса мен Харон перғауынның сарайына келіп, Тәңір Иенің еркін орындау керектігін айтып отырды. Бірақ әр жолы перғауын израилдіктердің Құдайына мойынсұнудан бас тартып, сонысымен өз халқының басын жаңа қатерге тікті.

Мысырды жайлаған үш күнгі көзге түртсе көргісіз қараңғы түнектен кейін де Мұса перғауынға ескерту үшін келді. Перғауын қатты ызаланып:

– Көзіме көрінбе! – деп айғайлады Мұсаға. – Енді қайтып менің алдыма келуші болма. Көзіме түскен күні-ақ өлетін боласың.

– Еркің білсін, – деді оған Мұса. Бірақ сенің қасарысқаныңа бола халқыңның басына тағы бір ауыр апат төнеді. Содан кейін қалайсың ба, жоқ па израилдіктерге бостандық беріп жіберуіңе тура келеді.

Сөйтіп Мұса перғауынға Құдайдың айтқан сөздерін айтты:

– Жаратқан Ие былай дейді: «Түн ортасында Мен Мысырды аралап өтемін. Сонда тақта отырған перғауыннан бастап, ең ауыр жұмыстарды атқарып жүрген құлға дейін тұңғыш баласынан айрылады. Сондай-ақ мал атаулының да алғашқы төлдері өлетін болады. Бүкіл Мысыр елі зар еңіреген жоқтауға толады».

Перғауын Мұсаның сөзін тыңдады, бірақ израилдіктердің көсемі арқылы Құдайдың жіберген ескертуіне құлақ аспады.

Ал соңғы апат израилдіктерге қатысты болмайды деп Құдай Мұсаны жұбатты. Алайда бұл жолы мысырлықтардың кебін кимеу үшін израилдіктер Құдай оларға не бұйырса, соны дәл орындаулары тиіс.

52. Құтқарылу мейрамын бекіту

Мысырдан шығу 12

Мұса истраилдіктердің күллі ақсақалдарын жиып, оларға былай деді:

– Мені мұқият тыңдаңдар, бүгін түнде Құдайдың періштесі Мысыр елін аралап, мысырлықтардың тұңғыштарын құртады. Сендер мысырлықтардың көбін кимеу үшін Тәңір Иенің айтқанын орындаңдар. Ал Тәңір Ие былай дейді: «Әрбір отбасы отарынан бір жасар тоқтыны алсын. Отағасы сол тоқтыны құрбандыққа шалып, қанын үйлерінің есік жақтаулары мен маңдайшасына жақсын. Әйелдер тоқтының етін отқа қақтап, бүкіл отбасы болып жеңдер. Түн бойына отбасы үйден шықпасын және таң атқанша тоқтының етінен түк қалмасын.

Ал истраилдіктердің үйлерінің есіктеріне жағылған қан періштеме бұл үйлерде Маған мойынсұнатын адамдар тұратынын білдіреді. Періште оларды айналып өтіп, онда тұратындарды өлтірмейді.

Ал егер балаларың бұл нені білдіретінін сұрайтын болса, «Бұл – Жаратқан Иеге арналған Құтқарылу мейрамының құрбандығы. Тәңір мысырлықтарды қырғынға ұшыратқан кезде истраилдіктердің үйлерінің қасынан өте шығып, бізді өлімнен аман алып қалды», – деп жауап беріндер.

Сол кезден бастап күні бүгінге дейін истраил халқы жыл сайын Құтқарылу мейрамын тойлап, Тәңір Ие бұл халықты сол түні аман сақтап қалғанын еске алады.

МЫСЫРДАН КӨШІП ШЫҒУ

53. Құлдық аяқталды

Мысырдан шығу 12

Мысырлықтардың басына түскен апаттардың ең ауыры болған сол соңғы және ең қорқынышты түні барлық ираилдіктер үйлерінен шыққан жоқ. Перғауынның қасарыспа мінезінің кесірінен Мысыр халқына төнген апаттан олар осылайша аман қалды.

Құдай бұйырғандай-ақ әрбір отағасы тоқтыны құрбандыққа шалып, есік жақтауларына оның қанын жақты, ал әйелдер сол тоқтының етінен тамақ дайындады. Бірақ тамақ әзірлеп жатып, ираилдіктер әдеттегідей мерекелік киімдерін емес, керісінше, жол жүруге ыңғайлы киімдерін киді. Мұса оларға кез келген уақытта жолға шығуға дайын тұрындар деген болатын.

Міне, түн ортасында Мысыр елі зар еңіреген дауысқа толып кетті. Осы жылап-сықтаған дауысты естігенде, ираилдіктер Құдай Өз сөзін орындағанын түсінді: әр мысырлық отбасының тұңғыштары өлді. Ал Израил халқы болса Өз Тәңір Иесіне сеніп, Оның айтқандарын дәлме-дәл орындады. Халқының мойынсұнғанын көрген Құдай оларды құтқарды.

Бір сәт те аялдамай перғауын Мұса мен һаронды алып келуге өз кісілерін жіберіп, оларға былай деді:

– Мен сендерді жіберемін. Қалаған жақтарыңа кетіндер, енді менің елімде бір күн де қалмаңдар. Балалар мен әйелдеріңді, отарларың мен алып кете алатындарыңның бәрін алыңдар. Тек кетсеңдер болды!

Мұса халыққа хабар берді. Олар таңның атқанын күтпей тез арада өздері жек көретін елден кету үшін үйлерінен шықты. Әйелдер ашытқан қамырлары әлі көтеріліп үлгермегендіктен, киімдеріне орап, бірге ала шықты.

Мұса алдын ала көрсеткен жерге халық ағылып келіп жатты. Олар үй іші мен малдарын және жиған-тергендерін ала келді. Осы түні Мысырды мәңгіге тастап кететіндерін бәрі білді.

Әбден қорқып қалған және қайғыға батып зар еңіреген мысырлықтар да еврейлерден бұл елден тез кетулерін өтінді. Егер ираилдіктер тағы да бір күн кешіксе Мысырға бұрынғыдан да асып түсетін ауыр апат төнеді деп қорықты олар.

Мысырлықтардың қорқыныштан еврейлер тезірек кетсе екен деген ниеттерінің зор болғаны сонша, өздерінде бар қымбат нәрселердің бәрін: алтын-күміс әшекейлері, қымбат маталар мен басқа да заттарын үйлерінен шығарып беріп жатты.

Мұса бастаған Израил халқы еш өкінішсіз Мысырды тастап шықты. Құдайдың берген уәдесі орындалды: төрт жүз жылдан астам уақытқа созылған Мысыр еліндегі құлдық мәңгіге аяқталды.

54. Құдайдың жол көрсетуі

Мысырдан шығу 13; 17-22

Қатыгез перғауын ұзақ уақыт құлдықта ұстаған ираилдіктер ақыры Мысырды тастап кететін болды. Олардың барар жерлері бар. Көптеген ғасырлар бұрын Құдай Ыбырайымға ұрпағың Қанахан жерін мекендеп, оған иелік ететін болады деп уәде берген болатын.

Ал бұл уәделі жерге қалай жетуге болатынын қарапайым ираилдіктер де, олардың көсемдері Мұса да білмеді. Олардың алдында қатал тастақ дала көсіліп жатты.

Рас, Мысырдан Қанахан жеріне апаратын бір қысқа жол бар болатын. Бірақ ол жол жаугер філістірлердің иелігіндегі жер арқылы өтетін. Құдай Мұсаға халықты осы жол арқылы алып өтуді бұйырған жоқ. Ираилдіктердің Мысырдан шыға салысымен соғысқандарын Құдай қаламады: мұндай сынақ кеше ғана құл болған кісілерді шошытып, Мысырға кері оралуға мәжбүр етуі мүмкін еді.

Қысқа әрі тура жолдың орнына Құдай ираилдіктерді таулар мен шөл дала арқылы өтетін айналма жолға салды. Бұл жолды адам аяғы баспаған. Оның бойында ираилдіктер өздерінің Қанаханға апаратын тура жолмен келе жатқандарын біле алатындай ешқандай белгі де болған жоқ.

Мысырдан көшіп шыққан қашқындар жолдан адасып кетпеулері үшін Құдай Өз халқым деп атағандарына жол көрсетіп, алдында жүрді. Күндіз Құдай ираилдіктердің алдында бұлт баған түрінде, ал түнде отты баған түрінде жүріп отырды. Осы баған қалай жүрсе, олар да солай жүрді. Баған тоқтаған кезде, олар шатырларын тігіп, баған қайта алға қозғалғанға дейін дем алды.

Ираилдіктер жолдан адасудан қорықпай күні-түні жүре алды, өйткені Құдай әрқашан олармен бірге болып, оларды бір сәтке де қалдырмай тура жолды көрсетіп отырды.

55. Қуғын

Мысырдан шығу 14

Исраилдіктер Мысырдан алыстай берді және оларға енді ешқандай қауіп төніп тұрмағандай көрінді. Алайда біраз уақыт өткеннен кейін перғауынның көңіліне күдік ұялады. Перғауын Исраил халқын жібергісі келмей қасарысуының кесірінен Мысыр халқы жапа шеккенін ұмытып, ираилдіктерді жібере салғанына өкінді. Исраилдіктер еңбекқор халық болатын, енді еңбек күші жетіспейтін болады деп қорықты перғауын. Ақыр аяғында перғауын оларды кері қайтару керек деген шешімге келді.

Сөйтіп перғауын өз әскерлеріне әскери арбаларды жегіп, қашқындарды қууды бұйырды. Ол әскерлерін ираилдіктерді шөл далада қуып жетіп, бала-шағаларымен, табын-табын малдарымен және басқа да мүліктерімен қоса Мысырға кері алып келуді бұйырды. Көп кідірмей перғауынның әскерлері әміршінің бұйрығын орындауға аттанды.

Ал ираилдіктер болса бұл кезде қазір Қызыл теңіз деп аталатын Қара теңіздің жағалауында шатырларын құрып отырған. Олардың қарсы алдарында ұшы-қиыры жоқ теңіз суы көсіліп жатты, ал қалған үш жақта көңілсіз шөл дала.

Кенет ираилдіктердің біреуі көкжиектен шаң көтерілгенін байқады. Қостағылар абыржып қалды. Шаң сейіліп, келе жатқан мысырлықтардың әскери арбалары екенін ажыратқан кезде халық қатты састы.

Қорқып кеткен ираилдіктер Мұсаға жүгірді.

– Неге сен бізге Мысырдан шығуды бұйырдың? – деп айқайлады олар Мұсаға. – Мына иен далада перғауынның әскерлерінің қолынан өлгеннен гөрі, Мысырда құл болып жүргеніміз артық емес пе еді? Бәріне сен кінәлісің!

– Ешнәрседен қорықпаңдар, – деп жауап берді Мұса зәруелері ұшқан ираилдіктерге. – Тынышталыңдар да, қазір сендерді Құдай мысырлықтардан қалай құтқаратынын көріңдер.

Сол екі арада мысырлық әскерлер қашқындардың қасына жақындап та қалды. Қос барлық жағынан қоршауда қалды, толқын жағаға ұрып жатқан теңіз жақ қана ашық. Сірә, ираилдіктер қақпанға түскені ғой, олардың алдарында қайта Мысырға құл болу немесе өлу тұрды.

Бірақ Құдай Мұсаға былай деді:

– Халыққа айт, қорықпай алға қарай жүрсін. Мен оларды құтқарамын. Сөйтіп мысырлықтарға Мен Өзімнің күшім мен даңқымды көрсетемін, сонда олар Менің Тәңір Ие екенімді біледі. Ал сен таяғыңды Қызыл теңізге қарай соз – сонда не болатынын өзің көресің.

56. Қызыл теңіз арқылы өту

Мысырдан шығу 14; 15

Мұса Құдайдың айтқанындай істеді: таяқ ұстап тұрған қолын Қызыл теңізге қарай созды. Сонда теңіздің үстінде шығыстан қатты жел соқты. Жел теңіз суын екіге бөліп тастады. Су кері шегініп, оң және сол жақтан қабырға болып қаланып, ортадан өткел жасап, теңіздің түбі көрінді. Бұл теңіз емес, әдеттегі жазық жердей-ақ ираилдіктер осы өткел арқылы өте шықты.

Жел тұрып, су екіге жарылғанда, әрдайым алда жүріп отырған Құдай олардың арт жағына шығып, қуғыншылармен арада тұрды. Түн болды. Отты бағана ираилдіктердің жолдарына жарық шашты. Ал мысырлықтар үшін Ол қара түнек болды. Олар қанша тырысқандарымен, қашқындарды көре алмады.

Ираилдіктер өте көп болғанына және бала-шағалары, отар-отар малдары мен арқалаған жүктері қозғалысты баяулатқанына қарамастан, таң ата олардың бәрі Құдайдың көмегімен теңіздің келесі жағасына өтіп болды. Түні бойы мысырлық әскерлер ираилдіктердің іздерінен қалмай қуды. Бірақ қуып жете алмады. Олардың арбаларының дөңгелектері мен аттарының тұяқтары теңіздің түбіндегі лайға батып, кібіртіктеп жүрістері өнбеді. Арба айдаушылар аттарды аямай шықпыртты, бәрібір түк шықпады – арбалар лайға тереңдеп бата берді.

Таң атып, соңғы ираилдік теңіздің келесі жағалауына шыққан кезде, Құдай Мұсаға:

– Таяғыңды теңіз жаққа қарай тағы соз, – деді.

Мұса солай ете салысымен теңіз суы орнына құлады. Өлі жағаға жете алмай келе жатқан мысырлықтарды толқындар жұтып қойды.

– Өздерің көрген және сендерді қуып келген мысырлықтарды енді көрмейтін боласындар, – деп уәде берді Құдай ираилдіктерге бәрі біткеннен кейін.

Сонда ғана ираилдіктер өздерінің құтқарылғандарын ұқты. Олардың Тәңір Иеге деген ризашылықтарында шек болмады. Мұса алға шығып, бүкіл халықтың атынан Құдайға арнап мадақтау жырын айтты:

– Жаратқан Иені дәріптеймін, себебі Ол Жеңімпаз, мысырлықтарды аттарымен теңізге лақтырды!

Уа, Ием, қолың Сенің керемет күшке ие, Сенің деміңнің лебі жауды су астында қалдырды.

Тәңір Ие – менің Құтқарушым; Ол мәңгі патшалық құратын болады.

Содан соң Мұса мен Һаронның әпкесі Мәриям алға шығып, даңғырасын қағып, былай деп өн салды:

Жаратқан Иені дәріптеңдер жырменен,

Ол жеңімпаз, мерейі үстем бәрінен!

Теңізге лақтырды Ол атты мінген адамымен!

Израилдіктердің бүкіл әйелдері Мәриямның әніне қосылды.

Израилдіктер өздерін мысырлықтардан құтқарған Құдайға мадақтау жырларын айтып, би билеп, ұзақ уақыт шат-шадыман қуанышты күйде болды.

57. Манна

Мысырдан шығу 16

Енді израилдіктер ештеңеден қорықпайды. Перғауында әскер де, әскери арба да қалмады, өйткені олардың бәрі Қызыл теңіздің астында қалды. Бастапқыда израилдіктер Тәңір Иенің осы ұлы жеңісіне қуанып жүрді, алайда көп ұзамай мерекелік қуаныш күнделікті күйбің тірлікпен ауысты. Күн сайын Израил халқы уәде етілген Қанахан жеріне қарай шөл дала арқылы сапарларын жалғастырды.

Израилдіктер жүре берді, жүре берді, алайда сапарларының аяқталатын түрі көрінбеді. Осылайша жолдың ауыртпалығы оларға адам төзгісіз болып көрінді, одан да құлдықтағы өмірді аңсады. Еркіндікке шыққаннан кейін израилдіктер Мысырда құлдықта болған кезде күн-түн демей көп жұмыс істеуге мәжбүр болғандарын ұмыта бастады. Басында израилдіктер күңкілдеді, күңкіл наразылыққа ұласты, ақырында олар наразылықтарын Мұсаға ашық айтуға бел буды.

– Неге сен бізді Мысырдан алып шығып, мынадай жаман жерге алып келдің? – десті олар. – Мысырда біздің тамағымыз тоқ болатын. Ал қазір шөл далада, аштан өлуге қалдық, ал бұған кінәлі сенсің.

Мұса халықтың наразылығына не деп жауап қайтаруды білмей тосылып қалды, алайда Құдай оған:

– Қорықпа, Мен халыққа нан беремін. – Содан кейін Құдай Мұсаға мұның қалай болатынын айтып берді.

Сонда Мұса айналасындағы тұрған адамдарға былай деді:

– Біліп қойыңдар, сендердің маған күңкілдегендерің, шын мәнінде Құдайға қарсы күңкілдегендерің. Сендерді Мысырдың құлдығынан алып шыққан мен емес, Құдай. Ал қазір сендердің күңкілдегендеріңе қарамастан, Ол сендерге тамаққа ет, таңертең нан береді.

Сол күні кешке қостың үстінде аспанда бөдене қаптап кетті. Ұзақ ұшудан шаршаған бөденелер қос тұрған жерге қонды. Ал отырған адамдар оларды ұстап алды, осы кеште әр отбасында бөдене етінен пісірілген дәмді тағам болды.

Таңертең израилдіктерді тағы бір ғажайып күтіп тұрды. Таң ата шатырларынан шыққан олар жерді ақ ұлпа бір нәрсе жауып жатқанын көрді. Осы ақ ұлпа нәзік қабыршақтарды көріп, бір бірінен «бұл не?» деп сұрасты. Дәмін татып көрген кезде, олардың бал қосылған нанға ұқсайтынын білді. Бұл ғажайып және дәмді асты қалай атауды білмеген израилдіктер оны «манна» деп атады, мұның аудармасы «Бұл не?» дегенді білдіреді.

Сенбі күннен басқа күндері Құдай ираилдіктерге көктен манна беріп тұрды. Адамдар маннаны шикілей де, пісіріп те жеді, одан нан да пісірді. Құдай ираилдіктерге маннаны тек бір күнге жететіндей етіп қана жиып алуды бұйырды. Тек жұма күні ғана екі есе етіп жинауларына болатын еді. Себебі сенбі күні Құдай ираилдіктердің манна жинауларына да, басқа нәрселермен айналысуларына да рұқсат бермеді, өйткені бұл ерекше күн – оны күнделікті күйбің тірлікпен айналысуға емес, Құдайға арнау қажет.

58. Құдайдың шөл далада су беруі

Мысырдан шығу 15:22-27; 17:1-7

Сапарға шыққанда жейтін тамақтың болмауы қиын, ал ауыз сусыз одан да қиын, әсіресе егер жол күн күйдіріп тұрған шөл даламен өтетін болса. Аштыққа төзуге болады, ал шөлге шыдау қиын.

Қызыл теңіздің суы қақ жарылып, құрғақ жермен келесі жағалауға өткеннен кейін ираилдіктер шөл даладан шықты және алғашқы су көзі оларға үш күннен кейін ғана кездесті. Адамдардың бұл су көзіне қандай қуанышпен лап қойғанын көзге елестетуге болады. Алайда суды татып көргеннен кейін олардың жүздерінен тыжырынғандары байқалды – су ащы болғандықтан, оны ішу мүмкін емес еді.

– Мұса, шөлден қаталап өлетін болдық қой, – десті әбден қалжыраған кісілер.

Мұса Құдайдан көмек сұрады.

Құдай Мұсаның сөзін тыңдап болғаннан кейін, оған су көзінің басында жатқан ағашты көрсетті. Құдай Мұсаға соны алып, суға тастауды бұйырды.

Мұса бұл бұйрықты орындады, сонда қайнардан шығып жатқан су сап-салқын және тұщы болып шыға келді.

Шөлдерін басып ираилдіктер ары қарай жылжыды және көп ұзамай Елимге – шөл даланың ортасында орналасқан, ішуге жарамды суы бар көгал жерге келді.

Елимде ираилдіктер біраз күн тынығып, сапарды ары қарай жалғастыру үшін күш жинады.

Біраз уақыттан кейін олар қайта жолға шығып, ұзақ жүрді, жол бойы оларға бірде-бір құдық кездескен жоқ.

Халық қайта Мұсаға келді: – Бізге су бер!

Халықтың түріне қарап, жақсылық күтуге болмайтынын көріп, Мұса мазасызданды.

– Мына халыққа не істеймін? – деді ол Құдайға сиынып.

Құдай Мұсаға былай деп жауап берді:

– Таяғыңды ал да, ру басыларын шақыр. Оларды ертіп Мен көрсететін жартасқа бар және қолыңдағы таяғыңмен жартасқа соқ, сонда одан су атқылайды.

Мұса Құдайдың айтқанындай істеді, тас жартастан су атқылады. Израилдіктер суды әбден қанып ішіп, жолға да құйып алды.

Құдай оларға қамқор болуын ешқашан тоқтатпайтынын түсінбей, күңкілдеу – үлкен күнә екенін білдіретін бұл оқиға халыққа тағы да бір сабақ болды. Алайда, Мұсаның өкінішіне орай, олар ұғымтал шәкірттер болып шықпады.

59. Амалектіктермен соғысу

Мысырдан шығу 17: 8-16

Израилдіктер жүрген жолдарында әр түрлі халықтар қоныстанған елді мекендер арқылы жүрді, тек шөл дала мен сусыз жерлер ғана бос болатын. Бұл халықтарға шақырылмаған қонақтар өте ұнамады: олардың өз малдарына жайылым мен суат зорға жетіп жатқанда, малдарын шұбыртып израилдіктер де келе қалыпты.

Израилдіктер келген жерде тұратын амалектіктер қол жиып, олардың жолдарын торуылдады.

Мұса қарулы қолды көргенде бұл жолы қақтығыс болмай қоймайтынын түсінді.

Сонда Мұса қасына Иешуа атты ержүрек жігітті шақырып алып, былай деді:

– Біздің әскерді жиып, ертең амалектіктермен соғыс. Ал шайқас кезінде мен Құдайдың берген таяғын жоғарыға көтеріп, төбе басында тұрамын.

Келесі күні израилдік әскерлер жаудың қолына қарсы шықты, ал Мұса төбенің басына шығып, қолын көкке жайып тұрды. Онымен бірге төбе басына ағасы Һарон мен израилдің көсемдерінің бірі Ор шықты. Төбе басында тұрып Мұса Құдайға сиынып, көмектесуін сұрады және оның төбе басында тұрғанын көріп, израилдік жауынгерлер жігер алды.

Израилдіктер соғысуға үйретілмеген болатын – Мысырда олар құл болды, ал құлдардың қолына қару берілмейді. Алайда Мұсаға бұрылып қараған жауынгер батылданып, қолдарының күші артты. Өйткені Мұса көкке жайған қолдарында талай ұлы ғажайып істер жасаған таяғын ұстап тұрды.

Уақыт өтіп жатты, ұрыс жалғаса берді, Мұса шаршап, қолдарын жоғары көтеріп тұра алмайтынын сезді. Ол тыныстап алу үшін қолын төмен түсірсе болғаны, амалектіктер израилдіктерден басым түсе бастайды. Мұса қолдарын қайта көтерсе израилдіктер жаңа серпінмен ұрысқа кірісіп, жауды тықсырды.

Мұны көрген Һарон мен Ор не істеу керегін түсінді. Олар үлкен тас алып келіп, Мұсаны соның үстіне отырғызды, ал өздері көсемдерінің екі жағында тұрды. Олар Мұсаның қолдарын демеп, ұрыс алаңының үстінде күн батқанға дейін ұстап тұрды.

Амалектіктер жеңіліс тауып, бас сауғалап қашты. Ал израилдіктер болса еш кедергісіз уәделі жерді бетке алып, сапарларын жалғастырды.

Мұса осы жерде құрбандық шалатын орын соғып, амалектіктерді жеңгендері үшін Құдайға алғыс айтып, көл-көсір құрбандық шалды. Израилдіктер күшті жауды Құдайдың көмегімен ғана жеңе алғанын ол білді. Бұл жолы да Құдай оларға көмектесті.

60. Мұса мен Израил халқының билері

Мысырдан шығу 18

Израилдіктер Қанаханға апаратын сапарларын жалғастыра берді және көп ұзамай олар Синай тауына келді, осы таудың етегінде бір кезде Құдай жанып тұрған бұтақтан Мұсаға тіл қатып, оған израилдіктерді құлдықтан құтқаруды бұйырған. Сонда Құдай оған көмектесуге уәде берген және уәдесін орындады да.

Мұса израилдіктерді Мысырдан алып шығудың сәті түскеніне қуанды, алайда уақыт өте келе ол өзіне жүктелген міндеттерден қатты шаршайтын болды. Бүкіл халық үшін ол жалғыз өзі ойлап, шешім қабылдаушы еді. Ал халық Мұсаға көмектескен жоқ, керісінше, болмашы ұсақ-түйекке бола өздеріне талай жақсылық жасаған Құдайға күңкілдеп, оған кедергі жасады.

Бұған қоса Мұса Израилдегі жалғыз би болды. Сондықтан да таң атқаннан қас қарайғанға дейін халықтың шағымын тыңдап, дауды шешіп, бұзылған әділдікті қалпына келтірді. Бұл оңай шаруа емес болатын.

Егер бір күні Мұсаға қайын атасы Етор қонаққа келмегенінде, сірә, бәрі осылай жалғаса берер ме еді.

Мұса Еторды жақсы көретін және оның келгеніне өте қуанып қалды. Етор болса Құдайдың израилдіктерді Мысырдағы құлдықтан құтқару үшін жасаған кереметтері жайлы көп естіген болатын. Енді ол осының бәрін Мұсаның өз аузынан естіді және ол әңгімесін аяқтаған кезде, қуанып:

– Халықты перғауынның езгісінен құтқарған Жаратқан Ие мадақталсын! – деді.

Мұса Құдайдың ұлы істері жайлы Еторға егжей-тегжейлі айтып берді, ал өзінің еншісіне тиген ауыр жұмыс туралы ауыз да ашпады. Алайда келесі күні Мұсаның алдына келген кісілердің мәселелерін шешіп таң атқаннан күн батқанға дейін отырғанын Етор өзі де көрді.

– Мұның не? – деп сұрады Етор Мұсадан. – Сен неге халықты айналаңа қаумалатып мұнда отырсың?

– Адамдар маған төрелік етуімді сұрап келеді, – деп жауап берді Мұса. – Мен олардың дауларын шешіп, Құдайдың заңдарына үйретемін.

Етор ойланып отырып:

– Мұса, мұның дұрыс емес. Сен өзіңді де, сенің шешіміңді күткен халықты да шаршатасың. Мойныңа алған ісің тым ауыр, оны жалғыз атқара алмайсың. Саған

көмекшілер керек. Құдайға мойынсұнатын, адал кісілерді таңдап алып, оларды билер етіп қой. Олар сенің ауыртпалығыңды бөлісіп, жеңіл-желпі мәселелерді өздері шешсін, ал шамалары келмейтіндерін саған жіберсін, – деп кеңес берді.

Мұса ұлы адам болатын. Бірақ оның қайын атасының сөзіне құлақ асуға даналығы мен момындығы жетті. Етор ұсынғандай Мұса өзіне сенгендей сене алатын кісілерді таңдады. Халықты басқарып, төреші болсын және Құдайдың өсиеттерін үйретсін деп оларды басшы етіп қойды.

ҚҰДАЙ ЗАҢЫ

61. Синай тауында

Мысырдан шығу 19

Құдай Мұсаға алғаш рет аян берген Синай тауының етегіне Исраил халқы қосын тікті. Сөйтіп Мысырдан шыққалы бірінші рет Мұса жалғыз өзі тауға көтеріліп, Құдаймен бірге болу үшін халықты қалдырып кетті.

Мұса таудың басына шыққан кезде Құдай оған тіл қатты:

– Исраилдіктерге мынаны айт: егер бұл халық Маған мойынсұнуынан танбаса, бұрын оларға қалай қамқор болсам, алдағы уақытта да қамқор болуымды тоқтатпаймын.

Жазыққа түскеннен кейін Мұса Құдайдың сөздерін халыққа жеткізді. Ал исраилдіктер Құдайдың айтқандарының бәрін орындаймыз деп жауап берді. Сонда Мұса қайтадан тауға көтеріліп, халықтың сөзін Құдайға жеткізді. Мұсаны тыңдап болғаннан кейін Құдай былай деді:

– Халық Менің сен арқылы сөйлесетініме сенуі үшін саған қалың бұлт түрінде көрініп, сенімен сөйлесемін. Халық Мені көрмейді, бірақ Менің сөзімді естіп тұрады. Қазір төмен түсіп, екі күннен кейін көрінетінімді айт. Олар сол күнге дайын болсын.

Мұса таудан төмен түсіп, Құдайдың айтқандарының бәрін исраилдіктерге жеткізді. Құдайдың алдында таза тұру үшін ол адамдарға жуынып-шайынуды, киімдерін жууды бұйырды: тән тазалығы рухани таза болу керектігін олардың есіне салып тұратын болады. Құдай Өзіне сенгендердің бәрінен рухани тазалықты талап етеді.

Содан кейін Мұса Синай тауын айналдыра белгі салды. Үшінші күні сырнай дауысы естілгенге дейін ешкім не мал, не адам баласы сол белгіден ары аяқ баспауы тиіс. Осы заңды бұзған әркім өлетін болады деді Құдай.

Үшінші күні таң ата исраилдіктер күннің күркіреген дауысы мен сырнай үнінен оянды. Мұса тұрып, халықты таудың етегіне ертіп барды. Таудың ұшар басын қаптаған қалың бұлт исраилдіктердің көз алдында бағанға айналды. Олардың аяқтары басып тұрған жер дірілдеп, сырнай үні күшейе түсті.

Мұса алға шығып, қорқыныштан зәресі ұшқан халыққа арқасын беріп тұрып, Құдайға сиынды. Құдай оған күннің күркіреуімен жауап берді. Сонда Мұса Құдаймен кездесу үшін тау басына көтерілді. Мұсаға Һарон ғана ерді. Қалған ираилдіктер Мұса қойған белгіден аттаудан жүрексінді.

– Ұлы әрі қаһарлы Құдаймен біз сөйлесе алмаймыз. Оның алдына Сен бар, ал Одан естігендеріңді кейін бізге айтып бересің, – деді олар Мұсаға.

62. Құдайды сүю туралы өсиет

Мысырдан шығу 20

Бұдан былай Ираил халқы мүлтіксіз орындауы тиіс ережелер мен заңдарды хабарлау үшін Құдай Синай тауында Мұсаға көрінді. Бұл заңдарды Құдай Өз халқына тек жақсылық қана тілегендіктен берді. Адам баласы үшін ненің жақсы, ненің жаман екенін Құдай ғана біледі, өйткені Ол адамды жаратқан Жаратушы емес пе.

Мұса Құдайдан Синай тауында қабылдаған өсиеттер қашан және қай жерде тұрмасын барлық адамдар үшін әрқашан маңызды болған және бола береді де.

Осындай аса маңызды өсиеттер саны – он, сондықтан оларды он өсиет деп атайды.

Алғашқы төрт өсиет біз Құдайға қалай қарауымыз керектігі туралы айтады.

«Мен Жаратқан Ие – Құдайыңмын. Сенің Менен басқа ешқандай тәңірлерің болмасын!» – дейді Құдай. Бұл бірінші өсиет.

Ертеректе адамдар өздері ойлап тапқан сансыз көп жалған тәңірлерге табынды. Қазір ондай жалған тәңірлерге табынушылар онша көп емес, есесіне көп адамдар басқа нәрселерді – байлықты, атақ-даңқты, билікті құдайдай көріп, соларға бүкіл өмірі мен бар күштерін сарп етеді. Мұндайлар өздерін-өздері құртып, адасады шын мәнінде бізді жаратқан Тәңір Ие – Құдай біреу ғана, тек Оған ғана табыну қажет.

«Өзіңе ешқандай тәңір бейнелерін жасама, оларға табынушы болма», – дейді Құдай. Бұл екінші өсиет.

Ираилдіктер Құдайдың бейнесін жасау керек деп ойлауы мүмкін еді. Мысалы, оны ғажайып өмір сыйлаушы күн, немесе күшті бұқа ретінде бейнелеу. Мұны олар шын ниеттен істеуі мүмкін. Алайда адам Құдайдың бейнесін жасаса болғаны, сол суретте бейнеленгенге емес, суретке табына бастайтынын Құдай біледі. Құдайдың ұлылығы сондай, Оны бейнелеу немесе Оның ұлылығын көзге елестету мүмкін еместігін адам жиі ұмытып кете береді.

«Құдай Иеңнің атын орынсыз ауызға алма». Бұл үшінші өсиет.

Құдайдың аты – Оның бір бөлігі, сондықтан да бұған асқан құрметпен қарау керек. Құдайдың атын қажетсіз ауызға алатындар және қолынан келмейтін істі орындауға Құдайдың атымен ант ететіндер өте жаман іс істейді және күнә жасайды.

«Демалыс күнді Тәңірге арнауды ұмытпа!» – дейді Құдай. Бұл – төртінші өсиет.

Демалыс күнді Тәңірге арнау деген – оны аптаның қалған күндері сияқты өткізбеу деген сөз. Өйткені Құдай әлемді жаратуды аяқтап, жетінші күні демалған. Исраилдіктер мұны есте сақтап жетінші күнді Құдай туралы ойлануға және Оған құлшылық етуге арнауы тиіс болды. Аптаның басқа күндерінен айырмашылығы – демалыс күні адамдарға ғана емес, малдарға да күнделікті тірліктен демалыс берілетін.

Осы төрт өсиеттің айтатынын Иса Мәсіх бір-ақ сөзбен тұжырымдап, сенуші Құдайды жан-жүрегімен сүйі тиіс дейді. Құдайға мойынсұнбай Оны сүйу мүмкін емес.

63. Жақыныңды сүйу туралы өсиет

Мысырдан шығу 20

Он өсиеттің алғашқы төртеуі бізге Құдайды сүйу және Оның еркіне бағыну деген нені білдіретінін айтады. Қалған алтауы – жақыныңды сүйу туралы өсиеттер. Олар бізді өзімізге адамдар қалай істегенін қаласақ, солай әрекет етуге, айналаңдағы адамдармен тату өмір сүруге және оларға ешқандай жамандық жасамауды үйретеді.

«Ата-ананды сыйла!» – дейді Құдай. Бұл – бесінші өсиет.

Құдай адамдардың өмірін ата-ана балалары үшін жауап беретіндей етіп ойластырып қойған: олар балаларын асырауы, тәрбиелеуі және қорғауы керек.

Ал балалар ата-аналарын сүйіп, құрметтеуі тиіс. Балалардың ата-аналарының алдындағы борышы – бұл олардың Құдай алдындағы борышы.

«Кісі өлтірме!» – дейді Құдай. Бұл – алтыншы өсиет.

Ашуланып немесе өш алу үшін және жақыныңды өлтіріп пайда табу үшін ешқашан да ешкімді өлтіруге болмайды.

«Неке адалдығын бұзба!» – дейді Құдай. Бұл – жетінші өсиет.

Құдай еркек пен әйелдің неке құрып, өле-өлгенше бір-біріне адал болып қалғанын қалайды. Неке адалдығын бұзу – бұл жақын адамыңның күйеуін немесе әйелін ұрлап алумен пара-пар. Құдай алдында бұл – үлкен күнә.

«Ұрлық жасама!» – дейді Құдай. Бұл сегізінші өсиет. Мұның мәнісі ешкім де қандай жағдайда болмасын бөтен адамның мүлкін иемденбеуі тиіс.

«Ешкімге қарсы жалған куәлік берме!» – дейді Құдай. Бұл – тоғызыншы өсиет.

Басқа адамға жала жабу – күнә. Адамның сыртынан өтірік айтуға, адам тағдыры шешіліп жатқан сотта жалған куәлік беруге болмайды.

«Өзгенің меншігіне сұқтанушы болма!» – дейді Құдай. Бұл – оныншы өсиет.

Басқа адамда бар нәрсені иемденгісі келсе, адамның бойында қызғаныш деген жағымсыз сезім оянады. Қызғану жақсы емес, өйткені бір адам басқа адамды күндесе,

олардың арасында сүйіспеншілік болуы мүмкін емес. Бұған қоса күндеу адамның ниетін бұзып, оның өзі иемденгісі келгеннің бәріне дұрыс жолмен қол жеткізуіне жол бермейді.

Мұсамен сөйлесіп болғаннан кейін Құдай оған тастан қашалған екі тақтайша берді, онда Құдайдың өсиеттері ойып жазылған болатын. Осы тас тақтайшаларды израилдіктер Құдайдың өсиеттері деп атады. Олар Мұсаның халыққа үйрететін заңдарды өзі емес Құдай шығарғанын білдірді.

64. Құдай Израил халқының қамын ойлайды

Мысырдан шығу 21, 23

Құдай Мұсаға он өсиетті және оған қоса көптеген басқа да ережелер мен нұсқаулар берді. Осы ережелер мен нұсқаулар израилдіктердің татулықта, игілікте өмір сүріп, өсіп-өркендеулеріне көмектесуі тиіс. Ал Құдай бұл халыққа дәл осындай өмір тіледі.

Құдай Өз заңдары арқылы израилдіктерге олардың әрқайсысының өмірі мен денсаулығы Оған қымбат екенін көрсетті.

Мұсаның кезінде дерекі және қатал әдеттер болды. Кез келген дау ұзақ та қантөгіс жаугершілікке оп-оңай айналып шыға келуі мүмкін еді: егер біреу жараланса немесе үйіне ұры түссе, оның туған-туыстары өш алатын, төбелесте танау сынса соның кесірінен қантөгіс болып ондаған адам өлім құшуы әбден мүмкін еді.

Еш мағынасыз қан төгуден аулақ болу үшін не істеу керегін Құдай адамдарға үйретті. Егер біреу жамандық жасаса, жазалануы тиіс – дейді Құдай. Егер жаза «көзге-көз, тіске-тіс» деген қағидаға сай болатын болса, әділ болады, бірақ одан арыға бармау керек. Бұл заң қанды кек қайтаруға өте ұқсас болды. Осы заң арқылы Құдай ежелгі адамдардың қатал әдеттерін едәуір жұмсартты.

Израилдіктерге заңды беріп, Құдай өздерін қорғауға күші мен шамасы келмейтіндерге ерекше қам жасады.

Құдай израилдіктерге жоқ-жітік кембағалдарға, жат жерлік кірмелерге, жетім-жесірлерге қолдарынан келгенше көмектесуді бұйырды, өйткені олар өз күндерін өздері көре алмайтын еді. Екіншілерге егінді жиып алғаннан кейін, кедейлер жинап алулары үшін масақ қалдыруды бұйырды. Мынадай жағдай да болатын: кедей адам байдан қарыз алып, кейін қарызын қайтара алмаса, орнына сырт киімін беретін. Мұндайда Құдай байға кешке қарай кедейдің сырт киімін қайтарып беруді бұйырады, әйтпесе анау түнгі салқынға тоңып қалуы мүмкін ғой.

Құдай осы заң арқылы адамдар арасындағы ғана емес, жануарларға деген көзқарасын да жұмсартты.

Егер жүк артылған есек жүктің салмағынан жолда құласа, сол жерден кім өтсе де, мейлі ол есектің иесінің дұшпаны болса да жануарға аяғынан тұруға көмектесуі тиіс.

Ұясында жұмыртқа басып отырған құсты көрген аңшы оны өлтірмеуі және ұясын бұзбауы керек.

Құдайдың ираилдіктерге берген заңы олардың өмірлерін парасатты және адамгершілікті етіп қана қоймай, Жаратқан Ие туралы көп білулеріне де ықпал етті.

Заңның арқасында ираилдіктер Құдайдың қайырымды және әділ екенін, Ол адамдардың өмірінде болып жатқан барлық нәрсеге араласатынын, тіпті ұсақ-түйекке дейін Оның назарынан тыс қалмайтынын білді. Бүкіл өмірлері қамқоршы Құдайдың көз алдында өтіп жатқанын олар түсінді.

ҚҰДАЙ ЖӘНЕ ОНЫҢ ХАЛҚЫ

65. Келісім

Мысырдан шығу 24

Мұса ираилдіктерді Мысырдан алып шығуынан көптеген ғасырлар бұрын Құдай Ыбырайымды таңдап, онымен келісім жасады. Ол Ыбырайымға ұлы халықтың түп атасы боласың, сенің ұрпағың арқылы бүкіл халықты жарылқаймын деп уәде берді. Құдай Өз уәдесін орындады: Ыбырайымның үрім-бұтағының көптігі сонша, олар бүкіл бір халықты құрады.

Енді Құдай Мұсаны шақырып, бүкіл Ираил халқымен келісім жасасқысы келетінін айтты. Бұл келісімнің шарты мынадай еді: Құдай ираилдіктерге қамқор болады және оларды уәделі жерге алып барады; Құдай оларды басқа халықтардан бөлектеп, Өзінің таңдаулы халқы етеді.

Мұса таудан төмен түсіп, ираилдіктерге Құдайдың ойын айтып берді. Ираилдіктер мұны қуана мақұлдайтындарын білдірді. Сонда Мұса ираилдіктер Құдайдың уәделерінің бәрі орындалғанын қаласа, Оның берген заңдары мен өсиеттерін мүлтіксіз орындаулары тиіс екенін айтты.

– Құдайдың айтқандарының бәрін орындаймыз. Барлық істе Құдайға мойынсұнатын боламыз, – деп бір ауыздан жауап берді ираилдіктер.

Мұндай жауапты естігеннен кейін Мұса бүкіл халықтың алдында Құдайдың өсиеттерін дауыстап оқып берді, өйткені ол адамдар нені міндеттеріне алып жатқандарын білгендерін қалады. Мұса оқуын аяқтаған кезде ираилдіктер Құдайдың алдындағы міндеттеріне адал болып қалатынына ешкімнің күмәні болған жоқ.

Сонда Мұса таудың етегіне он екі тастан тұратын құрбандық шалатын орын жасады, әрбір тас Ыбырайымның немересі Ираилдің он екі руынан тараған бір руды білдірді. Содан

кейін Мұса Құдайға құрбандық шалатын орынға бірнеше бұқа әкелуді бұйырды және олардың қанын сол жерде жиналған ираилдіктердің бәріне бүркіді. Осы арқылы ол руластарына қандай салтанатқа қатысқандарын көрсетті – олармен, олардың ұрпақтарымен Құдай арасында келісім жасалды.

Құдай Өзі берген уәделерін орындайтынына ешкім күмәнданған жоқ. Сондай-ақ ираилдіктер өздеріне де сенімді болды – ешқандай күш оларды Құдайдың заңынан бас тартуға мәжбүр ете алмайды деп ойлады олар. Алайда олардың Құдай заңына адалдықтары уақыт сынағынан өтуі тиіс еді.

66. Жаратқан Иенің киелі шатыры

Мысырдан шығу 25-31

Қанаханға бара жатқанда ираилдіктер шатырларда тұрып, ешқандай ғимараттар салған жоқ, өйткені олар еш жерде ұзақ аялдамайтын. Сондай-ақ олар Құдайға сиынатын арнайы ғимарат та соға алмады.

Сонымен Құдай Мұсаны Өзіне, Синай тауына қайта шақырып, онымен қырық күн бойына сөйлесті. Бұл жолы Құдай Мұсаға Өзіне арнап арнайы киелі шатыр соғуды бұйырды. Не және қалай істеуі керекін Өзі егжей-тегжейлі суреттеп берді және шеберлерге киелі шатырды соғуға қажетті іскерлік пен қабілеттің бәрін беруге уәде етті.

Киелі шатырдың сыртын әдеттегі қой-ешкі терілерімен, ал ішкі жағын алтын-күміс жіптермен безендірілген қымбат матамен қаптау керектігін айтты. Құдай шатырдың ішіне ерекше ағаштан жасалып, алтынмен қапталған, нан құрбандығына арналған үстел, саф алтыннан құйылған жеті шам және құрбандық шалу рәсімін өткізуге қажетті әр түрлі көптеген алтын ыдыстар қоюды бұйырды.

Шатырдың сыртқы жабулары мен ішкі құрал-саймандарын жиып алып жүруге ыңғайлы етіп жасау қажет еді.

Құдай Мұсаға шатырдың ішінде адам көзінен таса, қалың пердемен бөлініп тұратын ерекше орын – Киелі орын жасауды бұйырды. Бұл Киелі орында бір ғана зат, яғни ағаштың ерекше түрінен жасалып, алтынмен қапталған киелі сандық болуы керек. Сандықтың қақпағы саф алтыннан жасалуы тиіс. Қақпақты шеберлер екі періштенің алтыннан жасалған бейнесімен безендірулері керек болды. Ал періштелердің қанаттары киелі сандықты жауып тұратындай болуы тиіс. Құдай киелі сандыққа Өзі Мұсаға берген келісім тақтайшаларын салып қоюды бұйырды.

Құдайды тыңдап болғаннан кейін Мұса дәл бұйырғанындай етіп шатыр соғу үшін осынша алтын мен қымбат матаны қайдан алуды ойлады. Киелі шатырды соғуға қажеттінің бәрін ираилдіктердің өздері береді деп Құдай Мұсаның күмәнін сейілтті.

Мұса Синай тауынан түсіп, Құдайдың не бұйырғанын айтып берген кезде, олар Мұсаның тұратын шатырына мата, тері, алтын және күміс әшекейлер әкеле бастады. Бұл байлықтың бәрін ираилдіктер мысырлықтардан алған. Ал енді олар бәрін қуанышпен Құдайға берді.

67. Алтын бұқа

Мысырдан шығу 32

Мұса Құдаймен Синай тауында қырық күн бойына сөйлесті. Ал ираилдіктер болса оның оралуын тау етегінде қоста күтуге тиіс болды. Алайда бірнеше күннен кейін олар көсемдері қайда кетті және неге осынша ұзақ уақыт жоғалып кетті деп мазасызданды. Олар һаронға келді.

– Бізді Мысырдан алып шыққан Мұсаға не болғанын білмейміз. Біз сапарды ары қарай жалғастыруымыз керек. Сен бізге алдымызда жүріп отырып, жол көрсететін тәңір жасап бер.

– Жарайды, – деп жауап берді һарон. – Алтындарыңды шешіп, жиып алып келіңдер.

Халық һаронның сөзін тыңдады: барлық алтындарды жиып, оған әкелді. һарон алтынды балқытып, одан бұқаның мүсінін құйяды. Бұқа мүсінін көріп, ираилдіктер қатты қуанып:

– Бізді Мысырдан алып шыққан құдайымыз осы! – деп шуласты.

Һарон алтын бұқаның алдына құрбандық шалатын орын жасап, былай деді: – Ертең осы тәңірдің құрметіне мейрам болады.

Келесі күні алтын бұқаға құрбандық әкелу үшін ираилдіктер ерте тұрды. Құрбандық шалудан кейін мерекелік той басталды. Ираилдіктер ішіп-жеп, би биледі. Көп өтпей-ақ жаңа «тәңірдің» құрметіне арналған мереке бассыздыққа айналып шыға келді.

Құдай киелі таудың етегінде болып жатқан имансыздықты көрді.

– Мұса, төменге асық, – деді Ол. – Халқың Мен көрсеткен жолдан ауытқып кетті.

Құдайдың ираилдіктерге ашуланғаны сондай, оларды қырып тастағысы келді, алайда Мұса араша түсіп, оларды аман алып қалды.

Тау етегінде Мұсаны оның жақын көмекшісі Ешуа Нұнұлы күтіп тұрды. Қолдарында Құдайдың өсиеттері жазылған тақтайшалар бар Мұса мен Ешуа төмен қарай асықты. Кенет ираилдіктердің қосы жағынан түсініксіз дауыстар естілді.

– Төменде шайқас болып жатқан секілді, – деді Ешуа Мұсаға.

Қабағы қатулы Мұса оған: – Бұл шайқас емес, өлең айтып жатқандардың дауысы ғой, – деді.

Мұса мен Ешуа Нұнұлы жақын келгенде бүкіл ираил халқы алтын бұқа мүсінін айналып билеп жүргенін көрді. Мына көрініске ыза болған Мұса Құдайдың өсиеттері жазылған тақтайшаларды аяғының астына лақтырып жібергенде, олар сынып қалды.

Қосқа жүгіріп келген Мұса алтын бұқаның мүсінін құлатып, топыраққа аунатты, топырақты суға араластырып, ираилдіктерге сол суды ішкізді.

Алтын бұқаның көзін құртқаннан кейін Мұса һаронға ашуланып:

– Алтын бұқа жасап неге халықты күнәға батырдың? – деп сұрады.

– Мен кінәлі емеспін, – деп жауап берді һарон, – бассыз, тәртіпсіз бұл адамдарды өзің білесің ғой, олар менен құдай жасап беруді талап етті, ал мен қарсыласа алмадым.

Келесі күні Мұса өз күнәсін мойындаған халықтың алдына шығып былай деді:

– Сендер ауыр күнә жасадыңдар. Дегенмен де мен тауға шығып, Құдайдан сендерді кешірулерін сұрап, мінәжат етемін.

68. Құдаймен татуласу

Мысырдан шығу 32-34

Алтын бұқаның мүсініне табынғандарына бола Құдай Исраил халқының көзін құртып, жаңа халықтың басшысы болу үшін Мұсаны ғана тірі қалдырғысы келді. Алайда, Мұса Құдайдан исраилдіктерді кешіруін өтініп, егер бұл мүмкін болмаса, онда өзін де солармен бірге өлтіруін сұрады. Құдай еш айыбы жоқ Мұсаны жазалағысы келмеді, сондықтан да онымен қоса бүкіл халыққа да рақым етті.

Қазір жаман істеріне өкінген халықтың әлі де талай рет заңын бұзатынын біле тұра Құдай исраилдіктерге рақым етті. Сондықтан да Ол күнәсіне өкініп тәубеге келудің белгісі ретінде малды құрбандыққа шалуды бұйырды.

Құдай берген уәдені бұзғанын білген әркім құрбандыққа қой немесе бұзау әкелуі тиіс болды. Бұл – адам өз күнәларына өкініп, Құдайдан кешірім сұрағанын көрсететін. Ал малды құрбандыққа шалудың өзі кешірім бере алмайды; Құдай кешірім сұраған кісінің жүрегіне үңіліп, оның өкінуі шынайы ма, жоқ па, көреді. Егер күнәсына шынымен өкінгенін көрсе, Құдай оны кешіреді.

Исраилдықтар Құдайға күнәларына өкінгенде ғана емес, басқа жағдайларда да құрбандық әкелуі тиіс еді. Мысалы, егер олар Құдайға рақымы мен жақсылықтары үшін алғыс айтқылары келсе, құрбандық шалу орнына ризашылық құрбандығын – бидай мен жемістер әкелетін.

Мұса алтын бұқаның мүсініне табыну Құдайға қарсы ауыр күнә болғандықтан, Құдай Исраил халқын қамқорламай қояды ма деп қорықты. Оның қаупі негізсіз де емес еді, өйткені оған Құдай былай деді:

– Сендер бетімен кеткен халықсыңдар. Мен сендермен бірге ары қарай бармаймын, өйткені, егер Мен бұдан былай да бұл халықтың ортасында болсам ерте ме, кеш пе Мен оларды күнәларына бола құртамын.

Сонда Мұса былай деп жауап берді:

– Егер Сен бізбен бірге бармасаң, бізге жол көрсетпесең, біз де ешқайда бармаймыз. Егер халықпен бірге болмасаң, әлі де уәделі жерді бергің келетінін олар қайдан біледі?

– Қорықпа. Мен Өз халқымды тастап кетпеймін, – деді Құдай ақыры. – Бөгелмей, тез жолға шық. Мен сендерді уәделі жерге алып барамын және Қанахан жеріне кірулеріңе кедергі жасайтын халықтардың бәрін сендер жеңетіндей етемін.

Мұса Синай тауынан түсіп, Құдай рақым етіп олардың күнәларын кешіргенін, оларды бұрынғыдай Қанахан жеріне бастайтынын айтқанда, ираилдіктердің қуаныштарында шек болмады.

– Құдай бізді сүйгендіктен келісімді қайта қалпына келтіргенін біліп алыңдар, – деп түсіндірді Мұса ираилдіктерге, – Құдайдың берген заңдарына мүлтіксіз бағынамыз деп тағы да бір рет мықтап уәде беріңдер.

Бәрі алдағы уақытта Құдайға мойынсұнуға қуана-қуана уәде беріп, жолға жинала бастады.

ҚАНАХАН ЖЕРІНДЕ

69. Уәделі жер де алыс емес

Руларды санау 10; 13; Заңдарды қайталау 1

Синай тауынан уәделі жерге қарай көшкен кезде ираилдіктер бұрынғыдай абыр-сабыр болып жүрген жоқ, өйткені Құдай Мұсаға алдымен халықты қалай ұйымдастыруды үйреткен еді.

Құдайдың бұйырғанындай Мұса екі күміс сырнай жасауды және сырнайлатып белгі беруді бұйырды. Көш тоқтап тұрған кезде екі сырнай дауысы шықса ираилдіктердің бәрі Мұсаның не айтатынын тыңдау үшін Киелі шатырға қарай ағылды. Бір ғана сырнайдың дауысы шықса, демек, Мұса бүкіл халықты емес, тек ру басыларын ғана шақырғаны. Сол сырнайлардың үніне қарап ираилдіктер аялдама жасап, қос құру керегін немесе, керісінше, шатырларды жығып, жолға шығатын уақыт болғанын біліп отырды.

Жол бойында Леуі руынан арнайы тағайындалған адамдар – леуіліктер асқан сақтықпен киелі шатыр мен оның бүкіл құрал-саймандарын алып жүрді. Киелі шатыр әрдайым көштің ортасында жүріп отырды: ираилдіктердің алты руы алдында, ал алтауы артында. Аялдаған кезде ираилдіктер өз шатырларын қатал тәртіп бойынша, ру - рулармен, киелі шатыр қостың дәл ортасында болатындай етіп құрды.

Осылайша, Ираил халқы әлі де ұзақ жүріп, ақыры Қадес деген жерге жетті, сол жерден Құдай Ыбырайымның ұрпағына иелікке беруге уәде еткен Қанахан жерінің таулы қыраттары мен жазық далалары көрініп тұрды. Алдарында кесіліп жатқан Қанахан жерінің көрінісі ираилдіктерді қуанышқа кенелтті. Қалай ғана қуанбасқа, олар уәделі жерге жетті емес пе – яғни, олардың ұзақ та ауыр сапарларының аяқталар кезі де жақын.

– Құдай бізге уәде еткен жер, міне, алдымызда жатыр, – деп Мұса халыққа сөзін арнады.
– Жуырда Оның берген уәдесі орындалады, сөйтіп біз сол жерге кіреміз.

Ал Құдай Мұсаға былай деді:

– Бүкіл Қанахан жерін аралап көріп, не көргендерін халыққа айтып беруі үшін, алдымен әр рудан бір-бір адамнан сол жаққа жібер.

Мұса Құдайдың сөзіне құлақ асып, он екі сенімді кісіні таңдап алып, оларға былай деді:

– Қанахан жеріне барып, бүкіл елді аралап көріп шығыңдар. Бұл қандай жер екенін, онда не өсетінін біліңдер. Біздер де білуіміз үшін сол жердің жемісінен осында алып келіңдер. Сондай-ақ, бұл елде қандай халықтар мекендейтінін және олардың қаншалықты күшті екенін де біліп қайтыңдар.

Осы сөздерді мұқият тыңдап алып, он екі барлаушы жолға шықты.

70. «Мысырға кері оралғанымыз артық емес пе?»

Руларды санау 13; 14

Қанахан жерін жақсылап аралап шығып, қандай ел екенін анықтау үшін тыңшылардың қырық күні кетті. Ал олар Қадеске оралған кезде, олардың әңгімесін тыңдау үшін исаилдіктер түгел жиылды.

– Қанахан шынында да ғажап ел, – деп бастады әңгімесін тыңшылар. – Мұнда өнімнің қандай екенін қараңдаршы.

Сөйтіп олар уылжып піскен құрмаларды, иісі аңқыған анарлар мен мөп-мөлдір жүзімнің үлкен шоғын көрсетті, оның ауырлығы сондай, екі адам зорға көтеріп келді.

Қанахан жерінен алып келгендерді көріп, исаилдіктер Құдай өздеріне уәде еткен жердің керемет құнарлы екенін түсінді.

Барлаушылар әңгімелерін ары қарай жалғастырды, бірақ олардың дауыстары бұрынғыдан бәсең естілді.

– Бұл жер қандай ғажап болмасын, ол ешқашан біздікі болмайды. Онда қалалар өте көп екен және әр қала өз алдына бір қамал. Бұл елде тұратын халықтар еңгезердей алып, бойларының ұзындығы сондай, біз олардың алдында құмырсқа сияқтымыз.

Мынадай хабарды естіп исаилдіктердің ұнжырғасы түсіп кетті, содан кейін олар күңкілдеп, Мұсаны жазғыра бастады:

– Неге бізді шөл далаға алып келдің? Одан да Мысыр елінде қала бермедік пе? Құдай бізді шөл далада қырылып өлсін деп, қолымыз жетпейтін елге алып келсе, демек, бізді жек көретін болғаны ғой. Олай болса, Мысырға кері оралғанымыз артық емес пе?

Осы кезде бұған дейін сөзге араласпай, үнсіз тұрған Халеб сөйледі:

– Ешнәрсеге қарамай, біз Қанахан жеріне кіруге тиіспіз. Онда тұратын халықтардың күшті екеніне талас жоқ, бірақ оларды жеңуге Құдай бізге міндетті түрде көмектеседі емес пе?

Он екінің қатарында болған Ешуа Нұнұлы да Халебты қолдады. Алайда, ираилдіктер олардың сөздерін тыңдамай:

– Бұл жер ешқашан біздікі болмайды. Егер оған кірсек, бәріміз де қырыламыз. Одан да Мысырға кері оралайық, – деп қайталай берді.

Олар осылай күңкілдеп, зәрелері ұшып, түні бойы жылап шықты. Таңертең Халеб пен Ешуа Нұнұлы зәресі ұшқан халықтың көзін жеткізуге тағы тырысты:

– Біз барып, көріп келген ел өте жақсы, – деді олар. – Егер Құдай қолдаса, Ол бізді сол жерге алып барып, оны біржолата біздің игілігімізге береді. Ең бастысы, Құдайға қарсы шықпаңдар, сонда Ол біздің жағымызда болады. Ал Құдайдың көмегімен біз кез келген жауды, тіпті, ең күшті дегенін де жеңеміз.

Алайда, ираилдіктер Ешуа Нұнұлы мен Халебтің дана сөздерін тыңдағылары да келмеді, сәл болмағанда оларды таспен атқылап тастауға шақ қалды.

Құдай ираилдіктердің жасаған заңсыз істеріне ұзақ қарап тұрды да, ақыры Мұсаға былай деді:

– Мына халық қашанғы Менің ашуыма тие береді? Менің көрсетпек барлық керемет істеріме қарамай, қашанғы олар Маған сенуден бас тартады? Мен бұдан артық төзе алмаймын, олардың көзін жойып, сенен жаңа таңдаулы халық таратамын.

Бірақ Мұса тағы да Құдайдан Ираил халқына рақым етуін, оны жойып жібермеуін өтінді.

– Жарайды. Мен бұл адамдарды тірі қалдырамын, бірақ Менің құдіретім мен Ираилге деген сүйіспеншілігімнің талай куәлігін көргендеріне қарамай Маған сенбегендіктен, олардың ата-бабаларына беруге уәде еткен жерді көрулеріне жол бермеймін. Олар тағы да қырық жыл бойына шөл даланы кезіп жүретін болады және осы кез аралығында бәрі де өледі. Ал уәделі жерге болса тек олардың балалары және Менің екі адал қызметшім Ешуа Нұнұлы мен Халеб қана кіреді. Ертең-ақ бұл уәделі жердің шекарасынан алысқа, аулақ, еш өмір нышаны жоқ шөл далаға аттаныңдар.

71. Мұсаның тіл алмауы

Руларды санау 20

Құдай Исраилді мойынсұнбаушылықтары мен сенімсіздіктеріне бола жазалады – олардың уәделі жердің шекарасынан алыс кетіп, шөл даланы қырық жыл бойына кезіп жүрулеріне тура келді. Олар бір құдықтан екінші құдыққа дейін кезіп, бетпақ далада ұзақ жүрді, ақыры мүлдем су болмайтын жерден бір-ақ шықты.

Бұған дейін талай рет болғанындай исраилдіктер Құдайдың қамқорын естерінен шығарып, күңкілдеп, Мұсаны айыптай бастады:

– Неге сен бізді Мысырдан алып шығып, мынадай ұшы-қиыры жоқ шөл далаға алып келдің? Өзіміз де, малдарымыз да қырылатын болдық қой. Мұнда құрма да, анар мен жүзім де өспейді, тіпті шөлімізді басатын су да жоқ.

Мұса да, һарон да бұған кінәлі исраилдіктердің өздері екенін білді. Бірақ соған қарамастан олар Құдайдың киелі шатырына барып, Оның әмірін күтті. Сонда Құдай оларға былай деді:

– Мұса таяғыңды ал да, һарон екеуің бүкіл халықты жиындар. Бәрі жиналған кезде жартасқа барып, бәрі көретіндей етіп, одан су шығуын бұйырындар. Сендер не айтсаңдар да орындалады.

Мұса таяғын алып, һарон екеуі бүкіл исраилдіктерді жиды. Руластарына қарап тұрып, Мұса ашуын зорға тежеді – Мұса олардың бітпейтін шағымдары мен Құдайға мойынсұнбауларынан әбден шаршаған еді. Мұса өзін-өзі ұзақ уақыт ұстап келді, дегенмен ақыры шыдай алмады:

– Ей, тілазарлар, сөзіме құлақ асыңдар! – деп айқайлады ол жиналған топқа. – Мына жартастан тағы да су шығарғанымды қалап тұрсыңдар ғой, ә? Солай ма?!

Сөйтіп Мұса ашуланып Құдайдың айтқанынан басқаша істеді: жартасқа су беруді бұйырудың орнына ол таяғымен жартасты екі рет соқты.

Мұса басқаша істегеніне қарамастан Құдай Өз уәдесін орындады: жартастан су ақты. Алайда, бұл Құдай Мұсаның мойынсұнбаушылығын кешірді деген сөз емес еді. Уақыт келген кезде, Мұса ашуға беріліп, Құдайдың бұйырғанындай емес, өз қалағанын істегеніне өкінетін болады.

72. Мыс жылан

Руларды санау 21

Жылдар өтіп жатты, ал Израил халқы әлі де шөл даланы кезіп жүрді, сенімсіздік көрсеткендері үшін Құдай оларды жазалап, олардың уәделі жерге кірулеріне жол бермеді. Кей-кейде еврейлер барлық істе үміттерін Құдайға артып, Оған толығымен сенуді үйренген сияқты болып көрінетін. Бірақ олар қайтадан Құдайға қарсы күңкілдей бастайтын. Көбіне олар тамаққа бола күңкілдейтін.

– Бізді Мысырдан мынадай шөл далаға не үшін алып шықтыңдар? – деп айқайлады адамдар Құдай мен Мұсаға. – Біз бәріміз аштан өлсін деп пе? Маннаны жегіміз келмейді, ал одан басқа талғажау ететін ештеңе жоқ.

Осыған дейін Құдай израилдіктерге мейірімді болып, әрқашан да оларға қажеттерінің бәрін беріп келді. Енді Ол мынадай қыңырларға жақсы бір сабақ бергісі келді.

Бірде израилдіктердің қосын улы жылан қаптап кетті. Жыландар шатырларға кіріп, адамдарды аямай шақты. Қоста өлген адамдар көбейді, ал тірілері зәрулері ұшып, мына апатқа қарсы не істеуді білмей бастары қатты.

Әбден дал болған адамдар Мұсаға жүгірді.

– Құдайға қарсы күңкілдеп, ауыр күнә жасағанымызды енді түсіндік, – деді олар. – Сенен өтінеміз, Құдайға сиынып, бізді мына жыландардан құтқаруын сұрай гөр.

Мұса Құдайға сиынды, ал Құдай оған былай деп жауап берді:

– Мыстан жылан жасап, оны қостың ортасына биік ағаш қадаға бәрі көре алатындай етіп көтеріп қой. Жылан шаққан кісі осы мыс жыланға қараса, сол сәтте-ақ жазылып кететін болады.

Мұса мыстан жылан жасап, Құдайдың айтқанындай етіп, оны қостың ортасына қойды. Жылан шаққан кісілер соған қарап, жазылып кетіп жатты. Құдайдың айтқаны дәлме-дәл келді. Әрине, адамдар мыс жыланның бір сиқырлы қасиеті болғандықтан сауыққан жоқ. Оларды сауықтырған – Құдайға деген сенімдері және Оған мойынсұнуға әзірліктері болды.

73. Бағалдың есегі

Руларды санау 22; 23

Израил халқы шөл даланы ұзақ кезіп жүрді. Ақыры израилдіктер уәделі жерге жақындап, Моаб жазығына шатырларын тікті. Бұл жазықта Моаб халқы тұратын. Моаб жерінде күшті әрі сансыз көп Израил халқының пайда болуы сол елдің патшасы Балаққа ұнамады. Балақ израилдіктер моабтықтарға шабуыл жасап, жерлерін тартып алады деп қорықты.

Израилдіктерге өзі бастап шабуыл жасау үшін Балақтың әскер саны тым аз болды, сонда ол айлакерлікпен әрекет етуге бел буды. Ол Месопатамияда Бағал деген дана пайғамбар тұратынын және ол өзіне көмектесе алуы мүмкін екенін есіне алды.

Қызметшілерін шақырып алып, Балақ былай деді:

– Бағалға барып, Балақ патша шақырып жатыр, ол сізден израилдіктерді қарғауыңызды сұрайды деп айтыңдар. Мүмкін оның қарғысынан кейін мен бұл халықты жеңе алармын.

Балақтың шабармандары бағалы сыйлықтарын алып, Бағалға келіп, оған патшаның өтінішін жеткізген кезде, ол таң атқанға дейін күте тұруларын сұрайды. Ал түнде Бағалға Құдай аян беріп, Өзі батасын берген халықты қарғауына тиым салды. Бағал Құдайды тыңдады, сөйтіп шабармандардың өз патшаларына құр қол қайтуларына тура келді.

Бірақ Балақ Бағалдың израилдіктерді қарғағанын қалағаны сондай, шабарман-елшілерін Месопатамияға қайта жіберді. Елшілер Бағалға келіп егер израилдіктерді қарғайтын болса, патшалары оған қалағанынша алтын-күміс беретінін айтады. Бағал алдында олармен бірге баруға келіспеген болатын, алайда кейін сыйлыққа қызығып, келісімін берді.

Таңертең Бағал есегін ерттеп мініп, жолға шықты. Ол бірталай жүргеннен кейін, кенет, әдетте момын есегі тоқтап, төрт тағандап тұрып алды. Бағал қаншама қамшыласа да, есек қаққан қазықтай орнынан қозғалмай қойды.

Бағал байлыққа қатты құмартып, көзі түк көрмей қалған болатын, сондықтан да есегі көріп тұрғанды ол өзі көрмеді. Жолдың дәл ортасында, тура олардың қарсы алдында, қолында жалаңаштаған қылышы бар Құдайдың періштесі тұр еді.

Есек періштені айналып өтпек болып, жолдан бұрылса, періште қайта жолына тұра қалады. Есек шетке ыршып, жол бойында өсіп тұрған жүзімдік алқабының тас қоршауына жабысты. Есекте отырған Бағал аяғын қоршауға соғып, ауыртып алып, есекті одан бетер шықпырта бастады.

Есек үшінші рет періштені айналып өтуге тырысты, бірақ қайтадан періште оның жолына тұра қалды. Сонда есек жерге жатып алып, орнынан тұрмай қойды. Бағал қатты ыза болып, оны ұрғылай бастады. Кенет, ол есектің адамша сөйлеп кеткенін естіп, таң қалды:

– Мені не үшін ұра бересің? Мен әрқашан саған адал қызмет етіп келдім. Саған мойынсұнудан бас тартқан кезім болып па еді?

Міне, осы кезде Құдай Бағалдың көзіндегі шелді алып тастады, сонда ол қақ алдында Құдайдың періштесі тұрғанын көрді. Періштенің түрі өте суық еді.

– Өміріңді сақтап қалған есекті неге сонша ұрасың? Мені көріп ол тоқтамағанында, мен сені өлтірер едім, ал есек тірі қалар еді. Ал қазір сапарыңды жалғастыруыңа болады. Алайда, Моабқа келгенде тек мен бұйырғанды ғана айтатын бол.

Бағал періштенің тілін алды және Балақ патшаға келген кезде, Израилді қарғаудың орнына оған үш қайтара батасын берді. Бағал Моаб патшасының уәде еткен алтын-күмістерін қанша алғысы келгенімен де, Құдайға мойынсұнбаудан қорықты, сондықтан періштенің айт деген сөздерін ғана айтты.

74. Мұсаның қайтыс болуы

Заңды қайталау 32; 34

Израил халқының қырық жылдық шөл даладағы сапары аяғына жақындаған кезде Мұса әбден қартайған еді. Дегенмен, ол әлі де болса күші қайтпаған, денсаулығы жақсы болды. Оның бар қалағаны – өз халқын бастап, уәделі жерге кіру болды, алайда бұл мүмкін емес болатын.

Израил халқы қос тігіп, Қанахан жерінің шекарасында тұрған кезде, Құдай Мұсаға аян беріп, былай деді:

– Мұса, сен уәделі жерге кірмейсің. Шөл далада жүргенде сен Менің айтқанымды істеп, жартасқа су шығаруды бұйырудың орнына, жартасты таяғыңмен ұрдың. Израил халқына деген ашу-ызақ Менің сөзімді орындамауыңа себеп болды, сол үшін Мен сені жазалаймын.

Халықты Қанахан жеріне бастап кіруге Құдайдың жол бермейтіні жайлы ой қаншама ауыр болса да, Мұса күңкілдеп, таласқан жоқ. Құдай сөзін ары қарай жалғастырды:

– Қанахан жеріне кірмегенмен, оны көруіңе мүмкіндік беремін. Нево тауына көтеріл. Сол жерден Мен Израилдің ұрпағының иелігіне беретін жер алақандағыдай көрініп тұрады. Сол таудың басында уәделі жерге қарап отырып, өліміңді қарсы алатын боласың.

Өмірден өтерінің алдында бақытты сәтті бастан кешіруге – қырық жыл бойына өзі халықты бастап келген елді көруге Құдай рұқсат еткеніне Мұса қатты қуанды.

Нево тауына көтерілуден бұрын Мұса соңғы рет Израил халқына сөзін арнады. Оларға Құдайдың батасын сұрап, Оның берген өсиеттерін орындаудың маңызды екенін естеріне салды. Осы соңғы сөздер Мұсаның аузынан әсем жыр болып төгілді.

Сондай-ақ Мұса израилдіктерге өзі өлгеннен кейін, адал серігі Ешуа Нұнұлы Израилдің көсемі болатынын айтты.

Содан соң Мұса орнынан тұрып, Құдай оған бұйырғанындай, Нево тауының басына көтерілді. Тау басында тұрып ол алдында көсіліп жатқан уәделі жерге қызыға қарады.

Мұса сонда, тау басында өлді. Мұсаның бейіті қайда екенін Құдайдың Өзінен басқа ешкім де білмейді.

Бұдан кейін Мұсадай ұлы көсем Исраилде ешқашан болған емес. Мұса Исраил халқын Мысырдың құлдығынан алып шығып, уәделі жерге бастаған кезде, талай ұлы істер жасады. Құдай оны Өзіне жақындатты және онымен көзбе-көз жеке сөйлесті. Бірақ Мұса кеудесін көтеріп, дандайсыған жоқ. Ол өз өмірін халықты құдіреті күшті Құдайға мойынсұнуға және Оны сүюді үйретуге бағыштады.

ЕШУА НҰНҰЛЫНЫҢ ХИКАЯСЫ

75. Исраилдің жаңа көсемі

Ешуа Нұнұлы 1

Мұса Нево тауына көтеріліп, өз халқын мәңгіге тастап кеткеннен кейін, Құдай Ешуа Нұнұлына былай деді:

– Менің қызметшім Мұса өлді. Енді Исраил халқын Иордан өзені арқылы уәделі жерге сен алып барасың. Мен оңтүстіктегі шөл даладан бастап, шығыстағы Ефрат өзенінен батыстағы Ұлы теңізге дейінгі жерді сенің халқыңның игілігіне беремін.

Бұл сөзді естіп Ешуа Нұнұлы біраз абыржып қалды. Ол жастайынан Мұсаның адал көмекшісі болды және Мысырдың құлдығынан құтылып, иеліктеріне берілген уәделі жерге бару сапарында Исраилдің ұлдарын басқарудың Мұсаға оңайға түспегенін көріп жүрді. Егер бұл Мұсадай ұлы кісіге ауыр болған болса, Құдайдың тапсырған ісін ол орындай алар ма екен?

Құдай Ешуаның екі ойлы болып тұрғанын көрді де, былай деді:

– Ешуа, сен мықты әрі батыл бол! Ештеңеден қорықпа! Мұсамен бірге болғанымдай, Мен сенің де қасыңда боламын. Ешқашан, еш жерде сені көмегімізсіз қалдырмаймын. Мен саған күш беремін! Бірде-бір жау саған төтеп бере алмайтын болады. Егер қайсар және батыл болсаң, ешқандай қауіп-қатерден тайсалмай, маған адал болсаң, Менің тапсырған ісімді атқара аласың. Менің Мұса арқылы Исраил халқына берген заңдарымды адал орындауға тиіссің. Менің заң кітабым әрдайым өзіңмен бірге болып, оны өзің күні-түні зерттеп, Менің нені қалайтынымды біліп жүрулері үшін халыққа да оларды үйрет. Егер осылай ететін болсаң, әрдайым, әрбір істе жолың болады.

Құдайды тыңдап болғаннан кейін Ешуа Нұнұлына сенімділік келді. Оның жақсы көсем болып, халықты уәде етілген жерге бастап баруына Құдайдың Өзі көмектесетінін ол түсінді.

Ол сол күні-ақ рубасылары мен басшыларды жиып алып:

– Адамдарыңа жолға жиналыңдар деп айтыңдар. Үш күннен кейін Иордан өзені арқылы өтіп, Құдай біздің иелігімізге беруге уәде еткен Қанахан жеріне кіреміз, – деді.

Қуанышты хабар қосқа лезде тарап кетті. Жаңа көсемнің бұйрығына бағынбау ешкімнің де ойына келген жоқ.

76. Иерихондағы тыңшылар

Ешуа Нұнұлы 2

Исраилдіктердің уәделі жерге кірер жолдарында екі кедергі тұрды. Бірі – ағысы жылдам, суы мол Иордан өзені, екіншісі – Қанахан жерінің аймағын қорғап тұрған Иерихон қаласының берік те биік қабырғалары еді.

Жолға шығудан бұрын Ешуа Нұнұлы да Мұса сияқты екі тыңшыны жіберді. Ол истраилдіктердің жолында жатқан жердің қандай екенін және олардың Қанахан жеріне кіруіне бөгет болған Иерихон қаласының қамалы қаншалықты мықты екенін біліп келуді бұйырды оларға.

Тыңшылар Иерихонның айналасындағы жерді қарап шығып, қалаға да кірді. Иерихонда олар Рахаб деген әйелдің үйіне келді, оның үйі қаланың қамал қабырғаларымен жабыстыра салынған болатын.

Алайда, Иерихон қаласында да тыңшылар бар еді. Олар қаланың айналасын қарап жүрген күдікті жігіттерді байқап қалды. Рахабтың үйіне жаудың тыңшылары тоқтады деген хабар Иерихон патшасына жетіп те үлгерді.

Мұны естіген патша оларды тергеу үшін Рахабтың үйіне екі қызметшісін жіберді. Алайда Рахаб ақылды әйел болатын. Ол өзінің үйіне бейтаныс кісілердің кіргенін біреу-міреу байқап қалуы мүмкін екенін және олардың неге келгенін патшаның білгісі келетінін алдын ала білді. Сондықтан да ол қонақтарының қауіпсіздігін алдын ала ойластырды.

Үйдің төбесінде кепсін деп жайып тасталған шөп болатын. Рахаб истраилдік тыңшыларды сол шөптің астына жасырды. Патшаның қызметшілері есік қағып, истраилдіктерді бері алып шығуды талап еткен кезде, Рахаб батыл жауап берді:

– Иә, маған екі кісінің келгені рас. Бірақ олардың кім екендерін және қайдан келе жатқандарын білмеймін. Күн батарда, қала қақпалары жабылардан бұрын, олар қоштасып кетіп қалды. Қайда кеткендерін білмеймін. Егер оларды ұстамақ болсаңдар, арттарынан дереу қуғыншы жібергендерің жөн болар.

Патшаның қызметшілері Рахабтың қулығына сеніп, истраилдік тыңшыларды Иерихон маңайынан іздеуге аттанды. Ал Рахаб болса қонақтарымен сөйлесу үшін үйдің шатырына көтерілді.

77. Рахабтың сенімі

Ешуа Нұнұлы 2

Рахабтың келе жатқанын естіп, израилдік тыңшылар тығылып жатқан жерлерінен шықты. Олардың да бұл әйелмен сөйлескілері келіп тұрған, өйткені оларға бір сұрақ маза бермеді: Иерихонда тұрған бұл әйелдің өз өмірін қатерге тігіп, жатжерліктерді құтқаруына не себеп болды?

Қонақтарын тыңдап болып Рахаб былай деді:

– Құдай осы жерді сендердің халықтарыңа бергенін білгендіктен мен сендерді құтқардым. Шөл даланы кезіп жүрген ұзақ жылдарда Оның израилдіктер үшін жасаған барлық керемет істері туралы мен естігенмін. Құдай оларға біздің патшамызды да жеңуге көмектесетініне күмән келтірмеймін, өйткені Ол – шынайы және құдіретті Құдай.

Мен сендердің өмірлеріңді аман алып қалдым, енді сендер де израилдіктер маған рақым ететін болады деп уәде беріңдер. Израилдіктер Иерихонды басып алған кезде маған, менің әке-шешеме және бүкіл отбасыма тиіспесін.

Риза болған израилдіктер Рахабқа оның туған-туыстарының бәрі аман қалатынына уәде берді.

Содан кейін Рахаб қонақтарына былай деді:

– Мен сендерді терезеден арқанмен түсіріп жіберемін. Төмен түскенде, қала сыртына бір-ақ шығасыңдар. Тез тауға қашып, патшаның адамдары өздеріңді іздеуін доғарғанға дейін, үш күн сонда жасырына тұрыңдар. Содан кейін ешнәрседен қорықпай-ақ қостарыңа оралуларыңа болады. Тыңшылар Рахабқа алғыстарын айтып, израилдік әскерлер Иерихонға шабуыл жасаған кезде аман қалу үшін не істеу керегін түсіндірді:

– Біз жаққа қараған терезеге алқызыл түсті мата байлап қой және бүкіл туған-туыстарыңды үйіңе жиып отыр. Сенің үйіңнің бір адамына да израилдік әскерлер тиіспеуіне уәде береміз.

Ешуа Нұнұлының тыңшылары кете салысымен-ақ Рахаб терезесіне қызыл мата байлап қойды. Оның Құдайға деген сенімі мен екі израилдікке көрсеткен қайырымды ісі бағаланатын болады: Иерихонға жасалған шабуыл кезінде көп қан төгіледі, бірақ Рахабтың туысқандарынан ешкім де зардап шекпейді.

Ал израилдік тыңшылар аман-есен тауға жетіп, сонда тығылды. Олардың артынан жіберілген қуғыншылар үш күннен соң Иерихонға қайтқаннан кейін, олар жасырынған жерінен шығып, израилдіктердің қостарын құрған жаққа жүрді.

78. Иорданнан өту

Ешуа Нұнұлы 2-4

Тыңшылар қосқа көтеріңкі көңіл - күймен оралды:

– Жаратқан Ие шынында да, Өзі уәде еткеніндей, бүкіл осы жерді бізге беретініне көзіміз жетті, – деді олар Иешуа Нұнұлына.

Бірақ Иерихон қамалына жеткенге дейін Израил халқы басқа бір кедергіден – Иордан өзенінен өтуі тиіс. Бұл оңай емес еді. Ересек ер кісілер өзеннен жүзіп өтулері мүмкін, бірақ олардан басқа қариялар, әйелдер мен кішкентай балалар да бар ғой. Отар-отар қой-ешкілерді де амалын тауып келесі жағаға өткізу керек.

Оның үстіне қазір бұл судың көбейген кезі болатын. Иордан өзенінің суы арнасынан шығып, айналадағы жазық жерлерге жайылып жатқан.

Алайда, барлық істе сенімін Құдайға артқан Ешуа Нұнұлын ештеңе тоқтата алмайтын еді. Құдай оған не істеу керегін үйретті және Ешуа Оның сөздерін дәл орындады.

Рубасылары мен ел басшыларын шақырып алып, Ешуа оларға былай деді:

– Ғибадатхана қызметкерлері Құдайдың келісім сандығын көтеріп, алда жүреді. Ал сендер еш нәрседен қорықпай, олардың артынан еріңдер.

Сөйтіп ғибадатхана қызметкерлері келісім сандығын көтеріп, Иорданға қарай жүрді, ал бүкіл халық олардың артынан ерді. Ғибадатхана қызметкерлердің аяғы Иордан өзеніне жете салысымен, су тоқтап, олардан алыста қабырға болып тұра қалды. Құрғаған су түбімен ғибадатхана қызметкерлер өзеннің ортасына барып тоқтады. Израилдіктер тайлы-таяғымен, отар-отар малдарымен келесі жағаға толық өтіп болғанға дейін олар сол орындарынан тапжылмай тұрды. Содан кейін ғибадат қызметкерлер де жағаға қарай жүрді, олар Иорданнан шыға салысымен, су қайтадан арындап, төменге, Өлі теңізге қарай ақты.

Халық суы құрғаған өзен арқылы өтіп жатқан кезде, Ешуа Нұнұлы әр рудан бір-бір кісіден таңдап алып, оларға Иордан өзенінің түбінен бір-бірден тас алуды бұйырды. Содан кейін Ешуа сол тастардан белгі тұрғызды. Тасты қалап болғаннан кейін ол израилдіктерге былай деді:

– «Бұл жерге мына тастарды неге тұрғызғансыңдар?» – деп балаларың сұрағанда, «Мұны Жаратқан Иенің жасаған керемет ісінің белгісі ретінде қойғанбыз: Құдай Иорданның суын құрғатып, біз құрғақпен уәделі жерге өткенбіз» деп жауап беріңдер.

ҚҰДАЙ УӘДЕ ЕТКЕН ЖЕР

79. Төтенше дайындықтар

Ешуа Нұнұлы 5; 6

Құдайдың көмегімен израилдіктер Иордан өзенінен өтті, енді олардың уәделі жерге жетулері үшін бір ғана кедергі – ұлы Иерихон қаласы ғана қалды.

Осы қаланы алмайынша, израилдіктер Қанахан жеріне қоныс тебе алмайтынын Ешуа Нұнұлы біледі. Иерихон патшасы бүкіл әскерімен және қала тұрғындарымен бекініп отырған камалды айналып жүрген Ешуа, кенет, қолында жалаңаштанған қылышы бар бір кісіні көрді.

– Сен кімсің? Біздің әскерденсің бе, әлде жау әскеріненсің бе? – деп сұрады ол.

– Екеуінен де емеспін. Мен Жаратқан Иенің әскерінің қолбасшысымын – деп жауап берді оған әлгі кісі.

Бұл сөздерді естіп, Ешуа Нұнұлы көктің әскері алдында етпеттей құлады. Алдында тұрған Құдайдың жіберген елшісі екеніне және Құдай оны өзіне Иерихонды қалай алуды үйретуге жібергенін Ешуа түсінді.

Расында да періште Ешуа Нұнұлына Иерихондық патшаны жеңу үшін не істеу керекін айтып берді. Періштенің берген нұсқаулары Ешуаға ақылға сыймайтындай, қызық болып көрінді, алайда ол дана болды, сондықтан да айтылғанның бәрін дәлме-дәл орындады.

Періштені тыңдап болып, Ешуа ең алдымен ер жүрек әскерлерін емес, ғибадатхана қызметкерлерді шақырып алды.

– Араларыңнан жеті кісі сырнайларын алсын да, қалғандарының алдында жүріп отырсын, – деді ол ғибадатхана қызметкерлерге. Басқалары келісім сандығын алып, сырнайшылардың соңынан жүрсін. Бұл Құдай біздің әскерлермен бірге келе жатыр дегенді білдіреді.

Содан соң Ешуа Нұнұлы әскерлерін шақырып, оларға былай деп бұйырды:

– Киелі сандықты алып жүретін ғибадатхана қызметкерлердің артында тұрып, олар қайда жүрсе, сонда жүріңдер.

Төтенше шеру қала қабырғасының түбіне сапқа тұрғаннан кейін, Ешуа Нұнұлы Құдайдың өзіне үйреткеніндей, израилдіктерге бұйырды:

– Енді қаланы айналып шығыңдар. Ғибадатхана қызметкерлер, сендер сырнайлатып жүріңдер, ал әскерлер, сендер үн шығарушы болмаңдар. Иерихонның қабырғасын бір айналып шыққаннан кейін, қосқа оралыңдар.

80. Иерихон қабырғаларының құлауы

Ешуа Нұнұлы 6

Израил халқының Иордан өзенінен өтіп, қала қабырғасының түбіне орналасқанын Иерихон патшасы зәресі ұшып, бақылап отырды. Алайда ол шақырылмаған қонақтарға еш кедергі жасай алмады. Оның әскерлерімен қоса қаланың берік қамалының артына тығылып, ары қарай не боларын күтуден басқа амалы қалмады.

Сырнай дауысын естіп, патша израилдіктер шабуылға шыққан болар деп ойлады. Алайда, олар түсініксіз шеру түрінде Иерихонды бір рет айналып шығумен шектелді: шерудің ең алдында сырнайлатып, ғибадатхана қызметкерлер келісім сандығын алып жүрді, ал кейін үн-түнсіз әскерлер еріп отырды.

Келесі күні де израилдіктер бірінші істегенін қайталады. Осылай алты күн жүрді. Сырнай үнінің астында израил әскерлері үн-түнсіз киелі шатырдың артынан еріп жүреді де, Иерихон қамалын бір айналып шығып, тыныш қана қосқа оралады.

Жетінші күні Ешуа Нұнұлы жаңа бұйрық берді:

– Бүгін Иерихонды бір емес, жеті рет айналып шығындар, – деді.

– Ғибадатхана қызметкерлері жетінші рет сырнайлатқан кезде, бәрің бар дауыстарыңмен айқайға басындар, өйткені Жаратқан Ие бізге бұл қаланы алып берді.

Жетінші айналымның басында ғибадатхана қызметкерлер сырнайларын тартып, ал қалған израилдіктердің бәрі бар дауыстарымен айқайлаған кезде, Иерихонның мықты қабырғалары шайқалып, құлап түсті.

Қуанышты айқай-шумен израилдік әскерлер қорғансыз қалған қалаға лап қойып оп-оңай басып алды.

Шабуыл бастала салысымен Иерихонға тыңшы болып келген екі жігіт Рахабтың үйін тауып алып, ондағы кісілердің бәрін аман алып қалды. Рахаб өзі де аман қалды, бүкіл отбасын да өлімнен құтқарды, өйткені ол Құдайға сенді.

Ал Ешуа Нұнұлына келсек, оның сенімі еш алынбастай болып көрінген қаланың қамалын алуына көмектесті. Иерихон қирады, себебі Ешуа өзінің қолбасшылық дарыны мен израилдік әскерлердің күшіне емес, Құдайға сенім артты.

81. Хевейлердің қулығы

Ешуа Нұнұлы 9

Бір кезде Құдай Ыбырайымға бүкіл Қанахан жеріне оның ұрпағы иелік ететініне уәде берді. Сондай-ақ Құдай оның ұрпағына бұл жерді иемдену оңайға түспейтінін де түсіндірген.

Ежелден бастап Қанахан жерінде жалған тәңірлерге табынып, азғындыққа салынған халықтар тұратын. Мүмкін, осы халықтар маған бет бұрып, өзгеретін шығар деп Құдай көп шыдады. Алайда бұлай бола қоймады. Сонда Құдай Қанахан жерін ираилдіктерге – шынайы Құдайды танитын және Оны құрметтейтін халыққа берді.

Шөл далада кезіп жүрген кездерінде Құдай ираилдіктердің Қанахан жерінде тұратын халықтардың ешқайсысымен де байланыспауларын Мұсаға ескертті. Еврейлер жалған тәңірлерге табынатын халықтардың арасына қоныстанса болғаны, көршілеріне еліктеп, олардың істегендерін істей бастайтынын Құдай білді.

Қанахан халықтары ираилдіктердің жақындап келе жатқандарын абыржи бақылап отырды. Ал еврейлер Иерихонды басып алған кезде, қанахандықтар шындап үрейленіп, оларға тосқауыл қою үшін бірігуді ұйғарды. Бұл одаққа хевейлер ғана қосылмады. Олардың Гаваон деген қалалары ираилдіктер қиратқан Иерихонға жақын болатын және олар Иерихон қаласының тұрғындарының кебін кюдоден қорықты.

Ираилдіктермен шайқасудың орнына хевейлер олармен келісімге келуді артық көрді. Бірақ олар Құдайдың ираилдіктерге Қанахан халқымен келісім жасауға тиым салғанын білді, сондықтан да қулыққа көшті.

Ираилдіктердің қосына аттанардан бұрын хевейлер алба-жұлба, ескі-құсқы киімдерін киіп алысты. Қоржындарына көгеріп, қатып қалған нан салып алды.

Сөйтіп, хевейлер Ешуа Нұнұлының алдына келіп:

– Біз сендермен одақтас болғымыз келеді, – деді.

– Сендер кімсіңдер, қайдан келесіңдер? – деп сұрады олардан Ешуа Нұнұлы. Егер Ешуа олардың Қанахан жерінен келгенін білгенде, ұсыныстарын қабылдамай тастар еді. Алайда өтірікші хевейлер былай деп жауап берді:

– Біз алыс елден келдік. Қарашы, ұзақ жол жүргеннен киіміміз тозды. Үйден ыстық күйінде алып шыққан нандарымыз қатып, көгеріп кетті.

Ираилдіктер хевейлерді тыңдап, Құдаймен кеңеспей, олармен келісім жасады.

Ираилдіктер хевейлермен соғыспауды және олардың қаласы Гаваонға шабуыл жасамауды міндеттеріне алғанымен қоймай, егер біреу тиіссе, жаңа одақтастарына жақтасуға да уәде берді.

Ал үш күннен кейін ираилдіктер өздерінің алданғанын біледі. Алайда қанша ашуланғандарымен өтірікші хевейлерден кек қайтара алмайтын, өйткені олар хевейлермен тату тұруға Құдайдың атымен ант берген еді. Ал хевейлер болса, өздерінің ираилдіктер сияқты күшті одақтас тапқандарына шексіз қуанды.

82. «Күн, тоқта!»

Ешуа Нұнұлы 10

Хевейлердің израилдіктермен келісім жасағанын қанахандықтар білгеннен кейін, олар сатқындардан өш алуға бел бұды. Хевейлермен көршілес отырған халықтарды басқаратын бес патша бірігіп, хевейлердің бас қаласы Гаваонды қоршап алды. Гаваонның тұрғындары Ешуа Нұнұлына хабар жіберді.

– Біз сендердің достарыңыз, – деді хевейлік хабаршылар израилдіктерге. – Келіп, бізді жаудан құтқара көріңдер.

Ешуа Нұнұлы және бүкіл Израил халқы өтірікші хевейлерге көмектескісі келмеді. Бірақ олар ант берген болатын және оны бұза алмайтын. Сондықтан Ешуа қол жинай бастады.

Құдайға израилдіктердің хевейлермен достасқаны ұнамады, алайда израилдіктердің өз уәделеріне берік болғанына риза болды. Ешуа Нұнұлы соғысқа аттанудан бұрын Құдай оған мынадай сөздер айтты:

– Қорықпа, бара бер. Жаудың әскері көп болғанымен де саған төтеп бере алмайды.

Кешке қарай Ешуа Нұнұлы әскерін бастап қостан шығып, таң ата Гаваонның түбінде тұрды. Қанахандық патшалар үшін израилдіктердің пайда болуы күтпеген жайт болды, сөйтіп кіші-гірім қақтығыстан кейін олардың әскерлері шегіне бастады, ал Ешуа Нұнұлының әскерлері олардың ізіне түсіп, құды.

Қанахандықтар құтылып кетпеуі үшін Құдай оларға бұрын-соңды болып көрмеген бұршақ жаудырды: бұршақтың үлкендігі сонша, күшті әскерлердің өзін құлатып салды, тіпті көбін өлтірді де.

Құдайдың көмегімен израилдіктер жауды жеңді. Алайда, израилдіктер қанахандық әскерлерді түгел жойып болғанға дейін қас қарайып, күн батып кетеді деп қауіптенген Ешуа Құдайға сиынып:

– Күн, Гаваонның үстінде тоқта, ал ай Апалон жазығының үстінде тұр! – деп айқайлады.

Шынымен де керемет жағдай болды: Ешуа Нұнұлының әскерлері бес патшаның біріккен әскерлерін түгел қырып болғанға дейін күн батпады. Бұл жер пайда болғаннан бергі ең ұзақ күн болды.

83. Қанахан жерін бөлу

Ешуа Нұнұлы 18-22

Уәделі жерді иемдену үшін Гаваонның түбінде бес патшамен соғысып жеңгеннен кейін де израилдіктердің талай шайқасқа түсуіне тура келді. Ақыры олар Құдайдың көмегімен жауларының бәрін жеңіп, тыныш өмір сүруді ойлай алатындай да болды. Ең алдымен израилдіктер жаулап алынған жерге қалай қоныстану мәселесін шешулері керек еді.

Қанахан жерін израилдіктердің руларына әділ бөліп беруді Құдай Ешуа Нұнұлына тапсырды, оған бұл қиын істе бір парасатты ғибадатхана қызметкер мен израилдіктердің бірнеше басшысы көмектесті.

Израилдік рулар Жақып-Израилдің он екі ұлынан тарағандар еді. Ру қай рубасыдан таралса, соның атымен аталды. Сонымен Израил халқында мынадай рулар болды: Шимон, Леуі, Яһуда, Исашар, Забулон, Бениамин, Дан, Нафталим, Ғад және Ашир.

Жақыптың сүйікті ұлы Жүсіптің ұрпағы, оның әкесінің еркіне сай, бір емес екі руды құрады: Жүсіптің ұлдарының аттары Ефрем мен Манас, олардың әрқайсысынан бір-бірден ру тарады.

Леуінің ұрпағы леуіліктер, өз алдына ру болғанымен, жерден үлес алмады. Леуіліктерге жердің қажеті жоқ еді – жер өңдеуге оларда бәрібір уақыт та жоқ болды. Өйткені олардың борышы – Құдайға қызмет ету және халыққа Құдай заңын үйрету еді. Ал леуіліктер жер өңдемей-ақ, күнделікті нан болуы үшін Құдай қалған руларға өнімдерінің бір бөлігін соларға беріп тұруды бұйырды.

Сонымен, Ешуа Нұнұлы Қанахан жерін әділдікпен он екіге бөлуі керек еді. Бұл оңай шаруа емес, өйткені бір жер құнарлы, екінші жер тастақ, бір жерде көп бай қалалар, ал екінші жерде бірнеше ғана кедей-кепшіктердің мекені бар болды.

Алайда Құдайдың көмегімен оған Қанахан жерін бөліп берудің сәті түсті және бірде-бір ру өзін төмен сезінген жоқ. Бөлінген жерді әрбір ру Жаратқан Иенің берген мол сыйы ретінде қабылдады. Ал жер әр руға мәңгіге берілді және ұрпақтан-ұрпаққа беріліп отыруы тиіс.

ИСРАИЛДЕГІ БИЛЕРДІҢ КЕЗІ

84. Қанахан жеріндегі еврейлер

Билер 1, 2

Мұсадан кейін Ешуа Нұнұлы Құдай заңына бағынудың маңыздылығын Исраил халқының есіне салып отырды және исраилдіктерді Құдай өсиет еткендей өмір сүруге үйретті.

Ешуа Нұнұлы өлгеннен кейін де исраилдіктер Құдайды құрметтеуді және Оны тыңдауды жалғастыра берді, өйткені олардың араларында Құдайдың Исраил халқын Иордан өзенінен алып өткенін және оларға барлық халықтарды жеңуге көмектескенін білетін кісілер көп еді.

Алайда, біртіндеп бұл адамдар да өлді, ал олардың балалары Жаратқан Иенің ұлы істерін көрмеген, тек бұл туралы әке-шешелерінің айтқандарынан ғана естігендер еді.

Уақыт өтіп жатты, исраилдіктер өз Құдайын және Оның өсиеттерін ұмыта бастады. Осылайша, олар уәделі жерде олардың алдында мекендеген халықтардың бәрін қуып жіберу туралы Құдайдың бұйрығын орындамады. Құдайдың қатаң тиым салғанына қарамастан, көптеген исраилдіктер қанахандықтармен достасып, тіпті олармен некеге де тұрды. Жаңа достары мен туысқандарынан олар әдет-ғұрыптарын, тіпті, сенімдерін де қабылдай бастады.

Қанахандықтар пұтқа табынушылар болды және әр түрлі жалған тәңірлерге сенді, соның ішінде ең бастысы – Бағал болып саналды. Олар ағаштан жалған тәңірлерінің мүсінін ойып жасап, соларға табынатын. Олардың салт-дәстүрлері қатал әрі адамгершіліксіз болатын. Бағалға адамды, әсіресе, жас балаларды құрбандыққа шалған ұнайды деп ойлады олар. Қанахандықтарға еліктеп, еврейлер де олардың қанды діни салттарына қатыса бастады.

Исраилдіктер Құдайға мойынсұнбай, жалған тәңірлерге табынуға тым беріліп кеткендіктен, Құдай бұл тоңмойын, тілазар халықты жазалауға бел буды. Құдайдың еркіне бағынбай, уәделі жерден исраилдіктердің өздері қуып шықпаған Қанахан халықтарына енді әр түрлі жолдармен исраилдіктерге қысым көрсетуіне Құдай жол берді. Қанахандықтар нығайып алды. Енді олар исраилдіктер Ешуа Нұнұлының бастауымен уәделі жерге кірген кездегіге қарағанда әлдеқайда күшті еді. Олар енді еш кедергісіз Исраил халқын тонап, оларға салық салды.

Исраилдіктер халі мүшкіл болған кезде, әрдайым өз Құдайын еске алып, одан көмек сұрайтын. Олардың жасаған күнәларына қарамастан, Құдай Өз халқын сүйетін және оларды қиын-қыстау кезде қалдырып кете алмайтын. Исраилдіктердің тұрмысын жеңілдету үшін Құдай олардың арасынан көсемдер тағайындады. Соғыс кезінде көсемдер исраил әскерлерін бастайды, ал бейбіт кезде халықты даналықпен басқарып отыратын болады. Бұл көсемдер билер деп аталды.

85. Аодтың ерлігі

Билер 3

Құдайдан бас тартып, Оның заңдарына бағынбағаны үшін ираилдіктерді жазалауға бел буып, Құдай оларды Моаб патшасы Еглонның билігіне берді. Моабтықтар олардың жерлерін, қалалары мен ауылдарын жаулап алып, ираилдіктерге ауыр салық салды. Он сегіз жыл бойына моабтық езгіден қиналып, егіс далаларында, бау-бақшалары мен жүзімдікте түскен пайдаларының бәрін Еглон патшаға беріп отырды.

Ираилдіктер жаудың қысымына ұзақ төзді, ақыр аяғында шыдамдары таусылып, торығып, Жаратқан Иеден көмек сұрады. Құдай олардың дұғасына құлақ асып, Аод есімді кісіні би етіп таңдады. Ол Бениамин руынан шыққан және осы ру адамдарының көбі сияқты солақай болатын.

Аод халқының көріп жүрген азабын жеңілдетіп, оны езгіден құтқарғысы келді. Сондықтан да ол Еглон патшаны өлтірмекші болды. Егер Еглон патша өлсе, моабтық әскерді басқаратын ешкім болмай, ираилдіктер оларды жеңуі мүмкін деп түйді Аод.

Еглон патшаға кезекті салықты апаратын кез келгенде, Аод керуенді Моаб жеріне өзі апарды. Ол өткір етіп қайралған қылышын алды, оны белінің сол жағына емес, оң жағына байлап, үстін шапанымен жауып қойды.

Егер моабтықтар күдіктеніп, оның қаруын тексеретін болса, сол жағына қарар еді, өйткені қаруды оң қолымен ұстауға дағдыланған кісілер оны, әдетте, сол жағына байлап жүреді. Ал, Аод болса солақай!

Салық артылған керуен Моабтың астанасына жеткеннен кейін ираилдіктер аялдамай, түйедегі жүкті түсіріп, сол күні-ақ кері қайтты. Аод та олармен бірге астанадан кері қайтып кетті, бірақ жарты жолда серіктерінен бөлініп, Еглон патшаға қайтып келді.

Патшаға келіп Аод оған құпия мәлімет хабарлауы керектігін айтты. Сарай қызметшілері олардың әңгімелерін естімеуі үшін, Еглон патша Аодпен сарайдың шатыры астындағы салқын бөлмеде жалғыз қалды. Патша бұл бөлмеге кіруге өз адамдарына қатаң тиым салды.

Патшамен жалғыз қала салысымен, Аод шапанының астынан қылышын суырып алып, жексұрын патшаны шауып өлтірді. Патша үн шығаруға да шамасы келмей, тіл тартпастан кілем үстіне құлап түсті.

Аод елеусіз ғана Еглонның сарайынан жылыстап шығып кетті. Сарай қызметшілері ештеңені байқамай қалды және патша ираилдіктердің көсемімен сұхбатын қашан аяқтар екен деп әлі де ұзақ тосып отырды. Сұхбаттасар бөлмеден ұзақ уақыт шықпай қойғаннан кейін мазасызданған қызметшілер қанша қорықса да, патша отырған бөлменің есігінен сығалап қарағанда патшаларының қанға бөгіп, өліп жатқанын көріп зәрулері ұшты.

Моабтықтардың астанасында абыр-сабыр болып жатқанда, Аод үйіне оралып, ираилдіктерді жауға қарсы аттануға үндеді. Аод бастаған ираилдік қол Моаб әскеріне

шабуылға шығып, жеңіске жетті. Осы жеңістің арқасында Израил халқы 80 жыл бойына еркіндікте және тәуелсіздікте өмір сүрді.

86. Дебора мен Барақ

Билер 4

Алайда Аод өлгеннен кейін израилдіктер қайтадан Құдайды және Оның өсиеттерін ұмытып кетті. Құдай израилдіктердің күнәсына ұзақ уақыт төзді, алайда Оның төзімі таусылып, оларды Қанахан жерінің солтүстігінде орналасқан Иавин патшаның билігіне берді.

Иавиннің әскері өте қуатты болатын – оның тоғыз жүз темір арбасы болып, оны Сисара есімді қолбасшы басқарды. Израилдіктердің жаяу әскері мынадай қолға түк істей алмайтын, сондықтан да Иавин жиырма жыл бойына Израил халқын қанап келді.

Сол кезде Израилдің биі – Дебора пайғамбар еді. Израилдіктердің бәрі Дебораның қайда тұратынын білетін және көмек немесе кеңес керек болса, соған келетін.

Алайда, бірде Дебораның өзі Барақ есімді кісіні тауып келуге адамдарды жұмсайды, Барақ алдына келген кезде ол оған:

– Барақ, Жаратқан Ие саған қол жиып, Иавиннің қолбасшысы Сисараға қарсы шайқасқа шығуды бұйырады. Оның әскерінің көптігіне және тоғыз жүз арбасына қарамастан, сен Құдайдың қолдауымен оны жеңесің, – деді.

Сисараның жеңілмейтін әскерімен соғысуы керек деген ойдың өзінен-ақ Барақ шошып кетті.

– Егер сен менімен бірге болсаң, онда мен Сисараға қарсы соғысамын. Ал егер сен бармасаң, мен де соғыспаймын, – деді Барақ Дебораға. – Жарайды, – деді Дебора, – мен сенімен бірге барамын. Бірақ Сисараны жеңген атақ саған емес, әйелге бұйырады.

Барақ Құдайдың Дебора арқылы айтқан сөзіне мойынсұнды. Ол израилдік әскерді жиып, тауға алып шықты. Осы таудың екінші жақ етегінде Сисараның әскері мен арбалары орналасқан болатын.

Шайқасқа дайындық аяқталған кезде Дебора Бараққа былай деді:

– Тұр, Сисараны сенің қолыңа береді. Жаратқан Иенің Өзі сенің алдында жүріп отырады.

Осы сөздерден жігерленген израилдік әскерлер жауға лап қойды. Олар өлімге бас тігіп бара жатқандай еді.

Сисараның әскері тоғыз жүз арбасымен израилдіктерге қарсы аттанып, оларды таптап-жаншып тастауға дайын болды, бірақ дәл осы кезде Құдай қанахандықтардың арасында әбігер туғызды. Олардың арбалары лайға батып, түкке жарамай қалды. Сисара мен оның

әскеріне жерге түсіп, жаяу шайқасуына тура келді. Арбаларынан айрылған қанахандықтар ираилдіктердің тегеурініне төтеп бере алмай, бас сауғалап кері қашты.

Осы күні Құдайдың қолдауымен Барақ жаудың күшті қолын жеңді. Бірақ Дебора айтқанындай-ақ Сисараны ойсырата жеңудің атағы оған емес, әйелге бұйырды.

87. Ер жүрек Иаил

Билер 4; 5

Қолбасшы Сисара соғыс алаңынан қаша жөнелді. Ол шайқас арасынан байқатпай сусып шығып, өзінің туған қаласы жаққа қарай жүрді.

Жолда Сисараға Иаил мен оның күйеуі Хевер тұратын шатыр кездесті. Бұл ерлі-зайыптылар Иавин патшасымен тату тұратын руға жататын, сондықтан да әбден қалжыраған Сисара олардың шатырында біраз тынығып алуды ұйғарды.

Шатырға жақындағанда алдынан Иаил шықты, ал оның күйеуі үйде жоқ еді.

– Шатырға кір, мырза, – деді Иаил Сисараға. – Қорықпай-ақ қой, саған мұнда ешқандай қауіп төнбейді.

Қашқын қолбасшы қатты қуанды, өйткені ол әбден қалжырап, күші біткен еді. Ол шатырға кіріп, Иаилден сусын беруді өтінді. Иаил Сисараға жаңа сауылған ешкінің сүтін берді. Содан кейін оған біраз көз шырымын алып, тынығуды ұсынды. Бұл ұсыныс қашқын қолбасшыға ұнады, бірақ ұйықтар алдында Сисара Иаилге былай деді:

– Шатырдың алдында тұр, егер біреу-міреу келіп, шатырда бөтендер жоқ па деп сұрай қалса, жоқ, деп жауап бер.

Иаил Сисараның айтқанын істеуге уәде берді. Сисара тынышталып, ұйқыға кетті.

Иаилге сенуге болмайтынын Сисара білген жоқ. Туысқандары Иавинның одақтастары болғанымен, Иаилдің өзі бұл қанішер патшаны жек көрді. Міне, қалжыраған Сисараның көзі ұйқыға кете салысымен, ол ақырын шатырға кірді. Оның қолында шатырды бекітетін қазық пен қазықты жерге қағатын ауыр балғасы бар еді.

Иаил ұйықтап жатқан Сисараға жақындап, оның самайына қазықты тақап қойып, бар күшімен балғамен қойып қалды. Қазық ұйықтап жатқан қолбасшының басына кірді. Ол тіпті оянуға да үлгермей, өліп кетті.

Бірнеше сағаттан кейін Иаил шатырға Барақтың жақындап келе жатқанын көрді. Ол Сисараның қашып кеткенін байқап, енді оның артынан қуып келе жатқан еді. Иаил Барақтың алдынан шығып:

– Шатырға кір, іздеп жүрген кісінді көрсетемін, – деді.

Барақ ішке кіріп, жауының өлі денесін көрді. Іс бітті. Жаратқан Иенің еркімен Ираил қайтадан жауларынан азат болды.

Иавин патшаны жеңудің құрметіне орай Дебора жеңіс әнін шығарды. Ол әнінде Жаратқан Иеге алғыс айтып, Барақтың және бүкіл исаилдік әскерлердің ерлігін дәріптеді, ал ең жоғарғы мақтау ер жүрек Иаилдің еншісіне тиді.

ГЕДЕОН

88. Гедеонды Құдайдың шақыруы

Билер 6

Қанахандық Иавин патшаны жеңгеннен кейін біраз уақыттан соң Исаил қайтадан Құдайды және Оның Өз халқына қалай көмектескенін ұмытып кетті және бұл бас тарту жазаланбай қалуы мүмкін емес еді: мойынсұнудан бас тартқанына ашуланған Құдай оларды қайтадан қайғы-қасіреттерімен жалғыз қалдырып кетті.

Ондай қайғы-қасірет көп күттірмей-ақ жетті: исаилдіктердің жеріне жаңа қатерлі жау – мадияндықтар төнді. Олар еврейлердің соғысуына тура келген бұрынғы жауларының ешқайсысына ұқсамайтын. Мадияндықтар көшпенділер болатын және оларды исаилдіктердің қымбат заттары, не басқа мүліктері қызықтырған жоқ. Олар исаилдіктерге салық салуға да тырыспады.

Исаилдіктердің егіні жайқалып, піскен кезде мадияндықтар көптігінен жер қайысқан малдарымен олардың жеріне келетін. Сөйтіп егіс даласын, бау-бақша мен жүзімдіктерден түк қалдырмай жайпап кететін, мадияндықтардың малдары жүріп өткен жерде исаилдіктердің малына бір түйір де шөп қалмайтын. Малдарын семіртіп, қыстық қорын жиып алып, мадияндықтар қайтадан шөл далаға кететін. Жеті жыл бойына күз сайын осылай болды.

Исаилдіктер мадияндықтарға ештеңе істей алмады. Мадияндықтар жақындағанда тауға қашып, көшпенділер керектерінің бәрін алып, сол жерден кеткенге дейін күтіп отырудан басқа амал қалмады. Әрбір осындай оқиғадан кейін исаилдіктер қатты аштыққа ұшырайтын.

Әбден сіңірі шыққан кедей болып, аштықтан құр сүлдері қалған кезде исаилдіктер ақыры Құдайды еске алып, Одан өздерін құтқаруын жалбарына сұрады. Құдай бұл жолы да Өз халқының дұғасына құлақ аспай қойған жоқ.

Манас руында Гедеон есімді жігіт болатын. Бірде, тау шатқалында, үй-ішінің мадияндықтардан аман алып қалуға сәті түскен азғантай ғана бидайды диірменге тартып отырған Гедеонның өз ісіне беріліп кеткені сондай, қасына бейтаныс адамның келгенін байқамай да қалды.

– Тәңір сені жарылқасын, жігітім, – деп тіл қатты бейтаныс Гедеонға. Ал шын мәнінде бұл бейтаныс кісі Жаратқан Иенің періштесі еді, бірақ Гедеон мұны әлі білген жоқ. Сондықтан періште оған:

– Жаратқан Ие саған өз халқыңды мадияндықтардан құтқаруды бұйырды, – деген кезде ол қатты таң қалды.

Абыржып қалған Гедеон:

– Исраилді мен қалай құтқармақпын? Менің үй-ішім Манас руының ішіндегі ең кедейі, ал менің өзім – отбасымыздың кенжесімін, – деп жауап берді періштеге.

– Сен Исраилді құтқарасың, өйткені Мен саған жар боламын, – деді Құдай періште арқылы Гедеонға, – Менің көмегіммен сен мадияндықтардың ордасын бұзасың.

89. Гедеонның айғақ алуы

Билер 6

Періште сөзін аяқтаған кезде Гедеон оған былай деді:

– Сен арқылы Құдайдың Өзі сөйлеп тұрғанын дәлелдейтін маған айғақ керек. Мен барып, саған жейтін бір нәрсе әкелгенімше, кетіп қалма.

– Жарайды, сен келгенше мен осында боламын, – деп жауап берді періште.

Гедеон үйіне барып, періште отырған жерге тез оралды. Ол бір дорба ала келді, онда бір кесім ет пен нан және бір құмыра сусын бар еді.

– Ет пен нанды мына тастың үстіне қой, – деді періште Гедеонға, – үстінен әкелген сусыныңды құй.

Гедеон солай істеді. Сонда періште ағашын көтеріп, оның ұшын ет пен нанға тигізді. Сол кезде тастан от шығып, Гедеонның әкелгендері жоғалып кетті.

Бейтаныс кісінің шынында да Құдайдың атынан сөйлеп тұрғанын сонда Гедеон түсінді. Дегенмен, әлі де болса күдіктенді: Исраилді мынадай қатыгез жаудан құтқаруға оның шамасы келер ме екен. Сондықтан ол Құдайдан жаңа белгі беруін өтінді:

– Егерде Сен мені Исраилдің құтқарушысы етіп таңдасаң, онда маған тағы да мынадай керемет көрсет, – деді Гедеон Құдайдың періштесіне. – Бүгін кешке қырманға мен қой терісін жайып қоямын. Таңертең, егер, қой терісіне ғана шық түсіп, айнала құрғақ болып жатса, Құдайдың мені шақырғанын білетін боламын.

Келесі күні қырманға келген Гедеон барлық жер құрғақ, ал терінің шылқылдаған су екенін көрді – теріні сығып, одан бір үлкен тостаған су алды.

Өз күшіне сенуі үшін Гедеонға бұл белгі аздық етті. Сонда ол тағы Құдайға былай деді:

– Жаратқан Ие, маған тағы бір керемет көрсетуді өтінгенім үшін ренжи көрмеші. Ертең барлық жерге шық түсіп, тері құрғақ болып жатсын. Егер солай болса, менің қолым арқылы израилдіктерді Сен құтқаратыныға сенемін.

Құдай Гедеонға ашуланбай, тағы бір керемет көрсетті. Таңертең қырмандағы терінің құрғақ, ал айнала жерге шық түскенін көріп, Гедеон өзін Құдай Израилді құтқару үшін таңдағанына толық көзі жетті.

90. Жалған тәңірлерге арналған құрбандық орындарын қирату

Билер 6

Жаратқан ие Гедеонды израилдіктерді мадияндықтардан құтқару үшін таңдады. Қол жиып, жауға қарсы аттанудан бұрын Гедеон тағы бір маңызды шаруа істеуі керек еді.

Мәселе мынада: Қанахандықтардың арасына қоныс тепкен Гедеонның руластары Жаратқан Иеге адал болмай көршілерінің табынатын жалған тәңірлеріне табынды. Қанахандықтарға ұқсап көптеген израилдіктер табынатын орындар салды және сол жерде қанахандық жалған тәңір Бағалға арнап құрбандық әкелді. Гедеонның әкесі Иоас та осындай құрбандық шалу орнын салды.

– Ең алдымен әкеңнің Бағалға арнап салған құрбандық шалу орнын бұз, – деді Құдай Гедеонға. – Және сол тәңірге арналған ағашты кес. Содан кейін сол жерде Маған, шынайы Құдайға арнап құрбандық шалатын орын сал.

Израилдіктерді Жаратқан Иеге сенім арту жолына қайта түсіру ең маңызды іс болды. Алайда израилдіктердің әбден адасқандары сондай, олар Бағалға және онымен байланысты нәрселердің бәріне қол тигізу, тіл тигізу күнә деп санады. Жалған тәңірлерге бағынатын отандастарының құрбандық шалу орындарын құртуға жол бере қоймайтынын Гедеон білді. Олардың шынайы Құдайдан алыстап кеткендері сондай, Бағал олардың құдайына айналды және олар бұл жалған тәңірді ашуландырудан қорықты.

Сондықтан да Гедеон Құдайдың әмірін түнде, ешкім көрмейтін және ешкім кедергі жасамайтын кезде орындауға бел буды. Сөйтіп, ол қасына он кісі ертіп, Бағалға арнап құрбандық шалу орны тұрған төбеге шықты. Бәрі жабылып, құрбандық шалу орнын қиратып, «Киелі ағашты» құлатып, сол жерге Жаратқан Иеге арнап құрбандық шалатын орын тұрғызды. Таң атпай жатып Гедеон ешкімге байқатпай үйіне оралды.

Таңертең Бағалға арналған құрбандық орнының қиратылғанын көрген израилдіктер мұны кім істегенін іздей бастады. Ақыры олар бұл істің Гедеоннан шыққанын білді. Он кісі білетін істі ұзақ сақтау мүмкін емес қой.

Жалған тәңірге табынушылар Гедеонды өлтірмекші болды. Ашуға мінген тобыр оның әкесі Иоастың үйінің алдына жиналды:

– Ұлың Гедеонды бері алып шық, – деп айқайлады тобыр. – Бағалға құрбандық шалатын орынды қиратқаны үшін ол өлуі тиіс.

Бұрын Иоастың өзі де құрбандық шалу орнын салуға қатысқанына қарамастан, енді батыл әрі дана сөйледі:

– Бағалдың жоғын жоқтайтын, оны қорғайтын сендер ма едіңдер? – деп жауап берді ол тобырға. – Егер Бағал шынымен құдай болса, өзін-өзі қорғай алады ғой. Егер Бағал құдай болса, онда құрбандық шалу орнын қиратқан кісіні өзі өлтірсін.

Әрине, Бағал Гедеонды өлтірген жоқ, өйткені ол құдай емес, адамдардың қиялынан туған болатын.

91. Гедеонның әскерін іріктеп алуы

Билер 7

Гедеонның израилдіктердің жауы – мадияндықтарға қарсы шығатын кезі де келді. Ол барлық израилдік әскерлерді жиып алып, оларды мадияндықтарға қарсы бастады. Израилдіктер таудың басында, бұлақ басына қостарын тікті, ал төменгі жазықты мадияндықтар алып жатты, олардың алдында Гедеонның әскері тым қораш болып көрінетін.

Гедеонның адамдары аз болғанына қарамастан, бірде Құдай оған былай деді:

– Сенімен өте көп халық келеді. Егер мадияндықтарды жеңсеңдер, сендер кеуделеріңді көтеріп, осының бәрін өз күштеріңмен істедік деп мақтануларың мүмкін. Сондықтан өз адамдарыңа айт, шайқасудан қорыққандары үйлеріне қайта берсін.

Мадияндықтармен соғысудан қорыққандардың бәрін үйлеріне қайтарғаннан кейін, Гедеонның 30 мың әскерінен 10 мыңы ғана қалды.

Алайда Құдай Гедеонға тағы да былай деді:

– Гедеон, әлі де адамың көп. Оларды бұлаққа апар да, су ішуді бұйыр.

Гедеонның әскерлері бұлақтан су іше бастады. Олардың су ішуге ыдыстары болмағандықтан біреулері етпетінен жата қалып, бастарын батырып судан ішті, ал кейбіреулері екі қолдарымен алып, алақандарымен ішті.

– Суды қолдарымен ішкендерді ғана өзіңмен бірге алып қал, – деді Құдай Гедеонға, – ал қалғандарын үйлеріне қайтар.

Гедеон Құдайға құлақ асып, Оның айтқандарын істеді. Барлық әскер осы сынақтан өткен кезде, Гедеонның қасында небары үш жүз кісі ғана қалғанын байқады.

– Қорықпа, – деді оған Құдай. – Сен және мына үш жүз кісі мадияндықтарды жеңесіңдер.

92. Түнделетіп мадияндықтардың қосына бару

Билер 7

Сол түні Гедеон Құдайдың дауысын тағы естіді:

– Мадияндықтарға шабуыл жасайтын кез келді. Мен оларды сендердің қолдарыңа беремін.

Осы кезге дейін Гедеон барлық істе Құдайға бағынды және Оның әрбір сөзіне сенді. Бірақ азғантай ғана адаммен жер қайысқан қалың қолға қарсы шығу туралы ой оны біраз қобалжытты.

– Егер жауға қарсы шабудан қорықсаң, – деп сөзін ары қарай жалғастырды Құдай, – онда қасыңа біреуді ертіп, байқатпай мадияндықтардың қосына барып, олардың әңгімелерін естуіңе болады. Сонда естігенің саған күш-жігер береді.

Гедеон Құдайды тыңдап, Фура есімді кісіні ертіп, байқатпай жаудың қосына кіреді. Таудың үстінен қарағаннан гөрі дұшпан енді оған әлдеқайда қатулы болып көрінді.

Қостың шетінде Гедеон Фура екеуі күзетшілерді байқады. Олар оттың қызуына жылынып өзара сөйлесіп отыр. Жақын келіп, олардың әңгімесіне құлақ түрді, мадияндықтардың бірі екіншісіне былай дейді:

– Мен қызық түс көрдім. Түсімде сұлыдан жасалған доп-домалақ нан жоғарыдан біздің қосқа дөңгелеп келіп, шатырлардың біріне соғылды, сонда оның соққысынан шатыр құлап қалды.

– Бұл түстің нені білдіретінін мен білемін, – деп жауап берді оған жолдасы. – Домалақ сұлы нан – Гедеон. Ол бізге шабуыл жасап, бізді жеңеді, өйткені Құдай оны қолдайды.

Гедеон жау қосында көп бөгелген жоқ. Осы естігені оған жеткілікті еді. Құдайға алғысын айтып, ол өз әскеріне оралды. Енді мадияндықтардан қорқудың керегі жоғын Гедеон білді – олар өздері Гедеоннан қорықты.

Өз қосына оралған Гедеон таңның атқанын күтпей, израилдік әскерлерді дереу оятып алды да, оларға: – Бүгін түнде Жаратқан Ие мадияндықтарды біздің қолымызға береді! – деп жеткізді.

93. Жаратқан Ие мен Гедеонның қылышы

Билер 7

Израил әскерлері шабуылға шығуға дайын болғанда, Гедеон оларды жүз-жүзден үш топқа бөлді. Әр әскерге ол сырнай, саздан жасалған бос құмыра мен ағаш алуды бұйырды. Әскерлер Гедеонның бұйрығын орындап, ары қарай не істеуді күтті.

– Ал енді, – деді Гедеон, – ағаштарыңды тұтандырып, оны құмыраға тығыңдар. Мадияндықтардың қосына барған кезде, маған қараңдар және мен не істесем, соны істеңдер.

Гедеонды тыңдап болғаннан кейін израилдіктер жазыққа – жаудың қосына қарай жылжыды. Саз құмыралар оттың жарығын жасырып, желдің оларды өшіруіне жол бермеді.

Мадияндықтардың қосына Гедеонның әскерлері дәл күзетшілер ауысып жатқан кезде келді. Жау әскерінің басым көпшілігі қалың ұйқыда жатқан, үш жүз израилдіктің жақын келіп қалғанын ешкім де байқамады.

Гедеон өз әскеріне жауды жан-жағынан қоршап алуды бұйырды. Содан кейін ол жанып тұрған отты жасырған құмыраны сындырып, сырнайын тартты. Оның істегенін қалған израилдіктер де істеді және бар дауыстарымен:

– Жаратқан Ие мен Гедеонның қылышы! – деп айқайлады.

Осы айқайдан, оттың жарқылы мен сырнай дауысынан мадияндықтар шошып оянды. Ұйқылы-ояу олар өздерін бірнеше мың әскер қоршап алды екен деп ойлады. Мадияндықтардың қосында абыр-сабыр дүрбелең басталды. Адамдар мен түйелер сапырылысып, әскерлер қолдарына түскеннің бәрін, дос па, қас па, қарамастан шапқылай берді.

Ал Гедеонның әскеріне тіпті, қылыштарын қыныптарынан суырудың да қажеті болмады. Олар мадияндықтардың қосын айнала қоршап, олардың бір-бірін өлтіргендеріне және одан кейін бытырап қаша жөнелгендеріне қарап тұрды.

Бәрі де Жаратқан Иенің айтқанындай болды. Гедеон мен оның үш жүз адамнан тұратын әскері мадияндықтардың жер қайысқан қолын жеңді.

ИАФФЕЙ

94. Ант

Билер 11

Гедееонның мадияндықтармен соғысындағы тамаша жеңісінен кейін көп уақыт өтпей-ақ еврейлер қайтадан Құдайға сенуден ауытқып көршілерінің жалған тәңірлеріне табына бастады. Исраил халқы Құдайды ұмытып кеткен кезінде болатындай бұл жолы да Құдай оларды жау қолына берді. Бұл жолғы жаулары аммондықтар болды.

Барлық еврейлердің аммондықтардың езгісіне шыдауына тура келді, ал Ғалақад қаласының тұрғындарының халі бәрінен де мүшкіл еді. Ғалақад рубасылары не істеуді білмей бастары қатты. Сонда араларынан біреу Иаффейді еске алды.

Иаффей Ғалақадта туылып, ер жеткен. Иаффейдің шешесі бөлек болғандықтан бауырлары оның мұрадан тиесілі үлес алғанын қаламады, сондықтан да Иаффейді қаладан кетуге мәжбүр етті.

Жат жерде Иаффей ер жүрек батырға айналды және өзінің азғантай тобымен Қанахан жеріне шабуыл жасап жүрді. Ғалақад қаласын аммондардың езгісінен Иаффейдей батыр ғана құтқара алады деп шешті рубасылар. Олар Иаффейге елшілер жіберді:

Келіп, аммондықтармен соғыста бізге басшы бол.

– Бұрын сендер мені жек көріп, әкемнің үйінен кетуге мәжбүр еттіңдер, – деді Иаффей оларға жауап ретінде. – Ал, енді бастарыңа қиындық түскен кезде менен көмек сұрайсыңдар. Жарайды, мен сендерге көмектесемін, бірақ менің бір шартым бар: аммондықтарды жеңгеннен кейін мен сендердің билеушілерің боламын.

Ғалақадтың рубасылары Иаффейді тыңдап болып, оның шартын орындауға қуана келісті.

Алдымен Иаффей аммондықтармен келісім жүргізді, алайда олар Ғалақад тұрғындарымен келісім жасасудан бас тартты. Сонда Иаффей аммондықтармен соғыспаса болмайтынын түсінді.

Соғысқа дайындалып жатып Иаффей Жаратқан Иеге серт берді:

– Егер Сен, Жаратқан Ие, маған жауымды жеңуіме көмектессең, үйге оралғанда бірінші көргенімді Саған құрбандыққа шаламын.

Құдайдың қолдауымен Иаффей аммондықтарды жеңіп әрі шаршап, әрі қуанып үйіне оралды. Үйіне оралғанда ол көңілді әуен естіді. Үйден бір музыка ойнап, алдынан билеп жүгіріп шыққан жалғыз қызын көргенде, Иаффей қатты қапаланды.

– Басқа емес, неге сен менің алдымнан шықтың? – деп еңіреп жылады Иаффей. – Енді мен өзімнің берген сертімді қалай орындаймын?

Қызы Иаффейге былай деп жауап берді:

– Әке! Сен Жаратқан Иеге серт бердің, енді оны орындауың керек. Мен соған дайынмын.

Терең мұңға батып Иаффей қайғылы құрбандық шалуға дайындалды.

95. «Сибболет»

Билер 12

Аммондықтармен болған соғыс жеңіспен аяқталғаннан кейін Иаффейге Ефрем руынан шыққан израилдіктер келді:

– Аммондықтарға қарсы соғысқа сен бізді неге алмадың? – деп жазғырды олар оны.

Аммондықтар толық жеңілгеннен кейін бұлай деп айту ефремдіктерге оңай еді.

– Он сегіз жыл бойы аммондар Израилге шабуылдап келді, – деп жауап берді оларға Иаффей. – Егер соғысқыларың келсе, сол кезде неге соғыспадыңдар.

Осы тауып айтылған сөздер ефремдіктердің намысына тиіп, олар Иаффейге:

– Өзіңмен қосып, үйіңді өртеп жібереміз, – деп қоқан-лоқы жасады.

Көп ұзамай шынында да ефремдіктер Иордан өзенінен өтіп, Иаффейге шабуыл жасауға дайындалды. Сонда Иаффей де дереу әскерін жиып, көтерісшілерге қарсы аттанды.

Шайқас ұзақ болған жоқ, Иаффейдің әскері ефремдіктерді оп-оңай жеңді және олар Иорданнан өтіп, келесі жағада бас сауғаламақ болып қаша жөнелді. Иаффей Иордан арқылы өтетін жалғыз өткелді басып алып, онда күзет қойып, арғы жағаға өткісі келетіндердің бәрін тоқтатуды бұйырды. «Жаудың» әскерін қалай ажыратуға болады? Өйткені бұл соғысқа қатысқандардың бәрі бір халықтың адамдары – бәрі израилдіктер ғой.

Ақыры шешім де табылды.

Ефремдіктердің «ш» әрпін айта алмайтынын елдің бәрі білетін. Олар «ш»-ны «с» деп айтатын. Сонымен, өткелге келген кісілердің бәріне Иаффейдің қойған күзетшілері «шибболет деп айт» деп талап етті (өткелде тұрған күзетшілерді бұл сөздің мағынасы емес, айтылуы қызықтырды).

Егер қорқып қалған кісі дауысы дірілдеп «сибболет» деп айтатын болса, демек алдарында тұрған ефремдік екенін күзетшілер түсінеді. Егер адам «шибболет» деп айтса, күзетшілер оған жылы шыраймен бас изеп, келесі жағаға өткізеді.

САМСОН

96. Жаратқан Иеге бағышталған нәресте

Билер 13

Иаффей қайтыс болғаннан кейін арада көп жыл өткенде Исраилге қайтадан жаулар шабуыл жасалды. Бұл жолғылар Жерорта теңізінің жағалауын мекендеген філістірліктер болды.

Манай мен оның әйелі басқа да исраилдіктер сияқты Құдайдан Исраил халқын дұшпанның езгісінен құтқаратын көсем жіберуін өтінді. Сондай-ақ олар Құдайдан өздеріне перзент беруін де сұрады. Ол кезде адамдар бала Құдайдың жарылқауы деп санап, мейілінше көп ұл-қызды болуға тырысты.

Ал Манай мен оның әйелінің, өкінішке орай, балалары болмады.

Бірде Құдайдың періштесі Манайдың әйеліне аян беріп, былай деді:

– Көп жылдан бері балаларың болмады, бірақ жуырда сен ұл табасың. Ол басқа балаларға ұқсамайтын болады. Құдай оған ерекше күш береді, өйткені Құдай оны Исраилді філістірлерден құтқару үшін таңдады. Сен ұлыңды ел көзінен таса, бөлектеп өсіруге тиістісің. Ол дүниеге келген күннен бастап, Құдайға бағышталады. Ешқандай жағдайда оның шашына ұстара тимеуі керек.

Бұл сөздердің нені білдіретінін Манайдың әйелі түсінді. Исраилдің ұлдарынан біреу өзін Жаратқан Иеге қызмет етуге бағыштағысы келсе, ант беретін. Ол өзін Құдайға бағыштағанын бәрі көруі үшін шашын алмайтын. Ал серттің уақыты біткеннен кейін ол шашын алып, басқалар сияқты өмір сүре беретін. Жаратқан Иенің періштесі Манайдың әйеліне оның ұлы ешқашан шашын алмауы керек деді. Демек, ол бүкіл өмірін Жаратқан Иеге қызмет етуге бағыштайды деген сөз. Бұл хабар Манай мен оның әйелін әрі қорқытты, әрі қуантты. Олар болашақ сәбилерінің келешегі жайлы көп ойлады және Жаратқан Иенің бұйрығын орындауға дайын болды.

97. Філістірлік қалыңдық қыз

Билер 14

Міне, Манай мен оның әйелі ұлды болып, оны Самсон деп атады. Ата-анасы оған сүйіспеншілікпен қарап, риза болды. Оларға ешкімде, ешқашан мынадай ғажап сәби болмағандай болып көрінетін және олар қателескен жоқ.

Самсон өте күшті болып өсті. Басқа балалармен ойнап жарысқан кезде ол әрдайым жеңіп шығатын. Оның шашы бала кезінің өзінде иығынан асып тұрды, өйткені әке-шешесі Құдайдың сөздерін есте сақтап, оның шашын алған емес.

Самсон ер жеткен кезінде бір қызды кездестірді. Қыз Самсонға ұнап, ол оған үйленбекші болды. Алайда Манай қыздың філістірлік екенін білген кезде, қызға құда түсуден үзілді-кесілді бас тартты.

– Өз халқыңның арасында сұлу қыздар аз ба? Солардың біреуіне үйлен! Філістірлік қызға үйленбе! – деп жалынды ол ұлына.

Самсонды філістірлік қызға ынтықтырып қойған Жаратқан Ие екенін білмегендіктен Манай осылай деді. Қалай дегенімен де Самсон өз дегеніне жетті.

Міне, Манай мен әйелі Самсонды ертіп, қызға құда түсу үшін, оның әке-шешесі тұратын Фимнаф қаласына аттанды.

Жас әрі күшті Самсон әке-шешесінен әлдеқайда алға ұзап кетті. Ол жалғыз өзі жолмен келе жатқанында, кенет алдынан үлкен арыстан кесе көлденең шыға келді. Алды-артына қарамай қаша жөнелудің орнына Самсон арыстанды жалаңаш қолдарымен алқымынан алып өлтірді. Бірақ әке-шешесіне болған жайт туралы түк айтпады.

Фимнафтағы құдалық сәтті болды, қыздың әке-шешесі оны Самсонға әйелдікке ұзатуға қуана келісті.

Тойға дайындалу үшін Самсон әке-шешесімен үйге қайтты. Тойға дайындалып болған соң ол қайтадан Фимнафқа аттанды. Жолда ол өзі өлтірген арыстанды есіне алып, жыртқыш аңның денесін қалдырып кеткен жерді іздеп тапты. Алайда одан күнге ағарып кеткен құр сүйегі ғана қалыпты.

Жақындап келіп қарағанда арыстан сүйегінің қаңқасының арасына жабайы аралар ұя салғанын көріп, Самсон таң қалды. Ол ұяның ішіне абайлап қолын салып, азғантай бал алып жеп, күш жиып, жолын ары қарай жалғастырды.

98. Арыстан мен бал арасы туралы жұмбақ

Билер 14

Самсонның філістірлік қызбен тойы жеті күн тойланды. Тойдың алғашқы күні Самсон қалыңдық жақтан келген қонақтар жас філістірлерге жұмбақ жасырды:

– Егер той біткенге дейін жұмбақтың шешуін тапсаңдар, – деді Самсон, – мен сендердің бәріңе мол сыйлық беремін. Ал жұмбақтың шешуін таба алмасаңдар, сендер маған құн төлейсіңдер. Жұмбақ мынау:

Жегіштен жеуге болатын,

Күштіден тәтті нәрсе шықты. Бұл не?

Самсонның өзінен басқа ешкім арыстан мен аралар туралы білмейтін еді. Яғни, філістірліктер бұл жұмбақтың шешуін ешқашан таба алмайтын. Ал олар жат жұрттыққа ақша төлегісі келмеді, сондықтан да Самсонның жас келіншегіне келіп:

– Жұмбақтың шешуін күйеуіңнен сұрап ал. Қайдағы бір израилдіктің бізден басым тұсуіне біз жол бермейміз. Егер жеті күннен кейін сен бізге жұмбақтың шешуін айтпасаң, біз сені үйіңмен қоса өртеп жібереміз, – деді.

Жас келіншек қорқып Самсоннан жұмбақтың шешуін айтып беруін өтіне бастады:

– Сірә, сен мені сүймейтін шығарсың. Әйтпесе, жасырған жұмбағыңның шешімін маған айтқан болар едің ғой.

– Тіпті, әкем мен шешем де бұл жұмбақтың шешуін айтқан емеспін, – деп жауап берді Самсон, - неге мен оны саған айтуым керек?

Жас келіншек Самсоннан күнде өтінді, ал ол әр кез «жоқ» деп жауап берді. Ақыры соңғы күні ол келіншегінің өтінішін орындап, жұмбақтың шешуін айтып берді. Ал ол болса оны күте-күте тағаты таусылған філістірліктерге жеткізуге асықты.

Міне, жетінші күні кешке жас жігіттер Самсонның алдына келіп:

– Балдан не тәтті, арыстаннан кім күшті? – деді. Самсон қатты ашуланды. Ол өзі келіншегіне өлі арыстан мен ондағы араның ұясы туралы айтып бергендіктен ғана мыналар жұмбақтың шешімін тауып келіп тұрғанын жақсы түсінді. Қатты ыза болған ол жас келіншегінің үйінен – Фимнаф қаласынан кетіп қалды.

Сол кезден бері Самсон өзін қорлағандары үшін філістірліктерден өш алуды бастады. Көп жылдар бойы ол філістірлерді жалғыз өзі шабуылдады. Самсон ешқашан да әскер жинаған емес және әрдайым Құдайдың көмегімен жауларын жалғыз өзі жеңіп жүрді. Көп жылдар бойына філістірлер күшті израилдікті тұтқындауға босқа тырысты, ешқандай тұзақ, ешқандай кісен оны ұстап тұра алмайтын.

99. Самсон мен Далила

Билер 16

Арада бірнеше жылдар өткеннен кейін Самсон Далила есімді філістірлік әйелді сүйіп қалды. Мұны білген кезде філістірліктердің көсемдері жасырын түрде Далилаға келіп:

– Егер Самсонның күші неде екенін бізге біліп берсең, біз саған мол сый-тарту береміз, – деді.

Філістірлік көсемдердің есебі дәл келді – Далила ақшақұмар, алтын мен күміс көрсе жолдан таятын әйел болып шықты. Уәде етілген мол сыйақы үшін ол Самсонды сатып, оны жауларына ұстап беруге еш ойланбай-ақ келісті.

Самсон оған келген кезде:

– Сенің күшің неде екенін айтшы. Сені әлсіз әрі дәрменсіз ету үшін не істеу керек? – деп сұрады.

– Егер мені жеті жаққа байласа, мен күшімнен айрылып, басқа адамдар сияқты болып қаламын, – деп Самсон сүйіктісін алдады.

Самсон өзіне шындықты айтпағанын Далила сезді, дегенмен, оның сөздерін тексеріп көруге бел буды. Ол ойнап істеген сияқты Самсонды жеті жаққа байлап тастады да:

– Самсон! Філістірліктер келіп қалды! – деп айқай салды.

Самсон сілкініп қалып, орнынан атып тұрды да, бір-ақ қимылмен байлауын үзді. Самсон өзін алдағанын Далила түсінді. Бірақ та ол алған бетінен қайтпай, дегеніне жетпей қоймауға бел буды. Әр кездескен сайын ол Самсоннан оның ерекше күштілігінің құпиясын сұрай берді. Әбден мезі болған Самсон тағы да Далиланы алдауға тырысты:

– Егер мені жаңа арқанмен байласа, мен күшімнен айрылып, барлық адамдар сияқты боламын, – деді ол. Алайда Далила Самсонды жаңа арқанмен байлап, філістірліктер келіп қалды деп айқайлағанында, ол бұл жолы да Самсонның оп-оңай босанып кеткенін көрді.

– Сен мені мазақ етіп жүрсің, – деп өкпеледі Далила. –Кәдімгі адамдар сияқты болып қалуың үшін не істеу керек екенін маған айтсаңшы?

– Менің шашымды өрмекке қосып өріп жібер. Сонда мен күшімнен айрыламын, – деп жауап берді Самсон.

Самсон ұйықтаған кезде Далила абайлап, оның шаштарын өрмекке қосып өріп тастады.

Кейін әдеттегідей:

– Самсон, філістірліктер келіп қалды! – деп айқай салды.

Самсон бір ғана қимылмен шашын босатып алды. Ол өзінің күші неде екенін бұл жолы да Далиладан жасырып қалды.

100. Самсонның тұтқындалуы

Билер 16

Самсоннан күшінің құпиясы неде екенін сұрауын Далила тоқтатпады. Філістріліктердің көсемдері уәде еткен мол сый-тартуды иемденуге ол белін бекем бұды.

Ақыры оның тоқтаусыз өтініші Самсонды мезі етті:

– Жарайды, – деді ол. – Егер сен үшін аса маңызды болса, мен саған шындықты айтып берейін.

Далила құлағын түре қалды. Бұл жолы Самсонның алдамайтынына ол сенімді еді.

– Менің шашыма ешқашан ұстара тиген емес, – деп түсіндірді Самсон. – Мен дүниеге келген күнімнен бастап Құдайға бағышталғанмын. Ұзын шаш – соның белгісі. Егер шашыма ұстара тисе, менің Құдайға берген сертім бұзылады және Жаратқан Ие маған дарытқан күштен айрыламын.

Далила көп бөгелмей күте-күте үміттерін үзген філістірліктердің көсемдеріне аттанды:

– Самсонды енді сендердің қолдарыңа әлсіз әрі дәрменсіз етіп беруге уәде беремін, – деді ол. – Менімен жүріңдер.

Көсемдер күміс салынған қаптарын алып жасырын Далиланың үйіне келді. Далила оларды жасырып қойды да, өзі Самсонды күтті. Ал ол келген кезде түк болмағандай-ақ онымен жайбарақат әңгіме-дүкен құрды.

Содан кейін Далила оның басын тізесіне қойып, қалжыраған батырды ұйықтатты. Самсон ұйықтап қалған соң, ол філістірліктерге бері жақындап, Самсонның шашын алуға белгі берді.

Далила філістірлер Самсонның шашын алып болғанша күтті де, бәрі біткеннен кейін, ұйықтап жатқан оның құлағының түбінен:

– Самсон, тұр! Філістірлер келіп қалды! – деп айқайлады.

Самсон орнынан атып тұрып, және өзіне жабылған жауға алпауыт күшімен тап бермекші болып еді, онысынан түк шықпады. Ол енді қарапайым адамдардай, асқан күшті емес еді.

Шашына ұстараны білместіктен тигізгенімен Самсон Құдайға берген сертін бұзды. Сондықтан да Жаратқан Ие Самсоннан бет бұрды және оның алпауыт күшінен із де қалмады.

Қуанған філістірліктер Самсонды байлап, оны өздерінің Газа деп аталатын қалаларына алып келді. Сонда оның көзін ойып алып, аяғына ауыр кісен салып, оны диірменге бидай тартуға мәжбүр етті.

101. Өлерінде де күшті

Билер 16

Філістірліктердің қуанышында шек болмады. Өйткені олар өздерінің қас дұшпандары – израилдік Самсонды ұстап алған. Енді ол олардың тұтқыны. Бізге оның ешқашан зияны тимейді деп ойлады олар. Осы зор сәттілікті тойлап, сол үшін өз құдайлары Дагонға алғыс айту үшін філістірліктер үлкен мейрам ұйымдастырмақшы болды.

Мейрам болатын күні бағаналы үлкен бөлмеге адам лық толды, тіпті ғимараттың үстіне де адамдар шығып алды. Олар Дагонға арнап құрбандық әкеліп, біздің құдай жауымыз Самсонды қолымызға түсіріп берді! – деп даурыға айқайласты.

Ал көзі көрмей қалған және кісендеулі Самсон қараңғы зынданда отырды. Дұшпандары оның көз жанарын алды, бірақ бәрі оның есінде еді. Ол өзіне шешесінің айтқан Жаратқан Ие оны Израилді құтқару үшін таңдағаны туралы сөздерін есіне түсірді. Жаратқан Иеге қызмет етуге берілген серттің белгісі ретіндегі ұзын шашын да есіне алды.

Өзіне дарыған алапат күштің Құдайдан берілген сый екенін және Құдай оған бұл күшті Израилді філістіліктерден құтқару үшін бергенін Самсон білді. Самсон шайқастарда әрдайым күшті, ал өзінің міндетін орындауға келгенде әлсіз болатын. Ол өзінің басын айналдырып, алдаған әйелдердің алдында өзін ұстап тұра алмайтын.

Дегенмен, Самсонның алынған шашы өсіп жатты және сонымен бірге оның өзі істеуі тиіс болған істі жүзеге асыру туралы шешімі де беки түсті. Ол бір-ақ нәрсені сондай қатты қалады – бұрынғы өзінде болған күшті тағы бір рет сезінуді және філістірліктермен бетпе-бет кездесуді.

Ал бұл кезде філістірліктер көңіл көтеріп, әндетіп, билеп жатты. Мейрам әбден қызған кезде көсемдердің бірі:

– Самсонды бері әкеліңдер! Ол біздің көңілімізді көтерсін! – деді.

Қызметші бала Самсонды зынданнан алып келіп, філістірліктер өз жеңістерін тойлап жатқан бөлменің дәл ортасына қойды. Олар Самсонды мазақ етіп күле бастады. Бұрын оның атын естігеннің өзінде зәрелері ұшатын філістірліктер енді соқыр әрі әлсіз Самсоннан қорықпады.

Біраздан кейін Самсон өзін алып келген балаға:

– Үйді ұстап тұрған бағаналарға сүйеніп тұрайын мені сонда апаршы, – деді. Бала Самсонның өтінішін орындап, оны екі орталық тіреуім бағанаға алып келді.

– О, Жаратушы Құдай Ие! – деп сиынды Самсон. – Мені есіңе ала гөр. О, Құдайым, маған қазір күш берші! Жауды соңғы рет жер жастандыратын жағдай жасашы.

Содан кейін Самсон бар күшін жиып, екі алып бағанаға сүйенді.

– Жауымды бірге жер жастандырайын! – деп айқайлады ол, сонда оның дауысы мерекелік шуды басып кетті.

Алып бағаналар теңселіп, орындарынан қозғалып, қирай құлады. Оның артынан бағана ұстап тұрған шатыр құлады. Қас қағым сәтте тамаша салтанатты сарайлар үйіндіге айналып шыға келді. Філістірліктер де, ираилдік батыр да осы үйіндінің астында қалды.

РУТ

102. Ауыр кездер

Рут 1

Исраилді билер басқарған заманда Бетлехемде Елімәлік есімді кісі әйелі Нағима және екі ұлымен тұрды. Бір жылы елде егін шықпай қалады. Аштан өліп қалмау үшін Елімәлік өзінің үйін тастап, Исраилмен көршілес ел – Моаб жеріне көшеді.

Сонда, Моаб жерінде Елімәлік қайтыс болады. Бұл кезде оның ұлдары ер жетіп, шешелеріне қамқор бола алатын еді. Көп ұзамай олар моабтық қыздарға үйленді.

Осылайша, олар бәрі бірге тұрып жатты. Бірақ, арада көп жыл өтпей, Елімәліктің екі ұлы да қайтыс болды. Бейшара Нағима жат елде күйеуі мен ұлдарынан айрылып, жалғыз қалды. Бақытына қарай екі келіні – Орпа мен Рут мейірімді жандар болып шықты және олар шамалары келгенше енелерін жұбатып, оған көмектесуге тырысты.

Осылайша, Нағима Моаб жерінде тұрып жатты, алайда осы уақыттың бәрінде туған қаласы Бетлехемді сағынып жүрді. Міне, Исраилде қуаңшылық бітті, онда қайтадан нан ағыл-тегіл деген хабар оған да жетті. Мұны естіген соң Нағима азын-аулақ жиған-тергенін алып, екі келінін ертіп жолға шықты.

Әйелдер Исраилдің шекарасына жеткен кезде, Нағима тоқтап, Орпа мен Рутқа:

– Сендерге үлкен рахмет! Маған өте мейірімді болдыңдар, ал енді өз үйлеріңе оралатын кездерің келді, – деді.

– Жоқ, біз сізбен бірге барамыз! – деді екі әйел де.

– Әрқайсың өз үйлеріңе оралыңдар, – деп айтқанынан қайтпады Нағима. – Сендер Исраилде бөтен боласыңдар, ал мен сендерге еш көмектесе алмаймын. Ең жақсысы, үйлеріңе қайтыңдар.

Орпа Нағиманың сөзін тыңдады. Ол енесінің бетінен сүйіп, қоштасып зорға дегенде кері қайтты.

– Рут, сен де Орпа сияқты кетуге тиіссің, – деді Нағима.

– Өтінемін, сізбен бірге болуыма рұқсат етіңіз! – деп жалынды Рут. – Сіз қайда барсаңыз, мен де сонда барамын. Сіздің халқыңыз менің де халқым, сіздің Құдайыңыз менің де Құдайым болады. Мені сізден өлімнен басқа ешнәрсе де ажырата алмайды.

Руттың белін бекем бұғанын көріп, Нағима оны кері қайтаруға тырыспай, бірге жүруіне рұқсат етті. Ол да бұған қуанды, өйткені Рутқа бауыр басып қалған еді.

103. Руттың масақ теруі

Рут 2

Бетлехемнің тұрғындары Нағиманың оралғанына қатты қуанды, бірақ бір қайғылысы – оны туған жерінде кедейлік пен жоқшылық күтіп тұрған еді.

Ол кездерде әйел адам өз тамағын өзі тауып жей алмайтын, ал Нағиманың не күйеуі, не ұлдары болмады. Алайда Жаратқан Ие ираилдіктерге көп дана заңдар берген. Солардың ішінде кедейлер мен аш-жалаңаштар орақшылардың артынан масақ жинауға қақысы бар деген заң бар.

Нағима мен Рут Бетлехемге келген кезде арпа орағы басталған кез еді.

– Мен егіс даласына барып, масақ теріп келейін, – деп ұсыныс жасады Рут енесіне. – Егер жалқауланбасақ екеумізге де жететіндей тамақ жинауға болады.

Таңертең ерте Рут үйден шығып, егін орылып жатқан жерге келді. Олар орақшылардың артында байқалмай, түсіп қалған әрбір дәнді қалдырмай терді.

Түске таяу сол егіс даласының қожайыны Боғоз деген кісі орақ қалай жүріп жатқанын көру үшін келді.

– Масақ теріп жүрген мынау жас әйел кім? – деп сұрады ол қызметшілерінен Рутты көрсетіп.

– Бұл жатжерлік, моабтық әйел, Нағиманың келіні, – деп жауап берді оған.

Нағимамен бірге Бетлехемге еріп келген моабтық Рут туралы Боғоз естіген болатын. Кішкентай қалада кез келген хабар тез тарайды. Ол Рутқа жақындап келіп былай деді:

– Егін орағының аяғына дейін менің орақшыларыммен бірге бол. Оларға сені қумандар деп айтамын. Шөлдесең, орақшыларға арнап әкелінген сусыннан ішуіңе болады. Ал, қазір, барып тамақ ішіп ал.

– Жатжерлік маған неге сондай қамқорлықпен қарайсыз? – деп сұрады Рут таңдана.

– Сенің Нағимаға өте мейірімді екеніңді естігем. Сен өзіңді сеніп тапсырған Жаратқан Ие лайым есесін қайтарғай. Ол сені лайым қорғап, сақтасын.

Рутқа байқатпай Боғоз орақшыларына көбірек масақ қалдыруларын тапсырды.

Сол күні Рут үйге қайтып келген кезде, оның әкелген арпасының көптігін көріп Нағима қатты таң қалды.

– Осыншама көп арпаны қайдан жидың? – деп сұрады ол келінінен.

– Мен Боғоз деген кісінің егіс даласына бардым, – деп жауап берді Рут. – Ол маған жылы қарады.

– Жаратқан Ие жарылқасын оны! Сені Боғоздың егістігіне алып келген Құдай ғой! – деп қуанды Нағима. – Боғоз біздің туысымыз болып келеді, ол өзі де сені ренжітпейді, қызметшілерінің сені ренжітуіне де жол бермейді.

104. Бақытты аяқталған өмір

Рут 3; 4

Сол кезден бастап бәрі ойдағыдай болды. Рут күн сайын Боғоздың егістігіне масақ теруге барды, ал Нағима үйде қалып, үй шаруасымен айналысты. Осы кездің бәрінде ол егін орағы біткен соң не істейміз деп ойлаумен болды, өйткені егін орағы әйтеуір бір бітеді ғой.

Ойлап-ойлап Нағима бір күні Рутқа былай деді:

– Бүкіл егін жиналып бітті, бүгін Боғоз арпасын диірменге тартады. Кешкі астан кейін ол үйіне қайтпай, қырман басында қалады. Ол жалғыз қалған кезінде сен оның қасына барып, бізге қамқор болуын өтінуің керек, өйткені ол – біздің туысымыз. Рут Нағиманың айтқанындай істеді. Руттың көмек сұрап басқаға емес, өзіне келгені Боғозды қатты толқытты. Ол жас әйелдің өтінішін тыңдап, оған және оның енесіне көмектесуге уәде берді, ал кейін Нағимаға арнап сыйлыққа мол дән беріп, үйіне қайтарды.

Нағима риза болып, қуанып қалды.

– Боғоз мейірімді кісі, – деді ол. – Бізге қалай көмектесу мәселесін шешпейінше, ол бізді қалдырмайды.

Боғоздың Рутқа үйленгісі келді, бірақ қалада Елімәліктің Боғоздан да жақын бір туысы бар болатын. Мына екі әйелдің тағдырын шешуде оның құқы көбірек еді.

Ешқандай талас және түсінбеушілік туындамауы үшін Боғоз онымен қала қақпасының алдында кездесті және одан Нағима мен Рутқа қамқор болуды өз мойныға алғың келе ме деп сұрады. Израилдік заң бойынша, бұл бұрын Елімәліктің меншігі болған жерді сатып алып, Рутқа үйлену қажет деген сөз еді. Бұған ол кісі «жоқ» деп жауап берді.

Боғоз қуана-қуана Рутқа өзі үйленді және оны үйіне әйелі етіп кіргізді.

Рут пен Боғоздың тұңғыш сәбилері туылған кезде Нағима да олардан кем қуанған жоқ.

Нағиманы әрқашан жақсы көрген және аяған Бетлехемнің әйелдері енді оның жаңа туылған немересін көріп, қуанышын бөлісуге келді. Олар бәрі қосылып ұзақ жылдар бойы қолы жетпей келген Нағиманың бақыты үшін Жаратқан Иені дәріптеді.

САМУИЛ

105. Ханнаның Құдайға жалбарынуы

1 Патшалық 1

Исраил халқы Қанахан жеріне қоныстанған кезде алтын киелі сандық Шило деп аталатын жерге қойылды және ғибадатхана қызметкерлердің қамқорлығында болды. Киелі сандықтың қасында табыну үшін және құрбандық шалу үшін исраилдіктер елдің түкпір-түкпірінен Шилоға келетін.

Елқана деген исраилдік бүкіл үй-ішімен жыл сайын Шилоға келетін. Елқананың Ханна және Пенана есімді екі әйелі бар еді. Пенананың балалары болды, ал Ханна құрсақ көтермеді. Ханна перзенті жоқтығын қатты уайымдайтын.

– Ханна, жабырқама! – дейтін оған Елқана. – Менің өзіңе деген махаббатым саған жұбаныш болсын.

Ал Ханна жабырқамай тұра алмады, өйткені Пенана оны кекетіп-мұқатып, құрсақ көтермейтінін бетіне басып, ренжіте беретін. Ханна жыл сайын Шилоға баратын кезді қорқынышпен күтетін дәрежеге жетті. Өйткені сол күндері бүкіл үй-іші бірге қуанысатын, ал Пенананың түртпектеуінің кесірінен Ханна өзін бақытсыз және жалғыз сезінетін.

Елқананың үй-іші кезекті рет Шилоға келген кезде Ханнаның әбден мазасы кетті, тамақтан ауыз да тимеді. Салтанатты жанұялық астан кейін Ханна дастархан басынан тұрып, киелі сандық жаққа барды. Сол жерде отырып, Жаратқан Иеге жалбарынып, егіліп жылады.

– Жаратқан Ие, – деді ол, – менің перзент сүйгім келетінін Өзің білесің ғой. Егер Сен маған ұл берсең, мен оны Саған бағыштаймын, ол өмір бойы Саған қызмет ететін болады.

Ханна Құдайға жалбарынып отырған кезде, бір кісі оны сыртынан бақылап, қарап тұрды. Бұл қарт ғибадатхана қызметкер Ели еді, мына әйелдің жүрегінде ауыр жүгі бар екенін ол айтпай-ақ түсінді, өйткені әйел әбден егіліп жылап отырған еді. Бәлкім, ол мейрам кезінде тым көп шарап ішіп қойды ма екен? Ели жақын келіп, әйелге тіл қатты.

– Жоқ, мен шарап ішкен жоқпын, – деп жауап берді Ханна. – Мен қатты күйзеліп, зарымды Құдайға айтып, көмектесуін сұрап отырмын. Ели оны тыңдап болып:

– Тыныштықпен үйіңе қайта бер. Жаратқан Ие тілеуіңді қабыл алды, – деді.

Ханна Елқана мен Пенанаға оралған кезде жүрегі тыныш тапқан еді. Ол Құдайға мұңын шағып, енді Оның жауабын күтті.

106. Құдайға бағыштау

1Патшалық 1; 2

Жуырда ана болатынын білген кезде Ханна қатты қуанды. Ұлына ол Самуил, яғни «Құдай құлақ асты» деген ат қойды. Ханна ұлын сондай жақсы көрді, бірақ Құдайға берген өзінің сертін бір сәт те ұмытқан емес.

Бүкіл үй-іші Шилоға келісім сандығына баратын келесі кез келгенде Ханна күйеуіне:

– Бұл жолы мен сендермен бармаймын. Ал, Самуил өскен кезде, ғибадатхана қызметкері Елиге апарамыз. Ол Елидің қасында қалып, Жаратқан Иеге қызмет ететін болады, – деді.

Міне, уақыт өтіп, әке-шешесі Самуилді Шилоға апаратын кез де келді. Шилода Ханна ұлын қарт ғибадатхана қызметкеріне ертіп апарып, оған:

– Құдайдың алдында егіле жылап, перзент сұрап отырғанын өзіңіз көрген әйел менмін. Құдай маған ұл берді, ал мен өзім серт бергенімдей, оны Жаратқан Иеге қызмет етуге бағыштамақпын. Міне, ұлым мынау. Оны қасыңызға алып, қамқор болуыңызды өтінемін, – деді.

Шилодан қайтардан бұрын Ханна Құдайға мақтау айтып, ұл бергені үшін алғысын білдіріп сиынды. Содан кейін, Самуилді сонда қалдырып, үй-ішімен бірге кері қайтты.

Ханна Самуилді жылына бір-ақ рет көрді және әр кездесуге оған жаңа әдемі киім алып келді. Жылдан жылға киім үлкендеу болу керектігін ол ұмытпады, өйткені Самуил өсіп жатты.

Ели кішкентай көмекшісіне дән риза болды. Ол оны киелі үйде қызмет етуге үйретіп, Құдай заңынан тәлім берді.

– Самуилді Жаратқан Иеге бағыштап, менің қарамағыма бергендерің өте жақсы болды, – деді ол Елқана мен Ханнаға. – Лайым, Құдай сендерге батасын беріп, тағы да перзент сыйлағай.

Елидің дұғасы Құдайдың құлағына жетті. Ханна тағы да үш ұл және екі қыз тапты. Бұл балаларымен Ханнаның шаруасы басынан асып жататын, дегенмен ол өзі Жаратқан Иеден жалбарынып сұрап алған перзенті – Самуилді ешқашан есінен шығарған емес.

107. «Уа, Жаратқан Ием, тыңдап тұрмын!»

1Патшалық 3

Жылдар өтіп жатты. Ели қартайды, оның көздері нашар көретін болды. Түнде Самуилді келісім сандығын қарауылдап жату үшін киелі бөлмеде қалдырып, өзі бөлмесінде ұйықтады. Келісім сандығының қасында түні бойы шам жанып тұратын және бала шамға қарап жатқанды ұнататын.

Бірде түнде Самуил атын атап біреудің шақырғанынан оянды.

– Самуил!

Ол орнынан тұрып, Елидің бөлмесіне жүгіріп барды.

– Мен мұндамын, – деді ол. – Мені шақырдыңыз ба?

– Мен сені шақырған жоқпын, балам, – деп жауап берді Ели. – Барып жата ғой.

Самуил орнына келіп, басы жастыққа тигені сол еді, қайтадан:

– Самуил! – деген дауысты естіді.

Бала орнынан ұшып тұрып, Елидің бөлмесіне қайта жүгіріп барды. Бірақ Ели оны шақырмағанын айтып, орнына баруды бұйырды.

Самуил орнына келді, сонда шақырған дауыс қайта естілді:

– Самуил!

Самуил өзін шақырған дауыстың түсінде емес, өңінде екенін білді. Ол қайтадан Елиге барды. Бұл жолы Ели оны қайтарып жіберген жоқ.

– Самуил, – деді ол, – сені шақырған Жаратқан Ие. Қазір бар да орныңа жат, ал тағы да шақырған дауысты естіген кезде: «Уа, Жаратқан Ием, тыңдап тұрмын» деп айт.

Киелі сандықтың қасына келе жатып, Самуил әлгі сөздерді іштей қайталаумен болды. Ол орнына келіп жатты және көп ұзамай:

– Самуил! – деген дауысты естіді.

– Уа, Жаратқан Ием, тыңдап тұрмын, айта бер! – деп жауап берді Самуил.

Жаратқан Ие өзіне не айтқысы келгенін білген кезде Самуил қатты мұңайып қалды.

Елидің екі ұлы болғанын және олар әкелеріне мүлдем ұқсамағандарын айта кету керек. Елидің ұлдары Құдайдың заңдарын бұзып, адамдар Жаратқан Иеге арнап әкелген сый-тартуларын өздеріне алып алатын. Міне, Құдай Самуилға бұдан кейін Елидің тұқымынан ешкім, ешқашан ғибадатхана қызметкер болмайтынын айтты.

Таңертең Ели Самуилға келді.

– Жаратқан Ие өзіңе не айтты? – деп сұрады.

Самуил кідіріп қалды. Ол қайғылы хабарды айтып Елиді қапаландырғысы келмеді.

– Маған бар шындықты айт, – деп тұрып алды Ели.

Самуил Елиге Жаратқан Иенің сөздерін айтқан кезде, Ели түнеріп басын изеді:

– Ненің шындық және ненің ізгі екенін Жаратқан Ие біледі, – деп күбірледі ол.

Самуил ер жетті. Құдай оған аян беруді жалғастыра берді. Самуил арқылы Құдай бүкіл Исраил халқына сөйледі және уақыт өте келе исраилдіктердің бәрі Самуил Жаратқан Иенің Өзі тағайындаған пайғамбар екенін білді.

108. Киелі сандықтың жау қолына түсуі

1Патшалық 4

Көп жылдар бұрын Самсон шайқасқан філістірлер қайта күшейді. Олар исраилмен соғысып, жиі жеңіске жететін. Исраил тығырыққа тірелді, сонда олардың рубасылары мынадай қулық ойластырды.

– Келесі шайқасқа Жаратқан Иенің киелі сандығын алып шығайық. Сонда Құдай бізбен болып, бізге көмектеседі.

Олар киелі сандық өзінің ғажайып күшімен оларға соғыста сәттілік алып келеді деп ойлады. Сөйтіп, Елидің екі ұлы киелі үйден келісім сандығын исраилдік әскердің қосына алып келіп, оны әскердің басында көтеріп тұрды. Філістірлер шуды естіп, оның себебін білген кезде:

– Бұл жолы біз бар күшімізді жиып, қатты шайқасуымыз керек, – десті.

Олар исраилдіктермен батыл шайқасып, оларды жеңді. Філістірліктер Елидің екі ұлын өлтіргені аздай, келісім сандығын қолға түсіріп, оны қуана өз елдеріне алып кетті.

Осы кезде Шилода қалған Ели айқас алаңынан хабар күтіп отырған. Сол кезде оның жасы тоқсан сегізге еді және ол мүлдем көрмей қалған. Ол қала қақпасына жақын жердегі жол бойында орындықта отырып, аяқ дыбысына құлақ түрді.

Бір исраилдік әскер соғыс даласынан қалаға дейін жүріп өтіп, сол күні Шилоға жетті. Ол қала көшелерімен жүгіріп жүріп, жеңіліс тапқандары жайлы қайғылы хабарды жеткізді. Бүкіл қала қайғырып, күңіреніп кетті.

Шило тұрғындарының азалы жоқтауларын естіп, мазасызданған Ели:

– Не болды? – деп сұрады.

Хабаршы қарт ғибадатхана қызметкерге қарай асықты және оған:

– Біздің әскер жеңіліске ұшырады. Сіздің екі ұлыңыз да мерт болды, ал киелі сандық жау қолына түсті, – деп жеткізді.

Өзі өмір бойы қорғап, әлпештеп келген келісім сандығы исраилдіктердің қас жауының қолына түсті деген кезде, Ели тұрған жерінде құлап, тіл тартпай өліп кетті.

109. Киелі сандықтың оралуы

1Патшалық 5 6

Израилдіктер қайғырып, зар жылады, ал філістірліктер қуанып, жеңістерін тойлады. Келісім сандығын қолға түсіріп, израилдіктердің Құдайын жеңдік, бұдан былай Израил мәңгіге бізге басыбайлы салық төлеушілер болып қалады деп ойлады олар.

Алтын сандықты філістірлер өз ғибадатханаларына апарып, өздері бүкіл әлемдегі ең құдіретті құдай деп санаған Дагонның қарсы алдына қойды.

Келесі күні ғибадатханаға келген філістірлер Дагонның мүсіні киелі сандықтың алдында етпетінен түсіп, құлап жатқанын көріп қайран қалды. Олар Дагонды абайлап көтеріп, орнына қойды. Келесі күні бұл жалған тәңір мүсіні қайтадан етпетінен түсіп киелі сандықтың алдында құлап жатты. Бұған қоса бұл жолы мүсіннің басы мен қолдары сынып, ғибадатхананың кіре берісінде жатыр екен.

Філістірлер әжептеуір қорқып қалды. Израилдің Құдайы Дагоннан күштірек әрі құдіреттірек болып шықты. Ал бүкіл елді ауру жайлағанда, бұл Жаратқан Ие, Израилдің Құдайы оларды жазалап жатқанына олардың еш күмәні болған жоқ. Сондықтан філістірлер бұдан да апаттарға ұшырамай тұрғанда тезірек киелі сандықты израилдіктердің өздеріне кері қайтару керек деп шешті.

Олар айрықша арбаға екі сиыр жегіп, арбаға қымбат сыйлықтар мен келісім сандығын салды. Арбаны ешкім айдамайды, өйткені філістірлер сиырлар өз жолдарын өздері таңдауына мүмкіндік берді. Егер сиырлар Израилге баратын жолды таңдаса, демек, ауруды жіберген ашуға мінген Израилдің Құдайы болғаны деген бір көріпкел.

Філістірлер арбаға жеккен сиырлардың бұзаулағанына көп болмаған. Соған қарамай оларға жол таңдауға мүмкіндік бере салысымен олар бұзауларына қарай емес, қайта, Израилдің шекарасына қарай тура тартты.

Жазықта егін орып жүрген бірнеше израилдік, кенет, жол жақтан шыққан сиырлардың мөңіреген дауысын естіді. Олар барып қарап, арбаны және оның үстіндегі құн жетпес жүк – киелі сандықты көрді. Киелі сандық аман-есен Израилге оралды.

110. «Бізге патша қажет!»

1Патшалық 7; 8

Самуил Израилдің биіне айналды және бүкіл халық оны танып, және жақсы көрді.

Бірде Самуил бүкіл халықты жиып, былай деді:

– Філістірлердің езгісінен құтылғыларың келсе, шын жүректен Құдайға бет бұрып, Оның бізге берген заңдарын бұлжытпай орындауға тиіссіңдер. Егер жалған тәңірлерге табынатын болсаңдар, Құдай өздеріңе көмектеспейтінін біліңдер.

Израилдіктер Самуилді тыңдап, Жаратқан Ие талап еткендердің бәрін орындауға бет бұрды. Олар өз уәделерін адал орындады және сол үшін Құдай Израил халқына філістірлерді жеңіп, оларды ұзақ уақытқа елден қуып шығуға көмектесті.

Самуил мұқтаждарға ақыл-кеңес беріп, көмектесуден ешқашан қашқан емес. Ол жыл сайын бүкіл Израилді аралап шығатын және жүрген жерінде төрелік етіп, израилдіктердің арасындағы дау-жанжалдарды шешіп жүретін. Ол әділ де адал би болды.

Самуил қартайған кезде халық дана билерінсіз қалай болады деп ойлана бастады.

– Бізге патша керек, – деп шешті ақыры израилдік ру басылары.

Сөйтіп, олар бәрі жиылып, Самуилға шешімдерін айтты. Израилдіктер Самуилдің даналығын бағалайтын, сондықтан да одан өздерін басқаратын адамды көрсетуін сұрады.

Самуил қатты ренжіді. Егер халық Израилге патша сайлап бер деп өтінсе, демек, енді Самуилдің керек болмай қалғаны ғой. Самуил өз ойын Жаратқан Иеге айтты, ал Жаратқан Ие оған былай деді:

– Олар сенен емес, Менен бас тартып отыр. Менің патшалық еткенімді олар қаламайды.

Сонда, Самуил ру басыларын жиып алып, оларға егер патша сайланса, не болатынын түсіндірді: патшаның еркі мен қалауы бәрі үшін заң болады.

– Егер сендердің патшаларың болса, – деді Самуил, – ол сендердің иеліктеріңнің бәрін өзіне алады. Ұлдарыңды өзінің әскері етеді, ал қыздарыңды сарайда жұмыс істеткізеді. Ол сендердің жерлеріңді алады және түскен өнімнен өз үлесін талап етеді.

– Біз бәрін де түсініп тұрмыз, бірақ бізде патша болғанын қалаймыз! – деп қасарысты халық.

Израилдіктер патша сұраған кезде, ер жүрек, күшті басқарушы, әскер басында жүріп Израилдің жауларын жеңетін қолбасшыны көздеріне елестетті. Израилдің патшасы ақылсыз, әлсіз және азғын адам болуы мүмкін деген ой олардың қаперлеріне де кірген жоқ.

Самуил рубасыларына не деп жауап қайтаруды білмеді. Сонда Жаратқан Ие оған былай деді:

– Олардың айтқандарын істеп, патша тағайындап бер.

– Жарайды, – деді Самуил рубасыларына. – Керек кезде патшалы боласыңдар.

ИСРАИЛДІҢ БІРІНШІ ПАТШАСЫ

111. Есектердің жоғалуы

1Патшалық 9

Израилде Буниямин руында Қиш есімді өте бай бір адам болатын. Қиштың Саул деген ұлы оның шаруасына көмектесетін. Саул сұңғақ бойлы, күшті және сымбатты жігіт болатын.

Бірде таңертең Қиш Саулды шақырып алды.

– Саул! – деді ол мазасызданып. – Есектеріміз жоғалды! Қасыңа қызметшілерден біреуді ертіп, есектерді іздеп, тауып кел!

Азырақ азық алып Саул бір қызметшіні ертіп жолға шықты.

Есектердің баруы мүмкін жерлердің бәрін олар қарап шықты, бірақ оларды таппады. Түн болып, Саул қызметшісімен ашық аспан астында түнеп шықты. Келесі күні олар іздеуді ары қарай жалғастырды, бірақ есектер табылмады.

Үшінші күні таңертең қызметшісі Саулға:

– Мырза, азығымыз бітті! Үйге қайтайық, – деді.

– Жарайды, – деп келісті Саул. – Әкем қазір есектерден гөрі бізді уайымдап отырған шығар.

– Дегенмен, алдымен Рамаға соғып кеткеніміз жөн болар, – деп ұсыныс жасады қызметші. – Біз қазір оның жанында тұрмыз, ал онда Самуил тұрады. Ол Құдайдың адамы және өте данышпан. Мүмкін, есектерді қайдан іздеуімізді айтар.

Саул қызметшісімен Рамаға келгенде, қала халқы абыр-сабыр болып, шуылдасып жатты, өйткені Самуил осы күні барлық халыққа түскі ас беріп жатқан екен. Саул мен қызметші Самуилді қала қақпасының алдында кездестірді.

Олар данышпан қарияға қарай беттеді, бірақ оған сұрақтарын қойып үлгірмей жатып, Самуил өзі оларға сөйледі:

– Үш күн бұрын жоғалған есектерді уайымдамай-ақ қойыңдар. Олар табылды. Израилдегі барлық нәрсе сенің меншігің емес пе?

– Менің меншігім? – деп Саул күліп қайтара сұрады. – Мен қарапайым адаммын. Израилдегі ең кішкентай Буниямин руынанмын. Самуил күлді, бірақ үндемеді. Содан бір күн бұрын Құдай Самуилға аян беріп, оған Саулдың болашағы туралы айтқан.

– Қазір дастархан басына барайық, – деп Самуил қонақтарды үйіне бастап келді. Аспаз оларға Самуилдің нұсқауымен ең жақсы тамақтарды алып келді. Саул Самуилдің қонақжайлығына қатты таң қалды, бірақ не болып жатқанын түсіне алмады.

112. Патша болып тағайындалу

1Патшалық 9; 10

Бұл түні Саул Самуил үйінің төбесіне салып берген төсекте жатып ұйықтады. Таңертең Самуил шақырған кезде, Саул киініп, төмен түсті.

– Жүретін кез келді, – деді Самуил. – Жүр, мен сені шығарып салайын.

Қаладан шыққан кезде Самуил Саулға қызметшісін алға жіберіп, өзі сәл кідіре тұруын өтінді. Қызметші әжептеуір жерге ұзап кеткенде, Самуил осы кезге дейін үндемей келген нәрсені Саулға айтып берді. Ол Саулға бұрылып:

– Жаратқан Ие сені Исраилдің бірінші патшасы етіп таңдады, – деді.

Содан кейін Самуил май құйылған кішкене құтысын алып, бірнеше тамшысын Саулдың басына құйды. Сөйтіп мынадай сөздер айтты:

– Міне, Жаратқан Ие сені Өз халқын басқаруға май жағып тағайындап жатыр.

Бұл – Құдай Саулды ұлы істерге шақырды деген сөз еді. Самуилдың айтып тұрған сөздерінің шын екеніне Саул сене алмады. Сонда оның күмәнін сейілту үшін Самуил былай деді:

– Үйіңе барар жолда сенімен мынадай жайт болады: алдымен сен екі кісіге жолығасың, олар саған есектеріңнің табылғанын айтады. Содан кейін Жаратқан Иеге сый-тарту алып бара жатқан кісілерді кездестіресің, олар саған екі нан береді. Ал ең ақырында Жаратқан Иені мадақтап, әндетіп, билеп, сырнайлатқан халықты көресің. Сонда саған Құдайдың Рухы қонып, соларға қосылып, әндетіп, пайғамбарлық сөздер айтасың. Осы үш белгі Құдайдың Сөзін саған жеткізгеніме дәлел болады.

Осы жерде Самуил Саулмен қоштасып, қызметшісін қуып жетуге асықты. Ол әлі де болса Самуилдің сөзіне толық сене алмады. Бірақ жолда Самуилдің айтқандарының бәрі айна қатесіз орындалды. Міне, содан кейін Саулда еш күмән қалмады.

Саул қызметшісімен үйге келген кезде, алдынан немере ағасы шықты.

– Сендер қайда жүрсіңдер? – деп сұрады ол.

– Есектерді іздедік, – деп жауап берді Саул. – Бірақ оларды таппаған соң Самуилға бардық.

– Самуил сендерге не деді? – деп қызықты ағасы.

– Есектердің табылғанын және бәрінің аман екенін айтты.

Ал өзімен болған басқа жайттар жайлы Саул үй-ішіне тіс жарған жоқ. Ары қарай не істеу керектігін Самуил айтқанға дейін, Саулдың патша етіп тағайындалғаны құпия бола тұруға тиіс.

113. «Патша жасасын!»

1Патшалық 10; 11

Сонымен Самуил бүкіл Исраил халқын жиды. Жиналғандарға ол Исраилдің бірінші патшасы кім болатынын жариялағысы келетінін айтты. Ол бір дегеннен Саулды атай салған жоқ. Өйткені Жаратқан Иенің өзі оларға патша сайлап беріп жатқанын халықтың көргенін қалады.

Алдымен жеребе тастап, Самуил Құдай таңдаған патша қай рудан шығатынын көрсетті. Жеребе Буниамин руына түсті. Бұл рудан бір әулет, ал одан Қиштың үйі таңдалды.

– Саул патша болады! – деп жариялады ақыры Самуил.

Жиналған жұрт жан-жақтарына қарасты. Еврейлердің тарихындағы бірінші патшаны өркімнің-ақ көргісі келді. Бірақ Саул мұнда жоқ болып шықты.

– Ол өзі қайда? – деп сұрады халық бір-бірінен.

Тіпті Самуил да Саулдың қайда тығылғанын білмеді. Бәрі жабыла іздеп оны тауып алды. Ол алыстау жерде тұрған бір арбаның үстіндегі шөптің астына тығылған еді. Халық қуана шуласып Саулды Самуилдің алдына алып келді.

– Құдай бізге таңдап берген кісі мынау! – деп барлығы есітетіндей етіп жариялады Самуил.

– Патша жасасын! – деп қуана айқайласты халық.

Содан кейін Самуил жаңа патша мен одан кейін болатын барлық патшалардың міндеттерін кітапқа жазып қойды. Исраилдің патшалары көршілес елдің патшаларына ұқсамайтын, ерекше болулары керек. Олар өз ойларына келгенді емес, Құдайдың бұйырғанын істеуге тиіс болды.

114. Жақсы бастама

1 Патшалық 11

Самуил Саулды патша етіп жариялағанда барлық исаилдіктер қуана қойған жоқ. Кейбіреулерге бұл таңдау ұнамады. Олар сонда тұрып:

– Біздің патшамыз болатындай ол кім өзі? – деп жақтырмай сөйледі.

Сол екі арада Исаилдің көршілері аммондықтар шабуыл жасап, Ябея қаласын қоршап алады.

– Рақым етіңдер, біздің қаламызды қирата көрмендер, – деп жалынды Ябеяның тұрғындары аммондықтардан. – Келісімге келейік.

– Жарайды, біз сендермен келісімге келеміз, бірақ біздің бір шартымыз бар, – деп жауап берді аммондықтар. – Біз әрбіреуіңнің оң көзіңді ойып аламыз.

Мынадай сөзді естіп Ябеяның тұрғындарының зәрулері ұшты. Алайда, басқа шаралары болмады, өйткені аммондықтармен соғыса алмайтын – аммондықтар қаланы қорғап тұрған азғантай ғана исаилдік әскерлерді оп-оңай жеңер еді.

– Бізге жеті күн мұрсат беріңдер, – деді қала басшылары жауға. – Егер осы уақыт ішінде бізге ешкім көмекке келмесе, біз сендердің шарттарыңды қабылдаймыз.

Осыны айтып олар көмек сұрап Исаилдің түкпір-түкпіріне шабармандар жіберді.

Осындай шабармандардың бірі Саул тұратын Гибяя қаласына келеді. Исаилдік бауырластарының басына төнген апат туралы естігеннен кейін Саул ойланып жатпады. Ол бүкіл Исаил жеріне барлық ру әскерін жіберсін деген бұйрығын таратты. Жарлықты орындаудан бас тартқандардың жазасы ауыр болатынын ескертті Саул. Саулдың шақыруына бүкіл Исаил үн қосты және көп ұзамай барлық рулардың әскері келісілген жерге жиналды.

Үлкен қол жиналғаннан кейін Ябея тұрғындары келесі күні көмек келетінін білсін деп Саул хабаршы жіберді. Ябея тұрғындарының Саул жіберген хабаршыға қалай қуанғанын сөзбен айтып жеткізуге болмайды. Қала басшылары дереу Аммон патшасына барып:

– Ертең біз сенің шартыңмен келісіп, бітім жасаймыз, – деді.

Ал ертең қалаға исаилдік әскерлердің келетінін, әрине, басшылар аммондықтардан бүгіп қалды.

Саул бір түнде әскерін Ябеяға әкеліп, таң ата, жау бейқам жатқан кезде аммондықтардың қосына лап қойды. Сөйтіп, жайбарақат жатқан аммондықтар бірі қалмай қырылды.

Саулдың жақтастарының қуаныштарында шек болмады. Олар тіпті, Саулды мойындағысы келмегендерге Самуилдің өлім жазасын шығарғанын қалады.

– Жоқ! – деп қатқыл айтты Саул. – Жаратқан Ие бүгін бізге жеңіс сыйлады. Бұл қуанышты күні ешкім өлмеуі керек.

– Жүріңдер, бәріміз бірге тағы да бір рет Саулды патша деп жариялайық, – деп ұсынды ираилдіктерге Самуил, – өйткені Саулдың ираилдіктерді басқаруға лайықты екенін өздерің көріп тұрсыңдар ғой.

115. Жонатанның тапқырлығы

1Патшалық 13; 14

Саул жақсы патша әрі қолбасшы болды. Філістірлер Ираилге қарсы соғысқа шыққан кездің бәрінде ол өзі әскерді басқарып, жауға тойтарыс беріп отырды.

Алайда, жеңіс ираилдіктерге оңай келмейтін. Мәселе – філістірлерде бір маңызды артықшылықтың болуында еді. Філістірлік ұсталар ираилдік ұсталарға қарағанда әлдеқайда шебер болатын. Бейбіт кезде олар ақыға ираилдіктерге шалғылары мен орақтарын жөндеп беруге келісетін, алайда ешқашан оларға қылыш пен найза жасап берген емес. Сондықтан ираилдік әскерлердің ішінде Саул мен оның ұлы Жонатанда ғана жақсы қылыш болды, ал басқа жауынгерлердің қаруы тез өтпей қалып, сынып жататын.

Міне, філістірлер тағы да Ираилге қарсы шабуылға шықты. Бұл жолы Саул қатты састы. Жаудың мыңдаған әскерлеріне қарсы ол небары алты жүз жауынгер шығара алды. Саул ойланып, не істерін білмей дал болып отырғанда, Жонатан байқатпай қосшысын ертіп, кетіп қалады.

Філістірлік әскерлер мен Ираилдің арасын жазық дала мен биік жартастар бөліп тұрған. Осы жартастың үстіне філістірлер өткелді қарауылдауға кішкентай топ қойып қояды. Ал жартастың арғы түбінде олардың әскерінің қосы орналасты.

– Жүр, сонда көтерілейік! – деді Жонатан қосшысына. – Мүмкін, Құдай өткелді басып алуымызға көмектесер.

– Сен қайда барсаң, мен де сонда баруға дайынмын, – деп қолдады қосшысы.

Сөйтіп олар жазық арқылы жүрді. Філістірлер өздеріне қарай келе жатқан ираилдіктерді байқады.

– Ей, төмендегілер, – деп айқайлады філістірлік жауынгерлер. – Біздің қасымызға көтеріліңдер, біз сендерге бір нәрсе айтамыз.

Жонатан өзі де осылай етпекші еді. Ол қосшысы екеуі таудың етегіне келіп, жартаспен көтеріле бастады, філістірлер оларды көрмей қалды. Алайда жау әскерлері мазасызданған жоқ. Олар Жонатан мен қосшысын філістірлердің күшінен қорқып, олардың жағына өтушілер деп ойлады.

Жонатан қосшысымен жоғары көтерілді, бірақ тұтқынға берілудің орнына філістірлерге тап берді. Олар абдырап қалды, сонда екі ираилдік бүкіл топты лезде жайпап салып, өткелді басып алды. Өздерінің басты қосында тұрған філістірлер тау өткелінде шын мәнінде не болғанын түсінбеді. Олар ираилдіктер үлкен қол жиып, шабуылға шыққан екен деп

ойлады. Зерелері ұшқан філістірліктер қаша жөнелді. Саулдың әскері оларды Израилдің шекарасынан ары асырып, қуып жіберді.

116. Саулдың Құдайға бағынбауы

1Патшалық 13;15

Осылайша, Саул көп ұзамай Израилдің бірден-бір билеушісіне айналды. Барлық израилдіктер Саулды тыңдады, ал Саул Самуилды ғана тыңдады. Самуилдің қызметі – Құдайдың бұйрықтарын Саулға жеткізу және Құдай заңын оның есіне салып тұру болды. Бірақ та Саул көбіне Самуил айтқандай емес және Құдай заңы бұйырғандай емес, керісінше, өз қалауымен әрекет етуді жиілетті.

Бірде Израилге філістірлер қайта шабуыл жасады. Саул қол жиып, оларға қарсы аттануға дайындалды. Бірақ Самуил оған:

– Асықпа, мен жеті күннен кейін келгенге дейін соғысты бастаушы болма, – деді.

Саул оның сөзін тыңдап, күте бастады. Міне, жетінші күн де болды, ал Самуил әлі жоқ. Саул өте наразы болды, ол жауға шабуға шыдамы жетпей бара жатты. Ақыры, тағаты таусылып, Самуилдің келгенін күтпей, Саул өзі соғыс алдында өткізілетін Құдайға арналған қызметті бастай берді. Осы кезде, израилдіктердің қосына Самуил де келді. Саулдың өзін күтпей шайқасты бастағанын көрген Самуил өте қапа болды. Өйткені, Саул оның сенімін ақтамағанымен қоймай, Құдайдың Өзіне бағынбады ғой.

Кейінірек, Саул Құдайға тағы да бір рет бағынбады. Самуил мұны да біліп қойды. Саул өз істегеніне өкініп, жөнделуге уәде бергенімен, патшаның Құдай көрсеткен жолдан мүлдем тайып кеткенін Самуил түсінді.

Израилдің патшасының барлық істе Құдайға мойынсұнуының қаншалықты маңызды екенін Самуил білді. Израилдің нағыз Патшасы Құдай емес пе. Жердегі патша Жаратқан Иенің атымен ғана билік жүргізе алады. Израилдің патшасы басқа халықтардың патшасы секілді өз қалауына ерік бере алмайды. Ол барлық жағынан қол астындағыларға үлгі болуы тиіс.

Уақыты келгенде Самуил Саулға былай деді:

– Құрбандықтарың мен сый-тартуларың Жаратқан Иенің алдында сенің мойынсұнушылығыңнан артық деп ойлайсың ба? Құдайға мойынсұнбау – ең жаман күнә. Мен саған Жаратқан Иенің сөздерін жеткізуге тиіспін. Ұлдарың сенен кейін бұл елді басқармайтын болады. Өйткені сен Құдайды тыңдамай, қасарысудасың. Жаратқан Ие Израил үшін Өзінің сөзін және заңдарын саған қарағанда жақсырақ орындайтын басқа патша табады.

ДӘУІТТІҢ ЖАСТЫҚ ШАҒЫ

117. Жаңа патшаның тағайындалуы

1 Патшалық 16

Саулдың өз еркімен жүргісі келетін, Құдайға емес, өзіне ұнағанды істегісі келетін патша болғанын көріп Самуил өте қайғырды. Бірақ бірде Құдай Самуилге былай деді:

– Саулды уайымдағанды қой. Құтыңды майға толтырып ал да, Мен жаңа патша етіп тағайындаған кісіге апарып жақ. Есей тұратын Бетлехем қаласына бар. Оның ұлдарының арасында Саулдан кейін патша болуға лайықтысы бар.

– Мен олай ете алмаймын, – деді Самуил. – Егер мұны Саул естісе, мені өлтіреді ғой.

– Саул ешнәрсе білмейді, – деп тыныштандырды Самуилды Құдай. – Бетлехемде Құдайға құрбандық шалып, мейрам ұйымдастыр, оған қала тұрғындарымен бірге Есейді де үй-ішімен шақыр.

Самуилдің келуімен мейрам болатынын біліп, бүкіл Бетлехем халқы абыр-сабыр болды. Мейрамға шақырылғандар жиналған кезде Есей аяғын мақтана басып, ұлдарын алға алып шықты. Самуил оның үлкен ұлы Елиабқа зер сала қарады. Бұл жігіт сұңғақ бойлы әрі сымбатты еді және Саулдың жас кезіне қатты ұқсайтын.

– Сірә, Жаратқан Ие осыны таңдаған шығар, – деп ойлады Самуил.

Бірақ осы кезде оның құлағына Құдайдың дауысы келді:

– Жоқ, Самуил, Мен оны таңдаған жоқпын, Мен адамдар сияқты қарамаймын ғой. Адам сыртқы келбетіне қарайды, ал Мен оның жүрегіне қараймын.

Есей ұлдарын кезек-кезек Самуилдың алдына алып келді. Оның жеті ұлы болатын, бәрі сымбатты, күшті жігіттер. Олар кезек-кезек алдына келген сайын Самуилдің жүрегі дір ететін, бірақ Жаратқан Ие «жоқ» дей берді.

Самуил таң қалды. Мұнда, мүмкін, бір қате бар шығар.

– Ұлдарыңның бәрі осында ма? – деп сұрады ол Есейден.

– Тағы бір ұлым, кенжем бар, – деп жауап берді Есей. – Бірақ ол бүгін қой бағып жүр.

– Ол келмейінше біз дастарханға отырмаймыз, – деді Самуил.

Дәуітті шақыруға біреу кетті. Есейдің кенже ұлының аты Дәуіт еді. Қарапайым қойшы киімін киген Дәуіт терлеп-тепшіп жетті. Ол да ағалары сияқты сымбатты және бойшаң болатын. Оның көздерінен нұр шашып тұрды.

– Менің таңдаған адамым осы, – деген Құдайдың дауысын естіді Самуил.

– Оған май жағып, патша етіп қой.

Самуил май құйылған құтысын алып, Дәуіттің басына бірнеше тамшысын құйып, оның құлағына Құдайдың еркімен Исраилдің патшасы болатынын сыбырлап айтты.

Данышпан қарияның сөзін Дәуіт ешкімге айтқан жоқ. Патша тағына отырғанға дейін ол ауыр сынақтан өтуі тиіс еді. Бірақ май жағылған күннен бастап Құдай Дәуітпен бірге болды және оны ешқашан тастаған емес.

118. Дәуіт жекпе-жекке тайсалмай шықты

1Патшалық 17

Израилдіктердің філістірлермен соғысы әлі тоқтамады. Бірде екі жақтың әскерлері шабуылға кірісуге дайындалып, бір-бірімен бетпе-бет келді. Есейдің үш ұлы Саулдың әскерінің қатарында еді. Есей оларды қатты уайымдады.

Ол Дәуітті шақырып алып, оған былай деді:

– Дәуіт, әскер қосындағы ағаларыңа барып, олардың хал-жағдайын біліп кел. Ағаларыңа мына нанды ала бар, ал ірімшікті олардың басшыларына сыйға бер. Бірақ өте сақ бол және тез орал.

Дәуіт израилдік әскерлердің қосына келіп ағаларын іздеп жүрген кезде, екі жақтың да әскерлері соғысқа кіруге дайын тұрды. Кенет израилдік әскерлер тыныштала қалды. Содан кейін тыныштықты бұзып, ақырған аңның дауысына ұқсас біреудің дауысы шықты.

Дәуіт філістірлер сапқа тұрған жаққа қарады. Бір алып кісі – ол мұндай алыпты бұрын еш көрмеген – асықпай, израилдіктерге қарай беттеді. Оның алдында қожайынның қалқанын ұстап, киген сауыты күнге шағылысқан басқа бір філістірлік келе жатты. Ол алыптың қасында тым аласа, ергежейлі сияқты болып көрінді.

– Израилдіктер бері шығындар! – деп айқайлады алып. – Араларыңда менімен жекпе-жекке шығуға лайық кісі бар ма? Егер ол мені өлтірсе, філістірлер әрқашан сендерге қызмет ететін болады. Ал егер мен сендерді жеңсем, сендер өмір бойы бізге құл болып өтесіңдер!

– Бұл кім? – деп сұрады Дәуіт.

– Ғолият, – Күнде таңертең және кешке ол бізді жекпе-жекке шақырады. Ал біз одан қорқамыз!

Осы кезде Дәуіттің қасына ағалары келді.

– Сен осында екенсің ғой, – деді Елиаб. – Мұнда неғып жүрсің? Әкеміздің қасында қалып, қой баққаның жақсы емес пе еді.

– Әкем мені сендерге жіберді. Ал мен тек мұнда не болып жатқанын білейін деп едім, – деп қарсылық білдірді Дәуіт. – Құдайдың халқын жекпе-жекке шақыруға ешкімнің қақы жоқ емес пе. Ғолият біздің Жаратқан Иеден күшті емес қой.

Дәуіттің мынадай батыл сөздері сол сәтте-ақ Саулдың құлағына жетті және ол патшаның шатырына шақырылды.

Патшаны көргенде Дәуіт былай деді:

– Мырзам, енді ешкім де мына філістірліктен қорықпай-ақ қойсын. Мен оны жеңемін!

– Сен бе?! – деп таң қалды Саул. – Сен тым жассың, ал Ғолият нағыз жауынгер. Сен не, оны жеңе аламын деп ойлайсың ба?

– Жаратқан Ие бізге жар, – деді сеніммен Дәуіт. – Мейлі мен жас болайын, бірақ қой бағып жүрген кезімде, қойға шапқан арыстанды да, аюды да өлтірген кезім болған. Жаратқан Ие маған қазір де көмектеседі.

– Жарайды, – деп келісті Саул. – Сен Ғолиятпен жекпе-жекке шығасың. Бара ғой. Жаратқан Ие саған жар болсын!

119. Дәуіт пен Ғолият

1Патшалық 17

Саул Дәуіттің басынан аяғына дейін қарап шықты. Жігіттің не сауыт-сайманы, не қару-жарағы болмады. Сонда Саул Дәуіттің басына өзінің мыс дулығасын кигізіп, үстіне ауыр сауыт-сайманын берді. Бұған қоса Дәуіт беліне үлкен қылышты ілген кезде, шайқасқа түсу былай тұрсын, орнынан да қозғала алмай қалды.

– Бұл маған жарамайды, – деді ол зорға дем алып. – Мен жауынгер емеспін және жауынгердің сауыт-сайманын киіп соғыса алмаймын да. Маған өзім білетін және өзім сенетін қару керек.

Дәуіттің жақын арадағы бұлаққа жүгіріп барып, су түбінен бес жылтыр тас алғанын көргенде Саул қайран қалды. Дәуіт тастарды дорбасына салып, қолына сақпанын алды да, філістірлік алыптың алдынан батыл адымдап шықты.

Ғолият қайтадан філістірліктердің сабынан шығып, кезекті рет израилдіктерді жекпе-жекке шақырды. Алайда израилдік жауынгерлердің арасындағы әдеттегі абыр-сабырдың орнына өзіне қарсы батыл басып келе жатқан жас жігітті көрді. Жігіттің әлжуаз және қарусыз екенін көргенде ол ашуланып кетті.

– Менімен жекпе-жекке шығуға сенің қалай батылың барды? – деп айқайлады Ғолият. – Неге сен маған қарсы таяқ алып шықтың? Мен саған ит пе едім? Бері жақында, мен сені ит-құсқа жем қылайын. Ол Дәуітті қарғап-сілеп, балағаттай бастады.

– Сен маған қарсы қылышпен, найзамен және өзіңнің керемет алып күшіңмен қарсы шықтың, – деп батыл жауап берді Дәуіт. – Ал мен саған Израилдің Құдайы Жаратқан Иенің атымен қарсы шығамын. Ол кез келген жауынгерден де күшті. Сен Оған тіл тигіздің, бірақ қазір бәрі Оның шынайы Құдай екенін білулері үшін Ол маған жеңіс сыйлайды.

Сөйтіп Дәуіт Ғолиятқа қарсы батыл адымдады. Ол жақын келіп тоқтады да, дорбасынан тас алып, оны сақпанына салды. Содан соң асқан ептілікпен сақпанын басынан асыра айналдырып көздеді.

Тас сақпаннан зор екпінмен ұшып шығып, Ғолияттың қақ маңдайына тиді. Алып гүрс етіп құлап түсті және сол күйі орнынан тұрмады. Дәуіт Ғолияттың қасына жүгіріп барып, жеңілген жаудың басын өз қылышымен шауып алды.

Өз алыптарының жеңілгенін көрген філістірлер естері шығып, айқас алаңын тастап, қаша жөнелді.

120. Саулдың қызғанышы

1Патшалық 16; 18

Саулдың өзімшілдікке салынып, Құдайға мойынсұнбауы оған сәттілік әкелген жоқ. Бұрын Жаратқан Ие онымен әрдайым бірге болған болса, енді оны тастап кеткенін Саул түсінді. Саулға әр түрлі арам ойлар келе бастады.

Бірде ол түнеріп сарайында отырды.

– Бәлкім, сазды әуен көңіліңді көтерер,– деп кеңес берді айналасындағылар.

– Жарайды, онда маған жақсы сазгер әкеліңдер, – деді Саул.

Сонда Есейдің кенже ұлы Дәуіттің жақсы күй шертетінін біреу еске алды.

– Оны осында алдырыңдар, – деп бұйырды Саул.

Есей патшаның әмірін дереу орындап, Дәуітті сарайға жіберді. Дәуіт күй тартып, ал патшаға оның тартқан күйі өте ұнады. Енді мазасызданған сайын Дәуіт оған күй тартып беретін болды, сонда патша біраз сергіп, көңілденіп қалатын.

Дәуіт патшаның қасында өткізген уақытында соғыс өнерін үйренді. Басында Саул мынадай батыл әрі шебер жауынгері болғанына қуанды. Бірақ ол халық оның өзінен гөрі Дәуітті жақсы көріп, құрмет тұтатынын байқады.

Бірде ол соғыстан жеңіспен оралып келе жатқанда, алдарынан билеп бір топ әйел шықты. Сонда олардың былай деп әндеткендерін естіді:

«Саул жаудың мың әскерін басым түссе, ал Дәуіт он мыңынан басым түсті!»

«Олар мына жас жігітті менен артық жауынгер деп санайды ғой!» – деп қызғанышпен ойлады Саул. – «Ақыр аяғында олар оның патша болғанын қалар әлі».

Сол күннен бастап Саулдың жүрегінде Дәуітке деген қызғаныш оянды.

Келесі күні ол бұрынғысынан да түнеріп отырды. Дәуіт оған арнап күй тартқан кезде, кенет Саул оған қарай найза лақтырды. Дәуіт жалтарып үлгерді.

Саул тағы да бір рет Дәуітті өлтіруге тырысты, бірақ Дәуіт одан да аман құтылып кетті. Дәуіт Саулдан сескенген жоқ, ал Саул болса Дәуіттен қорқа бастады. Бұрын әрқашан өзімен бірге болған Құдайдың енді Дәуітке жар болып жүргенін ол көрді.

121. Адал дос

1Патшалық 18; 19

Саулдың Дәуітті жек көруі күннен-күнге асқындай берді, есесіне Дәуіт патша сарайында өзіне адал дос тапты. Ол патшаның ұлы – Жонатан болатын.

Жонатан ержүрек және епті жауынгер еді. Жаратқан Иенің атынан Ғолиятпен жекпе-жекке шығуға батылы жеткен жас жігіт Дәуітті ол ұнатты. Әкесі Саулға ұқсамай ол Дәуіттің бір күні патша тағына отыруы мүмкін екендігіне бола оны жек көрген жоқ.

– Кел, қандай жағдай болмасын, өмір бойы бір-бірімізге адал дос болып қалуға серттесейік, – деді Жонатан Дәуітке.

Сөйтіп, ол өзінде бар ең асыл затын – қылышын, садағын және белдігін Дәуітке берді. Бұл олардың достығының мызғымас беріктігінің белгісі болды.

Ал Саул болса, Дәуітті жек көргені сондай, есінен адаса жаздады. Оның бар ойы – жас жігіттен қалайда құтылу болды.

– Мен қалайда Дәуітті өлтіремін, – деді ол бірде Жонатан мен қызметшілеріне.

Мына сөздерді естігеннен кейін Жонатан Дәуітті іздеп тауып алды да:

– Патшадан аулақ жүр, – деп ескертті досына. – Саған үлкен қауіп төніп тұр. Мен әкеммен сөйлескенге дейін бір жерде жасырына тұр. Мен оны сабасына түсіріп көремін.

Келесі күні Жонатан Саул патшамен оңаша кездесті.

– Дәуітке жамандық жасаушы болма! – деп жалбарынды ол әкесіне. Оның саған қызмет етіп жүріп істеген істерін, Ғолиятты өлтіргенін есіңе ал. Жаратқан Ие біздің Дәуіт арқылы қолымызды жеңіске жеткізді. Сен үшін ол талай рет басын қатерге тікті.

Саул біраз үндемей отырды да, содан кейін:

– Сөзіңнің жаны бар. Дәуіт өлімге лайық емес. Жаратқан Иенің атынан оған тиіспеуге ант беремін.

Жонатанның жүрегі тынышталып, жеңілдеп қалды. Ол Дәуітке қорықпай сарайға оралып, Саулдың қасында қалуына болатынын айтты.

ДӘУІТТІҢ ЖАСЫРЫНЫП ЖҮРУІ

122. Дәуіттің қашуы

1 Патшалық 19

Соғыс қайта басталды. Дәуіт исаилдік әскерлерді басқарып, філістірлерді жойып жеңіске ие болды. Алайда Дәуітке риза болудың орнына, Саул оны бұрынғыдан да бетер жек көретін болды. Дәуіт күй тартып отырғанда ол оны найзамен шаншып өлтірмекші болды, алайда Дәуіт тағы да жалтарып, аман қалды. Саул өзінің арам ойын аяғына дейін іске асырмақ болып, сол күні түнде Дәуіттің үйін қоршап алып, таң атқанша оны өлтіруге әскерлерін жіберді.

Бірақ бақытына қарай, Саулдың үй-ішінде Дәуіттің Жонатаннан басқа тағы бір досы болды. Саулдың кіші қызы Михол жас батырды ұнатып, оған тұрмысқа шыққан болатын.

– Түнде қашуың керек, – деп ескертті күйеуіне ол, – әйтпесе, Саулдың қызметшілері сені өлтіреді.

Михол Дәуітке сарайдың терезесі арқылы шығып кетуіне көмектесті, ал өзі Дәуіттің төсегіне бір мүсінді жатқызып, адам ұйықтап жатқандай етіп қойды.

Саулдың қызметшілері үйге кірген кезде, Михол:

– Ол ауырып жатыр, – деп Дәуіттің бөлмесіне кіргізбей қойды.

– Олай болса, оны төсегімен көтеріп менің алдыма алып келіңдер, – деп бұйырды Саул.

Сарбаздар Михолды итеріп жіберіп, Дәуіттің бөлмесіне кірген кезде, оның төсекте жоқ екенін көрді: Михол оларды осылай алдады, ал Дәуіт болса қашып құтылып кетті.

Сол екі ортада Дәуіт өзіне қауіпсіз орын тауып алды. Ол өзіне бір кезде патша боласың деп айтқан Құдайдың адамы – Самуилға барды. Ол патша болатын күн қашан туар екен?

123. Досымен қоштасу

1 Патшалық 20

Көп ұзамай Дәуіт Самуилдің қасынан кетіп, досы Жонатанмен кездесу үшін кері оралды.

– Мен сенің әкеңе не жамандық жасадым? Жазығым не? Неге патша мені өлтіргісі келеді? – деп күйінішпен сұрады Жонатаннан.

– Оның жүрек түкпірінде саған жамандық тілемейтінін білемін, – деді Жонатан. – Қалай дегенмен де әкем маған айтпай ешнәрсе істемейді. Мен оның ниетін білейін.

Достар ашық егіс даласында сөйлесіп тұрды. Оларды ешкім көруі де, сөздерін тыңдауы да мүмкін емес еді.

– Әкемнің не істемек ниетін білгенімше, осы арада тығыла тұр, – деді Дәуітке Жонатан. Мүмкіндік туа салысымен мен осында келемін. Жаттықпақшы сыңай танытып, садағыммен жебемді ала шығамын. Саған жақындаған кезде садақ атып, қызметшімді жебені алып келуге жұмсаймын. Егер «жебе артыңда» десем, демек, тығылған жеріңнен шыға бер, яғни қатер жоқ деген сөз. Ал егер «жебе алдыңда» десем, онда саған өлім қаупі төнгені, демек бұл жерден аулақ қаш.

Достар қоштасты. Жонатан Дәуіттің адалдығына әкесінің көзін жеткізе алатынына сенімді болды. Бірақ ол Дәуіт туралы сөз қозғауы-ақ мұң екен, Саул қатты ашуланды:

– Әй, оңбаған неме, неге сен Дәуітпен достасып жүрсің? Дәуіт өлуі тиіс!

– Неге? – деп қайтпады Жонатан. – Ол не жамандық жасады?

Сонда Саул, булығы долданып, найзасын Жонатанға, өз ұлына қарай лақтырды. Жонатан бөлмеден қатты ашуланып, жүгіре шықты. Патшаның Дәуітпен татуласуына еш мүмкіндік жоқ еді.

Келесі күні Жонатан қызметшісін ертіп, келісілген жерге келді. Дәуітке уәде еткеніндей ол садағын атып, қызметшісіне:

– Қара, жебе сенің алдыңда! – деп айқайлады.

Қызметші бала солай қарай жүгірді.

Содан кейін Жонатан қызметшісін үйге қайтарды. Айналада ешкім жоқ, Дәуіт жасырынған жерінен шығуына болады. Енді қоштасуға тура келетінін достар түсінді.

– Бір күні Жаратқан Ие сені патша етіп таққа отырғызады, – деді Жонатан Дәуітке. – Сол күн келгенде маған және менің туыстарыма қайырым етуіңді өтінемін. Біз өмір бойы дос боламыз, ал Жаратқан Ие саған әрдайым жар болсын.

Дәуіт қамыға сөйледі, өйткені жақын досымен айрылысатынына қатты қайғырды. Бірақ ол Жонатанға әрқашан адал дос болып қалуға уәде берді.

Дәуітпен қоштасып, Жонатан сарайға оралды. Ал, Дәуіт болса, қайда барарын білмеді. Оның бір білетіні – өзіне жасырынатын жер тауып, үйінен және достарынан алыста тасаланып жүруі керек.

124. Нан мен семсер

1Патшалық 21

Жонатанмен қоштасқаннан кейін Дәуіт енді не істерін және қайда бару керегін ойлады. Оның не тамағы, не қаруы болмады және өзіне қажеттің бәрін алу үшін Саулдың сарайына да, өз үйіне де баруға батылы бармады.

Бар қалған амалы – Құдайдың қызметшілеріне, Ноб қаласындағы киелі үйде тұратын Құдайдың заң қызметкерлерінен жәрдем сұрау болды. Уақытты босқа өткізбей, ол сонда аттанды.

Дәуітті көріп, заң қызметкері Ахимәлік оның алдынан шықты. Дәуіттің жалғыз келгеніне ол қатты таң қалды.

– Адамдарың қайда, неге жалғыз жүрсің? – деп сұрады ол.

Дәуіт Ахимәлікке шындықты ашық айтудан қорықты.

– Адамдарымды қалдырып кеттім, кейінірек өзім оларға ораламын, – деп жалған айтты ол. – Патша мені суыт, құпия тапсырмамен жіберді. Өте асығыс болғандықтан, не тамақ, не қаруымды алмаппын. Маған көмектесе аласың ба?

– Құдайға бағышталған наннан басқа қолымда жай нан жоқ, – деп жауап берді Ахимәлік.

– Бірақ оны тек ғибадатхана қызметкерлеріне ғана жеуге болады.

– Сол нандарды маған бер, – деп өтінді Дәуіт.

– Жарайды, – деп келісіп, Ахимәлік оған нанды берді.

– Сенде семсер бар ма? – деп сұрады Дәуіт нанды алғаннан кейін. Діни қызметкер күлімсіреді:

– Жаратқан Иенің үйінде біз семсер ұстамауымыз керек, – деді ол жұмсақ қана. – Алайда бізде бар. Ол Ғолияттың семсері. Біз оны Жаратқан Ие сыйлаған ұлы жеңістен естелік ретінде сақтап қойғанбыз.

– Бұл теңдесі жоқ семсер! – деп қуанды Дәуіт. – Өтінемін, оны маған бер.

Ахимәлік матаға ораған семсерді алып шығып, орауын шешіп, Дәуітке берді.

Нан мен семсерді алғаннан кейін Дәуіттің көңілі тыншып, ары қарай кетті.

Бірақ Дәуітті Наб қаласында көрген жалғыз Ахимәлік қана емес, тағы Саулдың тыңшысы көріп, бәрін естіген еді.

125. Сөз тасушы Дойық

1 Патшалық 22

Алғашында Дәуіт бір жерден екінші жерге ауысып еш жерде тұрақтамады. Ал кейін бір үлкен үңгір тауып, сонда тұрды.

Исраилдіктер Дәуітті жақсы көрді және көп ұзамай оған үңгірге адамдар жасақ болуға келе бастады. Бұлар көбіне байлар мен күштілер күн көрсетпеген кедейлер, қарызын өтей алмағандар және өмірден өз орнын таба алмаған адамдар болды. Келе-келе Дәуіт бұл адамдарды күшті әрі өзіне адал жасаққа айналдырды.

Ал Саул болса бұл кезде Дәуітті таба алмағанына қатты ашуланып, өшін қызметшілерінен алды:

– Сендер бәрің маған қарсысыңдар, – деп жазғырды ол оларды. – Дәуіттің қайда тығылып жүргенін маған ешкім айтқысы келмей ме?

Сонда патшаға жақын жүретін кісі Дойық деген алға шықты:

– Мырзам, – деді ол патшаға. – Мен саған Дәуіт туралы айта аламын.

Саулдың жүзі жылыды. Ол Дойыққа сөйлеуге белгі берді.

– Мен Ноб қаласында киелі үйде болған кезде, Дәуіттің сонда келгенін көрдім, – деп жеткізді Дойық Саулға. – Ал Ахимәлік оған нан мен Ғолияттың семсерін берді.

Мына сөздерді естіп, Саул қатты ашуланды.

– Ахимәлік пен Ноб қаласындағы барлық ғибадатханалық қызметкерлерді менің алдыма әкеліңдер! – деп бұйырды ол.

Ғибадатхана қызметкерлер алдына келген кезде ол Ахимәлікке:

– Есей ұлы Дәуітпен бірігіп, неге маған қарсы шығып жүрсің? – деп сұрады.

Ахимәлік Дәуітпен ешқандай астыртын келісім жасамағанын және Дәуітке ол патшаның маңызды тапсырмасымен жүрмін дегеннен кейін көмектескенін айтып ант-су ішкені зая кетті.

Саул Ахимәліктің сөзін тыңдады, бірақ оған сенген жоқ.

– Мына ғибадатхана қызметкерлердің бәрі өлуі тиіс! – деп айқайлады ол.

Саулдан қорыққандарына қарамастан ешкімнің де Құдайдың қызметшілеріне қол көтеруге дәті бармады. Тек Дойық қана патшаның осы үкімін орындауға келісті.

Ноб қаласының ғибадатхана қызметкерлерінің ішіндегі біреуі ғана – Ахимәліктің ұлы Абиятар ғана қашып құтылды. Ол Нобтан қашып, тура Дәуітке келді. Болған жайтты айтып бергенде Дәуіт қатты қайғырды.

– Барлық кісілердің өліміне кінәлі менмін, – деді ол. – Дойықтың бәрін Саулға жеткізетінін білуім керек еді. Абиятар, енді сен бізбен бірге қал, ешнәрседен қорықпа. Жаратқан Ие біздің қамымызды жейді.

126. Дәуіттің Саулға жаны ашуы

1Патшалық 24; 26

Дәуіттің адамдары Саулдан жасырынып ұдайы бір жерден екінші жерге көшіп жүрді. Алайда олардың қайда жүргенін патшаға жеткізіп тұратын біреу әрқашан табылатын, сөйтіп патша сарбаздарын ертіп, оның соңына түсетін.

Бірде Дәуіт жазық жерді паналап жүргенде Саулдың әскері оны қоршауға алды. Бірақ, бақытына қарай, соңғы сәтте патшаға шабарман келіп, Исраилге тағы да філістірлер шапқанын хабарлады. Саул сарбаздарымен філістірлерге қарсы аттанды және бұл Дәуіттің өмірін сақтап қалды.

Дәуіт өз адамдарымен тауға беттеді. Тау шатқалдарында үңгірлер көп еді, сонда қуғыншылардан бой тасалай тұруға болатын. Төменде, таза су көзі болды.

Бірде, Дәуіт өз адамдарымен осындай ең алыс және қараңғы үңгірлердің біріне тоқтады. Кенет, олар үңгірге Саулдың сарбаздары жақындап келе жатқанын естіді. Міне, Саулдың өзі үңгірдің дәл аузына келіп, ішке кірді. Сыртта күн жарқырап тұрды, сондықтан да Саул қараңғы үңгірде отырған адамдарды байқамады. Саул сапардан шаршап, тез ұйықтап қалды.

– Оны өлтір! – деп сыбырлады Дәуітке өз адамдары, бірақ Дәуіт басын шайқады.

Ол орнынан тұрып, Саулға абайлап жақындады да семсерімен патшаның шапанының бір шетін кесіп алды, ал патша түк сезген жоқ. Саул оянып, Дәуітті іздестіруді жалғастыру үшін үңгірден шықты, үңгірде ешкімнің болмағанына ол сенімді еді.

Бірақ Дәуіт те орнынан тұрып, Саулдың артынша тығылған жерінен шықты.

– Патшам, – деп шақырды ол Саулды.

Сасып қалған Саул артына бұрылды, Дәуіт оған иіліп тағзым етті.

– Мен саған ешқандай жамандық жасамайтыныма сенуге тиіссің. Қазір үңгірде сен менің қолымда болдың. Мен сені оп-оңай өлтіре салатын едім, бірақ сені аядым. Мынаған қара! Дәуіт Саулға оның шапанынан кесіп алған бөлікті көрсетті.

Саул ұялып қалды. Оның бетін көз жасы жуды.

– Мен саған әділетсіз болдым, – деп мойындады ол. – Кезі келгенде сенің міндетті түрде патша болатыныңды білемін. Сол кез келгенде, менің ұрпағыма қайырымды бола гөр.

Сөйтіп Саул үйіне қайтты.

Алайда, Дәуіт Саулдың көз жасын төккеніне қарамастан, оның тәубесі ұзаққа созылмайтынын білді. Көп өтпей-ақ Саул қайта оны қууға кірісетінін Дәуіт сезді.

127. Бетлехем құдығының суы

2Патшалық 23

Адолам үңгірінде бірге тұрып жатқандар Дәуітке жан-тәнімен берілген адал адамдар болды. Өздерінің жүрегінде үміт отын тұтатып, өмірлеріне мән-мағына беріп, сән кіргізген Дәуіт үшін олар бәріне де дайын еді.

Бірде Дәуіт туған үйін қатты сағынды. Ол өзі туып-өскен және қазір үй-іші тұрып жатқан Бетлехем қаласын есіне алды. Ыстық күннен кейін қала қақпасы жанындағы құдық суынан ішу қандай рахат!

– Егер қазір Бетлехем құдығынан су іше алсам ғой, шіркін! – деп ол дауыстап айтып қалғанын өзі де байқамай қалды.

Дәуіттің ержүрек адамдарының үшеуі мұны естіп, сүйікті көсемдеріне қуаныш сыйламақ болды.

Бетлехем қабырғаларының астында бұл кезде філістірлердің әскері тұрған, алайда бұл үш ержүрек батырға тосқауыл бола алмады. Қауіп-қатерге қарамастан олар жолға шықты. Філістірлердің әскер қосы арқылы семсерлерінің көмегімен өздеріне жол ашты. Құдықтан су алып, аман сау Дәуітке оралды.

Олардың тері торсықпен су әкелгендерін көргенде, Дәуіт қатты таңырқады: оның қалауын орындау үшін бұл адамдар бастарын қандай қатерге тіккендерін ол түсінді. Дәуіт оларға шексіз риза болды және өз әлсіздігі үшін ұялып қалды.

Ол өзін осындай сүйіспеншілік пен адалдыққа лайықсызбын деп есептеді және үш батырдың өмірі қыршын кетуі мүмкін болғанын ойлап, суды іше алмады.

– Жаратқан Ие ғана сондай ізгі және ұлы, сендердің алып келген сыйларың Оған ғана лайық, – деді Дәуіт оларға. – Біз Жаратқан Иеге деген сүйіспеншілігіміздің белгісі ретінде бұл суды Оған береміз.

Осы сөздерді айтып, Дәуіт бір жұтым да ішпей суды жерге төкті, өйткені бұл – Құдайға арналған құрбандық болды.

ДӘУІТ ЗАҢНАН ТЫС

128. Данышпан әйел Әбигел

1 Патшалық 25

Саулдан бой тасалап жүріп Дәуіт пен оның адамдары сол маңайда қойларын жайып жүрген қойшылармен достасып, оларға қой күзетуге қолқабыс тигізді. Тамақ табу оларға оңай болмады, сондықтан жергілікті Набал деген бай кісі той жасамақшы болғанда Дәуіт оған өз адамдарын жіберді.

– Дәуіт сізге сәлем жолдайды, – деді олар Набалға. – Қойшыларыңыз қой қырқып жатқан кезде біз оларға ешкім тиіспесін деп қарап жүрдік. Сіздің үйіңізде той жасағалы жатқаныңызды естіп, бізбен барыңызбен бөліссеңіз екен деп келдік.

Мына сөздерді естіп болып, Набал оларға дерекі жауап қайтарды.

– Дәуіт деген кім өзі? Мен оны танымаймын. Қожаларынан қашып жүрген құл мен оның өзі сияқты жексұрын адамдарына берерім жоқ.

Жіберген кісілеріне Набалдың қандай жауап қайтарғанын білген кезде Дәуіт қатты ашуланды.

– Семсерлеріңді асыныңдар! – деп бұйырды ол. – Дәуіттің кім екенін Набалға көрсетейік.

Қожайынының сөзін естіген қойшыларының бірі Набалдың әйелі Әбигелге асықты.

– Қожайын Дәуіттің адамдарын ренжітті, – деді қойшы Әбигелге. – Ол бізге көп жақсылық жасаған. Біз қой қырқып жатқанда күні-түні біздің отарымызды қарайлады, ал олардың жақсылықтарына Набалдың қайтарған жауабы осы болды. Енді Дәуіт біздің бәрімізді жазаламай қоймас.

Әбигел ақылды әйел болатын, сондықтан да ойланып жатпады. Ол піскен наннан, еттен, кептірілген жемістерден көп етіп алып, бірнеше мес шарап алып, бәрін есектерге артып, жолға шықты. Өзінің ақылсыз, дерекі күйеуіне ештеңе айтқан жоқ.

Жолда жауынгерлерімен келе жатқан Дәуітті көрген кезде ол есегінен түсіп, иіліп тағзым етті.

– Менің күйеуімнің айтқан сөздерін ұмытуыңызды өтінемін, одан да менің сөздеріме құлақ асыңыз, – деді ол Дәуітке. – «Набал» деген аты «ақымақ» дегенді білдіретіні сияқты, өзі де дәл барып тұрған ақымақ. Оның ақымақтығына бола, бізден өш алып күнәға бата көрмеңіз. Мына сыйды қабыл алып, бізді кешіре көріңіз.

Дәуіт Әбигелдің ақылы мен көркіне тәнті болды. Ол сыйды қабыл алып, Набалдың үйішіне ешқандай жамандық жасамауға уәде берді.

Әбигел үйіне келген кезде, той қызыпты, күйеуі көңілді екен, ол оған тағы да ештеңе айтпады. Келесі күні Набалдың мастығы тарқады, Әбигел оған өз ісі туралы айтты.

Сонда Набал жүрегі шыдамай, сіресіп қатты да қалды. Ол шамамен он күндей төсек тартып жатып, қайтыс болды.

Набал өлгеннен кейін Әбигелдің даналығы мен сұлулығына ғашық болған Дәуіт оған үйленді.

129. Айн-Дордағы бақсы әйел

1Патшалық 28

Самуил пайғамбар әбден қартайып қайтыс болғанда Саул да, Дәуіт те қатты қайғырды. Олар пайғамбар өздеріне Құдай сөзімен жігер берген кезді естеріне алды. Саулдың Самуилмен болған соңғы кездесуі патшаға қуаныш әкеле қойған жоқ, дегенмен, ол пайғамбарды сағынып, жоқтады.

Саулдың қайғысы көп ұзамай, торығуға айналды. Дәл осы кезде філістірлер тағы да Израилге қарсы жорыққа аттанды, ал Саул болса өзін өте әлсіз және бейшара сезінді. Ол не істеу керегін шеше алмай, Жаратқан Иеден кеңес сұрап сиынғанда, Жаратқан Ие оның дұғаларына жауап бермеді. Өзі көп күнә жасағандықтан Құдай оны мәңгіге тастап кеткенін Саул түсінді.

– О, егер Самуил қасымда болғанда ғой, ол маған көмектескен болар еді! – деді Саул.
Бірақ Саулға көмектесетін ешкім болмады.

Сол кезде Қанахан жерінде өлген адамдардың әруағын шақырып сөйлесетін сәуегей, бақсылар болған. Саул патша болған алғашқы жылдары бақсы-балгерлерді елден қуып жіберген болатын, өйткені бақсы-балгерлік атаулыға Таурат заңы қатаң тиым салған.

Саул нөкерлерінен Айн-Дар деген жерде бір бақсы әйел бар екенін сұрастырып білді. Ол қалаға бару үшін філістірлердің әскер қосының қасынан өту керек болатын, сондықтан да Саул өзін танымайтындай етіп киімін өзгертіп киіп, қасына бірнеше қызметшісін ғана алып, түн ішінде сол әйелге келді.

Бейтаныс кісілерді көріп бақсы әйел қорқып кетті. Келген кісілер ол туралы патшаға жеткізеді деп қорықты әйел. Ал олардың арасынан Саулды таныған кезде, одан бетер зәресі ұшты.

– Қорықпа. Саған түк те болмайды, – деп тынышталдырды бақсы әйелді Саул. – Маған Самуилдің әруағын шақырып берші.

Бақсы іске кірісті.

– Не көріп тұрсың? – деп сұрады Саул бақсы әйелден.

– Үстіне ұзын шапан киген кәрі адамды көріп тұрмын, – деп жауап берді бақсы әйел.

Саул мұның Самуил екенін біліп, басын жерге дейін иіп, оған тағзым етті.

– Құдай менен бас тартты. Енді мен не істеймін? – деп сұрады Саул.

– Менің саған берер еш көмегім жоқ, – деп жауап берді Самуил. – Құдайға мойынсұнбай, өз бетіңмен жүретін жолды таңдаған өзіңсің, сөйтіп өз басыңа қасірет тілеп алдың. Ертеңгі шайқаста өзің де, ұлдарың да өлесіңдер.

Мына сөздерді естіп Саул бір тәулік бойы тамақ ішпей, қатты әлсіреді. Біраз дем алып, аяғын зорға сүйретіп ол кері қайтты.

130. Дәуіт філістірлер арасында

1Патшалық 27; 29

Бірнеше жылдан бері патшадан қашып жүрген Дәуіт ақыры сары уайымға салынды.

– Бір күні Саул мені өлтіреді, – деп мұңайды ол. – Мен тек жауларымның арасында ғана қауіпсіздікте бола аламын.

Сөйтіп, тыныш жер іздеп жүріп Дәуіт Израилдің қас дұшпаны – філістірлердің арасында қоныстанды. Саул Айн-Дардағы бақсы әйелге барған кезде, Дәуіттің філістірлер арасында тұрғанына бір жыл болған.

Філістірлердің Анхұс деген патшасы Дәуітке жылы қабақ танытты. Дәуітпен және оның адамдарымен одақтас болуды пайдалы деп санаған патша оларға Секелег деген қорған-қаланы берді, сөйтіп олар отбастарымен бірге сонда қоныстанды.

Дәуіт өз адамдарымен көрші жерлерге жорыққа шығып, Анхұс патшаға мол олжа әкеліп отырды. Філістірлік патша Дәуіттің сөздеріне сенді және ол израилдіктерге де шабуыл жасайды деп ойлады. Дегенмен, іс жүзінде, Дәуіт ежелден Израилмен жауласып келген жалған тәңірлерге табынатын халықтардың иеліктерін тонады.

Філістірлер Израилмен соғысқа жиналған кезде, Анхұс Дәуіттің адамдарын да өз әскеріне қосты, ал оның өзін жеке басын қорғайтын сақшысы етіп тағайындады.

Дәуіт өзін израилдіктермен соғысуға дайын кісідей ұстады. Ол әу бастан Анхұсты алдаған еді, ал енді оған шындықты айтуға кеш.

Өз үй-іштерін Секелегте қалдырып, Дәуіт пен оның адамдары қолдарына қару алып, філістірлердің әскери қостарына келді. Філістірлік әміршілер Дәуіттің әскерін көргенде ашуланды.

– Мына еврейлер мұнда неғып жүр? – деп сұрады олар Анхұстан.

– Мазасызданбай-ақ қойыңдар, – деп тыныштандырды оларды Анхұс. – Дәуіт пен оның адамдары менің жағымда. Олар бізге болысады.

– Сіз шынымен оларға сеніп тұрсыз ба? – десті філістірлер. – Соғыс бастала салысымен-ақ Дәуіт бізді сатып, жау жағына өтіп кетеді. Оны тез кері қайтарыңыз.

Анхұстың Дәуітті шақырып алып, былай деуден басқа амалы қалмады:

– Мен саған сенемін. Бірақ басқа әміршілер сені шайқас алаңында болғаныңды қаламай тұр. Адамдарыңды ертіп, Секелегке қайта бер.

Дәуіт ренжігендей сыңай танытты, бірақ жүрек түкпірінде Құдайға алғысын айтты. Дәуіт өзін Оның рақымына лайықсызбын деп санағанына қарамастан, Құдай оны қиын жағдайдан аман алып шықты.

131. Бәрі де бітті

1Патшалық 30

Дәуіт пен оның сарбаздары Секелегке қайтты. Жолда үш күн жүріп, қалаға жақындағанда жолаушылар алыстан көтерілген түтінді көрді. Олар Секелегте өздерін не күтіп тұруы мүмкін екенін қорқынышпен ойлап, алға қарай шапты.

Олар қалаға жеткен кезде, алдарынан ешкім шықпады. Айналада жан баласы жоқ еді. Сарбаздар қираған Секелегке тосыла қарады. Олардың әйел, бала-шағаларының аттарын атап шақырғаны босқа кетті – ешкім жауап қатпады.

Бүкіл ер кісілердің соғысқа кеткенін біліп, көшпенділер қорғансыз қалған Секелегке шабуыл жасап, қаланы тонап, тұрғындарды құлдыққа алып кетті, ал ағаш бекіністерінің бәрін өртеді.

Дәуіттің сарбаздары жылап-сықтап, ал кейін ызаланып, Дәуітке қарсы шықты. Оны таспен атқылап өлтіру үшін тас жинай бастады. Бірнеше жылдар бойына қай жерде болмасын оған адал қызмет етіп келген сарбаздар енді өз бақытсыздықтарына кінәлі Дәуіт деп тапты.

Дәуіт тығырыққа тірелді. Алайда Нобтағы діни қызметкерлердің бәрін Саул өлтірткен кезде аман қалған Ахимәліктің ұлы Әбиятар оның қасында болды.

– Жаратқан Иеден менің не істеуім керегін сұра, – деп өтінді Дәуіт.

– Шапқыншылардың соңына түсіп, қу, – дейді Жаратқан Ие, – деп жауап берді Әбиятар.

Дәуіт еңсесін көтерді. Ол сарбаздарын әлі алысқа ұзай қоймаған көшпенді-шапқыншылардың артынан қуу керектігіне көндірді. Сарбаздар қайтадан оның соңынан еруге дайын болды.

Алайда Босор сайына келгенде олардың көбі шаршап, ары қарай жүруге шамалары келмеді.

– Осында қалыңдар, – деді оларға Дәуіт. – Ал біз ары қарай жылжиық.

Сөйтіп, екі жүз жігітті сайда қалдырып, Дәуіт пен қалған сарбаздар келесі бетке өтіп, ары қарай кетті.

132. Қайырымдылық үшін сый

1 Патшалық 30

Жолшыбай Дәуіттің сарбаздары далада қимылсыз жатқан бір жігітті тауып алды.

– Өліп қалған ба? – деп сұрады сарбаздардың бірі.

– Жоқ, әбден қалжыраған. Оған тамақ беру керек, – деп жауап берді екіншісі.

Дәуіттің сарбаздары жігітті тұрғызып, тамақ берді. Ол біраз әлденіп, сөйлей алатындай болды:

– Нәр татпағанымға үш күн болды, енді әлденіп қалдым – деді ол.

– Қай жақтың адамысың? – деп сұрады одан Дәуіт.

Мен мысырлықпын, – деп жауап берді жігіт, – бір амалектіктің құлымын. Амалектіктер Секелегке шабуыл жасаған кезде мен қожайынмен бірге болдым. Қайтар жолда ауырып қалған мені бұдан үш күн бұрын осында тастап кетті.

Дәуіт ойланып қалды. Бұл жігіттің оларға көмегі тиюі мүмкін.

– Бізді соларға ертіп бара аласың ба? – деп сұрады ол.

– Әрине, – деп келісті жігіт. – Бірақ мені қожайыныма қайтарып бермеймін деп уәде бер.

Дәуіттің әскерлері көңілденіп, жігіттің соңынан ерді. Істеген жақсылықтары үшін оларды сый күтіп тұрған еді.

Ақыры олар амалектіктердің қосына да жақындады. Көшпенділер көгалға жайғасып, олжаларына қуанып, тойлап жатқан. Дәуіт алыста, філістірлермен шайқасып жүр деп ойлап, қосты айнала күзетші қою олардың ойларына да келмеді.

Дәуіт сабыр сақтап, амалектерді сыртынан бақылап, оңтайлы сәтті күтті. Ымырт жабыла салысымен көңіл көтеруден шаршаған амалектіктер ұйқыға кетті. Дәл осы кезде Дәуіттің сарбаздары оларға лап қойды.

Сөйтіп, олар амалектіктердің Секелегтен алып кеткендерінің бәрін артығымен қайтарып алды. Әйел, бала-шағаларын құтқарып алған Дәуіттің сарбаздары Секелегке мол олжамен қайтты. Босор сайында оларды қалған екі жүз жігіт күтіп отырды.

– Олар бізбен бірге барған жоқ, түскен олжаны олармен бөліспейміз, – деп сыбырласты сарбаздар. – Әйелдері мен балаларын ертіп кете берсін.

– Жоқ, біз бәрін олармен бөлісеміз, – деді Дәуіт. – Бұл жеңіске біз Жаратқан Иенің арқасында ғана қолымыз жетті. Сондықтан сайда қалғандар да соғысқандармен бірдей үлес алуға лайық.

133. «Ажырамаған олар өлімде де»

1Патшалық 31; 2Патшалық 1

Бақсы әйелден Саул түнеріп қайтты. Келесі күні оның жүрегі сезген жамандық дәл келді – філістірлермен соғыста израилдіктер ойсырата жеңіліс тапты. Көптеген ержүрек жауынгерлер шайқаста мерт болды. Мұндай қорлыққа шыдай алмаған Саул өзіне семсер салды. Оның ұлдары қашып құтылмақ болған, бірақ філістірлер оларды қуып жетіп, өлтірді.

Израилдің жеңіліс тапқаны туралы хабар жақын жерлерде орналасқан қалаларға жеткен кезде зәрелері ұшқан тұрғындар үйлері мен бүкіл дүние-мүліктерін філістірлерге қалдырып, тым-тырақай қаша бастады.

Үш күннен кейін Израилдің жеңіліс тапқаны және Саул мен Жонатанның қаза болғаны жайлы хабар Секелегке де жетті. Дәуіт қатты қайғырды, ол адал досы Жонатанды қатты жоқтады. Ал Саулды ол бұрынғы оның ізіне түсіп, тыныштық бермей қойған қызғаншақ ретінде емес, бұрынғыдай Израилдің ержүрек және күшті көсемі ретінде есіне алды.

Дәуіт қатты қайғырып, үстіндегі киімін жыртып, ол Саул мен Жонатанды былай деп жоқтады:

«Уа, Израил, қыраттарыңда сенің,
Мерт боп жатыр мақтан тұтқан ерлерің!
Саул, ұлы Жонатан екеуі де
Сүйікті, сүйкімді өмірлерінде,
Ажырамаған олар өлімде де.
Олар бүркіттен бетер зымырай шүйілетін,
Арыстаннан бетер күшті күресетін!
Жоқтаймын өзінді, Жонатан бауырым,
Жанымдай жақсы көрген сырлас досым!
Мен үшін адал сүйіспеншілігің,
Махаббатынан да артық әйелдің.
Батырлардың қаза тапқандары-ай!
Елдерін қорғап көз жұмғандары-ай!»

ДӘУІТ ПАТША

134. Дәуіттің Исраилге патша болуы

2Патшалық 2:5

Саул қаза болғаннан кейін Дәуіт қорықпай Исраилге оралуына болатын еді. Ол енді не істеуі керектігін Құдайдан сұрады, ал Құдай оған оңтүстікке – Хеброн қаласына баруды бұйырды.

Хеброн тұрғындары Дәуітті қуанышпен қарсы алып, май жағып, оны Яһуда руының патшасы етіп қойды. Дәуіт осы рудан шыққан болатын.

Сол кезде філістірлермен соғыстан аман қалған Саулдың қолбасшыларының бірі Абенир бас сауғалап жүріп Исраилдің оңтүстігінен бір-ақ шықты. Саулдың тірі қалған жалғыз ұлы Иабесфей онымен бірге болды. Абенир оны Исраилдің солтүстік бөлігінің патшасы етіп жариялады.

Яғни, енді Исраилді екі патша басқарды: оңтүстікте Дәуіт, ал солтүстікте Иабесфей.

Абенир Иабесфейдің бір бөлікке ғана емес, тұтас билік еткенін қалады. Ал Дәуіттің сарбаздарының басшысы Иоав болса Исраилді Иабесфей емес, Дәуіт басқаруы тиіс деп санады.

Олар бейбіт келісімге келе алмады, ал осыған бола елде ағайындылар соғысы тұтанды. Көп жылдар еврейлер өзара соғысты және олардың тартыстарының тоқтар түрі көрінбеді.

Бірде Иабесфей Абенирді қатты ренжітіп қойды, сонда одан өш алу үшін Абенир Дәуіттің жағына шығып кетті.

Дәуіт Абенирді қуана қарсы алды, өйткені ол жақсы, әрі тәжірибелі қолбасшы еді. Бірақ сорына қарай, кезінде соғыста Абенир Иоавтың ағасын өлтірген болатын, сол кезден бастап Иоав Абенирді өлердей жек көрді. Ол Абенирді өлтіретін оңтайлы сәтті ұзақ күтті. Міне, сол сәт те келді, Абенир Иоавтың қолына түсті.

Осыдан кейін көп ұзамай екі патша арасындағы соғыс ойламаған жерден тоқтады. Өйткені Иабасфей өлген болатын. Оған өзінің әскерлерінің қолбасшысы қиянат жасап, өлтірді.

Дәуіттің Иабесфейдің өліміне де, Абенирдің өліміне де еш қатысы болған жоқ. Дегенмен де ол оның патшалық құру кезеңінің мынадай зұлымдықтармен байланысты болғанына өте қайғырды.

Саул қайтыс болғалы да жеті жыл өтті, Исраилдың барлық рулары Дәуіттен артық патша таппайтындарын мойындай бастады. Ақыры олар Дәуіттен патша болуын өтінді. Дәуіт келісті, сонда рубасылар оған Хебронға келіп, май жағып, оны бүкіл Исраилдің патшасы етіп тағайындады.

135. Дәуіттің қаласы – Құдайдың қаласы

2Патшалық 5; 6

Дәуіт Израилдің патшасы болғаннан кейін Хеброн бүкіл елдің астанасы бола алмайды деп шешті. Оның назары Иерусалимге түсті.

Иерусалим – Израилдің дәл ортасында орналасқан деуге болатын, таулы жерде тұрған қамалы берік қала болды. Жаудың шабуылынан оны жан-жағынан қаумалаған тау шатқалдары мен терең сайлары қорғап тұрды.

Бірақ Иерусалим Израилдің емес, ебустіктердің қаласы болатын. Еврейлер Палестина жеріне келген кезде, Құдайға құлақ аспай, ебустіктерді басқа халықтармен қоса қуған жоқ. Сондықтан да ебустіктер өз қаласында тып-тыныш тұрып жатты.

Енді Дәуіт Иерусалимді жаулап алу үшін өз әскерімен қала түбіне келді.

Қаланы күшпен емес, тек айламен ғана алуға болатынын Дәуіт көрді.

– Маңайдағы таулардан Иерусалимге су кіретін жер асты құбырлары арқылы қалаға кіре алатындар бар ма? – деп сұрады Дәуіт, сонда өз еркімен бірнеше кісі алға шықты.

Осы қатерлі іске таңдалған кісілер құбыр арқылы қаланың ішіне енді. Олар қала қақпасын іштен ашты, сонда дайын тұрған Дәуіт пен оның әскерлері күтпеген жерден ебустерге лап қойып, қамалды оп-оңай басып алды.

Сол кезден бастап Иерусалим Израилдің астанасына айналды. Халық оны Дәуіттің қаласы деп атады.

Алайда, Дәуіттің өзі Иерусалим Құдайдың қаласы болғанын қалады. Сол үшін ұзақ уақыт еленбей келген келісім сандығын Иерусалимге ауыстыру керек деп шешті ол.

Келісім сандығын жаңа орынға апара бара жатқан діни қызметкерлердің артынан көп халық еріп жүрді. Шеруді Дәуіттің өзі бастады. Ол Жаратқан Иеге қуанышын, алғысын білдіріп әндете, би биледі.

Бұралаң жолмен келе жатқан шеру аулаға кірген кезде, келісім сандықты зор құрметпен арнайы дайындалған шатырға қойды. Содан кейін халықтың қарны тойып көңілденуі үшін бөріне дәм үлестіруді бұйырды.

Бұрын Дәуітті өте жақсы көрген Саулдың қызы Михол той-думанға сарай терезесінен қарап тұрды. Ол өлең айтып, қуанған жоқ. Патша өзінің абыройын төгіп, патшалық киімдерін шешіп, қарапайым халықпен бірге қуанып, би билеп жүргені оған ұнамады.

Сол күні кешке Михол Дәуітке келді.

– Сен өзіңді ұяттан безген дөрекі әлдекім секілді ұстадың, – деді ол жиіркенішпен. – Сен мені өзін төмендетті деп санайсың ба? – деп жауап берді оған Дәуіт. – Мен Жаратқан Иені мадақтап, Оның алдында биледім. Мен өзімді Жаратқан Иенің алдында бұдан да бетер төмендетуге дайынмын және бұл менің халық алдындағы абыройыма нұқсан келтірмейді.

136. Жаратқан Иенің Дәуітке берген уәдесі

2Патшалық 7

Израилде бейбіт өмір орнап, молшылық болды. Дәуіт ойсырата жеңген філістірлер енді Израилдің мазасын алған жоқ.

Дәуіт жаңа астана Иерусалимге әбден орнықты. Израилдің көршісі Тир патшасы Хирам Дәуітке тарту ретінде Дәуітке әйгілі ливан балқарағайлары мен шебер жұмысшыларын жіберді, олар Дәуітке арнап ғажайып сарай салды.

Көп өтпей Дәуіт өзі зәулім сарайда тұрып жатқанына, ал келісім сандығының қарапайым шатыр ішінде тұрғанына ұялды.

– Құдайдың келісім сандығы шатырда тұр, ал мен Ливан балқарағайларынан салынған әдемі сарайда тұрып жатырмын, – деді ол. – Мен Жаратқан Иеге арнап үй-ғибадатхана соққым келеді.

– Ойыңыз тамаша, – деп жауап берді Натан пайғамбар патшаға. – Ойыңызды жүзеге толық асырыңыз.

Бірақ сол түні Жаратқан Ие Натанға сөйледі, ал ол таңертең келіп Дәуітке Құдайдың сөзін жеткізді.

– Патшам, – деді ол. – Жаратқан Ие маған мына сөздерді жеткізуді бұйырды. Ол Өзіне арнап ғибадатхана салғаныңызды қаламайды. Ол израилдіктердің ешқайсысына өзіне арнап үй соғуды бұйырған жоқ. Ол әрдайым Израилдің ұлдарымен бірге жүрді және Оған үй қажет болған жоқ.

Дәуіт мұңайып қалды, бірақ Натан сөзін жалғастырды:

– Менде өзіңе арналған қуанышты хабар да бар. Сенің ұлдарың және ұлдарыңның ұлдары әрдайым Израилге патшалық ететін болады. Құдай ешқашан олардан рақымын аямауға уәде берді. Сенің Патшалығыңның соңы болмайды.

Натан кеткеннен кейін Дәуіт келісім сандығы тұрған шатырға барып, тамаша уәдесі үшін Жаратқан Иеге үлкен алғысын білдірді.

Ол ұлдары бұдан былай ешқашан патша бола алмайтын Саулды еске алды. Жаратқан Ие ұрпағын Израилге мәңгілікке патша болуға таңдап алғаны үшін бір жақсылық істейін деп еді, керісінше, Құдай ол үшін әлдеқайда маңызды және тамаша нәрсе істеді.

137. Досынан естелік

2Патшалық 9

Філістірлердің қолынан қаза болған адал досы Жонатанды Дәуіт ешқашан есінен шығарған емес. Ол Жонатанның үй-ішіне қамқор болуға ант бергенін ұмытпады. Ол кездерде таққа отырған кез-келген патша ең алдымен алдыңғы патшаның мұрагерлерінің көзін жоюға тырысатын. Алайда Дәуіт олай еткен жоқ.

– Саулдың туыстарынан тірі қалған кім бар екен? – деп қызметшілерінен сұрады.

– Жонатан досыма бола мен оларға қамқорлық жасағым келеді.

Дәуіттің қызметкерлері мұнан хабарсыз болатын, бірақ Саулға қызмет еткен Сиба деген кісіні тапты. Дәуіт оған да осы сұрақты қойды.

– Иә, тақсыр, бар, – деп жауап берді Сиба. – Жонатанның ұлы тірі. Оның аты – Мепісобет. Бірақ сен оны қасыңа алғың келе қоймас. Ол саған қызмет ете алмайды, себебі ол жүре алмайды. Екі аяғы да майып болған.

– Оны дереу маған алып келіңдер! – деп бұйырды Дәуіт.

Бұл кезде Мепісобет ер жеткен жігіт болатын. Ал атасы Саул мен әкесі Жонатан філістірлермен соғыста мерт болған кезде ол бес жаста еді. Патшаның өлімі туралы қайғылы хабарды естіген кезде, оның күтушісі баланы қолтығына қысып, сарайдан аулақ қашып бара жатып, байқаусызда Мепісобетті құлатып алады. Құлаған кезде оның екі аяғы да сынып, содан бері жүре алмайды.

Сиба Мепісобетке келіп, Дәуіттің шақырып жатқанын айтқан кезде, анау қорқып кетті. Дәуіт мені өлтірмекші болар деп ойлады ол. Бірақ патшаның бұйрығына бағынып, Иерусалимге баруы тиіс еді.

Мепісобетті патшаға алып келгенде, Дәуіт оның жүзіне зер сала қарады. Мүмкін, ол оның жүзінен өзінің досына ұқсастық іздеген болар. Ол Мепісобеттің үрейленіп тұрғанын көрді.

– Қорықпа, Мепісобет, – деді Дәуіт жұмсақ үнмен. – Мен саған атаң Саулдың жерінің бәрін қайтарып бермекшімін. Бұдан былай Сиба сенің қызметшің болады және сен үшін жерінді өңдеп береді. Ал мен сенің осында қалып, әрқашан менімен дастархандас болғаныңды қалаймын.

– Маған осыншама қайырымды болуыңыздың себебі не? – деді Мепісобет дауысы дірілдеп. Сізге артық салмақ салғым келмейді, мен сізге еш пайда келтіре алмаймын.

Алайда Дәуіт былай деп жауап берді:

– Әкең Жонатан үшін сен маған әрқашан қымбат боласың.

ДӘУІТТІҢ КҮНӘЛАРЫ

138. Барсабия сұлу

2Патшалық 11

Көктем келді. Иоаб, Дәуіттің қолбасшысы израилдік әскерлерді жаумен соғысуға бастап кетіп, патша сарайда қалды.

Бірде күндіз ұйықтап алған Дәуіт кешкі салқында патша сарайының төбесіне көтерілді. Жоғарыдан Иерусалим алақанда тұрғандай болып көрінетін.

Кенет оның көзі көрші үйдің ауласына түсті. Ол шомылып жатқан әйелді көрді, әйел өте сұлу еді. Дәуіт әйелден көз алмай қарай берді және оған ғашық болып қалды.

Дәуіт бұл әйелдің кім екенін біліп келу үшін қызметшісін жіберді. Қызметші патша жарлығын орындады.

– Әйелдің аты Барсабия. Ол сарбаздарыңыздың бірі Үрияның әйелі. Үрия қазір Иоабпен бірге соғыста жүр.

– Әйелді тез маған алып келіңдер! – деп бұйырды Дәуіт.

Үй-жайын тастап патша үшін соғысып жүрген Үрия туралы ой оны тоқтата алмады. Дәуіт «Неке адалдығын бұзба» деген Құдай заңын да ұмытып кетті. Бұл кезде ол тек өзінің құмарын қандыруды ғана ойлады.

Барсабия сарайға келіп, Дәуіт түні бойы онымен бірге болды. Бұдан кейін әйел үйіне қайтты.

Барсабия жүкті болып, Дәуітке хабар жіберді. Сонда Дәуіт ойланып қалды: Үрия үйінен алыста соғысып жүрген кезде патша оның әйелін азғындыққа итермелегені бәріне жария болатын болды.

Дәуіт өзінің зұлым ісінің ізін жасыруға тырысты. Үрия мен басқа израилдіктер ештеңе білмеуі үшін бір нәрсе ойлап табу қажет.

139. Бір күнә екіншісін тудырады

2Патшалық 11

«Егер қазір Үрия үйінде болғанында, – деп ойлады Дәуіт. – Менің не істегенімді ешкім білмес еді».

Сөйтіп, Дәуіт қолбасшысы Иоабқа Үрияны қайтаруды бұйырып хабаршы жіберді.

Үрия патшаға келіп, соғыстың барысы туралы баяндап берді. Дәуіт одан шайқастар жайлы сұрастырды, ал кейін:

– Ал енді үйіңе, әйеліңнің қасына бар. Біраз дем ал! – деді.

Бірақ Үрия үйіне бармады. Патша оның үйіне бармай, патшаның басқа да нөкерлерімен бірге сарайдың кіре берісінде түнеп шыққанын білді.

– Үйіңе, неге бармадың? – деп сұрады одан Дәуіт.

– Сіздің әскерлеріңіз ашық аспан астында түнеп жүргенде, мен қалай үйіме барып, ішіп-жеп, әйелімнің қасында жатамын? – деп жауап берді Үрия патшаға.

Қанша үгіттегенге қарамай, келесі түні де Үрия сарайдың кіре берісінде түнеп шықты. Ақыры Дәуіт ойлаған ойынан түк шықпайтынын білді. Үрия тым адал, жақсы жауынгер еді.

– Олай болса Үрияның көзін құртуыма тура келеді, – деп ойлады Дәуіт.

Ол Иоабқа хат жазып, Үриядан беріп жіберді. Хатта былай делінген болатын: «Үрияны шайқастың ең қызу болып жатқан алдыңғы шепке жіберіңдер. Оны өлімге қалдырып, кейін өздерің шегініп кетіңдер».

Иоаб патшаның әмірін орындады, алғашқы шайқаста-ақ Үрия мерт болды. Үриямен бірге талай ержүрек жауынгерлер қаза тапты.

Содан кейін Иоаб шайқас туралы баяндап беру үшін Дәуітке хабаршы жіберді.

– Егер ең жақсы жауынгерлерінің қаза болғанын естіп, патша ашуланса, онда оған Үрияның да өлгенін айт, – деп ескертті хабаршыға ол.

Бәрі өзі ойлағанындай болып шыққанына Дәуіт қуанып қалды. Үрия өлді, енді ешкімнен қорықпай-ақ Барсабияға үйлене алады.

140. Кішкентай қозы

2Патшалық 12

Барсабия Дәуітке әйел болып, ұл туды. Патшаның күнәсін білген қызметшілер ешкімге ләм-мим деп тіс жармады.

Ол кезде патшалар ойына келгенді істейтін, патшалығындағылардан өзіне ұнаған нәрсені алатын. Алайда, Құдай тағайындаған патшаның бұлай етуіне болмайтынын Дәуіт түсінуі тиіс еді. Оның өз мүддесіне сай әрекет етуіне қақысы жоқ. Ол барлық адамдар сияқты Құдайдың өсиеттерін бұлжытпай орындауы тиіс.

Сөйтіп, Жаратқан Ие Дәуітке Натан пайғамбарды жіберді. Натан патшаға мынадай оқиға айтып берді:

– Бір қалада біреуі бай, біреуі кедей екі кісі болыпты. Байдың малы көп екен, ал кедейдің кішкентай кезінде сатып алған бір қозысы ғана бар екен. Кедей қозыны бағып-қағып, балаларымен бірге өсіреді.

Бір күні байдың үйіне жолаушы қонақ келе қалады, сонда бай өзінің малын союға аяп, кедейдің қозысын тартып алып, қонаққа сояды.

Дәуіт мынадай қатыгез адамға ашуы келді.

– Мұндай іс істеген адам өлімге лайық! – деді.

Натан сонда Дәуіттің өзін көрсетіп:

– Сол адам өзіңсің! – деді. Құдай сені бүкіл Исраилге патша етіп, Саулдың қаһарынан аман сақтап қалды. Ол сенің керегіңнің бәрін де – үй-жай, әйел, бала-шаға берді. Егер бұл аздық етсе, Ол саған тағы берер еді. Ал сен Үрияда бар жалғыз нәрсесін – оның әйелін тартып алдың. Аммондықтардың семсерімен Үрияны өлтірген сенсің. Сен Құдайдың Сөзін құрметтемедің, аяушылық дегенді білмедің. Сондықтан Жаратқан Ие үйіңе қайғы-қасірет енеді дейді.

Дәуіт басы салбырап, зорға:

– Рас. Мен Құдай алдында күнә жасадым, – деді.

– Сенің өзің өлмейсің, – деді Натан. – Бірақ Барсабиядан туған ұлың өледі.

Осыны айтып, Натан шығып кетті.

141. Туыстардың бірін-бірі өлтіруі

2 Патшалық 13

Барсабиядан тұған ұлы ауырып, қайтыс болғанда Дәуіт қатты қайғырды. Кейінірек Барсабия тағы бір ұл туды, және оны Сүлеймен деп атады. Дәуіттің бірнеше әйелі болды, олардан да Дәуіттің көп балалары болды. Дәуіттің ұлдары ер жеткенде араларында ауызбірлік болмады, керісінше, өзара қызғаныш пен сенімсіздік болды: әрқайсысын Дәуіт өлгеннен кейін патша болғысы келді. Әдетте, үлкен ұл әкенің орнына отыратын, бірақ егер қаласа, патша өзі таңдау жасап, сүйікті ұлын, мейлі ең кенжесі болсын орнына қоюна болатын еді.

Патшаның отбасында ұрыс-керіс жиі болатын.

Дәуіттің үлкен ұлы Амнон басқа шешеден туған қарындасы Тамардың абыройын төккен кезде, қыздың ағасы Абессалом қатты ашуланды.

Патша әрі отағасы ретінде Дәуіт Амнонды жазалауы тиіс еді. Бірақ Дәуіт балаларына тым жұмсақ болып, оларды жазаламады. Сонда Абессалом Амноннан өзі кек қайтаруға бел буды.

Ол Иерусалимнің сыртында өтетін мейрамға Амнонды шақыруға Дәуіттен рұқсат сұрады. Басында Дәуіт Амнонды жібергісі келмеді. Ол бір жамандықты сезгендей болды. Бірақ ақырында ұлдарына Абессалом ұйымдастырып жатқан той-думанға баруына рұқсат берді.

Абессалом өз нөкерлеріне құпия түрде:

– Амнон шарап ішіп масайған кезде, оны өлтіріңдер, – деп бұйырды.

Думан әбден қызған кезде нөкерлері Абессаломның әмірін орындады. Қонақтардың зәрулері ұшып, абыр-сабыр болды. Дәуіттің басқа балалары орындарынан атып тұрып, қашырларына міне салып, қаша жөнелді.

– Қорыққанынан құп-қу болып кеткен бір қызметшісі жүгіріп келіп, Дәуітке жағымсыз хабарды жеткізді.

– Тақсыр! – деді ол. – Ұлдарыңыздың бәрін Абессалом өлтіріпті!

Тойда болғандардан біреу, сірә, қорыққанынан не болғанын түсіне алмағанына қарамай, бұл жайсыз хабарды басқаларға жеткізуге асыққан-ау. Бірақ осыдан кейін Дәуіттің ұлдары да келіп, болған жайтты айтып берді.

Дәуіт тұңғышы Амнонды жоқтап қатты жылады.

Ал Абессалом болса Израилден қашып, көршілес ел – шешесінің төркіні Гессурды паналады.

АБЕССАЛОМНЫҢ БАС КӨТЕРУІ

142. Абессалом Иерусалимге оралды

2Патшалық 14

Арада екі жыл өтті. Дәуіт Абессаломды сағынып, оны көргісі келді. Бірақ ол әлі де болса оның Амнонды өлтіргенін кешіре алмады. Патшаның қолбасшысы ғана емес, ақылшысы да болған Жохаб оның уайымдап жүргенін түсініп, Абессаломды Иерусалимге шақырып алуға көзін жеткізудің амалын тапты.

Ол бір айлакер де ақылды әйелді шақырып алып, оған патшаға не айту керектігін түсіндірді.

Әділдікті қалаған израилдік әркім патшаның алдына келіп, арызын айтуына болатын еді. Сондықтан да алдына жылап-еңіреп келген әйелді көргенде Дәуіт таңданған жоқ.

– Патшам, маған көмектесе көріңіз! – деп өтінішін айтты әйел. – Мен жесір әйелмін, күйеуім қайтыс болған. Екі ұлым бар, олар маған көмектесіп, қолқабыс беріп жүреді. Солар жанжалдасып, біреуі екіншісін өлтіріп қойды. Енді менің жауларым ағасын өлтіргені үшін қалған ұлымды да өлтірмекші. Мен енді жалғыз ұлымнан да айрылмақпын ба? Одан басқа менің ешкімім де жоқ қой!

Дәуіт патша бұл әйелді аяп кетті.

– Балаң аман қалады деп мен саған уәде беремін, – деп жұбатты ол әйелді. – Ешкім де оны өлтірмейді.

Біраз үнсіздіктен кейін әйел әңгімесін ары қарай жалғастырды:

– Патшам, егер менің көкейімдегі нәрсені осылай шешкен болсаңыз, онда өз ұлыңыз Абессаломды неге кешірмейсіз? Оның кері оралғанын бәрі де қалайды емес пе?

Сонда ғана Дәуіт әйелдің жайдан-жай келмегенін, оның арнайы жіберілгенін түсінді.

– Шыныңды айтшы, – деді ол әйелге. – Сені жіберген Жохаб емес пе?

Әйел Жохабтың бұйрығы бойынша осы оқиғаны айтып бергенін мойындады.

Дәуіт әйелді қайтарып, Жохабты шақырды.

– Жарайды, – деді оған Дәуіт. – Абессаломды кері қайтаруыңа болады. Ағасын өлтіргені үшін мен оған өлім жазасын шығармаймын. Бірақ мен оны көргім келмейді.

Жохаб Абессаломды шақырып, ол Иерусалимге оралды. Ол өз үйінде тұрып жатты, бірақ патша әкесі оны маңайына жуытпады.

143. Бүлік

2Патшалық 14; 15

Абессалом Иерусалимге оралғанына өте қуанды, өйткені оның ойында бір жоспар бар еді. Абессалом өзінің бүкіл Исраил жеріндегі келбетті жігіт екенін білді. Бәрінен де ол өзінің әдемі шашын мақтан тұтатын және шашын жылына бір-ақ рет қидыратын. Ойша ол өзін патшаның сән-салтанатына лайық киімдер киіп, патшаның бүкіл билігін қолына алғандай елестететін.

Алайда әкесі оны өз үйінде қабылдаудан бас тартып отырған кезінде, ол оның орнына тағайындалудан үміт ете алмайтын. Ол Дәуіттің жүрегі жібір деп екі жыл күтті. Алайда Дәуіт райынан қайтпады.

Бірде Абессалом Жохабқа кісі жіберді.

– Гессурдан мен неге оралдым? Егер патша мені көргісі де келмейтін болса, Иерусалимде тұрып не керек? – деп сұрады ол. – Одан да мені өлтіре салмайды ма?

Жохаб Абессаломның сөздерін патшаға жеткізді.

– Жарайды, мен онымен кездесейін, – деп жауап берді Дәуіт.

Абессалом әкесіне келіп, оның аяғына жығылды. Дәуіт оны орнынан тұрғызып, мейірлене бетінен сүйді. Көп өтпей-ақ бүкіл халық Дәуіттің Абессаломмен татуласқанын білді.

– Кім біледі, – деді адамдар өзара, – мүмкін, Абессалом біздің келесі патшамыз болатын шығар.

Абессалом патша болғысы келді және әкесінің өлгенін күтіп отырғысы келмеді. Өзіне әдемі арбалар мен аттар сатып алып, ол қайда барса да қасына елу нөкер ертіп жүрді. Осындай сән-салтанатпен жүрген ол шынында нағыз әміршідей көрінетін.

Абессалом халыққа Дәуіттен де артық көрінуге барын салды. Күнде таңертең қала қақпасының алдында тұрып, патшаға төрелігін айтсын деп дауын шешуге бара жатқан кісілерді Абессалом қасына шақырып алып, онымен ізетпен сөйлесіп, аты-жөнін, қал-жағдайын сұрайды, содан кейін оған:

– Сенің ісің әділ және игілікті. Алайда патшаның қолы бос емес, сенің шағымыңды тыңдауға уақыты жоқ. О, егер ол мені би етіп қойғанда ғой!

Уақыт өте келе көптеген израилдіктер Абессаломнан жап-жақсы патша шыққан болар еді-ау деген ойды қолдай бастады. Өйткені ол өте ізетті және әділ болып көрінуге тырысты. Бұған қоса керікті де!

Израилдің жүрегін жаулап алуға Абессалом төрт жыл уақытын арнады. Ал содан соң, уақыт келді деп шешіп, Хебронға, Дәуіттің бұрынғы астанасына аттанып, қол жия бастады. Израилдіктердің барлық рубасыларына Абессалом мынадай хабар жіберді: «Сырнай дауысын естіген кезде, «Енді біздің патшамыз – Абессалом!» деп айқайлаңдар».

144. Дәуіттің Иерусалимді тастап кетуі

2Патшалық 15

Абессаломның бүлік шығарғанын Дәуіт ең соңынан білді.

– Бүкіл израил халқы Абессаломды жақтап, оны патша қоймақшы, – деп хабарлады оған біреу батылы барып.

Дәуіт Абессаломның жағына тағы кімдердің шыққанын сұрады. Өзінің адал досы және кеңесшісі Ахитопелдің бүлікшілерге қосылғанын біліп, Дәуіт қатты қиналып қалды.

– Біз дереу Иерусалимнен кетуге тиіспіз, – деді Дәуіт қасындағыларға. – Егер мұнда қалсақ, Абессалом әскерлерімен осында келіп, бүкіл қаланы қанға бөктіреді.

Дәуіт пен оның адамдары қаладан жаяу шығып, Кедроннан өтіп, Иерусалимнен алыс кетуге тырысты. Қиын-қыстау күн туғанда бәрі патшаны тастап кеткендей көрініп еді, алайда шынайы достарының әлі де бар екеніне Дәуіт шүкіршілік етіп, қуанды.

Ғибадатхана қызметкерлері Абиатар мен Садық та онымен бірге болды. Садық пен барлық леуіліктер Жаратқан Иенің алтын келісім сандығын Иерусалимнен алып шығып, патшаның артынан алып жүрді.

– Құдайдың келісім сандығын қалаға қайтарыңдар, – деді патша Садыққа.

– Егер Жаратқан Иенің рақымы түссе, мені де Иерусалимге қайтарады.

– Кері қайтыңдар, – деді ол. – Қалада не болып жатқанын сендер маған хабарлап тұрасыңдар.

Ғибадатхана қызметкерлері мен леуіліктер қымбат қазыналарын арқалап Иерусалимге кері қайтты, ал Дәуіт болса жанары жасқа толып, өз жөнімен кетті.

Қашқындардың жолында Елеон тауы көсіліп жатты, Дәуіт осы тау басында жалғыз өзі Құдайға сиынғанды ұнататын. Қазір де ол тауға шықпақшы болды. Онда патшаның адал досы және көмекшісі Хусий күтіп тұрды. Хусий Ахитопел секілді Дәуітті сатып кеткен жоқ және патша қайда барса да бірге болуға дайын болды.

– Хусий, – деді Дәуіт. – Менімен бірге бармай, Иерусалимге оралсаң, сенің маған көмегің тиеді. Абессаломның жағына шыққандай сыңай таныт. Ахитопелдің беретін кеңестеріне құлақ сал, әрине олар жақсы кеңестер болады. Содан соң, Абессаломды оның айтқанынан басқаша істеуге көндір. Абессалом мен Ахитопелдің барлық жоспарларын ғибадатхана қызметкерлері Садық пен Абиатарға хабарлап отыр, ал олардың ұлдары бар жаңалықты маған жеткізеді.

145. Хусийдің кеңесі

2Патшалық 17

Сөйтіп, міне Абессалом салтанатпен Иерусалимге кірді. Бұрын Дәуіттің сенімді кеңесшісі болған Ахитопел енді оның қасында жүр. Иерусалимде патшаның екінші кеңесшісі Хусийді көргенде Абессалом біраз таң қалды, бірақ Хусий Дәуітке адал болып қалуы мүмкін деген ой оның қаперіне де кірмеді.

Көп ұзамай Ахитопел Абессаломға келіп:

– Әскерді алып, бүгін түннен қалмай Дәуіттің соңынан қуғындауға рұқсат бер. Ол қалжырап, салы суға кетіп отырғанда оған тарпа бас салып зәре құтын аламын; қасындағы адамдардың бәрі қашып жоғалады, ал мен патшаның бір өзін өлтіремін, – деді.

Абессалом аз-кем ойланып тұрып:

– Хусийдің бұл жайлы не дейтінін білгім келеді, – деді.

Ахитопелдің Абессаломға берген кеңесін естіген кезде Хусий кеңестің дұрыс екенін білді. Егер Абессалом осы кеңеске құлақ асса, Дәуіттің шайқасқа дайындалуға уақыты болмай, жау қолына түсері сөзсіз. Хусий қалайда Абессаломның басқаша істегені дұрыс болатынына көзін жеткізуі қажет еді.

– Бұл жолы дана Ахитопел дұрыс кеңес бермепті, – деді Хусий. Сен өзің Исраилді жеңіске бастап баруың керек. Бүкіл елдің түкпір-түкпірінен халық саған келсін. Ал әскер жиылған кезде, сен оларды бастап, Дәуітке қарсы шығасың.

Орындалуына біраз уақыт қажет болатынына қарамастан бұл ақыл Абессаломның көңіліне қонды. Ал Дәуіт осы уақыт аралығында бәріне дайындала алатын еді. Абессалом болса атаққұмар, беймаза адам болатын.

– Мен Хусийдің ақылын тыңдаймын.

Хусий өз дегеніне жетті. Кейін бәрін дереу Садық пен Абиатарға хабарлады, ал олардың ұлдары Жонатан мен Ахимас өмірлерін қатерге байлап, Абессаломның шешімін Дәуітке жеткізді.

146. Абессаломның өлімі

2Патшалық 17; 18

Ахимас пен Жонатанның жеткізген хабарынан кейін Дәуіт бір сәт те уақытын текке жіберген жоқ. Ол өз адамдарымен Иордан арқылы өтіп, солтүстік шығысты бетке алып, Маханаим қаласына қарай жылжыды.

Шөл дала арқылы өтетін жолдан Дәуіт пен оның адамдары әбден шаршап, қарындары да ашты, сондықтан Маханаим қаласының Дәуітке адал ниетті тұрғындары алдынан қажет нәрселердің бәрін алып шыққанда қатты риза болды. Олар жылы жамылғылар мен азық-түлік, ет, тары, қара бидай, бал, май мен ірімшік әкелді.

Тамақ ішіп, дем алып әл жинап алғаннан кейін Дәуіттің сарбаздары кез келген жаумен шайқасуға дайын болды. Дәуіт әскерін сапқа тұрғызып, олармен бірге өзі де шайқасқа баратынын айтты. Алайда жанашыр адамдар оны қалада қалуға көндірді.

– Сен өз өміріңді қатерге байлама, – деді олар, – өйткені сенің өмірің біздікінен қымбатырақ.

Дәуіт олардың дегеніне зорға көнді. Әскер қала қақпасынан шыққан кезде, Дәуіт өзінің қолбасшыларына:

– Абессаломды өлтірмеңдер, жараландырмай, өмірін сақтап аман алып қалыңдар, – дегенін бәрі де естіді.

Абессалом да бұл кезде қол жиып, Иордан арқылы өтті. Соғыс басталды. Көп ұзамай Дәуіттің сарбаздары Абессаломның әскерін тықсыра бастады.

Дәуіттің әскерінен бірнеше адам орманға бойлап кіргенде, кенет қашыр үстінде келе жатқан Абессаломды байқады. Абессалом қаша жөнелді. Қашыры үлкен ағаштың астынан өткен кезде, Абессаломның қалың ұзын бұйра шаштары көлденең жуан бұтаққа оралып қалды. Қашыр қаша жөнелді, ал Абессалом ағашқа асылып қалды.

– Ешқандай сыйақы үшін мен Абессаломды өлтірмес едім, өйткені патша оның өмірін сақтап қалуды бұйырғанын естідім ғой, – деп жауап берді сарбаз.

Жохаб Абессаломды іздеп өзі кетті. Ол шашы бұталарға оралып, ағашта әлі ілулі тұрған. Жохаб, шарасыз Абессаломға жақындап келіп, оны еш ойланбастан өлтірді.

Содан кейін Жохаб сырнай тартып, бүкіл әскерін жинады. Абессалом өлгеннен кейін, Дәуітке қарсы бүлік аяқталған еді.

– Патшаға барып, сүйінші сұрайын, рұқсат бер, – деп өтінді Жохабтан Ахимас.

Алайда Дәуіт Абессаломның өлгені туралы хабарды жеткізген кісіге қаһарлануы мүмкін деп қорықты Жохаб, сондықтан ол Маханаимға жас Ахимасты емес, дана Хусийді жіберуді жөн көрді.

Солай-ақ болсын, бірақ мен бәрібір Дәуітке барамын! – деп тұрып алды Ахимас.

Екі хабаршы жолға шықты.

147. Патша және жеңімпаз

2Патшалық 18; 19

Дәуіт қала қақпасының алдында отырып, соғыс даласынан келетін хабарды тағатсыздана күтті.

– Бірінің соңынан бірі-екі кісі келе жатыр! – деп айқайлады күзетші.

Ахимас Хусийден озып, патшаға бірінші келді.

Ол патшаның аяғына ентіге жығылып, зорға:

– Жаратқан Ие жарылқасын! Сіз жеңдіңіз! – деді.

Ал Дәуіт болса Ахимастан бір-ақ нәрсені сұрады:

– Абессалом ше? Ол тірі ме?

– Мен үлкен толқуды көрдім, – деп жауап берді Ахимас. – Бірақ дәл не болғанын білмеймін.

Осы кезде патшаға екінші хабаршы – Хусий жетті.

– Ұлым Абессаломмен не болды? – деп мазасыздана сұрады Дәуіт.

– Патшамыздың барлық жауларымен де осылай бола берсін! – деп жауап берді Хусий.

Осы сөзден Дәуіт Абессаломның қаза тапқанын түсінді. Ол қайғырып:

– Ұлым менің, Абессалом! Ұлым-ау! – деп жоқтады әкесі. – Сенің орныңа мен өлгенімде болар еді, Абессалом, ұлым менің!

Дәуіттің әскері қалаға үн-түнсіз, қуанышты айқай-шусыз, жеңімпаздардың жырын айтпай оралды. Патша қайғырып отырғанда, жеңісті тойлауға ешкімнің батылы бармады.

Ақыры Дәуітке Жохаб келіп:

– Өз адамдарыңа әділетсіздік жасап отырсың, – деді патшаға. – Олардың бәрі өліп, Абессаломның тірі қалғаны саған жақсы болар еді деп ойлауы мүмкін. Оларға барып сөйлес, алғысыңды айтып, олармен бірге қуан!

Дәуіт солай істеді. Ол қайғысын жасырып, өзіне адал адамдарға жігер беруі керек екенін түсінді.

Арада біраз уақыт өтті. Бұрын Абессаломның жағына шығып кеткен Израил халқы Дәуітті Иерусалимге оралып, қайтадан патша болуға шақырды. Дәуіт патша және жеңімпаз ретінде Иерусалимге кірді.

СҮЛЕЙМЕН ПАТШАЛЫҚ ҚҰРҒАН АЛТЫН ҒАСЫР

148. Жаңа патша

3Патшалық 1; 2

Дәуіт патша әбден қартайды. Ол енді әскерді шабуылға бастап шығуға және халықтың шағымын тыңдауға шамасы келмеді. Ол өз бөлмесінен шықпайтын болды.

Ал сарай қызметшілері болса, Дәуіттен кейін кім патша болады екен деп бас қатырды. Абессалом өлгеннен кейін үлкен ұлдың құқығы Адонияға өтті. Адония да келбетті болатын, бірақ ағасы Абессалом сияқты мансапқұмар еді. Ғибадатхана қызметкер Абиатар мен қолбасшы Жохаб Адонияны жақтады және оған өзі көп ұзамай патша болып та қалатындай көрінді.

– Үлкен мерекелік той ұйымдастырып, бәрін шақырайық, – деді ол өзін жақтаушыларға, – содан кейін сендер мені патша етіп жариялайсыңдар.

– Тек інің Сүлейменді шақырушы болма, – деп кеңес берді достары Адонияға, – Натан пайғамбар мен ғибадатхана қызметкер Садықты да шақырма.

Натан мен Садық Сүлейменнің патша болғанын қалайтынын олар білді.

Адонияның пиғылынан хабардар болған Натан пайғамбар Сүлейменнің шешесі Барсабияға барып:

– Тікелей Дәуіт патшаға бар, – деді. – Оған барлығын айт және Сүлейменді өзінің орнына патша қоямын деген уәдесін есіне сал.

Барсабия Дәуіттің бөлмесіне кіріп, иіліп тағзым етті. Ол Адонияның арам пиғылы туралы еңгімесін бітірген кезде, бөлмеге Натан кірді және патшаға дәл сол сөздерді айтты.

Дәуіт Барсабияға берген уәдесін орындап, Сүлейменді патша етіп қоюға жарлық берді.

– Сүлейменді менің қашырыма мінгізіңдер, – деп бұйырды Дәуіт, – ол бүкіл қала арқылы жүріп өтсін. Ал ғибадатхана қызметкер Садық оған май жағу рәсімін жасап, патша етіп жарияласын. Сырнайлатып, Сүлейменнің таққа отырғанын тойлаңдар.

Натан пайғамбар патшаның әмірін орындауға асықты.

Бұл кезде Адония мен оның достары әлі той тойлап жатқан. Кенет оларға сырнай үні мен жаңа патшаға құрмет көрсету үшін көшеге шыққан халықтың көңілді дауыстары естілді. Бүліктің жүзеге аспай қалғаны белгілі болды. Сүлеймен патшалыққа тағайындалды, өйткені бұл Дәуіттің қалауы еді.

149. Сүлейменнің түсі

3 Патшалық 3

Өлер алдында Дәуіт Сүлейменді шақырып алып, оған соңғы ақыл-кеңесін берді. Ол ұлына Құдайдың өсиетін орындауды және барлық істе Оның еркіне бағынуды тапсырды.

Дәуіт қайтыс болғаннан кейін Сүлеймен Израилдің бірден-бір әміршісіне айналды және халыққа қамқор болумен байланысты жауапкершіліктің бәрін өз мойнына алды.

Бірде патша Құдайға арнап құрбандық шалу үшін Гаваонға аттанды. Түнде ұйықтап жатқан кезінде Жаратқан Ие оған аян берді.

– Өзіңе керегінді сұра, – деді Жаратқан Ие.

Сонда Сүлеймен қалағанын Жаратқан Иеден сұрады:

– Маған дана жүрек сыйлай көр, өйткені мен жаспын және тәжірибесізбін. Егер Өзің көмектеспесең, Израил халқын қалай басқаруды да білмеймін.

Жаратқан Иеге Сүлейменнің сөздері ұнады.

– Ұзақ ғұмыр, бақ-дәулет пен жауларыңа өлім тілемей, қайта даналық сұрағаның үшін, Мен саған халықты әділ басқарып, әділ төрелік етуің үшін дана жүрек беремін. Сен бұрын-соңды жер бетінде өмір сүрген адамдардың ішіндегі ең данасы боласың және сұрамасаң да Мен саған байлық пен атақ-абыройды қоса беремін. Егер сен Маған құлақ асып, заңдарым мен өсиеттерімді орындайтын болсаң, Мен өмір жасыңды ұзақ етемін.

Сүлеймен оянып кетіп, осының бәрі түсі екенін түсінді. Бірақ Құдайдың онымен шынымен сөйлескенін білді. Сүлейменнің жүрегінен ауыр жүк түсіп, қуанышқа кенелді, өйткені осы кезден бастап Құдай оған жақсы патша болуға көмектесетініне сенімді болды.

150. Сүлейменнің шешімі

3Патшалық 3

Құдай Сүлейменнің дұғасын естіп, оған даналық сыйлады. Сүлеймен үш мың нақыл сөзді бір кітапқа жинап, мың жыр шығарды. Ол жан-жануарлар, құстар мен балықтар, өсімдіктер жайлы бәрін білді. Сондай-ақ Құдайдың көмегімен Сүлеймен өте әділ би болды.

Халқы патшаға әділ қазылық етуін сұрап, арыздарын айтатын – кезінде олар Дәуіт патшаға да осылай келетін.

Бірде патша сарайына екі әйел келді. Күзетшілер оларды патшаның алдына ертіп апарды. Олар жақындап қалған кезде бір әйел екіншісінің қолындағы орауды жұлып алуға тырысты, бірақ күтпеген жерден ораудан іңгәлаған дауыс шықты. Бұл – сәби болатын!

Күзетшілердің бірі сәбиді қолына алып, әлдилей бастады, ал әйелдер жарысып, патшаға арызын айтты.

– Біз бір үйде тұрамыз, – деді бірінші әйел. Жақында мен босандым, менен кейін үш күннен кейін мына әйел босанды. Түнде ұйықтап жатып, ол байқамай баласын тұншықтырып өлтіріп қойды. Мен ұйықтап жатқанда, менің баламды өз төсегіме жатқызып, өлі баланы менің төсегіме жатқызып қойды. Таңертең оянғанда, ұлымның өліп қалғанын көрдім, ал мұқият қараған кезде ол менің балам емес, мына әйелдің баласы екенін байқадым!

Екінші әйел оның сөзін бұзып жіберді:

– Жоқ, менің ұлым тірі, сенің ұлың өлген!

Осылай олар патшаның алдында дауласа берді, патша олардың сөзін бөліп:

– Сонымен, екеуің де бұл сәби менікі деп ойлайсыңдар ғой? – деп сұрады.

– Иә! – деп жауап берді екі әйел.

– Олай болса, маған семсер беріңдер, – деп бұйырды Сүлеймен.

Сақшы семсер алып келген кезде, патша оған:

– Екі әйел де бала менікі деп тұр, демек, баланы ортасынан қақ бөліп, екеуіне жарты жартыдан бер.

Сүлейменнің аузынан осы сөз шыға салысымен, баланың нағыз шешесі жан дауысы шығып:

– Өлтірмеңдер! Жарайды, оны ана әйелге-ақ бере салыңдар, тек баланы өлтірмеңдер! – деп шырылдады.

Ал екінші әйел болса:

– Бала маған да, оған да бұйырмасын. Шабыңдар! – деді.

– Тоқта! – деп қатқыл дауыстады Сүлеймен. – Балаға тиіспеңдер. Мен нағыз шешесі кім екеніне көз жеткізгім келген. Баланың шешесі оның өмірін сақтап қалуға тырысып шырылдағаны. Баланы сол әйелге беріңдер.

Көп өтпей-ақ бүкіл Иерусалим халқы патшаның осы мәселені қалай шешкенінен хабардар болды. Шындықтың бетін ашқан өз әміршілерінің өте дана және ақылды екенін халық көрді.

151. Сүлейменнің атақ-даңқы

3Патшалық 4; 7; 9; 10

Жаратқан Ие уәдесінде тұрып, Сүлейменді даналығымен қатар, бай да етті. Сүлейменнің тұсындағыдай Исраил патшалығының аумағы ешқашан көлемді болып көрген емес, өйткені оның әкесі Дәуіт Исраил жерінен бүкіл жауларын: філістірліктерді, амалектіктерді және басқа да халықтарды қуып шықты. Сүлеймен патша тағына отырған кезде Исраил халқы бақытты күн кешіп өсіп-өркендеді.

Патша болғаннан кейін Сүлеймен өзіне ғажайып сарай салғызды. Оны тұрғызуға он жыл кетті. Жүздеген шеберлер қымбат тастарды қашап, сарайды салып, оны балқарағайдан ою ойып безендірді.

Сарайда кең бөлме болатын, өз халқы мен Исраилдің патшасына құрмет көрсетуге келген жатжерлік қонақтарды патша сонда қабылдайтын.

Сүлеймен отырған таққа алты баспалдақпен көтерілетін, әр баспалдақтың екі жағында тастан қашалған арыстан мүсіндері тұратын. Ал патшаның тағы пілдің сүйегінен жасалып, алтынмен қапталған, тақтың алдында алтын орындық тұр, патша оның үстіне аяғын қойып отыратын. Тақтың екі жақ сүйеніштеріне арыстанның мүсіні, артқы жақтауына басы ойып салынған. Мұндай ғажайыпты бұрын-соңды ешкім көрген емес.

Сүлейменнің дастарханында тек алтын ыдыспен тамақ ішілетін: кесе, табақ, қасық – бәрі алтын болатын. Күнделікті патша дастарханына арнап алуан түрлі тағамдар әзірленетін.

Сүлеймен аттарды жақсы көрді және оларға арнап орасан үлкен қора салғызды. Сондай-ақ Тир патшасының кемелерімен бірге жүзетін кемелер де соқтырды.

Кемелер үш жылда бір рет ұзақ жолдан оралып, патшаға алуан түрлі асыл қазыналар алып келетін. Олардың арасында: тоты құс та, маймыл да, алтын-күміс, киім-кешек те, Сүлейменнің өзіне және әйелдеріне арнап салынған сарайын безендіруге арналған піл сүйегі де болатын.

152. Сүлейменнің ғибадатхана салуы

3Патшалық 5; 7; 8; 1Шежіре 22; 29

Кезінде Дәуіт Иерусалимде Құдайға арнап ғибадатхана салғысы келген. Бірақ Құдай оған, ғибадатхананы ұлың Сүлеймен тұрғызады деген. Сонда Дәуіт Сүлеймен жүзеге асыруы тиіс осы ұлы іске дайындықты өз мойнына алды.

Ол Исраилдің барлық көсемдерін жиып алып, оларға былай деді:

– Сүлеймен Жаратқан Иеге арнап салатын үй шынымен ғажап болуы тиіс. Өзім Құдай үйіне арнап алтын, күміс, мәрмәр мен асыл тастар дайындап қойдым. Араларыңда Жаратқан Иеге құрбандық бергісі келетіндер жоқ па?

Адамдар қуанышпен Құдай үйін соғуға арнап әр түрлі сый-тартулар әкеле бастады. Дәуіт қайтыс болған кезде оның патшалық қамбасында шексіз көп асыл тастар мен қымбат бұйымдар жиылған болатын.

Дәуіт Сүлейменге ғибадатхананың орнын, ғимараттың сызбасын көрсеткен.

Дәуіттің ескі досы, Тир патшасы Хирамға Сүлеймен елші жіберіп, Ливанның әйгілі ормандарынан балқарағай беруін өтінді. Хирам көмектесуге қуана келісті. Оның адамдары балқарағайды кесіп, буып, теңіз арқылы жіберіп отырды, ал Сүлейменнің адамдары оны келісілген жерден ары қарай Иерусалимге жіберді.

Ғибадатхана құрылысында жүздеген жұмысшы еңбектенді. Оларға қосымша Сүлеймен шебер құрылысшылар мен қолөнершілерді жалдады. Балға үні киелі жердің тыныштығын бұзбауы үшін олар тастарды жер астында шауып, қашады.

Жұмыс жеті жылға созылды, ақыры құрылыс бітіп, ғибадатхана дайын болды. Леуіліктер киелі сандықты салтанатпен шатырдан ғибадатхананың ең түкпір бөлмесіне ауыстырды. Олар сандықты белгіленген орынға қойған кезде жиналған халық қуанып, мез-мейрам болды. Әсем әуен ойналып, сырнай тартылып, бәрі әуелете әндетті.

– Жаратқан Иені, Оның мәңгі сүйіспеншілігі мен рақымын мадақтаңдар!

Кенет, ғибадатхананың іші жарқырап кетті. Құдайдың салтанатты бұлты төмен түсіп, киелі үйді толтырды.

Сүлейменнің жүрегі жарыла қуанып, қатты тебіренді. Ешқандай ғимарат Құдайдың салтанатын сыйғыза алмайтынын ол білді, бірақ жаңа ғана Құдай Өзіне арнап салынған ғибадатханаға көктен төмен түскенін бәрі көрді. Бұл Құдай халқының Өзіне арнаған сыйын қабыл алды және енді оларға мейірімін төгіп, олардың дұғаларына құлақ асып, бірге болады деген сөз.

153. Сәба патшайымы

3Патшалық 10

Исраилдан алыста, қазір Йемен мемлекеті орналасқан жерде, Сәба патшайымы билік етті. Саяхатшылар оған Сүлеймен патшаның құдіреті мен сән-салтанаты туралы, әсіресе оның әлемге әйгілі болған даналығы жайлы әңгімелейді.

Сөйтіп, патшайым Сүлейменнің ұлылығы мен даналығын тексеріп көруге бел бұды. Бұл үшін ол Сүлеймен патшамен кездесуге Исраилге баруы керек еді.

Сәба патшайымы қызметшілеріне өз патшалығының мақтанышы болған қымбат хош иісті сәлем-сауқаттарын артқан керуенді жолға жабдықтауды бұйырды. Оларды Сүлейменге қошемет көрсетіп, сый-тарту ретінде апаруды ұйғарды.

Керуен ұзақ жол жүріп, ақыры Иерусалимге жетті. Сарайға кіріп, Сүлейменнің тағына жақындағанда патшайым өз көзіне зорға сенді. Патша сарайының сән-салтанаты, патшаға қызмет етіп жүрген қызметшілердің сансыз көптігі – оның Сүлеймен жайлы туралы естігенінен әлдеқайда асып түсті.

Адамдар айтқандай, Сүлеймен шынында дана ма екен деп тексеріп көру үшін патшайым өзі ең қиын деп тапқан сұрақтарды оған қоя бастады. Ол Сүлейменнен әлемдегі өзіне түсініксіз жайттар туралы тек шығыстың ұлы ғұламалары ғана түсіндіре алатынның бәрін сұрастырды. Патша оның барлық сұрақтарына жауап берді. Ол білмейтін ешнәрсе жоқ болса керек, сірә. Патшайымның таңдануында шек болмады!

– Өзіңіз жайлы естігендерімнің бәрі шындық болып шықты! – деді патшайым. – Мен адамдардың сөзіне сенбеп едім, ал енді сіздің даналығыңыз бен байлығыңыздың жартысын да айтып жеткізе алмағандарын көзім көріп отыр. Сіздің алдыңызда жүріп, күнде дана нақыл сөздеріңізді еститін адамдар мен қызметшілеріңіз аса бақытты екен!

Сөйтіп, Сәба патшайымы Сүлейменге алып келген барлық асыл қазыналары мен хош иісті заттарын тарту етті.

Ал Сүлеймен патша оған әкелгенінен де мол сыйлық берді.

Сәба патшайымы үйіне таңдай қаға риза болып үйіне қайтты.

ПАТШАЛЫҚТЫҢ БӨЛІНУІ

154. Сүлейменнің күнәлары

3Патшалық 11

Құдіретті де дана Сүлеймен патшалық құрған кезде патша сарайы өте бай және сән-салтанатты болды. Патша Иерусалимде көптеген керемет сарайлар мен тамаша ғибадатхана салғызды. Жыл сайын патша қазынасы басқа елдерден сауда-саттықтан түскен табыс пен көршілес елдердің Исраилге төлейтін салығы есебінен толықтырылып тұратын.

Бірақ Сүлейменнің шығыны қазынаға түсетіннен әлдеқайда көп болды. Өзіне ақша жетпей жатса, ол халықты көбірек салық төлеуге мәжбүрлейтін. Жаңа сарайлар салуға және жөндеу жұмыстары үшін жұмысшылар қажет болған кезде, ол өз нөкерлеріне халықты тегін жұмыс істеуге мәжбүр етуді бұйыратын.

Өзінің шалқыған байлыққа, сән-салтанатқа құмарлығына бола Сүлейменнің халықты қанап, Құдай Заңы тиым салатын нәрселерді істегенін көру Жаратқан Иеге ұнамады.

Бұған қоса патшаның жат жерлік әйелдері көп болды, олардың әрқайсысы өз халқының тәңіріне бағынды. Әйелдеріне шынайы Құдайға сенуді үйретудің орнына Сүлеймен оларға ғибадатханалар соғып беріп, жалған тәңірлерге табынуға кірісті. Ол қартайған сайын әйелдеріне еліктеп, енді оның жүрегі Жаратқан Иеге толық арналмады.

Жаратқан Ие бұған қаһарланды, өйткені Сүлейменнің де әкесі Дәуіт сияқты Оған адал болып қалғанын қалады.

– Сүлеймен, – деді бірде Жаратқан Ие. – Мен Исраил патшалығын саған және сенің балаларыңа беруге уәде бердім, ал сен Маған мойынсұнып, адал қызмет етуге ант еткенсің. Сен антыңды бұздың. Мен сенен патшалықты алып қоямын. Сенің ұрпағыңа оның тек азғантай бөлігін ғана қалдырамын. Ал он екі рудың онын алып, сен өлгеннен кейін патша болатын қызметшіңе беремін.

155. Иеробоғам

3Патшалық 11

Бірде жұмысшылардың қала қабырғаларын қалай жөндеп жатқанына қарап Иерусалимді айналып жүрген Сүлеймен зор ықыласымен жұмыс істеп жатқан бір жас жігітке назары түсті.

– Атың кім? – деп сұрады патша.

– Иеробоғам, – деген жауап берілді.

Патша онбасыға келіп:

– Иеробоғам жақсы еңбек етіп жүр, оны бақылаушы етіп қой, – деді.

Иеробоғам мансабының өскеніне қуанып, жаңа міндетін атқаруға құлшына кірісті.

Бірде ол үйіне қайтып келе жатып, өзіне қарсы келе жатқан Ахия пайғамбарға кездесті. Пайғамбардың үстіндегі киімі жап-жаңа.

Бір ауыз сөз айтпастан, Ахия тоқтай қалып, үстіндегі киімін жырта бастады. Иеробоғам бұған таң қалды. Өйткені жаңа киім қымбат тұрады, ал пайғамбарлар әдетте бай болмайды.

Сөйтіп Ахия Иеробоғам жыртылған шапанының он бөлігін берді. Өрім-өрім болған шапанның екі бөлігі өз қолында қалды.

– Иеробоғам, – деді Ахия. – Сен Жаратқан Ие не істейтінін көрдің, Ол Сүлейменнен патшалығын алып қойып, саған береді.

Иеробоғам Ахияның қолындағы шапанның екі жыртығына қарады.

– Екі ру Сүлейменнің балаларында қалады, – деп түсіндірді Ахия. – Ал он ру сенде болады. Сүлейменнің тартқан жазасы саған сабақ болсын. Жаратқан Ие одан патшалықты алып қояды, өйткені ол Оған бағынбай, Оны құрметтемей қойды. Осы туралы ойлан да, Құдай өзіңе өсиет еткеннің бәрін орындайтын бол. Сонда сенің патшалығың берік болып, сенен кейін балаларың билік құратын болады.

Осы сөздерді айтып Ахия тез кетіп қалды, қолына жыртыс ұстаған Иеробоғам аңтарылып қалып қойды.

Естіген сөздерінің бәрі шын болғаны ма?

Патша болу деген оның түсіне де кірмеген. Ал егер шынында да патша болу оның маңдайына жазылған болса, Сүлейменнің өлгенін күтіп отырудың не қажеті бар?

Сол кезден бастап Иеробоғам таққа тезірек отырудың амалын ойластыра бастады. Бұл хабар құлағына жеткен Сүлеймен Иеробоғамды өлтірмекші болды. Алайда патша оны ұстай алмады – Иеробоғам Мысырға қашып кетті. Сүлеймен өлгеннен кейін, Иеробоғамның қимылдайтын кезі келді.

156. Робоғамға өтініш жасау

3Патшалық 12

Сүлеймен Исраилде қырық жыл патшалық құрып тұрды. Ол өлгеннен кейін ұлы Робоғам патша болды.

Патшаның қайтыс болғанын білген Иеробоғам Мысырдан тез оралды. Ол Сүлейменнен тығылып, Мысырда жүрген болатын.

Исраилдің солтүстігінде орналасқан рулардың көсемдері Иеробоғамды жылы қарсы алды.

– Біз Робоғамға елші жібермекпіз, – деді олар. – Солармен бірге барып, біз үшін өтініш жасағың келе ме?

– Біз Робоғамнан әкесі Сүлейменге қарағанда мейірімдірек болуын өтінбекшіміз. Сүлеймен тағайындаған салықты төлеуге және жұмыстарды істеуге шамамыз келмейді.

– Маған сеніңдер, – деп уәде берді Иеробоғам. – Мен сендер үшін өтініш жасаймын.

Сөйтіп Иеробоғам мен Исраилдің солтүстік аймақтарынан бірнеше кісі патшаға аттанды.

– О, тақсыр, – деп бастады Иеробоғам. – Әкеңіз Сүлеймен бізді қатты қанады. Ол бізді шамамыз келмейтін салықты төлеп, ол үшін тегін ауыр жұмыс атқаруға мәжбүрлеп, тұрмысымызды қиындатты. Бізге мейірімді болып, тұрмысымызды жеңілдетуге уәде бер. Ал біз саған адал болуға уәде береміз.

– Маған ойлануға үш күн мүрсат беріңдер, – деді Робоғам. – Содан кейін мен өз шешімімді айтамын.

157. Бөліну

3 Патшалық 12

Робоғам Иеробоғам мен оның серіктеріне не деп жауап қайтаруды білмеді. Сөйтіп ол әкесі Сүлейменнің ақылшыларынан кеңес сұрады.

– Халыққа қатал болып, бас көтермесін деп қорқытып-үркітіп ұстағаным дұрыс бола ма? Әлде әкеме қарағанда жұмсақтау болуым керек пе?

– Халыққа мейірімді бол, – деп жауап берді қариялар. – Рақымды әмірші боламын деп уәде беріп, олардың ауыртпалығын жеңілдетуге тырыс. Есесіне олар саған адал қызмет ететін болады.

Содан кейін Робоғам бала кезден бірге өскен достарынан кеңес сұрады. Олардың жауабы мынау болды:

– Халыққа былай де: Сүлейменнің салығы сенің салатын салығыңмен салыстырғанда түк емес. Сен оларды темір шыбықпен шықпыртып сабайсың, ал олар сенің уысыңнан шығып кете алмайтын болады.

Қариялардың кеңесіне қарағанда бұл Робоғамның көңіліне қонымды көрінді, сөйтіп Иеробоғам қайта келген кезде, ол:

– Әкем сендерге ауыр салмақ салды, ал мен оны одан да бетер ауырлата түсемін, – деді.

Халық оның сөзінен қорқып, оған үнсіз бағынатын болады деген Робоғамның үміті ақталмады. Патшаның не айтатынын естіген кезде, халық ашынып:

– Робоғам құрысын! Дәуіттің үйінен тараған патшалар құрысын! – деп айқайлады.

Бұл туралы хабар Робоғамға да жетті, сонда ол бүлікші халықты жазалау үшін Адонирам есімді нөкерін жіберді. Израилде бәрі Адонирамды білетін және жек көретін. Сүлейменнің тұсында патшаның жарлығы бойынша халықты тегін жұмыс істеуге құдалайтын сол болатын.

Ашынған халық Адонирамды таспен атқылап өлтірді. Халық Иеробоғамнан патша болуын өтінді. Иеробоғам бұған қуана келісті.

Израилдің оңтүстігіндегі екі ру – Яһуда мен Буниямин ғана Робоғамға адал болып қалды. Яһуда руынан шыққан Дәуітті сүйіп, аса құрметтегендіктен олар оның немересіне адал болып қалуды ұйғарды.

Патшалық екіге бөлінді, әр бөлігінің өз патшасы болды. Иеробоғам он руға патшалық етті, оның патшалығы бұрынғысынша Израил деп аталды. Ал Робоғам оңтүстік патшалықты басқарды, бұл бөлік енді Яһудея деп аталды.

ИСРАИЛДІҢ БАҚЫТСЫЗДЫҚТАРЫ

158. Иеробоғамның күнәсі

3Патшалық 12; 14

Сүлейменнің бұрынғы патшалығының басым бөлігіне билігін жүргізіп Иеробоғам аса риза болды. Алайда ғибадатхана бар Иерусалим Сүлейменнің ұлы Робоғам патшалық ететін Яһудеяда қалды. Барлық исаилдіктер тым болмағанда жылына бір рет ғибадатханаға Жаратқан Иеге табыну үшін келетін.

– Мен халықтың Иерусалимге баруына тиым салуым керек, – деп шешті Иеробоғам. – Олар Робоғамға оралулары мүмкін, онда патшалық қайтадан Дәуіттің үйіне көшеді.

Сөйтіп, патша екі алтын бұқа жасатты. Оларға арнап патшалықтың екі жағына шатырлар орнатып, ғибадатхана қызметкерлері қойды, бірақ Құдай осындай қызметке өзі арнайы тағайындаған Леуінің ұрпағынан емес, қарапайым халықтан.

Бұқа мүсінін шатырға орналастырғаннан кейін, Иеробоғам халыққа былай деді:

– Исаил, сені Мысырдан алып шыққан құдайың мыналар.

Сондай-ақ Иеробоғам жыл сайын өтетін мейрамды бекітіп, екі жалған тәңірге де арнап құрбандық шалды.

Көп ұзамай Исаил халқы толығымен Құдайдан қол үзіп кетті. Еврейлер келгенге дейін Қанахан жерінде тұрған және Бағалға табынған халықтардың азғын әдет-ғұрыптарын исаилдіктер үйрене бастады.

Бірде Иеробоғамның ұлы сырқаттанып қалды.

– Маған Исаилдің патшасы боласың деп алдын ала айтқан Ахия пайғамбарға бар, – деді ол әйеліне. – Ешкімге білдірмей барып, одан баламыздың жайы не болатынын сұра.

Иеробоғамның әйелі қымбат киімдерінің орнына жай киімдерді ауыстырып киіп, күлше нан және бір құмыра бал алып, Ахия пайғамбарға келді.

Ахия әбден қартайған және көздері де көрмей қалған, бірақ Жаратқан Ие оған кімнің келгенін айтып қойды.

Аяқ дыбысы естіле салысымен ол:

– Иеробоғамның әйелісің ғой, үйге кіріп, сөзіме құлақ сал, – деді. – Күйеуіңе мынаны айт, Жаратқан Ие былай деді: «Мен патшалықты Дәуіттің үйінен алып, саған бердім. Ал сен Менің өсиеттерімді орындамай, халқымды Менен бас тартқыздың, оларға жалған тәңірлер жасап бердің. Ал енді сенің күнәң үшін Құдай үй-ішінді қатал жазалайды».

159. Ахаб пен Езабел

3Патшалық 14; 15

Уақыт келіп, Жаратқан Иенің Ахия пайғамбар арқылы Иеробоғамға айтқан сөздері орындалды. Иеробоғам өлгеннен кейін оның ұлы патша болды, бірақ бұл көпке созылмады. Оны бір бақталасы өлтіріп, орнына таққа отырып, өзін патша деп жариялады, ал содан кейін Иеробоғамның бүкіл үй-ішін қырды. Бұл патша өлгеннен кейін қолбасшысы оның таққа отырған ұлын өлтіріп, өзі патша болды. Патша сарайы бүлікшілер мен тыңшыларға толып кетті, өлім көбейіп, адамдарды қорқыныш билеп алды.

Ақыры Аморий деген қолбасшы Израилге патша болды. Ақылының арқасында ол көп ұзамай күшті әміршіге айналды, оның күш-құдіреті туралы сөз алысқа тарады.

Ол Самария қаласын соғып, оны Израилдің астанасы етті. Алайда Құдайдың көз алдында Аморийдің бұрынғы патшалардан еш айырмашылығы жоқ еді, өйткені ол да бір кезде Иеробоғам тұрғызған жалған тәңірлерге табынды.

Аморий өлгеннен кейін оның ұлы Ахаб таққа отырды. Көп ұзамай Израилдің нағыз билеушісі Ахаб емес, әйелі Езабел екені мәлім болды. Езабел көршілес елдің патшасы Сидонның қызы болатын. Израилге көшкенде ол өзімен бірге жүздеген Бағалға қызмет етушілерді бірге ала келді. Ал Ахаб Самарияда осы тәңірге арнап құрбандық шалу орнын соққызды.

Езабел Бағалға қызмет етуді қолдап қана қоймай, Израилдің Құдайына сенуді түп-тамырымен құртпақшы болды. Ол қолына түскен Құдайдың пайғамбарларының бәрін өлтіртті.

Жуырда бүкіл халық Құдайды мүлдем ұмытып, тек қана Бағалды құрметтейтіндей болып көрінді. Құдайдың өсиеттері ұмытылып, адамдар жақынына көмектеспейтін болды.

Алайда, Құдай Өз халқын естен шығарған жоқ. Ол Ілияс есімді кісіні таңдап алды. Ілияс Құдайды халықтың есіне салып, оларды Жаратушыға бет бұрғызуға тырысты.

Ілияс ашық аспан астында тұрып, жұпыны киім киіп жүрді. Ол Ахабтың жымысқы, жағымпаз адамдарына ұқсамайтын. Ол Құдайдың пайғамбары еді және тіпті патшаның алдында да Құдай сөзін айтудан тайсалмады, өйткені Құдай оған Өзінің шындығы мен әділдігін қорғауды бұйырды.

160. Құрғақшылық

3Патшалық 17 тарау

Бірде Ілияс Ахаб патшаға келіп былай деді:

Құдайдың атымен саған айтып тұрмын, екі жылдан астам уақыт жерге не шық түспейді, не жаңбыр жаумайды. Сөйтіп сен менің Құдайым – Исраилдің Құдайы екенін білетін боласың.

Исраил сияқты ыстық және құрғақ елде жаңбырдың болмауы үлкен апатты білдіретін: сусыз барлық өсімдіктер қурап, егін шықпай, елді ашаршылық жайлады.

Адамдар Бағалды жаңбыр құдайы деп санады, бірақ қанша жалынса да жаңбыр жаумай қойды.

Ахаб пен Езабел Ілиясты жек көріп, оны өлтірмекші болды.

– Иорданның арғы жағына өтіп, Хораб сайында патшадан бой тасалай тұр, – деді Құдай Ілиясқа. – Сол сайдан су ішесің, ал қарғалар саған тамақ тасып беретін болады.

Ілияс Жаратқан Иенің айтқанын істеді. Ол жападан жалғыз өмір сүрді, сайдан су ішіп, таңертең, кешке құстар әкелген тамақты жеп күнелтті. Үлкен-үлкен қара қарғалар тұмсықтарымен шоқып оған ет пен нан алып келетін, ал Ілияс олардан тамақты ризашылықпен қабылдайтын.

Күн қыздыруын жалғастыра берді, ал жаңбыр болмады. Хораб сайының да суы тартылып, ақыры кеуіп қалды.

Сонда Құдай Ілиясқа былай деді:

– Орныңнан тұр да, Сарептаға бар. Онда бір әйел бар, ол сенің тамағыңның қамын жасайды.

Сарепта Исраилдің оңтүстік шекарасында, имансыз патшайым Езабелдің отаны Сидонда болатын.

Ілияс қала қақпасына жақындағанда, отын жиып жүрген әйелді көрді. Құдайдың айтқан әйелі осы екенін Ілияс дереу түсінді

161. Таусылмайтын тамақ

ЗПатшалық 17

Ілияс отын жиып жүрген әйелге жақындады. Ол бойын жазып, бұған қарады.

– Маған азғантай су берші, – деп сұрады Ілияс.

Құрғақшылық Сидонға да жетіп, су мен тамақ қоры мұнда да таусыла бастаған. Алайда әйел терген отынын жерге қойып, оған азырақ су беруге келісті. – Бір жапырақ нан да ала келші, – деп артынан айқайлады Ілияс.

Әйел артына бұрылып, мұңая басын шайқады.

– Өкінішке орай, олай ете алмаймын, – деді ол. – Ұлым екеумізге соңғы кешкі ас жасайын деп отын жиып жүрмін. Қап түбінде бір уыс ұн мен құмырада бір тамшы май ғана қалды. Бұл кішкентай күлшеге ғана жетеді. Ұлым екеуміз соны жеп алғаннан кейін, аштан өлу ғана қалады.

– Қорықпа, – деді оған Ілияс, – менің өтінішімді орында. Алдымен маған күлше пісір, содан кейін ұлың екеуіңе пісіресің. Өйткені Жаратқан Ие былай деді: «Жерге жаңбыр жауғанға дейін қаптың түбінде ұн таусылмайды, құмыраның түбінде май бітпейді».

Әйел Ілиясқа сеніп, оның айтқанын істеді.

Шынында да Жаратқан Иенің айтқанындай болды.

Ілияс сол әйелдің үйінде тұрып жатты. Күнде таңертең әйелде сол күнге арнап күлше пісіруге жететін ұн мен май болды. Құрғақшылық біткенге дейін үшеуі тамақтан еш қысылған жоқ.

ІЛИЯСТЫҢ БАҒАЛДЫ ЖЕҢУІ

162. Ілиястың жекпе-жекке шақыруы

3Патшалық 18

Үш жыл өтті, осы уақыт аралығында жерге бір тамшы жаңбыр тамған жоқ. Ахаб патша әбден абыржыды. Бірде таңертең ол сарай басқарушысы Әбдиді шақырып алды. Әбди Құдайды сүйетін және Оған үздіксіз қызмет ететін. Ол Құдайдың пайғамбарларының нағыз жанашыр досы еді.

– Бүкіл елді аралап шығайық, – деді патша, – барлық өзен, сайларды қарайық. Мүмкін аттарды суаратын суы мол жер тауып қалармыз. Болмаса олардың бәрін қыруға тура келеді. Сен бір жаққа бар, мен басқа жаққа барайын.

Су көзін қайдан табуды ойланып, басы қатып келе жатқан Әбдидің алдынан Ілияс пайғамбар шыға келді. Басында Әбди өз көзіне өзі сенбеді.

– Патшаны осында алып кел, – деді оған пайғамбар.

– Патша сені барлық жерден іздеп жүр, – деп жауап берді Әбди оған. – Қазір мен оны ертіп келсем, сен тағы тығылып қаласың. Ал ол ашуланады.

– Мен ешқайда кетпей, осында тұрамын, – деп уәде берді Ілияс.

Ілиясты көрген кезде Ахаб онымен дөрекі сөйлесті.

– Исраилді дүрліктіріп жүрген кісі сенбісің?

– Исраилді дүрліктірген мен емес, – деп сабырлы жауап берді Ілияс. – Қайта, Жаратқан Иені жек көріп, Бағалға табынып жүрген сенсің. Адамдарыңды жи да Кармил тауына кел. Бағалдың барлық пайғамбарларын ерте кел. Мен Құдайдың пайғамбарларының ең соңғысымын, Езабел бәрін өлтіріп бітті. Бірақ Бағалдың барлық пайғамбарларына қарсы мен Жаратқан Иені жалғыз өзім жақтаймын.

163. Көктен түскен от

ЗПатшалық 18

Ахаб патша халықты және Ілиястың айтқанындай Бағалдың пайғамбарларын жиды. Халық не болады екен деп тағатсыздана күтті.

Ілияс алға шығып, оларға былай деді: – Уа, Исраил халқы, қашанғы теңселіп жүресің, қашан таңдау жасайсың? Шынайы Құдай кім екенін таңда да, соған қызмет ет. Егер Бағал шынымен тәңір болса, оған беріліп қызмет ет. Егер менің Құдайым, Исраилдің Құдайы, шынымен бірден бір Құдай болса, Оған сенім артып, мойынсұн. Құдайға да, Бағалға да қызмет етуге тырыспа. Бүгін біз сынақ жасап, кімнің шынайы Құдай екенін білеміз.

Содан кейін Ілияс Бағалдың пайғамбарларына былай деді: – Осы жерге Бағалға арнап құрбандық шалу орнын жасаңдар. Оның үстіне отын жиып, құрбандықты қойыңдар. Бірақ от жақпаңдар, Бағалдан отты өзі жағуын сұраңдар.

Жаңбыр мен дауыл тәңірі – Бағал найзағай жіберіп, құрбандықты өртеуі керек еді.

Бағалдың пайғамбарлары құрбандық шалу орны мен құрбандықты мұқият әзірледі. Содан кейін көктен от түсіп, ағаштар жансын деп сиына бастады. Халық үнсіз бақылап тұрды. Ештеңе болмады. Пайғамбарлар абыржып, енді дұғаларын айғайға ауыстырды. Олар құрбандық шалу орнын айнала жүгіріп, шаштарын жұлып, Бағалдан жауап беруін сұрады.

Ілияс оларды мазақтап, күліп тұрды.

– Сірә, Бағалдың қолы тимей жатқан болуы керек, – деді ол. – Әлде, ұйықтап жатыр ма екен? Қане, оны оятуға тырысыңдар!

Пайғамбарлардың айғайлап, шулап, секіргендерінен ештеңе шықпады. Ақыры олар әбден қалжырап, үміттерін үзді.

Сонда Ілияс халықтың жақын келуін өтінді. Ең алдымен ол бұрыннан тауда тұрған, Құдайға арнап құрбандық шалатын орынның құлаған жерлерін жөндетті. Оған отын қалап, ең үстіне құрбандықты қойды, содан кейін оны айналдыра қазып шықты.

– Су әкеліңдер де, құрбандықтың үстіне аямай құйыңдар, – деп бұйырды Ілияс.

Ақыры су құрбандық шалу орнынан асып, айнала қазылған шұңқырға ағып, оны да толтырды. Егер Бағалдың пайғамбары құрғақ отынды тұтандырамыз деп тырысқандарынан түк шықпаған болса, Ілиястың міндеті екі есе ауыр еді, өйткені отын да, оның үстіндегі құрбандық та су.

Сөйтіп Ілияс ақырын сиына бастады.

– Жаратқан Ие, Ыбырайымның, Ысқақтың және Жақыптың Құдайы! Сен ғана Құдай екеніңді – Исраилдің Құдайы екеніңді көрсетіп, құрбандық шалу орнына от жібере көрші.

Сонда тұрған халықтың көз алдында құрбандық шалу орнын жалын шарпыды. Бір-ақ сәтте құрбандық түтінге айналды. Лапылдаған жалын отынды да, тіпті құрбандық шалу орнының тасын да шарпыды. От шұңқырдағы суды кептіріп, айналадағы жерді күйдірді.

Адамдар бұл ғажап іске таң қалып, жерге жығылып:

– Жаратқан Ие – Құдай! Жаратқан Ие – Құдай! – деп айқайлады.

Ілияс Бағалдың пайғамбарларын ұстап, өлтіруді бұйырды. Тек солай ғана Исраилдегі Бағалға табынуды жоюға болады деп санады ол.

164. Жаңбырдың жаууы

3Патшалық 18

Қатты таңданған Ахаб Ілиястың сөзін аңтарыла тыңдады:

– Асық, – деді ол патшаға. – Қазір жаңбыр жауады.

Адамдар үнсіз үйлеріне тарай бастады. Ілияс пен қызметшісі орнынан тұрып, Кармил тауының басына көтерілді. Ілияс тізе бүгіп, басын иіп, сиына бастады. Содан соң қызметші балаға теңіз жақа қарап келуді бұйырды.

Көп өтпей бала қайта оралды.

– Ештеңе байқалмады, – деді ол.

– Қайта қара! – деп бұйырды Ілияс.

Ілияс баланы алты рет жіберді, алтауында да ол ештеңе байқамады. Ал жетінші ретінде ол пайғамбарға:

– Көктен алақандай бұлт көтерілгенін байқадым, – деді.

Ілияс орнынан көтерілді.

– Барып Ахабқа айт, нәсер жаңбырдың астында қалғысы келмесе, үйіне қайтсын, – деді ол.

Енді Ілияс пайғамбардың аузынан шыққан әрбір сөзіне сенетін Ахаб, арбасын жегуді бұйырды.

Сол екі арада аспанды бұлт торлады.

Жел көтерілді. Аспан түнеріп, нәсер төккелі тұрды. Ахаб үйіне асықты.

Кенет, Ілияс өзінің Құдайдың күшіне кенелгенін сезінді. Жаратқан Иенің бүгінгі істеген ғажап істері оның жүрегін қуанышқа бөлеп, көңіліне қанат бітірді. Ол шапанының етегін көтеріп, беліне қыстырып, жүгіре жөнелді.

Кармилден Ахабтың сарайына дейін ат арбамен үш сағаттық жол болатын, бірақ Ілияс патшаның ат арбасының алдында қала қақпасына дейін жүгіріп барды.

ИЛИЯС ҚҰДАЙДЫҢ ПАЙҒАМБАРЫ

165. Шөлге қашу

3Патшалық 19

Ахаб патша сарайына оралып, болған жайды Езабелге айтып берді. Илияс Бағалдың пайғамбарларын өлтірткенін естігенде патшайым қатты ашуланды. Ол қаһарланып, зәресі ұшқан қызметшісін Илиясқа жіберді.

– Оған айт, – деп айғайлады ол, – ертең дәл осы кезде пайғамбарларыма істегенін мен оның өзіне істеймін. Егер сөзімді орындамасам, тәңірлерімнің қаһарына ұшырайын!

Ашулы патшайымның сөзін естіген кезде, Илиястың жүрегі тоқтап қалғандай болды. Жаңа ғана ол бүкіл Исраил халқы мен оның қорқақ патшасына Жаратқан Иенің ұлылығы мен құдіретін асқан батылдықпен көрсеткен. Алайда, елге Езабел әмірін жүргізіп отырғанда, ол Исраил халқын қалай шынайы Құдайға алып келмек?

Бір сәт те аялдамай Илияс оңтүстікке, Яһудея жеріне аттанды.

Бұлыңғыр, бос шөлдала арқылы ол күні бойы жүрді. Кешке қарай, күннің ыстығынан әбден қалжыраған ол өсіп тұрған жалғыз ағаштың көлеңкесіне отыра кетті. Ол өлгісі келіп, Құдайдан өзіне өлім тіледі.

– Менің осы істерімнің бәрі не үшін керек, Құдайым-ау? – деп уайымдады ол. – Одан да өлгенім жақсы.

Бірақ әбден шаршаған ол, қатты ұйықтап кетті.

Кенет, Илияс иығынан біреудің түрткенін сезді, оянып кеткен ол:

– Жүр, тамақ іш, – деген дауыс естіді.

Илияс бас жағында күлше нан мен бір құмыра су тұрғанын көрді. Ол нан жеп, су ішіп, қайта ұйықтап кетті.

Келесі жолы да оны осы дауыс оятты.

– Тұр, тамақ ішіп, әлденіп ал, алдыңда әлі ұзақ жол жатыр.

Енді Илияс толық оянды. Таңғажайып жолмен алдыңда табылып тұрған тамақ пен судың арқасында ол әлденіп алды. Ол өзіне Жаратқан Ие қамқор болып жатқанын білді. Өйткені Ол Илиясты жұбатып, күш беру үшін періштесін жіберді.

Тойып, жігерленіп алған Илияс енді қаншама болса да жол жүруге әзір еді. Ол ұзақ жүріп, Синай тауына келді. Осы Синай тауында Жаратқан Ие Мұсамен сөйлесіп, Исраил халқын Мысырдан алып шығып, олармен келісім жасасқан.

166. Қоңыр салқын самал лебі

ЗПатшалық 19

Ілияс Синай тауына шыққан кезде түн болды. Ол таудың ық жағындағы бір үңгірге кіріп, сонда түнеді. Түн ортасында онымен Жаратқан Ие сөйлесіп:

– Ілияс, мұнда неғып жүрсің? – деп сұрады.

Ілияс Құдайға өзінің қиындықтары жайлы айтып берді.

– Сенің пайғамбарларыңнан мен жалғыз қалдым. Қалғандарының бәрін Езабел өлтірді, ал халқың сенің өсиеттеріңді орындамай, Бағалға қызмет етіп кетті.

Ілияс үнсіз қалған кезде тау мен тасты қопаратындай күшті жел тұрды. Бұл жел Ілиястың қайғысындай, қатты болды.

Бірақ бұл желде Жаратқан Ие жоқ еді.

Жел басылды. Ілияс аяқ астындағы жердің қозғалып бара жатқанын көрді. Жер сілкініп, дүмпуі таудың етегін дүр сілкінтті.

Бірақ жер сілкінісінде Жаратқан Ие жоқ еді.

Содан кейін Ілияс от көрді. Құрғақ бұталар сытырлай, жанып, шөл даладан келген от тез тауға қарай өрмелеп, қараңғы аспанды жарқыратып жіберді.

Бірақ отта да Жаратқан Ие жоқ еді.

Оттан кейін қоңыр салқын самал жел ескенін сезді. Сол кезде Жаратқан Ие онымен сөйлесті.

– Ілияс, мұнда неғып жүрсің? – деп қайта сұрады.

Ілияс әңгімесін қайталады.

– Ілияс, – деді Жаратқан Ие, – Израилде мені сүйіп, Маған қызмет ететін жалғыз сен емессің. Израилдің арасында Бағалға бас имеген жеті мың кісі бар. Содан кейін Жаратқан Ие Ілиясқа ары қарай не істеуі керектігін айтты:

– Барып, Елішеге май жақ, ол сенен кейін пайғамбар болады.

Құдай Ілиястың достары мен көмекшілері болғанын қалады. Еліше оған жолдас болып, Ілияс кеткеннен кейін оның ісін жалғастыруы тиіс еді.

167. Набутейдің жүзімдігі

3Патшалық 21

Ахаб патша жазғы сарайда тұруды ұнататын. Ол сарайдың айналасындағы бақты қызықтай аралап, оны қалай жақсартуды ойлап жүр еді. Патша бағының қасында Набутей деген кісінің кішкентай жері болатын. Набутейдің жеріне жүзім егілген. Жүйек-жүйек болып жүзімдік алқабы жатыр және сонда шұңқыр қазып қойылған. Піскен жүзімді шұңқырда езіп, шырынынан шарап жасайтын.

– Егер, осы жер менікі болса ғой, шіркін, – деп тамсанды Ахаб. – Мен мұнда бақша салған болар едім.

Бірде Ахаб «Неге осы жерді мен өзіме алмаймын» деп ойлап, Набутейге барды.

– Менің бағыма жанасып жатқан жеріңді алғым келеді, – деді оған патша. – Оны маған бер, ал мен саған басқа жер берейін.

Бірақ Набутей бұған келіспеді.

– Бұдан бірнеше жыл бұрын Ешуа Нұнұлы жерді руларға бөліп берген кезде, осы жер менің ата-бабамның үлесіне тиіпті. Олар жерді маған қалдырды, ал мен өз балаларыма мұра етіп қалдырамын. Маған осы жерді берген Жаратқан Ие оны сатуға, тіпті жоғары бағаға сатуға да тиым салады. Ата-бабаларымнан қалған мұраны саған беруден Құдай сақтасын!

Ахаб үйіне ренжіп, қабағы түйіліп оралды.

Қызметшісі келіп, тамақ дайын екенін айтқанда, оның тамаққа зауқы соқпай, бүк түсіп жатып қалды. Езабел келіп, – Не болып қалды? Сені мұңайтқан не нәрсе? – деп сұрады одан. Ахаб төсегінен жайлап тұрды.

– Набутей мені ренжітті, – деп шағынды ол. – Оның жүзімдігіне менің көзім түсіп жүр, ал ол болса оны маған бергісі келмейді.

Езабел күліп жіберді.

– Сен өзің патшасың ба? – деп сұрады ол күліп. – Егер қалағаныңды ала алмасаң, патша болып керегі не? Бұл істі маған қалдыр. Ал қазір еңсеңді көтер.

168. Ахабтың үкімделуі

3Патшалық 21

Егер Набутей жерін бергісі келмесе, демек одан және оның үй-ішінен құтылу керек деп шешті Езабел. Сонда Ахаб қалағанын алады.

Ол дереу Ахабтың атынан ру басылары мен атақты кісілерге арнап хат жазып, онысына патшаның мөрін басты.

Ол хатқа былай деп жазды: «Үлкен мейрам жасап, бүкіл халықты жинаңдар. Ал Набутейді құрметті орынға отырғызыңдар. Екі адамға ақы төлеп, оған қарсы жалған куәлік бергізіп, Набутей Жаратқан Иеге және патшаға тіл тигізді деп жала жапқызыңдар. Осы қылмыс үшін оны соттап, кінәні мойнына арта салысымен өлтіріңдер».

Қала басшылары Езабелден қорқатын, сондықтан да оның жарлығын дереу орындады. Набутей мен оның ұлдары өлтірілді.

Набутейдің өлгені туралы хабар жетісімен риза болған Езабел Ахабқа келді.

– Енді жүзімдікке қолың жетті, – деді ол патшаға. – Набутей өлді.

Ахаб қуанып, дереу барып жаңа жерін көрді.

Алайда Жаратқан Ие бәрін көріп тұрды және Ол Ахабқа Ілиясты жіберді.

Ілиясты көргенде Ахаб құп-қу боп кетті.

– Ө, таптың ба мені! – деді ол түнеріп.

– Таптым, – деп жауап берді Ілияс. – Мен саған Жаратқан Иенің хабарын жеткізу үшін келдім. Сен өмір бойы зұлымдық жасап, Құдайдың заңын аттап келдің. Ал қазір тіпті үлкен күнә жасадың. Бейкүнә адамды зұлымдықпен өлтірдің. Саған айтарым мынау: өзің де, әйелің де аяқ астынан азаппен өлесіңдер. Ал ұлдарың сенен кейін Исраилге патшалық құрмайды.

Бұл сөздерді естіп, Ахаб мұңайды және ұялып та қалды. Езабелдің зұлым істермен айналысатынын және өзі де жазалануға лайық екенін ол білді. Ол үстіндегі патшаның киімдерін қақ айырып жыртып, кенептен тігілген киім ауыстырып киді және бұдан кейін сән-салтанатқа толы дастарханға жоламады. Істеген зұлымдықтарына өкінетінін көрсету үшін ол қайғырып жүрді.

Жаратқан Ие Ахабтың мойынсұнғанын көрді.

– Ахаб Мені мойындап, өз ісіне өкінуде, – деді Құдай Ілиясқа. – Сол үшін Мен оған тірі кезінде ешқандай бақытсыздық жібермеймін. Бірақ оның ұрпағы Исраилге билік жүргізбейтін болады.

169. Ілиястың соңғы сапары

4Патшалық 2

Құдайдың бұйыруымен Ілияс май жағу рәсімін жасап, жас жігіт Елішені пайғамбарлыққа қойды. Еліше оның адал және пайдалы көмекшісіне айналды. Ілиястың алдында бас иіп, оны әлемдегі ең ғажайып адам деп санады. Ол жартылай болса да өз қожайынына ұқсағысы келді. Ілияс патшадан да, халықтан да қорыққан жоқ. Ол өз басына төнген қауіп-қатерге де қарамастан Құдайға шын жүрегімен әділ қызмет етті.

Бірақ Ілияс қартайды және Жаратқан Ие оған өмірі аяқталып қалғанын айтты. Оның қызметін Еліше жалғастыратын болады.

Бірде Ілияс пен Еліше Ғалғалға келді, Еліше бүгін Ілияспен қоштасатын кез келгенін біледі. Бірақ Ілияс бұл туралы ауыз ашпады.

Ілияс Елішеге:

– Сен осында қал, мені Жаратқан Ие Бетелге жіберді, – деді.

– Жоқ, мен сізбен бірге барамын, – деді Еліше. – Мен сізді жалғыз қалдырмаймын.

Олар Бетелге жақындаған кезде алдарынан пайғамбарлар шықты.

– Бүгін Жаратқан Ие қожайыныңды алып кететінін білесің бе? – деп сыбырлады олар Елішеге.

– Білемін, – деді Еліше. – Бірақ үндемеңдер, мен бұл туралы сөйлескім келмейді.

Ол жедел адымдап, алға озып кеткен Ілиясқа жетуге асықты. Бетелде Ілияс көмекшісіне:

– Еліше, сен осында қал, мені Жаратқан Ие Иерихонға жіберді, – деді.

Бірақ Еліше ұстазымен қоштасудан тағы бас тартты.

Иерихонда тағы да олардың алдарынан пайғамбарлар шығып, Жаратқан Ие Ілиясты әкететін күннің келгенін Елішеге тағы да ескертті.

Ілияс үшінші рет Елішеге бұйырды:

– Осында қал, Жаратқан Ие мені Иорданға жіберді.

Алайда Еліше соңына дейін Ілияспен бірге болуды ұйғарды, сөйтіп олар Иорданға бірге кетті. Олар Иорданның жағасына жетіп, тоқтады. Сонда Ілияс шапанын шешіп, орады да, онымен суды салып қалды. Су қақ айрылып, олар құрғақпен арғы жағаға өтті.

170. Отты арба

4Патшалық 2

Олар өзеннен өткеннен кейін Ілияс Елішеге былай деді: – Жаратқан Ие мені Өзіне алып кеткенге дейін сұра, сен үшін не істейін?

– Үлкен ұлыңыз сияқты болып, сіздің құдіретіңіз бен күшіңізді иемденгім келеді, – деді Еліше дауысы дірілдеп.

Ілияс біраздан кейін жауап берді.

– Өте қиын қолқа салып тұрсың, – деді. Ол ақыры. – Бірақ егер мені Жаратқан Иенің алып кеткенін көрсең, демек өтінішіңнің орындалғаны.

Олар осылай анда-санда бір сөйлесіп келе жатты. Кенет, Еліше отты арба мен оған жегілген от арбаларды көрді. Арба көктен түсіп, Ілияс оған отырып, от құшағында көкке көтеріліп кетті.

– Өке, әке, – деп айқайлады Еліше оның артынан. – Мен Исраилдің арбасы мен атын көріп тұрмын!

Еліше ғажайып отты арбаның соңынан ұзақ қарап тұрды. Енді ешқашан жер бетінде өзінің сүйікті тәлімгерін көрмейтінін ол білді.

Ақыры айналасына қарап, кенет аяғының астынан Ілияс пайғамбардың шапанының жатқанын көрді. Еліше шапанды алып, Иордан өзеніне қарай кері қайтты. Ол жағаға келіп, тоқтады. Өзінің Ілиястан өтінген соңғы өтініші орындалды ма екен білгісі келді. Тексеріп көру үшін ол Ілияс секілді шапанды қолына алды да, онымен суды соқты. Ілиястың алдынан қақ айрылған сияқты, Иорданның суы оның алдынан да қақ айрылды.

Иерихон пайғамбарлары Елішенің келуін күтті. Елішенің алдынан өзеннің қақ айрылғанын көргенде, олар бәрін түсінді.

– Ілиястың күш-қуаты Елішеге берілді, – десті олар.

ИСРАИЛ МЕН ЯҺУДЕЯ

171. Шыншыл пайғамбар

3Патшалық 22

Израил екі патшалыққа – Исриил мен Яһудеяға бөлінгелі, олардың арасында жиі соғыс болып тұрды.

Израилді басқарып тұрған Ахаб патша Яһудеямен татуласуды ұйғарып, сол үшін қызын Яһудеяның патшасы Иосафатқа күйеуге берді.

Бірде, Иосафат Самарияға Ахабқа келді.

– Ежелгі жауымыз сириялықтардан Ғаладтың Рамоф қаласын қайтарып алуымызға көмектесесің бе? – деп сұрады одан Ахаб. Сол кезде Ахаб Израилмен солтүстікте шектесіп жатқан Сириямен жиі соғысатын.

– Әскерім де, мен де саған көмектесеміз, – деп жауап берді Иосафат. Иосафат Құдайды сүйетін және Оған құлақ асатын, сондықтан да ол: – Бірақ алдымен Жаратқан Иеден кеңес сұрайын, – деді.

Ахаб келісіп, барлық пайғамбарларды алдырды. Патша сарайында өзін пайғамбармыз деп атайтын төрт жүздей адам еш уайым-қайғысыз, ағыл-тегіл молшылықта тұрып жатқан. Олар әрдайым патша естігісі келетін сөздерді айтатын.

Екі патша салтанатпен келіп, қала қақпасының алдына отырды, ал жұрт Ахабтың пайғамбарларынан:

– Ғаладтық Рамофқа бола соғысайын ба, жоқ па? – деп сұрағанын тамашалай қарап тұрды.

– Соғыс! – деді пайғамбарлар, – Жаратқан Ие оны сенің қолыңа береді.

Бұл сөздер патшаға жігер берді. Алайда, Иосафат өтірікші, екі жүзділерге сенбеді.

– Мұнда Жаратқан Иенің пайғамбары жоқ па? Ол арқылы Құдайдың еркін білер едім, – деді ол.

– Михей деген бар, – деді Ахаб. – Бірақ оны ұнатпаймын, ол маған еш жақсы сөз айтпайды.

– Олай деме, патша, – деді Иосафат. – Біз Жаратқан Иенің сөзін естігіміз келіп тұрған жоқ па?

Михейге шабарман жіберілді, ал қалған пайғамбарлар қобалжып, патшаларының айналасына жиылды. Олардың бірі Седекия темірден мүйіз жасап алып, құтырған қой сияқты жүгіріп жүрді.

– Сендер сириялықтарды осылай жеңесіңдер! – деп ол мүйізін бұлғақтатып, айқайлауын қоймады.

Михейді шақырып келген кісі оған: – Басқа пайғамбарлардың айтқанына сен де қосыл, – деді.

– Жаратқан Иенің атымен шындықты айтуға ант беремін, – деп жауап берді Михей.
– Михей, біз Ғаладтық Ромафқа соғыс ашайық па, жоқ па? – деп сұрады Ахаб.
Михей азан-қазан шуылдасып, қобалжып тұрған пайғамбарларға қарап, миығынан күліп:
– Соғыса бер! – деді.
– Михей, маған шындықты айт, – деп бұйырды Ахаб.
Михейдің дауысы өзгерді. Енді ол баяу, қайғылы сөйледі.
– Егер сен соғысатын болсаң, халқың бақташысыз қалған қой сияқты тау-тасқа жайылып кетеді. Бүкіл әскеріңнің ойсырата жеңілгенін көріп тұрмын.

172. Ахабтың өлімі

3Патшалық 22

Михей өз үкімін айтқанда, бәрі зәрелері ұшып, үнсіз қалды. Содан кейін, үнсіздік дауыстап, күңкілдеуге айналды.

– Мен айтпап па едім, саған, – деп ашуланды Ахаб Иосафатқа, – ол ешқашан жақсы сөз айтпайды.

Қалған пайғамбарлар шамданып, Михейге айқайлады:

– Жаратқан Иенің не айтатынын білемін деп айтуға қалай дәтің барады!

Седекия Михейге жақындады. Ол темір мүйіздерін жерге лақтырып тастап, Михейдің жағынан тартып жіберді.

– Михейді тұтқындандар! – деп бұйырды Ахаб. – Оны түрмеге қамап, мен оралғанша сонда ұстандар!

– Егер сен қайтып оралсаң, онда мен арқылы Жаратқан Иенің сөйлемегені, – деді Михей.

Келесі күні таңертең патшалар шайқасқа дайындалды. Ахаб барынша қауіпсіздік шараларын жасап бақты.

– Мен соғысқа қарапайым жауынгер сияқты киініп барамын, – деді ол Иосафатқа. – Сонда мені ешкім танымайды. Ал сен патша киіміңді киініп ал.

Шайқас алдында сириялық патша өз жауынгерлеріне:

– Ахаб патшаны өлтіріңдер, бізге қауіпті сол ғана, – деп бұйырды.

Иосафатты патша киімінде көргенде сириялықтар оны Ахаб патша екен деп қалды. Алайда, өздерінің қателескендерін білгеннен кейін оған тиіспеді.

Алайда басқа бір сириялық жауынгердің атқан оғы Ахабқа тиді. Патша қатты жараланды. Күні бойы ол арбада нөкерлеріне сүйеніп тұрып, әскерін басқарды. Кешке күші қайтты. Сөйтіп Ахаб патша өлді.

Дұшпанмен шайқаста әбден қалжырап, сілікпесі шыққан әскер шегінуге бұйрық алды. Патшасыз әскер соғыса алмады.

173. Құдай сыйлаған жеңіс

2Шежіре 20

Иосафат патшаның сарайына суыт хабар жетті – Яһудеяға шабуыл жасау үшін үш мемлекет бірікті. Жау Яһуда қалаларының бірін жаулап алып, енді астанаға қарай беттеді.

Иосафат елдің бүкіл тұрғындарына Иерусалимге жиналуды бұйырды. Яһудеяның түкпір-түкпірінен үй-іштерімен келіп, ғибадатхананың ауласына жиылды. Патша оларды сонда күтіп отырды.

Патшаның қасында леуіліктер тұрды. Леуіліктер – ғибадатханадағы діни қызметкерлер. Олар ғибадатханаға қарап, Құдайға құлшылық ету қызметін өткізіп, Құдайды мадақтап, Оған сиынатын.

Мынадай күшті жаулармен соғысуға өз әскерінің күші жеткіліксіз екенін Иосафат патша білді. Ол Жаратқан Иеден көмек сұрай бастады.

– Жаратқан Ие, ата-бабаларымыздың Құдайы! Сен бүкіл әлемнің Әміршісісің! – деп сиынды патша. – Бүгін біздің басымызға апат төнді. Сенің бізге берген жеріңді тартып алу үшін, жау қақпамыздың алдына келіп тұр. Ал оларды қуып жіберуге бізде күш жоқ, бізге Өзің көмектесе көр!

Сонда леуіліктердің біреуі алға шықты, ол арқылы Жаратқан Ие Иосафаттың дұғасына жауап берді.

– Яһуди елі және Иосафат патша, тыңдаңдар! Жаратқан Ие былай дейді: «Қорқып, зәрулерің ұшпасын! Бұл жолы соғысатын сендер болмайсыңдар. Ертең жауға қарсы шығып, Жаратқан Ие өздеріңе жеңісті қалай алып бергенін көресіңдер».

Мынадай сөздерді естіп патша мен халық Жаратқан Иенің алдына жығылып, Оған алғыстарын айтты. Ал леуіліктер болса:

– Құдай мадақталсын! Оған мың да бір алғыс! – деп әндетті.

Келесі күні таңертең Иосафат әскерін жиды.

– Яһудея халқы, Құдайға үміттеріңді артыңдар, – деді оларға патша.

– Жаратқан Иемізге, сеніңдер және табанды болыңдар.

Ол ғибадатхананың сырнайшылары мен әншілеріне әскердің алдында жүріп отыруды бұйырды. Леуіліктер:

– Жаратқан Ие мадақталсын, Оның рақымы шексіз, – деп ән айтты.

Жаратқан Ие жаудың арасына толқу жіберген кезде яһудилер әлі жау қосынан алыста болатын. Естері кеткен әскерлер бір-бірін өлтіре бастады.

Яһуди әскері сонда келгенде, қоста жатқан мыңдаған өлі денелерді ғана көрді. Иосафат пен оның әскерлері жаудың қосында қалған қымбат бұйымдардың бәрін алып, Иерусалимге олжалы оралды. Керней-сырнай үнінің астында олар Жаратқан Иенің ғибадатханасына келді.

Жаратқан Иенің яһудилерге жеңіс сыйлағанын бәрі білді, себебі олар семсерлерін қынабынан суырып та үлгермеді.

ЕЛІШЕ

174. Елішенің жесір әйелге көмектесуі

4Патшалық 4

Құдай Илиясты көкке алып кеткеннен кейін, Исраил патшалығының солтүстігінде оның қызметін Еліше жалғастырды. Еліше ұстазына мүлдем ұқсамады. Илиястың мінезі қатал, өңі сұсты болды. Адамдар одан тайсалатын, бірақ әжеттігі мен игі істері үшін оны аса құрметтейтін. Ал Елішені бәрі жақсы көрді, әркім оған өзінің мұң-мұқтажын айта алатын.

Бірде Елішеге бір әйел келді, ол өте қайғылы еді.

– Мырза, – деді әйел оған. – Менің күйеуім қайтыс болған. Ол Жаратқан Иені қастерлеп Оған адал қызмет етті. Өзі пайғамбарлар әулетінен еді. Ал қазір біздің күніміз қараң, өйткені күйеуім бір кісіден қарыз алған. Егер мен қарызды қайтарып бермесем, әлгі кісі менің екі ұлымды да алып кетпекші. Ал менде ақша жоқ. Өтінемін, маған көмектесе көр!

Еліше өзі де кедей болатын. Ол жесір әйелдің қарызын төлей алмайтын.

– Саған қалай көмектесуді білмеймін, – деп ол сөзін бастағаны сол-ақ еді дәл осы сәтте Жаратқан Ие Елішеге не істеу керекін айтты.

– Үйіңде қалған бір нәрсе бар ма? – деп сұрады ол әйелден.

– Азғантай майдан басқа түк жоқ, – деп жауап берді әйел.

– Жарайды, – деді Еліше. – Барлық таныстарың мен көршілеріңнен ыдыс сұрап ал. Мейлінше көп ыдыс жинауға тырыс. Ұлдарыңмен бірге үйіңе кіріп, іштен жауып ал. Ал содан кейін өз ыдысындағы майды басқа ыдыстарға құй.

Жесір әйел Елішенің айтқанының бәрін істеді. Көп бос ыдыс жиып, оларға май құя бастады. Ұлдары оған бос ыдыстарды беріп, толғандарын шетке алып тұрды. Жесір әйелдің ыдысындағы майы еш таусылмастай болып көрінді.

– Тағы да ыдыс бер, – деді ол ұлына. Ал ұлы:

– Басқа ыдыс қалмады, – деп жауап берді.

Сол сәтте оның ыдысындағы май ағуын тоқтатты. Ыдыс босапты.

Жесір әйел Елішеге келіп, оған осы ғажайыпты айтып берді.

– Енді бар да, майды сат, – деді Еліше. – Сөйт те қарызыңнан құтыл. Өрі ұлдарыңмен күн көрісіңе де жететін ақша қалады.

175. Елішенің қонақ бөлмесі

4Патшалық 4

Еліше ешқашан бір орында тұрақтап қалмайтын. Ол қалалар мен ауылдарды аралап, халыққа тәлім берді, адамдарға көмектесті.

Бірде Сонам деген қалаға келгенінде сол жерде тұратын бай кісінің әйелі оны үйіне дәм татуға шақырды.

– Сонамға келген сайын біздің үйге соғып, дәм татып тұрыңыз, – деді әйел Еліше қайтуға жиналғанда.

Содан бастап Еліше жаңа достарымен жиі дастархандас болып жүрді.

Бір күні, Еліше жоқ кезде, әйел күйеуіне:

– Пайғамбар Сонамға жиі келеді. Келген сайын демалатын жер болу үшін, оған қонақ бөлме жасап берейік, – деді.

– Қалағаның болсын, қымбаттым, – деді күйеуі. Ол әйелінің сөзіне аса мән бере қойған жоқ.

Әйел іске кірісті. Ол құрылысшы шақырып, үйдің жайпақ төбесіне қосымша бөлме қалатты. Содан кейін ағаш ұстасына үстел, орындық және кереует жасатып, бөлмені жабдықтады. Ал үстелдің үстіне май шам қойды.

Еліше келесі жолы келгенде, әйел пайғамбарды бөлмесіне ертіп барды. Енді өзінің тыныштықта Құдайға сиынатын, ойланатын және ұйықтайтын оңаша бөлмесі болғанына Еліше өте қуанды.

– Мен бұл әйелдің қайырымдылығы үшін сыйлық жасағым-ақ келеді, – деді ол қызметшісі Гиезийге. – Бірақ ол өзі бай және ештеңеге мұқтаж емес.

Сол үйдің қызметшілерімен сөйлесіп жүрген Гиезий үй иесі әйелдің қалауын біліп алды.

– Ол ұл туғысы келеді, – деді ол Елішеге.

Егер бұл әйелге бала беруін сұраса, Жаратқан Ие дұғасына құлақ асатынына Еліше сенді.

– Әйелді осында шақыр, – деп бұйырды ол Гиезийге.

Қызметшісі барып, әйелді тез ертіп келді. Ол есік алдында тұрып, әйелге пайғамбардың не дейтінін күтті.

– Бір жылдан кейін, дәл осы кезде сен ұлды боласың, – деді Еліше.

Әйел өз құлағына өзі зорға сенді. Бұл өте қуанышты хабар еді.

176. Ауыр қаза

4Патшалық 4

Елішенің айтқаны келіп, ұл туғанында сонамдық әйелдің қуанышында шек болмады. Ол ұлын аса қамқорлап бақты. Ұлының ең жақсы нәрселері болғанын қалады және солай етуге тырысты. Еліше келген сайын, баланың бірінші тісі шыққанын немесе тәй-тәй жүре бастағанын оған мақтанышпен көрсететін. Бала өскен кезде әкесі де оны қуанышпен қасына ертіп жүретін.

– Бүгін менімен бірге егіске жүр, – деді бірде әкесі, – маған көмектесесің.

Әкесінің қолынан ұстап кетіп бара жатқан баласының артынан шешесі сүйсіне қарап тұрды. Бала орақшылардың қасында арлы-берлі шапқылап жүріп, бір бау бидай жинады.

Кенет ол айқайлап, әкесіне қарай жүгірді:

– Басым, басым ауырып барады.

Әкесі баланың жүзіне мазасыздана қарады.

– Оны дереу үйге, шешесіне апар, – деп бұйырды ол қызметшісіне.

Шешесі баланы ең салқын бөлмеге апарып, алдына алып отырып, әлдиледі. Ол әлі сәби кезінде, шешесі осылай ететін. Бірақ түске қарай бала қайтыс болды.

Ешкімге ләм-мим деп айтпастан шешесі баланың денесін жоғарыға алып шықты да, оны Елішенің төсегіне жатқызып, есікті бекітіп қойды. Содан соң егістіктен күйеуін шақыртты. Ол баланың өлгенін күйеуіне де айтпады. Әйел тек қызметшісіне есекті ерттетіп беруін өтініп, Еліше пайғамбарға баратынын айтты.

– Неге дәл бүгін Еліше пайғамбарға баруың керек? – деп сұрады күйеуі.

Әйел үндеген жоқ. Ол болған жайтты Елішеден басқа ешкімге айтқысы келмеді.

– Есекті тез айда, – деді ол қызметшісіне, сөйтіп олар жолға шықты.

177. Қайтадан тірі

4Патшалық 4

Өзіне қарай келе жатқан әйелді Еліше алыстан таныды.

– Қарашы, – деді ол Гиезийге. – Мынау сонамдық әйел ғой. Алдынан шығып, мұнда неге келгенін білші.

Гиезий әйелге қарай жүгіріп кетті.

– Тыныштық па? – деп сұрады ол енгігіп. Әйел оған жауап бермей, Елішеге қарай жүрді. Гиезий ол пайғамбардың мазасын алмасын деп шетке алып кетпекші болып еді, Еліше:

– Оған тиіспей-ақ қой, оның қайғысы бар, Жаратқан Ие оның не қайғы екенін маған білдірген жоқ, – деді.

Елішенің қасына келгенде ғана әйел оған ұлының өлгенін айтты.

– Сен неге мені үміттендірдің? Неге Жаратқан Иеден маған ұл тіледің? – деп сұрады әйел. – Қазір ол өлі. Осылай болуына қалай жол бердің?

Еліше Гиезийге былай деді:

– Менің таяғымды ал да, Сонамға бар. Таяқты баланың бетіне қой. Тездет, жолда еш жерге аялдама және ешкіммен сөйлесуші болма.

– Ал мен өзіңе ғана сенемін, – деді бейшара әйел Елішеге.

– Жарайды, онда бірге барайық, – деп сабырлы жауап берді Еліше.

Олар үйге жетпей жатып, алдарынан Гиезий қарсы шықты. Елішеге таяғын қайтарып беріп жатып:

– Бұл көмектеспеді, – деді ол. – Еш өзгеріс жоқ, бала оянбайды.

Еліше мейірімді әйелдің үйіне кіріп, дереу жоғарыға, өз бөлмесіне көтерілді. Өлген бала оның төсегінде жатыр екен. Еліше есікті ішінен бекітті. Алдымен ол Жаратқан Иеге сиынды. Содан соң абайлап өлі баланың үстіне жатты және аузын оның аузына, көзін оның көзіне, алақанын оның алақанына қойды. Қатып қалған дене біртіндеп жыли бастады. Еліше орнынан тұрып, бөлме ішінде арлы-берлі жүрді. Содан соң қайта баланың үстіне жатып, оған жылу мен өмір лебін үрлеуге тырысты.

Кенет «Әпшу!» деген дыбыс естілді. Бала түшкірді! Содан кейін ол тағы бір рет, тағы да, тағы да түшкірді. Соңында көзін бақырайта ашты.

– Баланың шешесін мұнда алып кел, Гиезий! – деп айқайлады Еліше есікті ашып.

Әйел келгенде Еліше оған:

– Балаңды ал! – деді.

Шеше баласын қолына алды. Оның көзі мөлтілдеген жасқа толды. Бала шешесіне қарап күлімсіреді. Ол тірі еді!

178. Қолбасшы Нағыман

4Патшалық 5

Сириялықтар Исраилге қайта шабуыл жасай бастады. Олар жиі шабуылдап, жолдарында кездескеннің бәрін олжалап, тез кері оралатын. Бірде ол исраилдік кішкентай қызды олжалап, оны қолбасшылары Нағыманға берді.

Нағыман күшті сарбаз болды, халық оны өте жақсы көрді, ал Сирия патшасы оған ерекше қошемет көрсетті. Нағыманның қолбасшылық етуімен Сирия әскері талай рет Исраилді жеңді.

Исраилдік қыздың денсаулығы мықты болып шықты. Нағыман оны әйеліне сыйлауға қуана-қуана алды.

Қыз көп ұзамай өзінің жаңа жағдайына үйреніп кетті. Үйін сағынса да, онысын ешкімге көрсетпеді. Ол өз жағдайының басқа құлдарға қарағанда әлдеқайда жақсы екенін білді. Қожайын әйел мейірімді болып шықты, мұнда оған істейтін жұмыс та аса көп емес еді.

Бірде қожайын әйел онымен сөйлесіп отырды, оның дауысы қайғылы шықты.

– Қожайынның сырқат екенін білесің бе? – деп сұрады ол қыздан. – Ол өте жаман, ем қонбайтын – алапес дертіне ұшырады.

Тұтқын қыз өз елі туралы ойлады. Ол Құдайдың қолдауымен талай кереметтер жасаған Еліше пайғамбарды есіне алды.

– Егер біз Исраилде болғанымызда ғой, – деді ол. – Қожайын пайғамбарға баруына болар еді, пайғамбар оны сауықтырар еді.

Нағыманның әйелі тұтқын қыздың сөзін күйеуіне жеткізді, ал ол оны Сирия патшасына айтты.

– Саған көмектесу үшін бәрін де жасаймын, – деді патша. – Мен Исраилдің патшасына хат жазып, өзіңді қымбат сыйлықтармен, көп ақшамен оған жіберемін.

Нағыман Самарияға келгенде, оның аты мен арбаларын көріп Исраил патшасының зәресі ұшты. Ол Нағыман әкелген хаттан мынадай сөздерді оқыды: «Мен қолбасшым Нағыманды саған жібердім. Оны алапес ауруынан сауықтырғаныңды қалаймын».

– Алапес ауруынан сауықтыратындай мен Құдай ма едім? – деп Исраил патшасының таңданысында шек болмады. – Мен Нағыманды сауықтыра алмаймын ғой. Ал егер бас тартсам ол маған соғыс ашады. Ол менімен соғысуға сылтау іздеп жүр!

Бұл жайлы әңгіме Елішеге жетті. Ол дереу патшаға хабар жіберді: «Нағыманды маған жіберіңіз. Исраилде Құдайдың пайғамбары бар екенін ол біліп жүрсін».

179. Нағыманның сауығуы

4Патшалық 5

Нағыман Елішенің үйінің алдына келіп тоқтады. Ол пайғамбар алдынан шығып, сәлем береді деп күтті. Содан кейін, бәлкім, оған қолын қойып, сиқырлы дуа оқитын шығар.

Алайда, Еліше үйінің алдында тұрған сұлу аттарды да, арбаларды да байқамағандай-ақ, қызметшісінен:

– Бар да Иордан өзеніне жеті рет жуын, сонда айығасың, – деп айтып жіберді.

Нағыман арбасына қарғып мініп, аттарды айдауды бұйырды. Ол өте ашулы еді.

– Суы лай өзенге мен не деп шомыламын?! – деді ол. – Біздің Сириядағы өзендер одан артық болмаса, кем емес.

Бірақ қызметшілердің бірі оған:

– Тақсыр, егер пайғамбар бір қиын нәрсені істеуді бұйырғанда, қуана істеген болар едің. Оның ақылына құлақ асып, айтқанын неге істемеске? Айтып тұрғаны саншалық қиын емес қой.

Нағыманның ашуы тез басылды. Өзінің ақымақтығын түсінген кезде, ол өзіне өзі күлді.

Ол арбасынан түсіп, Иордан өзеніне жеті рет сүңгіді және денесінің тазарып, терісі жас баланікіндей жұп-жұмсақ болып, сауыққанын көрді.

Нағыманның жүрегі лүпілдеп, қатты қуанды.

Ол бүкіл нөкерлерімен Елішеге қайтып келді. Бұл жолы пайғамбар қадірлі қонағының алдынан өзі шықты.

– Сенің Құдайың, бірден-бір шынайы Құдай, – деді Нағыман Елішеге. – Енді мен де Оған қызмет етемін.

Нағыман Елішеге алтын мен бағалы сыйлықтар ұсынды.

– Мен сенен ештеңе алмаймын, – деді Еліше. – Өйткені сені сауықтырған Жаратқан Ие, ал мен небары Оның қызметшісімін.

Бірақ бұл әңгімені естіген Елішенің қызметшісі Гиезий, мынадай байлықтан бас тартып, қожайын ақымақтық жасады деп ойлады. Нағыман нөкерлерімен аттанып кеткен соң, Гиезий олардың арбасына жүгіріп жетті. Ол Нағыманнан бір нәрсе болса да өзіне алып қалғысы келді.

– Кешіре көріңіз, – деді ол Нағыманды қуып жетіп. – Қазір менің қожайынымның үйіне екі кедей пайғамбар келіп отыр. Соларға біраз ақша бермес пе екенсіз?

Гиезий қазынасын тығып, түк болмағандай Елішеге келді.

– Қайда бардың? – деп сұрады Еліше.

– Ешқайда, – деп өтірік айтты Гиезий.

– Гиезий, – Елішенің дауысы қатқыл шықты, – не істегеніңді мен білемін. Сенің ақшақұмар, өтірікші екеніңді де білемін. Сен жазанды тартасың: Нағыманның алапес ауруы саған ауысады.

180. «Олардың көздерін соқыр ет»

4Патшалық 6

Тағы да Сирия мен Израил өзара соғысты. Бірақ Сирияның патшасы ұдайы жеңіле берді. Израилдің патшасына біреу сириялықтардың құпиясын жеткізіп тұрды.

– Сарайда жауға тыңшы болып жүрген біреу бар, – деп қаһарланды сириялық патша.

– Біз бәріміз саған адалмыз, – десті айналасындағылар. – Бәрі Елішенің кесірінен сенің сөздеріңнің бәрін өз патшасына айтып отыратын сол.

– Олай болса, жауынгерлерді жіберіп, Елішені тұтқындаңдар, – деп бұйырды патша.

Сириялық әскерлердің үлкен бір тобы израилдік патша тұратын Дотаймға суыт аттанды.

Келесі күні таңертең суға шыққан Елішенің қызметшісінің зәресі ұшып кетті: қаланы жау әскері қоршап алған еді.

Ол жүгіріп келіп, көргендерін Елішеге хабарлады.

– Мырза, енді не істейміз? – деді ол дірілдеп.

– Қорықпа, – деді Еліше, – өйткені біздің жағымыздағылар олардан әлдеқайда көп.

Сөйтіп Еліше сиына бастады:

– Жаратқан Ием! Қызметшімнің көзін аша көр, ол бәрін көрсін!

Сонда қызметші айнала отты аттар мен арбалардан жер қайысатынын көрді. Бұлар Еліше мен оның қызметшісін қорғаған Жаратқан Иенің періштелері еді.

Сириялық әскерлер Елішені ұстап алу үшін жақындай түскенде, Еліше қайта сиынды:

– Жаратқан Ие, олардың көзін соқыр ете көр!

Кенет сириялықтардың көзі көрмей қалды. Сонда Еліше алға шығып, оларға былай деді:

– Сендерге керек қалаға апаратын жол бұл емес. Соңымнан еріңдер, мен сендерді іздеп жүрген адамдарыңа алып барайын.

Сөйтіп, Еліше оларды тура Израилдің патшасына алып барды.

Олар Самарияға келген кезде, Еліше Жаратқан Иеден сириялықтардың көзін ашуды өтінді, олар қайта көретін болды.

Израилдің патшасы қатты риза болды. Жаулары оның билігінде еді.

– Олардың бәрін өлтірейін бе? – деп сұрады ол қызумен.

– Жоқ, өлтірме, – деді Еліше, тамақтандырып, үйлеріне қайтар.

Жаулары патша дастарханынан тамақ ішуді ұсынған кезінде, сириялық жауынгерлердің таңданысында шек болмады. Олар не болғанын түсінбеген күйлері үйлеріне оралды, бірақ бұдан былай Израил халқын жек көрмеді. Сол кезден бастап, бұл адамдар ешқашан израилдіктерге қарсы соғысқан емес.

181. Самариядағы ашаршылық

4Патшалық 7

Көп өтпей Сирия патшасы бүкіл әскерімен Израилдің астанасы Самарияға аттанды. Олар қаланы ешкім кіріп-шықпайтындай етіп, қоршап алды.

Көп ұзамай Самарияда тамақ қоры таусылды. Тамақ сатып алу мүмкін болмады. Ең бай адамдар есектің басын көп ақшаға сатып алды, өйткені одан басқаны армандауға да болмайтын. Ал кедейлеулері мүлдем ашықты.

Бір күні Израил патшасы қаланы аралап, адамдармен сөйлесті. Халықтың аш, қаланың жағдайы мүшкіл екенін көріп, ол уайымға салынды.

– Бәрі Елішенің кесірінен, – деп түйді патша. – Мен оның жазасын беремін!

Еліше үйінде еді. Ол патшаның не ойлағанын біліп, оның келуін сабырмен күтті.

– Осы апаттың бәрін бізге Жаратқан Ие жіберді, – деді патша Елішеге. – Неге Ол бізге көмектеспейді?

Сонда Еліше патшаға:

– Жаратқан Ие былай дейді: «Ертең дәл осы уақытта Самариядағы ең жақсы ұн мен арпа бүгінгі ескі сүйектің құнынан бес есе арзан болады» деді.

Патшаның қасында еріп жүрген нөкері күліп жіберді.

– Тіпті Жаратқан Ие бізге аспаннан арпа жаудырса да, бұлай бола қоймас!

Еліше оған қадала қарады:

– Жаратқан Иенің айтқаны болады. Сен оны өз көзіңмен көресің, бірақ одан жемейсің, өйткені Құдайдың құдіретіне күмән келтірдің.

182. Қуанышты хабар

4Патшалық 7

Қала қабырғасының сыртында, Самарияға кірер қақпаның дәл қасында төрт кісі тұрды. Олардың халі қаладағы адамдардан да мүшкіл болды. Бұл төрт ираилдік алапес ауруына шалдықты, сондықтан да олар қалалардан, адамдардан аулақ жүрулері тиіс.

– Қала қақпасының сыртында біз аштан өлеміз, – деді олардың бірі.

– Қаланы аштық жайлаған, онда кірсек те, бәрібір өлеміз, – деп жалғастырды екіншісі.

– Жүріңдер, сириялықтардың қосына барайық, – деп ұсынды үшіншісі.

– Әрине, олар бізді өлтіріп тастауы мүмкін, бірақ, мүмкін тамақ беріп қалар.

– Қазіргі жағдайымыз да оңып тұрған жоқ қой. Осыдан жаман бола қоймас, – деп келісті төртіншісі. – Ал егер жолымыз болса, аман қалармыз.

Көзге түртсе көргісіз қараңғы түнде төрт алапес сириялықтардың қосына қарай аяңдады. Олар жан-жақтарына алаңдап, көмектесетін ешкім жоқ па деп қарайлап, алға қарай жылжыды. Алайда қараңдаған ешкім көрінбеді, еш дыбыс та естілмеді.

Олар сақтықпен ең шеткі шатырға жақындап, ішіне үңіліп қарады. Шатырда ешкім жоқ екен. Есесіне олар шатырдан мол тамақ пен шарап тапты. Олар тамаққа қомайғалана бас салды. Қарындары тойғаннан кейін одан шығып, келесі шатырға кірді. Онда да ешкім жоқ болды.

Қарындары тойғаннан соң ғана олар сириялықтардың қосында қараусыз қалған басқа да нәрселерді: алтын, күміс, әсем әшекейлі киім-кешектерді көрді. Олар қуанып, білектерін сыбанды. Ешқашан олардың жолы дәл осындай болған емес. Алдарында адамдар тастап кеткен тұтас қос жатыр және олар қалағандарын алуларына болады.

Кенет аурудың біреуі сілейіп тұрып қалды.

– Тоқтаңдар, – деді ол жолдастарына. – Біз дұрыс істемедік. Біз бүкіл халқымызды қуантатын хабарды білдік, бірақ оны ешкімге айтпадық.

Алапес аурулар дереу Самарияға жүгіріп барып, қала қақпасының аузында тұрған күзетшілерді оята бастады.

Түн ортасында шыққан шудан патша да оянып, не болғанын білу үшін төсегінен тұрды. Басында ол алапестердің айтқанына сенбеді.

– Бұл сириялықтардың тұзағы, олар бізді алдап, қостарына әкеліп, қаланы жаулап алмақшы ғой.

Бірақ ол барлауға шағын топ жіберуге келісті. Жауынгерлер қайтып келіп, айтылғанның бәрі рас екенін айтты. Жаратқан Ие тағы да ирилдіктерді құтқарып қалды. Сириялықтарға қалың қолдың келе жатқан дауысы естіліп, олар зәрулері ұшып, тым-тырақай қашып кеткен еді.

Жаратқан Ие сөзінде тұрды, Елішенің пайғамбарлық сөзі орындалды. Сириялықтардың қосындағы тамақ қорын қала қақпасының қасына апарып, сонда сата бастады.

Патша Еліше пайғамбарға барған кезде қасында болған нөкерін қақпа аузындағы тәртіпті қадағалауды тапсырды. Ал тобыр арасында оны біреу итеріп жіберіп, ол құлап, тамаққа лап қойған адамдардың аяғының астында тапталып өлді.

ЯҺУДЕЯ МЕН ИСРАИЛДЕГІ КҮЙЗЕЛІСТЕР

183. «Иуй таққа отырды!»

4Патшалық 9

Исраилдің патшасы Ахаб өлді, бірақ оның әйелі, қатыгез патшайым Езабел әлі тірі еді. Олардың ұлы Иорамның әке-шешесінен еш айырмашылығы жоқ болды.

Бұл күнәкар әулеттің патшалық құруы аяқталғанын Жаратқан Ие Елішеге айтты. Еліше жас пайғамбарлардың бірін шақырып алды.

– Мына май құйылған ыдысты ал да, – деді ол жігітке, – исраилдік әскерлердің қосына бар. Онда қолбасшылардың бірі Иуйді тауып ал. Онымен жеке қалып, май жағу рәсімін жасап, оны патша етіп тағайында. Содан кейін бөгелмей, ол жерден тез кет.

Егер Иорам патша жас пайғамбардың не істегенін білсе, оның аман қалмасы кәміл еді.

Жігіт исраилдік әскердің қосына келгенде, және далада өз істерін талқылап отырған қолбасшыларды көрді.

– Мырза, менде сізге арналған хабар бар еді, – деді ол Иуйге.

Иуй оны үйге ертіп кірді, сонда пайғамбар оған май жағып:

– Жаратқан Ие сізді Исраилдің патшасы етіп тағайындады, – деп жариялады.

Содан соң жігіт тез кетіп қалды, ал Иуй абыржып, қолбасшыларға оралды.

– Тыныштық па? – деп сұрады олар. – Ана жігіт жай жүр ме?

– Сендер түк білмейсіңдер ме? – деп сұрады Иуй.

Оның жүзінен бәрі түсінікті болып тұрғандай көрінді оған.

– Жоқ, білмейміз, – деп жауап берді олар.

– Мен патша боламын, – деді оларға Иуй.

Әскербасылар оны қуана құттықтасты. Шапандарын шешіп, оның аяғының астына төседі.

– Иуй таққа отырды! – деп айқайласты олар.

184. Иорам мен Езабелдің ақыры

4Патшалық 9

Иуй мен оны жақтаушылар уақытты босқа өткізбей, арбаларына міне салып, астанаға тұра шапты.

Иорам патша Изреелдегі жазғы сарайында бейғам демалып жатқан. Ол сириялықтармен соғыста жараланған еді, қазір жарасы жазылып та қалды. Ол Яһудеяның патшасы, жиені Охазия екеуі сириялықтарға қарсы бірге соғысқан болатын.

Қала қақпасының төбесінде тұрған күзетші Иуйдің тобын алыстан байқап, мұны патшаға хабарлауға асықты.

– Алдарынан кісі жіберіп, нендей мақсатпен жүргендерін біл, – деп бұйырды Иорам.

Өлгі кісі алдарынан шыққанда, Иуй оған жауап бергісі келмеді. Сол кезде қала қақпасында тұрған күзетші:

– Бұл кім екенін мен білемін. Арбаны бұлай шебер айдайтын бір-ақ кісі бар. Ол – Иуй! – деп айқайлап жіберді.

– Дереву менің арбамды жек! – деп бұйырды Иорам және Яһудеяның патшасы Охазиямен бірге Иуйдің алдынан шықты.

– Жай жүрсің бе? – деп айқайлады Иорам, Иуйдің арбасына таяп.

– Сен шешең Езабел екеуің Исраилді басқарып тұрғанда қалай жай жүруге болады! – деп жауап берді Иуй.

– Охазия! Бұл сатқындық! – деп айқай салды Иорам.

Олар Изреелге оралу үшін дереу арбаларын кері бұрды. Алайда Иуй шіреніп тұрып, садағын тартып қалды. Жебе Иорамның арқасын тесіп өтіп, тура жүрегіне қадалып, ол сол жерде тіл тартпай өлді. Содан кейін Иуй Охазияның соңына түсіп, оны да өлтірді.

Көп ұзамай Иуйдің Иорамды өлтіргені жайлы хабар оның шешесі Езабелдің құлағына да жетті.

Езабел шашын жөндеп, бетін әрлеп, сарайдың ең жоғарғы қабатында, терезе алдында тұрып, Иуйді күтті. Көп ұзамай Иуйдің арбасы сарайға жақындаған дауысы шықты.

– Ей, кісі өлтіруші, – деп айқайлады оған терезеден Езабел. – Сен мұнда неғып жүрсің? Иуй оған жауап берген жоқ.

– Мені жақтайтын біреу-міреу бар ма екен? – деп дауыстады ол.

Бірнеше кісі сақтықпен терезеден бастарын қылтитты.

– Ананы төменге лақтырып жіберіңдер! – деп бұйырды Иуй қатқыл дауыспен.

Бір ауыз сөз айтпастан сарай қызметшілері Езабелді бас салып, терезеден лақтырып жіберді. Бейшара патшайым құлап, сол жерде тіл тартпай өлді.

Жаңа патша Иуй қатыгез болды. Ол Ахабтың үй-іші мен көптеген қызметшілерін қырып салды. Ол өзін Жаратқан Иеге қызмет етіп жүрмін және Исраилде Бағалға құлшылықтың

көзін жоюдамын деп сенді. Алайда Иудің қаталдығы және суыққандылықпен өш алуы Құдайға ұнамады.

185. Бала патша

4Патшалық 11

Езабелдің қызы Гофолия Яһудеяның патшасы Охазияның шешесі еді. Ұлын Иудің өлтіргенін білгенде ол жоқтап, қара жамылуға уақыт жоғалтпай, ел билігін өз қолына алуға жанталасты. Өзі бірден-бір әмірші болу үшін ол патшаның бүкіл үй-ішін қыруды бұйырды.

Алты жыл бойына Гофолия Яһудеяда патшалық құрып, халықты Бағалға табынуға үйретті.

Охазияның ұлдарының біреуі ғана, Гофолияның қолынан аман қалды. Бұл Иоас деген сәби еді. Охазияның қарындасы оны құтқарып, әжелері ешқашан кірмейтін жерге – Жаратқан Иенің ғибадатханасына жасырды. Иоастың тәтесі, Охазияның қарындасы Иодай атты діни қызметкерге тұрмысқа шыққандықтан, осылай ете алды. Оның аты Иосабет еді.

Бала ғибадатханада өсіп жатты, оны сырт көзден құпия ұстады. Бала жеті жасқа келген кезде, тәтесі мен жездесі баланы патша сайлайтын кез келді деп ұйғарды.

Иодай сарай мен ғибадатхана сақшыларының бәрін жиып алып, ол жайлы ешкімге тіс жармаймыз деп ант бергізді. Содан кейін ол патшаның ұлын көрсетті. Барлық жауынгерлер Иоасқа патша болуға көмектесуге әзір еді. Олардың ешқайсысы мейірімсіз Гофолия мен оның құрметтейтін Бағал қызметкерлерін жақсы көрмейтін.

Иодай өз жоспарын жүзеге асыру үшін сақшылар ауысатын кезді таңдады, сол кезде күзетте тұрған топ пен күзетті алмастыруға келген топтың да көмегіне арқа сүйеуге болатын. Иодай олардың біразын сарайға, бір бөлігін қала қақпасына жіберді, ал қарулы топтың біреуіне ғибадатханада қалып, Иоасты қорғауды бұйырды.

Бәрі де Иодай жоспарлағандай болып шықты.

Барлық жауынгерлер өз орындарына барған кезде, Иодай баланы ғибадатханадан алып шығып, оның басына патша тәжін кигізді. Ол Иоастың қолына Құдай заңы жазылған қағаз орамын беріп, ал содан кейін:

– Міне, біздің патшамыз! – деп жар салды.

Жиналған жұрт қол соғып:

– Патша жасасын! – деп қуана айғайласты.

Гофолия бұл шуды естіп, ғибадатханаға қарай жүгірді. Басына патша тәжін киіп тұрған бүлдіршіндей баланы көргеннен-ақ ол мән-жайды түсінді.

– Бүлік! – деп айқайлады ол.

Бірақ ешкімнің оған көмектескісі келмеді. Қатыгез патшаның ұзаққа бармайтынына бәрі қуанышты еді.

Иоас ержеткенге дейін оған жездесі Иодай ақыл-кеңес беріп, елді басқаруға және Жаратқан Иеге мойынсұнуға үйретті. Яһудеяны қайтадан мейірімді патша басқарып, халық арасында тыныштық пен татулық орнады.

186. Ашулы уағыз

Амос

Иуй өлгеннен кейін таққа оның ұлы, кейін немересі отырды. Ал Израилдің бұрынғы құдіретін қайтадан қалпына келтірген оның шөбересі Иеробоам Екінші болды. Ол патшалық құрған қырық жыл ішінде ел жылдан жылға күшейе берді. Бірақ ол әділ патша болған жоқ, Жаратқан Иеге мойынсұнбады. Оның тұсында Израилде көптеген зұлымдықтар жасалды.

Жаратқан Ие Өз заңын халықтың есіне түсіріп, оларды тура жолға бағыттау үшін Амос пайғамбарды жіберді. Амос мал бағушы еді. Ол оңтүстік патшалықта – Яһудеяда тұратын. Ол Израилге сату үшін жүн ала барды.

Самарияда ол базар алаңында тұрып, халыққа Жаратқан Иенің сөздерін айта бастады:

– Саудагерлер, сендер алушыларды алдайсыңдар. Олардың төлеген ақшасына аз беру үшін таразыдан жейсіңдер. Кедей адамның шамасы келмейтіндей, қымбат құн сұрайсыңдар, ал егер олар сатып алатын болса, көрмеге қойылған жақсы бидайдың орнына кебек бересіңдер. Егер бір кісі төлей алмаса, оны құл етесіңдер, немесе Оның шапанын тартып алып, оны түнгі суықта бүрсендетіп қоясыңдар. Жаратқан Ие мұндай іске төзбейді.

Осы кезде Амос сауда қатарларында келе жатқан бір бай әйелді байқап қалды. Ол үстіне қымбат киімдер киген, асыл әшекейлер тағып, хош иісті сеуіп алған.

– Әйелдер, сендерді де қарғыс атады, – деп жалғастырды Амос.

– Әдемі киімдер мен шарапқа ақша жеткілікті болу үшін сендер күйеулеріңді өтірік айтуға, әділетсіз іс істеуге мәжбүр етесіңдер. Байлар, сендер бәрің күні бойы құр бос отырып, шарап ішіп, думандатып ән айтқанды ғана қалайсыңдар, ал құлдарың аштан бұралып, ауыр жұмыс істейді. Жаратқан Ие мейірім мен адалдықты талап етеді.

Бүкіл Израил халқы, сөзіме құлақ ас! Жаратқан Ие билердің әділ болғанын қалайды. Өйткені қазір биге бағалы сыйлық бермесе, ешкім де шындыққа қол жеткізе алмайды. Зұлымдықты жек көріңдер, әділдікті сүйіңдер және әділдікті қалпына келтіріңдер! – дейді Жаратқан Ие.

Алайда халық Жаратқан Иенің сөзін тыңдағысы келмеді. Амос Бетелдегі Құдай үйінің қасында тұрып сөйлеп, патшаның өзін әшкерелеуге батылы барғанда, діни иқызметкерлердің бірі қасына келіп:

– Яһудеяға бар да, сол жақта пайғамбарлығыңды жаса! – деп сес көрсетті.

187. «Жаратқан Иеге келіңдер!»

Осия

Амос Израилден кетті, бірақ көп ұзамай солтүстік патшалықта тұратын пайғамбар Осия халыққа Жаратқан Иенің хабарын жеткізді.

Осия Гомер деген сұлу қызға үйленді және оны өте сүйді. Гомер ұл туды, бірақ ол үй шаруасымен айналысуды ұнатпады, ұлына қарағысы келмеді. Оған қалаға барып, сонда көңіл көтеру ұнады.

Гомердің кішкентай қызы туылған кезде, Осия әйелім енді ақыл тоқтатар деп үміттенді. Алайда ешнәрсе өзгере қойған жоқ. Ал үшінші перзенттері дүниеге келгенде Гомер бір күні балаларын тастап, үйден шығып кетті де, сол күйі қайтып оралмады.

Осия қатты қайғырды, өйткені ол Гомерді сүйетін. Гомерсіз ол өзін жалғыз және бақытсыз сезінді.

Сонда Жаратқан Ие оған тіл қатты:

– Осия, сенің жүрегіңде не бар екенін мен білемін. Сен Гомерді қалай сүйсең, Мен де Израил халқын солай сүйемін. Алайда олар Менен алыстап, Гомер сені тастап кеткеніндей, Мені де халқым сүймейтін болды.

Осия ешқашан мұндай жайт туралы ойланбапты. Израилдің бас тартуы Жаратқан Иені қалай мұңайтатынын ол енді түсіне бастады. Ал Жаратқан Ие оған былай деді:

– Мен Израилді сүйгенімдей, сен де Гомерді сүй. Бар, оны іздеп тауып, кері қайтар.

Ол кезде ешқандай еркек өзінің опасыз әйелін іздемейтін еді. Кім де болса дереу ондай әйелмен ажырасып кететін. Бірақ Осия өркөкіректік танытпай балаларына қарайтын кісі тауып, өзі Гомерді іздеуге аттанды. Ол Гомерді тапты, ол өзін сатып алған кісіге күң болып жүр екен. Оның қызық қуған күндері ұзаққа созылмапты...

Осия өзіндегі бар ақшасын оның құнын өтеуге төледі және жетпегенін бидаймен берді. Ол Гомердің ақымақтығы мен істеген зұлымдықтарына, жаман істеріне қарамастан, оны сүйді.

Сол кезден бастап, Осия халыққа Жаратқан Иенің хабарын былай жеткізді:

– Жаратқан Иенің бізге деген сүйіспеншілігі зор. Бағалға қызмет ету үшін Одан бас тартып кеткендеріңде Ол қатты қайғырады. Бірақ Жаратқан Ие сендерді жазалап, сендерден ажырағысы келмейді. Алайда, егер сендер Жаратқан Иені тыңдаудан бас тартып, Оған келмесендер, бастарыңа бақытсыздық пен азап тілеп аласыңдар. Жаратқан Иеге келіп тәубе қылыңдар, Ол сендерді сүю үшін және кешіру үшін күтіп тұр.

188. Ишаяның аян көруі

Ишая 6

Исраилде Иеробоғам Екінші ұзақ және бейбіт патшалық құрып тұрған тұста Яһудеяда Осия патша тақта отырды. Ол да ұзақ және бейбіт патшалық құрды және өмір бойы дерлік Жаратқан Иенің өсиеттерін орындап, Оны сүйді. Ол қайтыс болған кезде, халық енді Яһудеяның күні не болады деп ойланды.

Текті жерден шыққан Ишая деген жас жігіт халқының уайымына ортақтасты. Бірде ол ғибадатханада өз елінің болашағын ойлап, дұға етіп тұрған кезінде, оған Жаратқан Ие таңғажайып аян көрсетті.

Кейінірек ол бұл туралы бұлай деп әңгімелейді:

– Барлық нәрседен де жоғары тақта отырған Жаратқан Иені көрдім. Оның салтанатты шапанының етегі бүкіл киелі үйдің етегін алып жатты. Оны айнала оттай жалындаған періштелер тұрды және Оның салтанатының жарқыраған нұрынан қорғанып, қанаттарымен беттерін жапты. Олар бір-біріне дауыстап: «Әлемнің Иесі киелі, қасиетті, қастерлі! Бүкіл дүние Оның салтанатты ұлылығына кенелген» десіп тұрды. Олардың дауыстарынан киелі үй шайқалып, үй-іші түтінге толып кетті. Менің зәрем ұшты. Жаратқан Ие ізгі және ұлы, ал мен болсам күнәкармын, араммын. Қасіретке қалдым-ау, енді құритын болдым! Өйткені әлемнің Иесін көзім көрді. Ал мен күнәкармын, күнәкар халықтың арасында тұрып жатырмын.

Осы жерде оттай жалындаған періштелердің біреуі маған ұшып келді. Оның қолындағы көсеумен құрбандық үстелінде жанып тұрған көмір шоғын алып, ол шоқты менің аузыма тигізіп:

– Сен енді әділетсіз істеріңнен арылып, күнәларың кешіріледі, – деді.

Бұдан кейін мен Жаратқан Иенің:

– Мен енді кімді жіберейін? Біздің хабаршымыз кім болады? – деген дауысын естідім.

– Мен бармын! Мені жібер! – дедім мен.

Жаратқан Ие Ишаяға Өз хабарын айтты. Бірақ алдымен халықтың жүрегі қасарысқан және Оның сөзін тыңдамайтынын, Құдайдың алдында тәубе қылмайтынын ескертті. Бірақ Ишая ешнәрсеге қарамастан, Жаратқан Иенің пайғамбары болуға дайын еді.

189. «Тыныштық сақта!»

Ишая 7

Ахаз патша мен бүкіл халықтың зәресі ұшып, қорықты, өйткені елге жау шабу қаупі төніп тұр еді.

Израил мен Яһудеядан алыста, солтүстік-шығыста орасан зор күшке ие күшті әрі қатыгез Ассирия халқы жаңа күш жиып келе жатты. Олардың басты тәңірлері – соғыс құдайы болды. Олардың патшалары басқа халықтарды арыстан аулауға шыққандай-ақ өте оңай бағындырып алып жатты. Ассирия патшасы Сирия мен Израилді өз жерлерінде қалуларына рұқсат бергені үшін үлкен салық төлеп тұруға мәжбүр етті.

Бірақ бұрын өзара жау болып келген Сирия мен Израил патшалары ортақ дұшпандарына қарсы шығу үшін одақтас болып, бірікті. Олар Яһудея арқылы жүріп, Ахаз патшаны олармен бірге Ассирияға қарсы шығуға көрдірмекші болды.

Сөйтіп олардың шабармандары Ахаз патшаға сириялық және израилдік әскерлер оның жеріне кірді және жуырда астанаға да жақын келіп қалады деген хабар жеткізді.

Ахаз не істеді, кіммен ақылдасып, кімнен кеңес сұрауды білмей басы қатты.

Сөйтіп Жаратқан Ие патшаға жігер беру үшін Ишая пайғамбарды жіберді.

– Жоғары тоғанға қарай аққан арықтың бойында Ахазбен жолық, – деді Жаратқан Ие.

Ахаз сонда болатын, кенеттен қала жау қоршауында қалғандай болса, тоғандағы су қоры қаншаға жетер екен деп қарап жүрген.

Ол өзіне жақындап келе жатқан Ишаяға қарады; патшаның жүзінен абыржу мен мазасыздық байқалып тұрды.

– «Абай болып, тыныштық сақта!» дейді саған Жаратқан Ие, – деді Ишая патшаға. – Сирия мен Израилдің патшаларынан зәрең ұшпасын! Олар шала жанған отынның бықсығаны секілді. Олардың Иерусалимді жаулап алып, сенің тағынды тартып аламыз деген жоспарлары жүзеге аспайды. Өйткені Жаратқан Ие: ешқашан да бұлай болмайды! – дейді. Басқа жат жерлік әскерлерді көмекке шақырудың қажеті жоқ. Тек Маған сенім артсаң болғаны. Егер Маған сенсең, құрып кетпейсің».

Ахаз бұл сөздерді тыңдады, алайда Құдайға құлақ аспады. Ол түк істемей, Құдай қашан мені құтқарады деп қол қусырып отырғысы келмеді. Мұның орнына ол Ассирияның қанішер патшасына хат жазып, оны көмекке шақырды. Ал бұл басыңды аш арыстанның аузына тыққанмен пара-пар еді.

ЯҺУДЕЯНЫҢ БАСЫНА ТҮСКЕН АУЫР КҮНДЕР

190. Қатыгер ассириялықтар

4Патшалық 17; 18

Израилдің солтүстік патшалығы Ассирияның құдіретінің алдында тізе бүкті.

Ассириялықтар жаугер халық болатын. Олар жолдарында кездескендердің бәрін өлтіретін, ал тірі қалғандарын құлдыққа айдап кететін. Тұтқынға түскендер ұзыннан ұзаққа созылып жататын. Ал израилдіктердің жеріне олар басқа халықтарды қоныстандырды.

Пайғамбардың ескертуіне құлақ аспаған халықтың ауыр азаптарға ұшарағанына қарап Құдай қайғырды. Израилдің басына түскен бақытсыздық Яһудея халқын ойландырып, ақылға келтіруі мүмкін еді.

Алайда Құдайға сенім артудың орнына Яһудеяның ақылсыз патшасы Ахаз Ассирия патшасын жауларына қарсы шығуға көмекке шақырды. Ассириялықтар Яһудеяны азат етті, бірақ олардың патшасы Ахазға алтын-күмістен салық салып, адал болуға ант бергізді.

Жиырма жылдан кейін Ахаз қайтыс болды, оның орнына ұлы Езекия патша болды. Езекия Құдайды сүйді, барлық істе Оған мойынсұнып, халықты Құдайдың өсиеттерін орындауға үйретті.

Ал ол патшалық құрған кезде Ассирия патшасы Яһудеяға кіріп, оны да Израил сияқты түбегейлі жаулап алмақшы болды. Ол Яһудеяның шекарасында орналасқан бірнеше қаланы бірден басып алды, сонда Езекия дереу оған хабаршы жіберді:

«Өтінемін, біздің елімізден тыныш кет, ал біз саған қалағаныңша салық төлеп тұрайық».

Сөйтіп Ассирия патшасы олардан орасан зор құн сұрады. Езекияның ғибадатханадағы қазынаның біраз бөлігін алып шығуына тура келді, әйтпесе ол қажетті алтын мен күмісті жия алмаған болар еді.

Ассириялықтар енді Яһудеяның мазасын алмайтын болады деп үміттенді патша.

191. Иерусалим түбіндегі жау

4 Патшалық 18; 19

Ассирия патшасы Езекиядан алтынды алып, Яһудеядан аулақ кетудің орнына, орасан зор әскер қосып беріп, қолбасшыларын Иерусалимге аттандырды.

Олар Иерусалимді жан-жағынан қоршап алды. Арсыз, дәрекі әскерилер яһудилік патшаның берілуін талап етіп, айқайлады.

Езекия ешқандай жауап қайтармау және ешнәрсе жасамауды тапсырды. Содан кейін ол өзіне адал үш кеңесшісін ассириялық елшімен келіссөзге жіберді.

– Егер бизге бағынбасандар, – деді ассириялық қолбасшы, – онда ешкім де, тіпті Құдайларың да сендерге көмектесе алмайды.

– Біздің халқымыз түсінетін тілде сөйлемеші, – деп өтінді одан Езекияның кеңесшілері. – Халқымыздың мұндай сөздерді естігенін қаламаймыз.

– Олар естуі керек! – деп жауап берді қолбасшы.

Ол қолына дауыс күшейткіш алып, қала қабырғасының үстінде тұрған жұртқа бар дауысымен былай деп айқайлады: – Ұлы патша, Ассирия патшасының сөзін тыңдаңдар, ал Езекия патшаға сенбеңдер. Ол сендерді құтқара алмайды! Құдайларыңа да сенім артпаңдар, бізге сеніңдер! Біз сендерді ғажайып жерге алып кетеміз, сол жақта сендер бақытты боласыңдар.

Оған ешкім жауап қатпады. Езекия бұйырғанындай, қабырға үстінде тұрған адамдар үнсіз тұра берді.

Кеңесшілер патшаға ассириялық елшімен болған әңгімені айтып берген кезде, Езекия ғибадатханаға барып, сол жерде дұға етті. Содан кейін патша үш уәзірін Ишая пайғамбарға жіберіп, оның да Жаратқан Иеден көмек сұрап, дұға етуін өтінді.

Ишая уәзірлер арқылы Жаратқан Иенің сөздерін айтып жіберді:

– Жаратқан Ие былай дейді: «Ассириялықтардан қорықпа! Құдай сендерге көмектесе алмайды деген олардың сөздеріне құлақ аспа. Мен Ассирия патшасын сендерге залал тигізбей, өз еліне қайтуға мәжбүр етемін».

Езекияның жауға берілгісі келмей жатқанын білгенде, Ассирия патшасы оған хат жазып жіберді:

«Сенің сенетін Құдайың Иерусалим ассириялықтардың қолына берілмейді деп айтты ма? Оның сөзіне сенбей-ақ қой, – деп жазды ол. – Басқа халықтардың тәңірлері оларға көмектесе алмады ғой, сенің Құдайың да көмектеспейді».

Езекия бұл хат туралы Жаратқан Иеден басқа ешкімге тіс жармады. Ол хатты алып ғибадатханаға барды.

– Жаратқан Ием, Ассирия патшасының сөзін есті, – деп жалбарынды ол. – Бізді оның қолынан құтқара гөр. Жер бетіндегі патшалықтардың бәрі Сенің жалғыз Құдай екеніңді білсінші.

Жаратқан Ие патшаға Ишая арқылы жауап берді:

– Ассирия патшасы Құдайдан да құдіреттімін деп мақтанды, бірақ егер Құдай жол бермесе, ол ештеңе де істей алмайды. Жаратқан Ие сендерді қорғайды. Иерусалим жаққа қарай бір де садақ атпай ассириялықтар елдеріне кері қайтады.

Сол кезде ассириялық әскерлер Иерусалимнің қабырғасының түбіне қостарын тігіп жатқан. Бірақ бірінші күні-ақ олардан ешкім қалмады деуге болады. Ассирия патшасы таңертең ұйқысынан ояғанда мыңдаған жауынгерлерінің өліп жатқанын көрді. Оның қалған әскерін жиып алып, кері қайтқаннан басқа амалы қалмады.

192. Езекияның сырқаты

Ишая 38

Ассириялықтар тарапынан Иерусалимге қатер төніп тұрған кезде Езекия патша қатты сырқат еді. Оның үсті-басын жара басып, қабынып кетті. Ишая пайғамбар Жаратқан Иенің хабарын жеткізу үшін оның алдына келді.

– Жаратқан Ие былай дейді: «Өсиет жазып қалдыр, өйткені мына дерттен айықпайсың, елесің», – деді Ишая Езекия патшаға.

Ишая кеткен соң Езекия қатты қайғырды. Егер патша халқын басқармаса, қорғамаса, олардың күніне не болады деп ойлады ол.

– Жаратқан Ие, маған көмектесші, – деп дұға етті ол. – Мен әрдайым Өзіңнің еркінді орындауға тырысқанымды және Өзіңе адал болғанымды есіңе алшы.

Сонда Жаратқан Ие Ишаяға былай деді:

– Езекияға қайта бар да, Мен оның дұғасын естігенімді айт. Үш күннен кейін оның қайтадан ғибадатханаға баруына болады, Мен оған тағы да он бес жыл өмір қосып беремін. Және қаланы Ассирия патшасынан құтқарамын.

Ишая сарай қызметшілеріне бірнеше інжір жемісін езіп, май жасап, оны жараларға жағуды тапсырды. Қызметшілер май дайындап жатқан кезде Езекия пайғамбардан:

– Жаратқан Иенің мені сауықтыратынына қалай көз жеткіземін? – деп сұрады.

– Жаратқан Ие саған белгі береді. Күн түсіп тұрған баспалдақтың көлеңкесі он баспалдаққа артқа шегінеді, – деп жауап берді Ишая.

Езекияның әкесі Ахаз күнге қарап уақытты білуге болатын ерекше баспалдақ салғызған болатын: бұл баспалдақтың көлеңкесі күннің аспандағы қозғалысына сай баспалдақтан баспалдаққа ауысып отыратын. Езекияға тағы он бес жыл өмір сыйлап, жаратқан Ие күн сағатты артқа айналдырғаны сияқты, оның өмірін де артқа айналдырды.

Езекия Жаратқан Иеге риза болып, өзінің сырқатынан сауыққаны туралы өлең жазды, оны ғибадатханада айтатын. Өлеңнің соңғы жолдарының мағынасы мынадай:

«Жаратқан Ие мені құтқарады. Біз әрбір күнімізде Оны сырнай үнімен Жаратқан Иенің үйінде мадақтап, дәріптейміз».

193. Үлкен олжа

4Патшалық 21; 22

Езекия патша қайтыс болғаннан кейін, оның ұлы Манассия патша болды. Өкесі қаншалықты әділ болса, Манассия соншалықты әділетсіз болды. Бұрын Езекия көзін жойған Бағалға арнап ол қайтадан құрбандық шалу орнын жасады, тіпті Жаратқан Иенің үйін де жалған төңірлердің мүсініне толтырып тастады. Манассия өзінің бірнеше ұлын Бағалға бағыштап, оларды тірідей өртеп жіберді. Бейкүнә адамдардың қаны Иерусалим көшелерінде су болып ақты. Яһудея халқы патшаларына еліктеп, Құдайдан бас тартып, зұлым істермен айналысты.

Манассия Яһудеяда елу жыл патшалық құрды. Манассиядан кейін патша болған оның ұлы да әділетсіз, мейірімсіз болды. Сол үшін сарай қызметшілері оны өлтірді де, оның сегіз жасар Иосия деген ұлын патша сайлады.

Иосия бала кезінен Құдайды сүюді және құрметтеуді үйренді, ал өскенде Яһудея халқын теріс жолдан қайтарып, Құдайға бет бұрғызу үшін бәрін істеді.

Манассия патшалық құрған кезде ғибадатхана қаңырап, қирай бастады. Иосия Құдай үйіне келтірілген зиянды жөндемекші болды. Ол бас діни қызметкер Хелкиге өзінің хатшысы Шафанды жіберді және құрылысшыларға, тас қалаушылар мен ағаш ұсталарына ғибадатхананы жөндеу жұмыстарын уақтылы бастай алулары үшін ғибадатхананың қайырсадақасынан ақы төлеуді бұйырды.

Қоқыстарды тазалап жүріп жұмысшылар бір ораулы қағаз тауып алды. Олар әлгіні Хелкиге апарып берді, ал бас діни қызметкер мұның ертеректе жоғалып кеткен Құдай Заңы жазылған кітап екенін байқады.

Патша бұл кітапты көргісі келер деп ол кітапты Шафанға берді, ал ол оны патшаға оқып берді.

Иосия патша Заң кітабында жазылған сөздерді естіген кезде қатты мазасызданып, қайғырды. Яһудея халқы мен патшалары Жаратқан Иенің берген Заңына жиі қарсы шыққанын және олардың жазалануға лайық екендерін түсіне бастады.

– Осының бәрі үшін Жаратқан Иеге жалбарына алатын пайғамбар табыңдар, – деп бұйырды ол.

Шафан Алдама есімді пайғамбар әйелге барып, оған табылған Заң кітабы жайлы және Иосия патшаның мазасыздануы туралы бәрін айтып берді.

– Жаратқан Ие Иерусалимді жазалайды, – деп жауап берді Алдама, – өйткені халық өзінің теріс жолынан қайтар емес. Алайда Иосия Жаратқан Иеге жан-жүрегімен қызмет етуге және Оны сүюге бел буды, сондықтан да оның өмірі тыныштықта өтеді.

194. Иосия Құтқарылу мейрамын тойлайды

4Патшалық 23

Шафан әйел-пайғамбар Алдаманың сөзін патшаға жеткізген кезде, Иосия Яһудея халқын Құдайға жақындату үшін қолынан келгеннің бәрін жасауға бел буды. Ол табылған Заң кітабын ғибадатханаға әкеліп, бүкіл халықты сонда шақырды. Сарай қызметшілері, діни қызметкерлер және қарапайым қала халқы да патшаның не айтатынын тыңдау үшін сонда келді.

Алдымен патша оларға кітапты оқып берді. Содан соң былай деді:

– Бұл Заң кітабында Жаратқан Иенің біздің халықты Мысырдың құлдығынан босатып алып шыққан кезде, олармен жасасқан келісімі жайлы айтылады. Жаратқан Ие Өзінің уәделерін орындады, ал біз келісімді бұздық. Сонымен мен бәрін басынан бастауға бел будым, қазірден бастап Жаратқан Иеге мойынсұнуға және Оның заңдарын орындауға уәде беремін.

Бүкіл халық бір дауыспен:

– Біз де Жаратқан Иеге мойынсұнуға уәде береміз! – деді.

Сонда Иосия Хелкиге ғибадатхананың ішіндегінің бәрін сыртқа шығаруды бұйырды. Өйткені ғибадатхананың іші жалған тәңірлердің мүсіндері мен Бағалға табынуға арналған басқа да арам нәрселерге толып тұрғанда, оның сыртын жөндегеннен не пайда? Патша барлық мүсіндердің күл-талқанын шығарып, отқа өртеп жіберуді бұйырды. Иосия бұдан былай жас нәрестелерді Бағалға бағыштауға тиым салды.

Яһудеядағы барлық арам нәрселердің көзі жойылғаннан кейін, Иосия Жаратқан Иені даңқтап, үлкен мереке жасады.

Жаратқан Иенің Құтқару мейрамы Исраил халқы Мысырдың құлдығынан құтқарылған кезде, жүздеген жылдар бұрын өткізілген болатын. Жаратқан Ие Өз халқын Мысырдың құлдығынан, ал тұңғыш перзенттерді өлімнен азат еткенін есте сақтау үшін Құтқарылу мейрамын жыл сайын өткізіп тұруды Мұса үйретті. Бірақ әділетсіз патшалардың тұсында бұл мейрамды ешкім де еске алмады.

Енді Иосия Иерусалимде Құтқарылу мейрамын өткізбекші болды және оны Жаратқан Ие Мұса арқылы айтқанындай өткізуді қалады. Яһудеяның бүкіл халқы осы мейрамға қатысу үшін Иерусалимге жиналды.

Иосия қолынан келгенінің бәрін жасағанына қарамастан Яһудея халқы теріс жолдарынан қайтпады.

ЯҺУДЕЯНЫҢ СОҢҒЫ КҮНДЕРІ

195. Еремияның таңдалуы

Еремия 1

Иосия патша жиырма жасар жігіт кезінде, басқа бір жас жігіт – Еремия Жаратқан Иеге қызмет етіп, Иерусалимдегі ғибадатханада діни қызметкер болуға дайындалып жүрді. Алайда Жаратқан Ие басқа жолды таңдаған еді.

Бірде Жаратқан Ие Еремияға былай деп аян берді:

– Еремия, сен туылудан әлдеқайда бұрын Мен сені таңдап, Өзімнің пайғамбарым етіп қойғанмын. Сен Менің сөздерімді Яһудея мен айналадағы халықтарға жеткізуші боласың.

– Өтінемін, Ием, мені пайғамбар ете көрмеңізші, – деп жалбарынды Еремия. – Бұл қызметке мен жарамаймын, әлі тым жаспын. Адамдармен дұрыстап сөйлесе де алмаймын.

– Өзім сенімен бірге боламын және сөздерімді аузыңа салып отырамын, – деді Жаратқан Ие.

Жаратқанның еркіне мойынсұнбай, қарсыласуға болмайтынын Еремия білетін. Тіпті еңбек аса ауыр болса да, ол бәрібір Жаратқан Иенің айтқанын орындауы керек.

– Не көріп тұрсың? – деп сұрады Жаратқан Ие.

Еремия айналасына қарап, астында сатырлап от жанып жатқан қазанды көрді. Ол қарап тұрғанда қазанның ішіндегі сұйықтық қайнап, ернеуінен асып төгіле бастады.

Сонда Жаратқан Ие былай деді:

– Дәл осылай жау Яһудеяға толып кетіп, Иерусалимді қиратады. Ал сен халыққа мұны ескертуге тиіссің. Егер адамдар Бағалға табынғандарын қойып, Маған қызмет ете бастаса, онда мына апаттан аман қалады. Ал егер сөзіме құлақ аспаса, онда жау олардың жерін міндетті түрде басып алады.

Бұл белгісіз жаудың кім екенін Еремия еш түсіне алмады, бұл кезде ұлы Ассирия патшалығы бұрынғы құдіреті мен күшінен айрылған болатын. Бірақ ол Жаратқан Иенің сөзіне сенді және халықты теріс жолдарынан қайтып, Құдайға бет бұруға шақыра бастады. Иосия патша бар жан-жүрегімен Жаратқан Иені сүйіп, Оған мойынсұнғанымен, Яһудея халқы іс жүзінде Құдайға бет бұрмағанын және теріс жолдарынан қайтпағандарын Еремия білетін.

Біраз уақыттан кейін Иосия мысырлықтармен соғыста жау қолынан қаза тапты, бұл кезде оның жасы әлі қырыққа да толмаған болатын. Жеңіске жеткен мысырлықтар Иосияның ұлын тұтқынға алып, оны Мысырға әкетті, ал Яһудеяның патшасы етіп өздері

қалаған кісіні тағайындады. Иосияның екінші ұлы Иоаким патша болды және ол барлық істе мысырлықтардың дегенінен шықпады.

196. Еремияның құмырашыға баруы

Еремия 18; 19

Бірде Жаратқан Ие Еремияға:

– Құмырашының шеберханасына бар, сол жерде мен саған сөзімді айтамын, – деді.

Еремия құмырашылардың шеберханалары мен құмыра сататын дүкендер орналасқан қаланың басқа бөлігіне барды. Ол құмырашының қолдары икеммен саз балшықтан құмыраны қалай илейтініне қарап ұзақ отырды. Кенет жұмысында бір нәрсе дұрыс болмай шығып, құмыра құлап қалды. Құмырашы саз балшықты жұмырлап, домалақтап алып, қайта іске кірісті.

Дәл осы кезде Еремия Құдайдың дауысын естіді.

– Құмырашының саз балшыққа істегенін Мен Өз халқыма да жасай аламын. Егер адамдар тәубеге келіп, әділ жолмен жүруге дайын болса, Мен оларды қайтадан қанатымның астына алып, жақсылық жасайтын едім.

Жаратқан Ие Еремияға тағы бір сабақ берді.

– Барып, бір қыш құмыра сатып ал, – деді Жаратқан Ие. – Оны қаланың қоқыс тастайтын жеріне апар. Қасыңа халық басшылары мен діни басшыларды ертіп ал.

Еремия құмыраны басына қойып алып, қаладан шыққан азғантай кісіден тұратын шеруді бастады. Не боларын білуге қызыққандар оның соңынан ерді. Олар су алып келе жатқан ер кісіге қарады: мұндай нәрсе бұрын ешқашан болған емес, су тасу әйелдің ісі емес пе! Мына пайғамбар не істемекші өзі?

Қоқыс тастайтын жерге келіп Еремия құмыраны бар күшімен жерге лақтырды, құмыраның күл-талқаны шықты.

– Тыңдаңдар, – деді Еремия жиылған жұртқа, – сендер қашан Оған бет бұрар екенсіңдер деп Жаратқан Ие шыдамдылықпен ұзақ күтті. Ол сендерді Өз қанатының астына алғысы келді. Бірақ сендер құмырашының қолындағы саз балшықтай иілгіш, жұмсақ болудың орнына, жүректерің қатайып, Құдайға ұнамсыз істермен айналыстыңдар. Егер сендер Жаратқан Иеге бас имесеңдер, онда мына күл-паршасы шыққан құмыра сияқты қирайсыңдар. Жау келіп, сендерді басып алады.

Осыны айтып Еремия қалаға апаратын тік жолмен көтеріліп, ғибадатханаға келді және онда да осы сөздерін айтты. Дінбасылар мен қаланың беделді азаматтары қатты ашуланды: олардың елі жаудың қолына түседі деп айтуға Еремияның қалай батылы

барады? Олардың біреуі, тіпті, Еремияны ұрып та жіберді және оны ұстап алып, таң атқанша кісендеп қоюды бұйырды.

197. Еремияның ораулы қағазы

Еремия 36

Жиырма жылдан астам Еремия Яһудея халқын елді жау басып алмай тұрғанда, Құдайға бет бұруға үндеді.

Бірде Жаратқан Ие оған былай деді:

– Иосияның кезінен бастап бүгінге дейін саған айтқан сөздерімнің бәрін жаз. Мүмкін оны естігенде халқым Менің сөзіме құлақ аспағанына өкінетін шығар. Сонда Мен оларды кешіріп, құтқара аламын.

Еремия кітап жазуға арналған тері орам сатып алды, ал оның көмекшісі Варух Еремияның айтуы бойынша Құдайдың оған айтқан сөздерін жаза бастады. Олар жұмыстарын аяқтағаннан кейін Еремия:

– Ғибадатханаға бар да, осы кітапты халыққа оқып бер. Маған онда баруға болмайды, сондықтан да Жаратқан Иенің сөздерін халыққа сен жеткізуге тиіссің, – деді

Варух ғибадатханаға мол халық жиналатын ораза күнін күтті және жазған сөздерінің бәрін адамдарға оқып берді.

Оның сөзін естіген кісілердің бірі мұны сарайдағы ақсүйектерге айтты. Сөйтіп олар да тыңдағылары келді. Еремияның қатқыл сөздерін естіп, олар патшаның құлағына бұл сөздер жетсе, оның қатты ашуланатынын түсінді.

– Еремия екеуің тығылыңдар, ал біз кітапты патшаға көрсетейік, – деді олар Варухқа.

Қыс кезі болатын, Иоаким пештің алдында отырған. Хатшысы оған Еремияның кітабының бірінші бөлімін оқып болған кезде оның түрі ызадан күреңітіп кетті. Ол кітапты жұлып алды да, оқып болған бөлікті қайшысымен қиып алып, отқа тастады және оның қалай жанғанына қарап отырды.

– Еремияны ұстандар! – деп бұйырда патша.

Бірақ бұл кезде Еремия мен Варух сенімді жерде жасырынып отырған болатын.

– Басынан қайта баста, – деді Жаратқан Ие Еремияға, – бұрын жазғандарыңның бәрін жаңа кітапқа қайта жазып шық.

Еремия қайтадан айтуға көшті, ал Варух бәрін жазып отырды. Әрбір адам оқып, біліп алуы үшін Варух оларды шыдамдылықпен жазып шықты.

198. Бабылдың бұғауында

4Патшалық 24. Еремия 27; 28

Иоаким патша Еремияның кітабын отқа жағып жібергенде, оның Құдай туралы ойлағысы да келмейтіні белгілі болды. Алайда Құдайдың өз халқын кешіріп, оны бақытты еткісі келгені сондай, оларға қарсы кезекті алпауыт жауды жіберуден бұрын көп күтті.

Жаратқан Иенің қандай жау жайлы айтқанын Еремия енді білді. Жас Бабыл патшалығы сол кезде Мысырды бағындырып, Ассирияны жаулап алды. Бабыл патшасы Навуходоносор Иоаким патшаны да өзіне бағындырды.

Үш жыл бойына Иоаким Бабыл патшасының еркін мүлтіксіз орындады, содан кейін Бабылға қарсы жоспар құра бастады. Ал Навуходоносор болса Яһудеяның патшасын жазалау үшін асығыс Иерусалимге аттанды.

Алайда Иоаким ақыры жаудың шабуыл жасағанын көрмей, қайтыс болды. Ал Бабыл әскерлері жеңіспен Иерусалимге кірген кезде оның ұлы патша болып отырды, ол да әкесі сияқты әділетсіз болды.

Навуходоносор Яһудеяның жаңа патшасын және оның уәзірлері мен Иерусалимнің беделді тұрғындарын Бабылға айдап кетті. Ең күшті, ең епті жас жігіттерді және он саусағынан өнері тамған шеберлерді, сондай-ақ Құдай үйіндегі алтын әбзелдерді де ала кетті.

Еремия Иерусалимде қалды, мұнда Навуходоносор тағайындаған жаңа патша билік етті. Оның аты Седекия еді, ол Навуходоносордың барлық бұйрықтарын орындауға әзір болды, тек Иерусалимге тиіспесе болғаны.

Дегенмен қалада қалған кісілер болашақтан зор үміт күтті.

– Тұтқындар көп өтпей-ақ Бабылдан кері оралады және ғибадатхананың барлық қазынасын ала келеді, – десті олар.

Алайда Еремия бұлай бола қоймасын білді.

Ол ағаштан мойынтұрық жасап, мойнына киіп алды, мұндайды өгіздердің мойнына кигізетін.

– Тыңдаңдар, – деді ол халыққа. – Бабыл патшасына қызмет етіп, оған мойынсұныңдар. «Егер Бабыл патшасына мойынсұнсаңдар қалаға төнетін үлкен апаттан аман қаласыңдар» дейді Жаратқан Ие.

Бірақ бір адам ашумен Еремияның мойнындағы мойынтұрықты жұлып алып, сындырып тастады.

– Қараңдар! – деді ол салтанатпен. – Бабылдың бұғауымен де дәл осылай болады. Жақында біз бұғаудан азат боламыз, біздің туыстарымыз қайтып оралады.

– Сенің сөзіңнің шын болғанын мен де қалаймын! – деді Еремия. – Бірақ біздің халықтың бір адамы қайта қайтудан бұрын жетпіс жыл уақыт өтуі керек.

199. Інжірге толы кәрзеңкелер

Еремия 24

Бабыл патшасы Навуходоносор тұтқынға әкеткеннен кейін, Иерусалимде қалған адамдар тәкаппарланып кетті. Олар Жаратқан Ие оларды жақсы көргендіктен туған жерінде қалдырды, ал қалғандарына қаһарланғандықтан Бабылға әкетуіне мүмкіндік берді деп ойлады.

Ал үйінен жырақта жүрген Иерусалимнің тұрғындарына бұл сабақ боларлық ой салды. Олар Жаратқан Иеге мойынсұнбағандықтарына өкініп, тәубелеріне келді.

Бірде Жаратқан Ие Еремияға:

– Гибадатхананың алдында тұрған екі кәрзеңкедегі інжір жемісіне қара. Не көріп тұрсың, Еремия? – деді.

– Бір кәрзеңкеде жақсы піскен інжір жемісі, олар жеуге жарамды. Ал екінші кәрзеңкедегі інжір жемісі шірік болғандықтан жеуге жарамсыз, – деп жауап берді Еремия.

– Иерусалимдегі халық та осы кәрзеңкелердегі інжір жемісі сияқты, – деді Жаратқан Ие. – Бабылға тұтқынға әкеткендер піскен інжір секілді. Мен олардың қамын жеп, ақыр аяғында олар өздерінің туған жерлеріне қайтады. Олар Маған мойынсұнатын болады.

Ал бірақ осында қалған Седекия патша мен оның қасындағылар шіріген інжір жемісі іспетті. Олар бұзылған және жаман жолмен жүруін жалғастыруда. Олар Бабыл патшасына қарсы зұлымдықтарын жалғастыруда. Олар ешкімге керексіз шіріген інжір жемісі болып қалады.

200. Құлдықтан құтқарылу

Еремия 37; 38

Еремия Седекия патшаға Жаратқан Иенің сөздерін көп рет қайталап айтты:

– Бабылдықтарға қарсы мысырлықтармен бірікпе, – деп жалынды ол. – Навуходоносор патшаға берген уәденді бұзба.

Бірақ Седекия ештеңені тыңдағысы келмеді. Ақыры оның ойы туралы сыбыс бабылдық патшаға да жетіп, ол Иерусалимге өз әскерін тағы жіберді.

Бірақ бабылдықтар көп ұзамай мысырлықтармен соғысу үшін Иерусалимнен кетіп, қала тұрғындары жеңілденіп қалды.

Тек Еремия ғана Седекия патшаға:

– Сенің бақытсыздықтарың осымен бітті деп ойлама. Бабылдық әскерлер жақында қайтадан келеді. Әлі де Жаратқан Иеге мойынсұнып, Навуходоносор патшаға бас исең, Ол саған көмектесе алады, – деп алдын ала ескертті.

Көптеген адамдарға оның кеңесі ұнамады және Иерусалимдегі кейбір адамдар Еремияны жек көрді.

Бірде қаладан шығып бара жатқанда оны күзетшілер ұстап алды.

– Сен бабылдықтарға бара жатырсың, солай емес пе? – деп тап берді олар пайғамбарға.

– Өтірік, мен бабылдықтарға бара жатқан жоқпын, – деп қарсылық білдірді Еремия, бірақ оған ешкім де сенбеді.

Оны ұрып-соғып, зынданға қамады. Бірақ адамдар Құдай Сөзін есту үшін пайғамбарға келуін тоқтатпады. Сонда патша сарайындағы оның жаулары Седекиядан оны адам көзінен таса терең құдыққа тастауын сұрады.

Олар ұзын арқанмен пайғамбарды көптен бері суы тартылып қалған, терең құдыққа түсірді. Түбіне жеткен кезде Еремияның аяғы балшыққа тиді. Құдық қараңғы және сыз болатын. Еремияның аяқтары тоңа бастады.

Сарайда қызмет ететін эфиоптық Әбдімәлік досы Еремияның тағдыры туралы естіп, патшаға келді.

– Тақсыр, – деді ол асыға, – сенің құлдарың үлкен қателікке жол берді. Олар Еремияны аштықтан және суықтан өлу үшін құдыққа тастады.

– Өзіңмен бірге адамдарды ал да, оны құдықтан шығарып ал, – деп бұйырды патша.

Әбдімәлік сарай қоймасына барып, ол жерден керек емес ескі киімдерді алды. Содан қасына адамдар ертіп, құдыққа келді.

– Еремия! Барсың ба? – деп шақырды Әбдімәлік.

Құдыққа еңкейген адамдардың бастары кішкене ғана сызат болып тұтқынға түсіп тұрған күн сәулесін көлеңкеледі.

– Біз саған арқан мен ескі киімдерді түсіреміз. Арқан қажамас үшін киімдермен қолтығыңды орап ал, кейін арқанды беліңе байла, біз сені бұл жерден шығарып аламыз.

Еремия дайын болған кезде, адамдар бар күшімен тартты. Көп ұзамай ол күннің көзін көріп, таза ауамен дем алды.

Еремия Әбдімәлікті жібергені үшін Жаратқан Иеге алғысын білдірді.

201. Иерусалимнің құлауы

4 Патш. 25

Міне, Еремияның Седекия патшаға алдын ала айтқан сөздерінің орындалатын уақыты да жетті. Бабылдық әскерлер Мысыр жорығынан оралып, тағы да Иерусалимді қоршауға алды. Мұны көрген патша Еремияға адам жіберді.

– Өтінемін, шыныңды айтшы, Жаратқан Ие не дейтінін білгім келеді, – деді ол.

– Егер мен саған шындықты айтсам, сен мені өлтіресің, ал кеңес берсем бәрібір тыңдамайсың, – деп жауап берді Еремия.

Седекия бұрын да Құдай Сөзі туралы көп сұрайтын, бірақ та артынша ұмытып кететін.

– Саған ешкім тиіспейтініне ант беремін, – деп уәде берді патша.

– Онда Жаратқан Ие не дейтінін тыңда, – деді Еремия. – «Қаладан шығып, бабылдық патшаға бағын» дейді Ол.

– Мен бабылдық патша жазалай ма деп қорқамын, – деді патша.

– Егер сен оған бағынатын болсаң, бабылдық патша саған ештеңе де істемейді. Сондай-ақ, егер сен бабылдықтарға қарсылық көрсетіп, немесе олардан қашып кететін болсаң, міндетті түрде болатын қорқынышты апатты да Жаратқан Ие маған көрсетті.

Бірақ Седекия патша тағы да Жаратқан Иеге құлақ аспады.

Екі жыл бойына бабылдықтар қаланы қоршап тұрды, ал қаладағы халық ашыға бастады. Ақыры бабылдық әскерлер қалаға кірді. Зәресі ұшқан Седекия патша өзінің әскерлерімен сарай бағы арқылы өтетін құпия жолмен Иерусалимнен қашып кетті. Бірақ көп ұзамай бабылдықтар оны ұстап алды. Оның сатқындығына ашуланған олар оны аямады. Седекияны Бабылға әкетіп, көзін ойып алды да, өмірінің соңына дейін шынжырлап, тұтқында ұстады.

Бабылдықтар қаланы қиратып, ғибадатхананы, сарайды және көптеген сәулетті үйлерді өртеді. Олар халықтың бәрін Бабылға алып кетіп, азғантайын ғана қалада қалдырды.

Еремия солармен бірге қалды.

Патшалар да, халық та Жаратқан Иенің Өз пайғамбарлары арқылы айтқан сөздерін тыңдаудан жиі бас тартты. Енді олар ұзақ жылдар бойына туған жерінен, Құдай үйі – ғибадатханадан алыста, қуғында жүретін болады.

ДАНИЯЯЛ МЕН ОНЫҢ ДОСТАРЫ

202. Навуходоносор сарайында

Даниял 1

Бірінші рет Навуходоносор патша Иерусалимді басып алған кезде, патшаны, сарай айналасындағыларды және қаладағы белгілі адамдарды Бабылға алып кеткен болатын. Сол кезде ол өзінің құлдарының басшысы Ашпеназға, кейін Бабыл патшасы сарайында кеңесші бола алу үшін, яһуди жастарының арасынан оқуға ынтасы барларды таңдауды бұйырды.

Ашпеназ денсаулықтары мықты, келбетті, ақылды жастарды тауып, оларға Навуходоносор патшаның сарайына баруға дайындалуға әмір берді.

Сол жастардың бірі Даниял болды. Даниял Ашпеназдың назары оның үш досына да түскеніне қуанды.

Олар Бабылға келгенде Ашпеназ оларға алда не күтіп тұрғанын айтты. Бабылдықтар ассириялықтар сияқты тұтқындарға қатал болған жоқ, оларға жақсы қарады.

Ашпеназ оларға бабыл тілінде оқып-жазуды өзі үйрететіндігін айтты. Содан кейін үш жыл бойына пәлсапаны, әдебиетті, астрология мен бабыл дінін үйренетін болады. Осының бәрін үйреніп болғаннан кейін олар сарай кеңесшісі болады.

– Онда жағдайларың жақсы болады, – деп уәде берді Ашпеназ. – Сендер патша дастарханынан дәмді тағамдар жеп, жақсы шарап ішетін боласыздар.

Даниял мен оның достары Иерусалим ғибадатханасынан алыста болғанымен, өз Жаратушы Иелеріне адал қалып, қай істе де Оған арқа сүйеуге шешім қабылдады. Олар байлықта, патшаның қамқорлығында жүргенді және оған құл болуды қаламады. Сондай-ақ олар Құдай Заңын бұзып, таза емес тамақ жегілері келмеді, сондықтан қарапайым өмір сүруге рұқсат берулерін өтінді.

– Бізге жемістер жеп, су ішуге рұқсат етуіңізді сұраймыз, – деді Даниял Ашпеназға. – Бізге патша дастарханынан келген ерекше тамақ керек емес.

– Мен сендерге бұлай етуге рұқсат етпеймін, – деді Ашпеназ. – Егер сендердің азып-тозған түрлеріңді патша көрсе мені оңдырмайды, мен бұл үшін басыммен жауап беремін.

Ашпеназ кеткеннен кейін, Даниял күзетшіге де осы тілегін айтты.

– Сонда да, тым болмаса, он күн жеуге тек жеміс, ішуге су ғана берші, өтінемін. Кейін өзгелерден жүдеу боламыз ба, жоқ па, өзің көресің.

Күзетші келісті. Өйткені Даниял мен оның достарына арналған дәмді тамақты оның өзі жеуіне болады ғой.

Арада он күн өткенде күзетші төрт досқа байыппен қарады. Олардың түрлері өзгелерге қарағанда жақсы көрінетінін ол мойындауға мәжбүр болды.

Міне, оқып жүрген үш жыл бойына төрт яһудилік дос тек жай тамақ жеп, бөтен елде де өз Құдайларына және өз халқына адал болып қалды.

203. Навуходоносордың түсі

Даниял 2

Даниял және оның үш досы білім жағынан өзгелерден асып түсті. Олар жақсы еңбектенді. Ал Даниялға Жаратқан Ие түс жори алатын ерекше дарын берді. Түстер болашақты білдіреді деп сенді бабылдықтар. Бабылдық данышпандар адамдардың көрген түстері мен оларды дұрыс жору туралы ертеде жазылған кітаптарды зор ынтамен оқып, зерттейтін.

Оқудың аяғында барлық жастар патшаға апарылды. Патша олармен ұзақ уақыт бойына сұхбаттасып, неше түрлі сұрақтар қойды. Өзге шәкірттерге қарағанда оған Даниял мен оның достары – Садырах, Мисақ пен Әбдінего ұнады. Патша оларды сарайда қызмет етуге қалдырды. Қиын сәтте осы төртеуі жақсы кеңес беретін.

Даниял мен достары сарайда болмаған бір күні патша кеңесшілерін жедел түрде өзіне шақыртты.

– Мен абыржулымын, – деді патша. – Бүгін бір түс көрдім, сол түс нені білдіретінін білгім келеді.

– Тақсыр, түсіңізді айтыңыз, жорып береміз, – деді даналар.

– Мен олай істемеймін, – деп қарсылық білдірді патша. – Сендер өздерің менің не түс көргенімді айтыңдар және оны жорып беріңдер.

Даналар патшаның мұндай бұйрығына аң-таң болып, не айтарларын білмеді.

Патша ашуланып:

– Сендер уақыттан ұтқыларың келіп тұр! – деп айғайлады оларға. – Не сендер менің көргенімді айтып бересіңдер, не мен бастарыңды шауып тастауға бұйрық беремін.

– Жер бетінде мына айтып тұрғаныңды орындайтын адам жоқ, тақсыр, – деді даналар оны ақылға келтірмекші болып.

– Бәрін өлтіріңдер! – деп айқайлады Навуходоносор, даналар оның көзінен таса болуға тырысты.

Даниял мен оның достары да патшаның кеңесшілері болды, сондықтан оларды да өлтіру керек еді.

204. Жаратқан Ие құпияны ашты

Даниял 2

Барлық кеңесшілер сияқты өзіне де, достарына да өлім қаупі төніп тұрғанын естіген Даниял, сарай жеңдеттерінің бастығы Ариоққа келді.

– Өтінемін, айтшы, патша неге мұндай бұйрық шығарды? – деп сұрады ол.

Ариоқ не болғанын түсіндіргенде, Даниял патшаның сұрағына жауап бере алу үшін, өлім жазасын бір күн кейінге ысыруға рұқсат сұрады. Кейін ол Садырақ, Мисақ пен Абдінегоға келіп:

– Бәрің сиыныңдар, – деп өтінді ол өзінің достарынан. – Жаратқан Иеден патша қандай түс көргенін және оның мағынасы не екенін маған ашып беруін сұраңдар. Тек осылай ғана біз аман қала аламыз.

Кейін Даниял ұйықтауға кетті. Ол Жаратушы Ие мінәжаттарын міндетті түрде еститініне сенді.

Ойлағанындай-ақ түнде Жаратқан Ие Даниялға не білуі керек болса, соның бәрін ашып берді. Даниялдың жүрегі ризашылыққа толып, Оған алғыс, мадақ жырын айтты:

«Құдайдың киелі Есімі мәңгі мадақталсын!

Ол бүкіл даналық пен құдіреттің Иесі!

Сен маған даналық пен құдірет сыйлап, сұрағанымызды ашып беріп, патшаның түсін бізге білдірдің!».

Ертеңіне Даниял Ариоққа тағы барды.

– Бабылдық даналарды өлтірме, – деді ол. – Мені патшаға апар, мен оған түсінің мәнін айтып беремін.

Ариоқ патшаға Даниялдан бұрын кіріп шықты.

– Тақсыр, яһудилік тұтқындардың бірін таптым. Ол саған түсінді айтып береді, – деп жеткізді ол.

– Сен менің не түс көргенімді және оның мәнін түсіндіріп айтып бере аласың ба? – деп сұрады Навуходоносор Даниялдан.

Жер бетіндегі бірде-бір адам оны айта алмайды, – деп батыл жауап берді Даниял. – Бұл құпияны даналар да, көріпкел де, балшы да ашып бере алмайды. Бірақ көкте құпияны ашатын Жаратушы Ие бар. Ол дүниедегінің бәрін біледі. Маған бұл құпияны Сол ашты.

205. Түстің шешуі

Даниял 2

Сөйтіп, Даниял Навуходоносорға оның көрген түсін айта бастады.

– Тақсыр, сенің түсің болашақ туралы айтады. Жаратқан Ие мұны мен өзгелерден ақылды болғандықтан емес, тек сен не болатынын менен естуің керек болғандықтан ашты.

Сен түсінде үлкен, жарқырап тұрған жалған тәңірдің мүсінін көрдің. Бұл жалған тәңірдің басы саф алтыннан. Ал беліне дейін күмістен, одан төмені мыстан жасалған болатын. Аяқтары темірден, өкшесінің жартысы темірден, жартысы балшықтан. Сен мүсінге қарап тұрғанда жартастан ешкімнің көмегінсіз бір үлкен тас домалап түсті. Ол мүсіннің аяғына соғылып, быт-шытын шығарды. Сонда мүсін құлап, күлге айналды. Жел соғып, күлді ұшырып әкетті. Сөйтіп бұл үлкен мүсіннен із де қалмады. Ал тас болса өсе-өсе үлкен, бүкіл жер бетін алып тұрған тауға айналды.

Навуходоносор абыржып, басын изеді. Даниялдың айтқанының бәрі шын болатын – осының бәрін ол түсінде көрді. Бірақ бұл түстің нені білдіретінін Даниял қалай түсіндірер екен?

– Енді мен саған бұл түсті жорып берейін, – деді Даниял патшаның ойын оқып тұрғандай.

– Жалған тәңір мүсіні осы әлемдегі патшалыққа ұқсас. Патша, сен алтын басқа ұқсайсың, ал сенің патшалығың – барлығынан ұлы, жарқырап тұрғаны. Өзгелері, асыл еместері – сенен кейін болатындар өзге дене мүшелеріне ұқсас. Қаншама ұлы және күшті сияқты болмасын, олардың біреуі де мәңгі болмайды. Ал бәрін күлге айналдырған кішкентай тас – көктегі Жаратушы Ие қолдайтын патшалыққа ұқсас. Бүкіл жер жүзін басқаратын патша болатын күн туады әлі. Оның патшалығы ешқашан қирамайды, ол бүкіл жер бетін толтырғанша өсе береді, ол мәңгі тұрады.

Даниял сөзін бітірген кезде, Навуходоносор үндемей қалды,

– Шынында, сенің Құдайың ұлы және күшті. Ол құрметке, Оған қызмет етуге лайық. Мен мұны білемін, өйткені сен менің түсімді айтып және оның мәнін түсіндіріп берген бірден бір адамсың, – деді.

Осыдан кейін патша Даниялдың шенін көтеріп, оны кеңесшілердің ішіндегі басшысы етіп қойды. Ал оның үш досына Бабыл империясының әр жерінен маңызды жұмыстар тапсырды. Даниял патша сарайында қалды.

206. Алтын мүсін

Даниял 3

Навуходоносор түсінде көрген алтын мүсінді ұмытқан жоқ. Ол туралы ойланған сайын, сол сияқты алтын мүсінді өзі жасап, елдің көз алдына қойғысы келді. Оның мүсінінің барлық жері, тым болмағанда сырты алтыннан болуы тиіс және үлкендігі жағынан бәрін таң қалдыруы керек.

Патша өзінің шеберлеріне тапсырыс берді, сөйтіп көп ұзамай Бабылдың маңайында аса үлкен, алып мүсін жасап жатқан шеберлер пайда болды. Адам бойынан он бес есе үлкен алып мүсін күнге шағылысып, жалт-жұлт етіп тұратын.

Навуходоносор өз патшалығының барлық белгілі адамдарын мүсіннің салтанатты ашылуына шақырды. Жай адамдар нөпірі де жиналды.

Енді Навуходоносорға бағыныштылар осы мүсінге табынулары керек. Алдыңғы жақта патша билеушілері мен лауазымды кісілер тұрды. Сарай сырнайшылары ойнауға дайындалды. Осы кезде жаршы алға шығып:

– Халайық, сырнай үнін естіген кезде жерге құлап, Навуходоносор патша жасатқан алтын мүсінге табынасыңдар. Егер кім бас иіп, табынбаса, ол оты лаулап тұрған пешке тасталынады.

Жұрт бірден тынышталды. Ешкім қимылдаған жоқ. Сол кезде сырнай үні тыныштықты бұзды. Барлық адамдар, лауазымды адамдардан бастап, жай адамдарға дейін алтын мүсіннің алдында бас иді.

Тек үш яһудилік қана бастарын имеді.

Даниялдың үш досы қаймықпай тұра берді. Олар ешқандай мүсінге табынбақ емес. Олар Жаратқан Иеге және Оның өсиеттеріне бағынып, тек қана Оған қызмет етуге адал қалды.

207. Отты пеш

Даниял 3

Навуходоносордың сарайында патша оларды көтермелейтіндігі үшін көптеген адамдар Даниял мен оның достарын жек көрді. Бәсекелестерінен құтылу үшін олар кез келген амалды қолдануға дайын еді. Олар Даниял мен үш досы оның жарлығын орындамағанын патшаға жеткізуге асықты.

Патша дереу үшеуіне кісі жіберді.

– Мен жасатқан алтын мүсінге бас июден бас тартқандарың рас па? – деп сұрады олардан патша. – Маған адал екендеріңді дәлелдеулерің үшін соңғы рет мүмкіндік беремін. Мүсіннің алдына жығылып, бас иіңдер, әйтпесе отқа тасталасыңдар.

– Тақсыр, бізге ондай ұсыныс жасамай-ақ қойсаңыз да болады, – деді үш дос. – Біз өз Құдайымыздан басқа ешкімге де бас имейміз. Ал Ол бізді тіпті оттан да құтқара алады. Бірақ Ол бізді құтқарса да, құтқармаса да біз Оған адал болып қаламыз.

Патша ызадан түтігіп кетті.

– Пешті барынша қыздырыңдар! – деп бұйырды ол. – Мыналарды байлап, отқа тастаңдар.

Пештің қатты қызғандығы сонша, үш досты отқа лақтырған жасақшылар оттың жалыны шарпып, өліп қалды.

Навуходоносор пешке қатулана қарап тұрды. Бұл оның ұлылығын мойындамағандарға арналған лайықты жаза деп ойлады ол.

Кенет оның түрі өзгеріп кетті. Ол өз көзіне өзі сене алмай тұрғандай саусағымен пешті көрсетті. Ол қатты қорқып кеткен еді.

– Пешке неше адам тастап едіңдер? – деп сұрады ол.

– Үш кісі, тақсыр, – деп жауап берді қызметшілер.

– Ал қазір онда төрт кісі ғой! Олар байланбаған, ешқандай зиян да шекпеген, оттың ортасында жайбарақат жүр. Ал төртіншісі аналарға ұқсаңқырамайды. Ол Құдайдың періштесіне ұқсайды.

Навуходоносор пештің аузына жақындап:

– Садырақ, Мисақ, Әбдінего, Тәңір Иенің құлдары, бері шығып, маған келіңдер, – деп дауыстады.

Үш дос пештен шықты. Олардың еш жерін от шалмаған, киімдері де бүтін. Тіпті үстілерінен түтіннің иісі де шықпайды. Тек оларды байлаған арқан ғана отқа жаныпты.

Навуходоносор пештің ішіне үңілді, бірақ онда болған төртінші кісі ғайып болыпты.

– Оған адал қызмет еткен және адал болып қалу үшін өлуге де дайын адамдарды құтқару үшін Өз періштесін жіберген сендердің Құдайларың мадақталсын. Бүгіннен бастап ешкім Құдайға тіл тигізуші болмасын, өйткені Өз қызметшілерін осылайша құтқара алатын басқа бір де тәңір жоқ.

208. Навуходоносордың есі ауысуы.

Даниял 4

Навуходоносор өзінің ұлылығына масаттанды. Оның барлық істе, соғыста да, бейбітшілікте де жолы болды. Ол бақытты еді.

Алайда бір түс көріп, сол оның мазасын алды. Патша тағы да өзінің ақылгөйлерін шақырып алып, осы түсті жорып беруді бұйырды, бірақ оны ешкім жори алмады. Сонда Даниял келіп, патша оған былай деді:

– Құдай саған құпияларды аян ететінін білемін. Мен түсімде аспанға жеткенше тоқтамай есе берген бір ағашты көрдім. Ол жердің төрт тарабына көрініп тұрды, оның тамаша жемістеріне бәрі тамсанып, риза болды. Жабайы аңдар оның көлеңкесін саялады, құстар ұшар басына ұяларын салды. Кенет көктен періште түсті. «Мына ағашты шауып тастаңдар» деп бұйырды ол. Сөйтіп ағаш құлатылды, бірақ оның тамыры жерде қалып қойды. «Жарайды, бұл тамыр дала шөптерінің арасында қала берсін, ол көктің шығымен суарылады, – деді періште. – Одан адамдық жүрек алынып, жеті жылға аңның жүрегі берілді. Сонымен жер бетінде тұратындардың бәрі адам құрған патшалықтың үстінен Жаратқан Иенің билік ететінін білетін болсын». Бұл түс нені білдіреді?

Патшаның сұрағына жауап беруге батылы жетпей Даниял біраз уақыт үнсіз тұрып қалды.

– Қорықпай сөйлей бер, – деді оған патша.

– Тақсыр, бұл түстің сізге емес, басқа біреуге арналғанын қалар едім! – деді Даниял мұңайып.

– Барлығына қорған болып, тамақ беріп тұрған түсіңізде көрген биік те мықты ағаш – бұл сіз. Бірақ сіз Жаратқан Иенің ұлылығын мойындамайсыз, сондықтан Құдай сізді құдіретіңізден айырады. Сіз ауырып, ақыл-есіңізден айрыласыз. Жабайы аң сияқты шөппен қоректеніп, шықтан су ішесіз. Ал Құдайға бет бұрған кезіңізде, Ол сізге бұрынғы құдіретіңізді қайтарады. Осы түсіңіз жайлы ойлануыңызды өтінемін, тақсыр. Күнәларыңызды шындықпен, озбырлықтарыңызды кедей-кепшіктерге қайырымдылық жасаумен өтеңіз. Әділ әрі кіші пейіл болыңыз, сонда басыңызға бұл бақытсыздық түспейді.

Алайда Навуходносор көп ұзамай-ақ Даниялдың ескертуін ұмытып кетті. Бірде ол сарайының төбесінде серуендеп жүріп, Бабылдың ғажайып аспалы бағы мен ғибадатханаларына қарап, сүйсініп тұрып:

– Менің салған қалам неткен ғажап еді! – деп мақтана дауыстап жіберді. – Өз құдіретімнің арқасында салдым ғой мұны! Бұл қала менің құдіретімді паш ететін болады!

Дәл осы кезде патша есінен ауысып кетті. Ол өзінің кім екенін ұмытып қалды. Елден безіп, далаға қашты және азып-тозып, жападан-жалғыз жабайы аң сияқты күн кешті. Оның есінен адасуы көпке созылды.

Бірақ бір күні оның ақыл-есі орнына келіп, ол өзінің кім екенін есіне түсірді. Өзінің қазіргі жағдайын көріп, ол барлығы қолынан келетін құдіретті емес екенін түсінді. Тек Құдайды ғана құдіретті деп атауға болады. Навуходносор осылайша мойынсұнды, сөйтіп сарайына оралып, тағына қайта отырды.

209. Жұмбақ қол

Даниял 5

Бабыл патшалығында патшалар бірінен соң бірі ауысып жатты, ал Даниял болса олардың қайсының тұсында болса да ұдайы өзгеріссіз қалып отырды: жаңа жас патша ол туралы ешнәрсе білмесе де ол сарайда тұрып жатты.

Бір күні түнде Балтасар өзінің маңайындағы жақын адамдары мен олардың әйелдеріне арнап той-думан ұйымдастырды. Барлығы ішіп-жеп, көңіл көтерісті. Шарап көп ішілген сайын, думан өтіп жатқан бөлмеден шыққан дауыстар да күшейе берді.

Бір кезде Балтасар:

– Иерусалимдегі ғибадатханадан әкелінген алтын табақтар мен ыдыстарды бері әкеліңдер. Біз оларға шарап құйып, тәңірлеріміздің даңқы үшін ішейік, – деді.

Патшаның киелі ыдыстарды арамдағалы жатқанына тіпті қызметшілерге дейін қайран қалды. Алайда Балтасар қатты мас болғандықтан, ешкімнің ақылын тыңдамады.

Қызметшілер ғибадатхананың киелі қазыналарын алып келіп, ыдыстарды ернеулете шарап құйды. Қонақтар мез-мейрам болып, шарапқа ашқарақтана бас қойды.

Кенет патша отырған жерінде қалшыып, қатты да қалды. Ал қолы дірілдеп, қарама-қарсыдағы аппақ қабырғаны саусағымен көрсетті.

– Қараңдар! – деп айқайлап жіберді ол зәресі ұшып.

Көңілді күлкі су сепкендей сап тиылды, Балтасардың даусы дірілдеп, қорыққанынан қалш-қалш етті.

– Мен қабырғаға жазып жатқан адамның саусақтарын көріп тұрмын, – деді патша зорға сөйлеп. – Бұл бір апатты білдіріп тұр ғой. Менің ақылшыларымды тез алдырыңдар, қабырғадағы мына сөздердің нені білдіретінін олар маған айтып берсін.

Ақылгөйлерді дереу патшаға шақырып келді.

– Қабырғаға жазылған мына сөздерді оқып, оның мәнісін түсіндіріп берген кісіге мол сыйақы беремін, – деп уәде берді патша. – Ол алқызылшапан мен алтын алқа алып, елдегі лауазымды әрі беделді кісілердің бірі болады. Мен оған қалағанының бәрін беремін, тек мына жазылған сөздердің мәнісін түсіндіріп берсе болғаны!

Даналар бастарын шайқады. Олардың ешқайсысы патшаға көмектесе алмады.

Патшаның күйзелісі жайлы хабар бүкіл сарайға тез тарап кетті, сонда көп ұзамай оның анасы келді.

– Саған көмектесе алатын кісіні мен білемін, – деді ол Балтасарға. – Ол Яһудеядан келген тұтқын – Даниял. Ол Навуходносордың барлық кеңесшілерінің бастығы болған. Оның бойында Құдайдың Рухы бар, ол бәрін түсіндіріп бере алады.

210. «Саналды – таразыланды – бөлінді»

Даниял 5

Патша дереу Даниялға кісі жіберді. Пайғамбар келген кезде абыржулы патша оған байлық та, билік те беруге уәде берді, тек мына қабырғаға жазылған сөздерді түсіндіріп берсе болғаны.

Даниял ашық және анық дауыспен патшаға былай деді:

– Тақсыр, маған сыйдың қажеті жоқ. Оны басқаларға бер. Бірақ мен сізге мына сөздерді оқып, мәнісін түсіндіріп беремін. Осы түні сіз Жаратқан Иеден хабар алдыңыз. Сіз бұрын да, тіпті, Навуходносор патша Оның ұлылығы жайлы куәлік еткен кездің өзінде де Оны тыңдағыңыз келмейтін. Бұл аздай сіз әбден масайғанша шарап ішу үшін Жаратқан Иенің ғибадатханасының ыдыстарын алдыңыз.

Қабырғаға үш сөз жазылған. Олар: МЕНЕ, ТЕКЕЛ, ПЕРЕС. Олар: «Саналды, таразыланды, бөлінді» дегенді білдіреді. Ал оның түсіндірмесі мынадай:

«Саналды» – деген Жаратқан Ие сіздің патшалық құратын күндеріңізді санап қойды, яғни аз күніңіз ғана қалды деген сөз.

«Таразыланды» – сіз жаратқан Иенің әділ таразысына тартылдыңыз және салмағыңыз тым жеңіл болып шықты дегенді білдіреді.

«Бөлінді» – сіздің патшалығыңызды мидияндықтар мен парсылар бөліп алады дегенді білдіреді.

Балтасар сөзінде тұрып, Даниялға мол сый-тарту бергізді. Алайда оның жүрегінде тыныштық болмады, өйткені Даниялдың шындықты айтып тұрғанын білді. Ол думандатып тойлап жатқан кезде, жау әскері қала қамалына шабуыл жасап, сол түні-ақ Бабылға баса-көктеп кірді де, Балтасарды өлтірді. Ал оның орнына мидияндық Дарий таққа отырды.

211. Даниялға қарсы қастандық

Даниял 6

Парсылар мен мидияндық әскерлер Бабылды жаулап алды, сөйтіп ұлан байтақ патшалықтың патшасы Дарий сарайға келіп орналасты. Дарий патшалықта даналықпен тәртіп орнатты. Елдің әр түрлі аймақтарын басқару үшін ол жүз жиырма басшы тағайындап, олардың үстінен үш билеуші қойды. Олар аймақ басшыларының заңды бұзбауын және патшаның мүддесін қорғауын қадағалап отырады. Сол үшеуінің бірі Даниял болды. Көп өтпей-ақ патша Даниялдың басқа қызметшілерден асып түсіп жатқанын көріп, оны бүкіл патшалықты билеуші етіп қоюды ойлады.

Аймақ басшылары мен шенеуніктер бұған жол бергілері келмеді. Олар Даниялды жек көріп, оны күндеді, сөйтіп патшаның алдында оның беделін түсірудің амалдарын қарастырды. Бірақ олар Даниялға айып тағатындай түк таппады, өйткені Даниял патшаға адал қызмет етті.

– Біз оның сенімін өзіне қарсы қолдануымыз керек, – деп шешті күншілдер.

Даниял көп жылдан бері Бабылда тұрып жатқанына қарамастан, Жаратқан Иеге адал болып қалды. Ол әрдайым және барлық істе Жаратқан Иеге үмітін артты. Күніне үш рет ол терезенің алдына келіп, Иерусалим жаққа қарап тұрып, дұға ететін. Даниял елінен алыста жүрсе де, Жаратқан оған жар болды.

Ақыры күндестері Даниялдан құтылудың амалын тапты.

– Тақсыр, – деді олар патшаға. – Біз жаңа жарлық шығардық, сіздің соған қол қоюыңызды өтінеміз. Бұл жарлықта келесі отыз күн ішінде патшалықта тұратын кісілер тек сізге ғана өтініш білдіруі керектігі айтылады. Ешкім сізден басқа ештеңеге табынбауы тиіс. Осы жарлыққа қол қойып, мөріңізбен бекітіп беріңіз. Бұл жарлықты парсы немесе мидияндық заң ретінде еш өзгертуге немесе алып тастауға болмайтынын бәрі біліп жүрсін. Бұл жарлыққа бағынбаған әркім арыстан апанына тасталады.

Шенеуніктерінің Даниялға тор құрып жатқанын Дарий білген жоқ. Ол жарлыққа қолын қойып, мөрімен бекітті.

212. Даниял дұға етуін тоқтатпайды

Даниял 6

Аймақ басшылары мен әкімдер патшадан жарлыққа қол қойдырып, өз есептерінен дұрыс істеді. Даниялдың күн сайын дұға етіп, бар мұқтажын Құдайға айтып, көмек сұрайтынын олар білетін еді. Оған патшаның жарлығын бұзды деп айып тағу оңай болады. Сондай-ақ парсылар мен мидияндықтардың заңдары қатал екенін, тіпті патшаның өзі де шығарылған жарлықты бұза алмайтынын олар білді.

Даниял жаңа жарлықты естіген кезде, өзіне қарсы қастандық жасалып жатқанын түсінді. Бірақ ол Құдайға сиынуын доғармақ тұрмақ, тіпті сондай сыңай танытуға да тырыспады. Жаратқан Иеге адал болмағаннан гөрі оның өлгені артық.

Сөйтіп, ол әдеттегісінше ашық терезе алдында тізе бүгіп, дауыстап Жаратқанға сиына бастады. Мұны көріп дұшпандары қуанып, алақандарын уқаласып қойды. Даниял олардың торына түсті, ал онымен бірге патша да шырматылды.

– Тақсыр, – деді олар патшаға. – Өзіңіз қол қойған жарлық есіңізде ме? Күніне үш рет Даниял сол жарлықты бұзды, – деп жалғастырды олар қуаныштарын зорға жасырып. – Сіздің бұйрығыңызға қарамастан ол күніне үш рет Құдайына жалбарынады.

Өзінің алданғанын және ең жақсы әрі сүйікті көмекшісінің басын өлімге тіккенін Дарий тым кеш түсінді. Күні бойына патша тек Даниялды қалай аман алып қалудың амалын ғана ойлады. Ал кешке шенеуніктер оған тағы да келді.

– Парсылар мен мидияндықтардың заңын бұзуға болмайтынын өзіңіз де білесіз ғой, – деп ескертті олар.

Олар өзінен айлаларын асырып кеткендерін патша білді, бірақ оның қолынан енді ешнәрсе келмейтін еді. Патшаның жүрегі қатты ауырды, дегенмен Даниялды тұтқындауға және аш арыстандар тұрған апанға апарып тастауға бұйрық берді: өлім жазасына кесілген қылмыскерлер осы апанға тасталатын. Патша өзі Даниялмен апанға бірге барды.

– Даниял, сен өз Құдайыңа адал болдың, – деді ол. – Ол сені құтқарып алады деп үміттенемін.

Даниял аш арыстандар ерсілі-қарсылы жүгіріп жүрген апанға тасталды. Содан кейін апанның аузы ауыр таспан бекітіліп қойылды.

213. Келесі күні таңертең

Даниял 6

Патша сарайына оралған соң тыныш отыра алмады. Ол алдынан шыққан қызметшілерін қуып жіберді.

– Тамағыңның керегі жоқ! Музыканы да өшіріңдер! – деді ол.

Содан кейін ол ұйықтауға жатты. Бірақ ұйқысы қашып, түні бойы кірпік ілмей, төңбекшіп шықты. Өзіне адал қызмет еткен жақсы кісіні өлімге қиғанын ол білді.

Таң енді қылаң беріп келе жатқанда, бөлмеге түскен алғашқы сәулемен жарысып, Дарий орнынан ұшып тұрды. Ол бұдан ары жатуға шыдай алмады.

Ол қызметшілерін шақырды және көп өтпей-ақ арыстандардың апанына қарай беттеп бара жатты. Үлкен тасты алып тастап, патша апанға үңіліп:

– Даниял, тірі Құдайдың құлы! Қызмет етіп жүрген Құдайың сені құтқара алды ма? – деп дауыстады.

Апанның түбінен көмескілене шыққан Даниялдың дауысын естігенде патшаның үстінен ауыр жүк түскендей болып, терең дем алды.

– Тақсыр, Құдай періштелерін жіберіп, арыстандардың аузын жауып тастады, олар маған тиіскен жоқ. Менің Құдай алдында да, сіздің алдыңызда да ешқандай айыбым болмағандықтан Ол осылай істеді.

Патшаның қуанышында шек болмады.

– Тез! Тез! – деп асықтырды ол қызметшілерін. – Арқан әкеліп, Даниялды шығарып алыңдар.

Даниялды апаннан шығарып алып, үсті-басын түгелдей қарап шықты. Ол дін аман еді. Бірақ патшаның қуанышы оның қолымен Даниялдың көзін құртқысы келгендерге деген ашу-ызаға алмасты.

– Сол арам ниетті қаскөйлердің өздерін арыстандарға тастаңдар! – деп бұйырды ол. Қызметшілер дереу оның бұйрығын орындады.

Бұл жолы арыстандардың аузы ашық болды.

ЕЗЕКИЕЛ ПАЙҒАМБАР

214 Езекиелдің көрген аяны

Езекиел 1; 2

Навуходоносор Иерусалимді бірінші рет жаулап алған кезінде, ең жақсы деген яһуди жастарын өзімен бірге Бабылға ала кетті. Солардың бірі Езекиел деген жас жігіт болды. Сол кездерде ол өзінің кәмелетке толып, Жаратқан Иенің үйінде қызметші болатын кезін күтіп жүрген. Бірақ оның арманы орындалмады.

Яһудилік тұтқындар біртіндеп жат елге орныға бастады. Жеңімпаз ел оларға мейіріммен қарап, олардың еркін өмір сүріп, Бабылға жақын маңдағы құмдақ жазық жерге үй салып, қоныстануларына мүмкіндік берді.

Бірде Езекиел аспанда солтүстіктен қап-қара болып түнеріп келе жатқан бұлтты көрді. Бұл дауылдың белгісі екенін ол білді. Бұлттың жан-жағы қызара жарқырап, айналасында найзағай жарқылдады. Бұлттың дәл ортасында бір нәрсе көзді қари жарқырады.

Езекиел бұған қарап тұрған кезде, әлгі жарқыраған нәрсе бөлініп шығып, Езекиелге қарай зымырады. Оның айналып тұрған орасан зор дөңгелектер мен төрт тірі мақұлық екені көрінді. Мұның бәрі біртұтас болатын, өйткені мақұлықтар бір-бірімен қанаттарымен ұштасып жатты.

Езекиел мына төтенше құбылысқа қайран қалды.

Таңғажайып төрт мақұлықтың әрқайсының төрт келбеті – адамның, арыстанның, бұқаның және бүркіттің келбеті болды. Және осының бәрі жан-жағына қарамай найзағайдай ағып келіп төмен түсті де, қайта жоғары көтеріліп кетті.

Әр мақұлықтың әр келбетінің алдында бір-бірден дөңгелек, ал әр дөңгелекте жыпырлаған көздер бар екенін байқады Езекиел. Мақұлықтардың арасында от жарқырап тұрды, ал бастарында асыл тас сияқты жарқыраған күмбезі болды.

Мақұлықтар ұшқан кезде, қанаттарынан шыққан дауыс теңіз толқынының шуына ұқсайды. Бұл мақұлықтар әрі қорқынышты, әрі ғажайып болды, ал асыл тастың үстіндегі күмбездің үстінде тұрған тақ одан да бетер қорқынышты әрі ғажайып болды. Ол сапфир тас сияқты ашық көк түсте жарқырап, жалт-жұлт етеді. Тақта кемпірқосақтың түстерімен көзді қарықтыра жарқыраған адам кейпіндегі Біреу отырды.

Сонда Езекиел оған Жаратқан Иенің салтанатты ұлылығы көрінгенін түсінді. Ол қорқынышпен және асқан құрметпен жерге етпеттей құлап, Жаратқан Иенің дауысын тыңдады:

– Езекиел, Мен сені Өзімнің пайғамбарым етіп таңдадым. Мен сені осында, тұтқында тұрып жатқан Өз халқымның арасына жібермекпін. Олар тыңдаса да, тыңдамаса да сен оларға Менің Сөздерімді жеткізуге тиіссің. Айтқанымды тыңдап, адал хабаршым бол.

215 Үнсіз пайғамбарлық

Езекиел 3-5

Жаратқан Ие Езекиелге Яһудеяның азабы әлі бітпегенін айтты. Иерусалим әлі талай бақытсыздыққа ұшырайды, ал Езекиел Бабылға көшірілген жерлестеріне соларды білдіруі тиіс.

– Оларға сөйлемей-ақ қой, – деді Жаратқан Ие. – Не болатынын оларға қимылыңмен көрсет.

Езекиел Жаратқан Иенің айтқанына құлақ асты.

Ол үлкен кірпіш алып, оның бетін тырналап, Иерусалимнің суретін салды. Содан кейін ашық аспан астында сол кірпішті алдына қойып, құмнан кірпішке салынған қаланы қоршап алған әскерлердің мүсінін жасады. Кірпіш пен өзінің ортасына қала қамалын білдіретін табақ қойды.

Көп ұзамай Езекиелдің маңайына жұрт жиналып қалды. Адамдар оның істегендеріне қарап, саусақтарын шошайтып, кірпішті, құмнан жасалған әскерді және қалайы табақты көрсетті. Мұның бәрі нені білдіреді? Жұрт Иерусалимнің суретін танып, қалғанының да нені білдіретінін ұға бастады.

Келесі күні жұрт Езекиелді көру үшін қайта келгенде, оның кірпіштің қасына өзіне тамақ пісіріп жатқанын көрді. Ол бір уыс ұнды өлшеп алып, одан кішкентай күлше пісірді. Содан кейін өзіне судың бір күндік мөлшерін екі кішкентай тостақпен өлшеп алды.

Адамдар мұның мәнісін түсінгенінше, ол әрекетін күнде қайталай берді, ал бұл қоршауда қалған Иерусалимде аштық жайлайтынын білдіретін еді.

Бір күні жұрт Езекиелдің қасына қайта жиналғанда, оның пышағын тасқа қайрап отырғанын көрді. Пышағын қайрап болғаннан кейін ол, жұрттың үрейін ұшырып, өзінің қалың шашын кесіп, ұзын сақалын қырды. Алынған шашты таразыға тартып, үшке бөлді.

Бір бөлігін ол отқа тастады.

Екінші бөлігін пышақпен қикалап тастады.

Үшінші бөлігін желге ұшырып жіберді.

Барлық шаш құрыған сияқты болған, бірақ Езекиел еңкейіп, жерге түсіп қалған шаштарды теріп алды да оларды ұқыптап шапанының етегіне байлап қойды.

Мына қызық пайғамбардың бұл жолы не айтқысы келгенін түсінуге тырысып жұрт өзара сыбырласты.

– Кейбіреулер мұның мәнісін түсінді де: оның өз шашына істегені Иерусалимнің тұрғындарының басына түсетін жайтты білдіретін. Оларды ауыр сынақтар күтіп тұр: адамдардың бір бөлігі қоршауда қаза табады, басқалары қылыштың жүзінен өледі, ал қалғандары шашырап, елден алыстап кетеді. Алайда Езекиелдің жерге түсіп қалған шаштарды ұқыптап шапанының етегіне байлап қойғаны сияқты, Жаратқан Ие кейбіреулерге қамқор болады. Жаратқан Ие оларды әйтеуір бір аман-есен елге қайтарып, бәрін басынан бастайды.

216. «Қураған сүйектерге жан бітсін!»

Езекиел 37

Езекиел яһудилік тұтқындарға келешекте болатын апаттарды ғана хабарлап қоймай, оларға үміт те берді. Болашақта халқының бақытты болатынын Жаратқан Ие оған аян етті.

Бірде Езекиел мынадай аян көрді. Ол айдалада тұр екен, айналасы толы адамдардың қурап қалған сүйектері.

– Езекиел, мына сүйектерге жан бітеді ме? – деп сұрады Жаратқан Ие.

– Мұны тек Сен ғана білесің ғой, Жаратқан, – деп жауап берді Езекиел.

– Мына сүйектерге Менің сөзімді тыңдауды бұйыр, – деп әмір етті Ол. – Менің оларға жан бітіру үшін келгенімді айт.

Оның айтқан сөздерін Езекиел дауыстап қайталады.

Ол үндемей қалған кезде, күшейіп келе жатқан бір сытырлаған дауысты естіп, сүйектердің қимылдай бастағанын байқады. Кеуіп қалған сүйектерге ет бітіп, терімен қапталып жатқанын ол өз көзімен көрді. Шу басылды. Ал Езекиелдің айналасында енді сүйектер емес, адам денелері жатты, бірақ оларда жан жоқ.

– Желге бұйрық бер, мыналарға өмір лебін үрлесін, – деді Жаратқан Ие.

Езекиел желге Жаратқан Иенің бұйрығын айтты.

Денелер ақырындап қимылдап, тыныс ала бастады. Ал содан кейін күш жинап, дене мүшелерін қимылдатты. Ақыры олардың бәрі орындарынан тұрды – бұл адамдардың үлкен тобыры болып шықты. Осымен аян аяқталды.

– Езекиел, – деді Жаратқан Ие, – Менің халқым осы кеуіп қалған сүйектер секілді. Бірақ уақыты келгенде, оларға жан бітеді. Мен Өз халқыма жаңа өмір лебін үрлеймін. Мен олардың Құдайымын. Оларды өз жерлеріне қайтарып, оларға жаңа өмір мен жаңа бастау беру Менің билігімде.

ҚҰДАЙ ХАЛҚЫ ӨЗ ЕЛІНЕ ОРАЛДЫ

217. Отанға оралу

Ездра 1-3

Навуходоносор патша Иерусалимнен Бабылға алғашқы тұтқындарды алып кеткелі бері жетпіс жыл уақыт өтті. Яһудилердің арасында туған елін білетіндер тым аз еді. Бірақ тұтқында жүріп дүниеге келгендер ата-бабаларынан тамаша қала туралы, ал ең бастысы, Жаратқан Иенің ғажайып ғибадатханасы жайлы әңгімелерін көп естіді.

Сөйтіп Кир патшаның билік құрған кезі келді. Оның патшалығы орасан зор болды. Кир патша өз қарамағындағы халқының ешқандай қайғы-мұңды білмей бақытты өмір сүргенін қалады, сондықтан да ол барлық жер аударылғандарға өз елдеріне оралуға рұқсат берді.

Жаратқан Ие Еремия мен Езекиел пайғамбарлар арқылы Өз халқын еліне қайтаруға байланысты берген уәдесін орындағанын Яһудилік тұтқындар түсінді.

– Иерусалимге оралып, өз Құдайларыңа арнап жаңа ғибадатхана салыңдар, – деді Кир патша. – Ал кедейлерге жүк артуға мал және жолдарына азық-түлік беруді бұйырамын, олар да үйлеріне жетіп алатын болсын.

Яһудилік қоныс аударушылар үлкен толқумен отандарына қайтуға дайындалды, бұл ұзақ та қауіпті сапар болмақ. Олардың көсемі Иоаким патшаның немересі Зоробабел болды, ал оған діни қызметкер Ешуа көмектесті.

Бірақ яһудилер жолға шығардан бұрын, Кир патша оларға Навуходоносор патша алып кеткен ғибадатхананың қазынасын қайтарды.

Көптеген яһудилер Бабылда қалып қойды. Көп жылдар бұрын туған елден кеткен бейшара тұтқындармен салыстырғанда кері оралушылардың саны мүлдем аз еді. Езекиел барлық шашты құртып, артынан жинап алған азғантай тал шаш сияқты еді олар. Бірақ осы азғантай адамның жүрегін қуаныш пен үміт биледі. Олар Жаратқан Иеге мадақтау айтып, бір-бірімен әзілдесіп, мәре-сәре болды. Олардың ең асыл армандары орындалды.

Алайда олар Иерусалимге келген кезде қуанышты көңілдері су сепкендей басылды. Қала қирап қалған, айнала толған үйінділер, қоқыс пен үйілген тастар. Қала қабырғасы жоқ, ғибадатханадан да түк қалмаған.

Бұл аздай, маңайда тұратын адамдар оларды ала көзбен қарсы алды. Ассириялықтар Израилдің солтүстік патшалығын жаулап алған кезде, израилдіктерге қоныс аудартып, олардың орнына жат жерліктерді қоныстандырған болатын. Бұл жатжерліктер – самариялықтар – Құдайды білгендерімен, өз тәңірлеріне табынуларын да жалғастыра берді. Яһудилердің өз жерлеріне кері оралғандарын және қалаларын қайтадан салғанын олар мүлдем қаламады.

Зоробабел мен Ешуа алда ауыр кезеңдер мен көптеген сынақтар күтіп тұрғанын түсінді.

218. Құрылыстың басталуы

Ездра 2; 3

Иерусалимге оралған көсемдер қаланың үйіндіге айналғанын көргенде, оны қайта қалпына келтіру үшін ақша жинай бастады. Олардың ең басты мақсаттары ғибадатхананы қайта қалпына келтіру болды. Тезірек құрылыс жұмыстарын бастауды қалаған барлық яһудилер қолдарынан келгенінше алтын, күмістерін садақаға берді.

Ешуа мен Зоробабел ғибадатхананың құрылысының біткенін күтпей, Құдайға құлшылық етуді бастап жіберді. Олар бұрынғы тұрған жеріне құрбандық шалатын орынды қайта орнатты.

Ал жаңа ғибадатхананың құрылысына арналған садақа күн асқан сайын арта берді. Алтыны, күмісі жоқ қарапайым халық қолында барын берді. Балқарағай ағаштары үшін яһудилер бидаймен, шараппен, зәйтүн майымен есеп айырысты. Сүлеймен патша алғашқы ғибадатхананы салған кездегідей балқарағай теңіз арқылы Ливаннан әкелінді.

Леуіліктер құрылысты басқарды, сонымен қатар халықпен бірге қара жұмысты да атқарды. Ғибадатхананың негізі қаланып біткеннен кейін бүкіл халық Құдайға ризашылықтарын білдіріп, Жаратқан Иені дәріптеу үшін жиылды. Діни қызметшілер сырнайларын тартып, леуіліктер:

«Жаратқан Ие мейірімді, Оның Исраилге деген рақымы шексіз» деп шырқата ән айтты.

Айнала қуанышты үнге толып кетті – бүкіл халық Жаратқан Иені дәріптеді. Сүлеймен салдырған ғибадатхананың әсемдігі тек азғантай қариялар мен рубасылардың ғана есінде қалған еді. Бұрынғы күндерді еске алып және үйінділерге қарап олар өксіп жылады. Жылау мен қуанышты дауыстары бір-бірімен астасып, қуанышты дауыстар алысқа естіліп жатты.

219. Жаңа ғибадатхана

Ездра 4-6

Жаңа ғибадатхана жуырда салынып бітеді деп ойлады бәрі. Бірақ олар самариялықтарды ұмытып кетіп еді. Самариялықтар яһудилерге өз көмектерін ұсынды.

– Біз сендермен бірге ғибадатхананы салысайық, өйткені біз де сендер сияқты, сол бір Құдайға табынамыз ғой, – деді олар Зоробабелге.

Алайда Зоробабел оларға келісім бермеді, себебі олардың алдап тұрғанын білді. Еврейлер жалған тәңірлерге табынатындарға қосылып, Құдайдың өсиеттерін бұзғандары үшін Жаратқан Ие Яһудея халқын жазалап, Бабылдың құлдығына түсірді. Яһудилер сол қатені қайталағылары келген жоқ.

Ашуланған самариялықтар құрылысты жалғастыруға кедергі жасау үшін қолдан келгеннің бәрін жасауға тырысып бақты. Олар яһудилерді қорқытып-үркітіп, абыржытуға тырысты. Ғибадатхананың құрылысын жалғастыруға кедергі жасасын деп парсылықтарға пара берді, тіпті сатқындық жасады деп жала жауып, яһудилерді жамандап патшаға хат та жазды.

Он алты жыл бойына ғибадатхананың құрылысы тоқтап қалды. Бірақ Жаратқан Ие құрылысты жалғастыруды бұйырып, яһудилерге жігер беретін екі пайғамбарын жіберді.

Зәкәрия пайғамбар Жаратқан Ие оларды сүйетінін және жауға қарсы тұруға көмектесетінін олардың есіне салды. Олар Жаратқан Иеге мойынсұнып, жақынына ешқандай жамандық жасап, залалын тигізбесе болғаны, сонда оларға Жаратқанның батасын жауады.

Хаққай пайғамбар ең алдымен Құдай туралы ойлау керегін айтты. Өз үйлерінің жағдайын ойластырғаннан гөрі, алдымен Құдай үйін салу маңыздырақ.

Құдай Сөзі Зоробабел мен Ешуаның жүрегіне жетті. Екі пайғамбар арқылы ғибадатхана құрылысы қайта жанданды.

Сүлеймен патша салдырған ғажайып ғибадатхана қирағанынан кейін жетпіс жыл өткен соң ғана жаңа ғибадатхананың құрылысы аяқталды. Бұл ғибадатхана біріншісі сияқты сәулетті, сән-салтанатты болмағанымен де, бүкіл халық шын жүректен қуанды.

Діни қызметкерлер мен леуіліктер дереу қызметтеріне кірісті. Құтқарылу мейрамын өткізу үшін бүкіл халық ғибадатханаға жиналды. Сондай-ақ Құдайға шын жүректерімен мойынсұнатын, жақын маңда тұратындар да бұл мейрамға қатысты.

220. Патша шарапшысы

Нехемия 1; 2

Нехемия Бабылда қалып қойған көп яһудидің бірі еді. Ол Бабыл патшасы Артаксеркстің сарайында маңызды қызмет атқарды – ол патшаның шарапшысы болды. Патшаға ұсынудан бұрын, ол шараптың уланбағанына көз жеткізу үшін дәмін татып көруі керек. Патша толық сенім артатын кісі ғана патшаның шарапшысы бола алатын еді.

Бірде Бабылға бір яһуди кісі келді – ол Иерусалимге қайта оралғандардың бірі болатын. Бұл кісі Нехемияға жолығып, оған қайғылы хабар айтты.

– Біздің жағдай мәз емес, – деді ол. – Иерусалимнің қабырғасы әлі қаланбай тұр, қала қақпасы да жоқ. Ал маңайымызда тұратындар бізге кесірін тигізуге тырысып бағуда.

Қонақ кеткеннен кейін Нехемия ойға шомды.

– Тәңірім, – деді ол, – біз Саған құлақ аспдық және Сенің мейіріміңе лайық емеспіз. Бірақ, Өзің көмектесе гөр, біз қайтадан Саған сүйенеміз. Сенен өтінерім, көмек сұрап барғанда патшаның жүрегін жібіте көр.

Нехемия төрт ай бойына сиынды және күтті. Ақыры бір күні оған өз өтінішін патшаға айтуға мүмкіндік туды. Ол Артаксеркс патшаға Сузадағы қысқы сарайында шарап ұсынып тұр еді. Патша өзінің шарапшысына байыппен қарады.

– Не болды? – деп сұрады патша. – Мен сенің ауру емес екеніңді білемін, бірақ жүзің сынық қой.

Нехемияның жүрегі тоқтап қалғандай болды. Ешбір құл патшаның алдында өз сезімін білдірмеуі керек. Бірақ ол патша қанша қаһарланса да, онымен сөйлесуге бекінді.

Артаксеркске жауап беруден бұрын Нехемия Жаратқан Иеге жалбарынып, іштей қысқаша ғана сиынып алды. Содан кейін ол:

– Мен қайғылымын, өйткені менің халқыма қазір қиын болып тұр. Маған өз жеріме қайтып, Иерусалим қаласын қайта тұрғызуға көмектесуіме рұқсат бер, – деді.

Патша қасында отырған патшайымға қарады. Ол мейірімді жүзбен Нехемияға қарап жылы жымыып отыр екен.

– Бұл үшін саған қанша уақыт керек, қай уақытта кері қайтасың? – деп сұрады Артаксеркс.

Нехемия дереу уақытын айтты. Өйткені ол бәрін алдын ала ойластырып қойған еді.

Патша Нехемияны Иерусалимге жіберген кезде, ол патша орманынан құрылысқа қажетті ағаш алуға рұқсат сұрады. Сондай-ақ өзін жолда жаулары ұстап алмауы үшін патшадан еш жерде тоқтатпасын деген қағаз да алып алды. Содан кейін патша күзетшілерінің қорғауымен Нехемия Иерусалимге аттанды.

221. Иерусалим қабырғалары

Нехемия 2-4

Нехемия Иерусалимге келгенде, бірнеше күн бойына айналасын бақылап, не болатынын күтті. Бірде, түнде елдің бәрі ұйықтаған кезде, ол есегіне мініп, қаланы аралауға шықты. Өзінің бірнеше достарымен қаланы сыртынан айналып, қабырғаларының қай жері зақымданғанын қарады. Кейбір жерлерде есек өте алмайтындай үлкен тастар жатты.

Осылайша, Нехемия өзінің не істеуі керектігін көріп шықты.

Келесі күні яһуди басшыларын құрылысты бастауға шақырды. Ол Жаратқан Иенің дұғаларына қалай жауап бергені туралы айтты. Оның бұл әңгімесі бәріне күш бергендей болды.

Нехемия өз еркімен барғысы келгендердің бәрін жинап, оларды топқа бөлді. Әр топқа жұмыс істеуге қабырға бөліктерін бөліп берді. Кейде бір отбасының, бір көшенің адамдары бір жерде жұмыс істеді. Шеберлер бір қабырғада, діни қызметкерлер бір қабырғада еңбек етті.

Бірақ қалай жұмыс бір қалыпқа түсіп, жүре бастады, солай яһудилердің жаулары – самариялықтар келіп, оларды мазақтап, күле бастады.

– Бейшара яһудилер не істеп жатыр? – деп келеке етті олардың басшысы. – Бұл қабырғаны түлкі де сүйеніп, құлата алады.

Бірақ адамдар оларға мән бермей еңбектене берді, олар ештеңеге қарамай өз істерін аяқтауға шешім қабылдады.

Қабырғалар жартылай бітуге жақындаған кезде, самариялықтар абыржи бастады. Олар Иерусалимнің қорғаны мықты, ұлы қала болғанын қаламады. Сондықтан да құрылысшыларға шабуыл жасап, оларды қуып жібермек болды.

Нехемия бұл туралы біліп, адамдарды екі топқа бөлді. Ол бір топты қаруландырып, екінші топ жұмыс істеп жатқанда күзетке қойды.

– Қорықпаңдар, – деді оларға Нехемия, – біздің Жаратқан Иеміз біз үшін соғысады.

Олардың бәрі қару алып жүруге міндетті болды. Әрбір құрылысшы бір қолына құралын, ал екінші қолына қылышы мен найзасын алып жүрді. Сондай-ақ Нехемия жау келіп қалғанда белгі берсін деп, сырнайшы қойды. Енді, тіпті, құрылыстың алыс бөлігінде жүргендер де дабыл белгісін естіп, жұмыстарын тастап, шабуылға дайындалатын болды.

Адамдар үлкен жігермен, таң атқаннан күн батып, аспанда жұлдыздар пайда болғанша жан сала еңбектенді. Нехемия кей кезде күні-түні ұйқы көрмеді. Яһудилер Иерусалимнің қабырғалары түгел жөнделіп, қақпалары бекітіліп, жаулардан берік қорғаны болғанша жұмыс істеуге шешім қабылдады.

222. Езра халыққа Құдай Заңын үйретеді

Нехемия 8

Ақыры, Иерусалимнің қабырғалары түгел қаланып, мықты қақпалар қойылып бітті. Енді халық ештеңеден қорықпай қала алаңына жиналып, Құдай Сөзін тыңдай алады.

Нехемия бүкіл халықты алаңға жинады. Ата-аналар Құдай заңын біліп жүрсін деп балаларын да ерте келді.

– Бізге Заң кітабын оқып беріңіз, – деп өтінді халық дін мұғалімі Езрадан.

Езра барып, орама қағазды алып келді де, ағаштан арнайы биік етіп жасалған мінбеге көтерілді. Оған Заңды оқып, түсіндіруге он үш леуілік көмектесті.

– Ұлы Құдай, Жаратқан Ие жарылқанған! – деп дауыстады Езра, сонда бүкіл халық орнынан тұрып, қолын көкке көтеріп:

– Аумин, – деп жауап берді.

Адамдар мойынсұнушылықпен Жаратқан Иенің алдында бастарын иді, содан кейін тікелерінен тік тұрып, Езраның сөзіне құлақ салды.

Алдымен Езра кітаптан оқыды, кейін бірнеше леуілік адамдардың арасында жүріп, оқылған үзіндіні оларға түсіндірді.

Таң атқаннан түске дейін Езра мен оның көмекшілері Заңды оқып, түсіндірді. Көбірек тыңдаған сайын, адамдар өздерінің Құдай бекіткен заңды бұзғандарын жақсырақ түсініп, қатты күйзелді. Көпшілігі жылап, өздерінің әділетсіз істеріне өкінді.

Нехемия мен Езра халықты жұбатып, жігерлендірді.

– Бүгін бақытты күн, өйткені бұл күн Құдайға бағышталды, – деді олар. – Қуаныңдар! Үйлеріңе қайтып, той тойлаңдар. Нандарың мен шараптарыңды мұқтаж адамдармен бөлісіндер. Жаратқан Иенің разылығы сендерге күш-қуат береді!

Келесі күні яһудилердің басшылары Езраға қайта келді, ал ол Құдай Заңын оларға егжей-тегжей түсіндірді. Сөйтіп Езра тағы екі апта бойына үйретіп жүрді.

Содан кейін бүкіл халық тағы да жиналды. Адамдар Құдайдың алдында кешірім сұрап, Оның Өз халқымен жасасқан келісімді бұзбағаны үшін алғыстарын айтты. Сөйтіп олар да келісімді сақтап, Оған адал болуға және Оның Заңдарын орындауға уәде берді.

ЕСТЕР

223. Жаңа патшайым

Естер 1; 2

Артаксеркс бір кезде Бабылды жаулап алған ұлы Парсы патшалығының билеушісі болды. Барлық шығыс билеушілері сияқты ол да көп әйел алды. Бірақ патшайым деген атаққа солардың ішінде тек біреуі ғана ие болды. Міне сол, Астин патшайым бірде патшаның кәріне ұшырады.

Патша оған той-думан болып жатқан жерге келіп, сұлулығын көрсетуді бұйырған кезде, оның «бармаймын!» деп айтуға батылы барды. Мұнысымен ол патшаның намысына тиді.

– Патшалықтағы барлық сұлуларды жина, – деп достары патшаға кеңес берді, – сөйт те ең сұлуын таңдап алып, патшайым ет.

Сол кезде Бабылда Мардақай есімді бір яһуди тұратын. Көптеген яһудилер сияқты ол да отанына оралмай, жат елде қалып қойған болатын.

Мардақай Естер есімді жетім қалған туыс қарындасын асырап алған еді. Артаксеркс патшайым таңдамақшы болған қыздардың арасында Естерді де патша сарайына алып кетті.

– Өзіңнің еврей қызы екеніңді ешкімге айтушы болма, – деп кеңес берді Естерге Мардақай.

Қыздардың үстінен қарауға қойылған қарауылдың бастығына Естер ұнап қалды. Естер өте биязы және сүйкімді қыз болатын. Естердің жанында болу үшін Мардақай сарайға келді. Естер әйелдерге арналған үйде тұрып жатты, оларға сенімді бақылаушылар қойылған, алайда Мардақай сыртта серуендеп жүріп, Естердің денсаулығы мен жағдайын білу үшін кез келген ұтымды сәтті пайдаланатын.

Қыздар бұрынғыларынан да сұлулана түссін деп, оларға көп айлар бойына күтім жасалды. Содан соң оларға өздеріне жарасымды киім таңдауға рұқсат етіліп, оларды бірінен соң бірін патшаның алдына кіргізді.

Естерді көрген сәтте-ақ патша бірден шешім қабылдады.

– Мына қыз менің жаңа патшайымым болады, – деп жариялады ол.

Естер әрі қуанды, әрі қорықты. Өйткені патша тұрақсыз және оған қарсы сөз айтуға ешкімнің қақы жоқ. Алдыңғы патшайыммен болғанындай, бір күні өзі де оның кәріне ұшырауы мүмкін екенін Естер білді.

Бұл кезде Мардақай да сарайдан қызмет алып, Естермен мәлімет алмасу оңайырақ болып қалды.

Әрдайым сақ жүретін Мардақай бірде патшаның өміріне қастандық жасалғалы жатқанын біліп қалды. Ол мұны Естерге жеткізуге асықты, ал Естер оны патшаға айтты. Сөйтіп қастандық жасаушылар ұсталып, жазаға тартылды.

– Осының бәрін естелік кітабына жазып қойыңдар, – деп бұйырды патша.

224. Яһудилерге төнген қауіп

Естер 3; 4

Артаксеркс патшаның жаңа уәзірі Аман іші тар, арам кісі болатын. Ол патшалықтағы патшадан кейінгі екінші кісі болды және бәрі оның ұлылығын мойындауы тиіс еді.

Барлығы – қарапайым халық пен патша сарайындағылар – оны көрген кезде бас июлері керек болды. Бір кісіден басқаның бәрі солай етті де.

Ол кісі Мардақай еді. Ол ешқашан Аманға тағзым етіп, басын имеді.

– Неге сен Аманға бас имейсің? – деп сұрайтын одан.

– Мен яһудимін, – деп жауап беретін Мардақай, – мен тірі Құдайдан басқа ешкімге ешқашан бас имеймін.

Мардақайдың бұл қылығын естіп Аман ыза болды. Сөйтіп ол тек Мардақайды ғана емес, бүкіл яһудилерді жазалауға бел буды. Аман жұлдызшыларға өз жоспарын жүзеге асыруға оңтайлы күнді есептеп беруді тапсырды. Содан соң ол патшаға барды.

– Тақсыр, – деді ол, – патшалығыңызда сіздің заңдарыңызға бағынбайтын бір халық бар. Мен белгілеген күні солардың бәрін қырып тастауға жарлық беріңіз. Осылай істесеңіз мен қазынаға мол күміс құямын.

Бұл күмісті Аман яһудилерден тартып алмақшы еді.

Бұл сөз патшаның көңілінен шықты. Патша Аманның дайындаған жарлығына мәрін басып бекітіп, оның көшірмесін бүкіл патшалыққа таратты.

Мардақай мен басқа яһудилер мына жарлықты естіп қатты шошыды. Олар дереу ораза тұтып, дұға етті.

Содан кейін Мардақай патшайымға көмектесуін сұрап, өтініш жасады:

– Патшаға барып, біз үшін жалбарын, – деп өтінді ол Естерден.

Алайда мұны істеу Мардақай ойлағандай оңай емес болатын.

– Патшаның өзі шақырмай алдына келген кісі өлтірілуі мүмкін, – деп жауап берді Естер.

– Мен оның алдына шақырусыз кіре алмаймын. Оны көрмегеніме, міне, отыз күн болды, бәлкім маған деген көңілі суып қалған болар.

Естер – яһудилердің соңғы үміті екенін Мардақай білді.

– Қалай болғанда да өлетініңді түсінесің бе? – деді Марқай оған қайталап. – Сен яһуди қызысың, сондықтан мына қырғыннан аман қала алмассың. Патшаға бар. Мүмкін, сен өз халқыңды құтқару үшін патшайым болған шығарсың?

225. Патшайымның өтініші

Естер 4-6

Естердің жүрегі аузына тығылып, ойы сан-саққа жүгірді. Бірақ ол батыл шешім қабылдады: ол өз өмірін қатерге тігіп, патшаның алдына барады.

Егер патшаның көңіл-күйі жақсы болса, әрдайым қолында ұстап отыратын аса таяғын оған созады. Бұл оған рақым жасалды дегенді білдіреді. Естер Мардақайға кісі жіберіп, яһудилер ораза тұтып, дұға етуін өтінді, өзі де солай етеді.

Үшінші күні Естер ең әдемі киімдерін киіп, дірілдеп, патшаның тағы тұрған бөлмеге қобалжи келді. Патша басын көтеріп, оған қарап «Өзі қандай әдемі! – деп ойлады патша. – Осыншама ұзақ уақыт мен оны қалай есіме алмағанмын!»

Ол күлімсіреп Естерге аса таяғын созды. Естер құтқарылды.

– Не қалайсың? – деп сұрады ол.

– Бүгін кешке Аман екеуіңіз келіп, қонақ болыңыздар, – деді тұтығып зорға сөйлеген Естер.

Патша бұл шақыруға қуанып қалды, Аман да қуанды. Қонақта отырғанда Естер оларды келесі күнге тағы шақырды.

– Сол кезде мен өз өтінішімді айтамын, – деп уәде берді ол патшаға.

– Патшайымның өзі маған сый-құрмет көрсетті – деп мақтанды Аман әйеліне, бірақ содан кейін: – Алайда Мардақай тірі тұрғанда мен бақытты бола алмаймын, – деп қосып қойды.

– Олай болса, дар құрып, Мардақайды асуды бұйыр, – деп кеңес берді оған әйелі.

Аман дар орнатуға бұйрық беріп, патшадан Мардақайды дарға асуға рұқсат сұрау үшін, өзі патша сарайына барды.

Сол түні патша түні бойы көз ілмей шықты.

– Сарайда болған оқиғаларды жазып жүретін естелік кітабын маған оқып берсін, – деп бұйырды ол.

Патшаға қарсы жасалған қастандықты ашқан Мардақай туралы оқығанда, Артаксеркс:

– Мардақайға сый берілді ме? – деп сұрады.

– Жоқ, – деп жауап берді қызметшілер.

Патша дереу Аманды шақыртты.

– Өзім ерекшелеп, құрмет көрсеткім келген кісіге не істесем екен? – деп сұрады одан патша.

«Ол мен туралы айтып тұр!» – деп ойлады Аман.

Сондықтан да Аман сол кісіні патшаның атына отырғызып, оны салтанатты түрде бүкіл қаланы аралатып шығуды ұсынды.

– Жақсы, – деп келісті патша. – Мардақайды тап та, оны менің атыма отырғызып алып, көшелерді аралатып, бұл кісіге патша ерекше құрмет көрсеткісі келеді деп барлық жерде жарияла.

Аман ызадан қалшылдап кетті, енді ол өзінің қас жауына қарсы ешнәрсе де айта алмайды.

Аман үйге қайтып келгенде: – Жолың болмады, – деді – әйелі басын шайқап:

– Бұл Мардақай түбінде сені жеңіп шығады.

226. Есте қалатын күн

Естер 7; 8

Естерге екінші күні қонаққа келгенде, Аман көбіне үнсіз отырды. Ал патша болса, керісінше, шарап ішіп, жарқылдай күліп, өте көңілді отырды, соңында Естерге:

– Естер патшайым, не қалайсың? Тіпті патшалығымның тең жартысын сұрасаң да, мен саған қалағаныңды беремін, – деді патша.

– Маған және менің халқыма өмір сыйласаңыз екен деп қана өтінемін, тақсыр, – деп сабырлы жауап берді Естер. – Өйткені бір кісінің арам пиғылының кесірінен бүкіл бір халық қырылғалы тұр.

– Бұған кімнің дәті барды екен? – деп ашулана сұрады патша.

Естер осы кезде тілі күрмеліп, бозарып кеткен Аманды көрсетті.

– Сол кісі мынау! – деді Естер.

Патша орнынан атып тұрып, баққа шығып кетті, сонда ол ерсілі-қарсылы жүре бастады. Аман Естердің аяғына жығылып, одан рақым етуін сұрап жалбарынды. Сол кезде патша қайтып келіп, қаһарлана:

– Патшайымға жақындауға сенің қалай дәтің барды! – деп айқай салды.

– Аман қала қабырғаларынан да биік етіп, Мардақайға арнап дар жасатып қойған, – деді қызметшілердің бірі патшаға.

– Олай болса, соған Аманның өзі асылсын! – деді патша. – Мардақай оның орнына бірінші уәзір болады.

Қорыққанынан қалшылдап, әл-дәрмені қалмаған Аманды сүйреп, бөлмеден алып шығып кетті.

Сонда Естер патшадан яһудилерді қыру туралы жарлығын бұзуды өтінді.

– Шығып қойған заңды бұзуға болмайды, – деп жауап берді Артаксеркс. – Бірақ сен оған қалағаныңды қосуыңа болады, мен оны мөріммен бекітемін.

Мардақай патшаның жарлығына қосымша дайындады, онда яһудилер қолдарына қару алып, оларды қыру тағайындалған күні өздерін қорғауларына болады деп жазылған.

Сол күн келгенде ешкімнің де яһудилерге шабуыл жасағысы келмеді. Мардақай мен Естер яһуди және екеуі де патшаның қорғауында екенін бәрі білді.

Ал яһудилер болса өз жауларына аяусыз болды.

Яһуди халқын аман алып қалу үшін өз басын қатерге тіккен ержүрек Естерді елі ұмытқан жоқ. Аман яһудилерді қыру үшін таңдаған күнді олар жыл сайын атап өтіп, Естер кітабын оқиды.

АЙҰПТЫҢ ОҚИҒАСЫ

227. Айұптың азаптары

Айұп 1, 2

Ыбырайымның тұсында Айұп деген кісі өмір сүрді. Ол өте бай адам еді, бірақ оның байлығы алтын мен күмісте емес, өріс толған малында болды.

Айұпты бәрі құрметтейтін. Ол сараң да, менменшіл де емес болатын. Айұп Жаратқан Иені сүйді және басына қиындық түскендерге, мұқтаждарға әрдайым көмектесті. Ол өзінің ұл-қыздары үшін ұдайы дұға етті.

Құдай Айұптың Өзін құрметтейтінін және қайырымдылығын көріп разы болды.

Бірақ Айұпты көріп тұрған жалғыз Құдай ғана емес еді. Жаратқан Иенің қас жауы, зұлымдық атаулының атасы – шайтан да оны бақылап отырды.

– Айұптың Сені қастерлеуі бостан босқа дейсің бе? Сенің оған беріп жатқандарың үшін ол Сені жақсы көреді, – деді шайтан Жаратқан Иеге. – Егер оның басына апат төнсе, ол дереу өзгеріп шыға келер еді.

Қандай күн туса да Айұптың Өзіне адал болып қалатынын Жаратқан Ие білді.

– Сен Айұпты сынап көр, – деді Ол шайтанға. – Оны бар мал-мүлкінен айыруға болады. Бірақ оның өзіне тиісуші болма.

Осыдан кейін көп ұзамай Айұпқа бір қызметшісі жүгіріп келді. Ол көшпенділер шабуыл жасап, бүкіл есектерді айдап кетті деген суыт хабар әкелді.

Әлгі қызметші сөзін аяқтап болмай жатып, екінші қызметші келіп, найзағай түсіп, барлық қойлар мен қойшылардың мерт болғанын жеткізді.

Үшіншісі, жау келіп, бүкіл түйені айдап кеткенін айтты.

Ал ең қайғылы хабарды төртіншісі әкелді. Оның барлық ұл-қыздары жиылып, той-думан жасап жатқан жерде қатты жел тұрып, үй құлап, ішіндегілердің бәрі қаза тапты.

Айұп қатты қайғырды, бірақ осы азаптары үшін Жаратқанға тіл тигізген жоқ.

– Мен анамнан жалаңаш туылдым, жалаңаш болып кетемін, – деді ол. – Жаратқан Ие Өзі берді, Өзі алды. Лайым Жаратқан Иенің аты жарылқансын!

– Менің құлым Айұп сынақтан өтті, – деді Жаратқан Ие.

Бірақ шайтан былай деді:

– Сен оның өзіне тиген жоқсың. Егер ол ауруға ұшыраса, дереу өзгеріп шыға келер еді.
– Айұпқа ауру жіберуіңе болады, бірақ оның өмірін алушы болма, – деді Жаратқан Ие.
Көп ұзамай Айұптың денесін жара басып кетті. Ол ауруын жеңілдетіп, жараның қышығанын баса алмады.
– Бұл Құдайдың кінәсы, – деп шағымданды әйелі.
– Аузыңды жап! – деді оған Айұп. – Сен ақылынан адасқан адам сияқты сөйлемес. Жаратқан Ие бізге бақытты күндер берсе қуанамыз. Оның жіберген бақытсыздықтарына да төзуіміз керек қой.

228. Жұбаныш жоқ

Айұп 2-37

Көп ұзамай барлық жұрт Айұптың басына түскен бақытсыздық жайлы айта бастады. Оны жұбату үшін ең жақын деген үш досы келді. Бірақ үсті-басын жара басқан, киімі жыртық-жыртық болып күлге отырған Айұпты көргенде олар жылап жіберді. Қайран қалған олар не айтарларын білмей ұзақ үнсіз отырды.

Ақыры олар бірінен кейін бірі Айұппен сөйлесе бастады.

– Мүмкін сен біз білмейтін бір зұлым іс жасаған шығарсың, – деді біреуі. – Бейкүнә кісілерге Жаратқан Ие мынадай азап жібермейді ғой. Жаратқан Ие сені күнәң үшін жазалап жатыр.

Бірақ Айұптың ары таза еді. Ол өзінің Жаратқан Иені бар жан-жүрегімен сүйгенін және әділ де қайырымды болғанын біледі. Айұп ешқандай айыбы жоғын айтты. Алайда оның достары:

– Айыбыңды жасырма. Одан да күнәңды мойында және істеген ісің үшін Жаратқанның алдында тәубеңе кел. Сонда Ол сені кешіріп, бақытты күндер қайта туады, – десті.

– Сендер маған сенбей тұрсыңдар, тіпті менің көрген азабыма аяушылық танытып та тұрған жоқсыңдар ғой? – деді Айұп. – Басыма қиын-қыстау күн туғанда маған адал достар қажет. Ал сендер мені жұбата алмадыңдар.

Достарының қателесіп тұрғанын Айұп білді. Сонымен қатар, ол Жаратқан Ие әділетсіздік жасап тұр деп дұға етті:

– Мен Саған дұға етемін, ал Сен маған жауап бермейсің ғой, Жаратқан Ием! – деді ол.

Осы кезде олардың әңгімесіне төртінші кісі араласты:

– Мен осы кезге дейін үндемедім, себебі сендерден жасым кіші. Сендер менен ақылдырақ қой деп ойлап едім. Бірақ сендер қателесесіңдер. Айұп, аспан жұлдыздарына қарап, Құдайдың ұлылығы туралы ойланшы! Егер күнә жасасаң, онда қалай ақталасың? Егер әділ болсаң, онда Оған не бересің? Біз Оны толық ұғына алмаймыз.

Алайда, Ұлы, бірақ та алыстағы Құдай туралы ой Айұпты жұбата алмады.

Егер Жаратқан Ие оған құлақ асып, оны мазалаған сұрақтарға жауап берсе ғой, шіркін!

229. Жаратқан Иенің Айұппен сөйлесуі

Айұп 38-42

Олардың бәрі сөйлеп болған кезде, күшті дауыл тұрды. Найзағай жарқылдап, күн күркіреп, жерге нөсер жаңбыр құйды.

Дауыл арасынан Жаратқан Ие Айұпқа сөйледі.

– Айұп, сен Маған әр түрлі сұрақтар қойдың. Енді Мен саған сұрақ қоямын, ал сен маған жауап бер. Мен әлемді жаратқан кезде сен қайда болдың? Алғашқы жұлдыздар аспанға шығып, қуана жымыңдасып, ән салғанда, сен қайда болдың? Немесе Мен теңіздің жолын бөгеп, өзімшіл толқындарды ауыздықтағанымда, сен қайда едің? Жарықтың тұрағына апаратын жол қайда екенін білесің бе, соны айтшы? Қар тұратын қойманы немесе бұршақты сақтайтын жерді көрдің бе? Жауап бер!

Жаңбырға жау деп бұйырып, жан-жануарлар мен өсімдіктерге өмір бере аласың ба?

Құстарға ұшуды үйретіп, жабайы аңдарды тойындыра аласың ба? Жауап бер!

Дәу балықты судан қармақпен тартып шығаруға күшің жете ме? Жабайы аңдарды қолға үйретіп, алып мақұлықпен ойнай аласың ба? Жауап бер Маған!

Айұп ешнәрсе дей алмады. Ол ұяттан жерге кіре жаздады. Ол Жаратқан Иенің өсиеттерін орындап әділ өмір сүрді, бірақ ол Жаратқан Иенің даналығы мен құдіретіне иедей-ақ Онымен дауласа аламын деп ойлады. Жаратқан Иенің жасап жатқандарының бәрін ол түсіне аламын деп ойлады.

Айұптың неге осыншама бақытсыздыққа тап болғанын Жаратқан Ие түсіндірген жоқ. Бірақ Ол құдіреті күшті және дана Құдайдың істерінің бәрі адамның игілігі үшін екенін түсініп, есте сақтауға Айұпты мәжбүр етті.

– Мен бұрын Сені білмеген екенмін, – деп мойындады Айұп. – Мен Сен туралы жұрттың айтқанынан ғана біліппін. Ал қазір Сен менімен сөйлескеннен кейін, Сенің ұлы да құдіретті екенінді көріп тұрмын. Өзім туралы асқақ ойда болғаным үшін Сенен кешірім сұраймын.

Сонда Жаратқан Ие Айұптың үш досына былай деді:

– Сендер қателесесіңдер. Сендер Мен туралы дұрыс айтпадыңдар, ал Айұп дұрыс айтты. Бірақ Айұп сендер үшін дұға етеді, сонда оның дұғасына сай Мен сендердің күнеларыңды кешіремін.

Достарының өзіне қатал әрі әділетсіз болғандарына қарамастан Айұп оларға кек сақтаған жоқ. Ол достары үшін дұға етті.

Ал Жаратқан Ие Айұпқа батасын берді. Ол Айұптың мал-мүлкін тіпті артығымен қайтарып берді. Айұп қайтадан перзентті болды. Оның жеті ұлы және Емима, Кассия және Керенгаппух есімді үш қызы болды. Сөйтіп Айұп ұзақ өмір сүрді.

ЗАБУР ЖЫРЛАРЫ

230. Мадақтау жырлары

Забур 116; 99; 102

Израил халқы басқа да халықтар сияқты өз жырлары мен әнұрандарын шығарған. Забур – әндер жиынтығы. Бұл әндерді хормен ғибадатханада айтатын.

Забур жырларын әр кезде әр түрлі адамдар жазған. Олардың кейбіреулерін діни мейрамдар кезінде, халық үшін аса маңызды оқиға болған кезде, Жаратқан Иеге алғысын білдіріп, немесе Одан көмек сұрау үшін айтатын болған. Кейбір жырларда оны құрастырушылар өз сезімдерін білдірген.

Көптеген Забур жырлары ақын әрі жыршы Дәуіт патшаның өмірінде болған әртүрлі оқиғалармен байланысты. Бүгін біз қуанған немесе қайғырған кездерімізде Забур жырларының ішінен біздің дәл сол мезеттегі сезімімізге сәйкес жерлерін таба аламыз. Забур жырлары Құдайдың ұлылығы мен Оның бүкіл жаратылысқа деген рақымы туралы айтады.

Тәңірді мадақтаңдар, барлық ұлттар!
Оны мадақтаңдар, күллі халықтар!
Ол орасан зор мейірімін танытады,
Бізге мәңгі-бақи адал болады,
Мадақтаңдар Жаратқан Иемізді!
Бар әлем, жырлаңдар Иенді дауыстап,
Тәңірге қызмет етіңдер шаттанып,
Келіңдер алдына қуана әндетіп,
Мойындаңдар Оны Құдайымыз деп:
Бізді жаратты Ол, меншікті үмбетіміз,
Ізгі шопандай бағатын халқымыз.
Оның ғибадатханасына барып,
Алғыс жыр айтыңдар қақпасынан өтіп,
Иені мадақтаңдар алаңына кіріп,
Шүкіршілік етіңдер есімін дәріптеп!
Себебі Тәңір Ие мейірімді,
Мәңгілік шапағатын тигізеді.
Тәңір ұрпақтан ұрпаққа біздерге
Сенімділігін көрсете береді.
Жан-тәніммен Жаратқан Иені мадақтаймын,
Шын жүректен қасиетті атын ардақтаймын.
Жан-тәніммен Жаратқан Иені мадақтаймын,
Маған көп жақсылық жасағанын ұмытпаймын.

Ол бар күнәмды кешіріп,
Дерттерімнің бәрін сауықтырады,
Өлімнен жанымды аман қалдырып,
Рақымы мен мейірімін сыйлайды.
Тілегімді жақсылықпен қанағат қып,
Қырандай мені қайта түлетеді.
Жаратқан – мейірімді де рақымды,
Асқан шыдамды әрі қайырымды.
Ол бізді ұдайы айыптамайды,
Мәңгі-бақи кек те сақтамайды.
Бізді күнәмызға қарап жазаламайды,
Жаман ісіміздің есесін қайтармайды...
Неден жаратылды, соны біледі,
Топырақтан екеніміз Оның есінде...
Жаратқан Иенің билігі астында
Жүретін барлық жаратқандары,
Жаратқан Иеге мадақтау айтыңдар!
Жан-тәніммен Жаратқан Иені мадақтаймын!

231. Жұбаныш жырлары

Забур 22; 120; 45

Жаратқан Ием – менің бағушым,
Мен еш нәрседен де тарықпаймын.
Ол мені жасыл жайлауға жаяды,
Тұнық суға жетелеп апарады.
Тәңір жаныма күш дарытады.
Есімі «Қасиетті» болғандықтан,
Мен сенімімді артамын да Оған:
Ол мені тура жолмен жетелейді.
Қап-қараңғы шатқалда жүрсем де мен,
Қорықпаймын ешбір қауіп-қатерден,
Себебі Өзің менің қасымдасың,
Жігер беред таяғың мен сойылың.
Сен маған дастархан жаясың,
Көз алдында дұшпандарымның,
Мені құрметпен қарсы алып,

Тостағанда толтыра құясың.
Жақсылық пен мейірімділік
Үлесім болады өмірлік,
Жаратқан Иенің үйінде
Мен қала беремін мәңгілік.
Тауға көзді қадаймын:
Қайдан жәрдем келер? – деп.
Көк пен жерді жаратқан
Тәңір Ием маған жар.
Тайдырмайды Ол табаныңды,
Ұйықтамайды Қорғаушың,
Исраилді Қолдап-қорғаушы
Қалғымайды да ұйықтамайды.
Қорғаушың – Жаратқан Ие,
Қасыңда саяң боп жүреді,
Күндіз күннің, түнде айдың
Тимесін деп сәулелері.
Жамандықтың барлығынан
Жаратқан Ие сені сақтайды,
Жаныңды Ол қорғап-қолдайды.
Бүгіннен бастап мәңгі-бақи
Иеміз қорғайтын болады
Барып келу сапарыңды.
Құдай – біздің панамыз да күшіміз,
Қиын кезде сенімді көмекшіміз.
Сол себептен біз уайымдап қорықпаймыз,
Дүниенің астаң-кестеңі шығып,
Таулар теңіз тұңғиығына құласа да,
Теңіз долдана ақ көбік атқылап,
Толқынынан тау сілкініп жатса да...
Әлемнің Иесі жанымызда,
Қорғанымыз – Жақып сиынған Құдай.

НАҚЫЛ СӨЗДЕР

232. Даналыққа толы сөздер

Жаратқан Ие Сүлейменге қалағанының бәрін беруге ұсыныс жасаған кезде, жас патша даналық сұрады. Өз ақыл-ойына сүйеніп, патшалықты басқара алмайтынын ол жақсы түсінді. Киелі кітап бойынша дана болу – яғни ісің Жаратқан Иенің еркіне сай әрекет етуді білу деген сөз. Нақыл сөздер кітабы осы даналыққа қалай қол жеткізуге болатынына байланысты кеңестерге толы. Сүлеймен және нақыл сөздерді құрастырған басқа кісілер де адамның даналыққа қарай алғашқы қадамы – Құдайды сүю және Оны қастерлеу екенін айтады.

Достық пен отбасы, қуаныш пен қайырымдылық, жалқаулық пен бос сөзге әуестікке байланысты назарларыңызға алынған біраз үзінділерді Сүлейменнің нақыл сөздерінен ұсынбақпыз.

Шынайы дос әрдайым жақсы көрер,
Қиыншылықта бауырыңдай көмектесер.

Ақылды бала әкесін риза қылар,
Ақылсыз жан шешесін қор қылар.

Әкесін тонап, шешесін қуған ұл –
Ар-ұждансыз, жексұрын бұл.

Ұзаққа созылған үміт жүрек қажытар,
Орындалған тілек өмірді құлпыртар.

Көтеріңкі көңіл шипа болар,
Жабырқаңқы көңіл тәнді қуартар.

Өсек тасыған сырыңды ашар,
Серігің болмасын сөзқұмар!

ЖҮНІСТІҢ ХИКАЯСЫ

233. Құдайдан қашу

Жүніс 1

Бірде Жаратқан Ие Жүніс пайғамбарға:

– Сен Менің сөздерімді Ниневи тұрғындарына жеткіз. Олардың қатыгездіктері мен зұлым істерін өзің де білесің ғой. Патшаға және халыққа айт, егер олар қылмыстарына өкініп, зұлым істерінен бас тартпаса, Мен оларды жазалаймын.

Жүніс болса Жаратқан Иенің айтқанын істегісі келмеді. Ол Исраилдегі Құдай халқына уағыз айтуға дайын еді, ал басқа бір халыққа барудың қажеті жоқ деп ойлады. Оның үстіне, халық болғанда қандай халық десеңші! Ниневи ұлы Ассирия патшалығының астанасы болатын, ал ассириялықтардың зұлымдықтарын елдің бәрі білетін: ассириялықтар өздеріне бағынбаған халықтарға аяусыз болатын.

– Егер мен Ниневиға барып, адамдарға Құдай туралы айтсам, олар күнәларына өкініп, Құдайға сиына бастауы мүмкін ғой, – деп ойлады Жүніс. – Онда Жаратқан Ие оларды кешіріп, жазаламай-ақ қояды. Ал олар болса жазалануға лайық, сондықтан менің оларға ескертуімнің керегі де жоқ!

Жүніс Жаратқан Иеден жасырынып, Ниневиден алысқа кетіп қалуға тырысты. Ол теңіз жағасында орналасқан Иоппе қаласына келді. Мұнда әлемнің шартарабына аттануға дайын кемелер толып тұр. Кемелердің бірі Тарсиске жүзгелі тұр екен, бұл алыс елді Исраил халқы тек теңізшілердің әңгімелерінен ғана біледі.

Жүніс кемеге отырып, оның ең төменгі қабатына түсіп, дем алуға жатты. Ол оянған кезде, Жаратқан Иенің жүктеген міндетін орындау мүмкін болмай қалады, – деп ойлады ол, – өйткені Ниневи алыста қалып қояды ғой.

234. Дауыл

Жүніс 1

Көп ұзамай Жүніс қатты ұйықтап кетті. Желкенді керіп, арқандарды байлап жатқан теңізшілердің айқай-шуы оған еш әсер еткен жоқ. Кеменің толқын бетіндегі баяу тербелісі оның қажыған тәні мен жанын тыныштандырды.

Бірақ олар алыс жүзіп кетпей жатып-ақ күшті жел тұрып, толқындарды көтере бастады. Толқындар биіктеп, кеменің жақтауларын соққылады.

Теңізшілер кемені су бетінде бір қалыпты ұстап тұруға бар күштерін салды. Не істерлерін білмей абыржыған олар кемені басқару жеңілірек болсын деп, кемеге артылған

жүктің бір бөлігін суға лақтырды. Мықты кеме сықырлап, міне-міне быт-шыты шығатындай болып көрінді. Теңізшілер кеме батады деп қауіптенді.

Зәрелері ұшқан олардың әрқайсы өз тәңірлеріне табына бастады.

Кеме бастығы төменге түсіп, Жүністің жайбарақат ұйықтап жатқанын көрді. Ол Жүністі жұлқылап оятып алып:

– Оянсаңшы, Құдайыңа сиын, әйтпесе бәріміз теңіз түбіне кетеміз! – деді.

Кеменің үстінде теңізшілер не істеу керектігін ойластырып жатты.

– Сірә, кемеде бір күнәкар бар-ау, – деді біреу. – Тәңірлер ашуланып, оны жазалау үшін мына дауылды жіберіп жатыр. Жеребе тастап, бізді осы пәлеге душар еткен кім екенін біліп алайық.

Қалған теңізшілер онымен келісті. Олар кемедегі кісілердің бәрінің аттарын қағазға жазып, араластырып, кінәлінің атын алып шықты. Ол Жүніс еді!

– Жүніс, бізге айтшы, – деп өтінді олар. – Өзің кімсің? Кәсібің не? Басымызға мынадай апат төнетіндей не істеп қойдың?

– Мен евреймін, – деді Жүніс. – Теңіз бен құрлықты жаратқан көктегі Құдайды қастерлеймін. Сендер қателескен жоқсыңдар, мен Құдайдың алдында күнә жасадым. Мен Құдайдың пайғамбары бола тұра, Оның Сөзіне құлақ аспадым және Одан тығылу үшін қашып та бара жатырмын.

– Бұлай етуге қалай дәтің барды? – десті теңізшілер.

– Теңіздің тыншуы үшін енді біз не істеуіміз керек?

– Мені теңізге лақтырыңдар, – деді Жүніс тайсалмай.

Теңізшілер қайырымды кісілер болатын. Олар Жүністің суға батқанын қаламады, сөйтіп соңғы рет кемені жағаға шығару үшін ескектеріне жармасты. Бірақ олар дауылға қарсы тұра алмады, ақыры Жүністің айтқанын орындауға мәжбүр болды.

– Жүністің сиынатын Құдайы, – деп дұға етті теңізшілер, – өтінеміз, біз оны суға лақтырғанымыз үшін қаһарлана көрмеші. Біз оған жамандық жасағымыз келіп тұрған жоқ, алайда біздің басқа амалымыз қаламады, өйткені Өзің бізге күшті дауыл жібердің.

Содан кейін олар Жүністі теңізге лақтырды. Сонда жел сап тиылып, толқындар басылып, теңіз тыныштала қалды.

Теңізшілер тізелерін бүгіп, зәрелері ұша Жүністің Құдайына сиынды.

– Сенің бірден-бір әділ Құдай екеніңе сенеміз. Осы сәттен бастап біз Саған қызмет етеміз және тек Саған ғана табынатын боламыз, – деп ант берді олар.

235. Үлкен балықтың тәлімі

Жүніс 1-3

Жүніс теңізшілерге өзін теңізге лақтыруды бұйырғанда, асқан батылдық танытты. Бірақ буырқанып, көбігі атқылап жатқан теңізге құлағанда пайғамбарды қатты қорқыныш биледі.

Балдырлар оны аяқ-қолынан шырмап алды. Теңіздің дәл құлағының түбінде буырқанғанын, ал аузына су құйылып жатқанын сезіне тұрып, Жүніс Жаратқаннан құтқаруын өтініп жалбарынды.

Кенет теңіз тұңғиығынан бір үлкен балық жүзіп шыға келді де, қас қағым сәттен кейін Жүніс үлкен балықтың ішінде отырды.

Бірақ ол суға батып кеткен жоқ! Ол тірі еді!

Жүніс өзімен тағы не болуы мүмкін екенін ойламады. Оны Жаратқанға деген ризашылық сезімі кернеп кетті. Мына үлкен балықтың пайда бола кетуі де теңіздегі күшті дауыл сияқты Жаратқан Иенің ісі екеніне пайғамбардың сенімі кәміл болды.

– Құдай Ием, рахмет Саған! – деп әндетті Жүніс балықтың ішінде отырып. – Сен мені ажалдан құтқардың!

Үшінші күні балық жағаға жүзіп барды. Құдайдың еркіне бағынып, ол Жүністі жағаға құсып тастады. Ол тірі және дін аман еді.

– Жүніс, Ниневифа бар, – деді Жаратқан Ие оған екінші рет.

Жүніс бұл сабақты есінде жақсы сақтап қалды. Бұл жолы ол Құдайға қарсылық білдірген жоқ.

236. Кішкентай құрттың тәлімі

Жүніс 3; 4

Жүніс Ниневифа келіп, орасан зор қаланы көргенде, оның тынысы тарылып кетті. Бүкіл қаланы, оның маңайындағы ауылдарды түгел аралап шығу үшін Жүністің үш күн уақыты кетті.

Ол барған жерінің бәрінде уағыздап жүрді. Ол патшаға және сонда тұратын халыққа көк пен жерді жаратқан Құдай туралы және Оның бұдан былай зұлым істермен айналысуға жол бермейтінін айтты. Адамдар өздерінің қателіктерін мойындап, Құдайдан кешірім сұрап, өмір сүру салттарын өзгертулері тиіс. Әйтпесе Жаратқан Ие оларды да, ұлы қалаларын да жазалайды.

Адамдар пайғамбардың сөздерін зейін қойып тыңдады.

Олардың бәрі, патшаларымен қоса, теріс жолдарынан қайтып, Құдайдан кешірім сұрады.

Жаратқан Ие оларға ризалығын берді. Ол енді Ниневиді жазаламайтын болды.

Бірақ Жүніс риза емес еді.

– Осылай болатынын айтпап па едім? – деді ол Жаратқан Иеге. – Сондықтан да мен бірінші жолы қашып кетуге тырыстым, өйткені Сен мына оңбаған ассириялықтарды кешіресің деп қорықтым. Бізді ешқашан аямаған қас жауымызға рақым етуге Сен дайынсың. Бұдан да өлгенім артық қой!

Сөйтіп Жүніс Ниневиден кетіп қалды. Ол алысқа кетпей, қала көрініп тұратын жерге барып отырды. Дегенмен ол әлі де Жаратқан Ие қалаға күкірт пен от-жалын жіберер деп үміттенді. Сол екі арада күн шақшиып дәл төбеге көтеріліп, күйдіріп барады. Жүніс өзін бұрынғысынан да бақытсыз сезінді.

Сонда теңізде дауыл тұрғызған және үлкен балықты жіберген Жаратқан Ие Жүністі күннің қызуынан қорғау үшін көлеңкесі мол үлкен бір бұтаны өсіріп шығарды. Сол бұтаның көлеңкесі Жүніске қатты ұнады.

Бірақ Жаратқан Ие кеміргіш құртқа бұтаның тамырын кесіп тастауды бұйырды. Сөйтіп келесі күні таңертең бұта солып қалды.

Күн қыздыра бастаған сайын, көлеңкеден айрылған Жүніс ашуланып, әлсірей берді.

– Бұтаға бола ренжіп, ашуланатындай қандай қақың бар? – деп сұрады Жаратқан Ие.

– Қақым бар! – деп жауап берді Жүніс. – Бұтаның көлеңкесі бар кезде маған жақсы еді. Ал қазір мен әбден әлсіредім, бұдан да өлгенім артық!

– Жүніс, – деді Жаратқан Ие мейірлене, – сен бұтаның құрғап қалғанына ренжіп отырсын, бұл бұтаны өңдеп, өсіруге сенің ешқандай еңбегің сіңген жоқ. Ол бір түнде өсіп шықты да, бір түнде жоқ болды. Ниневи халқын жазалап, құртуды ойлағанда Мен не сезінеді деп ойлайсың? Бұл Менің Өзім жаратқан және көптеген жылдар бойы қамқор болып келген адамдарым. Сен келіп айтпағаныңша, олар Мен туралы білген жоқ және Мені сүйген жоқ. Мен оларға рақым етіп, олардың өздерін де, малдарын да аман алып қалуым керек емес пе?

МАЛАХИЯ

237. Жаратқан Иенің Хабаршысы келеді

Малахия

Бұрынғыдай халықты толғандыратын және жігерлендіретін ешнәрсенің Исраилде болмағанына көп болды. Яһудилер ата-бабалары Бабылдың құлдығынан қуанышпен оралған кездерді сағынышпен еске алатын.

Ғибадатхана мен қаланы қайта салып, қалпына келтірген ауыр кезеңдер де өтті, тіпті сол кездер де адамдарға қазіргі бірсыдырғы күндерінен әлдеқайда жақсырақ болып көрінді.

Олар апта бойына бас көтермей еңбектенді, бірақ табысқа қол жеткізіп жатқан ешкім жоқ. Сенбі сайын олар ғибадатханаға барады, алайда ғибадатханада өтетін қызметтер оларға көңілсіз болып көрінді.

Сонда Құдайдың пайғамбары Малахия халыққа былай деді:

– Жаратқан Ие бұрынғысынша сендерді сүйеді және сендерге қамқор болып та жүр.

– Қайдам, – деп күңкілдесті жұрт. – Құдайды құрметтемейтін халықтар бізге қарағанда әлдеқайда жақсырақ тұрады. Оған қызмет еткеннен ешқандай пайда жоқ.

– Құдайға өз өмірлеріңде тиесілі орнын алуына мүмкіндік беріңдер, – деді Малахия. – Сендердің істеріңмен келіскеннен гөрі Жаратқан Иенің ғибадатхана есігін жауып қойғаны артық. Сендер ғибадатханаға Жаратқан Иені сүйгендіктен емес, бұл әдетке айналғандықтан барасыздар. Сендер міңгірлеп мінәжат етесіңдер, бірақ сөздеріңнің мәнісін түсінбейсіңдер. Жаратқан Иеге малдарыңның ішіндегі ең жақсы төлдерін әкелудің орнына, құрбандыққа шалуға ақсақ-тоқсақ, ауру-сырқау малдарыңды әкелесіңдер. Сөйтіп жаман малдарыңнан құтыласыздар. Құдайдан жарылқауды қалай күтесіңдер? Оған қайтадан бет бұрыңдар! Өздеріңде бардың ең жақсысын Оған бағыштаңдар. Сонда Оның сендерге оң батасын жаудырғанын өз көздеріңмен көресіңдер.

Жаратқан Ие кереметтер жасамайтын болды деп шағынасыңдар. Менде сендерге арналған жаңа хабар бар – Жаратқан Иенің Өзі ғибадатханасына келмек! Жаратқан Ие Өзін кімнің шынайы сүйетінін біледі және келген кезінде әділдерді әділетсіздерден бөліп алады. Саф алтынды қоспадан бөліп ала алатын балқытушы сияқты Ол сендерді тазартады.

Бірақ Жаратқан келерінің алдында Оған арнап жол дайындау үшін Елшісін жібереді. Ілияс пайғамбар сияқты ол да Жаратқан Иенің бұйрықтарын жеткізетін болады. Сондықтан, байқандар, – Құдайдың Елшісі келеді.

Адамдар Малахияның сөзін ұйып тыңдады. «Құдайдың бұл Елшісі қашан келер екен? – деп ойланды олар. – Ол жуырда келер ме екен, әлде Оны ұзақ жылдар бойына күтуге тура келе ме?»

ЖАҢА ӨСИЕТ

Жаңа Өсиет – бұл Иса Мәсіх және Оның жер бетіне адамды Құдаймен татуластыру үшін келгені туралы әңгіме.

Иса Мәсіх – Құдайдың Ұлы, Оған сенуші әркім күнәсы кешіріліп, мәңгілік өмірге ие бола алуы үшін Өз өмірін қиды.

Иса өлімнен қайта тірілгеннен кейін, Оның шәкірттері Мәсіхке сену арқылы құтқарылу туралы Ізгі хабарды шартарапқа таратты.

АЛДЫН АЛА ТАҒАЙЫНДАЛҒАН ПАТША

238. Үміт пен дұғалар

Луқа 1

Малахия пайғамбар яһудилерге Жаратқан Иенің келуіне дайындалуды ескерткеннен кейін төрт жүз жылдан астам уақыт өтті. Яһудилердің басынан талай ауыр күндер өтті. Парсылардың орнына гректер келді. Яһудилердің ұлы көсемі Иуда Маккавейдің жетекшілік етуімен болған ержүрек көтеріліс те артта қалды, енді яһудилер қайтадан жатжерліктердің езгісіне түскен еді: Грекияны Рим жеңіп алып, Иерусалимге римдік әскерлер кірді. Елді жау басып алды.

Көптеген яһудилер халық арасынан жаңа батыр шығып, римдіктерді қуып, Яһудея патшалығының қайта қалпына келтірілгенін көкседі. Жаратқан Ие оларға уәделі патшаны жіберіп, ол Құдайдың халқына бостандық алып берсе ғой, шіркін!

Алайда яһудилердің арасында Жаратқан Иенің өсиеттерін орындау мен Құдайға қызмет етуді бәрінен де жоғары қоятын кісілер де болды. Олар да Құдайдың тағайындаған Патшасын күтті, алайда олар қарапайым қолбасшы ғана емес, әділ де мейірімді билеуші келеді деп күтті.

Сол кездерде Зәкәрия есімді діни қызметкер болды. Әйелі Елізабетпен бірге олар Жаратқан Ие осындай патша жіберсін деп мінәжат ететін. Зәкәрия Елізабетке үйленген кезде, екеуінің үлкен отбасы болады, бала-шағасы көп болады деп армандаған. Бірақ уақыт өтіп жатты, ал ол екеуінде перзент болмады.

Зәкәрия мен Елізабет қартайды. Олар енді перзентті болудан күдер үзді, алайда Жаратқан Ие Өз халқын құтқаруға жіберуге уәде еткен Патшаны бұрынғысынша күтіп жүрді және Құдайдың уәдесі орындалатын сол күн тезірек келсе екен деп сиынды.

239. Бала туылатынын алдын ала білдіру

Лұқа 1

Иерусалимдегі ғибадатханада Жаратқан Иеге қызмет ететін діни қызметкерлер бірнеше топқа бөлінетін. Әр топ жылына екі рет бір апта бойына Құдайға табыну қызметін өткізетін. Құдайға қызмет етудің ең басты, қасиетті бөлігі – ғибадатханада хош иісті шайыр түтету болатын. Әрбір діни қызметкер бұл міндетті атқаруға тырысатын, алайда олар көп болғандықтан, кім шайыр түтететінін анықтау үшін жеребе тастайтын. Олардың кейбіреулеріне бұл міндетті атқарудың сәті еш түскен де емес, бірақ ешкім оны екі рет атқармайтын.

Өзіне жеребе түскенде Зәкәрия абыржып, біраз жүрексінді. Ол өзінің ең киелі орынға кіруіне тура келетінін, ал жұрт оны сыртта үнсіз күтіп тұратынын білетін. Ал шайырды түтетіп болғаннан кейін ол сыртқа шығып, күтіп тұрған жұртқа батасын береді.

Құрбандық шалу үстелінің жанында, шайырдың хош иісін иіскеп тұрып, ол тағы да Жаратқан Иеге Исраилді құтқаратын уәделі Патшаны жібере гөр деп жалбарынды. Кенет түтіннің арасынан жарық сәуле көрінді. Түтету үстелінің жанында Жаратқан Иенің бір періштесі тұр екен.

– Зәкәрия, қорықпа! – деді оған періште. – Сенің дұғаң Құдайдың құлағына жетті. Әйелің Елізабет ұл туады. Ол Патшаның келуіне халықты дайындайтын Құдайдың хабаршысы болады. Оған Жақия деп ат қой. Ұлың Ілияс пайғамбарға дарыған күш пен ұлылыққа ие болады. Киелі Рухқа кенеліп, талайларды теріс жолдарынан қайтарып, Жаратқанға бет бұрғызады.

Зәкәрия өз құлағына өзі сене алмады.

– Сенің шын айтып тұрғаныңа қалай көз жеткізе аламын? – деп сұрады ол.

– Мен Жәбірейіл періштемін, – деп жауап берді оған періште. – Құдай мені саған осы ізгі хабарды жеткіз деп жіберді. Бірақ сен менің сөздеріме сенбегендіктен, олар жүзеге асатын күнге дейін, ұлды болғаныңша сөйлей алмайтын мылқау болып қаласың.

Сыртта, ғибадатхананың ауласында күтіп тұрған кісілер таңданысып, өзара сыбырласты: діни қызметкер неге ұзақ бөгелді екен?

Міне, ақыры Зәкәрия да көрінді-ау. Оның түрі құп-қу, өзі қалш-қалш етіп дірілдеп тұр. Ол халыққа батасын бергісі келген, бірақ бір ауыз сөз де айта алмады. Тек саусағын жоғары көтеріп, содан кейін саусағын ерніне тигізіп ымдады.

– Ол аян көрген ғой, – деп түсінді халық.

Киелі үйде қызмет ету уақыты біткеннен кейін, Зәкәрия үйіне оралды. Ол өзімен болған жайтты Елізабетке жазып берді, ал ол еш күмәнсіз сенді. Қуаныштан тебіреніп, төбесі көкке жеткендей болды. Көп жылғы үміттену, торығудан кейін ол ақыры перзент сүйеді. Әрі оның ұлы Құдай еркінің орындалуына қызмет етеді.

240. Мәриям мен Елізабеттің кездесуі

Лұқа 1

Мәриям Елізабеттің туысы болып келетін. Ол Яһудеяның солтүстігінде тауда орналасқан Назарет қаласында тұрды. Мәриям әлі жас болса да, Жүсіп деген жігітпен атастырылып қойған болатын. Жүсіп те сол жерде тұрады. Олар жуырда үйленбекші.

Бірде Мәриямға кенеттен ғажайып бір сәуле түсті. Селк етіп ол басын көтерді. Оның кішкентай бөлмесінің ішінде Құдайдың Жәбірейіл періштесі тұр екен. Сонда періште Мәриямға тіл қатып:

– Салем саған, Құдай жарылқаған жан, Құдай Ие саған жар! Әйелдердің арасында Жаратқан Ие сені жарылқады. – Қорықпа, Мәриям, мен саған ізгі хабар әкелдім. Сен Ұл туасың. Оның атын Иса деп қоясың. Жаратқан Ие Оған арғы атасы Дәуіттің тағын сыйлайды, Оның Патшалығының шегі болмайды.

– Бұл қалай болады? – деп сұрады Мәриям қысылып. – Мен әлі тұрмысқа шыққан жоқпын ғой.

– Сенің үстіңе Киелі Рух келіп, Құдай Тағаланың құдіреті саған көлеңкесін түсіреді. Сондықтан да сен табатын Киелі бала «Құдайдың рухани Ұлы» деп аталмақ. Құдайдың қолынан келмейтін ешнәрсе де жоқ. Елдің бәрі бедеу деп ойлаған туысқан әпкең Елізабет те үш айдан кейін ұлды болады.

– Мен мұны бәрібір түсіне алмаспын, – деді ақырын ғана Мәриям. – Мен Жаратқан Иенің күңімін және Оның айтқанын орындауға әзірмін.

Періште кеткеннен кейін Мәриям ұзақ ойға шомды. Ақыры ол болған жайт туралы Елізабетпен сөйлеспекші болып жолға шықты.

Мәриямның келе жатқанын көріп Елізабет оның алдынан шықты. Олар құшақтасып, амандасты. Елізабет Мәрияммен болған жайтты әлдеқашан-ақ білетін еді.

– Сен Құдай жарылқаған бақытты жансың! – деп қуанды ол. – Сен біздер көптен бері күтіп жүрген патшамыздың анасы боласың, Ол бізді құтқару үшін келеді!

Мәриям не күлерін, не жыларын білмеді. Оның Жаратқан Иеге деген ризашылық сезімінде шек болмады, содан ол Құдайдың мейірімін жырлап, өлең айтты. Жаратқан Иенің істері ғажап! Өз жоспарын жүзеге асыру үшін Ол қарапайым кедей адамдарды таңдады.

Мәриям мен Елізабеттің бір-біріне айтатын сырлары көп еді. Олар өздерінен туатын балалардың ерекше болатындарын білді. Олар арқылы Жаратқан Ие Өз халқын құтқарады.

Мәриям Елізабеттің баласы дүниеге келгенше сол жерде болды. Содан кейін ол Назаретке қайтты.

241. «Оның есімі Жақия болады!»

Лұқа 1

Зәкәрия мен Елізабеттің ұлы туылғанда, барлығы қуанды. Баланың туылғанына сегізінші күн болғанда, есімін қоятын ерекше дәстүрге жан-жақтан туыстары мен достары жиналды.

– Әрине, оның атын әкесі сияқты Зәкәрия деп атайтын боларсыңдар, – деді олар.

– Жоқ, – деп жауап берді Елізабет. – Оның аты Жақия болады.

– Олай атайын дегенің қызық екен, – деп таңырқады олар, – өйткені туыстарыңның арасында ондай есімді ешкім жоқ қой.

– Жақия «Құдайдың мейірімділігі» дегенді білдіреді, – деп сыбырлады Елізабет Зәкәрияға бұрылып.

Бұл кезде Зәкәрия әлі сөйлей алмайтын, бірақ жазуға тақтайша берулерін ымдап түсіндірді.

«Оның есімі Жақия болады» деп анық жазды ол.

Дәл сол кезде оған қайтадан тіл бітті. Ол Құдайды мадақтап, алғысын айтты, жиналғандарға өзінің ұлы және жақында дүниеге келетін ерекше Сәби туралы айтып берді.

– Жаратқан Ие Өзінің алдын ала берген уәдесін орындады, – деді ол. – Көптен күткен түнекті жарып, жарқырап күн шығып келеді. Жаратушы Ие бізді Өзінің келуімен бақытты етпек. Құтқарушы бізге жарық нұр әкеледі және бейбіт жолмен жетелейді.

Кейін Елізабеттің қолынан сәбиді алып, оған сүйсіне ұзақ қарады.

– Ұлым, сен өзгеше жаралғансың. Сен Жаратқан Иенің Патшасының алдында жүресің. Сен Жаратқан Иенің сүйіспеншілігі мен кешірімі туралы хабарды таратасың және бәрін Патшамыздың келуіне дайындайсың.

242. Жүсіп

Матай 1

Жүсіп Назаретте ағаш ұстасы болатын. Ол Дәуіт патшаның тікелей ұрпағы еді. Барлық яһудилер сияқты, Жүсіп те өзінің ата-бабаларын білетін. Ол өзінің атақты руында барлығы бірдей яһуди болмағанын да білетін.

Өткен заманда оның ата-бабаларының ішінде Рахаб есімді әйел болды. Ол Иерихонда тұрды, алайда Израилдің Құдайына сенді және истраилдік тыңшыларды өлімнен құтқарып қалды. Кейін истраилдікке күйеуге шықты.

Дәуіттің әжесі Рут та яһуди болған жоқ. Оның туған жері Моаб болса да, елін тастап, енесіне еріп Бетлехемге келді.

Жаратушы Ие сүйіспеншілігі мен қамқорлығын тек Израил халқына ғана емес, Оған сенгеннің бәріне де көрсетті.

Жүсіп Мәриямға үйленетін күнді асыға күтті. Бірақ оның жүкті екенін білгенде қатты қиналып қалды. Ол Мәриям өзіне адал болмай, алдады деп ойлап, үйленуден бас тартпақ болды. Бірақ ол әділ де мейірімді адам болғандықтан Мәриямды ұятқа қалдырмау үшін мұны ешкімге білдіргісі келмеді.

Бір күні түнде Жаратқан Ие Жүсіптің түсінде аян берді.

– Қорықпа және уайымдама, – деді Жаратқан Ие. – Мәриям дүниеге әкелетін Сәби Киелі Рухтың құдіретімен пайда болған. Оның атын Иса Мәсіх деп қой, өйткені Ол Жаратқан Ие уәде еткен Құтқарушы. Мәриямға үйлен және баланы өз ұлындай, патшалардың ұрпағындай етіп тәрбиелеп өсір.

Жүсіп қуанып оянды. Мәриям пәк және оған адал, ол бұған әрқашан сенімді болды! Енді оған көмектесу үшін қолынан келгеннің бәрін де істейді.

Жүсіп Мәриямға қамқор бола алуы үшін, олар тез арада үйленді.

243. Исаның туылуы

Лұқа 2

Римдік патша Октавиан Август өзінің қол астында қанша адамы бар және олардан қанша салық алатынын білгісі келді. Сөйтіп ол өз патшалығында халық санағын жүргізбек болды. Әрбір яһуди сол жерде тіркелуі үшін өзі туылған қалаға баруы тиіс еді.

Халық санағы туралы бұйрық Мәриямның босанатын уақыты жақындап қалған кезде Назаретке де жетті. Рим патшасының тізіміне тіркелу үшін Жүсіп атасы Дәуіт патшаның отанына, оңтүстікке – Бетлехемге баруы керек еді, ол Мәриямді Назаретте жалғыз қалдырмай, өзімен бірге ала кетпек болды.

Олардың сапарлары бір аптаға созылды. Олар күндіз жүріп, түнде ашық аспан астында ұйықтады. Ақыры, олардың қуаныштарына орай, тау бөктерінде жасыл желек жамылған Бетлехем де көрінді.

Олар бір арзандау қонақ үйге орналасармыз деп үміттенді. Ешқандай жағдайы болмай-ақ қойсын, тек түнде ұйықтап шығатын кішкентай бөлмесі мен мініп келген есегін қоятын қорасы болса жетеді, әйтеуір Мәриямға пана болса болды. Бірақ олар қалаға кірген кезде, олар үміттенген қонақ үйлердің ешқайсысы бос болмай шықты.

Тұрғындардың біреуі олардың шаршағанын және Мәриямның босанатын уақыты жақындағанын байқады. Сол адам Жүсіпке өзінің мал тұратын қорасына қонуды ұсынды. Қораның іші лас әрі сасық еді.

Жүсіп ішінен орын тауып, Мәриямды жайғастырардан бұрын ол жерді тазалады. Біреу оған ішуге және жуынуға су әкеліп берді.

Осы жерде, қараңғы қорада Иса дүниеге келді. Жүсіп пен Мәриям қуанғандарынан дүниедегінің бәрін ұмытты. Олар Сәбиге емірене қарады.

– Біз оған періште аян бергендей Иса деп ат қоямыз, – деді Жүсіп. – Ол – Жаратқан Ие бізге жіберген Құтқарушы.

Мәриям Сәбиді үлкен жөргекке орады.

Оларда бесік болмағандықтан, Жүсіп Сәбиді малдың ақырына жатқызды.

244. Малшылар

Лұқа 2

Бетлехемнің маңында мал бағып жүрген малшыларға алғашында бұл түннің өзге түндерден еш айырмашылығы болмап еді. Олар өздері бағып жүрген қойларға өзгеше қамқорлықпен қарауы тиіс, өйткені жақында оларды орталық қала Иерусалимге апару керек болатын. Ондағы ғибадатханада бұл қойларды құрбандыққа шалады. Олардың құлақтары да, аяқтары да бірде-бір жарақатсыз, дендері сау болуы керек.

Қой күзеткен малшылар оттың айналасына жиналды. Уақыт оздыру үшін және ұйықтап қалмау үшін олар бір-біріне неше түрлі әңгімелер айтты.

Кенет, түнгі аспанды жарқ еткізіп, малшылардың қасына сән-салтанатқа бөленген Жаратқан Иенің періштесі пайда болды.

Малшылар қорыққандарынан тілдері байланып қалды, бірақ періште оларға:

– Қорыққандар. Мен сендерге үлкен қуаныш жариялаймын, ол қуаныш барлық халыққа ортақ. Бүгін Бетлехемде Құтқарушы дүниеге келді, Ол – Иеміз Мәсіх! Оны өздерің барып көріңдер. Сәбиді ақырда құндақтаулы жатқан күйінде көресіңдер.

Сол кезде көкте көптеген періштелер пайда болып, аспан олардың әніне толып кетті.

Олар Жаратқан Иені мадақтап дәріптеді.

– Заңғар көкте Құдай мадақталсын, жер жүзінде адамдарға амандық болсын, – деп әндетті олар.

Содан кейін қалай пайда болса, дәл солай періштелер жоқ болып кетті. Түнгі аспан тағы да қап-қара, тып-тыныш болып қалды. Малшылар бір-біріне қарап, осы көргендерінің бәрі өңі екеніне өздері де сенбей қалды.

– Бетлехемге барайық, – десті олар, – осы рас па, білейік.

Олар ұйқыда жатқан қалаға беттеді. Жүсіп пен Мәриямды тапқан кезде, ұйықтап жатқан Сәбиді көріп, Оған тағзым етті. Кейін Жүсіп пен Мәриямға өздерінің көргендерін – періштелердің келіп Сәби туылғандығы туралы хабарлағанын айтып берді.

Мәриям Ұлы туралы айтылғанның бәрін терең ойға шомып отырып тыңдады.

Малшылар өздерінің қойларына асықты. Олар Жаратқан Иені мадақтап, өлең айтты. Өйткені періштенің айтқанын олар өз көздерімен көрді.

245. Жаңа туған Патша қайда?

Матай 2

Ұлы Патшаны тек яһудилер ғана күткен жоқ. Басқа елдерде де кейін келетін Патша, Жаратқан Иенің Таңдаулысы туралы айтылатын. Алыс жерлердегі даналар мен ғұлама адамдар яһуди жерінде дүниеге келіп, жер жүзін әділдікпен Басқарушыны күтті.

Ол кезде ғұламалар жұлдыздар мен ғаламшарды ұдайы бақылап отыратын. Олар келешекті білу үшін аспан жұлдыздарының жолын бақылап отырды.

Бетлехемде Иса туылған кезде бірнеше жұлдыз санаушы ғұламалар аспанда өзгеше жарқырап тұрған жұлдызды көрді. Олар бұл жұлдыз ұлы Патшаның туылғанына орай жанғанын білді. Мүмкін ертедегі сөз орындалып, ақыры алыс Яһуди жерінде Патша туылған болар?

Олар тез арада керек-жарактарын, Патшаға беретін сыйларын алып, алыс Исраил жеріне сапарға шықты.

Яһудеяның шекарасына жеткенде, олар іздегендерін таптық деп ойлады. Олар бірден Яһудеяның орталығы Иерусалимге, патша сарайына тартты. Әрине, Сәби сонда болуы тиіс.

Сарайда олар Ирод патшаны тапты. Ирод өзінің билігін римдік басқарушылардан алып, соған жармасып отырған болатын. Ол өзінің тағын алып қояды дегендердің бәрінен қорқып, оларды жек көретін. Сондықтан бай жатжерлік ғұламалар келіп, жаңа патша туралы сұрап жатыр деген хабар оны қатты састырды.

Өзгелер сияқты ол да Жазбада Құтқарушының келуі туралы пайғамбарлық сөз бар екенін білетін, сондықтан да дереу діни қызметкерлер мен Жазбаны зерттеушілерді шақыртты.

– Пайғамбарлық сөзде Патша қай жерде дүниеге келетіні жазылған ба? – деп сұрады патша.

– Иә, тақсыр, – деп жауап берді оқымысты зерттеушілер, – Миха пайғамбар Оны Дәуіт патшаның қаласы Бетлехемде дүниеге келеді деп жазған.

Ирод қызметшілеріне жатжұрттықтарды шақырып келуді бұйырды. Ол өзінің қорқынышы мен ашуын жасырып, ғұламаларды сыпайылықпен тыңдады.

– Бетлехемге барыңдар, – деп кеңес берді ол. – Құтқарушы сонда туылуы тиіс. Кейін келіп, маған хабар беріңдер. Мен де барып, Оған ізет білдірейін.

Ғұламалар Бетлехемге аттанған кезде, түн болып қалған еді. Олар жол көрсетуші жұлдызды тағы көргенде әрі қуанды, әрі ойланып қалды. Жаратқан Ие оларды Патшаға бастап барады.

246. Патшаға арналған сыйлық

Матай 2

Шығыстан шыққан ғұламалар Иерусалимге жеткен кезде, Жүсіп жайсыз қорадан Мәриям мен Сәбиді үйге орналастырған еді. Жақсы ағаш ұстасына барлық жерде жұмыс табылады, Жүсіп жанұясын асырау үшін жұмыс істеп жүрді.

Ғұламалар шағын бір ғана бөлмеден тұратын үйдің босағасын аттаған кезде, еңкеюлеріне тура келді. Бұл жерде әдемі кілемдер, сәнді перделер болған жоқ. Қолдарын қусырып, Мәриямның бұйрығын күтіп тұрған құлдар да жоқ-тын.

Әлсіз жарықта олар Сәбиді емізіп отырған жас әйелді ғана көрді. Бірақ олар бұрын алдын ала айтылған Патшаны тапқандарына күмәнданған жоқ. Ғұламалар тізелерін бүгіп, ізет көрсетті, ал олардың сәнді киімдері жерде сүйретіліп жатты. Алайда оларға осы қарапайым үйде анасының қолында ұйықтап жатқан Сәбидің өздерінен әлдеқайда жоғары шексіз, Ұлы екені белгілі еді.

Содан кейін олар әкелген сыйларын қорқынышпен және құрметпен Исағатарту етті. Мәриям оны таңырқай қабыл алды.

Мұнда Патшаға арналған сый – алтын, ғибадатханадағы діни қызмет кезінде түтететін ладан және мүр болды. Мәриям осы соңғысы өзгеше сый екен деп ойлады, өйткені мүр – хош иісті, қымбат иісмай еді, оны жерлеу кезінде қолданатын.

Енді ғұламалар Патшаны тапқан соң тынышталып, Иерусалимге, ары қарай үйлеріне қайтуға дайындалды. Бірақ сол күні түнде, түстерінде Жаратқан Ие оларға Ирод патшаға бармай, басқа жолмен қайтуды бұйырды. Келесі күні олар Иерусалимге соқпай қайтып кетті.

247. Мысырға қашу

Матай 2

Сол түні түнде Жаратқан Иенің періштесі Жүсіпке түсінде аян беріп оған:

– Мәриям мен Нәрестені алып Мысырға кет. Ирод патша көп ұзамай Нәрестені тауып өлтіру үшін осында өзінің әскерлерін жібереді. Сен қайта шақырып алғанша Мысырда тұра бер, – деді.

Бұл кезде Ирод патша сарайында шығыстық ғұламаларды асыға күтіп отырды. Шынымен жатжұрттықтар келіп, оған жаңа туылған Патша туралы айтпас па екен?

Алайда уақыт өтіп жатты, олар болса әлі келген жоқ. Иродтың қаһары мен қорқынышы ұлғая берді. Ақыры ол ғұламалардың оны алдап кеткенін түсінді. Мүмкін, олар оның ойын біліп, тіке өз үйлеріне қайтып кеткен болар.

Сонда ол жаңа Патшаны қалай құртуды ойластыра бастады және ғұламалардың алғаш рет аспанда жұлдызды көрген уақытынан бастап Бетлехемде дүниеге келген балалардың бәрін өлтірмекші болды.

– Бетлехем мен оның айналасындағы екі жасқа дейінгі ұл балалардың бәрін өлтіріңдер, – деп бұйырды ол өзінің әскербасыларына.

Әскерлер Иродтың қатал бұйрығын орындағанда, бүкіл Бетлехем қара жамылды.

Бірақ бұл кезде Жүсіп пен Мәриям Исаны алып, Мысырға қарай кетіп бара жатқан болатын. Жаратқан Ие оларды сақтап қалды.

Арада біраз уақыт өтті, Ирод патша өлді.

– Енді үйге қайт, — деді Жүсіпке періште, – Сәбиді өлтірмек болғандар өлді.

Жүсіп отбасымен кері қайтты. Бірақ Жүсіп Бетлехемде жаңа қиыншылықтар күтіп тұр деп қорықты. Ол Ирод патша өлгеннен кейін оның тағына қатыгез ұлы Архелай отырғанын естіген еді. Бірақ оған елдің тек оңтүстік бөлігін ғана басқару тапсырылды.

Сондықтан Жүсіп Мәрияммен және Исамен солтүстікке аттанып, қайтадан Назаретке қоныстанды. Онда Жүсіп шеберханасын ашып, тағы да ағаш ұстасы болып істей бастады.

ИСАНЫҢ БАЛАЛЫҚ ШАҒЫ

248. Ғибадатханадағы бала

Лұқа 2

Жыл сайын көктем кезінде барлық яһудилер отбасыларымен бірге жан толқытарлық сапарға дайындалатын. Олар Жаратқан Ие яһудилерді Мысырдан қалай аман алып шыққанын еске түсіру үшін өткізілетін Құтқарылу мейрамын мерекелеу үшін Иерусалимге баратын.

Алыстан келетіндер ашық аспан астында түнейтін. Жолда олар өзге де келушілермен кездесіп, сапарды бірге жалғастыратын, осылайша Иерусалимнің ғибадатханаға баратын көшесін толтыратын үлкен нөпірге айналатын.

Иса он екіге толғанда Жүсіп пен Мәриямға ілесіп Құтқарылу мейрамына аттанды.

Ақыры, мерекелік апта біткен соң шешелер балаларымен қайтуға жинала бастады. Еркектер оларға кейін қосылуы керек болатын. Жүсіп Мәриямды қуып жеткенде, кешкі мезгіл еді.

– Иса қайда? – деп сұрады ол.

Мәриямның жүрегі тоқтап қала жаздады. Ол Оны еркектермен бірге жүр деп ойлаған еді. Яһудилердің салты бойынша он екіден асқан бала естияр деп есептеліп, ересектермен бірге болатын.

Олар Исаны адамдардан сұрап іздестіре бастады, бірақ еш жерден таппады. Сонда олар Иерусалимге кері қайтып, оны іздемек болды.

Олар уайымдап, тездете қалаға қарай асықты. Бірақ Исаны қайдан іздеу керегін олар білмеді. Бәлкім, Ол жаңа тапқан досымен үйге қайтып кеткен болар? Олардың сұрағына адамдар не дерін білмей, бастарын шайқады. Ақыры біреу:

– Мен Исаны ғибадатханада ұстаздармен бірге көрдім, – деді.

Жүсіп пен Мәриям ғибадатханадағы адамдар келіп Жазбадағы сөздерді тыңдап, пікір таластыратын, әдетте яһудилік ұстаздар мен діни қызметшілер жай кезде отыратын жерге қарай асыға беттеді.

Мәриям өзінің Ұлын бірден байқады. Ол ақ сақалды ұстаздардың сөзін зейін қойып тыңдап отыр екен. Кейін алға қарай еңкейіп, сұрақ қойды. Бала қорықпай ұстаздардың әңгімесіне араласып, байыпты сөздер айтқанда, Мәриям олардың жүзіндегі таңданысты көрді.

Осы кезде Жүсіп ұстаздардың арасына кіріп, Исаны қолынан жетелеп, анасына алып келді.

– Мұның қалай? – деп сұрады Мәриям. – Өкең екеуіміз Сен үшін қатты алаңдадық.

– Мен Әкемнің үйінде болуым керектігін сіздер білетін боларсыздар деп ойладым, – деп жауап берді Иса.

Олар бәрі Назаретке аттанды.

Иса Өзінің Әкесі Жаратқан Ие екенін білсе де, жердегі ата-анасына мойынсұнатын еді.

Мәриям Ұлымен болған жайттар туралы көп ойланды. Ол Оның өзгелер сияқты емес екенін көрді. Бұл оны бір жағынан қуантты, бір жағынан қорқытты да.

ЖАҚИЯ ШОМЫЛДЫРУШЫ

249. «Тәубеге келіңдер!»

Матай 3

Жылдар өтті. Зәкәрия мен Елизабеттің ұлы Жақия мен Мәриямның ұлы Иса ержетті. Шешелері туысқан болса да, олар бір-біріне еш ұқсамайтын еді.

Жақия әке-шешесінің үйінен кетіп, Иордан өзенінің маңындағы адам тұрмайтын ыстық шөл далада, баспанасыз өмір сүрді. Ол Жаратқан Иенің оған дайындаған жолымен жүру үшін адамдардан аулақ, оңаша тұрды.

Жақия көкейіндегі ойын жасырмайтын, ашық адам болды. Ол Ілияс пайғамбарды еске түсіретін. Киім киісі де Ілияс пайғамбар сияқты – түйе жүнінен ірі тоқылған киім киіп, теріден белбеу байлап жүретін. Оның тамағы – жабайы араның балы мен шегіртке болды.

Жаратқан Ие оған уағыз айтуды тапсырды, кейін оның уағызын тыңдау үшін адамдар жан жақтан оған қарай ағыла бастады.

– Тыңдаңдар! – деп уағыздады Жақия. – Тәубеге келіңдер, өйткені Аспан Патшалығы жақындап келеді! Сол күнге дайындалыңдар. Теріс жолдан қайтып, Құдаймен татуласыңдар.

– Неге біз сені тыңдауымыз керек? – деп сұрады адамдар. – Біз Құдайдың таңдап алған халқымыз және Ол бізге риза деп ойлаймыз.

– Олай демендер! – деп жауап берді Жақия. – Яһуди болып туылу жеткіліксіз. Сендер Жаратқан Иенің алдында өздеріңнің жауыздықтарың үшін тәубеге келіп, Оған ұнайтындай жаңа өмір сүрулерің керек.

Құдай Сөзін естіп тұрғандарын көпшілік түсінді. Олар шын жүректен Құдайдың өсиеттерін орындамағандықтарына өкініп, тәубеге келгеннен кейін, Оған лайықты өмір сүруге тырысты. Жақия оларды Иордан өзенінің суына түсіріп, шомылдыру рәсімінен өткізді. Бұл – Құдай оларды кешіріп, жаңа өмір сыйлағандығының белгісі еді.

– Бүгіннен бастап әділ өмір сүріңдер, – деді оларға Жақия. – Ашкөз, сараң болмаңдар. Егер тамақ, киімдерің көп болса, мұқтаждармен бөлісіңдер. Өз істеріңде әділ болыңдар, күңкілдеп шағымдана бермеңдер. Сендерден Жаратқан Ие осыны күтеді.

250. Исаның шомылдыру рәсімінен өтуі

Матай 3

Жақия адамдарды теріс жолдарынан қайтып, өмірлерін өзгертпесе, Жаратқан Ие оларды жазалайтынын жеткізіп, Оларға Ізгі хабарды жариялады.

– Мен өзімнен кейін келетін Құдіреттіге жол дайындаймын. Мен Оның құлы болуға да тұрмаймын. Мен тек суға шомылдыру рәсімінен өткіземін, ал Ол Құдайдың жарылқауы мен құдіретін әкеледі. Ол – сендерге Жаратқан Ие берген Патша.

Бірде Иса Жақияға келді.

– Мені де суға шомылдыру рәсімінен өткізші, – деп өтінді Иса.

– Мен Сені шомылдыру рәсімінен өткізуім керек пе! – деп таң қалды Исаны бала кезден білетін Жақия. – Мен олай істеуге батылым бармайды. Сен ешқашан тура жолдан таймай, әрқашан Құдайға құлақ асып жүрдің ғой. Саған тәубеге келуіңнің қажеті жоқ. Сен менен де артықсың.

– Бірақ Мен Құдайдың осыны қалайтынын білемін, – деп алған бетінен қайтпады Иса.

Сөйтіп Жақия Оны суға шомылдыру рәсімінен өткізді.

Иса судан шыққан кезде бір ғажап оқиға болды. Кейінірек Жақия бұл туралы айтып беруге тырысып, былай деді:

– Мен көктен Киелі Рухтың көгершін кейпінде келіп, Исаға қонғанын көрдім.

Дәл сол кезде Жақия жақсы білетін және жақсы көретін мына Кісінің өзі уағыздап жүрген Патша екенін түсінді. Және ол Құдайдың Исаға былай дегенін естіді:

– Сен Менің сүйікті Ұлымсың! Мен Саған толықтай ризамын!

251. Алғашқы елшілердің шақырылуы

Жохан 1; 3

Жақия шомылдыру рәсімінен өткізгендердің кейбіреулері оның достары мен шәкірттеріне айналды. Олардың келе жатқан Патша жайлы көбірек білгілері келді.

Бірде Жақия шәкірттерімен сөйлесіп отырғанда, соқпақ жолмен келе жатқан Исаны көрді.

– Мына кісіні көрдіңдер ме, – деді Жақия. – Құдай Оны бүкіл адамзаттың күнәсін өтеу үшін таңдап алған.

Жақияның екі досы Исаның артынан ерді. Олар Исаны көре салысымен, Исамен жақынырақ танысқылары келді. Бірақ күтпеген жерден абдырап, үнсіз тоқтап қалды. Иса да тоқтап, оларды қасына шақырды. Олар күні бойы Онымен бірге болды.

Түнде үйлеріне келген кезде, олардың бірі – Әндір қатты толқу үстінде еді, ол ағасы Шимонды іздеді себебі; тамаша жаңалықты ағасымен бөлісуге асықты.

– Біз Мәсіхтің Өзін таптық! – деді ол. – Құдай тағайындаған Патшаны таптық! Жүр, Оған барайық!

Иса Шимонды көрген кезде, оған қадалып ұзақ қарады да былай деді:

– Мен саған басқа ат қоямын. Сен, Шимон, бұдан былай Петір, яғни «Тас» деп аталасың. Уақыт келген кезде сен берік тас боласың да.

БАСТАЛУ

252. Исаның сыналуы

Лұқа 4

Жақия Исаны шомылдыру рәсімінен өткізген кезде, Оның Жаратқан Ие Өз халқына жіберемін деп уәде еткен, зарыға күткен Патша екені анық болды. Иса да бұдан былай Құдайдың жоспарын жүзеге асыруы керек екенін және жер бетінде Құдай Патшалығы туралы Ізгі хабарды таратуы керек екенін білді. Назаретте Жүсіптің үйінде тұратын уақыты енді аяқталды.

Бірақ Өз міндетін атқаруға кірісуден бұрын, Иса бәрін ой елегінен өткізіп, Әкесіне сиынғысы келді. Ол күн шыжып тұрған шөлдалаға кетіп қалды. Онда не көлеңкесіне паналайтын ағаш та, шөп те өспейтін, талғажау етіп тіске басатын да ештеңе болмайтын. Онда естілетін бірден бір дыбыс жабайы аңдардың дыбыстары ғана еді.

Иса Өзінің басқа патшалар сияқты емес екенін түсінді. Оның сәнді киімдері, салтанатты сарайлары, аузынан шыққан әмірін бас иіп күтіп тұратын жалшылары да болмайды. Ол кедей, Оны бәрі жек көретін болады, ал ақырында Оны азаптап өлтіреді. Осының бәрі Құдайдың адамзатты зұлымдықтың билігінен құтқару жоспары болатын. Иса мұны Өз еркімен қабылдады.

Алайда шайтан, Құдайдың қас дұшпаны және зұлымдық атаулының атасы, Исаға кедергі жасап, Адам ата мен Хауа ананы жолдан тайдырғаны сияқты Оны да Құдайдың айтқанын істемеуге мәжбүр еткісі келді.

Ораза ұстап дұға етумен көп күндер баяу өтіп жатты, бір күні қалжыраған Исаға шайтан келіп:

– Егер Сен Құдай Ұлы болсаң, аштықтан бұлай қиналудың не керегі бар? Мына тасқа нанға айналуы бұйырмайсың ба? – деді.

– Киелі Жазбада «Адам тек нанмен ғана емес, Құдайдың әрбір сөзімен өмір сүреді» деп жазылған ғой! – деді оған Иса.

Ол жеке басының қажетін қанағаттандыру үшін Өз билігін пайдаланудан бас тартты. Тамақ өмірде аса маңызды емес екенін Ол білді.

Сонда шайтан Оны биік бір жерге шығарып, әлемнің барлық мемлекеттерін көрсетті.

– Осының бәрі менікі. Егер маған бас исең, осы мемлекеттердің билігін Саған беремін. Иса басын шайқады.

– Кет қасымнан шайтан! «Құдай Иеңе ғибадат етіп, жалғыз Оған ғана қызмет ет!» деп жазылған ғой! – деп жауап берді. – Мен Құдайға ұнамды әрекет жасаймын.

Шайтан Исаны Құдайдың жоспарын жүзеге асырудан бас тартқызуға тағы да тырысып көрді. Ол Исаны Иерусалимдегі ғибадатхананың төбесіне шығарды да, Оны азғырып, дөрекі, өрескел іс істеуге итермеледі.

– Мына жерден төмен қарай секірші, – деді шайтан. – Егер Сен Құдайдың Ұлы болсаң, қорықпауың керек. Жазбада Жаратқан Ие Сені сақтайды делінген ғой, сондықтан Саған ешнәрсе де болмайды.

– «Құдай Иенді еркінсіп сынай берме!» делінген ғой! – деп жауап берді Иса.

Сөйтіп шайтан Исаны Құдайдың еркін орындаудан бас тартқыза алмай Оның қасынан кетіп қалды. Ал Жаратқан Ие Өзінің періштелерін жіберіп Исаға көмектесті және зұлымдықпен ауыр шайқастан кейін Оған күш берді.

253. Соңымнан еріңдер

Марқа 1-3

Міне, Исаның Құдай Патшалығы жақындап келе жатқанын адамдарға уағыздайтын кезі де келді. Ол Өзін Патшамын деген жоқ, бірақ Оның әрбір істеген ісінен, сөйлеген сөзінен Құдайдың сүйіспеншілігі мен ұлылығы көрініп тұрды.

Иса Өзіне адамдардың көмегі керек болатынын түсінді, сондықтан да Құдайдан Ол шақырғанда соңынан еретін адамдарды көрсетуін сұрады.

Бірде, Ғалилей көлінің қасында Ол Өзінің алғашқы шәкірттерін Өндір мен Шимон Петірді көрді.

– Менімен бірге жүріңдер, – деп шақырды Ол.

Балықшылар өздерінің ауларын тастай салып, Исаға ерді. Олардан сәл алысырақта, тағы да ағалы-інілі Жохан мен Жақып түнде балық аулауға бару үшін ауларын жамап отырған еді.

– Менімен бірге жүріңдер, – деп шақырды Иса, ағайындылар қуана соңынан ерді.

– Бүгіннен бастап балық аулағандарың сияқты, сендер Құдайға адам жинап әкелетін боласыңдар – деді оларға. Иса кейін Оның жақын шәкірттері – елші болған он екі адамды таңдап алды. Олардың ішінде әр түрлі адамдар болды.

Балықшылардан басқа, өз халқын римдіктердің езгісінен құтқарып алғысы келгендер де Исаға келді. Шәкірттердің бірі Матай, Ирод патшаның салық жинаушысы болды. Ол Ғалилеяға зат әкелгендердің бәрінен салық алды. Яһудилер салық жинаушыларды жек көріп, оларды әуре-сарсаңға салушылар деп атады. Олардың көпшілігі римдік басқыншыларға қызмет етіп, адамдардан бұйырғаннан көп салық алып, артығын өздері алып қалатын.

Кейін Исаның соңынан ерген адамдар көп болғанымен, осы он екі адам Исаның таңдаулы шәкірттері болды. Иса оларды елшілер деп атады, өйткені Құдай Патшалығы туралы Ізгі хабарды уағыздау үшін осыларды жіберді.

Олар мыналар:

Петір деп аталған Шимон, Зебедейдің ұлдары Жақып пен Жохан, Әндір, Філіп, Барталмай, Матай, Тома, Әлпей ұлы Жақып, Діншіл Шимон және Яхуда Исқариот.

254. Дәрігер ауруға қажет

Марқа 2

Матай Иса шақырған кезде теңіз жағасындағы өзінің лашығында болды. Ол кезде Матай әкелінген заттардан салық жинайтын. Ол еш қиналмай-ақ өз жұмысын тастап, Ұстаздың соңынан ерді. Матай Ұстазды көрсін деп, үйінде мерекелік дастархан жасап, соған достарының бәрін шақырды. Тойға көп адам жиналды, тіпті шақырылмаған қонақтар да келді.

Исаны көруге келген парызшылдар аң-таң болды. Олар тойға келгендердің ішінен жаман аты шығып жүрген адамдарды да көрді. Егер Иса құрметті адам болса, онда неге олармен бірге отыр?

– Неге сендердің Ұстаздарың күнәкарлармен бірге тамақ ішіп отыр? – деп сұрады патызшылдар шәкірттерден.

Бұл сөздерді Иса да естіді.

– Ал сендер өздерің дәрігерге қай кезде барасыңдар, – деп сұрады Ол, – дендерің сау кезде ме, әлде ауырғанда ма? Бұлар – ауру адамдар, олардың сауығуы қажет. Жаратқан Ие Мені ауруларды сауықтырып, күнәсін кешіру үшін жіберді, өйткені олар Құдайдың өсиеттерін бұзып, жауыздық істеді. Мен оларға барып көмектесуім керек. Дәрігер дені сауға емес, ауруға қажет.

Шындығына келгенде парызшылдар өздері күнәкар деп атаған адамдардан гөрі Исаға көбірек мұқтаж болатын. Бірақ Иса Құдайдың өсиеттерін бұзғанын мойындап, кешірім сұрап, Өзінен көмек сұрағандарға ғана көмектесе алатын.

ИСАНЫҢ ҚЫЗМЕТІНІҢ БАСТАЛУЫ

255. Қанадағы үйлену тойы

Жохан 2

Бірде Иса шәкірттерімен Ғалилея тауындағы Қана ауылына тойға шақырылды.

Қонақтардың бәрі дастарханға отырып, тамаққа бас қойған кезде, ас үй де әбігер басталды. Онда шарап бітіп, қонақтарға беретін ештеңе қалмапты. Той жасауға көмектесіп жүрген Исаның шешесі Ұлын шақырып алды.

– Олардың шараптары бітіп қалыпты, – деді ол.

Тағы да шарап табу керек болды, әйтпегенде той бұзылып, күйеу жігіт пен оның отбасы ұятқа қалатын.

Анасының айтқанын істейтін уақыт әлдеқашан артта қалған. Ол қазір тек Жаратқан Иені ғана тыңдап, тек Оғың ғана еркіне бағынуы керектігін біледі.

– Мен Өз уақытым келгенін күтемін, – деді Иса.

– Ол не десе соны істеңдер, – деді Мәриям қызметшілерге сыбырлап.

Ол Исаның достарын қиын жағдайдан алып шығатынына сенді.

Барлық адамдар тамақтан бұрын жуынады, ал яһудилер мұнымен ғана шектелмейді. Олардың діни ережелерінде жуынудың өзгеше дәстүрлері мол болатын. Иса қатар тұрған су құйылатын үлкен құмыраларды көрді. Қазір олар босап қалған болатын.

– Мына құмыраларды толтырыңдар, – деді Иса құлдарға, – кейін содан құйып алып, қонақтарға беріңдер.

Құлдар Исаның айтқанындай істеді. Қонақтарға құйған кезде, олардың ыдыстары қымбат қызыл шарапқа толғанын көрді.

Той басқарушы шарапты татып көріп, күйеу жігітке:

– Сен жақсы шарапты соңына қалдырған екенсің ғой! – деп таң қалды.

Ол бұл шараптың қайдан шыққанын білген жоқ, бірақ Исаның шәкірттері қалай болғанын көрді, олар өздерінің Ұстаздарының өзгеше Адам екеніне тағы да көз жеткізді. Ол яһудилердің дінінің қатал да қатты ережелерін бұзуға және барлық жерде Құдайдың сүйіспеншілігі мен қуанышын, өкілеттігін таратуға тағайындалған болатын.

256. Мәжілісханадағы жын соққан адам

Марқа 1

Жылына бір немесе екі рет яһудилер өз жанұяларымен Иерусалимдегі үлкен ғибадатханаға баратын, ал әр демалыс күні өздері тұратын жердегі мәжілісханада жиналатын. Мәжілісхана демалыстан басқа күндері мектеп немесе сот үйіне айналатын. Барлық мәжілісханаларда Жазба сақталатын сандық бар еді. Мәжілісханадағы тәлім кезінде Жазбадан үзінділер оқылып, Жаратқан Иеге сиынатын, еркектер бір жақта, ал әйелдер екінші жақта отыратын.

Бір демалыс күні Иса шәкірттерімен Өндір мен Шимон тұрған Ғалилея көлінің жағасында орналасқан Қапарнаум қаласындағы мәжілісханаға келді.

Мәжілісханадағылар Исадан тәлім беруді сұрады.

Адамдар Исаны зейін қойып тыңдады. Әдетте уағыздаушылар Жазбаны өзгелердің сөзіне сүйеніп түсіндіретін, ал Иса болса Құдай сөзінің нағыз мағынасын Өзі ашып түсіндірді.

Кенет мәжілісханада шулаған, жан дауысы шыға шыңғырған дыбыстар шықты. Бәрі үрейлене бұрылып қараса, жын соққан адамды көрді. Ол Исаға:

– Сен мұнда неге келдің? Бізді құртуға келдің ғой! Мен Сенің Кім екеніңді білемін! – деп айқайлады.

Бұл адамның жай ғана ауру немесе есі ауысқан адам емес екенін Иса білді. Оның ойы мен денесін жын буып алған еді. Шайтан Құдайдың таңдаған Патшасымен мүмкін болған жердің бәрінде, кез-келген жерде күш сынасуға тырысты.

– Үніңді өшір, шық одан, бұл адамға тыныштық бер! – деп бұйырды Иса.

Құдай Ұлы барлық жаман рухтардан күшті болғандықтан, жын Оған бағынды.

Ауру адам қалшылдап, қатты бақырып барып басылды.

Тыныштық орнады, біршама уақыттан кейін адамдар таңқалып, бір-бірінен:

– Бұл Ұстаз кім? – деп сұрай бастады.

– Ол өзге дін мұғалімдеріне қарағанда Құдай Сөзін өзгеше түсіндіреді екен, – деді біреуі,

– Ол өзгелерге ұқсамайды.

– Ол жындарға да бұйырады, ал олар Бұған бағынады, – десті басқалары.

257. Иса адамдарды сауықтырды

Марқа 1

Мәжілісханадағы тәлім беру біткеннен кейін Өндір мен Петір Исаны үйіне шақырды, оларға еріп басқа шәкірттері де барды. Олар үйге жақындағанда алдарынан үрейленген Петірдің әйелі шықты.

– Менің шешем ауру, – деді ол. – Оның қызуы көтеріліп түспей тұр, не істерімді білмеймін.

– Иса көмектесе алады, – деді шәкірттер.

Олар Исаны қызуы көтеріліп, ауырып жатқан Петірдің енесінің қасына алып барды. Иса оның ысып жатқан қолын Өзінің күшті және мықты қолымен демеп, отыруға көмектесті. Сол сәтте-ақ оның ыстығы түсіп, Исаға қарап ризалықпен күлімсіреді.

– Мен Сізге қызмет көрсету үшін тұрып жүруім керек қой, – деді әйел.

Ол өзінің сауыққанын сезініп, орнынан тұрып, Иса мен Оның шаршаған шәкірттеріне тамақ әзірледі.

Осының бәрін көріп тұрған көршілері өз көздеріне өздері сенбеді. Болған оқиға жайлы хабар айналаға лезде тарап, Петірдің үйінің алды демде адамға толып кетті.

Неше түрлі аурулар Исаның көмектескенін шыдамдылықпен күтті. Бұл жерде соқырлар да, мылқаулар да, жын соққандар да болды. Көбі жүре алмады. Оларды туыстары мен достары көтеріп алып келді.

Иса барып бәрін де сауықтырды. Ол адамдарға енді Өзі келген соң әлемде Құдайдың ұлы күші әрекет ететінін, Жаратушы Ие бәрін сүйіп, бәріне де қамқо болатынын түсіндірді.

258. «Ол бар болғаны Жүсіптің ұлы ғой!»

Лұқа 4; Марқа 6

Келесі демалыс күні Иса Өзі өскен Назареттегі мәжілісханаға келді. Мәжілісханаға сол жерде тұратын Оның достары мен туыстары жиылды. Көбі Исаны кішкентайынан білетін, кейбірі Оны баласына бесік немесе өгізіне мойынтұрық жасап берген ағаш ұстасы деп білетін.

Исаны Жазбаны оқып және түсіндіріп беруге шақырды. Мәжілісхана қызметшісі Оған Киелі Жазбадағы Ишая пайғамбардың жазбасын ұсынды. Иса оқи бастады:

– Жаратқан Ие Мені жарлыларға Ізгі хабар жеткізуге тағайындап, тұтқындарға босатылуын, соқырларға көре алатындарын, езілгендерге қанаудан босатылатындарын, Жаратушы Ие Өз халқын құтқаратын уақыты жеткенін жариялауға жіберді.

Яһудилер Ишаяның бұл пайғамбарлық сөзі жерде Аспан Патшалығы орнайтын кез туралы айтылғанына сенетін.

Жазбаны оқып болып Иса өзге де Жазбаны түсіндірушілер сияқты орнына отырды. Отырғандардың бәрінің назары Исада болды. Ол Ишаяның сөзін қалай түсіндіреді екен деп, соны естігісі келді.

Иса сөйлеген кезде, олар өз құлақтарына өздері сенбеді. Ол:

– Сіздер естіген осы сөздер бүгін орындалды, – деді.

Иса Өзінің Құтқарушы екенін айтты.

Адамдар сенімсіздікпен өзара сыбырласа бастады:

– Сонда қалай болғаны? Ол бар болғаны Жүсіптің ұлы ғой, – десті олар.

– Ағаш ұстасы, – деп келісті өзгелері.

Иса:

– Сендер Мені білетіндіктен, Маған сенбей отырсыңдар, – деді Ол. – Өйткені еш пайғамбардың өз елінде қадірі болмаған. Ілияс пайғамбардың кезінде Исраилде де көптеген жесір әйелдер болған, ашаршылық болған кезде Ілияс пайғамбар солардың ешқайсысына жіберілген жоқ, бөтен елге, Сарептадағы жесір әйелге жіберілді. Еліше пайғамбардың кезінде де алапеспен ауырған адамдар көп болды, бірақ сириялық Нағыманнан басқа ешқайсысы да сауыққан жоқ.

Мұны естіп, мәжілісханада отырғандар қатты ашуланды. Бұлар жек көретін жат жұрттықтар Жаратқан Иенің Өз халқынан көрі Құдайды тыңдап, Оған мойынсұнуға дайын деп айтуға қалай ғана аузы барады. Олар орындарынан ұшып тұрып, Исаны ұстап алды да, тау басына алып келді. Оны жартастан лақтырмақшы болды. Ал Иса болса, түк болмағандай адамдардың арасынан өтіп кетіп қалды.

259. Жақия түрмеде

Марқа 6; Лұқа 7

Жақия Шомылдырушы өзін тыңдауға келген жай адамдармен жасқанбай сөйлесетін. Ол патшамен сөйлескенде де өзгермеді. Сол уақытта Яһудеяны басқарып тұрған Ирод патша Бетлехемдегі балаларды өлтіруге бұйрық берген, сонысымен Нәресте Исаны құртпақ болған Ұлы Иродтың баласы болатын.

Жақия Иродқа өзінің ағасының әйелін тартып алып үйленгендігі күнә екенін бетіне айтқан. Ирод оның айтқандарын мойындағысы келмесе де, батылдығына және оның сарайдағылар ұқсамайтын өміріне таң қалды.

Алайда патшаның әйелі Иродиада болса Жақияны жек көрді. Оларға не істеу керекін айтуға оның қалай дәті барды?! Иродиада Иродты қайрай бергендіктен, патша ақыры Жақияны тұтқындап, түрмеге жабуға бұйрық берді. Жақия жартасқа ойып салынған қараңғы түрмеге қамалды. Түрменің айналасында көгерген бір ағаш та жоқ-тын, айналаның бәрі тек тау мен тас.

Жақия еркіндікте ашық аспан астында өмір сүруге үйренген еді. Енді ол жарығы жоқ, ауасы тар тас қамалға қамалып, аяғына шынжыр салынды. Осында, қараңғы түрмеде отырып ол өзінің келе жатқан Патша туралы уағызы түс болмады ма екен деп күмәндана бастады. Сондықтан да ол шәкірттерін Исадан шындықты біліп келуге жіберді.

Жақияның шәкірттері Оның сауығуды күтіп, қаумалаған ауру адамдардың ортасында тұрғанын көрді. Иса соқырларды көретін, саңырауларды құлақтарын еститін, салдарды жүретін етіп сауықтырып жатты.

– Бізді саған Жақия Шомылдырушы жіберді. Ол: «Сен шынымен Құтқарушы Мәсіхсің бе»? – деп сұратып жатыр, – деді Жақияның достары.

– Жақияға не көргендеріңді айтып барыңдар, – деп жауап берді Иса.

Сауықтыру кереметтері Жақия үшін Құдайдың жоспарының орындалып жатқандығы мен Құдай жіберген Құтқарушының олардың ортасында тұрып жатқандығының нағыз белгісі болатынын Ол білді.

Жақияның достары кеткеннен кейін, Иса Жақия туралы былай деді:

– Айдалаға сендер не көру үшін бардыңдар? Жұмсақ киім киген кісіні көру үшін емес, Құдайдың шынайы әрі әділ хабаршысын көру үшін. Жақия – өзіне дейін өмір сүрген пайғамбарлардың бәрінен де артық.

260. Биші қыздың сыйы

Марқа 6

Уақыт өтіп жатты, ал Жақия пайғамбар әлі түрмеде отырды. Сол кездерде Иродтың туған күні тойланды. Дастарханда тамақтың түр-түрі толып тұр. Туған күнге барлық ақсүйектер мен беделді кісілер түгел шақырылды. Қонақтар ішіп-жеп, қарындары тойғаннан кейін, қызық күтіп, орындықтарға жайғасты.

Қонақтар отырған залға Иродиаданың сұлу қызы Саломея кіріп патша мен қонақтардың алдында мың бұралып биледі. Би бәріне ұнады, әуен тоқтаған кезде, Саломея Иродтың аяқ жағына келіп, иіліп тағзым етті, қонақтар көңілдене қол соқты. Қуаныштан және шараптан Иродтың түрі қызара бөртті.

– Мына биің үшін сен сыйлық алуға лайықсың, – деді ол. – Қалағаныңды сұра, беремін.

Саломея ешнәрсе айтпай, қонақтар отырған бөлмеден шығып кетіп, шешесімен ақылдасты. Иродиада еш ойланбастан:

– Жақия Шомылдырушының басын сұра, – деп бұйырды қызына.

Саломея адам толып отырған бөлмеге қайтып келіп:

– Маған табаққа салып Жақия Шомылдырушының басын әкеліп беріңіз, – деді патшаға.

Ирод шошып кетті. Ол Жақиядай әділ кісіні өлтірмек емес еді. Бірақ қазір өзінің жұрттың көзінше Саломеяға берген уәдесін орындамауына тағы да болмайды.

Жақияның басын алу үшін, Ирод түрмеге бір жасақшыны жіберді.

Иродиада риза еді. Ол өзін айыптап, оның бақытына қаяу түсірген кісінің үнін өшірді.

Жақияның достары қатты қайғырып, оны жоқтады. Олар оның мәйітін алып, апарып жерледі. Иса да қатты қайғырды. Ол Жақияны өте жақсы көретін.

АШЫҚ АСПАН АСТЫНДАҒЫ ТАҒЫЛЫМДАР

261. Таудағы уағыз

Матай 5; Лұқа 6

Көп ұзамай бас діни қызметкерлер мен парызшылдардың Исаның Құдай туралы уағыздарын тыңдағылары келмейтіні анық болды. Олар Құдайға ненің ұнамды екенін және Оған қалай қызмет ету керегін өзіміз де білеміз деп санады. Олар Мұса қалдырған заңды орындады, бірақ оған өз жандарынан көптеген ережелер қосты. Ал Иса болса, қолды қалай жуу мен қандай тамақ ішуге қарағанда басқа адамдармен ара-қатынасы әлдеқайда маңыздырақ деп тәлім берді.

Парызшылдар Исаның мәжілісханаларда уағыз айтуына рұқсат бермегеннен кейін, Ол Өзінің шәкірттері мен халыққа ашық аспан астында тәлім беріп жүрді.

Бірде тау етегіне халық жиналған кезде Ол былай деді:

– Егер сендер Құдайдың балалары болғыларың келсе, Көктегі Әкелерің сияқты кемелді болыңдар. Ол әділдер мен әділетсіздерге бірдей күн шығарып, жаңбыр жаудырады. Сендер Оған ұқсас болуларың керек. Жауларыңды да, өздеріңді ренжіткендерді де жақсы көріңдер. Жамандыққа жақсылықпен жауап беріңдер.

Яһудилік дін мұғалімдері Он өсиетті қатаң ұстанатын, соның бірі «Кісі өлтірме!» деген өсиет. Бірақ жүрек түкпірінде олар Исаға өлім тіледі. Иса болса Құдай адамның ойын көріп, біліп тұрады дейді. Құдай жек көру мен ызаны көрсе, бұл Ол үшін адам өлтіргенмен бірдей. Жаратқан Ие адамдардың шын жүректен қайырымды және әділ болғандарын қалайды.

– Құдай алдында құр алақан тұрғандар бақытты, Құдай Патшалығы сондайларға арналған! – деп үйретті Иса.

Демек Құдайдың көмегіне және Оның кешіріміне өздерінің мұқтаж екенін түсінетіндер бақытты деген сөз. Бұл адамдар ешқашан да Жаратқанның көз алдында жақсы бола алмайтындарын түсінеді, дегенмен Оны сүйуге және Оған ұнамды болуға бар күштерін салады. Құдай оларға сыйларын береді.

– Кішіпейілділер бақытты, олар жерді иемденетін болады! – деді Иса.

Нағыз бақыт – басқа адамдарға қайырымдылық жасап, шыдамды болуда. Кез келген амалмен өз мақсатына жетуге тырысу дұрыс емес.

– Татуластырушылар бақытты, олар Құдайдың рухани балалары деп аталмақ! Әділдік үшін қудаланғандар бақытты, Құдай Патшалығы сондайларға арналған! Адамдар сендерді Маған бола қорлап, қудалап, әр түрлі жала жауып жамандаса, бақыттысыңдар! Қуана шаттаныңдар! Себебі көкте сендерді зор сый күтіп тұр! – деді Иса.

262. «Ием! Бізге дұға етуді үйретіңізші»

Матай 6; Лұқа 11; Марқа 11

Таңертең де, түнде шәкірттері шаршаған кезде де, Иса аулағырақ барып дұға ететін. Шәкірттерге ұйқы қандай қажет болса, Исаға дұға сондай қажет сияқты болып көрінетін.

Бірде олар Исадан:

– Бізге дұға етуді үйретіңізші, – деп өтінді.

– Маңыздысы, қалай дұға етуге болатынын білу, – деп жауап берді Иса.

– Екіжүзді болмаңдар, олар айналадағы жұрт көрсін деп дұға етеді. Олар сиынғанда Жаратқан Ие естісін деп емес, адамдар естісін деп сиынады. Адам көп жиналатын жерлерде ұзақсонар дұға етеді. Ел көріп, оны Құдайды қастерлейтін жан екен деп айтсын дейді. Оларға ұқсамаңдар. Мінәжат еткен кезде Құдай ғана көріп, ести алатын жеке бөлмеге кіріп алыңдар.

Дұға еткен кезде артық сөз айтпаңдар, көп сөйлесем Құдай естиді деп ойламаңдар. Мағынасына мән бермей, бір айтқан сөздеріңді қайталай бермеңдер. Өйткені Жаратқан Ие сендердің неге мұқтаж екендеріңді сендер сұрамай жатып–ақ біледі. Ол сендердің қарапайым, шыншыл сөздеріңді естігісі келеді.

Былай дұға етіңдер:

Көктегі Әкеміз!

Сенің киелі есімің қастерлене берсін, Патшалығың осында орнасын!

Сенің еркің көкте орындалғанындай,

Жер бетінде де орындала берсін!

Күнделікті нанымызды әр күні бере гөр.

Бізге күнә жасаған әркімді кешіргеніміздей,

Сен де күнәларымызды кешіре гөр.

Азғырылуымызға жол бермей,

Жамандықтан бізді сақтай гөр. Аумин!

Егер өздерің өзгелерді кешіруге дайын болмасаңдар, Құдайдан кешірім сұрауға болмайтыны естеріңде болсын. Ал егер адамдардың күнәларын кешірсеңдер, Құдай сендердің де күнәларыңды кешіреді.

Құдайға дұға етіп бір нәрсе сұрағанда ешқашан күмәнданбаңдар. Оның сендерді еститініне және Оның жауабы – барлық мүмкін болатын жауаптардың ішіндегі ең жақсысы екеніне сеніңдер.

263. Екі түрлі дұға

Лұқа 18

Исаның айналасына жиналып Оның сөзін тыңдайтын жұрт екі түрлі топқа бөлінді. Бірінші топ өзара бір-біріне жақын тұрып, қарапайым халықпен араласқысы келмейтін парызшылдар болды. Олар қарапайым халыққа қарағанда әлдеқайда аз еді.

Парызшылдар Таурат заңына бертін келе қосылған әр түрлі ережелерді нақты орындауға баса назар аударатын.

Олардың көбі жақсы кісілер болатын, бірақ олар өздерін аса жақсы көретін. Олар өз өмірлерінің Құдайға ұнамды екеніне сенімді болды. «Ауыздары аңқиып, Исаның айтқан әрбір сөзін ұйып тыңдайтын мына қара халыққа қарағанда біз әлдеқайда жақсымыз ғой», – деп ойлады олар.

Осы екі топты да көрген Иса мынадай астарлы әңгіме айтып берді:

– Екі адам Құдайға сиыну үшін ғибадатханаға келеді, олардың бірі – парызшыл, екіншісі – салық жинаушы. Парызшыл іштей былай деп дұға етеді: «Құдай! Мен басқа адамдар сияқты қарақшы, жәбірлеуші, неке адалдығын бұзушы немесе ана салықшыға ұқсап күнәкар болмағаным үшін Саған ризашылығымды білдіремін. Мен аптасына екі рет ораза тұтамын және барлық тапқан табысымның оннан бір бөлігін қайыр–садақаға беріп тұрамын».

Ал салық жинаушы алыста тұрып, басын көтеруге де батылы бармай: «Құдай! Мен күнәкармын, рақым ете гөр!» – деп жалбарынды.

Сендерге шын айтамын: екеуі үйлеріне қайтқанда парызшыл емес, салық жинаушы Құдайдан кешіріліп, ақталған еді. Өйткені өзін–өзі жоғарылатқан әркім төмендетіліп, ал өзін төмен ұстаған жоғарылатылады.

264. Түн ортасында келген дос

Лұқа 11

Иса тағы былай деді:

– Құдайға сиынған кезде Оған мұқтаждықтарыңды айтыңдар. Сұраңдар, сонда Ол сендерге береді; іздеңдер, сонда табасыңдар; есікті қағыңдар, сонда сендерге ашылады.

Араларыңда біреуіңнің досың бар делік. Сол дос түн ортасында саған келіп қалды. Ұзақ жол жүріп келген оған тамақ ішіп, дем алу керек. Ал, өкінішке орай, сенің үйіңде тіске басар ештеңе де жоқ – тіпті бір үзім нан да жоқ. Біраз нан сұрап алу үшін сен көршіңнің үйіне барасың.

Көршіңнің есігін ұзақ тақылдатып, алыстан қонақ келіп қалғанын, ал сенің үйіңде тым болмаса нан да жоқ екенін айтып, үш нан бере тұруын өтінесің.

Бірақ іштен ешкім жауап қатпайды. Сен есікті қайта қағасың. Іштен «Мазамызды алмай, кетші! Біз есікті бекітіп, жатып қалдық. Орнымнан тұрып барып, саған нан бере алмаймын» деген дауыс естіледі.

Бірақ сен қайтпай, есікті қаға бересің, өйткені досыңа тамақ беруің керек қой. Ақары көршің орнынан тұрып, сенен құтылу үшін сұраған үш наныңды береді. Күлімсіреп және алғысыңды айтып, қарны аш досың күтіп отырған үйіңе қарай асығасың.

– Естеріңде болсын, – деді Иса, – сендер дұға еткен кезде де дәл осылай болады! Тіпті көмектескісі келмеген кісінің өзі ақырында құтылу үшін нан сұрап тұрған көршісіне сұрағанын беруге мәжбүр болды. Ал сендер дұға еткен кезде өздеріңді сүйетін Әкелеріңнен сұрайсыңдар ғой, ал Ол сендерге мұқтаж кездеріңде көмектесіп, сұрағандарыңды бергісі келеді!

265. Дана құрылысшы мен ақымақ құрылысшы

Матай 7

– Бірде, – деп бастады Иса әңгімесін, – екі кісі үй салмақшы болады. Біреу үй салмас бұрын қолайлы орын іздейді. Ол әктастан тұратын жартасты жер телімін тауып, сол жерге үйін салады. Қыс келді. Жаңбыр жауып, жел тұрды. Алайда оның соққан үйі құлаған жоқ, өйткені үйдің негізі берік еді.

Екінші кісі үйді қайда саламын деп басын қатырып жатпады. Ол құрылысқа әдемі, желден ық жерді таңдады, сол жерден үй әдемі болып көрінеді. Бірақ ол үйдің кеуіп қалған өзеннің орнына салынғанына назар аудармады. Жаз болып тұрған кезде бәрі жақсы болды. Бірақ көп ұзамай суық түсіп, жаңбыр басталды. Жел тұрып, су сарқырап ылдидағы құмдақ жерге қарай ақты. Үй опырылып құлап қалды.

Иса Өзін зейін қойып тыңдап отырған шәкірттеріне қарады.

– Сонымен, дана болыңдар, – деп ескертті Ол. – Өз өмірлеріңе Менің тәлімімді негіз етіп алыңдар. Егер Менің сөзімді орындасаңдар, үйін жартастың үстіне салған құрылысшы сияқты боласыңдар. Ешнәрсе де сендерді шайқалта алмайды. Сендер мызғымас берік боласыңдар.

Егер Менің айтқандарымды орындамай, ойларыңа келгенді істеп, өз қалауларыңа сай өмір сүретін болсаңдар, ақымақ құрылысшы сияқты боласыңдар. Ол үйінің негізі берік болуын ойлаған жоқ, сөйтіп оның әдемі үйі опырылып құлап қалды.

Егер негізі берік қаланбаған болса, қиындық пен бақытсыздыққа кездескенде, сендердің өмірлерің де сондай болады. Сондықтан да өмірлеріңді даналықпен ойластырыңдар, Менің тағылымыма құлақ асыңдар және Менің айтқанымды істеңдер.

ИСАНЫҢ ДҰШПАНДАРЫ

266. Төрт жолдастың жол табуы

Марқа 2

Таңғажайып нәрселер туралы айтып, кереметтер жасап жүрген жаңа Ұстаз туралы хабар барлық жерге тарап кетті.

Иса Қапарнаумға қайтып келген кезде, Ол түскен кішкентай үй адамға лық толып кетті. Сыртта есіктің алдында да жұрт жиналды. Адамдар Оның сөзін естуге тырысып, Оны көру үшін мойындарын созып қарады.

Бұл кезде төрт кісі ақырындап жолмен төмен түсіп келе жатты. Олар зембілге салып, бір достарын көтеріп әкеле жатыр.

Иса тәлім беріп отырған үйге жақындап, олар ішке кіруге тырысты. Бірақ иін тірескен жұрт оларға жол бере қоймады. Достар зембілдерін жерге қойды. Олар қалай болса да достарын Исаға апаруға белдерін буды.

Кенет олардың біреуіне бір ой келе қалды. Сыртта тұрған сатымен ол үйдің төбесіне шығып, үйдің төбесін қолымен қопара бастады. Сөйтіп кішкентай тесік жасады. Ол достарын қол бұлғап көмекке шақырды. Көп өтпей–ақ олар үйдің төбесін ашып, ауру достарын төсегімен қоса түсіруге болатындай тесік жасады.

Сырқатты сатымен үйдің төбесіне шығару да оңай шаруа болмай шықты. Бәрі дайын болған кезде жолдастары ауру достарын төсегіне байлап, абайлап төбеден төмен түсірді. Ол тура Исаның алдына барып түсті.

Жұрттың арасында кейбіреулер тосыннан мына кісінің пайда бола кетуіне мырс-мырс етіп күліп те жіберді. Ал осы жерде болған дін мұғалімдері аса маңызды сұқбаттарының мынадай жолмен үзіліп кеткеніне ренжіді.

Иса күлімсіреді. Ол мына төрт жолдастың Өзіне сенетініне және тіпті қатты сенім артатынына қуанды. Олар достарына көмектесу үшін, оны Исаның алдына алып келу үшін мынадай төтенше амалға барды.

267. Күнәларды кім кешіре алады?

Марқа 2

Үйдегі жұрт енді не боларын күтіп демдерін іштеріне тартты. Олар Исаның кереметті қалай жасайтынын өз көздерімен көргілері келді. Бірақ Иса қимылдамай жатқан, өңі құп-қу кісіге қарап:

– Сенің күнәларың кешірілді, – деді.

Иса бұл кісіні бұрын ешқашан көрген емес, бірақ та оның жай ғана ауруынан айыққаннан гөрі, әлдақайда зор нәрсеге мұқтаж екенін білді. Бәлкім, айналадағылардың бұған көңілі толмаған да шығар, алайда сырқаттың өзі бақытқа кенеліп, жеңілдеп қалғанын сезінді. Оның ар-ұзданын азаптап келген жамандық Исаның билігімен кешірілген еді.

Дін мұғалімдері қайран қалды.

– Ол Құдайды қорлап жатыр ғой, – деп сыбырласты олар. – Құдайдан басқа кім күнәны кешіре алады? Ол Өзін кім деп санайды екен?

Олардың не ойлап, не десіп жатқандарын біліп тұрған Иса былай деп жауап берді:

– «Сенің күнәларың кешірілді!» – дедім және Менің күнәны кешіруге билігім бар-жоғын білу мүмкін емес. Бірақ, егер Мен мына кісінің рухын ғана емес, тәнін де сауықтырсам, сендер Менің билігімді мойындайсыңдар.

Осы сөздерді айтып Иса төсекте қимылдамай жатқан кісіге қарап:

– Орныңнан тұр да, төсенішіңді жиып алып, үйіңе қайт! – деді.

Сонда көп уақыттан бері тұра алмай жатқан әлгі ауру кісі сауығып, еш қиналмай төсенішін жиып алу үшін еңкейді. Екі езуі құлағына жетіп, ол иін тірескен жұрттың арасынан өтіп, сыртқа шықты.

– Егер Иса шынымен мынадай бейшараны сауықтыра алатын болса, онда, сірә, шынымен де Оның күнәларды кешіруге билігі бар шығар, – деп ойлады жұрт.

268. Сенбі күнгі сауықтыру

Марқа 3

Иса Құдай заңын жұртқа дін мұғалімдерінен мүлдем басқаша үйретті.

Яһудилік дін мұғалімдерінің бір тобы өздерін парызшылдар, яғни «басқаларға ұқсамайтындар» деп атады. Өздерінің ұстанымдары бойынша арам болып саналатынның бәрінен олар аулақ жүрді.

Олар әділ болуға және Жаратқан Иенің Мұса арқылы берген заңына өздері жылдар бойына қосып келген ережелерін бұлжытпай орындауға бар күштерін салды.

«Сенбі күнін Құдайға бағышта!» деген өсиетке олар жүздеген ережелер қосты. Өздері жұмыс деп санайтынның бәрі сенбі күні істеуге тиым салынады деп үйретті парызшылдар. Сауықтыру жұмыс болып саналды, сондықтан да сенбі күні өлім аузында жатқан кісіге болмаса, дәрігер шақыртуға болмайтын.

Бірде сенбі күні Иса мәжілісханаға барғанда, сол жерде қолы семіп қалған бір адамды көрді, әлгі кісі жұмыс істеп, нанын тауып жей алмайтын.

Иса әлгі кісіні сауықтырып, олардың ережелерін бұзуы мүмкін деп ойлап, парызшылдар Одан көздерін алмады.

Иса олардың не ойлап тұрғандарының бәрі де білді. Парызшылдар бұған дейін де Исаны айыптаған, себебі шәкірттері олардың ережелерін орындамаған-ды. Міне, Иса қолы семіп қалған кісіні мәжілісхананың ортасына шақырып алды да, жиылған жұртқа қарап:

– Сенбі күні қайсысын істеуге болады: жақсылықты ма, әлде жамандықты ма? Заң бізден нені талап етеді? – деп сұрады.

Бірақ Оған ешкім жауап бермеді. Исаның дұрыс айтып тұрғанын және Оның Құдай заңын дұрыс түсінетінін жұрт ұқты, бірақ олар парызшылдардан қорықты. Сонда Иса парызшылдардың қатал да мейірімсіз түрлеріне қарап, ашуланып кетті. Олардың мына кісінің сауыққанын қаламай тұрғанын Ол білді. Олар тек Исаны айыптаудың амалын іздеуде. Бірақ Иса олардан қорыққан жоқ.

– Қолыңды созшы! – деді Ол әлгі кісіге.

Ол қолын созғанда, бұрын жаны жоқ болып, семіп қалған қолы сауығып кетті.

Парызшылдар дереу орындарынан тұрып, мәжілісханадан шығып кетті. Олар Исаның көзін құрту үшін өздеріне одақтас іздеді.

269. «Ол жынданып кеткен шығар!»

Марқа 3

Исаның алды таң атқаннан кеш батқанға дейін бір босамады. Оны көру үшін және Оның сөзін есту үшін адамдар толассыз келіп жатты. Көбі Одан көмек күтті.

Әке–шешелер ауру балаларын әкелді, достар өздігінен жүріп тұруға шамасы келмейтін жолдастарына көмектесіп, көзі көрмейтіндерді әкелді. Кейбіреулер шипа іздеп Исаға өздері келді.

Исаға көмектесіп жүріп, шәкірттер әбден шаршайтын, олардың да отырып тамақ ішуге, дем алуға еш уақыттары болмайтын.

Көптеген қарапайым кісілер Исаны жақсы көрді. Парызшылдар сияқты емес, олар ешқашан Исаны жамандап, жек көрген жоқ, қайта, ерқашан Жаратқан Ие оларды сүйеді деп айтып жүрді. Дегенмен кейбіреулер іштей, Исаның ағаш ұстасы болып қала бергені жақсырақ еді деп ойлады.

– Оған не болғанын түсінбейміз, – десті олар Мәриям мен Оның барлық туыстарына. – Сірә, Ол жынданып кеткен шығар.

Сол арада Иерусалимдегі дін мұғалімдері Иса жайлы естіп, Оның қандай тәлім беріп жүргенін тыңдау үшін келді. Олар Исаны күндеді, өйткені халық Оны жақсы көрді және Ол кереметтер жасай алды. Сондай-ақ Оның Құдай туралы айтқан сөздеріне бола олар Оны жек көрді. Сөйтіп Құдайдың Исаға көмектесу мен сауықтыруға билік бергенін мойындаудың орнына діни қызметкерлер Оның билігі шайтаннан деп қауесет таратты.

Ал Иса оларға былай деді:

– Шайтан өзіне өзі қарсы шықты деп айту дұрыс па? Тән мен рухтың дерті шайтаннан. Ол адамды тек қана азап пен бақытсыздыққа душар етеді. Шайтан адамдарды Мен сияқты сауықтырар ма еді? Сендер Құдайдың ісін көріп тұрсыңдар және бұл – шайтаннан деп қатты қателесесіңдер. Бұл сендер үшін кешірілмейтін күнә. Мен шайтанның адамдарға жүргізіп отырған билігін талқандап, оларға Құдайдың құдіретімен бостандық беру үшін келдім.

ҚҰДАЙ ПАТШАЛЫҒЫ ТУРАЛЫ АСТАРЛЫ ӘҢГІМЕЛЕР

270. Тұқым себуші туралы астарлы әңгіме

Марқа 4

Галилея көлінің жағасында Иса халыққа тәлім берді. Адамдар оны қаумалап тұрды. Сонда Ол қайыққа мініді де, шәкірттері қайықты жағадан ары итеріп жіберді, сөйтіп енді Оны көргісі келгендердің бәрі көре алатын еді.

– Тыңдаңдар, бір диқан тұқым себуге шығыпты. Ол сеуіп жүргенде дәндердің кейбіреулері жол бойына түсіп қалады. Құстар келіп, оларды шоқып жеп қояды. Біраз тұқым топырағы аз, тастақ жерге түседі. Топырақ жұқа болғандықтан тұқым тез өніп шығады. Алайда тастақ жер болғандықтан, тамырын тереңге жая алмайды. Күн шыққан соң, солып, құрап қалады.

Тағы басқа дәндер арам шөптер арасына түседі. Арам шөптер өсіп, оларды тұншықтырып, өсірмей тастайды.

Ал өзге тұқымдар құнарлы топыраққа түседі. Бұлар өсіп, толысып, бірнеше есе өнім береді.

Тыныштық орнады, сонда Иса оларға:

– Құлағы барлар жақсылап тыңдап алсын! – деді.

– Бұл астарлы әңгіменің мәнісін түсінбедік, – деп мойындады шәкірттер.

– Шынымен Менен үйренгісі келетіндерге Құдай Патшалығының құпиялары ашылсын деп Мен астарлап сөйлеймін. Қызық іздеп келгендер мен құлақ асып мойындағысы келмейтіндерге Құдай Сөзі жұмбақ күйінде қалады.

Бұл әңгіменің астарын Мен сендерге түсіндіріп берейін. Тұқым себуші Құдай Сөзін сеуіп жүр. Бұл тұқым жеміс береді, бірақ оны әр түрлі адамдар естиді.

Жол бойына түскендері мынаны білдіреді: бірқатар адамдар Ізгі хабарды ести салысымен әзәзіл шайтан келіп, олардың жүректеріне себілген бұл сөздерді ұрлап әкетеді. Олар бәрін тез ұмытып кетеді.

Тастақ жерге себілген тұқым Құдай сөзін естіген кезде қуанышпен қабылдайтындарды білдіреді. Бірақ ауыр қиындықтар мен сынақтарды жеңуге тура келетінін білгеннен кейін олар дереу сенімдерінен безіп кетеді.

Арам шөптер арасына себілген тұқым осы өмірдің қам–қарекетіне алданып, сөзді жадынан шығарып жіберетіндерді білдіреді. Олар жеміс бермейді.

Ал құнарлы топыраққа себілген тұқым Ізгі хабарды қабылдап, Жаратқан Иенің сөзіне құлақ асатындарды білдіреді. Олардың Құдайға мойынсұнатындары өмірлерінен көрініп тұрады. Жаратқан Ие мұны жақсы тұқым деп атайды!

271. Ашытқы туралы астарлы әңгіме

Матай 13

Құдай туралы бәрін білеміз деп өздерін дана санайтын дін мұғалімдерімен сөйлескен кезде Иса да олар қолданатын сөздер мен дәлелдерді пайдаланды. Ал қарапайым халыққа тәлім берген кезде, Ол Құдай Патшалығының құпияларын түсіндіре отырып астарлап сөйледі. Ойланған кісі бұл астарлы әңгімелерден мәңгілік шындықты көреді. Өр астарлы әңгіме бізге Құдай Патшалығы туралы көбірек білуге көмектеседі.

– Мен сендерге оның неге ұқсайтынын айтып берейін, – деді бірде Иса. – Құдай Патшалығы нанға қосатын ашытқыға ұқсайды.

Бәрі түсінгендерін білдіріп бастарын изеді. Жұрттың арасында тұрған әйелдер күнделікті нан пісіретін, ал балалар оларға көмектесетін. Өрбір ер адам бала кезінде шешесінің нанды қалай істегенін көрген.

– Мұның қалай істелетінін, әрине, жақсы білесіңдер, – деді Иса. – Әйел ұн салынған табаққа азғантай ашытқы қосып, қамыр илейді. Біраз уақыттан кейін таңғажайып нәрсе болады. Қамыр ашып көтеріле бастайды және ол бастапқыдан екі есе көбейеді. Сол секілді, Құдай Патшалығы да уақыты келгенше адамдардың көзінен таса. Жаратқан Иенің істерін сендер байқамауларың мүмкін, бірақ өмір толық өзгереді және Құдайдың құдіретімен қозғалысқа келген Құдай Патшалығы өсіп көтеріле береді.

272. Қазына

Матай 13

– Бірде, – деп Иса әңгімесін бастады, бәрі Оның әңгімесіне құлақ түрді. Адамдар Құдай Патшалығын жақсырақ түсінулері үшін тағы бір астарлы әңгіме айтып бермекші еді.

– Бірде бір кісі жер жыртып (қопсытып, қопарып) жүріп, кенет күрегі бір қатты затқа тіреледі. Ол еңкейіп, әлгі жерді қазып, қобдишаға салынған қазына тауып алды. Жерге төгіліп қалған алтын теңгелер, жүзіктер мен алқалар күнге шағылысып жалт-жұлт етеді.

Әлгі кісі дереу қазынаны жиып алып, қайта орнына көміп қойды. Күрегіне сүйеніп тұрып, ойға шомды. Егер ол осы егіс даласын сатып ала алса, онда қазына онікі болар еді. Бұл үшін оған бүкіл дүние-мүлкін сатуға тура келетінін ол білді. Дегенмен ол барын сатып, егістік жерді сатып алды. Және онысы зая кеткен жоқ! Енді қазына оныкі.

Иса әңгімесін аяқтамай жатып, жұрттың арасынан бір баланың дауысы шықты:

–Тағы да әңгіме айтып беріңізші!

Иса күлімсіреп, басқа бір әңгімені бастады.

– Бір саудагер болыпты, ол інжу-маржан жинаумен айналысады екен. Ол жер бетін шарлап, базарларды аралап, інжу-маржан іздеп жүреді. Бірде әлгі саудагер ғажайып, үлкен маржан тауып алады. Мұндайды ол бұрын көрген емес. Ол маржанды қолына ұстап, алақанында аударыстырып көргеннен кейін құнды қазына тапқанына көзі жетті. Оның бір де бір міні жоқ.

Ал құнын сұраған кезде, қанша бай болса да, оны сатып алуға ақшасы жетпейтінін білді. Бірақ ол қалай да мына маржанды қолына түсіруі керек еді! Оның өзіне қымбат басқа інжу-маржандарын сатуына тура келеді. Тек осылай ғана ол мына құнды маржанға қол жеткізеді.

Исаны тыңдап отырғандардың көбі Құдай Патшалығы не екенін жақсырақ түсіне бастады. Сол Патшалықта болып, Исаны Патшаң ретінде көру бір ғанибет шығар! Ал адам өміріндегі басқа нәрселерді мұнымен салыстыруға болмайды. Исамен бірге болу – демек, әлемдегі ең асыл қазынаға ие болу деген сөз.

273. Үлкен тойға шақыру

Лұқа 14

Құдайды қастерлейтін яһудилер Құдай Патшалығы жер бетінде орнайтын күнді асыға күтті. Олар мұны еш аяқталмайтын той деп елестетті және оған тек яһудилер ғана кіреді деп ойлады.

Бірде Иса бір әділ яһудидің үйінде отырып, – «Құдай Патшалығындағы тойға қатысатындар бақытты!» – дегенді естіп қалды.

– Саған бір астарлы әңгіме айтып берейін, – деді оған Иса. – Бір кісі ұлан-асыр той жасамақшы болады. Ол қонақтар шақырып, тойға дайындалады. Барлығы дайын болған кезде, «Барып, қонақтарды шақырып кел!» дейді қызметшісіне.

Бірінші үйге барғанда, қызметші үй иесінің асығыс бір жаққа жиналып жатқанын көрді.

– Қожайыныңнан менің атымнан кешірім сұра. Мен тойға бара алмаймын. Жаңа ғана жер сатып алып едім, соны барып көріп келмесем болмайды.

Екінші қонақтың да қолы бос болмай шықты.

– Менің тойға баруға уақытым жоқ, – деді ол. – Бес жұп өгіз сатып алып едім, соларды соқаға жегіп көрмекшімін.

Қызметші басы салбырап үшінші үйге келді.

– Мен үйлендім, – деді ол күлімсіреп, – сондықтан тойға бара алмаймын.

Шақырылған қонақтар бірінен кейін бірі тойға келуден бас тартты. Олардың ешқайсысы уәделерінде тұрмады. Қызметші ренжіп үйге оралды.

Болған жайтты естігенде қожайын қатты ашуланды.

– Менің үйіме тойға келуге талай адамдар-ақ құштар болып жүр, – деді ол қызметшісіне. – Барып, қаланың көшелерін аралап, жарлы-жақыбайларды, аш-жалаңаштарды алып кел!

Көп өтпей-ақ қызметші соңынан азып-тозған, жұпыны киінген кісілерді ертіп қайта оралды. Кір-қожалақ балалар қуанып, секіріп жүр, ал ересектер олардың артынан зорға ілбіп келеді. Үйдің иесі оларды алдарынан шығып қарсы алды. Алайда бәрі жайғасқаннан кейін, әлі де бос орындар қалды.

– Үйім толсын. Қаладан шығып, үлкен жолда, үйлердің айналасында жүргендерді осында ертіп кел! – деді қожайыны қызметшісіне.

Оның түрі бұзылып, тағы былай деп қосты:

– Ал бұрынғы шақырылғандардың ешқайсысы да қонақасымнан ауыз тимейді! Өйткені шақырылғандар көп, ал таңдап алынғандар аз.

Иса әңгімесін аяқтағанда, жұрт үндемей қалды. Құдай Патшалығындағы тойға яһудилер кіре алмай қалуы мүмкін болғаны ма? Бәлкім, шынында Құдай олардың орнына, олар жек көретін және менсінбейтін адамдарды шақыратын шығар?

ИСА – МҰҢ-МҰҚТАЖДАРДЫҢ ДОСЫ

274. Теңіздегі сұрапыл дауыл

Марқа 4

Бұл күн аса ауыр болды. Иса таң атқаннан бері жағалауға жиналған жұртқа тәлім беріп, ауруларды сауықтырды. Бірақ кеш түсіп, қараңғы батты.

– Көлдің арғы бетіне өтейік, – деді Иса.

Шәкірттер қайыққа отырып, желкенді көтере бастады. Жағалауда тұрған адамдардың көп бөлігі үйді-үйіне тарай бастады.

– Ұстаз, мында, қайықтың тұмсық жағына жатып дем алыңыз, – деді Исаға шәкірттері.

Қайықты епті балықшылар басқарып келе жатты, ал Иса уайымдамаса да болатын. Ол қисая салысымен ұйықтап кетті. Шәкірттері қайықты есіп келеді.

Тіпті епті балықшылардың өзі Ғалилея көлінің аяқ астынан көтеріле қалатын дауылынан қорқатын. Бұл жолы да ысқырып жел тұра бастады және ол барған сайын күшейе түсті. Толқын көтеріліп, кішкентай қайықты қатты тербеп, аударып кете жаздайды. Тып-тыныш теңіз аяқ астынан ақырған арыстаға айналып шыға келді.

Қайықтың ішіндегі суды сыртқа төгіп, шәкірттер әбігерге түсті. Олар қанша жанталасқандарымен, көп ұзамай қайықтарының суға бататынын түсінді.

Олар Исаға бұрылып қарады және Оның қаннан-қаперсіз ұйықтап жатқанын көріп қайран қалысты. Олар Исаны түртіп оятып:

– Ұстаз, құритын болдық! – деді.

Иса тұрып, желге тиым салып:

– Басыл! – деп бұйырды.

Содан кейін көлге қарап:

– Тына қал! – деді.

Сонда дауыл басылып, жым-жырт тыныштық орнады. Содан кейін Ол шәкірттеріне қарап:

– Неліктен соншама қорқасындар? – деп сұрады. – Өлі де сенімдерің жоқ па?

Ешкім жауап қатпады. Исаның жасаған кереметін көріп олар өте таң қалып:

– Тіпті жел де, көл де бағынатын Бұл кім Өзі? – деп сыбырласты өзара.

275. Зират арасында жүрген жын соққан кісі

Марқа 5

Бұдан кейін қайық Ғалилея көлінің екінші жағалауына келіп тұмсық тіреді. Иса мен шәкірттер аман-есен жағалауға түсті. Жағада адам баласы жоқ. Кенет олар шыңғырған дауыс естіді. Біреу тоқтамай айқайлап жатты және дауыс жақындай берді.

Қаладан қуылып, қабірге арналған үңгірлерді паналап жүретін жын соққан кісі туралы Исаның шәкірттері бұрын естіген болатын. Ол өзіне зақым келтірмесін деп байлаған арқан, тіпті шынжырды да үзіп тастап, қашып кетеді екен.

Өздеріне қарай теңселе басып келе жатқан кісіні көрген шәкірттері мазасызданып, бір-біріне жақын жүруге тырысты. Жын соққан кісі оларға одырайып қадала қарады. Оның өсіп кеткен шаштары ұйпа-тұйпа, ал жалаңаш денесі жырым-жырым, жара-жара.

Бірақ Иса сабырлы болды. Ол жын соққан кісіге қарай жүрді. Ал әлгі кісі жүгіріп келіп, Оның аяғына жығылды.

– Иса, мені азаптай көрмеші, – деп жалбарынды ол. – Мен Сенің кім екеніңді білемін. Сен Құдай тағаланың Ұлысың!

Иса мына кісіні аяп кетті. Оны шайтан өз еркіне бағындырып алып, оған бассыздықтар жасататынын Иса білді.

– Атың кім? – деп сұрады Иса.

– Атым «Үлкен топ», өйткені біз көппіз, – деп жауап берді әлгі бейшараның бойына еніп алған жын.

– Жын, шық бұл кісіден! – деп бұйырды Иса.

Сол жерде төбе беткейінде үлкен бір қора шошқа жайылып жүрген болатын.

– Бізді шошқаларға жіберші, біз соларға енейік, – деп сұрады жындар.

– Жарайды, – деп келісті Иса. – Шошқаларға енулеріңе болады.

Сонда шошқалар құлама тік жардан көлге қарғып, суға кетіп, қырылып қалды.

Ал жын соққан кісі өзін Иса мәңгі-бақи шайтанның билігінен босатқанын түсінді.

Ол көздері күлімдеп Исаға қарады.

Иса оған орнынан тұруына көмектесті, ал шәкірттер оны теңізге апарып жуындырды, ал олардың бірі оның үстіне шапанын жапты.

Бұл кезде шошқа бағып жүрген бақташылар қалаға барып, болған жайтты тұрғындарға айтып берген болатын. Сөйтіп жағаға жұрт жинала бастады.

Бұрын жын соққан кісінің енді үстіне киім киіп, ақыл-есі дұрысталып, жаңа достарымен сөйлесіп, жайбарақат отырғанын көріп бәрі қайран қалысты. Бірақ қала тұрғындары Исаны өз қалаларына шақырмады. Шошқаларын суға батырып жіберген мына жұмбақ бейтаныс олар үшін түсініксіз еді.

– Өтінеміз, біздің жерімізден кете көріңіз, – деді олар Исаға.

Иса мен шәкірттер дереу қайыққа отырды.

- Мені Өзіңізбен бірге ала кетіңізші, – деп өтінді шайтанның билігінен босанған кісі.
- Сен Маған осы жерде қажетсің, – деді Иса оған мейірлене. – Айналадағы барлық адамдарға Жаратқан Иенің саған мейірімді болғанын айтып бер, егер адамдар Оның саған қалай көмектескенін көрсе, сенің Маған қызмет еткенің сол болады.

276. Сенімі арқылы сауығу

Марқа 5

Иса шәкірттерімен келесі жағаға өткені сол еді, олардың айналасына адамдар көптеп жинала бастады. Оған жақындамақ болып, бірін-бірі ығыстырып итермеледі, бірақ Исаға тағы да бір адамның жақындамақ болғанын көріп, олар шетке ысырылып орын берді.

Бұл адам қаладағы құрметті адам, мәжілісхана жетекшісінің бірі Жайыр еді. Ол тез адымдап Исаның алдына келіп, Оның аяғына жығылды.

- Өтінемін, тез жүрші, – деді Жайыр. – Қызым әл үстінде жатыр, кішкене кешіксек, өліп қалуы мүмкін.

Иса көп ойланбай, онымен бірге жүрді. Оның қасындағы адамдар да олардың соңынан ерді. Иса өзімен бірге келе жатқанына көз жеткізу үшін артына бұрылған Жайыр Оның тоқтап қалғанын көрді.

- Кім Маған қол тигізді, – деп сұрады Иса.

– Осынша тобырдың арасында Саған кімнің қолы тигенін білуге болушы ма еді? – десті шәкірттері. – Мұндағылардың бәрі сығылысып келеді ғой.

Бірақ Иса мұны істеген кім екенін білу үшін айналасына көз жүгіртті. Ақыры, қиналған, қорқа дірілдеген бір әйел алға шығып, Оның аяғына жығылды.

– Саған қолымды тигізген мен едім, – деп мойындады ол. – Қолым тисе сауығатыныма сеніп ем.

- Маған бәрін айтып бер, – деді Иса.

– Мен он екі жылдан бері аурумын, – деді әйел. Барымды дәрігерлерге берсем де, сауығудың орнына күннен күнге нашарлай бердім. Мен тым болмаса Сенің киіміңе қолымды тигізсем, сауығатыныма сенімді болдым және дәл солай болды да.

Иса әйелге мейірлене қарады. Жаратқан Иенің көз алдында бұл әйелдің өмірі де Жайырдың қызыныкіндей маңызды еді.

– Сенімің арқылы сауықтың, – деді Иса жай ғана. – Аман-есен қайта бер, енді ешқашан ауырма.

Әйел тобырдың арасынан өтіп, үйіне қайтты. Оның жүзі қуаныш пен алғыстан бал-бұл жанды.

277. Өлімнен тірілу

Марқа 5

Иса киіміне қолын тигізген әйелмен сөйлесіп тұрғанда, Жайыр шыдамсыздықпен күтіп тұрған тобырдың арасында толқу басталды. Жайырдың үйінен құлдары жаманат хабарды жеткізді. Оның қорқынышы орындалды.

– Қызыңыз қайтыс болды, – деді қызметшілері. – Енді Ұстазды әурелемей-ақ қойыңыз.

Бақытсыз Жайыр! Оның көкірегі қайғыдан қарс айрылардай еді. Кеш болмай тұрғанда Исаны алып келуге тырысып-ақ еді. Егер Ол әйелмен сөйлесіп тұрып қалмағанда ғой! Енді үміттенуден пайда жоқ.

Осы кезде Иса әйелден бетін бұрып, Жайырдың иығына қолын салып:

– Қорықпа, тек сенімің болсын! – деді.

Сөйтті де, Жайырмен бірге оның үйіне қарай асыға адымдады. Үйде жылағандардың дауысы далаға естіліп жатқан болатын.

– Неге шулап жылайсыңдар – деді Иса. – Қыз өлген жоқ, ол ұйықтап жатыр.

Олар Оның айтқанына күлді, өйткені қыздың өлгенін бәрі білді.

Иса олардың арасынан өтіп, үйге кірді. Үйге қыздың ата-анасы мен Өзінің сүйікті үш шәкірті – Петір, Жақып, Жоханнан басқа ешкімнің кірмеуін бұйырды.

Иса төсекте қимылсыз жатқан қызға жақындады. Ол қолымен қыздың сұп-суық қолын ұстады да, «Талифа куми» – деді. Мұның мағынасы: «Қызым тұра ғой!» – еді.

Қыз сол сәтте-ақ тостағандай көздерін ашып күлімсіреді. Кейін орнынан тұрып, қуанышпен үйдің ішінде жүгіре бастады. Оның анасының бетін жас жуды.

Қыздың ауыр науқастан соң әлсіреп қалмауының қамын жеп, Иса оның ата-анасына:

– Қыздарыңның қарны аш, оған тамақ беріңдер, – деді.

278. «Жылама!»

Лұқа 7

Иса достарымен Наин қаласына қарай тік жолмен көтеріліп бара жатты. Олар қалаға жақындағанда, өлік жерлеуге бара жатқан қаралы шеруге жол берулеріне тура келді.

Алдында жоқтаушы әйелдер жүріп барады. Олардың біреулері сырнайда азалы әуен ойнап, біреулері жылап бара жатыр. Олардың соңынан бірнеше еркек табыт көтеріп бара жатты. Онда жас бала жатты. Баланың анасы олардың соңында қатты жылап еріп келеді. Шерудің соңында достары, туыстары және қала тұрғындары бара жатты.

Иса бақытсыз анаға қарап, жүрегі аянышқа толып кетті. Себебі әйел жесір болатын, енді жалғыз ұлы өлгеннен соң, оған ешкім көмектеспейді.

– Жыламаңыз, – деді Иса жай ғана.

Сөйтті де табытқа жақындап, қолын тигізді. Табытты көтеріп бара жатқандар тоқтай қалды. Барлығы Исаға қарап, «Ол не істемекші?» деп ойлады.

– Балам! Саған айтамын, тұра ғой, – дегенде, бала табыттан көтерілді, оның жүзінен өмір нұры төгілді.

– Сен кімсің? Маған не болған? Неліктен маған қазір жақсы болды? – деп сұрай бастады ол.

Иса баланы жетелеп барып, анасына табыстады.

Айналадағы адамдар үрейлене сыбырласа бастады. Біреуі жақын маңдағы Сонам қаласы жақты нұсқап:

– Елішенің өлген баланы тірілткені естеріңде ме? – деді.

– Демек, Иса Еліше сияқты үлкен пайғамбар болғаны ғой, – десті олар.

– Жаратқан Ие келіп, Өз халқын бақытсыздықтардан құтқаруда, – деді бір әйел.

Адамдар Исаның кім екенін білген жоқ, бірақ оның істеген әрбір ісінен Құдайдың мейірімі мен сүйіспеншілігі көрініп тұрды. Олар Жаратқан Ие қастарында жүріп, қиналғандарға, мейлі ол кедей болсын, кемтар болсын көмектесетінін түсінді.

ИСА ЖӘНЕ ОНЫҢ ШӘКІРТТЕРІ

279. Шәкірттері уағыздауға шықты

Лұқа 9; 10

Иса шәкірттерімен қалалар мен ауылдарға шығып, Құдай Патшалығы жақындап қалғандығы туралы Ізгі хабарды жариялады. Исаны бір жерде ұзағырақ қалуын өтінген кезде, Ол қарсылық білдіретін, өйткені Ізгі хабарды басқа адамдар мен ауылдарға да тарату керек болды.

Бірде Ол Өзінің шәкірттеріне:

– Мен сендердің Ізгі хабарды өздеріңнің таратқандарыңды қалаймын, сонда көп адам еститін болады, – деді.

Басында шәкірттер Исасыз, өздері жалғыз жүріп таратуға қорықты. Сонда Иса оларды бір-біріне көмектесе алуы үшін екі-екіден бөліп тастады.

– Мен сендерге жындарды қуып шығып, ауруларды сауықтыратын күш-қүдірет беремін, – деп уәде берді Ол.

Сондай-ақ Ол:

– Жолға артық ешнәрсе алмаңдар, қалаға келгенде, шақырған үйге барып қоныңдар. Үйге кіре бере «Үйлеріңде тыныштық болсын!» деп айтыңдар. Сұрағандарға тегін көмектесіңдер, өйткені сендерде бардың бәрі Құдайдікі. Егер бір қалада сендерді қабылдамай, айтқандарыңды тыңдамаса, кетіп қалыңдар. Ол жердің тұрғындары Құдайдан бас тартқандары үшін өздері жауап беретін болады, – деді.

Шәкірттер жолға аттанды. Олар басында жалғыз, өздері ғана жолға алғаш рет шыққандықтан қобылжыған болатын. Бірақ қуанышпен оралды. Олар өздерімен болған оқиғаның бәрін Исаға айта бастады. Керемет! – десті олар. – Жындар Саған бағынғандай, бізге де бағынады.

Иса болса Көктегі Жаратқан Иеге зұлымдық пен қайғыны жеңгені үшін алғысын білдірді. Бірақ Ол өз шәкірттеріне жасағандарына менменсіп кетпеулерін тапсырды.

– Сендер керемет жасай аламыз деп қуанбаңдар, – деді Ол, – Көктегі Өкелерің сендерді таңдап алғанына, Онымен бірге болып, көкте есімдерің жазылатынына қуаныңдар.

280. Кім үлкен?

Марқа 9

Иса шәкірттерімен тастақ жолмен келе жатты. Иса алға озып кетті де, шәкірттері кейін қалып қойды. Жолда олар өзара таласа бастады. Талас барған сайын қыза түсті.

Олар үйге кірген кезде, Иса оларды күтіп отырған еді. Иса оларға байыппен қарады.

– Сендер жолда не туралы соншама таластыңдар? – деп сұралы Ол.

Шәкірттер ұялып үндемеді. Олар Исаның алдында не үшін таласқандарын мойындауға ұялды. Өйткені олар Исаның Патша болатынына сенді, сондықтан Оның сарайындағы орындарды өзара бөлісіп еді.

Бірақ Иса оларды не үшін таласқандарын білді.

– Бері келіңдер, – деді Ол. Ұялған шәкірттер өздерінің Ұстаздарының алдына келді.

– Ал енді Маған айтыңдар, қайсының қалғандарыңнан үлкен болғыларың келеді?

Шәкірттер тағы да ештеңе айта алмады, бірақ Оны зейін қойып тыңдады.

– Кімнің Менің Патшалығымда үлкен болатынын айтайын, – деп жалғастырды Иса. – Өзгелердің қамын кім ойласа, сол ең үлкені болады.

Үй иесінің бір баласы сол кезде үйде болатын және ол Исаның қасында, Оның сөздеріне құлақ қойып тыңдап отырды. Иса баланы тізесіне отырғызып, оны мейірлене құшақтады.

– Түсініңдер, ұлы адамдар бала сияқты. Олар өздерінің ұлылықтары туралы ойламайды, бірақ Маған сеніп, мына бала сияқты айтқанымның бәрін істейді. Кім осындай сәбиді Менің атымнан қабылдаса, соның Мені де қабылдағаны, Мені қабылдағаны – Мені Жібергенді де қабылдағаны екенін естеріңде сақтаңдар.

281. Тұз бен нұр

Матай 5

Иса Құдай Патшалығы туралы Ізгі хабарды жариялап, шәкірттерін үйретіп жүрді. Он екі шәкірттен басқа көптеген адамдар Оған сеніп, мойынсұнды.

Иса оларды Өзімен бірге болу үшін қалай өмір сүру керектігіне үйретті. Ол айналасындағы үймелеген адамдарға қарап, неше түрлі адамдарды көрді. Мұнда жанұяның анасы да, балықшылар да, саудагерлер де, шеберлер де, салықшылар мен балалар да болды.

– Егер сендер Менің соңымнан ерсеңдер, Маған кез келген жерде қызмет ете аласыңдар, – деді оларға Иса. – Сендер жердің тұзысыңдар. Тұз ет пен балықты бұзылып кетуден сақтайды. Сендер де өздерің жүрген жерлеріңді бұзылудан сақтайсыңдар. Сендер Мені сүйгендіктен әділ, еңбекте тындырымды, мейірімді боласыңдар. Істеген істеріңде лас ештеңе болмайды. Тұз тамаққа дәм береді. Сендердің өмірлерің шын қуанышқа толы болады, сондықтан сөздерің мен істерің арқылы сол қуаныш кездескен адамдарыңның өміріне де енеді. Өздеріңнің Маған деген сенімдеріңді құпия ұстамандар. Мына тау басында тұрған қалаға қараңдар. Ол тығылып жасырынбайды, сондықтан оны бәрі көреді. Дәл сол сияқты, сендердің Менің шәкірттерім екендіктеріңді бәрі білсін. Сендер дүниеге нұрсыңдар. Әлемді нұрландырып, өзгелерге өмір жолын дұрыс таңдауға жол көрсетіп тұрасыңдар. Қараңғыда адасқандарға жол көрсетіп, қиналып жабырқағандарды жұбататын боласыңдар. Сендердің игі істеріңді көріп, Көктегі Өкелеріңе алғыс айта алулары үшін барлық адамдарға сендердің сәулелерің түссін. Тұз және нұр – міне, мына күнәкар дүниеде шынымен Менің соңымнан ергісі келген адам дәл осындай болуы керек.

БӘРІ ДЕ ИСАҒА БАҒЫНАДЫ

282. Өзгеше тамақ

Марқа 6; Жохан 6

Шәкірттер уағыз айтып шаршады, ал Исаның айналасындағы адамдар азаяр емес. Тіпті тамақ ішіп, әлденіп алуға да уақыт болған жоқ. Шәкірттерінің шаршаған түрін көрген Иса:

– Барып, дем алып алыңдар, – деді.

Олар қуана келісіп, Петірдің қайығымен көлдің келесі жағасына өтті.

Олар жағаға жетер–жетпестен, Исаны көреміз деп келген адамдардың көп екенін көрді. Жағаға жақындаған қайықты көрген адамдар олардың алдынан шықты.

Мұны көрген шәкірттер жабырқап қалды, ал Иса халыққа жаны аши қарады. Адамдар Оның сүйіспеншілігі мен аяушылығына аса мұқтаж еді!

Олар күні бойы уағыздады, ал кеш түскенде шәкірттердің шаршағандықтан түкке шамасы келмей қалды.

– Ұстаз, жақын маңда дүкен де жоқ, мына адамдарды қалаға барып, тамақ сатып алулары керек, бұларды қайтар, – деді шәкірттер.

Сендер неге оларды тамақтандырмайсыңдар? – деп сұрады Иса.

Қалай? – деп сұрады Філіп. – Осыншама адамды тамақтандыру үшін біз біршама дәулетті болуымыз керек қой. Бұл жердегі адамдар әйелдер мен балаларды санамағанда бес мыңдай.

Сонда Әндірі елші сөзге араласты.

– Осындағы бір балада екі балық пен арпадан жасалған бес нан бар, бірақ ол осыншама адамға не болады.

Иса Әндірге жауап қайырмады.

– Адамдарды шөп үстіне жерге қатарластыра отырғызыңдар, – деді Ол шәкірттеріне.

Шәкірттер Оның айтқанын асыға орындап жатқанда, Иса алысырақ тұрған балаға бұрылды.

– Рақмет саған, – деп күлімсіреді Ол оның қолындағы түйіншекті алып жатып.

Адамдардың бәрі жайғасып отырған кезде, Иса нандарды адамдардың бәрі көретіндей етіп жоғары көтеріп, Жаратқан Иеге ризашылығын білдірді.

Одан кейін не болғанын адамдар түсінбей де қалды. Бірақ шәкірттер таратқан нан мен балық бәріне де жетті.

Олардың Ұстаздары қандай керемет! Ол бұлардың денінің саулығын ғана емес, күнделікті жейтін нандары болуының да қамын ойлайды.

283. Су бетінде жүруші

Марқа 6; Матай 14; Жохан 6

Өзгеше тамақ аяқталғаннан кейін, Иса шәкірттерін қайтадан келесі жағалауға қайтарды. Исаның маңайы әлі де болса улап-шулаған адамдарға толы еді. Адамдар Исаны дереу өздерінің патшасы етіп қоймақшы болды. Кез келген уақытта оларды тамақтандырып, тойындыра алатын патшасы болған қандай керемет.

Иса адамдардың өтініштеріне сыпайы, бірақ берік түрде тойтарыс беріп, оларды үйлеріне қайтарды. Ал Өзі кеш түсе сала Көктегі Өкесіне сиыну үшін, теңіздің жағасындағы тауға көтерілді.

Шәкірттер бұл кезде көл бетінде көтерілген дауылмен күресіп жатқан болатын. Олар қаншалықты ессе де, қайық алға жылжымады.

Тау басынан Иса көлдегі қайық пен ондағы шаршаған шәкірттерінің нобайын байқап, соларға қарай жүрді.

Шәкірттер ай жарығымен өздеріне жақындап келе жатқан бейнені көргенде, қорқып қалды.

– Бұл елес! – деп айғайласты, ештемеге шамасы келмей, шаршаған шәкірттер.

Кенет оларға таныс дауыс естілді.

– Қорықпаңдар! Мен сендерге көмекке келе жатырмын!

Бұған сену мүмкін емес еді.

– Мырза, бұл егер Сіз болсаңыз, онда маған су бетімен Өзіңізге келуді бұйырыңызшы, – деді Петір.

– Жарайды, – деді Иса, – бері кел!

Петір қайықтан түсіп, су бетімен Исаға қарай жүрді. Ол желдің қатты екенін, судың беті толқынданып, көпіріп жатқанын көріп, қорқып кетті де, суға бата бастады.

– Мырза, мені құтқара көріңіз! – деп айқайлады Петір.

Иса қолын созып, Петірді судан шығарып алды.

– Неге Маған сенбедің? – деп сұрады Иса. – Маған шынымен сенгеніңде суға батпайтын едің.

Олар бірге қайыққа мінген кезде, жел де тынши бастады. Шәкірттері аң–таң болды. Олар Ұстаздарының қолдан келмейтін нәрсені қалай істейтінін түсіне алмады.

СҰРАҚТАР МЕН ЖАУАПТАР

284. Никөдем

Жохан 3

Никөдем парызшыл болды. Ол шын жүрегімен Құдайдың өсиеттері мен соған қатысты нәрселердің бәрін орындауға тырысты. Никөдем – яһудилердің жоғарғы кеңесінің мүшесі еді. Ол Иса туралы көп естіді, бірақ өзге парызшылдардан айырмашылығы – Оған ашуланып, жамандық ойлаған жоқ.

«Иса мейірімді адам болуы керек, – деп ойлады Никөдем, – әйтпегенде Ол осыншама кереметтер жасай алмаушы еді ғой».

Никөдем Исамен сөйлеспекші болды, сондықтан өзгелер көріп қойып, жоғары кеңесте айтпауы үшін Оған түнде келді.

Иса Никөдем туралы ол сөйлесуге келмей жатып білді.

– Мен саған қазір маңызды нәрсе айтайын, – деді Иса. – Сен тек өсиеттерді орындау арқылы Құдай Патшалығына кіре алмайсың. Ол үшін қайтадан туылуың керек.

– Осынша жасқа келгенде мен қалай қайта туыламын? – деп сұрады Никөдем. – Қайтадан сәби болу мүмкін бе?

– Мен басқа қайтадан туылуды айтып тұрмын, – деп түсіндірді Иса. – Сен бұл дүниеге өз ата–анаңнан тудың, ал Құдай Патшалығында адам Киелі Рухтан туылады.

Никөдем тәжірибелі уағыздаушы еді, бірақ сонда да Исаның айтқанын түсіне алмады.

– Киелі Рух самал жел сияқты, – деп жалғастырды Иса. – Желді көрмейтінің сияқты, Киелі Рухты да көре алмайсың. Бірақ сен жел соғып тұрғанын білесің, өйткені оны сезінесің, сол сияқты Киелі Рухтың өз өміріндегі әрекетін де сезінесің. Тек Ол ғана саған әділ өмір береді. Құдай адамзатты сүйгендіктен Өзінің жалғыз Ұлын құрбандыққа берді. Енді Оған сенген әркім жаны тозаққа түспей, мәңгілік өмірге ие болады.

Никөдем қараңғыда жай ғана жүріп келеді. Исаның сөзі парызшылдардың тәлімінен мүлдем басқаша! Кімнің ілімін үйрену керектігін шешетін күн туады әлі.

285. Самариялық әйел

Жохан 4

Самариялық Сихар қаласына жақын жердегі құдық басында Иса шәкірттерін күтіп отыр. Күн күйіп тұр. Ол әбден шаршады және шөлдеді.

Құмырасын басына қойып зорға ұстаған бір әйел құдық басына қарайжақындап келеді. Исаны көріп ол таңырқап қалды. Әдетте тал түсте құдықтың басында кісі болмаушы еді.

– Маған ішетін су берші, – деп сұрады Иса одан.

Бұл жолы әйел таңданысын жасыра алмады. Бір қарағаннан-ақ алдында тұрған кісінің яһуди екені көрініп тұрды, ал яһудилер ешқашан самариялықтармен сөйлеспейтін, ал әйелдермен тіпті де!

– Мендей самариялық әйелдің қолынан су ішпексің бе? – деп сұрады әйел. – Өзің кімсің?

– Егер сен менің кім екенімді білсең ғой, – деп жауап берді Иса, – онда өзің Менен су сұраушы едің. Сонда Мен саған «өмір суын» берер едім.

– Ал Сенің су алатын ыдысың да жоқ қой, – деп күлді самариялық әйел. – Сонда сол суды қайдан алмақсың?

– Менің беретін суым мына құдықтың суына ұқсамайды, – деді Иса. – Мен беретін «судан» ішкен адам ешқашан шөлдемейді. Ол сенің шөліңді басып, мұқтаждықтарыңның орнын толтырады.

– Бұл тамаша болар еді, онда мен күнде құдыққа су алуға келмес едім, – деді әйел.

– Барып, күйеуіңді шақырып кел, – деді Иса.

– Күйеуім жоқ, – деп жауап берді әйел.

– Мен білемін, – деп мейірлене жауап берді Иса, өйткені Ол бұл әйелдің өмірін толық білетін еді. – Бес рет күйеуге шықтың, ал қазіргің күйеуің емес.

Әйелдің аузы ашылып қалды. Иса ол туралы бәрін білетін еді! Ол құмырасын жерге қоя салып, қалаға кетті, өйткені өзімен болған жайтты адамдарға айтып беруге асықты.

– Тезірек құдықтың басына барыңдар, сонда бір ғажайып кісі отыр! – деді ол кездескендердің бәріне. – Ол мен туралы бәрін біледі екен. Ол сірә, Мәсіх қой деймін!

Не болғанын білу үшін қала халқы әйелге еріп, құдық басына келді. Олар Исаны қалаға бір-екі күн аялдауға шақырды.

– Өзің таратып жүрген Ізгі хабарды бізге айтып берші, – деді олар Исаға. Иса келісті.

Адамдар Исаны тыңдап, ал кейін әлгі әйелге:

– Сен дұрыс айтыпсың. Біз Исаны өз көзімізбен көріп, Оның Сөздерін өз құлағымызбен естідік. Ал енді Оның Жаратқан Ие жіберген Мәсіх екенін білеміз.

ҚҰДАЙДЫҢ СҮЙІСПЕНШІЛІГІ

286. Жоғалған қой туралы астарлы әңгіме

Лұқа 15

Діндар парызшылдар мен дін мұғалімдері Исаның сөздерін тыңдауға келген кезде, жұрттың арасында әртүрлі адамдармен кездесулеріне тура келетініне ренжитін. Өйткені бұл адамдар парызшылдар қатаң ұстанатын ережелер мен заңдарды ұдайы бұзатын. Беделді яһудилердің біреуі де мұндай кісілермен араласқысы келмеген болар еді. Иса да осыны түсініп, олардан аулақ жүруі тиіс еді – парызшылдар осылай деп ойлады.

– Менің естуімше, Ол тіпті солармен дастархандас та болады екен, – деді бір парызшыл жиіркене.

– Егер мынадай азғындармен достасатын болса, әрине, Ол Жаратқан Иенің жіберген Ұстазы бола алмайды, – деді екіншісі.

– Жаратқан Иенің мұндай күнәкарлармен ісі де жоқ, – деп қосты үшіншісі. – Егер бұл малғұндар мәңгі-бақи құрып кететін болса, көкте қуаныш болған болар еді.

Иса бұл сөздерді естіп, жұрттан аулақ тұрған парызшылдарға бұрылды.

– Араларыңда біреуіңнің жүз қойы бар делік, – деді Иса оларға. Бір күні кешке қойды түгендеген кезде, бір қойың жоқ екенін көресің. Сонда сен не істейсің? Қалған тоқсан тоғыз қой аман ғой деп қайсың барып, жайбарақат ұйықтайсың? Жоқ! Шаршағаныңа қарамастан сен қойыңды іздеуге шығасың. Күндіз бүкіл отар жүріп өткен жолмен қайта жүресің. Жартас–жартастың арасын, бұта–бұтаның астына үңіліп қарайсың. Кенет әлсіз маңыраған дауыс естисің. Шаршағаныңды ұмытып та кетесің. Табылған қойды көтеріп, иығыңа салып, қуанып үйге ораласың. Қайтып келген соң, барлық қойшылар мен ауыл тұрғындарын шақырып той жасайсың. Құдай да дәл осылай қамқор болады. Тәубе алуға мұқтаж емес тоқсан тоғыз әділ кісіден гөрі, тәубе еткен бір күнәкарға көктегілер көбірек қуанады.

287. Жоғалған теңге туралы астарлы әңгіме

Лұқа 15

Қорланған парызшылдар естерін жимай жатып, Иса басқа бір астарлы әңгімені бастады.

– Бір әйелдің он күміс теңгесі бар делік. Кенет ол теңгесінің біреуін жоғалтып алғанын байқайды. Ол қалған тоғыз теңге де қажетіме жетеді деп қарап отыра ала ма? Жоқ, әрине, әйел үй ішінде ақшасын мұқият іздей бастайды. Ол әрбір қараңғы бұрышты шаммен қарап, еденді сыпырады. Теңгеге ұқсайтынның бәрін қарай бастайды. Кенет ол жарқыраған бір нәрсені көзі шалып қалды. Ол жоғалтқан теңгесін тапты! Қуанғанынан көршілерін шақырып, теңгесін қалай жоғалтып, қалай тауып алғанын айтып береді және бәрі бірге мұны тойлайды. Құдай да Өзіне қайтып оралған күнәкарға дәл осылай қарайды. Тәубеге келген бір күнәкарға Құдайдың періштелері осылай қатты қуанады.

288. Адасқан ұл туралы астарлы әңгіме

Лұқа 15

Иса парызшылдардың жибімегенін, кеуде көтерулерін қоймағанын көрді. Сонда Ол бүкіл адамзатқа – күнәкарлар мен әділдерге деген Құдайдың сүйіспеншілігі туралы тағы бір астарлы әңгіме айтып берді.

– Бір бай кісі болыпты. Оның екі ұлы бар екен. Бірде кенже ұлы әкесіне келіп: «Әке, үйде жүріп, берілген бұйрықты ғана орындаудан жалықтым. Мен бұл жерден басқа жаққа кеткім келеді. Маған еншімді бөліп беріңіз» – дейді.

Сонда әкесі ештеңе демей, оған еншісін бөліп бергізеді.

Ұлы ақшаны дорбасына салып, үлкен қалаға аттанады. Ол ақшаны оңды–солды шашып, ойына келгенді істеді.

Бір күні таңертең оянғанда, ол ақшасының біткенін көрді, ал ақшамен бірге достарынан да ешкім қалмапты. Бұл аздай, ол жүрген елде ашаршылық басталды.

Көп ұзамай-ақ әлгі жігіт нағыз қайыршыға айналып шыға келді. Ол жұмыс іздеп еді, оны тек шошқа бағуға ғана алды. Оның қарны ашқаны сондай, шошқаға берілген жуындыны жеуге дайын болды.

Ақыры ол ақылға келді.

«Мен мұнда аштан өлгелі жүрмін, – деді ол өзіне, – ал үйде әкемнің жалдамалы жұмысшыларының өзі ағыл-тегіл мол тамаққа ие. Әкеме қайтып оралып, одан кешірім сұрайын. Ол мені ұлым деп қабылдас, бірақ тым болмаса қызметке алар».

Ол дереу жолға шықты. Жол оған аса ауыр тиді, жалаң аяғын үшкір тастар жаралап, өзі арып-ашып, киімінен сау-тамтық қалмады.

Ол әлі алыста келе жатқанында-ақ әкесі көріп, алдынан жүгіріп шықты. Ұлына деген аяушылық пен сүйіспеншілік оның жүрегін кернеді.

– Әке, мен сенің алдында кінәлімін, – деді ұлы көз жасын зорға тежеп, енді сенің ұлың деп аталуға лайықсызбын.

Бірақ әкесі оны ары қарай сөйлетпеді. Ол қызметшілеріне:

– Менің ұлыма ең жақсы киім мен аяқ киім әкеліңдер. Оның қолына жүзік салыңдар. Бордақыланған өгізді де сойыңдар. Біз той жасаймыз, – деді.

Егіс даласынан үлкен ұлы оралған кезде тойдың қызған кезі еді.

– Мұнда не болып жатыр? – деп сұрады ол қызметшілерден, шу мен әуен дауысын естіп.

– Ініңіз қайтып оралды, – деп жауап берді қызметшілер. – Сөйтіп әкеңіз бордақыланған өгіз сойғызды.

Үлкен ұл бұған ашуланды. Оның ашуланғаны сондай үйге кіргісі де келмеді. Әкесі үйден шығып, үлкен ұлына:

– Үйге кіріп, бізбен бірге қуан, – деді.

Алайда үлкен ұлы қасарысып:

– Мен саған көп жылдан бері қызмет етіп келемін, – деп айқайлады – Сен ешқашан маған арнап той жасаған емессің! Ал ақшаның бәрін желге шашып, кенже ұлың қайтып келіп еді, оған арнап өгіз сойдың!

Үлкен ұлының қызғаншақ және қатыгез екенін көріп әкесі мұңайып қалды.

– Балам! Сен әрдайым менің қасымдасың! – деді ол мейірлене. – Мендегінің бәрі сенің меншігің. Ал қазір қуанатын шақ, өйткені жоғалған інің қайта табылды. Ол өлген еді, қайта тірілді және үйге оралды.

289. Жұмысшылардың жалақысы туралы астарлы әңгіме

Матай 20

– Сендер Құдай Патшалығы неге ұқсас екенін түсінулерің үшін, Мен сендерге тағы да бір астарлы әңгіме айтып берейін, – деді Иса. – Бірде бір адам өзінің жүзімдігінде жұмыс істеуге адам жалдау үшін базар алаңына барды. «Мен сендерге күніне бір динардан ақы төлеймін,» – деді ол. Ондағылар келісті, өйткені бұл әділ ақы болатын.

Сағат тоғыздарда алаңға тағы да адам жалдау үшін келді. «Мен сендердің ақыларыңды жемеймін» деп уәде берді ол.

Түсте ол тағы да адам жалдады. Дәл осыны сағат үште де қайталады. Ақыры жұмыс аяқталуға бір сағат қалғанда ол соңғы рет базар алаңына келді. Онда бос тұрған адамдарды көрді.

«Неге жұмыс істемейсіңдер?» – деп сұрады ол.

«Бізді ешкім жалдаған жоқ» – деп олар жауап берді.

«Жарайды, мен сендерді жалдайын, барып өзгелермен бірге жұмыс істеңдер».

Кеш болып, жұмыс аяқталғанда ол өзінің іс басқарушысына ақыларын төлеуді бұйырды. Ең соңғы келгендерге ақы алдымен төленді, олар бір динардан ақша алды. Ең соңында жұмысты басынан бастап істегендер шақырылды. Олар бізге көбірек ақы төленеді деп ойлады. Бірақ олар да өзгелер сияқты бір динардан ақы алды.

«Бұл дұрыс емес, – деп күңкілдесті олар. – Біз күні бойы шыжыған күннің астында еңбек еттік, бізге көбірек ақы төленуі керек».

«Достар, – деді оларға қожайын, – мен сендерді жалдағанда ақысына келіскенбіз, мен уәдені бұзған жоқпын. Кейінгі келгендерге де мейірімді болуға менің қақым бар».

Шәкірттері Исаның бұл сөзіне таң қалды. Егер Құдай Патшалығы осындай болса, онда істеген ісіңе қарамайды екен. Демек, ешкім де Құдайдың сүйіспеншілігіне қол жеткізе алмайды, ол сыйға беріледі.

Иса олардың ойын бұзды.

Құдай Патшалығында кім өзін алдыңғымын деп санаса, сол ең соңғысы болады, ал соңғылар алдында болады, – деді Ол.

БАЙЛЫҚ ТУРАЛЫ

290. Бай адам

Марқа 10

Иса жолмен келе жатқанда соңынан бір адам жүгіріп, қуып жетті. Жете сала, екпетінен құлап, тағзым еткен ол:

– Ұстаз, айтыңызшы, мәңгілік өмірге ие болуым үшін не істеуім керек? – деді демін әрең алып.

Оның түрі шәкірттерді таң қалдырды.

Киім киісі мен түрінің өзі бұл адамның бай және білімді екенін көрсетіп тұрды.

– Сен өсиеттерді білесің ғой, – деді Иса оған, – адам өлтірме, неке адалдығын бұзба, ұрлама, өтірік айтпа, ата-анаңды құрметте.

– Бұл өсиеттердің бәрін бала күнімнен орындап келемін, – деді ол толқып.

Иса оған мейіріммен қарады. Ол бұл адам туралы білетін. Бұл адам Құдайдың өсиеттерін орындап келеді. Бірақ ол ең бірінші және негізгі өсиет – Жаратқан Иенді шын жүрегіңмен, жан – тәніңмен сүй дегенді ұмытып кеткен. Оның қызығушылығы тіптен басқа болатын.

– Егер сен Көкте байлық жиғың келсе, онда жердегі байлығыңмен қош айтысуың керек, – деді Иса. – Өзіңде бардың бәрін жарлыларға таратып бер де, өзің Маған ер.

Жігіттің түрі бұзылып кетті. Оның құлшынысынан із де қалмады. Ол дүниені өте жақсы көретін және одан арылу туралы ойламайтын да. Сондықтан да ол бір сәт ойланып тұрды да, кері бұрылып, қайтып кетті.

– Байлардың Құдай Патшалығына кіруі өте қиын, – деді Иса шәкірттеріне. – Олардың Құдай Патшалығына кіргенінен гөрі түйенің ине көзінен өтуі оңай.

Шәкірттер қайран қалды. Оларға ақшасы барлардың өмірі әлдеқайда оңайырақ секілді болып көрінетін.

– Егер байлар құтқарыла алмаса, онда кім құтқарыла алмақ? – деп сұрасты олар.

– Құдайсыз ешкім де құтқарыла алмайды, – деп жауап берді Иса. – Адам өзін өзі құтқара алмайды, бірақ Құдай оны құтқара алады, өйткені Құдайдың қолынан келмейтін нәрсе жоқ.

291. Ең үлкен сый

Марқа 12

Бір күні Иса ғибадатхананың ауласында осында келіп-кетіп жатқандарға қарап тұрды. Аулада он үш үлкен сандық тұратын, оның қақпағы қайыр-садақа салу үшін ойылып қойылған. Қасынан өтіп бара жатып, кісілер оған ақша салатын.

Иса қайыр-садақаны көп беріп жатқан байларға қарап отырды. Кейбіреулері алтын теңгелерін ешкімге білдірмей салуға тырысатын. Ал біреулер қанша ақшаны Құдайға садақаға беріп жатқанын жұрт көрсін деп, ақшасын сылдырлатып, жылтыратып тұрып санап салатын.

Бір уақытта сандықтың қасына бір жұпыны киім киген әйел жақындады. Ол жесір әйел болатын, үйінде ешкімі жоқ. Әйел астауға екі қара бақыр тиын салды.

Иса шәкірттеріне сол әйелді көрсетіп, былай деді:

– Астауға екі қара бақыр тиын салған әйелді көрдіңдер ғой? Сендерге шындығын айтамын: ол мына байлардың бәріне қарағанда көп берді.

Шәкірттері бұл сөздің мәнісін түсіне алмады. Олар кімнің қаншама қайыр-садақа бергенін көріп отырған еді. Сонда Иса былай деп түсіндірді:

– Бай адамдар өздерінен артылғанын беріп жатыр. Бірнеше алтын теңге олар үшін түк емес. Ал жесір әйел болса, өзінде бардың бәрін берді. Ол өзіне түк алып қалған жоқ. Ал Жаратқан Ие үшін бұл ең үлкен сый.

292. Ақымақ диқан туралы

Лұқа 12

Жұрттың арасынан сығылысып өтіп бір кісі Исаға жақындады. Оның түрінен бір уайымы бар екені көрініп тұр.

– Ұстаз, – деді ол Исаға, – біздің әкеміз қайтыс болды, ал ағаларым маған еншімді бергілері келмей отыр. Маған тиесілі мал-мүлікті әділдікпен бөліп беріңдер деп оларға айтыңызшы.

– Достым, – деді Иса, – Мен ондай іспен айналыспаймын.

Содан кейін Ол жұртқа қарап былай деді:

– Дүниеқор болудан сақтаныңдар! Адамның шынайы өмірі оның өз байлығының молдығына байланысты емес. Мен сендерге бір бай диқан туралы астарлы әңгіме айтып берейін. Бір жылы әлгінің егісі мол өнім беріп, оны сақтайтын жері болмай қалады. «Не істесем екен? Астық сақтайтын қамбаларымды бұзып, кеңейтіп қайта салайын. Сол жерге бидайды артығымен жинап қояйын да, көп жыл қам-қарекетсіз өмір сүрейін. Содан кейін жинап алған өнімді жеп, уайымсыз жатайын», – деп ойлайды ол.

Бірақ сол түні оған Құдай: «Ей, түйсіксіз пенде, бүгін түнде жаның алынады! Сонда сенің жиған-тергенің кімге қалады?» – дейді. Өзі үшін байлық жинап, бірақ Құдаймен қатынасында бай болмаған адамның ақыры осындай болады, – деп Иса сөзін аяқтады.

– Біз ешқашан бай бола қоймаспыз, – деп күмілжіді шәкірттердің бірі.

Иса күлімсіреп былай деді:

– Кейде ақшасы жоқтар, ақша туралы бай адамдардан да көп ойлайды. Не ішіп, не кием деп уайымдамаңдар. Құдай гүлдер мен құстардың қамын қалай ойлайтынына қараңдаршы. Ол құстарды осылай қоректендіріп, гүлдерді осындай сәнді киіндіретін болса, онда сендерге қажеттеріңнің бәрін артығымен береді емес пе?!

Құдай Патшалығына кіруді ойлаңдар, ал қалғанының бәрін Құдай сендерге Өзі береді.

ИСА ӨЗІ ТУРАЛЫ АЙТАДЫ

293. «Сіз Мәсіхсіз!»

Марқа 8

Барлық жерде тек Иса туралы, Назареттен шыққан жаңа Ұстаз туралы сөз болып жатты. Адамдар Ол өлімнен тірілткен кішкентай қыз туралы, Оның мыңдаған адамды бірнеше нан мен балыққа тойындырғаны туралы айтып жүрді. Ауылдан шыққан қарапайым ағаш ұстасына кереметтер жасау билігі қайдан берілген?

Исаның шәкірттері де өзара бұл сұрақты жиі қойысатын, олардың Ұстаздары кім Өзі? Ол шәкірттерінің неге мұқтаж екенін әрқашан біліп жүретін және олардың әрқайсысын өздерінен де жақсырақ түсінетін. Ол адамдарды сауықтырып, көмек сұрағандардың бәріне жәрдемдескен кездерінде, шәкірттер әрдайым Онымен бірге болды. Қарапайым адам өлген кісіні тірілтіп немесе дауыл мен теңізге тиым сала ала ма?

Бірде олар бәрі жолда келе жатқанда, Иса шәкірттерінен былай деп сұрады:

– Жұрт Мені кім деп жүр?

Шәкірттер өздері естігендерін Оған айтып берді.

– Біреулер Сізді шомылдыру рәсімін жасаған Жақи, ал басқалары Ілияс пайғамбар, тағы басқалары Малахия пайғамбар айтқан Құдайдың хабаршысы деп жүр.

– Олар Сізді пайғамбар деп жүр.

Сонда Иса достарының бәріне зер сала қарап:

– Ал сендер Мені кім дейсіңдер? – деп сұрады.

Бір сәтке бәрі үнсіз қалды. Кенет Петір былай деді:

– Сіз Мәсіхсіз! Құдай тағайындаған Патша, уәде етілген Құтқарушысыз!

Исаның жүзі жарқырап кетті. Ақыры шәкірттерінің Оның кім екенін түсінгеніне Ол қатты қуанды. Бірақ олардың көзін ашқан Құдай екенін және тек Құдайдың арқасында ғана олар шындықты көре алғандарын Ол білді.

– Бұл туралы ешкімге тіс жарушы болма! – деп ескертті Иса.

Егер адамдар Оның кім екенін түсінсе, олар Оны өз түсініктеріне сай Құтқарушы етуге, римдіктерді жеңіп, халқын тамсандыратын патша етуге тырысатындарын Ол жақсы білді. Ал Ол мүлдем басқа Патша еді.

294. Исаның соңынан еру деген не?

Марқа 8

Ұстаздары Исаның Құдай таңдаған Мәсіх екенін біліп шәкірттер қатты қуанды. Бірақ басқалар сияқты олар да яһудилерге бостандық алып беретін Патшаны аңсады. Сол Патшамен бірге Яһудея үшін алтын ғасыр басталады деп көкседі. Ол Патша болып тағайындалған кезде, өздерін ең жақын қызметші етіп алатынына олардың еш күмәні болмады.

Иса олардың не ойлап жүргендерін білді. Қандай Құтқарушының келгенін оларға түсіндіретін кез келді.

– Сөзімді мұқият тыңдаңдар, – деді Иса шәкірттеріне. – Мені ауыр сынақ күтіп тұр. Рубасылар, бас діни қызметкерлер мен дін мұғалімдері Менен теріс айналады. Олар Маған қарсы қастандық ұйымдастырып, ақырында Мені ұстап алады. Мені өлім жазасына кесіп өлтіреді. Бірақ үш күннен кейін Мен қайта тірілемін.

Петір ашуланып кетті. Ол Исаның сөзінің соңын зорға күтті.

– Ұстаз, олай деменіз! – деді ол. – Біздің күткеніміз бұл емес!

– Сөйлеме! – деп қатал бұйырды Ол Петірге. – Саған бұл сөздерді шайтан айтқызып тұр. Мен жерге Әкемнің еркін орындау үшін келдім. Мен Оның жолымен жүремін.

Иса Өзі шәкірттерімен сөйлесіп жатқан кезде анадай жерде тұрған кісілерді қасына шақырып алды. Бәрі Оның қасына келген кезде Иса былай деді:

– Менің соңымнан ергісі келгендер қиындықтар мен сынақтарға дайын болсын. Менің соңымнан еру, яғни, Менің істегенімді істеу. Сендердің өз қалауларыңнан бас тартып, ауыр да қиын жолды таңдауларыңа тура келеді. Мал-мүлкінен айрылғысы келмейтін кісі ақыр аяғында онысынан айрылады да. Ал Маған бола мал-мүлкінен бас тартқан кісі мол қазынаға ие болады. Ол шынайы өмірге, мәңгілік өмірге ие болады. Осы әлемнің ұсынатындарымен салыстырғанда ол әлдеқайда қымбат. Адам бүкіл дүниеге ие болып, сол себепті өмірінен айрылса, бұдан оған не пайда?

295. Ғажайып сәт

Лұқа 9

Бірде қасына үш шәкіртін – Петірді, ағалы-інілі Жақып пен Жоханды ертіп Иса тау басына көтерілді. Ол Құдай Әкенің Өзінен нені қалайтынын білу үшін жалғыз болғысы келді. Күн батып бара жатқан. Иса дұға етті, ал үш шәкірті ұйықтап қалды.

Кенет олар оянып кетті. Басында шәкірттер өздерінің неден оянғандарын түсіне алмады. Ал кейіннен кеш қараңғысында жарқыраған жылы сәулені көрді.

Сол жарықтың ортасында Иса тұрды. Оның бет-әлпеті өзгеріп, киімі жер бетіндегі бар жарықтың бәрінен де артық жарқырап тұрды. Онымен екі кісі сөйлесіп тұр екен. Олардың адамдарға Құдайдың заңын қалдырған Мұса мен ұлы пайғамбар Ілияс екенін таныды шәкірттер. Олар Исамен Құдай Әкенің еркін қалай орындауы керектігі және содан кейін Иерусалимде өлетіні жайлы сөйлесті.

Жақып пен Жохан тұрған жерлерінде үнсіз қалшыып қатты да қалды. Ал Петір болса бойын кернеген сезімін тежей алмады.

– Ұстаз! Бұл жерде болғанымыз жақсы болды ғой! Біреуін Сізге, біреуін – Мұсаға, біреуін Ілияс пайғамбарға арнап үш күрке құрайық.

Петір не деп тұрғанын өзі де түсінбеді. Осы кезде бір бұлт келіп, оларға көлеңкесін түсірді. Бұлттың ішінен Құдайдың:

– Бұл Менің таңдап алған Ұлым! Оны тыңдаңдар! – деген дауысы шықты.

Бір жағынан қайран қалған, бір жағынан қорқып кеткен шәкірттер беттерін жауып алды.

Біреу түрткен кезде барып олар бастарын көтерді. Олар қайтадан Өз қалпына енген Ұстаздарын көрді. Ол жалғыз еді.

Таң ата таудан түсіп келе жатқанда, Иса оларға былай деді:

– Мен өліп, қайта тірілгенге дейін бұл туралы ешкімге тіс жармаңдар.

Шәкірттері Исаның айтқанын орындады. Алайда Исаның Патшалық салтанатын көргендерін ешқашан естерінен шығарған жоқ.

ИСА САУЫҚТЫРАДЫ

296. Мылқау кісіні сауықтыру

Марқа 9

Таң атты. Жаңа ғана Исаның басқаша күйге еніп, Мұсамен, Ілияспен сөйлескенін көрген Петір, Жохан мен Жақып таудан түсті. Олардың жүректері таңдану мен қуанышқа толы болды. Қалған тоғыз шәкіртке қосылған кезде, олардың дін мұғалімдерімен әлденеге қызу таласып тұрғанын көрді.

Иса оларға жақындап:

– Неге таласып тұрсындар? – деп сұрады.

– Олар менің ұлым туралы әңгімелеп тұр, – деді араларынан бір кісі шығып. – Мен оған көмектесе алар ма екен деп шәкірттеріңе алып келген едім, бірақ олардың қолынан ештеңе келмеді. Менің ұлымның бойында жаман рух бар. Оны сол рух билеп алған кезде, ол өзін отқа да, суға да тастайды, өзіне–өзі жиі қастандық жасайды. Оған қалай көмектесуді білмеймін. Кімге барып көмек сұрауды да білмеймін.

– Ұлыңды Маған алып кел, – деп бұйырды Иса.

Баланы алып келгені сол еді, зұлым рух оны қалшылдатып–дірілдетіп жіберді. Әкесі жерде аунап, аузынан көбігі ағып жатқан ұлына еш дәрменсіз, қарап тұрды.

– Бұлай болғанына көп болды ма? – деп сұрады Иса.

– Бала кезінен, – деп жауап берді әкесі. – Егер қолыңнан келсе, бізге көмектесші.

– Егер сен көмектессең, Мен көмектесе аламын, – деді Иса. – Ол үшін сен Менің көмектесе алатыныма сенуің керек, сонда ғана сауықтыру келеді.

Баланың әкесі көзіне жас алып:

– Сенемін, Мырза! Менің сенбестігіме көмектесе гөр! – деп дауыстады.

Бұл кезде қызығушылар тобы оларды қоршап алған еді. Мұны көріп, Иса зұлым рухқа:

– Шайтан рухы! Саған бұйырамын, баладан шық және енді қайтып бұған келуші болма! – деп бұйырды.

Сол мезетте–ақ бала қалшылдағанын қойып, тыныштала қалды.

– Ол өліп қалғанға ұқсайды, – деді адамдардың арасынан біреу.

Бірнеше адам жақын келді. Қалғандары басын шайқап:

– Иә, ол өліп қалды! – деді.

Иса баланың қолынан ұстап, тұруға көмектесті. Ол сауыққан баланы әкесінің қолына тапсырды.

– Неге біз зұлым рухты қуа алмадық? – деп сұрады шәкірттер Исадан.

Олар Исаға көмектесудің орнына, парызшылдар мен дін мұғалімдеріне қуануға мүмкіндік бергендерін түсінді.

– Бұл рух тек ораза ұстап, дұға ету арқылы ғана кетеді, – деп жауап берді Иса. – Сендер Маған сеніп, Менің зұлым рухтарға билік ете алатыныма сенулерің керек.

297. Жүзбасының қызметшісі

Лұқа 7; Матай 8

Бірде Иса көп жағасындағы кішкентай қала Қапарнаумға келді, сол жерде яһудилердің діни қызметкерлерлері Оған келіп:

– Біз Сенің көмек көрсетуіңе лайық бір адамның атынан келіп тұрмыз, – деп тілек білдірді. – Ол римдік жүзбасы, мұндағы сарбаздарға басшылық етеді және ол біздің дінімізді құрметтеп, бізге мәжілісхана салып берді. Қазір осы адам Сенің көмегіңе мұқтаж.

Иса Өзін сыйлап, алысырақта тұрған жүзбасыға қарап, жақындауға белгі берді. Ол Исаға келіп, өтінішін айтқан кезде, римдік сарбаздардың әскери бой түзеуі мен шыдамдылығынан із де қалмады.

– Менің жақсы көретін қызметшім ауырып қалды, көмектесе көр, – деп жалынды ол. – Ол қатты қиналып ауырып жатыр.

– Мен сенің үйіңе барып, оны сауықтырамын, – деді Иса.

– Мырза! – деді жүзбасы. – Мен Сіздің үйіме келуіңізге лайық емеспін. Тек бір сөз айтсаңыз болды, менің қызметшім сауығып кетеді. Мен де Римге бағынышты адаммын, менің де өзіме бағынышты сарбаздарым бар. Егер біреуіне «бар» десем барады, екіншісіне «мынаны істе» десем, ол соны орындайды. Сол сияқты Сіз де бір ауыз сөз айтсаңыз, менің қызметшім сауығып кетеді.

Мұны естіп Иса римдік сарбаздың сеніміне таң қалды. Өйткені бұл адам яһудиліктер сияқты Құдайды құрметтеуді үйренбеген болатын.

– Израилдің еш жерінен Мен мұндай сенімді кездестірген емеспін, – деді Иса айналасында жиылған жұртқа.

Содан кейін Иса жүзбасыға қарап:

– Бара бер, сеніміңе сай тілегенің болсын. Сен үйіңе барғада қызметшің сау болады.

Сол сәтте-ақ жүзбасының қызметшісі сауығып кетті.

298. «Ашыл»

Марқа 7

Бірде Исаға бірнеше адам келді.

Олар тілі мүкіс, саңырау достарын алып келген еді. Оның құлағы естімегендіктен дұрыстап сөйлей алмайтын да еді.

– Ұстаз, Сен оны сауықтыра аласың ба? – деп сұрады шәкірттері.

Иса бұл адамды шулай қызықтаған адамдардың арасынан шетке алып кетті. Ол бейшараның осынша адамның арасында өзін ыңғайсыз сезінгенін байқады. Олар екеуі ғана қалған кезде, Иса оған не істемек болып жатқанын естімейтін болғандықтан, ымдап түсіндірді.

Алдымен Иса керендіктен емдейтінін көрсету үшін саусақтарын оның құлағына тигізді. Кейін Өзінің саусағына түкіріп, оның тіліне тигізді. Ол кезде адамдар түкірік адамды сауықтырады деп сенетін. Иса саңырау адам Оның тілінің мақаулығы да сауықтыратынын түсінсін деді.

Ақырында Иса көкке қарап тұрып сиынды, бұдан сауықтыру тек қана Құдайдан келетіні белгілі болды.

Мұнан кейін Иса бір ғана: – «Еффафа!», – деген сөз айтты, бұл арамей тілінде «ашыл» дегенді білдіреді. Сөз сол сәтте-ақ орындалды. Бұрын саңырау болған адамның құлағы мыңдаған түсініксіз дыбыстарға толып кетті. Ол дабырлаған адамдар алыста болғанына қандай қуанды десеңші! Тағы да ол өзінің анық сөйлей алатынын байқады. Енді оның сөзін барлығы түсінетін болады. Ол осыншама жыл сөйлемей жүргенінің есесін қайтарып, айналасындағыларға сөйлей бастады. Адамдар әрі мылқау, әрі саңырау адамның таза, анық сөйлегеніне таңдана қарап қалды.

– Иса ерекше адам, – деді олар бір-біріне.

– Ол саңыраудың құлағын ашып, мылқауды сөйлетіп кереметтер жасайды.

299. Жүретін ағаштар

Марқа 8

Иса Өндір мен Петірдің туып өскен жері Бетсайда қаласына келді, онда адамдар өздерінің көзі көрмейтін зағип достарын алып келді.

– Оған қолыңды қойшы, – деп жалынды олар.

Иса ол адамды қызығушылардың көзінен таса жерге, қала сыртына алып шықты. Иса Өзін көре алмайтын, Өзіне сене алмайтын адамға көмектескісі келді. Оның көзі көрмегенімен, сезіне алатын еді. Иса оның көзіне жай ғана қолын тигізді де қолын оның иығына қойды.

– Бірдеңе көріп тұрсың ба? – деп сұрады Иса.

Әлгі кісі жан–жағына сенімсіздікпен көз тастады. Үйреншікті қараңғылық бұлыңғыр жарық сәулеге ауысты. Ол бір сұлбаларды байқады, бірақ оның не екенін ажырата алмады. Ал әлгі түсініксіз сұлбалар жақындап келгенде ғана, олардың адамдар екенін түсінді.

– Басында бұлар маған жүріп бара жатқан ағаш діндері сияқты болып көрінді, – деді ол.

Иса оның көзіне қолын қайта тигізді. Бұл жолы Ол қолын алған кезде, зағиптың көз алдындағы тұман толық сейілді.

– Қалаға кірмей, тура үйіңе тарт, одан да барып, балаларың мен әйеліңді көр, – деді Иса оған.

ИСА МОЙЫНСҰНУ ЖАЙЛЫ АЙТАДЫ

300. Екі ұл туралы астарлы әңгіме

Матай 21:7; Жохан 14

Иса Иерусалимге келген кезде, ғибадатхананың діни басшылары мен яһуди рубасылары Оған қарсы шықты. Олар өздерінің Құдайдың таңдаулы халқының қатарына жататындарына сенімдері мол еді. Олай болса, Исаның оларды сөгуге қалай дәті барады? Ол Өзі нағыз ұстаз да емес және олар секілді Жазбаны талқылауға да шебер емес.

Олардың бұл қылығына Иса бір астарлы әңгіме айтып берді.

– Бір кісінің екі ұлы болыпты. Бірде таңертең ол үлкен ұлына келіп: «Ұлым! Бүгін менің жүзімдігімде жұмысқа көмектесіп жібер» – дейді. – «Жоқ, істемеймін», – деп бұрқылдайды ұлы. Бірақ ол кейін сонысына өкініп, әкесіне барып көмектеседі. Әкесі кенже ұлына да барып, жүзімдікке көмектесуін өтінеді. «Әрине, көмектесемін, әке», – дейді ол әкесіне сыпайы ғана, бірақ жұмыс істеуге келмейді. Ол сөзінде тұрмады.

Осы екі ұлдың қайсысы әкесінің еркін орындады деп ойлайсыңдар?

– Әрине, әкесінің өтінішін орындаған үлкені, – деп жауап берді рубасылар мен дінбасылар.

– Рас, – деп келісті Иса. – Сол сияқты сендер жек көретін салық жинаушылар да қазір күнәларына өкініп, Құдайдың өсиеттерін орындауда. Олар сендерден бұрын Құдай Патшалығына кіретін болады. Сендер қалағандарыңша әдемі сөздер айтуларың мүмкін, алайда сендер Құдайдың айтқандарын орындап жатқан жоқсыңдар.

Келесі жолы Иса жиылған жұртқа былай деді:

– Маған «Мырза, Ие!» дейтін әркім емес, Көктегі Әкемнің еркін орындайтындар ғана Аспан Патшалығына кіре алады.

Ақырет сотында талайлар Маған: «Ием, Сенің атыңнан біз жұртқа Құдайдың хабарын жеткізбедік пе? Сенің атыңмен талай кереметтер жасадық емес пе?» дейтін болады. Сонда Мен оларға: «Сендерді ешқашан да білген емеспін, әділетсіздік істегендер, Менен аулақ кетіңдер!» деп ашық айтамын. Құдайдың өсиеттерін орындап, Маған мойынсұнғандар ғана Құдай Патшалығына кіре алады.

Өзінің ең жақын он екі шәкірттеріне Иса былай деді:

– Егер Мені сүйсеңдер, өсиеттерімді орындаңдар. Менің өсиеттерімді жүрегінде сақтап, оларды орындап жүретін кісі Мені сүйеді.

ЖАҚЫНЫҢДЫ СҮЮ

301. Кешіргісі келмеген кісі

Матай 18

Бірде Петір Исадан:

– Ием, егер бауырым маған қарсы күнә жасай берсе, оны неше рет кешіруім керек? – деп сұрады.

Діндар яһудилер үш ретке дейін кешіру керек деген ортақ шешімге келген болатын, ал Петір кеңдік танытып:

– Жеті ретке дейін бе? – деп қосты.

Иса оған қарап күлімсіреп, басын шайқады:

– Жоқ, Петір, – деді Ол, – жеті емес, жеті қайтара жетпіс ретке дейін. Мен бір астарлы әңгіме айтып берейін. Бір патша болады, ол жұртқа берген қарызын жиып алуға бел буады. Кімнің қанша ақша қарыз екенін анықтай бастайды. Ол санай бастаған кезде, қызметшілері оған бір кісіні алып келеді. «Мына кісі сізге өте көп ақша қарыз», – дейді патшаға.

Патша есеп-қисап кітабын тексеріп көріп, әлгінің оған он мың талант қарыз екенін көреді. «Оның өзін, әйел, бала-шағасын құлдыққа сатыңдар», – деп бұйырды патша. Алайда әлгі кісі оның аяғына жығылып «Тақсыр! Рақым етіңіз! Аз ғана мұрсат беріңіз, мен қарызымды түгел өтеймін!» деп жалбарынды.

Қарызын өтеу үшін қызметшісінің осыншама ақшаны ешқашан жинай алмайтынын патша білді, бірақ оны аяп кетті.

«Орныңнан тұр, – деді патша мейірлене. – Мен сенің қарызыңды кешірдім деп жазып қоямын. Маған ешнәрсе төлемей-ақ қоюыңа болады».

Қызметші қуанып, орнынан тұрып, иіліп тағзым етті де, шығып кетті. Патшаның алдынан шығып келе жатып ол жолдасына, басқа бір қызметшіге жолықты. «Бері кел, –деп айқай салды оған бірінші қызметші. – Сен маған қарызсың ғой!»

Жолдасы ұялып, басын салбыратып: «Менің қарызым көп емес қой. Аз ғана сабыр етші. Қайтарып беремін!» – деп жалбарынды.

Алайда қарыз берген кісі оны алқымынан алып: «Тез қайтар, әйтпесе түрмеге жапқызамын!» – деп зіркілдеді. Осылай қорқытып-үркітіп, бейшараны тепкілеп сарайдан шығарып жіберді және оны түрмеге жабуға бұйрық берді.

Патшаның басқа қызметшілері мұны көріп қатты ашуланды. Олар патшаға келіп, оған бәрін айтып берді. Патша қатты ашуланды. Ол бірінші қызметшіні алдына алып келуді бұйырды. «Зымиян қызметші! – деді ол. – Мен сенің орасан зор қарызыңды кештім, ал сен өзіңе азғантай қарызы бар кісіні кеше алмадың ба? Сондықтан қазір сені түрмеге тастайды және қарызыңды толығымен өтеп болмайынша, түрмеден шықпайсың».

– Естеріңде болсын, – деді Иса әңгімесін аяқтап, – егер сендер бір-біріңді кешірмесендер, Құдай да сендерді кешірмейді.

302. Қайырымды самариялық

Лұқа 10

Таурат заңын үйретуші бір ғұлама Исаны сынамақшы болып, Оған сұрақ қойды:

– Ұстаз, – деп сұрады ол, – мәңгілік өмірге ие болу үшін не істеуім керек?

– Өзің Жазбаны жақсы білесің ғой, – деп жауап берді Иса. – Онда не айтылған?

– «Құдай Иенді шын жүректен, бүкіл жан-дүниенмен, бар күш-қуатыңмен, барлық ақыл-ойыңмен сүй! Және өзіңді қалай сүйсең, маңайыңдағы адамды да солай сүй!» –деп мүдірмей жауап берді әлгі.

– Дұрыс жауап бердің, – деді Иса. – Осылай істе, сонда мәңгілік өмірге ие боласың.

Бірақ әлгі ғұлама мұнымен тоқтамай, тағы да сұрақ қойды:

– Сонда маңайымдағы адам кім болғаны?

– Бірде, – деп бастады Иса, – бір кісі Иерусалимнен Иерихонға апаратын жолмен келе жатты. Кенет шатқалдардың арасынан жасырынып тұрған қарақшылар шыға келді де, оған лап қойды. Олар әлгі кісіні ұрып-соғып, киімі мен ақшасын алып, оны жалаңаш, шалажансар күйінде жолға тастап кетіп қалды.

Көп ұзамай әлгі жерден Иерусалимнен келе жатқан діни қызметкер өтті. Ол Құдайға құлшылық етуден келе жатқан. Қан-қан болып жатқан адамды көргенде дереу жолдың келесі бетіне өтіп, тез-тез басып кетіп қалды. Мүмкін бұл кісі өліп қалған шығар деп ойлады ол, ал діни қызметкерлердің ешқайсысы өліп қалған денеге жанаспауы керек.

Біраздан кейін сол жолмен бір леуілік келе жатты. Ол да ғибадатханадағы қызметтен келе жатқан. Ол жолда жатқан бейшараны жақыннан көрейін деп жолдан бері өтті. Алайда қарақшылар әлі жақын маңда болса ше? Өзі де олардың қолына түсіп қалуы мүмкін ғой. Сөйтіп леуілік те алды-артына қарамай кетіп қалды.

Ақыры осы жолмен бір самариялық кісі келе жатты. Ол ешқашан яһудилерден жақсылық көрген емес, дегенмен жаралы кісіге оның жаны ашыды. Ол оған жақындап, жарасы іріңдеп кетпесін деп шараппен жуып, ауырмасын деп май жағып таңды. Жаралы кісіні абайлап орнынан тұрғызып, өзінің есегіне отырғызып, жақын маңдағы қонақ үйге алып келді.

Қонақ үйдің қожайынына екі алтын теңге беріп: «Мына кісі аяғына тұрып кеткенше қараңыз. Ал егер шығының көп шықса, қайта оралған кезімде беремін», – деп тапсырды.

Иса Өзіне сұрақ қойып отырған ғұламаға қарап:

– Қарақшылардың қолына түскен жаралы кісіге осылардың қайсысы жақын деп ойлайсың? – деп сұрады.

– Әрине, оған қайырымдылық көрсеткені, – деді ол.

– Сен де солай істейтін бол! – деді оған Иса.

303. Қойлар мен ешкілер

Матай 25

Иса былай деп уағыз айтты:

– Адам Ұлы қасиетті періштелерін ертіп келген кезде барлық халықтарды соттау үшін Өзінің тағына отыратын болады. Барлық халықтар Оның алдына әкелінеді. Ол шопанның қойларды ешкілерден ажыратқанындай адамдарды екі топқа бөледі.

Әділдерді Өзінің оң жағына қойып, оларға былай дейді: «Келіңдер де, әлем жаратылғаннан бері өздеріңе дайындалған Патшалықтан үлестеріңді алыңдар, себебі сендер Мен ашыққанда тамақ, шөлдегенімде сусын бердіңдер. Бейтаныс болып, баспана іздегенімде Мені үйлеріңе қабылдадыңдар. Киімсіз жүргенімде киіндірдіңдер, ауырғанымда Маған қамқор болдыңдар, түрмеде отырғанымда, артымнан келіп тұрдыңдар».

Сонда әділдер Оған: «Иеміз, қашан Сіздің ашыққаныңызды көріп, тамақтандырған едік? Немесе шөлдегеніңізде сусын берген едік? Қашан баспана іздеп жүргеніңізді көріп, Сізді қабылдаған едік? Немесе киімсіз жүрген Сізді киіндірдік? Қай кезде Сіз ауырып не түрмеде жатқаныңызда артыңыздан келіп тұрдық?» – деген сұрақ қояды.

Патша оларға былай деп жауап береді: «Менің бауырластарымның тіпті ең қарапайым болып көрінген біреуіне жасаған жақсылықтарыңды шын мәнінде Маған жасағандарың!»

Содан кейін Патша Өзінің сол жағында тұрғандарға қарап былай дейді: «Менен аулақ кетіңдер! Себебі сендер Мен ашыққанда тамақ, шөлдегенде сусын бермедіңдер. Бейтаныс болып баспана іздеп жүргенімде Мені үйлеріңе қабылдамадыңдар. Киімсіз жүргенімде киіндірмедіңдер, ауырып не түрмеде жатқанымда артымнан келмедіңдер».

Олар ренжіп: «Иеміз, біз қашан ашыққаныңызды не шөлдегеніңізді, баспана іздеп, киімсіз жүргеніңізді немесе ауырып не түрмеде жатқаныңызды көріп, Сізге көмектеспедік?» – деп сұрайды. Патша сонда оларға былай деп – жауап береді: «Менің бауырларымның біріне жасамаған жақсылықтарыңды шын мәнінде Менің Өзіме жасамағандарың!»

Сонымен әділдер Патшамен бірге мәңгілік өмірге ие болады, ал басқаларыңды Ол Өзінен аулаққа, азап шегуге, қара түнекке қуады.

ИСА БӘРІН ҚАБЫЛДАЙДЫ

304. Шимонның үйіндегі күнәкар әйел

Лұқа 7

Шимон парызшыл болатын, алайда ол Назареттен шыққан Ұстаз туралы көбірек білгісі келді. Сөйтіп Оның тәлімін өз құлағымен есту үшін Исаны үйіне тамаққа шақырды.

Қонақтарды Шимон үйінің ауласына жайғастырды. Ол жер салқын, әрі жайлы болатын. Сылдырлап су ағып жатты, дастархан жайылып қойған. Көше жақтан кісілер ығысып, бауға кіріп жатыр, олар да Исаның сөзін естуге ынтық.

Шимон шақырусыз келгендердің арасында бір әйелге жиіркене қарады. Бұл әйелді қалада бәрі жақсы танитын, ол күнәкар әйел болатын.

Әлгі әйел Иса отырған жаққа қарай ойысып, аяқ жағына жайғасты. Әйел Оның аяғына иісмай жақты. Ол егіліп жылай берді, көзінен аққан жасы Исаның аяғын жуды және оны әйел шашымен сүртіп құрғатты.

Шимон бұған ашуланды. Енді ол бәрін түсінді. Исаны жұрт босқа пайғамбар деп жүр, Оған сенуге болмайды. Ол мына әйелдің күнәкар екенін де түсінбей отыр ғой. Ол әйелді аулақ жүр деп қуып жіберуі керек еді.

Иса Шимонның көзіне тіке қарады, өйткені оның не ойлап отырғанын білді.

– Шимон, – деді Ол, – қарыз беруші бір адамның екі кісіде қарызы болыпты. Олардың біреуі бес жүз күміс теңге, екіншісі елу теңге ғана қарыз екен. Сол адам әлгі екеуінің де қарызын кешіріпті. Айтшы, бұлардың қайсысы оны көбірек жақсы көреді?

– Көбірек қарызы кешірілгені деп ойлаймын, – деді Шимон.

– Дұрыс айттың, – деді Иса оған. – Мен үйіңе келгенімде, сен Маған аяғымды жуатын су бермедің, ал мына әйел көз жасын аяғыма төгіп, оны шашымен сүртті. Сен Мені сүймедің, ал ол Мен келгеннен бері аяғымды тоқтамастан сүйіп отыр. Сен басыма май құйып құрмет көрсетпедің. Ал ол тіпті аяғыма иісмай құйды. Оның сүйіспеншілігі зор, өйткені кешірімнің орасан зор екенін түсінді. Ал Құдайдың кешіріміне мұқтаж емеспіз деп ойлайтындар сүйіспеншілік көрсетпейді де, ризашылықтарын білдірмейді де.

Содан кейін Иса әбден жылаған әйелге қарап:

– Сенің күнәларың кешірілді! – деді.

Қонақтар өзара сыбырласып кетті. Мұндай сөз айтуға Исаның қалай дәті барады?

– Сен сенімің арқылы құтқарылдың, – деді Ол. – Аман-есен қайта бер.

305. Исаның балаларға бата беруі

Матай 19

Бірде бірнеше әйел Исаға балаларын алып келіп, Оның қолын тигізіп, батасын алмақшы болды. Мұның алдында ғана Иса жиылған жұрттың алдында тәлім берген, шәкірттері Оны шаршады деп ойлады.

– Кетіңдер, – деді олар әйелдерге. – Сендердің балаларыңа уақыт бөле алатындай емес, Ұстаздың уақыты жоқ.

Әйелдер ұнжырғалары түсіп, кері қайтайын деп бұрылды. Бір нәресте бақырып жылап жіберді, оған екіншісі қосылды. Иса басын көтеріп, не болғанын түсіне қойды.

– Балаларды ешқашан кері қайтарушы болмаңдар! – деп қатал ескертті Иса шәкірттеріне. – Бала сияқты риясыз, момын болуға дайындар ғана Менің Патшалығыма кіре алады. Балаларды Маған жіберіңдер!

– Бері келіңдер! – деп айқайлады шәкірттер әйелдердің соңынан. Үлкенді-кішілі балалар Исаны көріп, Оның құшағына қойып кетті. Аналар сәбилерін Оған ұjala беріп, батасын сұрады.

Алдымен Ол қолына жылағандарын алды. Олар сол сәтте-ақ жылағандарын тоқтатып, Оған бақырайып қарап қалды. Иса сәбилерді аналарына қайтарып берген кезде, олар қуана шүйіркелесе бастады.

Содан кейін Иса жүре бастаған балаларға жақындады. Ол әр баланың басынан мейіріммен сипалады. Ең ақырында Ол үлкен балаларға қолын тигізіп, оларға Құдайдың атынан батасын берді.

Шәкірттер бұған таңдана қарап тұрды. Ұстаздары оларды қайран қалдыра берді. Ол өздерін артықпыз деп санайтын парызшылдар секілді кісілерге мән бермейді, ал оның есесіне, уақытын қарапайым аналар мен олардың балаларына арнайды.

Әйелдердің бірі:

– Үйге қайтайық! – деді. Балалар күлісіп, әндетіп, үйлеріне қайтты. Ең кішкентайлары еш уайымсыз шешелерінің қолында ұйықтап жатты.

306. Алғысын айтқан алапес адам

Лұқа 17

Иса мен шәкірттері Иерусалимге бара жатты. Бір ауылдың сыртында олар бірнеше кісіні байқады. Бұл адамдардың неткен жандар екенін түсініп, шәкірттер оларға жақындамады. Олар денесін алапес басқандар еді. Яһуди дінбасылары олардың құлан-таза сауыққандарына көз жеткізбейінше, бұл бейшаралар яһуди заңына сай адамдар тұратын жерден аулақта күн кешулері қажет.

Денесін алапес басқандар Исаны көре салысымен:

– Иса, бізге қайырым қыла көр! – деп айқайлады.

Шәкірттер тағы да ары шегініп кетті, ал Иса қорықпай, жиіркенбей оларға жақындады.

– Барып, діни қызметкерлерге өздеріңді көрсетіңдер, – деді Ол. – Олар сендерді қарап көріп, сауыққандарыңды мойындайды.

Алапестер қалаға қарай беттеді. Жолда келе жатып олар бір-біріне таңдана қарады. Олардың терілері тазарып, жаралары жазылып, өздері сауығыпты. Сол себепті қуаныштары мен таңданыстарында шек болмады. Олар жүгіре жөнелді, тезірек діни қызметкерге көрініп, кейін үйлеріне тезірек баруға асықты.

Бірақ араларында біреуі тоқтай қалды. Иса олардың өтініштерін орындады, енді бұл кісінің жүрегі Исаға деген ризашылыққа толды. Ол кері бұрылып, келген жағына қарай тұра жүгірді. Ентігіп келіп ол Исаның аяғына жығылды.

– Рахмет Саған, Ұстаз! – деді ол қуанып.

Иса оның бетіне, кейін айналасына қарады.

– Мен он адамды сауықтырдым ғой, – деді Ол. – Қалған тоғыз кісі қайда? Жалғыз сен ғана Маған алғыс айту үшін және Құдайды дәріптеу үшін қайтып келдің. Яһудилердің барлық артықшылықтарынан жұрдай жартжұрт – самариялық сен ғана алғыс айту үшін қайтып оралдың!

Иса оның орнынан тұруына көмектесті де мейірлене:

– Орныңнан тұр да, жүре бер, сенімің арқылы құтқарылдың! – деді.

ИСА АЙТАДЫ: «МЕН ...»

307. Ізгі бақташы

Жохан 10

Яһудеяда бақташының өмірі оңай болмайтын. Күн сайын ол отарына жақсы жайылым іздеп, көп жерді жаяу шарлауына тура келетін. Күйдіріп тұрған күннің астында арықтар тез кеуіп кететін, демек малға жақсы суат та тауып алу керек. Жартастан құлап кеткен қойды құтқарамын деп немесе отарға шапқан жыртқыш аңдардан малды қорғаймын деп бақташының өз басын қатерге тігуі жиі кездесетін.

Дәуіт патша кезінде бақташы болды және Құдайдың адамдарға қамқор болуы оның өзінің қойларына жасайтын қамқорлығын есіне салатын.

«Тәңір Ием – Бақташым, мен ешнәрседен тарықпаймын», - деп жырлады Дәуіт.

Еремия мен Езекиел Исраил халқының көсемдерін бақташыға теңейді. Алайда халық көсемдері көбіне өз қоластындағыларына немқұрайды қарайтын және олардың мұң-мұқтаждарына құлақ аспайтын. Ал нағыз бақташылар ешқашан бұлай етпейді.

– Мен ізгі Бақташымын, – деді бірде Иса. – Мен қойларым үшін Өз өмірімді қиюға дайынмын. Ізгі бақташы жалдамалы бақташыға ұқсамайды. Жалдамалы бақташы отарға қамқор болмайды да ғой. Ізгі бақташы өз отарын сүйеді және оларды құтқару үшін өз жанын қиюға дайын. Менің қойларым дауысымды таниды және аттарын атап шақырғанымда келеді. Мен де қойларымның әрқайсысын танимын және оларды Менің қамқорлығымнан ешкім де айыра алмайды.

Иса тек Исраилдің ғана Бақташысы болу үшін келген жоқ. Ол бүкіл адамзат үшін Өз өмірін қиды.

Ол бұл туралы былай дейді:

– Менің басқа қорада да қойларым бар. Мен шақырған кезде олар келеді. Сөйтіп бір бақташысы бар бір отар болады.

308. Шынайы жүзім сабағы

Жохан 15

Көне Өсиетте Исраил халқы жүзім сабағына көп теңестіріледі. Онда Құдайдың жүзімдік отырғызғаны, оның өскені және күшейгені туралы айтылады. Бірақ Ишая пайғамбар жүзім сабағының Құдайды қайғыртқанын көрді. Исраилдің патшалары мен халқы Құдай жолынан безіп, өз жолдарын таңдады. Пайғамбар халыққа Жаратқан Ие Өз жүзімдігінің жемісін жинауға, яғни, Өз халқының ізгі сезімдері мен мойынсұнушылығының жемісін жинауға келетінін, бірақ тілазарлықтың ащы жемісін ғана тапқанын айтады.

– Мен – шынайы жүзім бұтағымын, – деді Иса. – Маған сенетін және Мені сүйетіндер – жүзімнің сабақтары. Мен жүзім бұтасымын, ал сендер – жүзімнің сабағысыңдар. Сабақ бұтамен байланыста тұрғанда ғана жеміс береді.

Егер сендер Мені сүйсеңдер және Маған мойынсұнатын болсаңдар, Менімен тығыз байланыста тұрасыңдар. Сабақтардың өмір беретін шырынды бұтадан алатыны сияқты сендер де Менен күш пен өмір аласыңдар.

Егер сендер менімен тығыз байланыста тұратын болсаңдар, сендердің өмірлерің шыдамдылық пен қайырымдылықтың, сүйіспеншілік пен шындықтың, мойынсұну мен ұстамдылықтың игі жемістерін әкелетін болады. Менің көмегімсіз сендер бұған қол жеткізе алмайсыңдар. Менен кесіліп тасталғанда жеміс әкеле алмайсыңдар. Менімен тығыз байланыста тұрыңдар, сонда Мен беретін шынайы өмір, күш, сүйіспеншілік сендерге құйылады.

Исраил халқы – бұтақ – ұдайы Құдайды қайғыға қалдырды. Иса – шынайы жүзім бұтағы – әрдайым әділ және Құдайға мойынсұнады. Ол Өзінің артынан ергендерге әділ болуға және Құдайға мойынсұнуға көмектеседі.

ШЕШІМ ҚАБЫЛДАЙТЫН КЕЗ

309. Жеміс бермейтін інжір ағашы

Лұқа 13

Исаның сөздерін мыңдаған адамдар тыңдады, бірақ оның мәнісін түсінгендер аз болды. Адамдардың тәубеге келіп, Құдайға мойынсұнып өмір сүргісі келмеді. Иса оларға Құдайдың сүйіспеншілігі шыдамды екенін түсіндірді. Бірақ Оның барлық уақытта жол көрсете бермейтін кезі де болатынын айтты. Уақыт келіп, бүкіл Израил халқы үшін және әрбір кісі үшін тәубеге келу кеш болатын кез де болады. Ол мынадай астарлы әңгіме айтып берді:

– Бір кісі құнарлы жерге інжір ағашын отырғызады. Ол ағаш өсіп, қашан жеміс берер екен деп асыға күтті. Арада үш жыл өтті, бірақ ағаштан бір де бір жеміс көрінбеді!

Егер ағашта қазір жеміс болмаса, оның ешқашан жеміс бермейтінін әлгі кісі түсінді. Сондықтан да ол бағбанды шақырып алып, былай деді: «Мына ағаштың жемісін күткеніме үш жыл болды. Бірақ бір де інжір жоқ. Ешқандай жеміс бермейтін ағаш жерді тоздырады. Одан да оны кесіп таста».

Бірақ бағбан ағашты кеспей сақтап қалуды өтінді: «Мырза, ағашты тағы бір жыл қалдыра тұрайық, – деп жалынды ол. – Ол жеміс беруі үшін мен қолдан келгеннің бәрін де жасаймын. Түбін қопсытып, қи саламын. Мүмкін, келесі жылы ол жеміс беріп қалар. Егер болмаса, кестіріп тастайсыз».

310. Ақылды және ақылсыз қыздар туралы астарлы әңгіме

Матай 25

Үйлену тойының қалай өтетінін Исраилде бәрі де жақсы біледі. Қалыңдық құрбыларымен күйеу жігітті үйінде күтіп отырады. Бірақ күйеу жігіттің қашан келетінін ешкім де білмейді. Ол түн ортасында келуі де мүмкін. Күйеу жігіт келген кезде, қалыңдық пен құрбылары «Келіп қалды! Тез сыртқа шығыңдар!» деген дауыстар еститін. Көп ұзамай қуанышты топтың ортасында күйеу жігіттің өзі де көрінетін. Барлық қонақтар күйеу жігіттің үйіне барып, сонда бір апта бойына тойлайтын.

Иса адамдардың Оған ергенін, кеш болмай тұрғанда Құдай Патшалығына енгендерін қалады. Ол Өзінің олармен бірге болатын кезі аз қалғанын білді. Бірақ әйтеуір бір кезде Ол жер бетіне Патша ретінде бар сән-салтанатымен және билігімен қайтып келетін болады. Сол кезде тәубеге келіп, Оның артынан еру тым кеш болады.

– Сол күні, – деді Иса, – Құдай Патшалығы тойға ұқсайды. Бірде қалыңдықтың қасындағы он құрбысы күйеу жігітті күтті, содан кейін олар да той тойлап жатқан жұртқа қосылады. Уақыт кеш болатын. Он қыздың әрқайсының өз шамдары болды. Алайда олардың бесеуі шамға құятын май алып шықпапты. Түн болып, қыздар ұйықтап қалады. Кенет түн ішінде жым-жырт түнді бұзып: «Күйеу жігіт келіп қалды!» деген айқай шықты.

Қыздар орындарынан жылдам тұрып, шамдарын жақты. Осы кезде бес ақымақ қыз өздерінің қателерін түсінді. «Біздің майымыз жоқ, – деп шағымданды олар. – Бізге азырақ май бере тұрыңдаршы!» Ал бес ақылды қыздың майлары өз шамдарынан да артылмады. «Біз сендерге көмектесе алмаймыз, – деп жауап берді олар. – Барыңдар да сатып алыңдар».

Ақылсыз қыздар майға барып келгенше күйеу жігіт келіп те қалды. Ақылдылар қонақтарға қосылып тойға кірді, ал олардың артынан есік жабылды.

Сәл кейінірек бес ақылсыз қыз келіп, есікті қаға бастады. «Бізді де кіргізіңдер!» – деп айқайлады олар. Ал күйеу жігіт оларға: «Мен сендерді танымаймын», – деді.

Әңгімесін аяқтап, Иса былай деп қосты:

– Сонымен, сергек болыңдар және әрдайым дайын болыңдар, өйткені Адам Ұлының қай кезде, қай сағатта келетінін білмейсіңдер.

311. Үш қызметші

Матай 25

Исаның жер бетінен кетуі керек еді. Оның шәкірттері Оған адал болуды және Оның Өзі жоқ кезде де Оған адал қызмет етуді үйренулері тиіс болатын.

Иса оларға мынадай астарлы әңгіме айтып берді:

– Бір кісі алыс елге сапарға шықпақ болады. Ол кетер алдында қызметшілерін шақырып алып, оларға өз меншігін аманаттап тапсырады. Бірінші қызметшісіне ол бес, екіншісіне – екі, ал үшіншісіне – бір ат басындай алтын береді де, өзі жол жүріп кетеді.

Алғашқы екі қызметші алтындарын айналымға салып, одан мол табыс алады. Ал үшінші қызметші алтынын жерге көміп қояды. Бір күні қожайын ұзаққа созылған сапардан үйіне оралады. Ол өзі беріп кеткен ақшасына байланысты есеп берсін деп қызметшілерін шақыртады. Бірінші қызметшісі: «Мен сіз тастап кеткен ақшаның үстінен екі есе пайда түсірдім. Міне, он ат басындай алтыныңыз», – дейді. – «Жарайсың, – деп мақтады оны қожайыны, – жақсы да адал қызметшім. Шағын істе сен маған адал болдың, енді мен сені үлкен істің басына қоямын». Екінші қызметші алға шықты: «Мен де ақшаның үстінен екі есе пайда түсірдім», – деп ол қожайынына төрт ат басындай алтын ұсынды. «Жарайсың. Сен де маған адал қызмет еттің және соның сыйын аласың. Енді қуанышты тойыма кел».

Бір ат басындай алтын алған үшінші қызметшіге де кезек келді. «Міне, ақшаңыз. Сіздің берген ақшаңызды еселеп қайтарып алуға тырысатыныңызды білемін. Мен сіздің ақшаңызды жоғалтқым келмеді, сондықтан оларды жерге көміп тастадым. Мінеки, ала қойыңыз». «Әй, оңбаған, жалқау қызметші! – деп айқай салды қожайын ашуланып. Менің әрдайым табыс алуға тырысатынымды білесің, демек сен менің ақшамды айналымға салуың керек еді, сонда қайтып келіп мен оны өсімімен қайтарып алған болар едім. Сенің ақшанды алып, бес ат басындай алтыны болған қызметшіге беремін. Өздеріне берілген нәрседен пайда түсіре алғандарға тағы қосымша беріледі де, қолында бар азғантайды пайдаланудан бас тартқандар, бәрінен айрылады».

Қожайын қызметшілеріне бұрылып: «Мына түкке тұрғысыз қызметшіні үйден шығарып тастаңдар», – деп бұйырды.

312. Зақай

Лұқа 19

Иса мен шәкірттері Иерусалимге Құтқарылу мейрамына бара жатты. Бұл Өзінің соңғы сапары екенін Иса білді. Иерихон қаласының маңайында оларға басқа да жолаушылар қосылды. Айнала ашық шөл дала және адамдар тұрмайтын жер болатын. Ал Иерихон болса ондағы сансыз көп бұлақ көздерінің арқасында көкпеңбек, ағаштары жайқалған қала болатын. Ондағы құрма ағаштары мол өнім беріп, ағаштардан хош иіс шығып тұратын.

Бұл қаладағы салық жианушылардың тұрмыстары жақсы болды. Олардың ішінде ең байы – бастықтары Зақай болатын. Байлығына қарамастан Зақай бақытсыз еді. Жұрттың бәрі оны жек көретін және оған ұрсатын. Оның халық маңдай тер, адал еңбегімен тапқан ақшасын қалтасына басып, байып жатқанын, ал қалғанын римдік билік орындарына жіберіп жатқанын ел білетін.

Зақай керемет Ұстаз, адамдардың өмірін өзгертіп жатқан Иса туралы естіді. Ол Исаны сондай көргісі келді, бірақ Иерихон көшелері халыққа толып кетті, ал алға шығуға тырысқан Зақай бір-екі жұдырық та жеп қалды. Егер алға қарай өтпесе, ештеңе көре алмайтынын Зақай түсінді, өйткені оның бойы аласа болатын.

Зақай жол бойында өсіп тұрған інжір ағашына қарады және не істеу керегі оның санасына сарт ете қалды. Бірнеше минуттан кейін Иса шәкірттерімен қалаға кірген кезде, ағаштың үстіне жайғасып алған ол бәрін де көре алды.

Сол жерге келгенде Иса ағашта отырған Зақайға қарап:

– Зақай, төмен түс! Бүгін Мен сенің үйіңнен кешкі ас ішемін, – деді.

Зақай тез төмен түсті. Ол киіміне жабысып қалған жапырақтар мен бұтақшаларды қағып-сілкіп, кібіртіктеп Исаға жақындады. «Неге Иса оның үйіне бармақшы? Оның әділетсіз, күнәкар кісі екенін жұрттың бәрі біледі ғой!» деген күңкіл сөздер оның құлағына жетіп жатты.

Бірақ Иса қолын Зақайдың иығына қойды да, олар салық жинаушының сән-салтанатты үйіне қарай жүрді.

Дастархан басында отырған кезде Исаның Зақайға не айтқанын ешкім де білмейді, бірақ олар үйден шыққан кезде есік алдында күтіп тұрған кісілер Зақайдың мүлдем өзгеріп кеткенін көрді.

Ол алға батыл шықты да былай деді:

– Ием, мал-мүлкімнің тең жартысын кәріп-қасерлерге үлестіріп беремін. Егер біреудің ақысын жеген болсам, оны төрт есе артығымен қайтарамын.

Иса қайран қалып тұрған жұртқа қарап:

– Мен Зақай секіліді кісілерді құтқару үшін келдім. Мен Құдайдан безгендерді Оған қайтаруым керек. Өйткені Адам Ұлы күнәкарларды құтқару үшін келді, – деді.

313. Қайыршы зағип

Марқа 10

Иерихоннан шығып бара жатқанда көшелердің бірінде Исаны тағы бір кісі күтіп отырды. Бірақ ол күтуге әбден үйренген. Бартімей күнде бір орыннан тапжылмастан ары-бері өтіп жатқан жүргіншілердің қайсысы алдындағы тұрған табаққа садақа тастайды екен деп күтіп отыратын. Бәлкім бүгін ол мол садақа жияр, өйткені қалада жүргіншілер көп. Кім біледі, мүмкін олар қайыр сұрап отырған зағипты көріп, жандары ашыр?

Бартімей зағип болғанымен, құлағы жақсы еститін. Айналадағы жұрттың Исаның атын атап жатқаны оның құлағына тимей қалған жоқ. Жұрттың осы ғажайып Кісі жайлы айтқан әңгімелерінің бәрін ол білетін. Жақындап келе жатқан топтың арасында Исаның бар екендігіне күмән жоқ.

Жолаушылар Исаның сөзін тыңдап, үндемей келе жатты.

Исаның Құдай уәде еткен Мәсіх, Дәуіт патшаның шынайы Ұрпағы екеніне Бартімейдің сенімі кәміл болды. Ол бұрын-соңды болып көрмеген сәттілікті пайдаланып, Исадан көмек сұрауға бел буды.

Содан кейін ол бар күшімен дауыстап былай деді:

– Дәуіттің Ұрпағы Иса! Маған рақым ете көріңіз!

– Айқайлама! – деп оған кісілер ұрсып тастады. – Біз онсыз да Оның дауысын зорға естіп келеміз!

Бірақ Бартімей бұрынғысынан да қаттырақ айқайлады:

– Дәуіттің Ұрпағы Иса! Маған рақым ете көріңіз!

Иса тоқтады.

– Оны Маған алып келіңдер! – деді Ол.

Бұл сөз Бартімейдің қасында тұрған кісілерге жетті. Олар Бартімейді қолтығынан демеп, орнынан тұруына көмектесті. Оны алға қарай демеп жібермекші болды, алайда Бартімейге шу-шулеудің қажеті жоқ еді. Ол үстіндегі шапанын шешіп, сүріне-қабына Исаның дауысы шыққан жаққа қарай асықты.

– Менен не қалайсың? – деп сұрады Иса.

– Ием, көзімнің көретін болғанын қалаймын, – деп жұлып алғандай жауап берді Бартімей.

– Өтінішің орындалады, – деді Иса. – Сені сенімің құтқарды. Енді үйіңе бара бер.

Сөйтіп Бартімейдің көзі көретін болды. Исаны көріп оның үйіне қайтқысы келмей қалды. Бартімей асығып бара жатқан шулы топтың қатарына қосылды. Ол Патшасының артынан қайда болса да еріп баруға дайын еді.

ИСА ДОСТАРЫНЫҢ АРАСЫНДА

314. Мәриям мен Марта

Лұқа 10

Марта, Мәриям мен олардың бауырлары Елазар Исаның достары болатын. Олар Бетанияда, Елеон тауының етегінде орналасқан кішкентай ауылда тұратын еді. Иерусалим бұл арадан жаяу кісіге жарты сағаттық жол болатын. Иса шәкірттерімен Иерусалимге келген сайын Бетаниядағы достарына міндетті түрде соға кететін.

Бірде Марта шәкірттері қаумалаған Исаның олардың үйіне келе жатқанын көрді. Жолаушылар жолдан шаршаған және қарындары да аш болатын. Сондықтан да ол асығыс үйге келіп, ошаққа тездетіп от жағып, қонақтарға тамақ әзірлеу қамына кірісті.

Мәриям болса Исаның алдынан шықты. Ол Иса мен шәкірттеріне шөлдерін басып, жуынып алу үшін су ұсынды. Содан кейін Мәриям Исаға жақын отырып, Оның әрбір сөзін қалт жібермей тыңдады.

Ал Марта болса бұл кезде ас үйде дастархан қамымен жүрген. Ол өзіне көмектесу ойына кіріп те шықпай отырған сіңлісіне ызасы келді. Ақыры шыдамы таусылып, ол Исаға былай деді:

– Ием, неге сіңлім барлық жұмысты маған қалдырып мұнда отыр? Оған айтшы, маған көмектессін.

– Марта, – деді Иса оған жұмсақ қана. – сенің уайымың да, бейнетің де көп. Ал керегі бір-ақ нәрсе ғой. Тамақ, дастархан маңызды емес. Менің сөзімді тыңдағаны, демек, Мәриямның аса маңызды іспен айналысқаны.

315. Елазар

Жохан 11

Мәриям мен Мартаның бауыры Елазар бірде қатты ауырып қалды. Әпкелері оған қолдарынан келегенше қамқорлық жасады, алайда не олар, не дәрігерлер оған көмектесе алмады. Елазардың жағдайы күннен күнге нашарлай берді.

Сонда олар Исаға хабар жіберуге бел буды, өйткені олар бауырларына Одан басқа ешкім көмектесе алмайтынын түсінді.

Иса бұл кезде алыста жүрген. Ол Яһудеяның солтүстігінде орналасқан елде уағыз айтып жүрді. Мәриям мен Марта бір көршілерін жіберіп Оған: «Мырза, Сіз жақсы көретін кісі ауырып жатыр», – деп хабар айтқызды.

Иса Мәриямды, Мартаны және Елазарды өте жақсы көретін. Хабаршының сөзін естіген кезде, алдымен Оның түрі өзгеріп, қабағы түйіліп кетті, ал содан кейін Ол:

– Бұл аурудың соңы өлімге соқтырмайды, қайта, Құдайды ұлылыққа бөлеуге септігін тигізеді. Ол арқылы Құдайдың рухани Ұлының құдіретті ұлылығы көрінеді, – деді.

Осыны айтып Ол дереу Бетанияға аттана қойған жоқ, бұған шәкірттер де таң қалды. Ол сол жерде тағы екі күнге қалып, уағыз айтып, адамдарды ауруларынан айықтырды.

Екі күн өткеннен кейін Ол шәкірттеріне Бетанияға баратын сәт жеткенін айтты. Бірақ шәкірттері Ұстаздарының өмірінің қауіпсіздігін ойлап, ол жаққа бармай-ақ қоюға көндіргісі келді.

– Ол жаққа қалай барасың? – деді олар. – Сол жақта Сені таспен атқылап өлтірмек болғандарын ұмыттың ба?

Иса ешкімді тыңдамады. Сонда шәкірттердің бірі Тома достарына:

– Біз де бірге барайық. Егер Ол өлсе, Онымен бірге өлейік деді.

Бетанияға бара жатқан жолда Иса шәкірттеріне былай деді:

– Досымыз Елазар ұйықтап жатыр. Мен барып оны оятайын.

Шәкірттер қуанып қалды:

– Егер Елазар ұйықтап жатса, жақсы болды ғой, демек ол өзін жақсы сезінгені, көп ұзамай құлан-таза айығып кетеді.

Олар Исаның нені меңзеп тұрғанын түсінбеді. Ол өзі түсіндірді:

– Елазар өлді. Ал Мен оны осы өлім ұйқысынан оятуға бара жатырмын.

316. «Елазар! Шық!»

Жохан 11

Иса шәкірттерімен Бетанияға келген кезде, Елазардың қабірге қойылғанына төртінші күн болған. Бірақ Мәриям мен Мартаның үйінде әлі де кісі көп болатын. Ауыр қазаға ұшыраған апалы-сіңлілерді жұбату үшін туған-туыстар мен достары жиылған, үйде адам лық толы.

Исаның келе жатқанын естіп Марта Оның алдынан жүгіріп шықты.

– Ием, – деді ол Исаға. – Егер Сен осында болғаныңда бауырым өлмес еді.

Иса оған:

– Қайта тірілу мен шынайы өмір – Менмін. Маған сенетін адам өлсе де, шынайы өмір сүретін болады. Маған сенген әрбір адам ешқашан да рухани өлмейді. Бұған сенесің бе? – деді.

– Иә, – деп жауап берді Марта. – Сенің Мәсіх, Құдайдың рухани Ұлы екеніңе сенемін.

Марта үйге кіріп, ешкім естімес үшін Мәриямға сыбырлап:

– Мәриям Ұстаз сені шақырып жатыр, – деді.

Мәриям орнынан тұрып, сыртқа шыққан кезде, ол бауырын жоқтауға барады екен деп, бәрі оған еріп сыртқа шықты.

Жоқтау айтқан Мәриям мен оның артынан еріп келе жатқан жұртты көріп, Иса қайғырды. Ол мұнда Елазарды өлімнен тірілту үшін келді, дегенмен мына кісілердің қайғысы оның жүрегіне қатты әсер етті.

– Елазарды қайда жерлегендеріңді көрсетіңдер, – деді Иса, Оған аузы алып таспен бекітілген үңгір-қабірді көрсетті.

– Тасты алып тастаңдар! – деп бұйырды Ол.

Елазар жатқан үңгірдің аузы ашылған кезде, Ол бүкіл жұртқа естірте дұға етті:

– Әке! Менің дұғамды естігенің үшін Саған рахмет! Сен әрқашан Менің дұғаларымды естисің.

Осыны айтып Иса қатты дауыстап:

– Елазар! Шық! – деді.

Айнала тып-тыныш бола қалды. Үңгірден бір сыбдырлар естілді. Көп ұзамай үңгірдің аузында Елазардың өзі де көрінді, ол жерленіп осы үңгір ішінде төрт күн бойы жатты. Ол басынан аяғына дейін ақ кебінге оралып тасталған еді.

– Орауын шешіңдер, – деді Иса.

Қамқор қолдар өлімнен қайта тірілген Елазарды ораған матаны тез шешіп алды, ал ол тірі және дені сап-сау күйінде әпкелерінің құшағына құлады. Жұрттың қуанышында шек болмады.

Осы кереметке куә болған талай адам Исаның көптен күткен Мәсіх екеніне сол сәтте-ақ сенді. Бірақ олардың арасынан Иерусалимге тез жетіп, ондағы Исаның дұшпандары – парызшылдар мен дінбасыларына бәрін айтып беруге асыққандар да болды.

Ал олар өз кезегінде дереу кеңесуге жиылып, не істеу керегін ақылдасты.

– Бұл Кісі көп кереметтер жасауда, - десті олар. – Егер қол қусырып отыра берсек, жуырда бәрі Оған сенетін болады.

Осы күні олар сәті түсе салысымен Исаны тұтқындап, өлтіруге келісті.

317. Қымбат иісмай

Жохан 12

Құтқарылу мейрамына алты күн қалғанда Иса шәкірттерімен Бетанияға тағы келді. Мұнда әдеттегідей Оны Марта, Мәриям мен Иса өлімнен қайта тірілткен, олардың бауыры Елазар тағатсыздана күтіп отырды.

Сыйлы қонақтарына құрмет көрсету үшін апалы-сіңлілер мерекелік дастархан жасады. Қонақтар ішіп-жеп, көңілді отырып, әңгіме-дүкен құрды – бұл кеште бәрінің көңіл-күйі көтеріңкі болды. Өйткені Ұстаздары бірге, әрі Құтқарылу мейрамы да жақындап қалған болатын.

Бірақ Исадан басқа ешкім әлі де бұл Құтқарылу мейрамы Исаның жер бетіндегі өміріндегі ең соңғысы болатынын білген жоқ. Тек Мәриям ғана Ұстазының жүрегін жаншыған ауыр салмақ бар екенін түсінді.

Ол байқатпай бөлмеден шығып, қолына қымбат иісмай құйылған құты ұстап қайта келді. Осындай майды сатып алу үшін қарапайым еңбек адамы бас көтермей жарты жыл жұмыс істеуі керек болатын.

Мәриям Исаға жақындап, Оның аяғына иісмайды құйды және оны шашымен сүртіп құрғатты. Иісмайдың хош иісі бүкіл бөлменің ішін алып кетті.

Кенет шәкірттердің арасынан Яһуда Исқариоттың наразы үні естілді:

– Ол неге бұлай істеді? Біз оны сатып, түскен ақшаны кедейлерге үлестіріп берер едік қой.

Осы сөздерді айтқанда Яһуда кедейлерден гөрі өзін көбірек ойлап тұрған еді. Ол шәкірттердің кедейлерге үлестіріп беретін ақшаларына ие болып жүретін және сол ақшаға қол сұғып та жүретін.

– Мәриям дұрыс істеді, – деп жауап берді Иса. – Ол бұл майды Мен жерленетін күнге арнап сақтады. Кедей-кепшіктер әрдайым қастарыңда ғой, ал Мен жуырда қастарыңнан мәңгіге кетемін.

ИСАНЫҢ ИЕРУСАЛИМГЕ КІРУІ

318. Осанна!

Марқа 11; Жохан 12

Қасиетті қала халыққа толды. Құтқарылу мейрамын бір апта бойына тойлау үшін елдің түкпір-түкпірінен адамдар осында жиналды. Олардың арасында Иса туралы әңгіме ешбір толастамады. Бұл Кісінің талай кереметтер жасағанын көп адамдар тамсана әңгімеледі. Ал Иса шәкірттерімен Иерусалимге жақындап қалды деген хабар шыққан кезде, Оны салтанатпен күтіп алу үшін халық қала қақпасына қарай ағылды.

Ал Иса болса бұл кезде Иерусалимге мініп кіруге тайқар есек алып келу үшін шәкірттерін жіберді.

– Алдыларыңда жатқан ауылға барыңдар, – деді Ол. – Ауылға кірген кезде байлаулы тұрған тайқар есекті көресіңдер. Оған әлі тірі жан отырып көрмеген. Шешіп алып, соны маған алып келіңдер. Ал егер біреу-міреу не істеп жатқандарыңды сұрай қалса, бұл есек Иемізге керек деңдер.

Бәрі Ұстаз айтқанындай етіп орындалды. Тайқар есектің Исаға керек екенін білген шаруа оны қуана-қуана берді.

Шәкірттер тайқар есектің үстіне өз шапандарын жапты. Иса оған отырып, Иерусалимге аттанды.

Осыдан көптеген жылдар бұрын Зәкәрия пайғамбар шынайы Патшаның Иерусалимге әскери ат мінген жауынгер ретінде емес, қайта, қолға үйретілген момын үй жануары тайқар есекке мініп кіретінін алдын ала айтқан болатын. Ал енді көзі барлардың бәрі Исаның сол алдын ала айтылған патша екенін көре алатын еді.

Иерусалимнің тұрғындары мен Құтқарылу мейрамына жан-жақтан келген жұрт Исаға қуана-қуана сәлем берді. Біреулер үстіндегі шапандарын шеше салып, Оның аяғының астына салды, ал біреулер пальма бұтақтарын ұстап жол бойында Оған қол бұлғап тұрды. Айналадан:

– Осанна! Жаратқан Иенің атынан Келуші жарылқанған! Дәуіттің ұрпағынан шыққан Патша жарылқанған! – деген дауыстар шығып жатты.

ДҰШПАНДАРДЫҢ ИСАҒА ҚАРСЫ БАС ҚОСУЫ

319. Ғибадатханадан саудагерлердің қуылуы

Марқа 11

Тайқар есектің үстінде отырған Иса халықтың қуанышпен айқайлаған дауыстарының арасынан бүкіл Иерусалим арқылы жүріп өтіп, ғибадатхананың алдына келіп тоқтады. Алайда қас қарая бастаған, ал жан-жақтан келген кісілерге толы қалада жататын орын табу оңай болмас, сондықтан да Иса шәкірттерімен Бетанияға оралуға бел буды.

Келесі күні Ол ғибадатханаға келді. Ғибадатхананың ішкі ауласы барлық келушілерге ашық болатын – мұнда тек яһудилер ғана емес, басқа ұлт адамдары да кіре беретін. Ал ғибадатхананың ішіне кіруге оларға тиым салынған, әйтпесе өліп кетулері де кәдік.

Ғибадатхананың ішкі ауласы адамдар Тауратты үйренуге келетін және тыныштықта дұға ететін орын ретінде ойластырылған. Бірақ Иса мұнда келгенде не болып жатты десеңші! Онда тыныштық деген атымен жоқ болатын, қойлары маңырап, сиырлары мөңіреп, құстары шуылдап, саудагерлер мен делдалдар өзара ұрсып-таласып азан-қазан болып жатыр.

Саудагерлер ішкі аулаға сырт жақтан келгендерге құрбандыққа шалатын мал сату үшін келетін. Егер олар өз малдары үшін адал нарық сұраса ғой (ғибадатхана мал базары емес те ғой), олар ұятсыздықпен малдарын үш есе қымбатқа сатты.

Ақша айырбастаушылар да дәл солай етті. Олар ғибадатханада қайыр-садақа тек бір ақша түрімен берілетінін өз мүдделеріне пайдаланды. Түрлі елдерден Иерусалимге келген кісілер ақшаларын ауыстыратын, ал ақша ауыстырушылар арсыздықпен, ұялмастан олардан мол пайда түсіретін.

Бірақ дінбасылардың саудагерлер мен ақша айырбастаушыларды, табысқа кенеліп жатқанында шаруасы болған жоқ деуге болмайды, олардың өздері де мол пайдаға кенелетін.

Әрине, Иса олардың бейшара сенушілерді алдап жатқанына, Құдай үйін лас базарға айналдырып жібергендеріне жайбарақат қарап тұра алмады. Ол ақша ауыстырушылардың үстелдерін төңкеріп, саудагерлерді малдарымен қоса қуды.

Халық қайран қалып қарап тұрды. Қалада және елде қолдарында билігі бар кісілерге Иса қалайша қорықпай, жасқанбай қарсы шығады? Ақша ауыстырушылар мен саудагерлерді қуып болып, Иса халыққа былай деді:

– Жаратқан Иенің «Менің үйім сиыну үйі деп аталатын болады» деген сөздерін білмеуші ме едіңдер? Ал сендер ғибадатхананы қарақшылардың мекеніне айналдырдыңдар.

320. «Патшаға тиістісін патшаға, Құдайға тиістісін Құдайға беріңдер!»

Матай 26; Марқа 12

Еврейлер Құтқарылу мейрамын бір апта бойына тойлайтын. Иса күнде ғибадатханада уағыз айтып жүрді, ал кешке қонуға Бетанияға қайтатын. Оның уағыздарын тыңдауға өте көп халық жиналатын.

Еврей халқының басшылары, дінбасылар мен парызшылдарға бұл ұнамады. Олар Исаның үнін өшіруге белді бекем буды және мұны қалай істесе дұрыс болатынын ойластыру үшін мейрам аяқталардан екі күн бұрын Жоғары кеңеске жиналды. Жоғары кеңесті діни басшы Каяфа басқарып отырды.

– Біз Исаны ұстауымыз керек, – деді ол жиылғандарға. – Бірақ мұны жасырын істеу керек, әйтпесе халық көтеріліп, Оны қорғауы мүмкін.

– Демек мейрам аяқталғанша күте тұруымыз керек қой, сонда жан-жақтан келген жұрт тарайды, – деп жауап берді Қаяфаға діни қызметкерлердің бірі.

Өзімен не болатынын Иса дұшпандарына қарағанда әлдеқайда жақсырақ білді. Осы күні Ол шәкірттеріне былай деді:

– Екі күннен кейін Құтқарылу мейрамы болады. Мені римдіктер ұстап алып, айқышқа керіп шегелейді.

Дегенмен Иса халыққа тәлім беруін жалғастыра берді. Дұшпандары мұны өз пайдаларына асырды – олар Исаға қитұрқы сұрақтар қойып, Ол не дер екен деп күтті, осылайша Исаның беделіне нұсқан келтіруге тырысты. Бірде біреу Исадан:

– Ұстаз, Римдік патшаға салық төлеуіміз керек пе, жоқ па? – деп сұрады.

Бұл сұрақты қойған кісі аса қу болатын. Егер Иса: «Иә, төлеу керек» деп жауап беретін болса, мұнысы халыққа ұнамай қалып, көпшілік жұрт Одан бас тартып кетуі мүмкін екенін білді; ал егер Ол: «Жоқ» десе, онда римдік жауынгерлерді шақырып, Исаны халық арасына іріткі салушы ретінде ұстатып жіберуге болады.

Иса болса не «Иә», не «Жоқ» деген жоқ. Мұның орнына ол римдік ақша беруін өтінді. Ақшаны қолына алып Иса:

– Мына ақшада кімнің суреті салынған? – деп сұрады.

– Патшаның, – деп жауап берді Оған.

– Олай болса, – деді Иса, – патшаға тиесіліні патшаға, ал Құдайға тиесіліні Құдайға беріңдер.

Бұл сөздерде ешқандай ілік жоқ еді. Расында да, сол заманның заңына сай еврейлер римдіктерге салық төлеп тұруға тиіс болатын. Ал Құдайға олар одан да зорын беруге міндетті еді.

321. Зұлым жүзімшілер туралы астарлы әңгіме

Марқа 12

Бірде Иса халыққа уағыз айтып отырып, олардың арасынан діни қызметкерлер мен парызшылдарды көріп, мынадай астарлы әңгіме айтты:

– Бір кісі жүзім бағын отырғызып, оған қажеттінің бәрін жасайды. Бірақ басқа елге кетуіне тура келгендіктен, жүзім бағын басқа бір жүзімшілерге жалға беріп, өзі ұзақ сапарға аттанады.

Жүзім піскен кезде қожайын жүзімшілерге қызметшісін жіберіп, өзіне тиесілі үлесін сұратады. Бірақ жүзімшілер оған түк те бермей, қайта қызметшіні ұрып-соғып қуып жібереді. Сонда жүзім бағының иесі басқа бір қызметшісін жібереді, бірақ оған да алдыңғыға жасағанды жасайды. Қожайын жүзімдікке одан кейін де талай қызметшісін жібереді. Өр жолы жүзімшілер оның жіберген кісілерін ұрып – соғып жібереді, тіпті кейін өлтіреді де.

Жүзім бағы қожайынының жалғыз ұлы болады. Ақыры ол жүзімшілерге ұлын жібермекші болады. Қызметшілеріне көрсеткен құқайларын жүзімшілер оның ұлына көрсетуге ұялатын шығар деп ойлайды ол.

Алайда ол қателесіпті. Жүзімшілер оның ұлын өлтірді. Жүзім бағының қожайынының ұлын өлтіріп, олар өздері жүзімдікке ие болып қаламыз деп ойлады.

– Қалай ойлайсыңдар, енді жүзім бағының қожайыны не істейді? Ол өзі келіп, зұлым жүзімшілерді өлтіреді, ал жүзім алқабын басқа жүзімшілерге береді, ал олар өз кезегінде қожайынға тиесілі үлесін беріп отырады.

Бұл әңгіменің мәнісін тыңдаушылар түгел түсінді. Өйткені Жазбада Исраил халқы жүзім бағы деп аталады, ал оның иесі – Құдайдың Өзі. Патшалар, билеушілер мен халық басшылары – Құдайға тиесілі жүзім бағын өңдеуге шақырылған жүзімшілер. Бірақ олар көбіне Құдайдың еркіне бағынудан бас тартып, Құдайдың Өз пайғамбарлары арқылы айтқан сөздеріне құлақ аспай, оларды ұрып-соғып өлтіретін. Ал енді Құдайдың ең соңғы және ең басты хабаршысы – Оның Өз Ұлының айтқанын да тыңдаудан олар бас тартуда. Бұған қоса олар Оны өлтірмекші де.

Еврей халқының көсемдері де бұл әңгіменің астарын түсінді. Алайда бұл оларға ақыл кіргізе қойған жоқ – қайта, олардың Исаны ұстап алып, өлтірмек ниеттері күшейе түсті.

322. Яһуда – сатқын

Матай 26

Құтқарылу мейрамының басында Исаның Иерусалимге салтанатпен кіргеніне қарапайым халықтан да гөрі Оның шәкірттері қатты қуанды. Иса патшаның тағына отыратын күнді олар асыға күтті, ал енді сол күн тіпті жақын қалды.

Иса болса шәкірттеріне Өзінің олар ойлағандай патша болмайтынын түсіндірді. Оның билігі мүлдем басқаша болады. Бастапқыда Өзіне сенгендердің жүрегінде билік ететін болады. Оны ұстап алып өлтіреді, тек содан кейін ғана Ол мәңгі-бақи билік ету үшін келеді.

Көптеген шәкірттер осының бәрін ұға бермеді. Яһуда Исқариот мұны басқалардан жақсырақ түсінді. Бірақ ол дүниеқор, атаққұмар кісі болды. Ол өзін құдіретті билеуші Исаның оң жағында отырсам деп армандады.

Сірә, оның арманы орындала қоймас. Бетанияда Мәриям Оның аяғына қымбат май жағып, Иса оны дұрыс істеді деп түсіндіргенде, ол мәселенің мән-жайын ұқты. Иса римдіктерді қуып, Иерусалимде таққа отыру үшін келмегені оның санасына жетті.

Діни қызметкерлер мен парызшылдар Исаны халыққа білдірмей тұтқындауды жоспарлап отырғанын Яһуда Исқариот білді. Әбден ойланып-толғанып ол әлгілерге өз қызметін ұсынуды жөн көрді.

Ол Жоғарғы кеңес мүшелерінің алдына келіп, егер Исаны оларға ұстап берсе, қанша ақша төлейтіндерін сұрады. Діни қызметкерлер мен парызшылдардың жүздері қуаныштан бұл-бұл жанып кетті. Міне, Яһуда оларға керек кісінің дәл өзі еді. Олар оның сатқындығы үшін отыз күміс теңге ұсынды.

Ақшаны алып, Яһуда ол арадан кетіп қалды және Ұстазды ұстап берудің оңтайлы сәтін аңдыды.

СОҢҒЫ КЕШ

323. Құтқарылу мейрамына арналған ас алдында

Марқа 14

Құтқарылу мейрамы еврейлердің Мысыр құлдығынан құтқарылғанын еске түсіру үшін өткізілетін. Мұса пайғамбардың өзі Құтқарылу мейрамына дайындалған асты қалай дайындау және қалай жеу керектігіне байланысты қатал ережелер қалдырды. Осы аспен бір аптаға созылған мейрам аяқталатын.

Бұл күні кешке әр отбасы бір тоқтыны құрбандыққа шалып, ашымаған қамырдан нан пісіретін. Бұл тек мерекелік кешкі ас қана емес болатын – дастархан басында ата-аналары балаларына Құдай Өз халқын Мысыр еліндегі құлдықтан құтқарғаны, Құдайдың мейірімділігі жайлы айтып беретін.

Иса мейрам асын шәкірттерімен бірге жемекші. Шәкірттері мейрам асын қайда дайындауды бұйыратынын сұраған кезде, Иса былай деді:

– Иерусалимге барыңдар. Сонда құмырамен су алып бара жатқан бір кісіні кездестіресіңдер. Оның артынан еріп, үйіне дейін барыңдар. Ол кірген үйдің иесіне: «Ұстазымыз шәкірттерімен бірге отырып мейрам асын ішуге болатын қонақ бөлмеңіз қайда екен?» деп сұратып жатыр деңдер. Ол сендерге үлкен қонақ бөлмесін көрсетеді. Сол жерге мейрам асын дайындаңдар.

Исаның шәкірттеріне айтары әлі көп еді, сондықтан да Ол дұшпандары білмейтін, тыныш жерден бөлме дайындатты.

324. Аяқ жуу

Жохан 13

Құтқарылу асын ішетін кеш те келді. Иса алдын ала дайындалған бөлмеге шәкірттерімен бірге келді. Иса олардың бәрін жақсы білетін. Олардың жүрек түкпіріндегі сырлары Исаға жақсы мәлім болатын. Шәкірттерінің бойындағы жақсы, жаман қасиеттерін біле тұра Ол оларды өте сүйді. Өзін діни қызметкерлер мен парызшылдарға сатып жіберудің оңтайлы сәтін аңдып жүргенін біле тұра, Ол Яһуданы да сүйді.

Шәкірттер бөлмеге кірген кезде азын-аулақ кедергі болып қалды: тамақ алдында әдетте қонақтардың аяғын жуатын, ал мұнда олардың аяғын жуатын ешкім болмады. Әдетте мұны үйдегі ең жасы кіші қызметші жасайтын, ал мұнда ешқандай қызметші болған жоқ – бөлмеде Иса мен шәкірттер ғана болды.

Сонда Иса орнынан тұрып, қол жуғышқа су құйып алып, қолына сүлгі алып, барлық шәкірттерінің аяғын кезекпен жуа бастады. Шәкірттері бұған біраз ұялып та қалды.

Ең соңғы шәкірттің аяғын жуып болып, Иса барлығына арнап былай деді:

– Менің қазіргі істеген ісімнің мәнісін түсініп тұрсыңдар ма? Сендер Мені Ұстаз, Иеміз деп атайсыңдар және солай атағандарың дұрыс, өйткені Мен шынында сендердің Ұстаздарың және Тәңір Иелеріңмін. Бірақ, Мен, Тәңір Иелерің, сендерді сүйемін және сондықтан да бәрін істеуге – тіпті сендердің аяқтарыңды жууға да дайынмын. Қазір Мен сендерге үлгі көрсеттім, Менің істегенімді сендер де кейін басқаларға істейтін болыңдар.

325. Құпия кешкі ас

Жохан 13; Марқа 14

Құтқарылу мейрамындағы асты ішіп, дастархан басында Иса шәкірттерімен әңгімелесіп отырды. Бір кезде бәрі үндемей қалды, үнсіздікті Иса бұзды:

– Араларыңда біреу Маған опасыздық жасайды.

Бұл сөзді естіп шәкірттер шошып қалды. Олар бір-біріне үрке қарасты. Тек Яһуда ғана кім туралы сөз болып жатқанын түсінді. Шәкірттері Исадан оапасыздық жасайтын кім екенін сұрады, алайда Ол Яһуда екенін тура айтпады. Мұның орнына Ол бір үзім нанды алып, Яһудаға ұсынды. Ал Яһуда үшін артқа шегінуге жол жоқ еді, сатқындық жолына түскен ол бастаған ісін аяғына дейін жеткізуге бел буды.

Опасыз сатқынның ойында не барын білген Иса оған:

– Не істегің келсе, соны тезірек істе, – деді.

Исаның нені меңзеп тұрғанын қалған шәкірттері түсінбеді. Олар Иса Яһуданы (ол ортақ қаржыны ұстаушы ғой) кедейлерге садақа беруге жіберіп жатыр деп түсінді. Яһуда бір ауыз сөз айтпастан, орнынан тұрып, шығып кетті.

Яһуда бөлмеден шығып кеткеннен кейін, Иса еврейлердің Құтқарылу мейрамының асын бүкіл мәсіхшіліктің құпиясына айналдырған бір нәрсені жасады.

Ол қолына нанды алып, батасын берді де, оны сындырып шәкірттеріне таратып беріп, былай деді:

– Мынаны жеңдер, бұл – Менің денем.

Содан кейін Ол қолына шарап құйылған тостағанды алып:

– Бұл – Менің көптеген адамдар үшін төгіліп, Жаңа келісімді бекітетін қаным.

Шәкірттер наннан жеп, шараптан ауыз тиді, бірақ Ұстаздың сөздерін аяғына дейін толық түсінбеді. Олар мұның мәнісін толық түсінгенге дейін біраз уақыт өтеді.

Иса дұшпандары көп болғандықтан емес, қайта, достарының арасынан опасыз сатқын шыққандықтан өлтірілді. Оның өлімі кездейсоқ емес, қайта, бүкіл адамзатты құтқарғысы келген Құдайдың жоспарының мызғымас, ең басты бөлігі. Оған сенген әрбір кісі күнәлары кешіріліп, мәңгілік өмірге ие болсын деп Иса айқыштағы өлімге Өз еркімен барды.

326. Шәкірттерімен қоштасу

Марқа 14; Жохан 13; 14; 16

Мейрам асы аяқталғанымен Иса шәкірттерімен әңгімелесіп, бөлмеде ұзақ отырды. Ол шәкірттеріне көп нәрсені түсіндіруі керек еді, олардың кейбіреулері әлі де болса болғалы тұрған жайтты түсінбеді.

– Мен сендерді тастап кетемін, – деді Иса. – Мен бара жатқан жаққа сендер Менімен бірге бара алмайсыңдар.

– Ием, – деді Петір. – Неге мен әдеттегідей Сенің артыңнан ере алмаймын? Мен Сен үшін жанымды беруге әзірмін.

Петірдің сөзіне басқа шәкірттер де қосылды. Ал Иса былай деп жауап берді:

– Мен үшін жанымды беруге әзірмін дейсің бе? Саған шындығын айтайын: осы түні әтеш шақырғанша сен менен үш рет танасың!

– Олай болуы мүмкін емес! – деп қызбалана жауап берді Петір.

Иса сөзін ары қарай жалғастырды:

– Көңілдерің толқымасын және Менімен болатын жайтты көргенде қорықпаңдар. Құдайға сеніңдер және Маған да сеніңдер! Мен өлемін, бірақ қайта тірілемін, және Мен қайта тірілгеннен кейін біз әлі бір-бірімізді Ғалилеяда көретін боламыз.

Мен кеткеннен кейін, зұлым адамдар сендерді қудалайтын болады. Бірақ мұңаймаңдар. Мен сендерді мүлдем тастап кетпеймін. Мен сендерге Жұбатушыны – Киелі Рухты жіберемін. Сендер Оны көре де, ұстай да алмайсыңдар, өйткені Оның Менікі секілді тәні жоқ, бірақ сендерге көмектесіп, жігер беріп жүреді. Ол Мен сендерге үйреткен шындықтарды аяғына дейін түсінулеріңе көмектеседі және Маған әрдайым адал болып қалуларыңа күш береді.

Ал Мен енді Әкеме барамын. Әкемнің үйінде сендерге арнап орын дайындаймын. Жерге қайта келген кезімде сендерді Өзіммен бірге ала кетемін – ал қайда баратынымды және сонда апаратын жолды да білесіңдер.

– Ием! – деді Тома. – Біз Сенің қайда бара жатқаныңды білмейміз де ғой. Онда жолды біз қалай білеміз?

– Жол, шындық және шынайы өмір – Менмін. Мен арқылы болмаса, ешкім де Әкеге бара алмайды. Мені білетін кісі Әкемді де таниды. Сендерді тастап кетіп бара жатып, Мен Өзімнің тыныштығымды сендермен бірге қалдырып кетемін, Менен басқа ешкім де оны сендерге бере алмайды. Маған сенген және Менің тыныштығымды сезінген кісі ешқандай сынақтан абыржымайды да, қорықпайды да.

ИСА ЖАУ ҚОЛЫНДА

327. Гетсиман бағында

Матай 26; Жохан 18

Кешкі астан кейін Иса шәкірттерімен Зәйтүн тауының етегінде орналасқан Гетсиман бағына барды. Ол мұнда бұрын да талай келіп, у-шудан дем алып, ойланып дұға еткен. Шәкірттер бұл жерді жақсы білетін, Яһуда Исқариот та бұл жерді жақсы білді.

Гетсиман бағына келгеннен кейін шәкірттері дем алуға жатты. Олардың үшеуінен – Петір, Жақып пен Жоханнан Иса бірге болуларын өтінді. Оның жүрегінде бір ауырлық бар. Өлгілер сергек болып, Оны жалғыз қалдырмауға уәде берді.

Иса сәл арырақ барып, тізе бүгіп, Құдайға сиына бастады:

– Өке, мүмкін болса мына тостағанды маған жолата көрме мүмкін болса Мені мына ауыр ажалдан құтқара көр. Алайда Менің емес, Сенің еркіңе сай болсын!

Шәкірттері сергек отыруға уәде бергендерімен, ұйықтап қалды. Иса олардың жанына келіп, оларды оятты:

– Ең болмағанда бір сағат Менімен бірге ұйықтамай отыра алмағандарың ба? Азғырылмау үшін сергек болып, сиынып мінәжат етіңдер! – деді де Ол екінші рет шеткері барып сиынды:

– Өке, егер бұл тостаған Маған соқпай өте алмаса, онда Сенің еркің орындалсын!

Иса оралып келгенде шәкірттерінің қайта ұйықтап жатқандарын көрді. Ол оларды тағы да оятты.

– Ояныңдар! Енді уақыт болды Құдай тағайындаған Билеуші күнәкарлардың қолына ұстап беріледі. Міне, Мені ұстап беруші жақындап қалды. Тұрыңдар, соған қарай жүрейік!

Ұйқылы көздерін уқалап орындарынан тұрғанда, шәкірттері зәйтүн ағаштарының арасынан қарулы топтың өздеріне жақындап қалғанын көрді. Олар топтың басында, діни қызметкерлер мен рубасылардың қасында жүрген – Яһуда Исқариотты таныды.

Иса мен шәкірттер естіп қоймасын деп Яһуда діни қызметкерлерге сыбырлап былай деді:

– Кімнің бетінен сүйсем, іздеп жүрген Кісілерің Сол.

Содан кейін ол Исаға жақындап, «Ұстаз, амансыз ба?» – деп бетінен сүйді.

Иса Яһудадан: «Досым, неге келдің?» – деп сұрап та үлгермей жатып – қарулы кісілер Оған жабылып, дәл бір қауіпті қылмыскердей-ақ Оны ұстап алды.

Ашуланып кеткен Петір семсерді суырып алып, Ұстазға көмекке ұмтылды. Семсерді бір-ақ сілтеп ол бас діни қызметкердің малайының құлағын шауып түсірді. Алайда Иса оған:

– Семсеріңді қынабына сал! Семсеріне сенген семсерден өлер, – деді. – Мен қазір Әкемнен сұрасам, Ол Маған дереу он екі әскери бөлімнен астам періштелерін жіберетінін білмеуші ме едің? Ал қазір Мен Өзімді дұшпандарымның қолына беремін, өйткені Әкемнің еркі солай.

Осы сөздерді айтып Иса малайдың құлағына қолын тигізіп еді, оның құлағы жазылып кетті.

Ал ары қарай шәкірттері абыржып, естері шығып Ұстаздарын көздерімен ұзатып салды. Оны әскери сақшылар қарақшы секілді Иерусалимге алып кетті.

328. «Мен Оны танымаймын»

Лұқа 22; Жохан 18

Сөйтіп әскери сақшылар Оны бас діни қызметкер Қаяфаның үйіне алып келді. Түн болатын, бірақ соған қарамастан діни қызметкерлер мен рубасылар Жоғары кеңесті жиып, дереу Исаны соттауға шешім қабылдады. Олар үшін түн ыңғайлы болатын – жұрт ұйқыда және тұтқынның сөзін сөйлейтін ешкім болмайды.

Болған жайттан естерін зорға жиған Петір мен Жохан сақшылар тұтқынға алған Исаның соңынан еріп, Иерусалимге, Қаяфаның үйіне келді. Бас діни қызметкердің малайларының арасында Жоханның таныстары болатын, сондықтан да ол тура аулаға бірден кіріп кетті, ал Петір сыртта күтіп қалып қойды. Біраз уақыттан кейін Жохан шығып, Петірді де аулаға кіргізіп алды. Петір жылыну үшін отқа жақындап, қызметшілердің арасында тұрды. Кенет олардың бірі Петірге тесіле қарап:

– Сен – Оның шәкірттерінің бірісің ғой, – деді.

– Жоқ, мен бұл Кісіні танымаймын, – деді Петір.

Бірақ қызметшілер тыныштала қоймады. Олар Петірден көздерін алмай, өзара қызу дабырласып кетті. Біраз уақыт өткеннен кейін қызметшілердің бірі дауыстап:

– Ол не десе де, сақшылар осында әкелген Кісімен бірге жүрген. Сөйлеген сөзінен-ақ оның ғалилеялық екені көрініп тұр ғой, – деді.

– Не деп тұрғаныңды түсінбеймін, – деп жауап қайтарды Петір. Ол осы сөзді айтып бола салысымен, бір жерден әтеш шақырды.

Сол кезде Петір Ұстазының: «Сен осы түні әтеш шақырғанға дейін үш рет менен танасың» деген сөздерін есіне алды.

Сақшылардың қарауында сотты күтіп тұрған Исаға соңғы рет көз тастады да Петір ауладан жүгіріп шығып кетті. Ол дәл қазір ғана өзі өте жақсы көрген Кісіден бас тартты! Өзін өзі ұстай алмай Петір қатты жылады.

329. Яһуданың ақыры

Матай 27

Исаны дұшпандары ұстап алды, Яһуда Исқариоттың арам ісі осымен аяқталды. Опасыздығы үшін алған ақшасын қалтасына салып алып, енді ол қалаған жағына кетіп, жаңа өмір бастауына болады. Бірақ кенет Яһуда өз ісінің сорақылығын ұғына бастады.

Ол үш жыл бойына Исамен бірге жүрді және сондықтан да Исаның ешқашан ешкімге қиянат, жамандық жасамағанын, Оның ешқандай күнәсі жоқ екенін анық білді. Оның көмегімен Исаны қолдарына түсірген зұлым адамдар енді еш жазықсыз адамды соттап, Ұстазды өлтіруге тырысады.

Осындай ойлармен Яһуда ғибадатханаға барып, сатқандығы үшін отыз күміс теңге төлеген кісілерді тауып алды. Оларға:

– Мен күнә жасадым, ешқандай айыбы жоқ кісіні ұстап бердім, – деді.

Діни қызметкерлер мен рубасылар оған сабырмен:

– Онда біздің шаруамыз жоқ. Кет, біз саған ақыңды төлегенбіз, – деді де үзілген әңгімелерін ары қарай жалғастыра берді.

Яһуда жылап, діни қызметкерлер мен рубасылар төлеген отыз күміс теңгесін беттеріне лақтырып жіберді де, ғибадатханадан шығып кетті.

Яһуда сол түні-ақ жіпке асылып өлді.

330. Иса Пилаттың алдында

Марқа 14; 15; Лұқа 23

Түні бойы Жоғарғы кеңес мүшелері Исаның кінәлі екенін дәлелдеуге тырысты. Олар көптеген куәгерлерді шақырды, алайда олардың жалған куәліктері бір-біріне сәйкес келмей жатты және Исаға өлім жазасын шығаруға лайықты ешқандай айып табылмады.

Сонда бас діни қызметкер алға шығып Исадан:

– Шынымен Сен – Мәсіх, Құдайдың Ұлысың ба? – деп сұрады.

– Иә, – деп жауап берді Иса.

– Міне, – деп қуанып кетті бас діни қызметші. – Бізге тағы қандай куә керек? Оның Құдайды қорлағанын бәрің өз құлақтарыңмен естідіңдер ғой. Таурат заңы бойынша Оны осы үшін өлім жазасына кесуге болады.

Бірақ елде римдіктер билік құрып тұрғандықтан, еврейлер өз еріктерімен ешкімді өлтіре алмайтын еді. Адамға өлім жазасын тек қана Рим патшасының осы аймақтағы өкілі, Яһудеяның прокуроры шығара алатын. Ал сол кезде прокурор Понтий Пилат деген кісі болатын. Сондықтан да діни қызметкерлер мен рубасылар Иса тек еврейлік заң бойынша ғана емес, римдік заң бойынша да өлім жазасына лайықты екеніне Пилаттың көзін жеткізулері керек еді.

Келесі күні ертемен аяқ-қолы бұғауланған Исаны Пилаттың сарайына алып келді.

– Мына кісі халық арасына іріткі салып жүр, – деді діни қызметкерлер мен рубасылар Пилатқа. – Ол еврейлердің Рим патшасына салық төлеуіне тиым салып, өзін Яһудеяның патшасымын деп жүр.

Егер осы айыптаулар расталса, Пилат Исаны жазаға кесуі тиіс. Бірақ Оны тергеген Пилат мына тұрған Кісінің римдік заңның алдында ешқандай айыбы жоқ екенін түсінді.

Бірақ Пилат Исаны тергеп жатқан кезде, оның сарайының қабырғасының түбінде халық: «Ол айқышқа керілсін! Айқышқа керілсін!» деп айқайлап тұрды, оларға мұны діни қызметкерлер мен рубасылар үйретіп қойды.

Ақыры Пилат халық алдына шығып, Исаның ешқандай айыбы жоқ және өлім жазасына лайықсыз екенін айтты.

Алайда тобыр: «Оған Өлім! Ол айқышқа шегеленсін!» деп айқайлауын тоқтатпады.

Сонда Пилат ең соңғы амалды қолданды. Әдет бойынша, Құтқарылу мейрамының қарсаңында өлім жазасына кесілген бір кісіге рақым жасалатын, сөйтіп Пилат еврейлерге Исаға рақым етіп босатып жіберуді ұсынды. Ал олар болса Исаны айқышқа шегелеуді, Оның орнына әрі қарақшы, әрі ұры Бараббаны босатуды талап етті.

Пилат түк істей алмады. Рим заңы бойынша Иса кінәсіз болғанымен, прокурор дүрлігіп тұрған жұртқа қарсы келе бергісі келмеді – халық аузы-мұрнынан шыққан қалада аяқ астынан наразылық басталып кетуі мүмкін.

– Қалауларың болсын, – деді де ол өз сарайына кіріп кетті.

АЙҚЫШҚА ШЕГЕЛЕУ

331. Ғолғотаға барар жолда

Марқа 15

Понтий Пилат халықтың көңілінен шыққысы келіп, олардың талабын орындады. Ол қарақшы Бараббаны бостандыққа шығарып, Исаны римдік жасақшылардың қолына тапсырды.

Қатыгез жасақшылар Исаны әбден қинап қорлады. Олар Исаны қамшымен сабап, содан кейін үстіне қызыл шапан кигізіп қойды – патшалар қызыл түсті киім киетін, ал басына тікеннен өрілген тәж кигізді. Олар: «Яһудеяның патшасы, қуан!» деп айқайлап, Оның алдына патшаның алдында тұрған сияқты тізе бүкті, содан кейін оны шыбықпен сабап, бетіне түкірді.

Өлім жазасын жүзеге асыратын кез жақындап келе жатты. Ол кезде Иерусалим қақпасының сыртында Ғолғота деп аталатын жерде айқышқа керетін. Ғолғота – маңдай төбе дегенді білдіреді.

Қылмыскерлер жазаны жүзеге асыратын үлкен айқыш ағашты өздері көтеріп алып жүрулері тиіс болатын. Римдік жасақшылар осындай айқыш ағашты Исаның иығына да салып берді, бірақ әбден соққы жеп қалжыраған Иса құлап қалды.

Сонда жасақшылар еріп келе жатқан тобырдың ішінен Шимон деген күренелік бір кісіні таңдап алды. Күшті және мығым Шимон Исаның айқыш ағашын өз иығына салып алды.

Ғолғотаға барар жолда Иса мен тағы да екі жазаланушының соңынан шуылдап көп жұрт ілесіп жүрді, олар осы жазаның орындалғанын өз көзімен көргісі келгендер еді. Исаны мазақ етіп, көңілді келе жатқан тобырдың ішінде бірнеше жылап жүрген әйелдер де болды, олар Ұстаздарын соңғы сапарға шығарып салуға келген еді.

332. Айқышта

Марқа 15; Лұқа 23; Жохан 19

Айқышқа шегелену римдіктерде ең ұятты өлім болып саналатын. Қожайынына қарсы бас көтерген құлдар мен жол торыған қарақшылар ғана осындай жазаға кесілетін. Бұл жазаның ұятты болғанымен қоса, ол асқан қатыгездікпен жүзеге асырылатын: жазаланушыны айқыш ағашқа арқасымен жатқызып, қолдары мен аяқтарын оған қадап шегелейтін, ал содан кейін айқышты көтеріп, жерге қазып тұрғызып қоятын. Айқышқа шегеленген кісі жанына батқан аурудан, ыстық пен шөлден қиналып өлетін.

Исаны айқышқа шегелеген күні тағы да екі қарақшы бірге айқышқа шегеленді. Сөйтіп, таңғы сағат тоғызда Ғолғотада үш айқыш тұрды. Иса екі қарақшының ортасындағы айқышқа керіліп тұрды. Оның бас жағына, айқышқа мазақ етіп: «Иса Мәсіх – Яһудея патшасы» деп жазылған тақтайша қағып қойды.

Істерін бітіріп, римдік жасақшылар айқыштың астында отырып, жеребе тастап, жазаланғандардың киімін бөлісті. Өз жауларының өлімін көруге келген діни қызметкерлер мен рубасылар қуаныштарын жасырмады. Олар Исаға:

– Сен жұртты құтқарып жүрдің, ал енді өзінді құтқарып ала ғой, Құдайдың Таңдаулысы, – деді.

Айқышқа керілген қарақшылардың бірі рубасылардың сөзін қайталап:

– Егер Сен шынымен Құтқарушы Мәсіх болсаң, неге Өзінді де, бізді де құтқармайсың? – деп келеке етті. Екінші қарақшы болса оған:

– Құдайдан қорықсаң нетті! Біз екеуіміз әділ жазаланып отырмыз, ал бұл Кісінің еш кінәсі жоқ, – деді. Содан кейін Исаға – Патшалығыңа барған кезде мені есіңізге алыңызшы, Ием, – деп өтінді.

– Саған шындығын айтамын, – бүгін-ақ Менімен бірге жұмақта боласың – деді Иса оған.

Айқыштың түбінде жеңістеріне масайраған Исаның дұшпандары ғана емес, Оның бірнеше шәкірттері және әйелдер де бар еді. Олардың бәрі де жылап тұрды. Олардың арасында Оның анасы – Мәриям да болды. Айқышта тұрып Иса шәкірті Жоханға былай деді:

– Енді осы кісі сенің анаң. Оған қамқор бол – деді. Ал Өзінің анасына:

– Апа, енді Жохан – сіздің ұлыңыз, – деді.

Тал түсте бүкіл жерді қараңғылық басты, ол үш сағатқа созылды – осы кезде Иса бүкіл адамзаттың күнәсы үшін айқышта өліп бара жатып, қатты қиналды.

Ақыры Ол қатты дауыстап: «Енді түгел орындалды!» – деді де, жан тәсілім етті.

Исаның жасырын шәкірттерінің бірі, бай әрі ақсүйек ариматейлық Жүсіп деген кісі Понтий Пилаттан Исаның мәйітін түсіріп алып, арулап жерлеуге рұқсат сұрады. Пилат оған рұқсат берді. Жүсіп бір кезде Исамен тілдесу үшін түн ортасында келген Никөдеммен бірге мәйітті айқыштан түсіріп алып, оны аққа орап, өзінің қабіріне апарып қойды.

ҚАЙТА ТІРІЛУ

333. Иса – тірі!

Жохан 20

Исаның мәйіті жұма күні кешке қабірге қойылды. Сенбі күні еврейлердің ешнәрсе істеуіне болмайтын, тек дұға етуге ғана болады. Бұл күні шәкірттер сүйікті Ұстаздарын жоқтап, қатты жылады.

Жексенбі күні – таң жаңа қылаң беріп келе жатқанда, мағдалалық Мәриям Исаны қойған қабірдің жанында тұрды. Үңгірге жақындағанда ол оның аузын жапқан алып тастың шетке ысырылып қойылғанын көріп таң қалды.

Ол дереу кері жүгіріп келіп, бәрін Петір мен Жоханға айтып берді. Мәриямнің әңгімесін тыңдап болып, олар үңгірге қарай жүгірді. Жохан Петірден жастау болатын, сондықтан ол тезірек алға түсіп жүгіріп кетті.

Ол үңгірге жүгіріп жеткен кезде таң атып, айнала жарық болып қалған еді. Үңгірдің ішіне үңіліп қараған ол Исаны ораған кебіннің жатқанын көрді, ал Оның Өзі жоқ еді. Осы сәтте Жохан Ұстаздарының үйреткендерінің және алдын ала айтқандарының бәрін түсінді. Исаның өлімнен қайта тіріліп кеткенін ол енді анық білді.

Жоханның артынан жүгіріп жеткен Петір де үңгірдің ішіне үңілді, бірақ Исаның мәйітін көрмей, не болғанын ұға алмады.

Үңгірдің бос екеніне көз жеткізген екі шәкірт кері қайтты. Ал Мәриям Исаны жоқтап қайғырып, үңгірдің жанында қалып қойды. Кенет ол үңгірдің бос емес екенін байқады. Үңіле қарап ол Исаның мәйітін қойған жерде екі періште отырғанын көрді.

– Неге жылап тұрсың? – деп сұрады періштелер Мәриямнан.

– Иемді алып кетіпті, енді Оны қай жерден іздеу керегін білмеймін, – деп жауап берді оларға мағдалалық Мәриям.

Кенет ол артынан біреудің аяқ басқан дыбысын естіді. Мәриям оны бағбан шығар деп ойлады. Өлгі кісі одан:

– Кімді іздеп жүрсің? Неге жылап тұрсың? – деп сұрады.

– Егер Оның мәйітін сіз алып кеткен болсаңыз, қай жерге қойғаныңызды айтыңызшы, мен барып Оны алып келейін, – деп жауап берді Мәриям.

Бірақ әлгі кісі оған:

– Мәриям! – деп үн қатты. Мәриям алдында тұрған адамның Иса екенін түсінді.

– Шәкірттеріме барып, Менің Әкеме, яғни сендердің де Әкелеріңе, Өз Құдайыма, яғни сендердің де Құдайларыңа көтерілетінімді айт!

Бұл кезде таң атып, күн жарқырап тұрған. Мәриям шәкірттерге жеткенше асықты және оларға көргенінің бәрін айтып берді. Ол Иелері өлмегенін, Исаның тірі екенін айтты.

334. Еммауcқа барар жолда

Лұқа 24

Мағдалалық Мәриям, Петір мен Жохан Исаның мәйіті қойылған қабірдің бос екенін көрген сол күні Исаның шәкірттерінің екеуі Еммауcқа бара жатты. Жол бойы олар Құтқарылу мейрамы кезінде Иерусалимде болған жайтты әңгімелеп бара жатқан. Қызу әңгімемен жүріп олар өздерін бір бейтаныс кісінің қуып жеткенін байқамай да қалды.

– Не туралы айтып келе жатырсыңдар? Неге сонша мұңайып барасыңдар? – деп сұрады Ол.

Осыдан үш күн бұрын Иерусалимде болған оқиғаны естімеген бірден-бір адам сен боларсың, – деп жауап берді олар оған. – Біздің Ұстазымыз Исаны айқышқа шегеледі. Ал біз Ол Исраилді құтқарады, Ол – Құдай жіберуге уәде еткен Мәсіх деп ойладық.

– Сендер қателескенсіңдер, – деді бейтаныс. – Пайғамбарлардың Мәсіх туралы не айтқанын білмейсіңдер ме? Ишая пайғамбар Оны құрбандыққа шалынған Тоқтыға теңейді емес пе? Құтқарушы Мәсіх Өз күнәсі үшін емес, бүкіл адамзаттың күнәсі үшін өлуі тиіс.

Сөйтіп Еммауcқа жеткенше, жол бойы бейтаныс кісі оларға Көне Өсиетті Мәсіх туралы не айтылғанын түсіндірді. Құдай осылай жоспарлаған деді ол Мәсіх азапталып өлтірілуі және өлімнен қайта тірілуі тиіс. Осылайша Ол зұлымдықты жеңеді.

Жол бойы әңгімелескен олар Еммауcқа жеткендерін де байқамай қалды. Олар бейтанысты жай жібере салмай, кешкі асқа үйлеріне шақырды.

Тамақ үстінде бейтаныс Кісі батасын беріп, нанды үзді. Клеопа бұл қимылды таныды. Бейтаныс Кісінің өлімнен қайта тірілген Иса екеніне еш күмән қалмады.

Бірақ олар түсінген кезде, ғажайып қонақ көзден ғайып болды. Сонда ғана олар жол бойы неге жүректерінде жылу болғанын түсінді, өйткені олармен бірге Иса сөйлесіп келген еді.

Бұл үшеуі дереу Иерусалимге аттанып, қалған шәкірттерге бұл қуанышты хабарды жеткізуге асықты. Бірақ олар да мұны мағдалалық Мәриямнің сөзінен біліп отырған.

Исаның Өзі де осы жерге келді. Ол шәкірттерімен бірге тамақ жеп, Еммауcқа барар жолда Клеопа мен оның жолсеріктеріне айтқандарын оларға да айтып берді.

335. Тома

Жохан 20

Шәкірттердің бірі – Тома осы кереметтер болған кезде Иерусалимде болмаған еді. Қайтып келгенінде, шәкірттер оған: «Иса тірілді! Біз Иеміздің тірі екенін көрдік!» деді. Тома болса оларға:

– Мен Оның қолдарындағы шегелердің орнын көрмесем, саусағыммен шегелердің орнын сипап, римдік жасақшы найзасымен бүйіріне салған жараның тыртығын қолыммен ұстап көрмесем, Оның тірілгеніне еш сенбеймін, - деді.

Бір апта өтті. Жексенбі күні шәкірттер тағы да жиналды, бұл жолы араларында Тома да болды. Үйге ең соңынан кірген шәкірт артынан есікті мықтап жапты. Алайда бекітулі есік Исаның ішке кіруіне бөгет бола алмады.

– Амандық сендерге! – деді Иса.

Осы сөзді айтып болып Ол Томаға былай деді:

– Менің қолыма саусақтарыңды тигізіп қара, алақаныңды бүйіріме қой және сенімсіз болмай, сенетін бол! – деді.

Тома өзінің сенбегеніне қатты ұялып:

– Ием менің, Құдайым менің! – деді.

– Сен Мені көргендіктен маған сеніп тұрсың, – деді сонда Иса оған. – Ал Мені көрмесе де сенетіндер бақытты!

336. «Мені сүйесің бе?»

Жохан 21

Осы оқиғадан кейін Исаның шәкірттері Ғалилеяға үйлеріне оралды. Олар енді қызметіміз аяқталды, күнделікті күнкөріс қамына кірісейік деп ойлады.

– Мен балық аулауға барамын, – деді Петір бір күні кешке. Араларында Жохан, Жақып пен Тома да бар қалған шәкірттер де Петірмен бірге баратындарын айтты.

Сөйтіп шәкірттер қайықтарын сайлап, ауларын алып, балық аулауға кірісті. Олар түні бойы еңбектенгендерімен, ауларына бір де балық ілінбеді. Таң ата әбден қалжыраған олар қайықтарын жағаға бағыттады. Жағалауда оларды бір Кісі күтіп тұрды.

– Көп балық ауладыңдар ма? – деп сұрады Ол балықшылардан.

– Жоқ, ауымызға түк те түспеді – деп жауап берді олар.

– Ауды қайықтың оң жағына тастаңдар, сонда ұстайсыңдар, – деп кеңес берді Бейтаныс.

Балықшылар Оның кеңесін тыңдап, ауларын қайта салып, оны балыққа толтырып тартып алды.

– Мынау Иса ғой, – деді Жохан Оны танып.

Бұл сөзді естіп Петір қайықтан секіріп түсіп, жағаға жүгірді. Қалғандары балыққа толы ауыр ауларын тартып, қайықпен келді.

Иса оттың жанында отыр екен, ал оттың үстінде бірнеше балық жатыр.

– Барып тағы да балық алып кел, – деді Ол қасына келген Петірге. Түні бойына шәкірттерінің әбден қарындары ашқанын Ол білді.

Петір қайта суға түсіп, жолдастарына ауды тартып шығаруға көмектесті. Араларында біреу қанша балық аулағандарын санап көрмекші болды – сөйтсе ауға жүз елу үш үлкен балық түсіпті. Мынадай салмаққа аудың қалай шыдағаны белгісіз!

Шәкірттері оттың айналасына жайғасып, тамақ ішуге кіріскенде Иса Петірден:

– Мені сүйесің бе? – деп сұрады.

– Иә, Сені жақсы көретінімді Өзің де білесің ғой, – деп жауап берді Петір. Ол осыдан біраз бұрын ғана бір түнде Ұстазынан Оны танымаймын деп үш рет бас тартқан еді. Енді Петірдің үш рет Өзінен танғанындай, Иса да үш рет сұрағын қайталады:

– Мені сүйесің бе?

Үш ретінде де Петір:

– Иә, Ием, Сені жақсы көретінімді білесің ғой, – деп жауап берді.

Олай болса Менің саған беретін тапсырмам бар, – деді Иса. – Менің қойларымды бақ, яғни Маған сенгендерге қамқор бол!

ИСАНЫҢ КӨККЕ КӨТЕРІЛІП КЕТУІ

337. Көкке оралу

Елшілердің істері 1

Иса өлімнен қайта тірілгеннен кейін қырық күн бойына шәкірттеріне бірнеше рет көрінді. Ол тек қана Өзінің шәкірттеріне көрініп жүрді, кейде олар бес жүз кісіге дейін жиналатын.

Ол елес емес, тірі еді. Шәкірттері Оған қолын тигізіп, Онымен бірге тамақ ішті. Бірақ Исаның тәні өзгерді. Ол бекітулі тұрған есік арқылы өте алатын және кез келген сәтте көзден ғайып болып немесе аяқ астынан пайда бола кететін.

Осы күндері Ол шәкірттеріне Өзі жер бетінде жүрген кезінде беймәлім болған көп жайттарды аян етті. Ол Көне Өсиеттен Құтқарушының келетіні, Оның азапталып, бүкіл адамзаттың күнәсі үшін өлетіні, ал содан кейін қайта тірілетіні туралы айтылған жерлерді түсіндірді. Яһудилік дін мұғалімдері де Жазбаны мұқият оқитын, бірақ Яһудея Патшасы болып жарияланатын Құтқарушы туралы айтылған аяттарды елемейтін.

Бірде Иса Елеон тауының етегінде шәкірттеріне уағыз айтты.

– Сенің Патша болатын кезің келген жоқ па? – деп үміттеніп сұрады шәкірттері.

Әр нәрсенің мерзімін бір ғана Жаратқан Ие біледі, – деп жауап берді Иса. – Ал сендер Менің тапсырмамды орындауға тиіссіңдер. Мен Өзімнің Әкеме ораламын және енді сендер Мені көрмейсіңдер. Бұдан былай сендер Менің Иерусалимдегі және бүкіл Яһудея, Самария мен басқа да өлкелердегі Менің елшілерім боласыңдар. Күллі халықтарға барыңдар, оларды Менің шәкірттерім етіп, Әкенің, Ұлдың және Киелі Рухтың атынан шомылдырыңдар және сендерге өсиет еткендерімнің бәрін де ұстануға үйретіңдер. Иерусалимнен кетпей, Жоғарыдан берілген күшті қабылдаңдар.

Осы сөздерді айтып болғаннан кейін, Иса шәкірттеріне батасын берді де, олардың көзінше жоғары көтеріліп кетті. Шәкірттері Оның артынан қарап тұрды және бір бұлт Оны көзден таса қылды. Олар аспанға қадала қарап тұрған кезде, кенеттен қастарында ақ киімді екі жігіт пайда болды.

– Неменеге аспанға қарап тұрсыңдар? – деп сұрады олар. – Жаңа қастарыңнан көтеріліп кеткен Иса көз алдарыңнан көкке қалай кетсе, тура солай қайтып келеді.

Шәкірттер Иса бұйырғандай Иерусалимге қайтып оралды. Олар Киелі Рухтың қонуын күтті.

КИЕЛІ РУХТЫҢ ҚОНУЫ

338. Құдай Рухының қонуы

Елшілердің істері 1; 2

Киелі Рухтың қонуын күте жүріп, шәкірттер бірге жиналып дұға етті. Олар бұдан былай Исаның күтпеген жерден пайда бола кетуін күтпейтін, өйткені олай болмасын білді. Бірақ Құдайдың Рухы қонғаннан кейін Иса шәкірттерімен қайтадан бірге болады және оларды байланыстырып тұрған дәнекер бұрынғысынан да тығыз болады.

Құтқарылу мейрамынан кейін жеті апта өткенде еврейлер алғашқы өнім мейрамын тойлайтын. Иерусалимге сенушілер қайтадан толып кетті. Бүкіл Яһудеядан халық осында мейрамға жиналды.

Алғашқы өнім мейрамы күні жексенбіде таңертең Исаның шәкірттері бірге жиналып тұрған кезде бір ғажайып нәрсе болды. Кенет ауада дауыл соққандай шу естіліп, шәкірттер отырған үйді алып кетті. Олардың әрқайсысының үстіне жалындай жалаңдаған отты тілдер қонды.

Алайда олардың көздері көрген бұл жайт оларды баурап алған сезіммен салыстырғанда мардымсыз ғана еді. Бұрын Исадан шығып тұратын жылулық пен күш олардың тұла бойларына енді. Құдайдың Киелі Рухы Исаның айтқанындай оларға қонып, жүректерінен орын алды.

Шәкірттер қуаныштарын тоқтата алмай, дауыстап дұға етіп, Құдайға алғыстарын айтты.

Бұл кезде олар тұрған үйдің айналасына көп адам жиналды. Бір таңғажайыптың болғанын байқап, жұрт не болғанын білуге асықты. Ал шәкірттер сыртқа шыққан кезде жиылғандар одан да бетер қайран қалды, өйткені олар дүниенің төрт бұрышынан келгеніне қарамастан шәкірттер айтып тұрған сөзді еш қиындықсыз түсінді.

– Мыналарға не болған? – деп сұрасты олар өзара. Артта тұрған кейбіреулері еш таңғалмастан-ақ:

– Олар тәтті шарапқа тойып алған ғой, – деді.

Сонда Петір олардың қателесіп тұрғандарын және Исаның шәкірттерінің мас емес екендерін түсіндіруге бел буды.

339. Иса – Тәңір!

Елшілердің істері 2

Петір жан-жақтан қаумалаған жұрттың ортасында тұрды. Шәкірттер оның жанында тұрып, бәрі біртұтас екендерін білдірді.

– Тыңдаңдар! – деді Петір.

– Біз сендер ойлағандай мас емеспіз, – деп сөзін жалғастырды ол. Мен сендерге біздің неге өзгергенімізді айтып берейін. Өздерің білесіңдер: көптеген ғасырлар бұрын Жоел пайғамбар Жаратқан Ие бүкіл адамзаттың үстіне Өзінің Рухын төгеді деп айтқан. Сол сөз бүгін орындалды. Жаратқан Ие бізді Киелі Рухқа кенелтті, мұның нені білдіретінін мен сендерге айтып берейін

Бірнеше апта бұрын, Құтқарылу мейрамы кезінде сендер Назареттік Исаны, талай рет өздеріңе Құдайдың кереметтерін көрсеткен кісіні ұстап алып, айқышқа шегелеп өлтірдіңдер.

Иса адамдардың қолымен өлтірілгенімен, бұл – Құдайдың жоспарына сай еді, өйткені Ол азапталып өлуі тиіс болатын. Ол өлімге лайықты болғандығынан емес, бізді күнәларымыздан ақтау үшін өлді.

Бірақ Құдай Оны қабірде қалдырып қойған жоқ, қайта, Оны өлімнен тірілтті. Израил халқы, біліп қой, сендер айқышқа шегелеп өлтірген Исаны Құдай Иеміз және Құтқарушымыз етті.

Петір сөзін аяқтаған кезде халықтың денесі түршікті. Егер оның айтқандары рас болса, онда олардың әрқайсының ауыр қылмыс жасағандары ғой. Жаратқан Иенің тағайындаған Құтқарушысын өлтіруді талап еткен олар ғой. Олар өз күнәларына өкінді.

– Біз енді не істеуіміз керек? – деп сұрады олар.

Теріс жолдарыңнан қайтып, күнәларың кешірілуі үшін Иса Мәсіхтің атынан суға шомылдыру рәсімінен өтіңдер, – деді оларға Петір. – Жаратқан Ие сендерді кешіреді және Одан сыйға Киелі Рухты қабылдайсыңдар.

Жұрт Петірдің айтқанын істеуге асықты. Бұл күні Исаның шәкірттерінің қатарына үш мыңдай адам қосылды. Олар бір-бірімен сөйлесіп, өзара қарым-қатынаста болып, елшілерден Исаға еруді үйрене жүріп, бірге ішіп-жеп, бірге дұға етті.

ЖАС ҚАУЫМ

340. Куәгерлер

Елшілердің істері 3; 4

Бірде Петір мен Жохан дұға ету үшін ғибадатханаға кіріп бара жатып, қайыр сұрап отырған мүсәпір кісіні көрді.

Ол ғибадатхананың Көрікті қақпасының алдында отыратын сал кісі болатын. Ол сал болып туған және оны күнде осында көтеріп әкеліп, қайыр сұрауға отырғызып қоятын.

Петір мен Жохан оның жанына тоқтады, сал адам оларға үміттеніп қарады.

– Менің алтыным да, күмісім де жоқ, – деді Петір. – Бірақ барымды саған бермекшімін: Иса Мәсіхтің атынан айтамын, орныңнан тұр да жүріп кет!

Петір қолын созды, сал кісі орнынан тұрды және аяқтарының нық тұрғанын сезді. Қуанғанынан секіріп ол Петір мен Жоханға ілесіп ғибадатхананың ауласына кірді.

Әлгі кісінің сал екенін білетіндер оны көргенде оларды жан-жағынан қаумалап алды.

– Неге бізге қарайсыңдар? – деді Петір. – Кереметті жасаған біз емес, оны сауықтырған – Иса. Исаға деген сенімі оны құтқарды.

Діни қызметкерлер мен рубасылар бұл сөзді естіді және көп ұзамай-ақ жасақшылар Петір мен Жоханды тұтқындап, Жоғарғы кеңестің бұйрығына сай түрмеге жапты.

Келесі күні олар тергелді.

– Сендер мұны қандай күшпен, кімнің атымен жасадыңдар? – деп сұрады олардан кеңес мүшелері.

– Бұл кісі Исаның күшімен сауықты, – деп жауап берді Петір. – Исаны сендер айқышқа кертіндер, ал Жаратқан Ие Оны өлімнен қайта тірілтіп алды. Өйткені аспан астында адамдарды құтқаратын басқа біреу жоқ.

Қарапайым балықшылардың мынадай сөздеріне рубасылар қайран қалды. Сондай-ақ Петір мен Жоханның Исамен бірге болғанын олар білді, сондықтан оларға қарсы келе алмады, өйткені ауруынан айыққан кісі алдарында тұрды.

– Бұдан былай Иса туралы уағыз айтушы болмаңдар, – деп талап етті рубасылар.

Ал жауап ретінде Петір:

– Құдайдың емес, сендердің сөздеріңді тыңдағанымыз Құдай алдында дұрыс болар ма екен, өздерің ойланып көріңдер. Біз Иса туралы айтпай тұра алмаймыз және әрбір сөзімізде Ол жайлы куәлік береміз, – деді.

341. Құдайды алдаған ерлі-зайыптылар

Елшілердің істері 5

Иса туралы Ізгі хабарға сенген адамдардың саны күннен күнге арта берді. Адамдар Оның шәкірттері туралы ең әділ кісілер деп айтып жүрді. Олар бір-бірін сүйді және қолда барларын өзара бөлісті. Ал кейбір бай кісілер жерлерін сатып, теңдей бөлсін деп елшілерге әкеліп берді.

Анани деген кісі мен оның әйелі Зәпира да солай етпекші болды.

– Дегенмен бүкіл ақшамыздан айрылғанымыз аянышты-ақ, – деп қайғырды Анани. – Өйткені Петір біздің осы жерді қаншаға сатқанымызды ешқашан білмейді де ғой. Кел, біразын өзімізге алып қалайық.

Зәпира келісті.

Анани ақшаны Петірге берді, ал Петір болса бәрін біліп отырды.

– Анани, – деді Петір қатқыл дауыспен, – неге мені алдамақшысың? Жеріңді сатып, бүкіл ақшанды бізге беруге сені ешкім зорлаған жоқ қой. Бірақ сен өзің жомарт болып көрінгің келді. Өзіңде бардың бәрін Құдайға беріп жатқандай сыңай танытқың келді, бірақ өзіңе біразын алып қалдың. Сен адамдарды емес, Құдайды алдадың ғой!

Анани осы сөздерді естісімен құлап түсіп, жан тәсілім етті. Сол жерде тұрған кісілер оның мәйітін кебінге орап алып шығып, қабірге қойды.

Арада үш сағат өткеннен кейін, күйеуіне не болғанын білуге Зәпира келді.

Ананидің берген ақшасын Петір қолында ұстап тұрып:

– Зәпира, айтшы, сендер жерді осы бағаға саттыңдар ма? – деп сұрады.

– Иә, – деп ұялмастан өтірік айтты Зәпира.

– Қалайша сендер Құдайды алдамақшысыңдар? – деді Петір. – Адамдардың аяқ басқан дыбысын естіп тұрсың ба? Бұлар сенің күйеуіңді қабірге қойып келе жатқан жігіттер. Қазір олар сені алып кетеді.

Зәресі ұшқан әйел Петірдің аяғына құлап түсіп, жан тапсырды.

Бұл жайт халық арасына лезде тарап кетті. Құдай Рухының сыйы тек қуаныш әкеліп қана қоймай, мойынсұну мен Құдай өсиеттерін орындауды да талап ететіні әркімге түсінікті болды.

342 Ержүрек Степан

Елшілердің істері 6; 7

Елшілер Иерусалимде уағыз айтуларын жалғастыра берді, ал шәкірттер саны күн асқан сайын арта берді. Олар әрбір адамды қуанышпен қабылдап, оның мұң-мұқтаждықтарына көмектесуге тырысты. Алайда осы қам-қарекеттер елшілердің көп уақыттарын алды, олардың Иса тапсырғандай уағыз айтып, дұға етуге уақыттары аз еді. Сонда олар орталарынан жеті жігітті таңдап, оларға жесірлер мен кәріп-кәстерлердің арасында мүлік бөліп беруді тапсырды.

Степан сол жетеудің бірі болды. Ол Исаның шынайы Мәсіх екенін дәлелдегенде оның даналығына бірде бір дін мұғалімі қарсы тұра алмайтын. Осылайша Исаны жек көретін яһудилердің арасында оның жаулары тез арада көбейіп шыға келді. Олар Степанға өтірік жала жауып, оны ұстап алып, Жоғарғы кеңестің алдына алып келді.

Діни қызметкерлер Степанның барлық «қылмыстарын» тізіп шықты, бірақ ол айыптаушыларының көзіне тайсалмай тіке қарады, ал оның жүзінен мейірім төгіліп, періштенікі секілді жүзі нұрланып кетті.

Степанның сөйлейтін кезегі келді:

– Ата-бабаларың пайғамбарлардың қайсысын қудаламап еді? Ал Сендер Құдайдың Өз Ұлы Исадан да бас тартып, Оны өлтірдіңдер!

Бұл сөздерді естігенде Жоғарғы кеңес мүшелері қатты ашуланып кетті. Олар Степанға тістерін қайрап, сес көрсетті.

– Міне, ғажап, мен көктің ашылғанын және Құдайдың оң жағында тұрған Исаны көріп тұрмын! – деді Степан қуанып.

Ыза болған рубасылар мен дін мұғалімдері Степанға лап қойып, оны ұстап алып, қаланың сыртына алып шығып, таспен атқылады. Олардың тастары тип Степан тізерлей құлады.

– Ием Иса, Рухымды Өзіңе ала гөр! – деп дұға етті ол.

Ал жан тапсырардың алдында Степан:

– Ием, олардың бұл күнәсын кешіре гөр, – деді.

343. Эфиопиялық уәзірдің шомылдыру рәсімінен өтуі

Елшілердің істері 8

Степанды таспен атқылап өлтірген күннен бастап, Исаның барлық шәкірттерін қудалау басталды. Мұны бастаған Саул болатын. Степанның өлімі оның көз алдында жүзеге асырылған-ды. Жаңа ілім мен оны жақтаушыларды бар ынтасымен қудалағаны Құдайға ұнамды болады деп ойлады ол. Исаның шәкірттері жиналып отырған үйлерге бұзып-жарып кіріп, оларды жасақшыларға ұстап беріп жүрді. Шәкірттердің көпшілігі Иерусалимнен қашып, тарап кетті. Бірақ олар қайда барса да, Иса туралы Ізгі хабарды жариялап жүрді.

Степанның жақын достарының бірі Філіп Самарияға келіп, сондағы қалалардың бірінде уағыз айтып жүрді. Бір күні Жаратқан Ие Філіпке қаладан шығып, елсіз жаққа қарай баруды бұйырды. Жолда оған бір кісі кездесті. Ол Эфиопияның әйел патшасының барлық қазынасын басқаратын уәзірі еді. Ол күймесімен осы жолмен кетіп бара жатқан.

Уәзір біреулерден шынайы Құдай жайлы естіп, Оған табыну үшін Иерусалимге барған еді. Ал қазір ол үйіне қайтып бара жатты және Жазбаның бір орамын оқып барады.

– Күймеге жақындап, онымен сөйлес, – деп бұйырды Жаратқан Ие Філіпке.

Філіп күймеге қарай асықты.

– Оқығаныңыз түсінікті ме? – деп сұрады ол уәзірден.

– Біреу түсіндірмесе, қалай түсінемін?! – деп жауап берді уәзір. – Күймеге мініп, маған түсіндіріңізші.

Філіп оның қасына отырды.

Эфиопиялық уәзір Ишая пайғамбардың жазбасын оқып отыр екен. Мұнда пайғамбар құрбандыққа шалынған тоқты секілді өлімге басын тігетін Жаратқан Иенің Қызметшісі туралы айтқан.

– Пайғамбар осы сөздерді өзі туралы айтып тұр ма? – деп сұрады эфиопиялық уәзір.

– Жоқ, – деді Філіп. – Ол Құдайдың адал Қызметшісі және Оның Ұлы Иса туралы айтып тұр. Иса біздің күнеларымыз үшін құрбан болды.

Сөйтіп Філіп Иса туралы Ізгі хабар айтуын жалғастырды.

Эфиопиялықтың көзі жайнап кетті.

– Маған шомылдыру рәсімінен өтуге бола ма? – деп сұрады ол. – Иса Мәсіхтің Құдайдың Ұлы екеніне шын жүрегіммен сенемін және Оның артынан ергім келеді.

Жолда осылай келе жатып олар бір суға тап болды. Күйме тоқтап, екеуі суға түсті. Філіп сол жерде эфиопиялық кісіні шомылдыру рәсімінен өткізді. Содан кейін әрқайсысы өз жөнімен кетті. Қуанған эфиопиялық уәзір өз отанында Иса туралы қалай айтып беретінін ойлап сапарын ары қарай жалғастырды.

ПАУЫЛДЫҢ ТЕРІС ЖОЛДАН ҚАЙТУЫ

344. Дамаскіге барар жолда

Елшілердің істері 9

Саул римдік Кілкия аймағындағы Тарс қаласында дүниеге келді. Ол көзі ашық, сауатты кісі болды және грек, латын тілдерін жетік білді. Туған қаласында Саулды римше Паул деп атады, себебі оның отбасының мүшелері римнің азаматтығына ие болды.

Бірақ Саул бәрінен де өзінің парызы екенін мақтан тұтты. Ол Иерусалимде әйгілі бір яһудилік заң мұғалімінен тәлім алған. Және бұл жігіт бар күш-қайратын Иса туралы жаңа ілімнің тамырына балта шауып, оның көзін жоюға жұмсауы керектігіне сенімі кәміл болды.

Арагідік ол таспен атқылап өлтірілген Степанды, оның жүзінен төгіліп тұрған мейірім мен сенімді еске алатын. Бұл ойлардан құтылу үшін ол Исаның ізбасарларын бұрынғысынан да бетер қаскөйлікпен қудалауға кірісті. Олар Иерусалимнен қашып кеткендіктен, Саул олардың соңына түсуі керек еді.

Саул бас діни қызметкерге хат жаздырып алып, Дамаскіге аттанды. Хатта оған Исаның жолын қуушыларды ұстауға және оларды соттау үшін Иерусалимге алып келуге құқық берілгені жайлы айтылған. Оның қасында қарулы жасақшылары болды.

Жолаушылар алты күн жол жүргеннен кейін, ақыры алыстан мұнартып Дамаскінің сұлбасы да көрінді-ау.

Кенет талтүсте күннің көзі аздап көмескіленіп, айналаға бір жарық нұрын шашып жіберді. Саул әлгі жарық нұрға қарай алмай жерге құлап түсті.

Ол өзіне сөйлеген дауысты естіді:

– Саул, неге Мені қудалайсың?

– Сен кімсің, Ием? – деп сұрады Саулдың зәресі ұшып, айналада не болып жатқанын түсінбей.

– Мен сен қудалап жүрген Исамын, - деген жауап естілді.

– Ием, маған не істеуді бұйырасың? – деп сұрады дірілдеп Саул.

– Тұр да қалаға бар. Не істеуге тиіс екенің саған сол жерде айтылады, – деп жауап берді Иса.

Саул орнынан тұрды, көзін ашқанда, еш нәрсе көре алмады. Жарқыраған нұрдан қарығып оның көзі көрмей қалған еді.

345. Сенуші

Елшілердің істері 9

Саулмен бірге болған кісілер жарық нұрды көрді, бірақ Саулмен Кімнің сөйлескенін көрген жоқ және Оның сөздерін түсінген де жоқ. Ал Саулдың сүрініп-қабынып жүре алмай жатқанын көргенде, оның көзі көрмей қалғанын түсініп, қолынан жетелеп, Дамаскіге алып келді. Сол жерде Саул үш күн бойына дұға етіп, өзі көрген аяны жайлы ойланды. Ол тамақ та ішіп-жемеді.

Дамаскіде Анани есімді Исаның жолын қуушы бір кісі бар болатын. Иеміз соған аян беріп:

– Тұр, Түзу даңғыл деп аталатын көшеге бар, сол жерде Яһуданың үйінен тарстық Саул деген кісіні сұра. Ол сені күтіп отыр, – деді.

– Ием! – деп қарсылық білдірді Анани. – Саул – біздің қас дұшпанымыз. Ол мұнда бізді тұтқындау үшін келген ғой.

– Енді ол Менің қызметшім болды, – деп жауап берді Иса, – өйткені Мен оны басқа ұлттарға Менің атымды жариялау үшін таңдап алдым.

Үйге кіріп, Анани Саулға жақындады, оған қолын тигізіп, былай деді:

– Бауырласым Саул, Сенімен жолда келе жатқаныңда сөйлескен Иеміз Иса көзің қайтадан көрсін және сен Киелі Рухқа кенелсін деп мені жіберді.

Сол сәтте-ақ ол көзіндегі пердені алып тастағандай көре бастады. Анани оны шомылдыру рәсімінен өткізді. Содан кейін Саул тамақ ішіп, әлденді.

Саул Дамаскіде қалып, мәжілісханаларда Иса туралы уағыз айта бастады. Оның бойында болған өзгеріске еврейлер қатты қайран қалысты. Бұрын Саулдың одақтастары және достары болғандар енді оның қас жауларына айналды. Олар қалай болғанда да Саулдың аузын жауып, оны өлтіруге уағдаласты

Олар Саулды ұстап алу үшін күні-түні қала қақпасын аңдыды. Алайда достары Саулды түн ішінде көрзеңкеге салып, қаланы қоршаған дуалдан сыртқа түсіріп жіберді де, оны жауларының қолына түсуден аман алып қалды.

ПЕТИР

346. Табита

Елшілердің істері 9

Саул Құдайға бет бұрғаннан кейін Қауымда тыныштық орнады. Қауым өсіп, нығая берді. Петір Иерусалимде қалып, қала маңайындағы ауылдарды аралап, уағыз айтып, жас сенушілерге көмектесіп жүрді. Исаның тапсырғанындай ол Оның қойларын бағып жүрді.

Петір Лиддада болған кезінде оған Иоппе қаласынан екі кісі келді. Иоппе сол жерден алыс емес болатын.

– Тезірек бізбен жүріңізші, – деп өтінді әлгілер.

Петір ойланып жатпастан оларға ілесіп, жол бойы олардың әңгімесін тыңдады. Сөйтсе, Иоппеде Исаның шәкірттерінің бірі – Табита қайтыс болыпты. Петір Табитаның үйінің жанына келгенде, жылау мен жоқтауды естіді. Ол Табитаның мәйіті жатқан бөлмеге көтерілді. Сол жерде Петірді жесір әйелдер қоршап алып, оған Табитаның жасаған жақсылықтарын айта бастады.

– Қарашы, – деді олардың бірі. – Мыныны маған Табита тігіп берген. – Ол өзінің әдемі қызыл көйлегін көрсетті. Басқалары да өздерінің әдемі киімдерін көрсете бастады. Тәбита шебер тігінші болатын және қолынан келгенінше Құдайға қызмет етті. Ол кедейшіліктен киім сатып алуға шамасы келмейтіндерге киім тігіп беретін.

Петірдің көзі айнала қоршап тұрған әйелдерден ауып, төсектің үстінде қимылсыз жатқан Тәбитаның мәйітіне түсті.

Біраз кідіріп барып ол:

– Барыңдар, мені жалғыз қалдырыңдар. Мен дұға етемін, – деді.

Жесір әйелдер ақырын басып шығып кетті, Петір есікті ішінен жауып алды. Ол тізесін бүгіп отырып, дұға ете бастады, ал содан кейін өлі денеге қарап:

– Тәбита, тұр орныңнан! – деп бұйырды.

Тәбита көзін ашып, Петірді көрді және орнынан тұрып отырды. Петір оған қолын созып, абайлап орнынан тұрғызды. Бөлмеге кіргендер қуанып, Тәбитаға ұмтылды.

Көп ұзамай-ақ өлімнен қайта тірілген Тәбита туралы хабар бүкіл Иоппеге тарап кетті және Исаның атынан істеген Петірдің кереметін біліп, көп кісілер Исаға сенді.

347. Мата бетіндегі жануарлар

Елшілердің істері 10

Петір Иоппеді қалып, Шимон деген тері илеушінің үйінде тұрып жатты. Шимонның үйі теңіздің жағасында орналасқан болатын. Тері илеушінің үйінде тұру үшін батылдық керек болатын, өйткені көптеген яһудилер тері илеушілерді «арам» деп есептейтін, өйткені олар өлген малдың терісімен жұмыс істейді емес пе?!

Исаның тәлімі Петірдің есінде. Адам арам деп саналатын нәрсені ұстағанына немесе жегеніне бола Құдайдың алдында арам болмайды деп үйреткен Иса. Егер ойы мен ниеті түзу болса, демек адам адал.

Сондай-ақ Петір мен басқа елшілер де Иса тек қана яһудилердің, Құдайдың таңдаулы халқының Патшасы болу үшін келді деп ойлап жүрді.

Бірде Петір қарны ашқанын сезді. Тамақ әзір болғанша, ол үйдің төбесіне шығып, дұға етті. Алдында көкпеңбек теңіз созылып жатыр, күн сәулесі су бетінде жалт-жұлт етіп ойнайды, алыстан балықшылардың қайығы көрінеді. Жөкеден жасалған қалқан оны күннің қызуынан қорғады, аптап ыстық, күн айналып жерге түскендей. Петірдің көзі ілініп кетті.

Түсінде Петір аян көрді. Ол алдында төрт бұрышынан байланып қойылған үлкен матаны көрді. Матаның үстінде әртүрлі жабайы аңдар, құстар, жыландар, – еврей заңы тамаққа қолдануға тиым салғандардың бәрі бар.

Бір дауыс оған:

– Тұр, Петір, біреуін сойып же, – деді.

– Жоқ, Ием! – деді Петір. – Мен ешқашан арам тамақ жеген емеспін.

– Құдай тазартқанды сен арам деп айтпа! – деп бұйырды әлгі дауыс.

Осылайша үш рет қайталанды. Содан кейін мата қайтадан көкке көтеріліп кетті де, Петір ояны. Ол бұл аянның нені білдіретіні жайлы ойға қалды. Құдай оған маңызды бір жайтты түсіндіргісі келгені анық еді.

Осы кезде ол қақпа алдында үш кісінің тұрғанын байқады.

– Мұнда Петір деген кісі бар ма? – деп сұрады әлгілер.

Құдай Рухы Петірге:

– Мына үш кісі сені іздеп жүр. Солармен бірге бар және еш күмәнің болмасын, оларды жіберген Менмін, – деді.

Петір баспалдақтармен секіріп түсіп, тез-тез олардың қасына келіп:

– Сендер іздеп жүрген кісі менмін, – деді.

Сонда ол әлгі үшеуінің де басқа ұлт адамдары екенін, бұл аздай біреуі римдік жасақшы екенін көрді.

348. Римдік жүзбасы

Елшілердің істері 10; 11

Корнел римдік әскер бөлімінің жүзбасы еді. Оның әскері Кесарияда орналасқан болатын. Яһудеяға келіп ол шынайы Құдай туралы білді. Сол кезден бастап Корнел мен оның үй-іші Исаға сиынып мінәжат етіп жүретін.

Петір аян көрген күні Корнелге де Құдайдың періштесі көрінді:

– Сенің дұғаларың Құдайдың құлағына жетіп, Ол сенің әділдігіңді көрді, – деді періште.
– Иоппеге, тері илеуші Шимонның үйінде тұрып жатқан Петір есімді кісіге адамдарыңды жібер. Ол сені көп нәрсеге үйретеді.

Корнел дереу өзінің адал жауынгері мен екі қызметшісін Петірге жіберді. Шимонның үйінің қақпасының алдына келіп тұрған үшеу осылар еді.

Яһудилер ешқашан басқа ұлт адамдарын үйлеріне кіргізбейтін, өйткені оларды арам деп есептейтін. Алайда Петір әлгілердің үшеуін де түнеп шығуға үйге кіргізді. Келесі күні олар жолға шықты. Өзі көрген аянының нені білдіретінін Петір енді түсінді. Құдайдың көз алдында басқа ұлт адамдары арам болып көрінбейтін. Ол Өз Патшалығына яһудилермен қатар оларды да қабылдауға дайын еді.

Корнелдің үйіне көп адам жиналды, олар Петірді қоршап алып, оның әрбір сөзін қалт жібермей тыңдады. Иса туралы Ізгі хабарды қуанышпен қабылдап, олар бар жүректерімен Оған сенді. Петір әлі сөйлеп тұрған кезде оларға Киелі Рух қонды. Сабантой мейрамы күні шәкірттермен болғандай бұл адамдарды да қуаныш кернеп, олар мадақтау әндерін айта бастады. Сонда Петір оларды қуана-қуана шомылдыру рәсімінен өткізді.

Иерусалимге оралған ол өзінің көрген аяны мен Корнелдің үйінде болған жайтты сенуші яһудилерге айтып берді.

– Құдайға шүкір, – деп қуанысты олар. – Ол енді басқа ұлт адамдарын да құтқарып жатыр!

Кейбір шәкірттер Иерусалимнен кетіп, Сирияның үлкен қаласы Антақияға баруға бел буды. Сол жерде олар Ізгі хабарды уағыздап, көптеген басқа ұлт адамдары Исаға сенді. Антақияда сенушілер бірінші рет, мәсіхшілер, яғни Мәсіхтің жолын қуушылар деп атала бастады.

349. Түрменің есігі ашылып кетуі

Елшілердің істері 12

Исаға сенушілердің бейбіт өмірі ұзаққа созылған жоқ. Римдіктер Яһудеяны басқаруға Ирод Агриппа патшаны тағайындады, Ол – Иса туылған кезде Бетлехемде дүниеге келген нәрестелердің бәрін өлтіруге бұйрық берген Ұлы Ирод патшаның немересі болатын.

Ирод Агриппа патша Исаға сенушілерді қудалау арқылы яһудилік рубасылардың оң қабағына ілінуді ойлады. Ол он екі шәкірттің бірі Жақыпты өлтіртті, Петірді түрмеге жаптырды. Құтқарылу мейрамы өте салысымен Ирод Петірдің басын шапқызбақшы болды.

Петірді күні-түні көз жазбай күзетті. Аяқ-қолы кісендеулі ол екі жасақшының ортасында жататын, түрменің есігінің аузында да күзетші тұратын.

Петірді өлтіретін күннің алдында Иерусалимдегі мәсіхшілер Мәриям атты Иеміздің жолын қуушының үйінде жиналып, дұға етті.

Аяқ-қолын қысқан кісенге қарамастан сол түні Петір қатты ұйықтап кетті. Кенет оның алдында Жаратқан Иенің періштесі пайда бола кетті, оның нұры бүкіл түрменің ішін жарқыратып жіберді. Періште ақырын Петірдің бүйірінен түртіп, оны оятып алды да, былай деді:

– Тезірек тұр да, белбеуіңді буынып, аяқ киіміңді ки!

Петірдің қолдарындағы кісендері сыпырылып түсіп қалды. Ол түс көріп жатқан сияқты, періштенің айтқанын істеп, бірінші және екінші қарауылдан байқаусыз өтіп, сыртқы қақпаның алдына келді. Темір қақпа өзінен өзі ашылып кетті, Петір әлі де түс көріп жатыр екенмін деп ойлады. Аман-есен түрменің сыртына шыққан ол көшемен кете берді, ал қонағы оның қасынан ғайып болды.

Петір өз өзіне келгеннен соң, мұның түсі емес, өңі екенін түсінді, Жаратқан Ие оны шынында да құтқарып алып шықты. Ол абайлап Мәриямның үйіне келіп, есікті қақты.

Рода деген қызметші қыз есікті ашуға шығып, Петірдің дауысын танып, есікті ашпай, қайтып келіп, үйдегілерге Петірдің келіп тұрғанын хабарлады.

– Петір келіп тұр! – деді ол, бірақ оған ешкім сенбеді.

Петір есікті қайта қақты, сонда басқа біреу барып есікті ашты. Үндемеңдер деп саусағын аузына басып белгі берді де, Петір Жаратқан Ие өзін түрмеден қалай босатқанын айтып берді. Осы хабарды Петір басқа да мәсіхшілерге жеткізуді тапсырды.

ПАУЫЛ

350. «Тәңірлер бізге көктен түсті»

Елшілердің істері 13; 14

Антақиядағы қауым өсіп-өркендеп жатты. Енді римдік Пауыл деген атымен аталып жүрген Саул мен Барнаба жас мәсіхшілерге тәлім беріп Антақияда тұрып жатқандарына бір жыл болған. Мәсіхшілер бірлесіп дұға етіп, ораза тұтты, ақыры Жаратқан Ие Пауыл мен Барнабаға Антақиядан кетіп, Ізгі хабарды басқа да жерлерге таратуға бұйрық берді.

Алда қандай ауыр қиындықтар күтіп тұрғанын олар түсінді. Жерде де, суда да оларды қауіп-қатер күтіп тұрды. Олар тау-тастар арқылы жүріп, қалаларда ашулы топтармен бетпе-бет келулеріне, далаларда қарақшылардың торуларына тап келулеріне тура келді. Бірақ оларға жолға шығуды бұйырған Жаратқан Ие өздерімен әрдайым бірге болатынына сенді.

Олар теңіз арқылы өтіп, Барнабаның отаны ғажайып арал Кипрде уағыз айтты. Содан кейін қазір Түркия орналасқан құрлыққа қарай жүзді.

Қандай қалаға келмесін, Пауыл алдымен мәжілісхана тауып алып, сол жерде дұға ететін. Мұнда ол Көне Өсиетті білетін кісілермен кездесетін және оларға Пауылдың Мәсіх Иса туралы уағыздары түсінікті болатын.

Көптеген яһудилер елшілерді тыңдағысы келмей, оларды қуатын. Сонда олар басқа ұлт адамдарына уағыздады, ал яһудилер одан да бетер ашуланатын. Пауыл мен Барнабаның талай рет қорқытып-үркітулерді естуіне және таяқ жеулеріне де тура келді.

Ақыры олар Лүстра деген жерге келді, мұнда шынайы Құдайды көп кісі біле бермейтін. Ізгі хабар таратқанда Пауыл халыққа түсінікті болсын деп қарапайым тілмен сөйлейтін. Ол сал болып туған кісіні сауықтырған кезде жұрт дүрлігіп кетті. Адамдар келген кісілер түсінбейтін өз тілдерінде бір нәрсе жайлы айтысып кетті.

Кенет олар көне грек құдайы Зевстің діни қызметкерлерінің гүлдестелер мен құрбандыққа шалатын бұқа алып келе жатқанын көрді.

– Тәңірлер адам кейпіне еніп, бізге көктен түсті! – деп қуаны айқайласты олар, сөйтіп Барнабаны Зевс, ал Пауылды Гермес деп атады, өйткені олар Пауылдың сөйлегенін естіді, Гермес сөйлеушілердің желеп-жебеушісі деп саналатын.

– Тоқтаңдар! – деп айқай салды Паул. – Біз де сендер сияқты қарапайым пенделерміз және сендер Тірі Құдайға бет бұрсын деп Ізгі хабар таратып жүрміз!

Ақыры ол құрбандық шалмай, халықты үйді-үйіне тарауға көндірді.

Көптеген қызықты оқиғаларды бастан кешіріп, елшілер кері қайтты және олар әр қалада жас мәсіхшілерге көмектесе жүрді. Олардың арасынан жас қауымға жетекшілер тағайындады. Олардың үлкен және әдемі ғимараттары болмағанымен, оларды байланыстырып тұрған басқа бір аса маңызды нәрсе болды, ол Мәсіхке деген және өзара сүйіспеншіліктері еді.

351. Македонияда

Елшілердің істері 15; 16

Жаратқан Иенің тапсырмасын орындап Пауыл мен Барнаба Антақияға қайтып оралғанша, арада үш жыл өтті. Бірақ көп өтпей Пауыл өздері арттарында қалдырып кеткен жас мәсіхшілердің жағдайын уайымдай бастады. Ол соларға кері оралғысы, ал кейін жаңа сапарларға шыққысы келді. Егер барлық сауда–саттық қалаларында уағыздайтын болса, Ізгі хабарды сонда келіп–кетіп жатқан адамдардың бәрі естиді және Ізгі хабар оның өзі ешқашан бара алмайтын жерлерге дейін жететін болады деп ойлады Пауыл.

Пауыл екінші сапарына Сыйласты ертіп шықты. Барлық жаңа қауымдарды аралап шыққан олар Жаратқан Ие қайда баратындарын жоспарлап қойғанын білмей-ақ сапарларын жалғастырды.

Олар көне қала Трояға жақын жерде орналасқан Троадада болған кездерінде, Пауыл ұйықтап жатқанда, түсінде бір кісі оған:

– Македонияға келіп, бізге көмектесіңдерші! – деп өтінді.

Таңертең достар мұның Құдайдың берген аяны екенін түсінді де, Македонияға келді. Сол жерде оларға Лұқа есімді дәрігер қосылды, кейін Лұқа Елшілердің істері кітабы мен төрт Інжілдің біреуін жазды.

Елшілер келген бірінші қала Філіпіде мәжілісхана болмады. Жағалауда олар дұға етіп тұрған кісілерді көріп, солардың қасына жақындады.

Пауыл оларға Иса туралы айтты және Лүдия деген бір әйел жаңа сенімді қабылдады. Ол елшілерді өз үйіне қонақ болуға шақырды, сөйтіп олар Філіпіде болған кездерінің бәрінде оның үйінде тұрды.

Пауыл мен жолдастары күн сайын Лүдияның үйінен қалаға шыққан кезде, олардың соңынан бір әйел қалмай жүретін. Ол сәуегей қыз болатын және сонысымен қожайынына мол табыс әкеледі екен.

Пауылдың артынан қалмай жүріп, әлгі қыз:

– Мына кісілер – Құдай Тағаланың құлдары, олар бізге құтқарылу жолын уағыздап жүр! – айқайлап жүрді.

Пауылдың айқайлауды доғар деген өтінішіне ол құлақ аспады. Ақыры оның шыдамы таусылды. Ол артына бұрылып:

– Иса Мәсіхтің атынан саған бұйырамын: оның бойынан шық! – деді.

Қызметші қыз сол кезде айқайлағанын қойып, сәуегейлік айту қабілетінен айрылып қалады. Мұны білген кезде қыздың қожайындары ашуланып, римдік басшыларға жүгінді.

– Мына кісілер римнің заңдарын бұзып жүр, – деп шағымданды олар.

Басшылар уақытты босқа өткізіп, Пауылдың түсіндірмесін тыңдап жатпады. Олар Пауыл мен Сыйласты ұстап, үстеріндегі киімдерін жұлып-жұлып алып дүре соқтырды да, артынан түрмеге жапқызып тастады.

– Бұларды жақсылап күзет, – деп тапсырды түрме бастығына олар.

352. Пауыл мен Сыйлас түрмеде

Елшілердің істері 16

Түрме бастығы Пауыл мен Сыйласты қараңғы қапас, лас ішкі зынданға бекітіп, аяқтарына кісен салып қойды. Дүре соққан жердің ауырғанын ұмытып, аяқтарына салынған кісенді елемей, Пауыл мен Сыйлас түн ортасында ән айтып, Құдайды мадақтады.

Басқа тұтқындар қайран қалысып, олардың әндерін тыңдады. Мынадай орында олар бұрын ыңқыл-сыңқыл, қарғап-сілеу мен қоқан-лоққыдан басқа түк естіп көрмепті.

Кенет жер қатты сілкінді де, түрменің іргесі шайқалып кетті. Сол кезде түрменің барлық есіктері ашылып, тұтқындардың аяғындағы кісендер сыпырылып түсіп қалды. Шуды естіп түрме бастығы жүгіріп шықты. Барлық есіктердің ашық тұрғанын көріп, тұтқындардың бәрі қашып кеткен екен деп ойлаған ол семсерін қынабынан суырып алып, өзін өлтірмекші болды.

Бірақ Пауыл:

– Өзіңе залал келтірме! Біз бәріміз осындамыз! – деп айқайлады.

Түрме бастығы шам жағып алып, ішке жүгіріп кірді де, Пауыл мен Сыйластың алдына тізерлеп отыра кетіп:

– Мырзалар, құтқарылуым үшін не істеуім керегін айтыңыздаршы? – деп жалбарынды.

– Иса Мәсіхке сен, сонда құтқарыласың, – деп жауап берді оған Пауыл.

Түрме бастығы Пауылдың Мәсіх жайлы айтқан әңгімесін зейін қоя тыңдады. Ол екі елшіні өзінің үйіне алып келіп, жараларын жуып, байлап таңды. Ал оның әйелі кешкі ас әзірледі. Кешкі астан кейін Пауыл бүкіл үй-ішін суға шомылдыру рәсімінен өткізді.

Келесі күні римдік басшылар тұтқындардың босатылғандарын айту үшін түрмеге өздерінің жасақшыларын жіберді.

Алайда Пауыл қарсылық білдірді:

– Біз римдік азаматтармыз. Бізді ешқандай сотсыз бүкіл халықтың көзінше ұрып-соғып, түрмеге жапты. Ал енді құпия түрде бізді босатып жібермекші ме? Жоқ, басшылар бізді өздері келіп босатсын.

Басшылар Пауыл мен Сыйластың Рим азаматтары екендерін білгенде қатты састы, өйткені олар елшілерді сотсыз түрмеге жабу арқылы Рим заңын бұзған еді. Олардан кешірім сұрап, Філіпіден тез кетулерін өтіну үшін басшылар оларға қарай асықты.

Пауыл мен Сыйлас Лүдияның үйіне қайтып келіп, мәсіхшілерге тәлім берді, тек содан кейін ғана сапарларын ары қарай жалғастырды.

353. Ефесте

Елшілердің істері 19

Антақиядан үшінші, соңғы сапарына шыққанда Паул Ефеске келіп, сонда үш жыл болды. Қала тұрғындарының мақтанышына айналған әйел құдай Артемидаға арналып салынған ғажайып ғибадатхананы көру үшін Ефеске халық ағылып келіп жататын. Олар Артемиданың күміс мүсіндері мен Ефестің әйгілі сиқырлы тұмарларын сатып алатын.

Ефесте Пауыл күн сайын философ Тиранның мектебінде уағыз айтып жүрді. Ол дәл шаңқай түс болғанда, философтар мен олардың шәкірттері ұйықтап жатқан кезде келетін.

Алайда күннің ыстығына қарамай, Пауылдың сөзін тыңдау үшін көп адам жиналатын. Көпшілік Ізгі хабарға сенді. Мәсіхші болғаннан кейін олар өздерінің сиқырлық жайлы кітаптарының бәрін өртеп, жалған тәңірлердің мүсіндерін далаға лақтырды.

Деметір деген күміс шебері бірде қол өнершілерді жиып алып, былай деді:

– Артемиданың мүсінін сатып күн көретінімізді білесіңдер. Бірақ егер осылай бола берсе, көп ұзамай жұмыссыз қалатын шығармыз. Пауылдың уағызына сенгендердің ешқайсы тәңір бейнелерін сатып алғылары келмейді. Енді не істейміз?

Мұны естіп, қолөнершілерді ашу кернеп «Ефестің Артемидасы жасасын!» деп айқайлап көшеге шықты. Жолда оларға қаланың басқа да тұрғындары қосылды. Ақыры дабырлаған топ қаланың орталық алаңына шықты. Біреулері бірнәрсені айтып, екіншілері басқаны айтып, айқайласып жатты, ал жиылғандардың көпшілігі неге жиналғандарынан хабарсыз еді.

Пауыл шуды естіген кезде сыртқа шығып, халықпен сөйлескісі келді, бірақ шәкірттері мен кейбір римдік басшылар оны жібермеді. Олар мына жұрттың Пауылды түтіп жіберуі мүмкін екенін білді.

Жұртты жинаған қолөнершілер қайтадан «Ефестің Артемидасы жасасын!» деп айқайлай бастады. Адамдар оларға қолдау көрсетіп, бұл екі сағатқа созылды. Ақыры тәртіп сақшылары халықты тыныштандырып, үйді үйлеріне таратты.

Қалада бұдан ары қалатын болса, жергілікті мәсіхшілердің өмірі қиындай түсуі мүмкін екенін түсінген Пауыл, мұңайып Ефеспен қош айтысты.

354. Еутіхпен болған жағдай

Елшілердің істері 20

Пауыл көп уақытын басқа ұлттан шыққан мәсіхшілермен өткізгеніне қарамастан Иерусалимде жоқшылықта күн кешіп жатқан яһудилік мәсіхшілерге қалай көмектесудің де қамын ойлады.

Бірде Пауыл мен сапарластары Иерусалимге көмек апару үшін жолға шықты. Жексенбіге қараған түні олар Трояға келді.

Пауылмен кездескеніне қуанған мәсіхшілер ол уағыз айтқан жерге толып кетті. Өлгі жер ысып, май шамдардың иісі мен түтінінен ауасы тарылып кетті.

Пауыл сөйлеп тұрғанда тыңдаушыларының бірі ұйықтап кетті. Ол Еутіх есімді жас жігіт болатын, күні бойы ауыр жұмыс істеген ол әбден қалжыраған болатын. Ашық терезенің алдында отырған оның басы салбырап, қатты ұйықтап кетіп, үшінші қабаттан құлап түсті.

Шыңғырған дауыстар шығып, біреулер терезеге, біреулер сыртқа жүгірді. Пауыл да сыртқа қарай асықты.

Жүгіріп жеткен алғашқы бес кісі Еутіхті көтеріп алды және оның денесінде жаны жоқ екенін көрді. Бірақ олардың артын ала жеткен Пауыл оған қолын созып, қатты құшақтап алды да:

– Уайымдамаңдар, ол тірі! – деді.

Жас жігіттің құтқарылуының куәсі болған адамдар қатты қуанды және риза болды. Нан үзу рәсімінен кейін Пауыл уағызын ары қарай жалғастырды. Таң атып, күн көтерілгеннен кейін ғана ол ары қарай Иерусалимге аттанды.

ПАУЫЛ ТҮРМЕДЕ

355. Иерусалимдегі тобыр

Елшілердің істері 21; 22

Теңіз арқылы жүзе отырып Пауыл мен сапарластары бірнеше күн Кесарияда Філіптікіне тоқтады. Філіп шөл далада эфиопиялық уәзірді кездестіріп, оны Иса Мәсіхтің жолына түсіргенін бұған дейін оқығанбыз.

Олар Філіптің үйінде болған кезінде қалаға Агаб есімді бір пайғамбар келді. Ол Пауылдың белбеуін алып, өзінің қол–аяғын байлады. Абыржыған мәсіхшілер одан көзін алмады, ал пайғамбар былай деді:

– Пауыл, егер Иерусалимге барсаң, сені осы күтіп тұр. Жаратқан Ие маған былай деді: яһудилер сені күтіп отыр және олар сені басқа ұлт адамдарына ұстап береді.

– Иерусалимге бармай-ақ қой, – деп өтінді мәсіхшілер. Бірнеше әйел жылап та жіберді.

Алайда Пауыл оларға:

– Неге жылап, менің жүрегімді ауыртасыздар? Не болса да Иерусалимге баруға бел будым. Иеміз Исаның атына бола мен тұтқындалуға ғана емес, өлуге де дайынмын, – деді.

Сөйтіп Пауыл бірнеше шәкіртімен жолға шықты. Иерусалимде мәсіхшілер оны жылы қарсы алды, бірақ қалада ол туралы неше түрді қауесеттер тарап кеткенін ескертті.

Бір күні Пауылды ғибадатханада көріп, рубасылар оны тұтқындатты.

– Көмектесіңдер! – деп айқайлады олар. – Біз Құдайдың заңын бұзуды адамдарға үйретіп жүрген және басқа ұлт адамдарын ғибадатханаға әкеліп жүрген кісіні тұтқындадық.

Абыр–сабыр басталып кетті. Жұрт Пауылға жабылып, оны ғибадатханадан сүйреп алып шығып, аяусыз ұрып-соқты.

Мынадай бассыздық туралы хабар римдік қолбасшының құлағына жетті. Ол халықты тәртіпке шақыру үшін жасақшыларын жіберді, олар Пауылды ұстап алды.

– Оны шынжырлап тастаңдар, – деп бұйырды қолбасшы.

Содан кейін ол халықтан Пауылдың не істегенін сұрастыра бастады. Бірақ біреулері бірнәрсені айтса, екіншілері басқаны айтты, ақыры бәрі жабылып «Оны өлтіріңдер, өлтіріңдер!» деп айқайласа бастады.

Ызалы тобырдан Пауылды қорғау үшін жасақшылардың оны қамалға әкетуіне тура келді.

356. Римдіктердің қолында

Елшілердің істері 22; 23

Жасақшылар Пауылды баспалдақпен алып жүрді, бұл баспалдақ ғибадатханаға қарсы орналасқан қамалға апаратын.

– Маған халыққа арнап сөз сөйлеуге бола ма? – деп сұрады Пауыл. Қолбасшы таңданып қалды.

– Сен грекше жақсы сөйлейсің ғой, – деді ол. – Осыдан біраз жыл бұрын көтеріліс ұйымдастырған мысырлық қарақшы емессің бе?

– Жоқ, мен яһудимін, – деді Пауыл, – Киликияның танымал қаласы Тарстың азаматымын.

– Жә, қаласаң, сөйлеуіңе болады, – деп рұқсат берді қолбасшы.

Пауыл жиылған жұртқа көз тастап, оларды тынышталуға шақырып, қолын көтерді. Ол яһудише сөйлеген кезде, шу сап тиылды.

– Мен яһудимін, – деп бастады Пауыл, – Құдай заңына сай тәрбиелендім, менің ұстазым атақты Гамалиел болды. Өзім бетпе-бет кездесіп, Оның тірі екеніне көзім жеткенге дейін мен де мәсіхшілерді қудаладым. Иса маған басқа ұлттарға барып уағыздауды тапсырды.

Пауыл осы сөзді айтқан кезде адамдар: «Оны өлтіріңдер! Ол жер басып жүрмесін!» – деп айқайлай бастады.

– Оны тез қамалға алып кетіңдер, – деп бұйырды қолбасшы, – оған дүре соғындар. Мүмкін сонда ол не жамандық жасағанын айтар.

Жасақшылар оны байлап, енді дүре соққалы тұрғанда, Пауыл айқай салды:

– Римнің азаматына дүре соғуға бола ма?

Жасақшылар қолбасшыны шақырып келді, ал ол:

– Сен шынымен Римнің азаматысың ба? Мен өзім осы азаматтығымды көп ақшаға сатып алдым, – деді.

– Ал мен туғаннан Римнің азаматымын, – деді Пауыл.

Жасақшылар дереу Пауылдың байлауын шешті. Римнің азаматтарына құрметпен қарау керек болатын.

Пауыл бірнеше күнді қауіпсіздікте, қамалда өткізді. Алайда кейбір яһудилер Паул өлмейінше тамақсусын ішпеуге бел бұды. Олар Жоғары кеңестен Пауылдың артынан кісі жіберуді өтінді.

– Қолбасшыға Пауылдың ісін қайта қарамақшы едім деп айтып, оны ертең біздің алдымызға алып шығыңыз, – деді олар. – Ол қамалдан шыға салысымен біз оны өлтіреміз.

Бірақ Пауылдың жиені олардың арам ниеттерін біліп қойып, оны ағасына айтты.

– Мына жігітті қолбасшыға апарыңдар, – деді Пауыл сақшылардың біріне.

– Мына жігітті сізге Пауыл тұтқын жіберді, ол сізге бір нәрсе айтпақшы, – деді сақшы қолбасшыға.

Қолбасшы оны шеткері алып шығып:

– Маған не демекші едің? – деп сұрады.

Қастандық жайлы естігеннен кейін қолбасшы Пауылды Иерусалимнен алып шығып кетуге бел буды. Ол жасақшыларына түн болған кезде дайын тұруды бұйырды. Түн қараңғысын жамылып, Пауыл қамалдан шығарылып, Кесарияға әкетілді.

357. Римге барар жолдағы дауыл

Елшілердің істері 24-27

Пауыл бірнеше жылды тұтқында өткізді. Аракидік римдік басқарушы оны тергеуге шақырып қоятын, бірақ оның мәселесі бәрібір шешілмей-ақ қойды.

– Римдік патша алдында сотталуды талап етемін, – деді ақыры Пауыл.

Римнің азаматы болғандықтан оның ісін Римде патшаның өзі қарауын талап етуге қақысы бар еді.

– Жарайды, – деп келісті билеуші, – сен Римге барасың.

Римге бару шешілген кезде Пауыл мен бірнеше басқа тұтқынды Юлий деген жүзбасыға тапсырды. Ол Пауылға қайырымды болды және арасында Лұқа да бар бірнеше жолдастарына елшімен бірге еріп жүрулеріне рұқсат берді.

Олардың кемемен бірнеше күн жүзулеріне тура келді. Бастапқыда теңіз моп-момақан болатын, ал кейіннен жел көтеріліп, басқарушы кемемені жағаға бұра алмай қойды. Бұл қыстың қатал желі басталар қарсаңында кемелер қауіпсіз жағалауларға келіп тұратын, күз мезгілі болатын

– Ары қарай жүзуіміздің қажеті жоқ, – деді Пауыл. – Егер жүзуді жалғастыра беретін болсақ, апатқа ұшырайтын түріміз бар.

Бірақ кемеменің басқарушысы жолдан жүк алмақшы болған, кеме айдаушысы да ары қарай жүзе беруге келісті. Ал Юлий болса Паулға емес, тәжірибелі теңізшілерге сенім артты.

Олар алысқа ұзамай жатып-ақ солтүстік батыстан сұрапыл жел тұрды, толқын кемемені соққылады. Бірнеше күн бойына не күн, не ай көрінбеді, кеме жел мен толқынның еркіне берілді. Теңізшілер мен кемеде болған кісілердің бәрі енді ешқашан жерді көре алмайтын шығармыз деген ойда болды.

Сонда Пауыл олардың бәрін бірге жиып алды.

– Менің ақылымды тыңдауларың керек еді, – деді ол. – Бірақ күдерлеріңді үзбеңдер. Мен қызмет ететін Жаратқан Ие маған түнде аян берді. Ол бәрімізді аман-есен жағаға шығасыңдар, – деді, мен Оған сенемін.

Сол түні теңізшілер өздерінің бір қайраңға жақындап келе жатқандарын сезді. Олар сырықпен тереңдікті өлшеп көріп, жақын маңда жер болуы керек екеніне көздері жетті.

Теңізшілердің қайықты суға түсірмекші болып жатқандарын көріп Пауыл Юлийге:

– Аналарды тоқтат, олар болмаса біз кемені жағаға шығара алмаймыз, – деді.

Юлий теңізшілерге кері қайтуды бұйырды.

– Көптен бері нәр татқан жоқпыз, – деп Пауыл қолына нан алып, батасын беріп, жей бастады. Сонда бәрі жігерленіп, олар да тамақтанып алды, ал содан кейін таңның атуын күтті.

358. Мальта аралы

Елшілердің істері 28

Таң атқанда теңізшілер жағасы жайлы құмды шығанақты көрді. Олар келген жерді таныған жоқ. Желкенді жоғары көтеріп, мүмкін жел кемені жағаға шығарар деп үміттенді. Мұның орнына кеме таяз жерге тап болып, тұмсығы құмға батып, қимылдамай тұрып қалды. Ал артынан лықсыған толқын ұра бастады.

– Қашып кетпеулері үшін тұтқындарды өлтіріп тастайық, – деп ұсыныс жасады жасақшылар.

Бірақ Юлий Пауылды аман алып қалғысы келіп, жүзе білетіндерге құрлыққа шығуды бұйырды. Ал жүзе алмайтындар тақтай мен кеменің басқа да бөлшектеріне қарманып жағаға шықты. Сөйтіп Жаратқан Ие уәде еткеніндей–ақ барлық екі жүз жетпіс алты кісі түгел аман қалды. Олар келген арал Мальта деп аталатын.

Сол кезде нәсер жаңбыр басталды. Онсыз да су болған жолаушылар малмандай болды. Арал тұрғындары апатқа ұшырағандарды жылы шыраймен қабыл алды.

Бәрі әбден су болып, дірдек қақты, от жағып жылыну керек еді. Пауыл отын жинауға көмектесті. Кенет отынды отқа тастағалы жатқанда, шыбықтардың арасынан бір жылан шыға келіп, оның қолынан шағып алды.

– Қараңдар, – десті жұрт өзара. – Мына кісі қанішер болса керек. Ол теңізден құтылғанымен әділет тәңірі оны тірі қалдырмайын деп тұр!

Пауыл қазір жылан шаққаннан өліп қалады деп ойлап, олар одан көздерін алмады. Алайда Пауыл түк болмағандай-ақ жыланды қағып жіберіп, отқа тастады. Онымен ештеңе болмағанын көріп, бәрі, сірә, ол құдай шығар десті.

Көп өтпей–ақ аралдың римдік әкімі келіп оларға сәлемдесіп, өз үйіне шақырды.

Әкімнің әкесі сырқат болатын, ал Пауыл оны сауықтырды. Мұны естігеннен кейін аралдың бүкіл ауру-сырқаулары сауығу үшін Пауылға келді.

Жолаушылар Мальтада үш ай болды, ақыры бір кемеге отырып, сапарларын ары қарай жалғастырды. Ал риза болған арал тұрғындары оларға жомарттықпен сыйлықтар беріп, арттарынан қимай қол бұлғап қалды.

359. Пауыл Римде

Елшілердің істері 28

Юлий мен оның тұтқындары Италия жеріне жеткенге дейін көп күн өтті. Олар енді Римге дейін ұзақ та ауыр жол жүріп өтулері керек еді. Пауыл қатты шаршады – соңғы кезде оның талай жайтты басынан кешіруіне тура келген еді. Бірақ Жаратқан Ие онымен бірге болды және оны күтпеген жаңалық күтіп тұрды.

Римдік мәсіхшілер Пауылды Римге алып келе жатқанын білді. Олар бұрын Пауылмен ешқашан кездескен емес, бірақ олардың жүректерін Пауылға деген сүйіспеншілік кернеді. Пауыл оларға келгісі келетінін айтып хат жазған болатын. Сондықтан да ол қалаға жақындаған кезде адамдар оны күтіп алу үшін алдынан шықты. Олар елшіні қуана, жылы қарсы алды және қалған жолды онымен бірге жүріп өтті.

Римге келгенде Пауыл түрмеге қамалудан аман қалды. Мұның орнына оған жеке үйде тұруға рұқсат етілді, үйді римдік жасақшылар күзететін. Оған қалаға шығуға рұқсат берілмеді, есесіне қалаған кісілердің бәрі оған келуіне болатын еді. Патша оның ісін қарағанға дейін әлі талай өмір сүруіне болатынын Пауыл білді.

Алдымен Пауыл Римде тұратын яһудилердің бәрін өзіне шақырды. Оларға Иса туралы, шынайы Құтқарушы туралы айтып берді. Алайда келген кісілер оның сөзін басқа қалалардағы яһудилер секілді жүрдім–бардым тыңдады. Сонда Пауыл өзіне басқа ұлт адамдарын шақыртты және оларға Ізгі хабарды уағыздады.

Лұқа сол күйі бізге Пауылдың оқиғасы қалай аяқталғанын айтпайды. Ол туралы біздің соңғы білетініміз, Рим патшалығының қақ ортасында үйіне келген кісілердің бәріне Пауылдың Иса туралы Ізгі хабарды қуана-қуана жеткізгені.

ЕЛШІЛЕРДІҢ ХАТТАРЫ

360. Пауылдың хаттары

Філіпіліктерге арналған хат

Тімотеге арналған хат

Пауыл уағыз айтқан жерлердің бәрінде оның таратқан Ізгі хабарын естіп, соған сенгендердің бәрі бірге жиылып, өз қалаларында қауым құрды.

Ары қарай аттанудан бұрын Пауыл қауым жетекшісін тағайындап, мәсіхшілерге білуге тиіс нәрселердің бәрін үйрететін. Шәкірттерінің қасынан кеткеннен кейін де оларды ойлап, қамдарын жеп жүретін. Мәсіхшілерге жігер беріп, қателіктерін түсіндіріп, сұрақтарына жауап беру үшін ол жиі хат жазатын.

Уағыз айтқанына бола түрмеде отырған кезінде де ол көп хат жазатын. Пауыл айтып отыратын, ал қасында онымен бірге болған мәсіхші жазып отыратын.

Бірде Пауылға Епафродит келіп, філіпілік қауым жинаған қаржыны әкелді. Лүдия да, Пауылды босатқан түрме бастығы да сол қауымның мүшесі болатын. Пауыл Епафродитті көргеніне қуанып, хат жазып берді де, ол оны ала кетті.

«Жомарт сыйларың үшін рақмет, – деп жазды ол. – Ақша емес, сендердің мені ұмытпағандарың және маған қамқор болғандарың менің жүрегіме қуаныш ұялатады және Құдайды да қуантады».

Алайда Епафродит жақсы хабар әкеліп қана қоймай, қауымда өзара айтысып қалған және бір–бірімен татуласқысы келмей жүрген екі әйел туралы да айтып берді.

– Лайықты өмір сүріңдер, – деді Пауыл. – Естерінде болсын: Иса Құдай болса да, момын, қайырымды және мейірімді болды. Сендер Оған еліктеуге тиіссіңдер.

Пауыл жекелеген мәсіхшілерге арнап та бірнеше хат жазды.

Тімоте Пауылдың көмекшісі болды және Пауылдың орнына жаңадан ашылған қауымдарға көмектесу үшін қалып отыратын. Пауыл оған қауымды қалай басқару керектігіне байланысты ақыл–кеңестер беріп хат жазатын.

Пауыл Тімотені баласындай мейіріммен сүйді және өзі Иса үшін өлуге дайын болған кезде баурап алған сезім жайлы айтып беретін. Мәсіхшінің өмірі толассыз күрес екенін Пауыл білді.

«Менің бұл дүниеден кететін кезім жақындап қалды, – деп жазды ол Тімотеге. – Енді мені Жаратқан Ие дайындап қойған әділдік тәжі күтіп тұр, ол тек маған ғана емес, Оны сүйгендердің бәріне сыйланады.

Маған қыс түспей жатып, жуырда келуге тырыс. Троядағы Қарпостың үйінде тастап кеткен шапанымды, сондай–ақ кітаптарымды да ала кел. Мұнда барлық мәсіхшілер саған сәлем айтуда».

361. Філимонға арналған хат

Онисым қожайынынан қашып кеткен құл болды. Егер оны ұстап алса, қызған темірмен таңба басып, аяқ-қолын бұғаулап, жер аударып жіберетінін ол білді. Бірақ ол қазір қожайынының үйінен алыста еді.

Онисым Пауылды кездестірді және оның сөздерін тыңдап, мәсіхші болды. Ол Исаның оны құл болғанына қарамастан жақсы көретінін және Исаның оны барлық күнеларынан құтқару үшін өлгенін білді.

Пауыл түрмеге түскен кезде, Онисым оған көмектесу үшін бірге қалды. Бірақ енді мәсіхші болғандықтан, ол қожайынына қайтып оралуы керек екенін түсінді.

Пауыл оның қожайынын танитын. Ол Філимон деген қолостық мәсіхші болатын. Оның үйінде мәсіхшілер қауымы жиі жиналатын.

Пауыл Онисымға Філимонға бер деп жат жазып берді.

«Сүйікті қызметтесіміз Філимон, – деп жазды Пауыл. – Саған, әйеліңе және бүкіл қауымға амандық пен тыныштық тілеймін. Мен Құдайға сиынып, сені есіме түсірген сайын шүкіршілік етемін. Өйткені сенің Иеміз Исаға деген сенімің және Тәңірдің барлық адамдарына көрсеткен сүйіспеншілігің туралы естідім.

Менің саған бір үлкен өтінішім бар. Саған көрмеспін деп ойлаған кісіңді жіберіп отырмын. Ол – сенің құлың Онисым. Ол қазір бұрынғысынан өзгерген! Оның маған тигізгені сияқты саған да пайдасы тиеді. Онисым мәсіхші болды. Демек, бұдан былай ол саған құл ғана емес, бауырың да. Сенің оны Құдайдың балаларының бірі ретінде қабылдағаныңды қалар едім. Мен оны қасымда алып қалғым-ақ келген, оның маған көп көмегі тиді, бірақ мұны шешетін сенсің.

Мені қабылдағаныңдай оны да жылы жүзбен қабыл ал. Егер ол сені ренжіткен болса немесе бір нәрсе қарыз болса, оның орнына мені өзіңе қарыз деп сана. Мен, осы хатты өз қолыммен жазып отырған Пауыл, саған қарызды қайтарамын.

Барлық мәсіхшілер саған сәлем айтуда. Маған арнап бөлме дайындап қой. Сендердің дұғаларыңның арқасында жуырда түрмеден шығамын және сендерге келемін деген үміттемін».

362. Еврейлерге арналған хат

Яһудилік басшылардың көбі Мәсіх туралы Ізгі хабарды тыңдаудан бас тартты. Оның Құтқарушы екеніне олар сенбеді. Бірақ кейбір парызылдар Пауыл сияқты Мәсіхке сенді және олармен бірге кейбір діни қызметкерлер де теріс жолдарынан қайтты. Алайда Исаға сене тұра олардың көпшілігі барлық мәсіхшілер көне өсиеттік ережелер мен заңдарды бұлжытпай орындаулары тиіс деп есептеді.

Пауыл болса мүлдем басқаша пікірде болды: құтқарылу үшін Исаға үмітін артқандарға тек сенім ғана керек.

Кейбір мәсіхші–яһудилер бұрынғы салт-дәстүрлерін, әсіресе, мәсіхшілердің өмірі жаман жаққа қарай өзгергенде, сағына еске алды. Жаңа Өсиеттің бір хаты сондай кісілерге арналған.

Хат Құдай тек қана яһудилермен жасасқан Көне Өсиетті Исаның арқасында бүкіл халықтарға таралған Жаңа Өсиетпен салыстырады. Ол Көне Өсиеттен әлдеқайда асып түседі!

Мұса ұлы ұстаз болды, алайда Исаның салтанатыты даңқы оның ұлылығынан да асып түсті. Өйткені Ол – Құдайдың жай қызметшісі ғана емес, Оның Ұлы!

Яһудилер үшін Құдай үйінде тұрған Келісім сандығы Жаратқан Иенің олармен бірге екендігінің белгісі болды. Сандық орналасқан ең киелі орынды ауыр перде бөліп тұрды. Иса айқышта өлген кезде сол перде ортасынан қақ айрылды. Иса адамдарға Құдай Патшалығының қақпасын ашты.

Көне өсиеттік дәуірде бас діни қызметкер халық үшін дұға етіп, Құдайдан адамдарға мейірім көрсетіп, мұқтаждықтарына көмектесуін өтінетін. Адамдарды күнәларынан тазарту үшін діни қызметкерлер Құдайға арнап құрбандыққа мал шалатын.

Ал Исаның діни қызметкерлігі одан да ғажап болды. Ол Өз өмірін құрбандыққа қиды. Оның өлімі адамдардың күнәларын өтеді. Исаның діни қызметкерлер секілді әлсіз және дәрменсіз болуы мүмкін емес еді. Оған қартаю мен өлім билігін жүргізе алмайды. Ол мәңгі-бақи тірі. Иса адам болудың қандай екенін біледі, сондықтан да адамдарға жанашырлықпен қарайды.

Хатта Көне Өсиеттің көптеген сенім қайтаркерлері жайлы айтылады. Қиындықтар мен ауыртпалықтарға қарамастан олар Құдайға үміттерін артты. Олардың көбі қазір мәсіхшілер рахатын көріп жүрген болашақ рақымды білді.

«Сондықтан да біз Құдайдың адалдығына куә болған сенушілерге қарап, – делінген хатта, – бізге дайындалып қойылған жолды қажырлылықпен өтеміз. Басқа жаққа бұрылмай, бар назарымызды бастапқыда сенім жолын салған Исаға аударайық».

363. Жақыптың хаты

Жақып Назаретте, Исамен бірге бір отбасында өсті. Исаның өлімнен тірілгенін көрмейінше, ол Иса – Құдай Ұлы екеніне сенген жоқ. Тек содан кейін ғана сеніп, артынан Иерусалимдегі қауымның жетекшісі болды.

Жақыптың хаты бүкіл жер жүзіне тарап кеткен мәсіхшілерге арналған. Адамдар оны жақсырақ түсіну үшін ол да Иса сияқты астарлы әңгімелерді қолданып сөйледі.

«Сөзді тыңдаушы ғана емес, орындаушы да болыңдар, – деп ескертті Жақып. – Тәңірдің сөзін естігенмен, іске асырмайтын әркім айнаға қарап, бет-әлпетін көрген адамға ұқсайды: ол өзіне байыппен қарап, былай шыға бере-ақ түрін, кір-қожалақ бет-әлпеті мен ұйысқан шаштарын ұмытып қалады. Әрдайым Құдай Сөзіне ден қойыңдар».

Жақып байлардан қысымшылық көретін кедей–кепшіктерге араша түсті.

«Айталық, қауымдарыңа жылтыраған сәнді киім киген кісі мен жұпыны киінген кедей келді делік. Сонда сендер байға қарап: «Төрге шығып отырыңыз» деп, ерекше ілтипат көрсетесіңдер, ал кедейге: «Мында, менің аяқ жағыма отыра сал» – дейсіңдер. Сендер байды кедейден артық көріп, адамды алалап тұрған жоқсыңдар ма? Бірақ естеріңде болсын – Құдай осы дүниелік тұрғыдан кедейлерді сенімдері арқылы рухани бай болуға, әрі Өз Патшалығынан үлес алуға таңдады емес пе?»

Жақып тағы былай деп жазды:

«Мініс атына ауыздық салып, бүкіл денесін бағындырамыз. Үлкен кемеңі кішкентай тұтқаның көмегімен басқарамыз. Сол сияқты тіл де дененің кішігірім мүшесі бола тұра ғаламат нәрселермен мақтанады. От ұшқыны қаншама майда болса да, қалың орманды өртеп жібере алады. Тіл де от іспетті, бір ауыз жаман сөз бар өмірімізді өртеп, құрта алады. Ауыздарыңнан шыққан әрбір сөзге мұқият болыңдар!

Киер киім мен ішер тамаққа зәру кісіге: «Тоңбай, қарындарың ашпай өмір сүріңдер» деп, ал өзі оларға не киім, не тамақ бермесе, онысынан не пайда? Сенімдеріңді игі істеріңмен дәлелдендер. Солай еткендерің Құдайға ұнамды.

Қандай жағдайға тап болсаңдар да дұға етуді ұмытпаңдар! Бақытсыздыққа тап болсаңдар, сиыныңдар, қуанышты болсаңдар, Құдайды мадақтаңдар, ауырып қалсаңдар, дұға етіңдер, өйткені Жаратқан Ие дұғаларды естиді және жауап береді!»

364. Петірдің хаты

Петір Пауыл сияқты оқымысты емес, қарапайым балықшы болды, бірақ ол да патшалықтың әр тарапында тұратын мәсіхшілерге арнап хат жазды.

Өмірінің соңғы кезінде ол ел астанасы Римде тұрды. Нерон патша мәсіхшілерді қудалауды бастады. Жуырда мәсіхшілердің бәрінің қуғындалатынын білген Петір оларға хат жазып, келе жатқан апатқа алдын ала дайындап қойғысы келді.

«Қымбатты бауырластар! – деп жазды Петір. – Өздеріңді сынауға жіберілген отты азғырулардан қорықпаңдар. Қайта қуаныңдар, өйткені Мәсіхтің тартқан азабына қатысып жатырсыңдар. Ол өтірікші немесе зұлым болған жоқ, бірақ бәрібір Оны өлтірді.

Исаның Жоғары кеңестің алдында және Пилаттың алдында тұрғанын мен көрдім. Олар Оны келеке етті, жәбірледі, ал Ол жауап қайтарған жоқ. Олар Исаны істемеген істі істеді деп айыптады, бірақ Ол оларды жазалаймын деп қорқытқан жоқ. Ол періштелерін көмекке шақыруына болатын еді, алайда мұның орнына ол әлгілердің өз ойларын жүзеге асыруларына жол берді. Иса біздің күнәларіміз үшін Өз өмірін құрбан етті. Сондай-ақ Ол біздің де азап көргенімізді қалайды. Біз Оның істегенін істеуге тиіспіз.

Қызметшілер, қожайындарыңа мүлтіксіз бағыныңдар, мейлі момын, мейлі қатал болсын. Олар соған лайықты болса да, болмаса да қожайындарыңа бағыныңдар. Сондай-ақ әйелдер, сендер де күйеулеріңе мойынсұныңдар. Сырт келбеттерің, әсем әшекейлерің, сәнді киімдерің емес, мейірімді және сабырлы жан-дүниелерің Құдай алдында аса бағалы. Оларды көріп, әлі мәсіхші болмағандар да солардай болғылары келеді.

Қауым мүшелері, бір-біріңді сүйіңдер! Жамандық жасаған кісіге жақсылықпен жауап беріңдер. Жақында Иса жерге қайтып келеді. Оны Құдайға ұнамды, әділетті істеріңмен қарсы алуға дайын болыңдар. Сендердің азаптарың ұзаққа созылмайды!

Бір-біріңді құшақтаңдар, лайым Құдайдың тыныштығы сендермен бірге болғай!»

ЖАҢА АСПАН МЕН ЖАҢА ЖЕР

365. Жоханның аян кітабы

Мәсіхтің сүйікті шәкірті Жохан әбден қартайғанша өмір сүрді. Киелі Кітаптың ең соңғы кітабы – Аянда Жоханның болашақ туралы көрген аяны баяндалады. Бұл кітап тек мәсіхшілерге ғана түсінікті ерекше бейнелі тілмен жазылған, сол кезде мәсіхшілер римдік билік иелері тарапынан қатал қудалауға ұшырады.

Көптеген мәсіхшілер торығып қамықты. Жаратқан Иенің оларды тастап кеткені ме, енді Иса жерге қайтып оралмай ма?

Жоханның өзі де Патмос аралында қуғын-сүргінде жүрді. Бірде жексенбі күні таңертең Иса оған бар сән-салтанатымен көрінді.

Ол Жоханға жеті қаланың қауымдарына арналған сәлемін жолдады. Содан кейін Жоханның көзінің алдында көк ашылып, ол жарқыраған Құдайдың нұрлы салтанатын көрді; Құдай тақта отыр. Оның қолында жеті мөр қойылған ораулы қағазы бар.

Тіршілік иелерінің ішінде сол қағазды алып, ашуға тек Мәсіх қана лайықты еді, сөйтіп ол жердің тарихын қозғалысқа келтірді.

Жохан Исаны құдіретті арыстан кейпінде көруден үміттеніп көзін алмай қарап тұрды, бірақ Оны құрбандыққа шалуға дайындалған Тоқты түрінде көрді. Бұл – адамзаттың бар күнәсын Өз мойнына алған Құдайдың құрбандық Тоқтысы еді.

Иса ораулы қағазды қолына алды, аспандағы мыңдаған тіршілік иелері Оның аяғына жығылып: «Бұл кітапты қолыңа алуға және оның мөрін ашуға Сен лайықтысың, өйткені Сен құрбан болып, бізді қаныңмен ақтап алдың», – деді.

Иса қағаздың орауын ашты, Жоханға Құдайдың құдіреті көрінді. Оның қас жауы шайтан әлемді күнә мен азапқа батырды. Бірақ Иса өліп, мәңгі өмір сүру үшін қайта тірілгенде зұлымдықты жеңді.

Сөйтіп Жохан ескі, арамдалған әлемнің ақырын және мейірім мен сүйіспеншілікке толы жаңа кінәратсыз әлемнің туылғанын көрді.

Бұл әлемді арамдауы мүмкіндер онда жіберілмейді, тек Иса тазартқандар ғана мұнда кіре алады. Тірі кезінде Исаға «Жоқ» дегендер және Оның кешірімінен бас тартқандардан Құдай да бас тартады.

«Мен жаңа аспан мен жаңа жерді көрдім, – деп жазды Жохан. – Және көктегі тақтан былай деген дауысты естідім: «Қараңдар, Құдайдың адамдар арасындағы мекені! Ол солармен бірге тұрмақ...» Ол барлық адамдардың көзден аққан жастарын сүртіп, жұбатады. Енді қайтып өлім, жоқтау, зар еңіреу мен ауру болмайды... Құдайдың киелі қаласына күн мен айдың керегі болмайды, өйткені Құдайдың салтанатты ұлылығы қаланы жарқыратып тұрады, ал Оның шамы – Тоқты».

Жохан осы кездің тезірек келгенін өте қалады.

«Мен жуырда келемін!» – деп уәде берді Иса. Қуанған Жохан: – Иеміз Иса, келе гөр! – деді.

Біздің мекен-жайымыз:
050031 Алматы қаласы, п/ж 68
“ШЫҒЫС СӘУЛЕСІ”
www.tabisu.kz